Том 21

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ–КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

21 ТОМ

Декабрь 1911 – июль 1912

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1977

3К2
Л 40

Л $\frac{10102-153}{401(07)-77}$ 4—77

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының жиырма бірінші томына 1911 жылғы декабрь — 1912 жылғы июльде, революциялық қозғалыстың онан әрі өрлеу дәуірінде жазған шығармалары еніп отыр.

Томда Лениннің революциялық маркстік партияны, жаңа тұрпатты партияны қалпына келтіру және нығайту жолындағы күресі, жойымпаз-меньшевиктер мен троцкистерге қарсы күресі, революциялық өрлеу жағдайында большевиктік партияның тактикасын талдап жасауы бейнеленген шығармалары өзекті орын алады.

Томда жарияланған шығармалар Лениннің РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясын шақыру және өткізу жөнінде атқарған орасан зор идеялық-саяси және ұйымдастыру жұмысын сипаттайды.

РСДРП Орталық Комитетінің шетелде тұрған мүшелерінің 1911 жылғы июньде Лениннің басшылығымен Парижде болған кеңесі, ал онан кейін сентябрьдің аяғында партия конференциясын шақыру жөніндегі Россиялық ұйымдастыру комиссиясының (РҰК) құрылуы конференцияны шақыру жолындағы маңызды қадамдар болды. Ленин төрт жылға созылған бей-берекеттік пен ауа жайылушылықтан кейін дүниеге келген, Россиядағы тұңғыш партиялық орталық ретінде Россиялық ұйымдастыру комиссиясының құрылуын құттықтады. Осы томның беташары болып отырған «Партия дағдарысының шешілуі» атты мақаласында Ленин Россиялық ұйымдастыру комиссиясының құрылуы және

жергілікті партия ұйымдарының қолдауымен конференция шақыру жөнінде ол өрістеткен жұмыс партияны дамытуда батыл бетбұрыс жасайды, Россиялық ұйымдастыру комиссиясы социал-демократиялық партиялық жұмыстың іс жүзінде бірден-бір және әбден толық праволы орталығы деп жазды. «... Басты нәрсе істелді. Ту көтерілді;— деп жазды Ленин,— бүкіл Россиядағы жұмысшы үйірмелері осы туға ден қоя бастады, сондықтан бұл туды енді ешбір контрреволюциялық шабуыл құлата алмайды!» (осы том, 8-бет).

Шетелдегі партиялық күштерді топтастыру және Россиялық ұйымдастыру комиссиясына жәрдемдесу мақсатымен 1911 жылғы декабрьде Парижде Лениннің басшылығымен шетелдегі большевиктік топтардың кеңесі болды. Кеңесте Ленин партия ішіндегі істердің жайы туралы баяндама жасап, бұл мәселе бойынша қарардың жобасын енгізді. Ол өз баяндамасында шетелдегі партиялық жұмыстың жай-күйіне талдау жасады, бірқатар жылдар бойы партияның жұмысын бүлдіріп, шетелдегі социал-демократиялық ұйымдарды ауыр жағдайға ұшыратқан шетелдегі фракциялық топтардың — впередшілдердің, голосшылдардың, ымырашылдардың, троцкистердің антипартиялық қылығын әшкереледі. Ленин партия ұйымдары Россиялық ұйымдастыру комиссиясының төңірегіне бірігу және оның партия конференциясын шақыруына жәрдемдесу негізінде ғана мұндай жай-күйден шыға алатынын көрсетіп берді. Кеңес шетелдегі большевиктік топтарды біртұтас ұйымға біріктіріп, Шетелдік ұйым комитетін сайлады. Ленин ұсынып, бір ауыздан қабылданған айрықша қарарда кеңес Россиялық ұйымдастыру комиссиясының құрылуын мақұлдады және оны қолдап отыру партияның әрбір мүшесінің борышы деп мәлімдеді.

Лениннің басшылығымен жүзеге асырылған бұл шаралардың барлық нағыз революцияшыл күштерді партия үшін күрес туының төңірегіне топтастыру ісінде және партия конференциясын шақыруды әзірлеуде орасан зор маңызы болды. РСДРП Бүкіл россиялық VI конференциясы 1912 жылғы 5—17 (18—30) январьда Прагада болды. Конференцияға 20-дан астам жергілік-

ті партия ұйымдарынан, соның ішінде Россиядағы неғұрлым күшті әрі ықпалды партия ұйымдарының бәрінен өкілдер келді. Іс жүзінде конференцияның партия съезіндей маңызы болды. Конференцияның жұмысына В. И. Ленин басшылық етті. Ол мәжілістерге председательдік етті, қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы, Халықаралық социалистік бюроның жұмысы туралы баяндамалар жасады, хабарламалар жасап сөз сөйледі, сондай-ақ Орталық Орган — «Социал-Демократ» газетінің жұмысы туралы, социал-демократияның ашаршылықпен күресудегі міндеттері туралы, ұйымдық мәселе жөнінде, партия ұйымының шетелдегі жұмысы туралы және басқа мәселелер бойынша жарыс сөзге шығып сөйледі, жергілікті жерлерден болған баяндамаларды жазып алып отырды. Ленин конференцияның күн тәртібіндегі аса маңызды мәселелер бойынша қарарлар жобаларының авторы болды. Конференцияның барлық мәселелер бойынша қабылдаған қарарларын Ленин мұқият редакциялап шықты.

Конференцияның документтері және Лениннің томға енген басқа да еңбектері Лениннің марксизмге творчестволық тұрғыдан қарағандығын, оның революциялық теорияны жаңа қорытындылармен және қағидалармен онан әрі дамытып, байыта түскенін айқын көрсетеді. Конференцияның шешімдері жаңа түрпатты пролетарлық партия туралы, пролетариаттың тап күресінің стратегиясы мен тактикасы туралы маркстік ілімге қосылған маңызды үлес болды. Бұл шешімдерде большевизмнің ұйымдық принциптері дамытылды, партияның жаңа революциялық өрлеу жағдайындағы саяси бағыты мен тактикасы белгіленді.

Конференцияны заңдастыру туралы сөйлеген сөзінде Ленин былай деп атап көрсетті: бұқаралық жұмысшы қозғалысының жандануы алдыңғы қатарлы жұмысшылардың партияның құпия ұйымдарын қалпына келтіру жолындағы күресімен ұштасуда; жергілікті партия ұйымдары жалпы партиялық конференция шақыру жөнінде аса зор инициатива көрсетті, ал практикалық жұмыстың талаптарына, ең алдымен IV Мемлекеттік думаның сайлауына байланысты партияны, оның партия-

лық орталығын қалпына келтіру міндеті ерекше қатты қойылып отыр. Ленин Россияда жұмыс істейтін ұйымдардың бәрі де конференцияға шақырылғанын және партияға көмектескісі келмегендер ғана оған қосылмағанын атап көрсетті. Лениннің ұсынысы бойынша конференция өзін басшы орталықтар құруға және жергілікті жерлерде партия ұйымдарын қалпына келтіруге көмектесуге тиісті жоғарғы партия органы деп жариялады.

Прага конференциясындағы негізгі баяндама В. И. Лениннің «Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы» баяндамасы болды. Өзінің баяндамасында және конференция қабылдаған қарарда Ленин елдегі саяси жағдайға терең талдау жасады, патша өкіметіне қарсы революциялық қозғалыстың өрістей түсіп отырғанын көрсетіп, саяси күштердің орналасуына сипаттама берді, «шаруаларды соңынан ертіп отырған пролетариаттың өкіметті жеңіп алу міндеті бұрынғысынша Россиядағы демократиялық төңкерістің міндеті болып қала беретінін» атап көрсетті. Конференция партияның басты-басты саяси ұрандары ретінде программа-минимумның талаптарын: демократиялық республика, 8 сағаттық жұмыс күні, бүкіл помещиктік жерді конфискелеу талаптарын ұсынды. Партияның міндеті бұл талаптарды халық революциясының ұрандарына айналдыру еді. Конференция барлық революцияшыл күштерді топтастыруға және большевиктердің көтерген ұрандарымен бұқара қозғалысын ұлғайтуға, пролетариатқа социалистік тәрбие беру жөніндегі жұмысты күшейтуге шақырды.

Жойымпаз-меньшевиктерді партиядан қуу туралы шешім конференцияның аса маңызды шешімі болды. Конференция осы шешімі арқылы бүкіл партияның еркін білдірді. Жаңа тұрпатты партияның ұйымдық принциптерін талдап жасай келіп, Ленин былай деп үйретті: жұмысшы табының басшы ұйымы ретінде партия өзінің топтасқандығымен, өз қатарының идеялық және ұйымдық бірлігімен күшті; партияның бірлігі фракциялар мен топтардың болуына жол бермейді, партияның барлық ұйымдарынан, оның барлық мүшелерінен партия шешімдерін практикалық қызметте іске асырын

отыруды талап етеді. Ленин былай деп атап көрсетті: оппортунизмге қарсы күрес жүргізбейінше, жойымпаз-меньшевиктерді, шақырымпаздарды және троцкистерді талқандамайынша партия бірлік пен тәртіпті сақтай алмайды, пролетарлық революцияның ұйымдастырушысы және басшысы ролін атқара алмайды. Конференция «Жойымпаздық туралы және жойымпаздар тобы туралы» қарардың Ленин жазған жобасын қабылдады. Қарарда былай делінген: жойымпаздар тобы өз қылығымен *«өзін партиядан біржолата тыс қойды»,* партия жойымпаздыққа қарсы күрес жүргізуге, «жұмысшы табын азат ету ісі үшін оның бүкіл зияндылығын түсіндіріп отыруға және құпия РСДРП-ны қалпына келтіріп, нығайту үшін бар күшті жұмсауға» (167-бет) тиіс.

Прага конференциясы 1908 жылғы декабрьдегі партия конференциясы шешімдерінің дұрыстығын қуаттады; бұл конференция жойымпаздықты айыптап, сол дәуірде партияны құрудың құпия социал-демократиялық ұйым ретіндегі ұйымдық формаларын белгілеген болатын; құпия социал-демократиялық ұйым алуан түрлі жария жұмысшы қоғамдары түрінде бұқара арасында жұмыс жүргізудің тірек пункттерін құрады. Жойымпаздық — құпия партиядан, революциялық күресте пролетариаттың гегемониясынан, революцияның міндеттерінен бас тарту— социал-демократиялық ортадағы торыққыш, буржуазиялық ықпалдардың көрінісі деп танылды. Конференция большевиктердің жойымпаз-меньшевиктерге қарсы бұған дейінгі бүкіл күресіне қорытынды жасап, жойымпаз-меньшевиктерді партиядан қууға қаулы алды.

Жойымпаз-меньшевиктерді партиядан қуу туралы шешімнің пролетариаттың революциялық партиясын сақтау және нығайту үшін, Россияда демократиялық және социалистік революциялардың жеңісі үшін аса зор маңызы болды. Бұл шешім барлық сарындардағы ревизионизмге, оппортунизмге қарсы бітіспес күрестің өнегесін көрсетті.

Жұмысшы қозғалысының өрлеуі партиялық жұмыстың ұйымдық формаларын дамыту, құпия және жария жұмысты неғұрлым тығыз ұштастыру жөнінде жаңа

талаптар қойды. Ленин конференцияда ұйымдық мәселе жөнінде сөйлеген сөзінде жария жұмыстың барлық түрлерін, ең алдымен Дума фракциясындағы, кәсіподақтардағы және жария жұмысшы қоғамдарындағы жұмысты шебер пайдалану қажеттігін атап көрсетті. Ол әрбір жария қоғамда басшы партия органдарымен тығыз байланысты және партия бағытын бұлжытпай жүзеге асыратын шағын социал-демократиялық ұя құру міндетін алға қойды. Лениннің ұсынысы бойынша партияның ұйымдық уставына партияны және оның бұқарамен байланысын одан әрі нығайтуға бағытталған кейбір өзгерістер енгізілді.

Конференция халықаралық революциялық қозғалыстың мәселелерін талқылап, бірқатар маңызды қарарлар қабылдады. Ол Персиядағы (Ирандағы) революцияны бірігіп басып-жаншу үшін одақ жасасқан патша өкіметі мен ағылшын империализмінің қарақшылық әрекеттеріне қарсы батыл наразылық білдірді. Конференция 1911 жылғы қытай революциясын құттықтады, ол империализмнің Азиядағы үстемдігін шайқалтқан қытай халқының революциялық күресінің дүние жүзілік маңызын атап көрсетіп, Россия пролетариаты қытай халқының революциялық қозғалысының табыстарына зор ынтамен әрі тілектестікпен қарайды деп мәлімдеді. Конференция Россия мен Финляндия жұмысшыларының орыс патша өкіметі мен контрреволюцияшыл буржуазияға қарсы күрестегі міндеттерінің бірлігін атап көрсетті. Делегаттар герман социал-демократиясының рейхстаг сайлауындағы ірі жеңісіне байланысты конференцияның тапсыруы бойынша оған арнап Ленин жазған құттықтауды жіберді. Конференцияның бұл шешімдерінде пролетарлық интернационализм принциптері айқын бейнеленді.

Партияның Орталық Комитетін сайлау Прага конференциясының аса маңызды ісі болды.

РСДРП Прага конференциясы большевиктер партиясын, жаңа түрпатты партияны құруда аса үздік роль атқарды. Ол партияның идеологиясының, программасының, тактикасының және Ленин талдап жасаған ұйымдық принциптерінің дұрыстығын растап берген тарихи

тәжірибені қорытты. Конференция большевиктердің меньшевизмге қарсы күресінің тұтас бір тарихи кезеңін тамамдап, большевиктердің жеңісін баянды етті. «Ақыры — жойымпаз оңбағандардың қарсылығына қарамастан — партияны және оның Орталық Комитетін қайта құра алдық,— деп жазды Ленин Горькийге.— Бізбен бірге Сіздің де бүгап қуанатындығыңызға сенемін» (Шығармалар, 35-том, 1-бет). Конференцияның шешімдері негізінде жергілікті жерлердегі партия ұйымдары топтасып жатты. Конференция партияны жалпы россиялық ұйым ретінде нығайтты. Оппортунистерді қуып шығып, партия бұқараның революциялық күресінің жаңадан қуатты өрлеуіне басшылық ете алды. Конференция шешімдерінің маңызын бағалай келіп, Ленин 1914 жылы былай деп жазды: «1912 жылдан бері, міне екі жылдан асты, Россияда ұйымдасқан марксистер арасында фракцияшылдық *жоқ, біртұтас* ұйымдарда, біртұтас *конференциялар* мен съездерде тактика туралы таластар жоқ. Жойымпаздар біздің партияға *жатпайды* деп 1912 жылғы январьда ресми түрде мәлімдеген партия мен жойымпаздар арасында *толық* ажырасушылық бар» (Шығармалар, 20-том, 337-бет).

Прага конференциясының зор халықаралық маңызы болды. Ол II Интернационал партияларының революцияшыл элементтеріне социалистік жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмге қарсы батыл күресудің үлгісін көрсетті.

Томға Лениннің «Итальян социалистерінің съезі» атты мақаласы кірген; бұл мақала Итальян социалистік партиясының 1912 жылғы июльде болған XIII съезіне арналған; съезд партияның бұрынғы лидері Биссолати бастаған оппортунистер тобын өз қатарынан шығару туралы шешім қабылдаған еді. Ленин Итальян социалистік партиясының бұл шешімі туралы мақұлдаған пікір білдірді. Өз мақаласында ол былай деп жазды: «Жұмысшылардың көсемдері періште емес, әулие емес, батыр емес, жұрттың бәрі сияқты адамдар. Олар да қателеседі. Партия оларды түзетеді... Бірақ егер қатені қасарысып жақтаса, егер қатені қорғау үшін партияның барлық шешімдерін, пролетарлық армияның бүкіл тәр-

тібін аяққа басатын топ құрылатын болса, онда жікке бөліну қажет. Сондықтан итальян социалистік пролетариатының партиясы өзінің арасынан синдикалистер мен оңшыл реформистерді аластап, дұрыс жолға түсті» (осы том, 454—455-беттер).

Прага конференциясының шешімдері барлық антипартиялық топтар мен ағымдардың өршеленген өшпенділігін туғызды. Жойымпаз-меньшевиктер, троцкистер, впередшілдер мен ымырашылдар большевиктік партия мен конференцияға қарсы шабуылда бірікті. Революциялық жұмысшы қозғалысының бірлігін бұзуға, пролетарлық партияның күшін әлсіретуге, оны ыдыратуға тырыса отырып, оппортунистер большевиктерге қарсы өшпенді науқан жүргізді. Олар жойымпаздық негізде блок құрауға тырысты, партияны «қайта құру» талабын қойды, мұның өзі іс жүзінде партияны жою болып шығатын еді.

Ленин пролетариаттың мүдделерін сатып кеткен марксизм ренегаттарына қарсы бітіспес күрес жүргізді. «Картаңды аш», «Жойымпаздар партияға қарсы», «Жойымпаздар революциялық бұқаралық стачкаға қарсы», ««Біріктірушілер»», «РСДРП ішіндегі жағдай және партияның таяудағы міндеттері», «Жойымпаздарға жауап», «П. Б. Аксельрод жойымпаздарды қалай әшкерелейді» деген және басқа бірқатар еңбектерінде Ленин саяси банкроттыққа ұшыраған, өздерінің сатқындық саясаты салдарынан жұмысшы табынан оқшау қалған жойымпаздар мен троцкистерді ақырына дейін әшкереледі. Троцкистердің, жойымпаздардың, впередшілдердің антибольшевиктік блок құруға тырысқан бейшаралық әрекеттерін әжуалай келіп, Ленин былай деп жазды: олардың блогы «масқара болып күйреуге күні бұрын душар болды, өйткені ол блок принципсіздікке, екі жүзділікке және бос сөзге негізделді» (282-бет).

II Интернационалдың оппортунистері де жойымпаздарды РСДРП-дан шығаруға төзе алмады. Олар Троцкийдің Прага конференциясының шешімдеріне қарсы, большевиктерге қарсы жалақорлық әрекеттерін қолдап отырды. ««Vorwärts»-тегі аноним және РСДРП ішіндегі істердің жайы» атты мақалада, «РСДРП Бүкіл рос-

сиялық конференциясы туралы Халықаралық социалистік бюроға баяндамада», «Халықаралық социалистік бюроның секретары Гюисманскқа хатта» және «РСДРП ішіндегі қазіргі жағдай жөнінде» атты кітапшада Ленин РСДРП ішіндегі шын жағдайды көрсетіп, Троцкийдің Россиядағы партия ұйымдарының көпшілігі бейнебір жойымпаздардың соңынан ерді-міс деген жалған пайымдауларын әшкереледі және нақты материал негізінде — большевиктік баспасөз бен жойымпаздық баспасөздің таралуы туралы, жұмысшылар арасында партиялық газеттер мен жойымпаздардың газеттеріне ақшалай қаржы жинау туралы деректер негізінде—жойымпаздар «Россия социал-демократиялық жұмысшы қозғалысында мүлдем ноль болып отыр» (504-бет) деген қорытынды жасады. Жойымпаздар мен троцкистердің дұшпандық шабуылдары мен байбаламдарына тойтарыс бере отырып, Ленин Бүкіл россиялық VI конференцияның толық праволылығын және оның шешімдерінің заңдылығын дәлелдеп берді; бұл шешімдер оз қатарының бірлігімен және топтасқандығымен күшті болатын нағыз маркстік партияны қайта құруды қамтамасыз етті. Ленин былай деп атап көрсетті: дүние жүзіндегі ешбір социал-демократиялық партия пролетариаттың буржуазиялық жолбикелеріне қарсы күрессіз құрылып корген емес, пролетарлық партиялар оппортунистік ағымдар мен топтарға қарсы күресте дамып, нығайып отырады, дәл сол сияқты РСДРП да антипартиялық элементтерге қарсы күресте өсіп, нығаяды.

1912 жылдың көктемінде өріс алған революциялық оқиғалар Прага конференциясы шешімдерінің өміршеңдігі мен күшін растап берді. Конференция көтерген күрес ұрандарын пролетариат қабылдап алды, бұл ұрандар «жаңа орыс революциясының алғашқы қадамдарын корсетті» деп жазды Ленин.

Сибирьдегі Лена алтын кендерінде әскерлердің жұмысшыларды атқылауына байланысты халықтың ашуызасының толқыны бүкіл елді қамтыды. Россияда бұқаралық саяси стачкалар бұрқ ете түсті. Лена қырғынына қарсы наразылық білдірген апрельдегі стачкаларға 300 мыңға дейін жұмысшы қатысты, ал Бірінші май

стачкаларында ереуілшілер саны 400 мыңға дейін көбейді. Экономикалық күрес саяси күреспен ұштасты. Жұмысшы табы гегемон ретінде, бүкіл халықтың алдыңғы қатарлы табы ретінде күреске шықты. «Экономикалық және саяси стачка», «Революциялық өрлеу» атты мақалаларында Ленин пролетариаттың бұқаралық бас көтерулерінің — саяси және экономикалық стачкалардың, демонстрациялардың—жұмысшы табы мен халық бұқарасының өмірлік мүдделерін қорғауда, сондай-ақ күрестің неғұрлым жоғары формаларына — жаппай стачкаға, қарулы көтеріліске, ал осы арқылы өкімет билігі үшін күреске әзірленуде үлкен роль атқаратынын көрсетіп берді. Ленин былай деп атап көрсетті: жұмысшы табы тұрмыс жағдайларын тікелей жақсартуға күш сала отырып, саяси жағынан өседі, өзінің ұлы азаттық мақсаттарын жүзеге асыруға неғұрлым қабілетті болып алады. Саяси және экономикалық стачкалар, деп жазды Ленин, «бірі-бірінен күш алатын негіз бола отырып, бірін-бірі өзара қолдап отырады. Стачканың бұл түрлерінің тығыз байланысы болмайынша нағыз кең, бұқаралық,— және оның үстіне *жалпы халықтық* маңызға ие болатын,— қозғалыстың болуы мүмкін емес» (352—353-беттер).

Жаңа революциялық өрлеудің объективті заңдылығын аша келіп, Ленин оның әлеуметтік-экономикалық және саяси себептеріне талдау жасайды, бұқараның революциялық қозғалысының өрлеуін орыс өмірінің барлық жағдайлары дайындағанын және бұқаралық стачкалар бұқараның шабуылын тек қана түпкілікті айқындағанын көрсетеді. 1912 жылғы революциялық өрлеу өзінің сипаты және стачкалық қозғалыстың көлемі жөнінен 1905 жылғы революциялық өрлеуден өзінің көбірек ұйымшылдығы мен пролетариаттың неғұрлым жоғары саяси саналылығы жөнінен өзгеше болды. «Россияда пролетариаттың революциялық қозғалысы,— деп жазды Ленин,— ең жоғары дәрежеге көтерілді. Егер 1905 жылы ол бұқаралық стачкалар мен гапонададан басталса, 1912 жылы... қозғалыс бұқаралық стачкалардан және *республика туын көтеруден* басталып отыр!» (387-бет).

Елде жаңа революциялық дағдарыс пісіп-жетілген жағдай да 1905 жылғы жағдайдан өзгеше болды. Өнеркәсіпте 1910 жылы басталған жандану өндірістің және оның шоғырлануының ұлғаюына, капиталистік монополиялардың өсуіне жеткізді. Осыған байланысты жұмысшы табының саны өсті және ерекше бір маңыздысы, оның елдегі ірі кәсіпорындарға шоғырлануы өсті. Барлық жұмысшылардың тең жартысынан астамы 500 және одан да көп адамы бар кәсіпорындарда істеді. Өнеркәсіп жұмысшыларының шоғырлану дәрежесі жөнінен Россия АҚШ-ты да қоса дүние жүзіндегі барлық елдердің алдына шықты. Россия жұмысшы табының экономикалық және саяси өмір жағдайлары оны патша өкіметіне қарсы революциялық-азаттық қозғалыстың шешуші күшіне айналдырды.

Революциялық қозғалыстың өрлеуі, жұмысшылардың бұқаралық стачкалары шаруалар бұқарасын да күреске тартты. Деревнядағы жағдай столыпиндік аграрлық саясаттың күйрегенін бұлтарыссыз дәлелдеді; бұл саясаттың нәтижесі шаруалардың жаппай күйзелуі және кулактардың баюы болды. «Пуришкевичтердің мужикке қарсы буржуазиялық саясаты болып отырған столыпиндік аграрлық реформа,— деп жазды Ленин,— осы уақытқа дейін мықты ешнәрсе жасаған жоқ, бар жасағаны... 30 миллион халықты ашаршылыққа ұшыратқаны болды!» (315-бет). Патша өкіметінің бірнеше миллион шаруаларды Европалық Россиядан Сибирьге қоныс аудару арқылы деревнядағы қайшылықтарды бәсеңдетуге тырысқан әрекеті сәтсіздікке ұшырады. Шаруалар өздерінің бар мүлкін сатып, Сибирьге аттанды, ал содан кейін бар жиған-тергенінен айырылып, ашу-ызаға булығып топ-тобымен қайтып келіп жатты. Деревнядағы қайшылықтар тереңдей әрі шиеленісе түсті. Шаруалардың басты жауы бұрынғысынша крепостник-помещик болды, бірақ сонымен бірге кулак пен кедейлердің арасындағы алшақтық күшейе түсті. Ленин өзінің «Үш сұрақ», «Ашаршылық», «Европалық Россиядағы жер иемдену», ««Россиядағы аграрлық мәселенің» мәні», «Қоныс аудару мәселесі», «Столыпиндік және халықшылдық аграрлық программаларды са-

лыстыру» атты мақалаларында Россиядағы аграрлық мәселенің ерекшеліктеріне терең талдау жасайды. Ленин шаруалар жерінің аздығын жоймайынша, помещик жерлерін конфискелемейінше, патша монархиясын құлатпайынша — революция жасамайынша ашаршылықпен және қайыршылықпен шындап күресуге болмайды деп атап көрсетеді. Ленин шаруалардың пролетариатпен бірге патша өкіметін құлату үшін, жер үшін күреске шығудан басқа жолы жоқ және болуы мүмкін де емес екенін олардың барған сайып көбірек түсініп отырғанын көрсетіп береді.

Жұмысшылар мен шаруалардың революциялық бас көтерулері армияға да әсер етпей қоймады. Түркстанда солдаттардың көтерілісі болды, Балтық және Қара теңіз флоттары матростарының көтерілістері әзірленіп жатты, бірақ олар қамауға алынып, көтерілістер болмай қалды. Осы оқиғалардың бәріне баға бере келіп, Ленин бұл оқиғалар бұқараның революциялық көңіл-күйінің революциялық өрлеуге айналып отырғанын сипаттайды деп көрсетті.

Жаңа революциялық өрлеуге және стачкалық қозғалыстың өсуіне байланысты партияның ролі айрықша өсті. Ленин былай деп түсіндірді: пролетариаттың революциялық партиясы — болашақ революцияны әзірлеу және бүкіл халық үшін бостандықты жеңіп алу ісіндегі шешуші күш. Партияның кезекте тұрған міндеті «барлық жерде, барлық уақытта және жаппай, жұмыстың барлық формаларында, қызметтің барлық салаларында, реакцияның жеңуі не либерализмнің опасыздық жасауы немесе дағдарыстың созыла түсуі, т. т. біздерді бұрылыстардың қандайына душар етсе де солардың бәрінде революцияшыл күрескерлер армиясын даярлау болып табылады» (276-бет).

Прага конференциясының шешімдеріне сәйкес, Петербург жұмысшыларының инициативасы бойынша құрылған бұқаралық күнделікті большевиктік «Правда» газеті партия ұйымдарын нығайту және партияның бұқараға ықпалын тарату ісінде большевиктік партияның қолындағы қуатты идеялық қару болды. «Правданың» бірінші номері 1912 жылғы 22 апрельде (5 май-

да) Петербургте шықты. «Правда» революциялық жұмысшы қозғалысының тарихында зор роль атқарды. Ленин өз қаражатымен жария бұқаралық большевиктік газет құрған орыс жұмысшыларының саналылығын, қайрат-жігері мен топтасқандығын жоғары бағалады. «Күнделікті жұмысшы газетін жолға қойып,— деп жазды ол «Жарты жылдық жұмыстың қорытындылары» атты мақаласында,— Петербург жұмысшылары,— асырып айтқандық болмас,—ірі тарихи іс істеді» (472-бет). «Правда» жұмысшылардың орасан зор сүйіспеншілігіне бөленді. Оны жұмысшылар өздерінің, етене газеті, өздерінің мүдделерін қорғаушы деп біліп, оны қолдап отыруға риясыз әзірлік білдірді.

Ленин «Правдаға» күнбе-күн басшылық етіп, редакциямен үнемі хат жазысып отырды, кемшіліктерді ашып, оның жұмысын жақсарту жөнінде нақты нұсқаулар беріп отырды, газеттің айбынды революциялық рухта шығарылуына күш салумен болды. Ленин партияның таңдаулы әдеби күштерін «Правданың» төңірегіне топтастырды, газетті жұмысшылар арасында мезгілінде таратуға тынбастан күш салып отырды. Россияға жақынырақ тұрып, партия ұйымдарының қызметіне бағыт беру және газетке басшылық ету үшін Ленин 1912 жылғы июньнің орта шешінде Парижден Краковқа көшіп келді. Осы жерден ол «Правдаға» арнап күн сайын дерлік жазып отырды. Оның түсінікті де айқын жазылған мақалалары Маркс ілімінің мәнін, марксизм теориясының ролін ашып көрсетті, жұмысшы табы күресінің табысқа жетуі үшін оның ұйымшылдығы мен топтасқандығының маңызын түсіндірді, болашақ революцияның жеңіске жететіндігіне деген сенімді ұялатып, ондаған мың жұмысшыларды пролетарлық интернационализм рухында тәрбиеледі.

Лениннің басшылығымен «Правда» оппортунистерге қарсы батыл күрес жүргізіп, олардың жұмысшы қозғалысындағы сатқындық ролін әшкереледі. «Правда» жұмысшы табының нағыз бірлігі жолындағы, бұқаралық пролетарлық партияны қайта құру жолындағы, революцияны жан-жақты әзірлеу жолындағы күрестің ортасында болды. Жұмысшы газетінің беттерінде

Ленин большевиктік партияның идеяларының тазалығы жолында терең принципті күрес жүргізді. «Бірлік дегеніміз ұлы іс және ұлы ұран! — деп жазды ол.— Бірақ жұмысшы ісіне марксистердің марксизм жауларымен және марксизмді бұрмалаушылармен бірлігі керек емес, *марксистердің бірлігі* керек» (Шығармалар, 20-том, 232-бет). «Правда» марксизм-ленинизм идеяларының ту ұстаушысы, бұқаралық большевиктік партия қатарының бірлігі жолындағы күрестегі өткір идеялық қару болды. Ол партиялық баспасөздің Ленин «Искра» дәуірінде талдап жасаған жауынгерлік дәстүрлерін жалғастырып, дамыта түсті, партиялылық жолындағы күрестің қызу ортасында болды.

Баспасөз насихатына аса зор маңыз бере отырып, Ленин партияны жұмысшы баспасөзін жоғары бағалауға, оның дамуын, баспасөздің жұмысшылар ортасындағы беделінің нығаюын, большевиктік газеттердің жұмысшылардың қалың бұқарасымен тығыз байланыс орнатуын мұқият қадағалап отыруға үйретті. Ол баспасөздің бұқараны ұйымдастыруда және жұмылдыруда, халыққа коммунистік тәрбие беруде орасан зор роль атқаруға тиіс екенін атап көрсетті. Ұлы Октябрь социалистік революциясын әзірлеуде және оны жүзеге асыруда шешуші роль атқарған революцияшыл жұмысшылардың тұтас бір ұрпағы «Правдамен» бірге өсті. «Правданың» дәстүрлері жаңа тарихи жағдайда, социализм мен коммунизм құрылысы жағдайында онан әрі дами түсті. Бұл дәстүрлер дүние жүзіндегі бүкіл алдыңғы қатарлы, коммунистік, революциялық баспасөз үшін үлгі-өнеге болып отыр.

Томда Лениннің IV Мемлекеттік думаның сайлау науқаны мәселелері жөнінде жазған мақалалары едәуір орын алады. «IV Мемлекеттік думаның сайлау науқаны», «Сайлау науқанының принципті мәселелері», «РСДРП-ның сайлау платформасы», «IV Думаның сайлау науқаны және революциялық социал-демократияның міндеттері», «Петербургтегі сайлаудың маңызы» деген еңбектерінде Ленин партияның сайлау науқанындағы тактикасын белгілеп, сайлауда Прага

конференциясы көтерген революциялық ұрандармен дербес шығу қажеттігін атап көрсетті.

Сайлау науқанының барысында большевиктер маркстік теория мен тактиканы қайта қарауға, партияның программасын «күзеуге» тырысқан оппортунистерге қарсы күресті күшейтті. Сол дәуірдегі ревизионизмді «көбінесе «практикалық», ең алдымен, бейне бір практикалық пікірлермен ақтамақ болып қорқақтықпен, жасырынып-тығылумен безушілік» (осы том, 78-бет) ретінде сипаттай келіп, Ленин большевиктердің сайлау науқанын ревизионистерді әшкерелеу үшін және революциялық марксизмнің теориялық негіздерін қорғау үшін пайдалануға тиіс екендігін атап көрсетті.

Ленин сайлау науқанында «солшыл блок» тактикасын, большевиктер Мемлекеттік думалардың сайлау науқандары кезінде ұсынып, жүзеге асырған, трудовиктермен, эсерлермен және «халықтық социалистермен» уақытша келісімдер жасау тактикасын дұрыс жүргізуге зор маңыз берді. Большевиктер «солшыл блоктық» тактиканы жүргізу арқылы деревня мен қаланың демократияшыл элементтерін либерал буржуазияның ықпалынан шығарып алу міндетін көздеді. «Солшыл блокшылдық туралы мәселе,— деп жазды Ленин, көңіл қоярлық әрі маңызды принципті мәселе. Ел ішіндегі ең саны көп демократияшыл бұқараны (шаруаларды және егінші емес ұсақ буржуазияның жақын топтарын) «кадеттер мен марксистердің бірін таңдауға көндіру»; әрі ескі режимге қарсы, әрі толқымалы контрреволюцияшыл либерал буржуазияға қарсы жұмысшылардың және шаруалар демократиясының «бірлесіп қимылдау» бағытын ұстану,—«солшыл блоктық» тактиканың негізі мен мәні, міне, осында» (98—99-беттер).

«Солшыл блок» идеясын жойымпаздардың шабуылдарынан қорғай отырып, Ленин Маркс пен Энгельстің бірқатар нұсқауларына сүйенді; олар өздерінің революциялық қызметінде уақытша келісімдер жасасу тактикасын талай рет қолданып, реакцияға қарсы бірлесіп қимылдау үшін ұсақ буржуазиялық демократиямен блок жасаған болатын. Ленин жойымпаздардың «сол-

шыл блокшылдықтан» безуін демократия ісіне опасыздық жасағандық деп атады. Ол былай деп көрсетті: «солшыл блок» тактикасы кез келген буржуазиялық-демократиялық қозғалыста кез келген жұмысшы партиясы үшін міндетті нәрсе, демократиялық, азаттық қозғалыстарының барлық табыстары әрдайым «солшыл блоктық» тактиканы дұрыс қолдануға байланысты болып келді. Большевиктердің бұл тактикасының халықаралық зор маңызы бар. Бұл тактика коммунистік және жұмысшы партияларын жұмысшы табының позицияларын күшейту мүддесі үшін, демократия мен социализм жолындағы күресте барлық прогресшіл күштерді топтастыру мүддесі үшін басқа партиялармен және ұйымдармен принципті келісімдер жасасу тактикасын шебер қолдануға үйретеді.

Большевиктер партияның сайлаудағы, сондай-ақ Думаның өзіндегі болашақ партиялық фракцияның басты міндеті социалистік насихат жүргізу және жұмысшы табын ұйымдастыру деп есептеді. Біздің партиямыз, деп көрсетті Ленин, Думаға барғанда онда «реформа» айла-шарғысын жасау үшін емес, Дума мінбесінен бұқараны күреске шақыру үшін, социализм ілімін түсіндіру, үкіметтік және либералдық алдау атаулыны әйгілеу, халықтың артта қалған топтарының монархиялық соқыр сенімдерін және буржуазиялық партиялардың таптық тамырларын әшкерелеу үшін, жаңа орыс революциясының саналы күрескерлер армиясын даярлау үшін барады.

Ленин сайлау науқанына қатысқан түрліше саяси партиялардың мәнісін түсіндіруге көп көңіл бөледі. «IV Мемлекеттік думаның сайлау науқаны», «Трудовиктер және жұмысшы демократиясы», «Саяси партиялар үшінші Думаның 5 жылы ішінде», «Россиядағы саяси партиялар» атты және басқа мақалаларында Ленин саяси партияларға сипаттама береді, қаражүздіктер мен октябристердің оңшыл партияларын әшкерелейді, орыстың либерал буржуазиясының басты партиясының—екіжүзділікпен оппозициядамыз деп айла-шарғы жасайтын кадеттер партиясының — контрреволюцияшылдығын ашып көрсетеді. Халықшылдық

партиялардың—эсерлердің, трудовиктердің, «халықтық социалистердің» ұсақ буржуазиялық кейіп-кескінін және олардың жұмысшы табы мен либерал буржуазияның арасында ауытқуын ашып көрсете келіп, Ленин ұсақ буржуазияшыл демократтарды либералдардың ықпалынан шығарып алу, оңшылдарға да қарсы, кадеттерге де қарсы демократия лагерін топтастыру міндетін алға қойды.

Большевиктік партия IV Думаның сайлауы жөніндегі сайлау науқанын бұқара арасындағы революциялық жұмысты күшейту үшін пайдаланды. Патша өкіметінің қиын-қыспақ жағдайында большевиктер революция күштерін жинақтау жөнінде ауыр, күнбе-күнгі жұмысты жүргізіп отырды.

Ленин халықаралық революциялық қозғалыстың табыстарын мұқият қадағалап отырды. Қытайдағы революцияны құттықтай келіп Ленин «Қытайдағы демократия және халықшылдық» атты мақаласында қытай революциясы дамуының тарихи сөзсіз болатын жолын көрсетіп берді. Қытай халқы, деп жазды Ленин, «өзінің ғасырлар бойы құлдықта келе жатқанына қайғырып қана қоймай, бостандық пен теңдікті тек арман етіп қана қоймай, сонымен бірге Қытайды ғасырлар бойы езіп келгендерге қарсы *күресе* де біледі» (445—446-беттер). Қытайдағы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, революционер-демократ Сунь Ят-сеннің кейбір көзқарастарының утопиялылығын, қателігін атап көрсете келіп, Ленин оның шынайы, жауынгер республикалық демократизмін, еңбекшілер мен қаналушыларға деген етене тілектестігін, олардың ісінің дұрыстығы мен күшіне сенетіндігін жоғары бағалады. Ол Қытайдың халық бұқарасының қаһармандық демократизмін дүние жүзіндегі ешқандай күш жер бетінен жойып жібере алмайды деген сенім білдірді.

Азиядағы буржуазиялық-демократиялық революциялардың қозғаушы күштерінің ара қатынасы туралы мәселені қарастыра келіп, Ленин ұлттық тәуелсіздікті жеңіп алу және қорғау, түбегейлі демократиялық өзгерістерді жүзеге асыру ісіндегі аса маңызды күш жұмысшы табы мен шаруалардың одағы болып табылады

деп атап айтты. Сонымен қоса ол ұлттық буржуазияның белгілі ролін атап көрсетті; ұлттық буржуазия өзінің тұрақсыздығына және сатқындыққа қабілеттілігіне қарамастан, елді отаршылдықтан азат ету жолында демократия лагерінде қимыл жасай алады. Қазіргі жағдайда, отар және тәуелді елдердегі империалистік топтармен байланысы жоқ ұлттық буржуазия антиимпериалистік, антифеодалдық революцияның негізгі міндеттерін жүзеге асыруға объективті жағынан мүдделі болып, сол себептен империализм мен феодализмге қарсы революциялық күреске қатысу қабілетін сақтап отырған кезде Лениннің бұл нұсқауының зор маңызы бар.

Орыс революциясы оятқан қытай халқы Азиядағы демократиялық қозғалыстың алдыңғы сапында болып келді. Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін Қытайда жеңген халық революциясы империализмнің Азиядағы позицияларына күйрете соққы берді, ол ұлт-азаттық қозғалысына жаңадан қуатты серпін беріп, халықтарға, әсіресе Азияның, Африканың және Латын Америкасының халықтарына орасан зор ықпал жасады.

Томда Лениннің теориялық және тарихи зор маңызы бар «Герценді еске түсіру» атты тамаша мақаласы басылған. Бұл мақаласында Ленин Россиядағы азаттық қозғалысының тарихындағы үш дәуірді бөліп көрсетеді. Орыс революциясында қимыл жасаған бірінші ұрпақ,— деп жазады ол,—бұл дворяндар мен помещиктер, декабристер мен Герцен. «Бұл революционерлер тобы аз. Олар халықтан тым алыс. Бірақ олардың ісі босқа кеткен жоқ. Декабристер Герценді оятты. Герцен революциялық үгітті өрістетті», бұл үгітті Чернышевскийден бастап «Халық еркінің» ерлерімен аяқталған әр текті революционерлер іліп әкетті, ұлғайтты және нығайтты. Олардың орнына бірден-бір ақырына дейін революцияшыл тап — пролетариат келді; ол бұқараны бастап, миллиондаған шаруаларды тұңғыш рет ашық революциялық күреске көтерді.

Ленин Герценді «орыс революциясын әзірлеуде аса зор роль атқарған» тұңғыш орыс революцияшыл демократтарының бірі ретінде сипаттады. Ленин Герцен

туралы «диалектикалық материализмге әбден таяп келіп, тарихи материализмнің алдына жетіп тоқтағап» аса көрнекті ойшыл деп жазады. Ленин Лондонда орыс баспаханасын ашып, шетелде орыстың еркін баспасөзін құрған Герценнің әдеби-публицистикалық және баспа қызметін жоғары бағалады.

Герценнің социалистік ілімінің қателігі мен утопиялылығын сынға ала келіп, Ленин былай деп жазды: XIX ғасырдың бірінші жартысындағы крепостниктік Россия жағдайында Герцен жұмысшы табын көре алмады, оның тарихи ролін түсіне алмады. Бірақ сөйтсе де ол өмірінің соңғы кезінде «өзінің назарын... *Интернационалға,* Маркс басшылық еткен Интернационалға аударды».

* *
*

Томда шетелдегі большевиктік топтардың Париждегі кеңесінде енгізілген «Шетелдік ұйымның уставы туралы ұсыныс» Шығармаларға бірінші рет қосылып, басылып отыр.

«Дайындық материалдар» бөлімінде РСДРП Бүкілроссиялық VI (Прага) конференциясын әзірлеуге және өткізуге байланысты лениндік документтердің үлкен бір тобы басылып отыр. Оларға жататындар: «Шетелдегі большевиктік топтардың кеңесінде партия ішіндегі істердің жайы туралы жасалатын баяндаманың тезистері», «Саяси жағдай туралы баяндаманың конспекті» (бірінші рет жарияланып отыр), «Конференцияны шақыру жөніндегі Россиялық ұйымдастыру комиссиясы туралы» қарардың жобасына ескертпе, «Конференцияны заңдастыру туралы сөйленетін сөздің конспекті», «Партияның ұйымдық уставына енгізілетін өзгерістердің жобасы», «Партия жұмысының сипаты және ұйымдық формалары туралы» қарардың жобасына ескертпелер, «петициялық науқан» туралы қарардың материалдары.

Томның негізгі материалдарымен қатар бұл документтер Лениннің конференцияны әзірлеу жөнінде орасан көп жұмыс істегенін, конференцияны өткізуде оның

басшылық роль атқарғанын, жаңа түрпатты пролетарлық партияны қалпына келтіру және нығайту жолында бітіспес әрі тынбастан күрес жүргізгенін айқын сипаттайды және конференцияның жұмысын зерттеу үшін зор мәні бар.

«Россия пролетариатының революциялық өрлеуі» атты рефераттың жоспары да Шығармаларда бірінші рет жарияланып отыр; бұл рефераттың мазмұны «Революциялық өрлеу» атты мақаланың негізгі қағидаларына үйлес келеді.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

ПАРТИЯ ДАҒДАРЫСЫНЫҢ ШЕШІЛУІ

Бұдан екі жыл бұрын социал-демократиялық баспасөзден партияның «бірігу дағдарысы» туралы сөздерді кездестіруге болатын еді*. Контрреволюциялық замандағы құлдырау мен ыдырау жаңадан қайта топтасулар мен жіктелістер туғызды, шетелдегі күресті қайтадан шиеленістіріп жіберді, сөйтіп социал-демократиялық жұмысшы партиясының ішкі ауыр жағдайын көргенде күдікшілдердің немесе күйгелек адамдардың біртalaйының еңсесі түсіп кетті. Енді, Россиялық ұйымдастыру комиссиясы (РҰК)[1] құрылғаннан кейін, дағдарыстың ақыры болмаса да, қайткенмен де, партияның дамуында жақсылыққа бет алған жаңа және шұғыл өзгеріс көріне бастады отыр. Сондықтан партия ішіндегі эволюцияның өткен кезеңін және таяудағы болашақтың перспективаларын жалпы шолып өтуге тырысу дер кезінде жасалған әрекет болады.

Революция өзінен кейін РСДРП-ны жеке-жеке, автономиялы, ұлттық социал-демократиялық үш ұйым түрінде және сөздің тура мағынасында айтқанда россиялық екі фракция түрінде қалдырды. Бұл фракциялардың пролетариат дамуының тенденцияларындағы, оның буржуазиялық революцияның қазіргі дәуіріндегі өмірі жағдайындағы терең тамырлары 1905, 1906 және 1907 жылдардағы орасан зор қат-қабат оқиғалардың тәжірибесімен дәлелденді. Контрреволюция бізді ұшар биігіне жетіп қалған жерімізден таудан тағы да ылди-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 271—330-беттер. *Ред.*

ға түсірді. Столыпиндік дар ағаштары мен вехилік зарланулар жағдайында пролетариат қайтадан сап түзеп, жаңадан күш жинауға тиіс болды.

Жаңа жағдай социал-демократиялық партияның ішіндегі тенденциялардың жаңадан жіктелуін туғызды. Күйзелісті кезеңнің ауыртпалығына шыдамай, жаңа екі фракцияның екеуінен де ең тұрлаусыз социал-демократиялық элементтер, пролетариаттың әр алуан *буржуазиялық жолбикелері* бөліне бастады. Социал-демократиядан осылайша *кетушілікті* екі ағым: жойымпаздық пен шақырымпаздық[2] өте-мөте айқын көрсетті. Екі фракцияның екеуінің де марксизмнен айнымаған негізгі ұйтқыларының жақындасу тенденциясын да сөзсіз солар туғызды. Социал-демократиялық партияның бұдан былайғы дамуындағы табыстар мен кемшіліктердің, ілгері басу мен кейін толқудың бастама пунктін — 1910 жылғы январьдағы пленумды[3] туғызған істің жайы осылай болған еді.

Пленум тындырған істің даусыз идеялық табысын және оның жіберген «ымырашылдық» аса үлкен қатесін көп адамдар осы уақытқа дейін жақсы түсінген жоқ. Ал мұны түсінбейінше, партияның қазіргі жағдайынан да ешнәрсе түсінуге болмайды. Сондықтан біз қазіргі дағдарыстың бастама пунктін анықтауға қайта-қайта тоқталуға тиіспіз.

«Ымырашылдың» дәл пленум алдында жазылған және пленумнан соң іле-шала басылып шыққан мақаласынан алынған мына цитат әлгі жайды анықтауға ұзақ-сонар пайымдаудан гөрі немесе неғұрлым тікелей, неғұрлым көп кездесетін «документтерден» алынған цитаттардан гөрі көбірек көмектесе алады. Пленумда үстем болған «ымырашылдықтың» басшыларының бірі бундшыл Ионов жолдас «Дискуссионный Листоктың»[4] 1-номерінде «Партияның бірлігі мүмкін бе?» деген мақаласында (19 март, 1910 ж.; 6-бетінде редакцияның: «мақала пленумға дейін жазылған» деген ескертуі бар) былай деп жазды:

«Шақырымпаздық пен жойымпаздықтың өздері партия үшін қаншама зиянды болғанмен, олардың фракцияларға игі әсер ететіні күмәнсыз сияқты. Патология іріңдеудің екі түрін біле-

ді: бірі қатерлі, екіншісі залалсыз келеді. Залалсыз іріңдеу организмге пайдалы сырқат деп есептеледі. Іріңдеп жарыларда ол бүкіл организмдегі әр түрлі зиянды элементтер атаулыны өзіне тартып алады да, организмнің айығуына себепкер болады. Менің ойымша, жойымпаздық меньшевизм жөнінде, шақырымпаздық-ультиматизм большевизм жөнінде нақ осындай роль атқарды».

Пленум кезінде «ымырашылдың» іске берген бағасы және пленумда мерейі үстем болған ымырашылдықтың психологиясы мен идеяларын *дәл* көрсететін бага осы. Келтірілген цитаттағы негізгі пікір дұрыс, мың мәрте дұрыс, сол пікір дұрыс болгандықтан да большевиктер (пленумнан бұрын-ақ жойымпаздықпен де, шақырымпаздықпен де күресті әбден үдете жүргізген большевиктер) пленум үстінде ымырашылдардан қол үзіп *кете алған жоқ*. Кете алмаған себебі, негізгі пікір бір жерден шықты; келіспеушілік сол пікірді жүзеге асырудың формасы жөнінде болды; большевиктер форма мазмұнға бағынады — деп ойлады, олардың айтқаны дұрыс болып шықты да, дегенмен осылайша «форманы мазмұнға бейімдеу», ымырашылдардың қатесі салдарынан, партияның *екі жылғы* өмірін «зая» кетірді десе болады.

Бұл қате қайсы? Бұл қате мынау: «іріңдеумен» тазарып келе жатқан ағымдарды ғана, тек соларды ғана (және олардың тек тазару дәрежесіне қарай) заңды деп санаудың орнына ымырашылдар тазарамыз деген құрғақ уәденің негізінде бәрін де шетінен заңды деп таныды. Впередшілдер[5] де, голосшылдар да, Троцкий де шақырымпаздық пен жойымпаздыққа қарсы қарарға «қол қойды»,—демек, «тазаруға» уәде берді,— сонымен іс бітті. Ымырашылдар уәдеге «нанып», партияны партияшыл *емес*термен, өздерін «іріңдеген» деп мойындаған ұсақ топтармен шатастырды. Практикалық саясат тұрғысынан қарағанда мұның өзі балалық еді, ал тереңірек тұрғыдан қарағанда мұның өзі идеясыздық, принципсіздік, әзәзілшілдік болды: расында, жойымпаздық пен шақырымпаздық-ультиматизм дегеніміз іріңдеу екеніне шын сенген адам іріңнің тебіндей келе, денеден зиянды элементтерді *сорып алып*, оларды организмнен шығарып тастайтынын қайтсе де түсін-

ген болар еді. Ол адам «іріңнің» уын ішке жаю әрекеті арқылы организмді уландыруға көмектеспеген болар еді.

Пленумнан соңғы өткен бір жыл ымырашылдардың идеясыздығын іс жүзінде әшкереледі. Бүкіл осы жыл бойында партия жұмысын (—іріңнен тазарту, сауықтыру жұмысын) іс жүзінде большевиктер мен плехановшылдар жүргізіп келді. Бұл фактіні «Социал-Демократ»[6] та, «Рабочая Газета»[7] да (Орталық Комитет өкілін Троцкий қуып жібергеннен кейін) дәлелдеп отыр. Жұрттың бәріне белгілі 1910 жылғы кейбір жария басылымдар[8] да бұл фактіні дәлелдеп отыр. Бұл жалаң сөздер емес, нағыз фактілер: партияның басшы органдарында бірлескен жұмыс жүргізілді.

Осы (1910-шы) жыл ішінде голосшылдар да, «впередшілдер» де, Троцкий де іс жүзінде партиядан кетіп, нақ жойымпаздық пен шақырымпаздық-ультиматизмге барып қосылды. «Залалсыз ірің» дегендер ірің күйінде қалып қойды, олар өздерінің қатерлілігін көрсетті, өйткені олар «зиянды элементтерді» партия организмінен аластамады, қайта ол организмді уландыра берді, оны дерт шалған қалпында қалдырып, партия жұмысын жүргізуге жарамсыз ете берді. Большевиктер мен плехановшылдар «ымырашылдық» қарарларға және пленум құрған коллегияларға *қарамастан,* партияның осы жұмысын (жұрттың бәріне бірдей ашық әдебиетте) голосшылдар мен впередшілдерге *қарсы* жүргізіп келді, бірақ олармен бірлесіп жүргізген жоқ (өйткені жойымпаздармен және шақырымпаздар-ультиматистермен бірге жұмыс істеу мүмкін емес еді).

Ал орыс жұмысы ше? Жыл бойы Орталық Комитеттің бірде-бір жиналысы болмапты! Болмаған себебі не? Оның себебі, орыс цекистері (мейірі түсіп «Голос ликвидаторовтың» аймалауына жеткен ымырашылдар) жойымпаздарды ылғи «шақырумен» болды, сөйтіп бір жыл, тіпті бір жыл үш ай бойы шақырса да, оларды бір рет те «шақырып» келтіре алмады! Өкінішке орай Орталық Комитетке «зорлап келтіру» тәртібін біздің көңілшек ымырашылдар пленумда ескермеген. Ымырашылдардың сенгіштігі мен аңқаулығына қарсы күресе

отырып, пленумда большевиктердің алдын ала болжап айтқаны дәл келді, партия үшін лайықсыз, масқара жағдай туды: орыс жұмысы тоқтап тұр, партияның қолы байлаулы, ал «Наша Заря»[9] мен «Впередтің» беттерінен партияға қарсы либералдық және анархистік шабуылдың жиіркеніШті тасқыны ағылуда! Бір жағынан, Михаил, Роман және Юрий, екінші жағынан, шақырымпаздар мен құдай жасампаздар[10] социал-демократиялық жұмысты бар күштерін салып *бүлдіруде,* ал ымырашыл-цекистер жойымпаздарды «шақырып», олардың келуін «күтуде»!

1910 жылғы 5 декабрьдегі «арыз» арқылы большевиктер барлық басқа фракциялармен жасалған шартты бұзатындығын ашық және ресми мәлімдеді. Пленумда жасалған «бітімнің» бұзылғандығы, оны «Голостың»[11], «Впередтің» және Троцкийдің бұзғандығы әбден айқындалған факт болып отыр.

Шарт бойынша міндеттелген шетелдік пленумды үш ай мерзімнен кешіктірмей шақыру әрекетімен жүргенде жарты жылдай (1911 ж. июньге дейін) уақыт өтіп кетті. Жойымпаздар (голосшылдар — бундшылдар — Шварц) шетелдік пленумды да шақыртпай тастады. Содан кейін үш топтың, большевиктердің, поляктардың және «ымырашылдардың» блогы істі оңға бастырудың ақырғы әрекетін істейді: конференция шақырып, Россиялық ұйымдастыру комиссиясын құрмақ болады. Большевиктер бұрынғысынша азшылық болады: 1910 ж. январьдан 1911 ж. июньге дейін басым жақ жойымпаздар болады (Орталық Комитеттің Шетелдік бюросында[12] голосшылдар — бундшыл — Шварц; Россияда жойымпаздарды «шақырушы» «ымырашылдар»); 1911 ж. июньнен 1911 ж. 1 ноябрьге дейін (сақтаушылардың аралық соты белгілеген мерзім)[13] басым жақ ымырашылдар болды, өйткені оларға поляктар барып қосылды.

Мәселе былайша қойылды: ақша да, агенттерді жіберіп отыру да Тышка мен Марктың (Париж ымырашылдарының басшысы) қолында болады; ал большевиктердің үлесіне тиген бір ғана нәрсе бар: оларды да жұмысқа жіберуге келіседі. Пленум туғызған алауыздықтар

ақырғы пунктіне жетті, ал оған соқпай өту мүмкін емес еді: не ешкімді «күтіп» отырмастан, ешкімге «шақыру» жіберместен (социал-демократтарша жұмыс істегісі келген және істей алатын адам шақыруды керек етпейді!) аянбай жұмыс істеу керек, немесе Троцкиймен, «Впередпен» және сол сияқтылармен қайта-қайта саудаласа беру керек делінді. Большевиктер бірінші жолды таңдап алды және бұл туралы цекистердің Париждегі кеңесінде-ақ[14] тура және ашық айтты. Тышка және К^0 екінші жолды таңдап алды (және Техникалық комиссияға да, Шетелдік ұйымдастыру комиссиясына[15] да осы жолды күштеп таңды); бұл екінші жол — «Социал-Демократтың» 24-номеріндегі фельетонда толық көрсетілгеніндей* — объективті түрде болымсыз да жексұрын әзәзілдікке апарып соқты.

Мұның нәтижесі қазір барша жұрттың көз алдында. 1 ноябрь қарсаңында *Россиялық ұйымдастыру комиссиясы* құрылды. Іс жүзінде оны большевиктер мен орыс партияшыл-меньшевиктері[16] құрды. «Күшті (өзінің идеялық беріктігімен және өзінің «іріңнен» тазару жөніндегі жұмысымен күшті) екі фракцияның одағы» факт болып шықты; бұл одаққа пленумда да, пленумнан кейін де жарымес адамдар жанталасып қарсылық жасаған болатын (қараңыз: «Голос», «Вперед», «Отклики Бунда»[17], «Правда»[18] *және* т. т.). 1910 және 1911 жылдардағы Россия жағдайында үлгілі және алдыңғы қатарлы социал-демократиялық ұйымдар болған Баку мен Киев ұйымдары[19] сияқты ұйымдарда бұл одақ, большевиктердің аса зор қуанышына орай, партияшыл социал-демократтардың толық дерлік бірлігіне, бөлінбес біртұтас организміне айналды.

«Барлық» фракциялар таратылып кетті-ау деген қыңқыл екі жыл бойғы тәжірибенің сынынан кейін Потресов мырзалар мен шақырымпаз мырзалар ақымақ қылып келген жарымес адамдардың бос сөзі болып шықты. «Күшті екі фракцияның одағы» өз жұмысын тындырып, жоғарыда көрсетілген алдыңғы қатарлы коллективтер түрінде біртұтас партия болып

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 20-том, 363—386-беттер. *Ред.*

толық бірігуге әбден жақындады. Шетелдегі партияшыл-меньшевиктердің ауытқуы жүзеге асқан бұл фактіні енді өзгерте алмайды.

Пленумнан кейінгі екі жыл, міндеттің адам айтқысыз қиын екендігін түсінгісі келмейтін көптеген күдікшілдерге немесе социал-демократиядағы дилетанттарға түкке тұрғысыз, таусылмайтын, мағынасыз бақастық жылдары, құлдырау мен ыдырау жылдары болып көрінсе де, шындығында социал-демократиялық партияны жойымпаздық пен шақырымпаздық сергелдеңінің батпағынан жолға шығарған жылдар болды. 1910 жыл партияның *барлық* басшы органдарында (ресми және ресми емес, жария және құпия органдарында) большевиктер мен партияшыл-меньшевиктердің бірлесіп жұмыс істеуін қамтамасыз етті: бұл «күшті екі фракция одағының» бірінші қадамы болды, идеялық әзірлік жасау, жойымпаздық пен шақырымпаздыққа қарсы бір тудың астына күштерді жинау қадамы болды. 1911 жыл екінші қадамды қамтамасыз етті: Россиялық ұйымдастыру комиссиясы құрылды. Оның бірінші жиналысында партияшыл-меньшевиктің председательдік етуі айта қаларлық факт болып табылады: екінші қадам, іс жүзінде жұмыс істейтін орыс орталығын құру ісі енді жүзеге асырылды. Паровоз тұрғызылып, рельске қойылды.

Төрт жылға созылған бей-берекеттік пен ауа жайылушылықтан кейін —полицияның сұмдық қудалауына, голосшылдардың, впередшілдердің, ымырашылдардың, поляктардың және tutti quanti* адам айтқысыз «аяқтан шалуына» қарамастан — орыс социал-демократиялық орталығы тұңғыш рет жиналды. Осы орталықтан партияға арналған листок Россияда тұңғыш рет шықты[20]. Жергілікті жерлерде құпия ұйымдарды қалпына келтіру жұмысы (бас-аяғы үш айдың ішінде, 1911 жылғы июльден октябрьге дейін) екі астананың екеуін де, Поволжьені, Уралды, Кавказды, Киевті, Екатеринославты, Ростовты, Николаевты тұңғыш рет жүйелі түрде түгел қамтыды,—өйткені Россиялық ұйымдастыру

* — басқа бәр-бәрінің. *Ред.*

комиссиясы осы жерлердің бәрін аралап өткеннен *кейін* жиналды, өйткені оның бірінші жиналысы Петербург комитетін қалпына келтірумен, бұл комитеттің бірқатар жұмысшы митингілерін өткізуімен және Москва аудандарының партияны жақтаған қарарлар қабылдауымен, т. т. *қатар* болды.

Әрине, ұшқалақ оптимизмге салыну кешірімсіз аңқаулық болар еді; алдымызда әлі де орасан зор қиыншылықтар тұр; социал-демократиялық орталық атынан бірінші орыс листогы жарияланғаннан кейін полицияның қуғыны он есе күшейіп отыр; жұмыста талай қиын айлардың, жаңа сәтсіздіктердің, жаңа кідірістердің болуы мүмкін. Бірақ басты нәрсе істелді. Ту көтерілді; бүкіл Россиядағы жұмысшы үйірмелері осы туға ден қоя бастады, сондықтан бұл туды енді ешбір контрреволюциялық шабуыл құлата алмайды!

Шетелдегі «ымырашылдар» және Тышка мен Ледер орыс жұмысының осылай орасан алға басуына немен жауап берді? Мардымсыз әзәзілдіктің ақтық серпінімен жауап берді: пленум алдында Ионовтың соншалық сәуегейлікпен болжап айтқан «іріңдеу процесі» ұнамсыз-ақ, оған сөз бар ма. Бірақ кімде-кім осы ұнамсыз процестің социал-демократияны *сауықтыратынын* түсінбейтін болса, ол адам революциялық жұмысқа кіріспей-ақ қойсын! Техникалық комиссия мен Шетелдік ұйымдастыру комиссиясы Россиялық ұйымдастыру комиссиясына бағынудан бас тартады.— Әрине, большевиктер шетелдегі әзәзілдерден жирене безінеді.— Сонда қобалжу басталады: ноябрьдің бас кезінде Шетелдік ұйымдастыру комиссиясының жұрнақтарына (екі поляк пен бір ымырашыл) Россиялық ұйымдастыру комиссиясының шақырылуы туралы баяндама жеткізілген. Баяндамада бүкіл жұмыстың толық суреттелгендігі сонша, большевиктердің қарсыластары, «Голос» мадақтаған ымырашылдар Россиялық ұйымдастыру комиссиясын тануға *мәжбүр болды.* Шетелдік ұйымдастыру комиссиясы 1911 ж. 13 ноябрьде «Россиялық ұйымдастыру комиссиясының шешімдері басшылыққа алын-

сын» деген қарар қабылдаған. Шетелдік ұйымдастыру комиссиясының қолындағы бар ақшаның $^4/_5$ бөлегі Россиялық ұйымдастыру комиссиясының кассасына беріледі — демек, бүкіл істің жолға қойылуының маңыздылығына поляктардың өздерінің де, ымырашылдардың өздерінің де шүбәланатын шамасы *жоқ*.

Солай бола тұрса да — енді бірнеше күннен кейін Техникалық комиссия да, Шетелдік ұйымдастыру комиссиясы да Россиялық ұйымдастыру комиссиясына бағынудан тағы да бас тартады!! Бұл ойынның шешуі неде?

Орталық Орган редакциясының қолында конференцияға тапсырылатын документ [21] бар, соған қарағанда Тышка Россиялық ұйымдастыру комиссиясына қатыспау жөнінде, конференцияға қатыспау жөнінде үгіт жүргізетін көрінеді.

Бұдан өткен пасық әзәзілдікті ойлап табуға бола ма? Техникалық комиссия мен Шетелдік ұйымдастыру комиссиясында отырғандар конференцияны шақыруға және Россиялық ұйымдастыру комиссиясын құруға көмектеспек болған еді — «бәрін» де шақырамыз деп мақтанған еді, бірақ ешкімді де шақырмады (көпшілік болғандықтан, шақыруға және қалаған шарттарын қоюға праволы болғанымен),— большевиктер мен партияшыл-меньшевиктерден басқа ешқандай қызметкерлер таппады,— өздері таңдаған майданда толық жеңіліске ұшырады,— енді келіп толық уәкілдігі бар орталық ретінде Россиялық ұйымдастыру комиссиясына конференцияға деген қаржының $^4/_5$ бөлегін өз ықтиярларымен беріп отырып, сол Россиялық ұйымдастыру комиссиясын «аяқтан шалуға» дейін құлдырайды!!

Иә, ірің деген — жаман нәрсе, әсіресе «іріңдеу процесінде» жаман. Шетелдегі әр алуан ұсақ топтар атаулының бәрінің одағын жақтаушы теоретиктердің әзәзілдіктен басқа амалының қалмаған себебі Орталық Органның 24-номерінде-ақ көрсетілген болатын. Ал енді Россияның социал-демократ жұмысшылары өздерінің Россиялық ұйымдастыру комиссиясы мен өз конференциясын қорғап қалуы керек пе әлде өздерінің конференциясына Тышканың, Ледердің және $К^0$ әзәзілдік

жасап бөгет болуына жол беруі керек пе,— екінің бірін қиналмай таңдай алады. Әзәзілдер өз түбіне өздері жетті, бұл факт,— Тышка мен Ледер РСДРП тарихына абыройсыз аттарымен кіріп те үлгірді,— ал конференцияға олар бөгет бола алмайды, Россиялық ұйымдастыру комиссиясын әлсірете алмайды.

Ал жойымпаздар ше? Бақандай бір жарым жылдың ішінде, 1910 жылғы январьдан 1911 жылғы июньге дейін, олар Орталық Комитеттің Шетелдік бюросында көпшілік бола тұрса да және Орталық Комитеттің Орыс бюросындағы[22] ымырашылдар сияқты сенімді «достары» болса да, орыс жұмысының оңалуы үшін олар түк істеген жоқ, тіпті ешнәрсе де істеген жоқ! Олар көпшілік болған кезде жұмыс қарап қалды. Большевиктер жойымпаздық Орталық Комитеттің Шетелдік бюросын қиратып, конференция шақыруға кірісен кезде, сонда барып жойымпаздар қыбырлай бастады. Және бұл «қыбырлаудың» қалайша болғанып бақылаудың өзі өте қызғылықты. Жойымпаздарға үнемі барынша беріле қызмет етіп келе жатқан бундшылдар,— жуырда қазіргі «қилы заманды» пайдаланып қалмақ болады (мәселен, латыштарда екі ағымның, жойымпаздық ағым мен партиялық ағымның күресінің немен тынатыны әлі анықталған жоқ), әлдеқайдан бір кавказдықты тауып алады, сөйтіп Троцкий мен Данның Café Bubenberg-те (Берн қаласы, 1911 ж. август) жазған қарарларына[23] қол қоюшылар табу үшін күллі сыбайластар жиылып, Z. қаласына жөнеледі. Бірақ латыштың басшы ұйымын іздеп таба да алмайды, қол қоюшыларды кездестіре алмайды және «Ең күшті үш ұйымның ұйымдастыру комиссиясы» деген дауырықпалы жарнамасы бар ешқандай қағаз әзірлей алмайды. Фактілер осындай*.

Россияда Россиялық ұйымдастыру комиссиясын бол-

---

* Жабықпас бундшылдармен қатар впередшілдер де қарарлар жасап ала қоймақ болып шаба жөнелді. Осы шағын топтан — құдай сақтасын, әсте шақырымпаздық топ емес!—бір белгілі шақырымпаз[24] шаба жөнелді, Киевке де, Москваға да, Нижний Новгородқа да «шапқылады», ымырашылдармен «ымыраласты», бірақ түк бітіре алмай, барлық жерден де құр алақан қайтты. Айтушылардың сөзіне қарағанда, «Вперед» тобы сәтсіздікті Луначарский ойлап шығарған жаман құдайдан көріп, соны айыптайды деседі, сондықтан ол топ тәуірлеу құдай ойлап табылсын деп бір ауыздан қаулы алыпты.

ғызбауға бундшылдардың қалайша әрекеттеніп отырғанын орыс жұмысшылары көріп білсін! Ойлап қараңыздаршы: конференция қамындағы қызметкерлер Уралды, Поволжьені, Петербургті, Москваны, Киевті, Екатеринославты, Ростовты, Тифлисті, Бакуді аралап жүргенде, бундшылдар «кавказдықты» «тауып алады» (сірә, қолында Облыстық Кавказ комитетінің [25] «мөрі» бар және 1908 ж. декабрьде РСДРП конференциясына [26] Дан мен Аксельродты өкіл етіп жіберген заседательдердің біреуі болар!), сойтіп латыштардан «қол қоюшылар түсіруге» аттанады. Жойымпаздарға қызмет ететін және Россиядағы қай жұмысқа болса да мүлде жат осы әзәзілдер шайкасының «үш ұйымның», оның ішінде «аса күшті» екі мөр иемденушінің нағыз «ұйымдастыру комиссиясы» болып шығуына аз-ақ қалыпты! Әлде, бәлкім, бундшылдар мен кавказдық мырзалар нақ қай кезде, қандай орыс ұйымдарын аралап шыққанын, қай жерде жұмысты жөнге салғанын, қай жерде баяндамалар жасағанын партияға айтар? Кәне, сүйіктілер, айтып көріңдерші!

Ал дипломатиялық істердің шетелдегі шеберлері білгіш адамдарша маңызданып: «оқшаулануға болмайды», «Бундпен және Облыстық Кавказ комитетімен қайта сөйлесу керек» деп тон пішіп, төрелік айтады.

Ой, комедианттар-ай!—

Большевиктердің «оқшауланғанына» қазір өкініп, қобалжып жүргендер партияның осы екі жыл ішіндегі тарихының маңызын көңілге тоқып, сабақ алсын. О, *мұндай* оқшаулықта өз халымыздың қай кездегіден болса да жақсы екенін сеземіз, бұл ретте біз шетелдегі нольдердің әзәзілдік коллекциясын бөліп тастадық және Петербург, Москва, Урал, Поволжье, Кавказ және Оңтүстік орыс социал-демократ жұмысшыларының топтасуына жәрдемдестік!

Кімде-кім оқшаулық жөнінде зарланса, ол пленумның идеялық ұлы ісінен де, пленумның ымырашылдық қатесінен де ешнәрсе түсінбеген болып шығады. Пленумнан кейін бір жарым жыл бойы шетелде бірліктің сырт көрінісі ғана болды, ал Россиядағы социал-демократиялық жұмыс мүлде тоқырап қалды. 1911 жылдың

жарты жылында немесе төрт айында большевиктер мейлінше оқшау қалған сияқты көрінсе де, орыстың социал-демократиялық жұмысын бірінші рет орнынан қозғап, россиялық социал-демократиялық орталықты тұңғыш рет қалпына келтірді.

Кімде-кім жойымпаздық пен шақырымпаздық сияқты «іріңдердің» идеялық шіріктігі мен өлекселігін әлі күнге дейін ұғынбаған болса, ондай адамды енді дәрменсіз бақастық пен бейшаралық әзәзілдіктің тарихы жете үйретеді; ал «Голос» пен «Впередтің» топсымақтары осындай бақастық пен әзәзілдікке салынып отыр, өздерін қорғамақ болғандардың бәрін де бірге ала кетіп құлдыратып отыр.

Партияшыл социал-демократ жолдастар, жұмысқа кірісіңдер! Социал-демократиялық емес ағымдармен және партияның шешімдеріне қарамастан оларды қоректендіріп отырған топсымақтармен байланыстың соңғы сарқыншақтарынан арылыңдар. Россиялық ұйымдастыру комиссиясының төңірегіне топтасыңдар, оның конференцияны шақыруына және жергілікті жерлердегі жұмысты нығайтуына жәрдемдесіңдер. РСДРП ауыр дертті басынан кешірді: дағдарыс аяқталып келеді.

Біртұтас, құпия, революциялық Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы жасасын!

«Социал-Демократ» № 25,
8 (21) декабрь, 1911 ж.

«Социал-Демократ» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ҰРАНДАР ТУРАЛЫ, ДУМАДАҒЫ ЖӘНЕ ДУМАДАН ТЫС СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ҚОЙЫЛЫСЫ ТУРАЛЫ

II Думаның социал-демократ депутаттарына каторгалық процесс[27] жасатқан охранниктердің пасықтық арандатуы жөнінде III Думадағы социал-демократиялық фракцияның қойған сұрағы, сірә, біздің бүкіл партиялық қызметімізде де, жалпы демократияның жағдайында да, жұмысшы бұқарасының ниет-пиғылында да әлдебір бетбұрыс жасалғанын көрсететін сияқты.

«3 июнь қожаларына» қарсы осындай батыл, сарыны мен мазмұны жағынан революциялық наразылық, ең баяу, либералдық-монархиялық, «патша ағзамның» вехишіл «оппозициясына» дейін, яғни конституциялық-демократиялық партияға[28] дейін, тіпті «прогрессистерге»[29] дейін бүкіл оппозиция болып қолдаған наразылық III Думаның мінбесінен тұңғыш рет естілді десе болғандай. Революцияшыл пролетариаттың қара Думадағы депутаттарының революциялық наразылық білдіруіне байланысты жұмысшы бұқарасының қалай қозғала бастағанын, астананың жұмысшы кварталдарында қобалжу көтеріліп отырғанын, жұмысшылардың революциялық социал-демократиялық сөздер сөйленген (Путилов, Кабельный заводтары мен басқа да заводтардағы митингілер) митингілер (тағы да митингілер!) ұйымдастырып жүргенін, бұқаралық саяси ереуіл туралы лақаптар мен әңгімелер шығып жүргенін (19 ноябрьдегі октябристік «Голос Москвыдағы»[30] Петербургтен алынған хабарды қараңыз) 1908 жылдан бергі қиын-қыстау

дәуірде ел тұңғыш рет көріп, сезіп, байқап отыр десе болғандай.

III Думадағы социал-демократ депутаттардың революциялық сөздері бұрын да талай рет болғаны күмәнсыз: социал-демократиялық фракциядағы біздің жолдастарымыз монархияның күйрейтіні туралы, республика туралы, екінші революция туралы қаражүзді-сатқын пуришкевичтік «парламенттің» мінбесінен тура, айқын, батыл сөз сөйлеп, өз борышын талай рет тамаша орындап шыққан болатын. «Голос Социал-Демократаның» немесе «Дело Жизнидің»[31] мұндай сөздерге наразы жалған социал-демократтарының пасық оппортунистік сөздері неғұрлым жиі естілсе, III Думаның социал-демократ депутаттарының жоғарыда көрсетілген еңбегін соғұрлым анығырақ баса көрсету қажет.

Бірақ бетбұрыстың саяси нышандарының мынадай болып ұштасуы: күллі оппозицияның социал-демократтарға қосылуы, либералдық-монархиялық, «адал», «жауапты» және қорқақ «Речьте»[32] жанжал жағдай туралы мәлімдеме жасалуы, Думада сұрақ қойылуына байланысты бұқара ішінде қобалжу тууы, цензуралық баспасөздің деревнядағы «дүрмекті ниет-пиғыл» туралы хабары,— мұндай ұштасу әлі болған емес. «Муромцевшілдер» мен «толстойшылдардың» өткен жылғы демонстрацияларынан кейін — 1910 және 1911 жылдардағы стачкалардан кейін — студенттердің өткен жылғы «оқиғасынан» кейін, жоғарыда көрсетілген жағдайдың төмендегіге деген сенімді онан сайын нығайта түсетіні күмәнсыз: орыс контрреволюциясының бірінші кезеңі, толық толастау, жым-жырт тыныштану, дарлар мен өзін-өзі өлтіру, реакцияның жүгенсіздігі мен ренегаттық атаулының, әсіресе либералдық ренегаттықтың өршу кезеңі,— бұл кезең *осымен тынды.* Контрреволюция тарихында екінші кезең басталды: сары уайымшылдық пен екінің бірінде «үрейлі» қорқыныш басылып келе жатқан кездегі, барынша әр түрлі және нағыз қалың топтар арасында «бұдан әрі бұлай болмайтындығын», «өзгерістің» керектігін, қажеттігін, сөзсіздігін түсіну,— немесе, түсіну болмаса да, сезіну едәуір ны-

ғайып отырған кездегі, наразылық пен күресті қолдауға бой ұра бастаған, жартылай инстинкті, бастан-аяқ әлі айқындалмаған түрде бой ұра бастаған кездегі кезең басталды.

Әлбетте, бұл нышандардың маңызын асырып көрсетіп, өрлеу болып отыр деп ойлау ұшқарылық болар еді. Бұл әзір жоқ. Контрреволюцияда қазір сезіліп отырған белгілер оның бірінші кезеңіне тән белгілер *емес,* бірақ контрреволюция әлі де үстемдік етіп отыр, өзін мызғымастай көріп отыр. РСДРП-ның 1908 жылғы декабрьдегі қарарының сөздерімен айтқанда, күн тәртібінде бұрынғысынша пролетариатты «тәрбиелеудің, үйрету мен ұйымдастырудың ұзақ міндеті» тұр[33]. Бірақ бетбұрыстың басталуы бізді социал-демократиялық партияның басқа партияларға көзқарасына және жұмысшы қозғалысының таяудағы міндеттеріне айрықша ыждаһатпен тоқталуға мәжбүр етіп отыр.

«Патша ағзамның оппозициясындағылар», кадеттер мен прогрессистерге дейінгілердің бәрі социал-демократияның гегемониясын бір сәтке мойындағандай болды да, жұмысшы депутаттарына ілесе помещиктер мен октябристер Думасынан, Николай Романовтың қаражүздік-ойраншыл монархиясы құрған Думадан кетіп қалды,— арандатушылық туралы істерінің жария болуынан қорқатын көпшіліктің қорлаушылық айла-шарғыларының кезінде кетіп қалды.

Ал мұның мәні неде? Кадеттер контрреволюциялық партия болудан қалды ма әлде олар социал-демократ оппортунистердің сендіріп отырғанындай, ешқашан контрреволюциялық партия болмады ма? Біз кадеттерді «қолдауды» өз міндетіміз етіп қоюға, сөйтіп, қайсы бір «жалпы ұлттық оппозиция» ұранын ойластыруға тиіспіз бе?

Революциялық социал-демократияның қарсыластары оның көзқарастарын қисынсыздыққа дейін жеткізу әдісін және айтысуға қолайлы болу үшін — карикатуралық марксизмді боямалау әдісін баяғыдан бері пайдаланып келеді десе болады. Мәселен, өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының екінші жартысында, Россияда бұқаралық қозғалыс ретінде социал-демократия

туа бастаған кезде, халықшылдар карикатуралық марксизмді «стачкизм» түрінде боямалаған болатын. Тарихтың тәлкегі де сол, «экономистер» — карикатуралық марксистер болып шықты. «Экономизмге» [34] қарсы аяусыз күрес жүргізбейінше, социал-демократияның абыройы мен ізгі атағын аман сақтап қалу мүмкін болмады. Мәселен, 1905 жылғы революциядан кейін, заманның ерекше жағдайларына революциялық марксизмді қолдану болып табылған большевизм жұмысшы қозғалысында ірі жеңіске жеткен кезде, қазір тіпті оның жауларының өзі мойындап отырған жеңіске жеткен кезде, біздің қарсыластарымыз карикатуралық большевизмді «бойкотизм», «боевизм», т. с. түрінде боямалады. Тарихтың тәлкегі тағы да солай болып шықты, «впередшілдер» — карикатуралық большевиктер болды.

Тарихтың бұл сабақтары кадеттерге деген көзқарас жөнінде революцияшыл социал-демократтардың көзқарастарын карикатуралық бұрмалаудан сақтандыруға тиіс (мәселен, «Впередтің» 2-номерін қараңыз). Кадеттер, күмән жоқ, контрреволюциялық партия, мұны тек мүлде надан немесе ары таза емес адамдар ғана бекер дей алады, мұны барлық жерде, оның ішінде Дума мінбесінен де түсіндіру социал-демократтардың сөзсіз борышы. Бірақ кадеттер контрреволюциялық *либералдар* партиясы, сондықтан пролетарлық емес партиялар туралы РСДРП-ның Лондон съезінде (1907 ж.) қабылданған қарарда да [35] атап көрсетілгеніндей, кадеттердің осы либералдық жаратылысы бізге олардың осы жаратылысынан туып отырған ерекше жағдайды, ерекше жанжалдарды немесе егестерді «пайдалануды», мысалы, олардың жалған демократизмін ақиқат, дәйекті, бұлжымас демократизмді уағыздау үшін пайдалануды міндеттеп отыр.

Елде контрреволюциялық либерализм шыққан екен, жалпы демократия, әсіресе пролетарлық демократия өзін одан ажыратпай отыра алмайды; ол оны мен өзінің арасындағы шекті бір сәт те ұмытпауға тиіс. Бірақ бұдан контрреволюциялық либерализмді, айталық, контрреволюциялық феодализммен шатастыруға болады екен деген,— олардың дау-жанжалдарын елемеуге,

олардан сырт айналуға, оларға көңіл аудармауға болады екен деген қорытынды әсте тумайды. Контрреволюциялық либерализм ол контрреволюциялық болғандықтан да жеңімпаз революцияда гегемон ролін *ешқашан* атқара алмайды; бірақ ол либерализм болғандықтан да, ол кейде өзінің қылығымен елдегі «солшыл», демократиялық ниет-пиғылды немесе өрлеудің бастамасын, тағы сондайларды жанамалай көрсете отырып, монарх өкіметімен, феодализммен, либерал емес буржуазиямен «жанжалдасу» халіне *қалайда* кезігіп қалып отырады.

Францияның тарихын еске түсірейік; буржуазиялық либерализм ұлы революция кезінің өзінде-ақ өзінің контрреволюцияшылдығын көрсетті — мысалы, бұл жайында Куновтың Францияның революциялық газеттік әдебиеті туралы өте жақсы кітабын қараңыз. Бірақ ұлы буржуазиялық революциядан кейін ғана емес, тіпті 1848 жылғы революциядан кейін де, либералдардың контрреволюцияшылдығы жұмысшыларды республикашылдардың атуына дейін жеткізген кезде,— бұл либералдар екінші империяның соңғы дәуірінде, 1868—1870 жылдары, өзінің оппозициясы арқылы жұрттың ниет-пиғылының өзгергенін және демократиялық, революциялық, республикалық өрлеудің басталғанын білдірді.

Егер қазір кадеттер октябристердің [36] бұларды мазақтап айтып жүргеніндей, «солға қарап сап түзеуге» үйір болып отырса, онда мұның өзі — елдің «солшылданып» отырғанының, революциялық демократияның тағы да жарық дүниеге шығуға әзірленіп, анасының құрсағында қимылдай бастағанының бір белгісі және оның нәтижелерінің бірі. Ал пуришкевичтік-романовтық Россияның құрсағы сондай, ол революциялық демократияны тумай отыра алмайды!

Бұдан шығатын практикалық қорытынды қандай? Қорытынды сол, осы жаңа революциялық демократияның өсуін аса зейін қойып қадағалап отыру керек. Ол нақ сол жаңа болғандықтан да, 1905 жылдан кейін туатындықтан, контрреволюциядан бұрын емес, кейін туатындықтан да, ол, бәлкім, *жаңаша* өсетін болар,— ал осы жаңаға жуыса білу үшін, оған ықпал ете білу үшін,

оның ойдағыдай өсуіне көмектесе білу үшін ескі әдістермен шектелмеу керек, жаңа әдістерді де іздеу керек, өмір тамырын байқап, көпшілікке араласу керек, кейде көпшілікке ғана емес, тіпті либералдық қонақ үйге де еніп кету керек.

Міне, мысалы, Бурцев мырзаның «Будущее»[37] дейтін газетсымағы либералдық қонақ үйге өте-мөте ұқсас: ондағылар «3 июнь ережелерін қайта қарау» жөніндегі либералдық-кеңселік, октябристік-кадеттік ұранды либералша қорғайды, ондағылар тыңшылар туралы, полиция туралы, арандатушылар туралы, Бурцев туралы, бомбалар туралы үздіге мылжыңдайды. Бірақ дегенмен, Мартов мырза оған кіруге асыққанда, *егерде... егерде* ол онда өзін либералша ұстамағанда, оны принципті жалғандыққа бардың деп емес, әдепсіз асығыстық жасадың деп қана жазғыруға болатын еді. Өйткені социал-демократтың либералдық қонақ үйде сөз сөйлеуін ол мұнда социал-демократ ретінде сөйлесе ғана ақтауға болады — ал кейде тіпті мақтауға болады. Ал Мартов мырза болса либералдық қонақ үйде «сайлау мен сайлау үгітінің нағыз еркіндігі жолындағы күресте» «сайлау уақытында» белгіленетін қайдағы бір «ынтымақтастық» туралы либералдық сандырақты мыжыпты («Будущее» № 5)!!

Жаңа демократия жаңа жағдайда, жаңаша өсіп келеді; оған жуыса білуді үйрену керек — бұл даусыз нәрсе. Бірақ оған жуысқанда онымен либералша пышпыштасу үшін емес, шын демократияның ұрандарын қорғап, уағыздау үшін жуысу керек. Социал-демократия жаңа демократияға *үш* ұранды, өзіміздің ұлы ісімізге бірден-бір лайықты, Русьте *бостандыққа* жетудің *нақты* шарттарына бірден-бір сай келетін үш ұранды уағыздауға тиіс; бұл ұрандар — республика; 8 сағаттық жұмыс күні; бүкіл помещиктік жерді конфискелеу.

Азат Россия жолындағы күрестің бірден-бір дұрыс жалпы ұлттық программасы, міне, осындай. Кім де кім бұл программаны түсінбесе, ол әлі демократ емес. Кім де кім өзін демократпын деп атай отырып, бұл программаны теріске саяды екен, ол адам өзінің антидемократиялық (яғни контрреволюциялық) мақсаттарын жүзе-

ге асыру үшін халықты алдау қажеттігін тым жақсы түсінгені.

8 сағаттық жұмыс күні жолындағы күрестің Русьте бостандыққа жетудің нақты шарты болатын себебі не? Оның себебі, пролетариаттың қажырлы күресінсіз бостандықтың мүмкін еместігін тәжірибе көрсетті, ал мұндай күрес жұмысшылардың тұрмыс жағдайларын жақсартумен тығыз байланысты. Бұл жақсартулардың үлгісі, олардың ұраны 8 сағаттық жұмыс күнінің өзі.

Бүкіл помещиктік жерді конфискелеу жолындағы күрестің Русьте бостандыққа жетудің нақты шарты болатын себебі не? Оның себебі, Пуришкевичтер, Романовтар мен Марковтар адам естімеген күйзеліске, азаптар мен аштан өлуге дейін жеткізген миллиондаған шаруаларға жәрдем көрсетуді көздейтін түбегейлі шаралар қолданбайынша, демократия туралы, «халық бостандығы» туралы сөз атаулының бәрі қисынсыз, басынан аяғына дейін жалған болып шығады. Ал помещик жерлерін шаруалардың пайдасына конфискелемейінше, мужикке жәрдем көрсету жөнінде ешқандай *елеулі* шаралар қолдану туралы да, «мужиктер» Россиясының, яғни крепостниктік Россияның қарасын өшіреміз, сөйтіп ерікті егіншілер Россиясын, демократиялық буржуазиялық Россияны құрамыз деген ешқандай елеулі берік шешім туралы да сөз болуы мүмкін емес.

Республика жолындағы күрестің Русьте бостандыққа жетудің нақты шарты болатын себебі не? Оның себебі, орыс тарихының ұлы он жылдықтарының бірінің, атап айтқанда: XX ғасырдың бірінші он жылдығының тәжірибесі, ұмытылмас ұлы тәжірибесі біздегі монархияның саяси бостандықтың қарапайым кепілдіктерінің қандайымен болса да *сыйыспайтындығын* даусыз айқын және анық көрсетіп отыр. Россия тарихының, патша өкіметінің сан ғасырлық тарихының істегені сол, XX ғасырдың бас кезінде бізде *қаражүздік-ойраншыл монархиядан* басқа монархия жоқ, *болуы да мүмкін емес.* Орыс монархиясы қазіргі әлеуметтік, қазіргі таптық жағдайда біздің либералдық және демократиялық депутаттарды қалтарыстан атып кету үшін немесе демократтар жиналған үйді өртеу үшін кісі өлтірушілер-

дің бандаларын ұйымдастырмайынша, басқаша істей алмайды. Орыс монархиясы халықтың бостандық беруді талап етіп жасаған демонстрацияларына жауап ретінде еврей балаларының аяғынан ұстап алып, басын тасқа ұрып мылжалайтын адамдардың, еврей, грузин әйелдерін зорлайтын және қарттардың қарнын жарып тастайтын адамдардың отрядтарын құрмайынша, басқаша істей алмайды.

Либерал есалаңдар Англиядағы сияқты конституциялық монархияның үлгісі туралы мылжыңдайды. Ал егер моңғол тепкісін де, бюрократия езгісін де, соғыс құмарлардың жүгенсіздігін де ешқашан көрмеген Англия секілді мәдениетті елде, егер осындай елде корольдерді «конституциялық» монархтар болуға үйрету үшін тәж киген бір тонаушының басын кесу керек болған болса, онда Россияда Романовтардың мұрагерлерін қаражүздік кісі өлтірушіліктер мен еврей ойрандарын жасамауға үйрету үшін кем дегенде жүз Романовтың басын кесу керек.

Егер социал-демократия бірінші орыс революциясынан бірдеме үйренген болса, онда ол қазір мынаған жетуі керек: өзінің жарамсыздығын, өзінің айқын еместігін көрсеткен: «самодержавие жойылсын» деген ұранның біздің бір сөзімізде де, бір листогымызда да қойылмауына, *тек қана:* «патша *монархиясы* жойылсын, республика жасасын» деген ұранның қойылуына жетуі керек.

Республика ұраны жұмысшылар мен шаруалардың саяси даму сатысына сәйкес келмейді деп бізге айтпай-ақ қойсын. Бұдан он-он екі жыл бұрын «самодержавие жойылсын» деген ұран туралы ойлауға да батылы бармаған «халықшылдардың» болғаны былай тұрсын, тіпті осы ұранның мезгілі жеткендігіне қарсы шыққан — «экономистер» деп аталатын — социал-демократтар да табылған. Ал 1903—1904 жылдары «самодержавие жойылсын» деген ұран «белгілі халықтық мәтелге» айналды! Ұдайы, қажырлы түрде жүргізілген республикалық насихаттың қазір Россиядан ең игілікті негіз табатынына ешбір күмән болуы мүмкін емес, өйткені ең қалың бұқара және атап айтқанда шаруалар бұқарасы

екі Думаның қуылып таратылуының мәні туралы, мырзалардан құралған III Думамен [38], Марковтардың және К[0] деревняны күйзелтуімен патша өкіметінің байланысы туралы ауыр әрі терең ойға батпай қоймайды. Республикалық насихаттың жерге еккен дәнінің қалай тез өсетінін қазір ешкім анықтай алмайды — бірақ мәселе мұнда емес, мәселе егіннің дұрыс, шын демократиялық болып егілуінде.

IV Думаның алда тұрған сайлау науқанының ұрандары туралы және біздің Думадан тыс бүкіл жұмысымыздың ұрандары туралы мәселені талдаған кезде социал-демократ депутат Кузнецовтың III Думадағы бір өте маңызды және өте теріс сөзіне тоқталмай өтуге болмайды. Орыс революциясының бірінші жеңісінің алты жылдығына, 1911 жылғы 17 октябрьде [39] Кузнецов Думада жұмысшыларды қауіпсіздендіру жобасы туралы мәселе жөнінде сөз сөйледі. Әділін айту керек, жалпы алғанда ол өте жақсы сөйледі, пролетариаттың мүдделерін жігерлі түрде қорғады, қара Думаның көпшілігі былай тұрсын, кадеттерге де шындықты бетіне басып тура айтты. Кузнецовтың осы еңбегін толық мойындай отырып, оның қатесін де бетіне айтып көрсету керек.

«Меніңше,— деді Кузнецов,— тұтас алғанда бұл мәселелерді талқылағанда да, сондай-ақ осы заң жобасының жекелеген статьяларын талқылағанда да болған жарыс сөздерге мұқият құлақ қоя отырып, жұмысшылар енді, қазіргі уақытта, өздерінің кезектегі ұраны: «3 июнь Думасы жойылсын, жалпыға бірдей сайлау правосы жасасын» деген ұран болуға тиіс деген қорытындыға келеді. Неге? Мен айтайын: неге десеңіз, жұмысшы табы жалпыға бірдей сайлау правосы арқылы өз депутаттарын заң шығаратын мекемеге жеткілікті мөлшерде жіберген кезде ғана, осындай жағдайда ғана жұмысшы табы үшін оның мүдделері дұрыс шешілуі мүмкін; жұмысшы табы үшін қауіпсіздендіру мәселелерін тек солар ғана дұрыс шеше алады».

Бұл арада Кузнецов кесапатқа кезікті, ол мұны, сірә, күтпеген болар, бірақ біздер оны әлдеқашан алдын ала айтқанбыз; бұл кесапат — жойымпаздар мен шақырымпаздардың жасап отырған қателерінің үйлесе кетуі.

Жойымпаздық журналдар «Наша Заря» мен «Дело Жизнидің» айтуынан шыққан ұранды Дума мінбесінен ұсына отырып, Кузнецов бұл ұранның бірінші (және

ең мәнді) бөлімі («III Дума жойылсын») шақырымпаздардың бұдан үш жыл бұрын ашық ұсынған және содан бері тек «впередшілдер» ғана, яғни қорқақ шақырымпаздар ғана — бүркемелеп, жасырын — қорғап келген ұранын *түгелдей* қайталайтынын байқамаған.

«Пролетарий»[40] бұдан үш жыл бұрын 1908 жылғы 1 (14) ноябрьдегі 38-номерінде шақырымпаздар ұсынған осы ұран жөнінде былай деп жазды:

««Дума жойылсын» деген сияқты ұран қандай жағдайларда маңызды болар еді? Айталық, біздің алдымызда тікелей азамат соғысына тақап, қазір-ақ пісіп жетіліп, барынша асқынған революциялық дағдарыс заманы тұсындағы либерал, реформашыл, келісімпаз Дума тұр делік. Мұндай кезеңде «Дума жойылсын», яғни патшамен бейбіт келіс сөздер жүргізу жойылсын, алдамшы «бейбіт» мекеме жойылсын, тікелей шабуылға шақырамыз деген ұранның болуы әбден ықтимал. Мұның керісінше, біздің алдымызда тұрған дәуренi өткен сайлау правосы негізінде сайланған барып тұрған реакцияшыл Дума делік және елде мейлінше асқынған революциялық дағдарыс та жоқ делік; онда «Дума жойылсын» деген ұран сайлау реформасын жасау жолында күресу ұраны бола алар еді. Біз өзімізде осы екі жағдайға да ұқсас ештеңе көрмей отырмыз»*.

«Пролетарийдің» 44-номеріне берілген қосымшада (1909 ж. 4(17) апрельдегі) Петербург шақырымпаздарының «III Мемлекеттік дума жойылсын деген ұран жолында бұқара арасында *кең* үгіт жүргізуді *бастау керек»* деп тура қаулы еткен қарары келтірілген болатын. «Пролетарий» осы ұсынысқа қарсы дәл сонда былай деп жазды: «Шақырымпаздарға қарсы кейбір жұмысшыларды біраз уақыт еліктірген бұл ұран *дұрыс емес*. Бұл — не самодержавие кезіндегі сайлау реформасының кадеттік ұраны (бұл 1911 жылдың аяғында Кузнецовтың мәселе қойысына 1909 жылдың басында тура қарсы жазылған болып шықты!) ... не либералдық

* Бұдан әрі «Пролетарий» «самодержавие жойылсын» деген ұранды қорғаған болатын,— біздің осының алдында көрсеткеніміздей, бұл ұран енді «патша монархиясы жойылсын, республика жасасын» деген ұранмен өзгертілуге тиіс. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 17-том, 303-бет. *Ред.)*

Думалар халықтың өзінің нағыз жауын анық көруіне кедергі жасауға тырысып, контрреволюциялық патша өкіметін бүркемелеген заманнан бері жаттанды болған сөзді қайталау»*.

Осыдан келіп Кузнецовтың қатесі неде екені айқын болады. Ол сайлау реформасының кадеттік ұранын, Романовтар монархиясының басқа да барлық кереметтері, Мемлекеттік совет, чиновниктердің мейлінше өктемдігі, патша шайкасының қаражүздік-ойраншыл ұйымдары, т. т. сақталып отырғанда ешқандай мағынасы жоқ кадеттік ұранды жинақталған ұран ретінде ұсынды. Кузнецовтың мұны істегеніндей, мәселеге дәл осылай қараймыз деп ойласақ, оның сөзінің жалпы сарынын тұрақты деп ойласақ, Кузнецов шамалап айтқанда былай деуге тиіс еді:

«Нақ қауіпсіздендіру туралы заң жобасының мысалы арқылы жұмысшылар жалпыға бірдей сайлау правосы, коалициялар құрудың, баспасөздің, т. т. толық бостандығы сияқты өзгерістер жасамайынша, өз табының тікелей мүдделерінің де, бүкіл халықтың правосы мен мұқтаждарының да қорғалуы мүмкін еместігіне көзі жеткен үстіне жете түседі. Бірақ Россияның қазіргі саяси құрылысы сол күйінде қалып отырғанда мұндай өзгерістер жүзеге асады деп күтудің керегі жоқ екені,— қандай да болсын Думаның қандай да болсын шешімдерін жоюға болатын болып отырғанда күтудің керегі жоқ екені,— мемлекетте біреу де болса сайланбайтын өкімет қалып отырғанда күтудің керегі жоқ екені айқын емес пе».

III Думаның мінбесінен социал-демократ депутаттардың анағұрлым тура және айқын республикашыл мәлімдемелер жасай алғанын біз өте жақсы білеміз,— олардың сіңірген еңбегінің өзі де, міне, осында. Думаның депутаттары Думада отырып республикалық насихатты әбден жария түрде жүргізе алады және олар мұны істеуге тиіс. Кузнецовтың сөзін шамамен түзетуіміз арқылы біз өз сөзінің жалпы сарынынан шықпай, жалпыға бірдей сайлау правосы сияқты, коалиция-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 17-том, 441-бет. *Ред.*

лар т. т. бостандығы сияқты сөзсіз қажетті өзгерістердің аса зор маңызын көрсетіп, баса айта отырып, оның қалай қателеспеуге болатынын көрсеткіміз ғана келеді.

Қай жерде болсын саяси сөз сөйлейтін социал-демократтардың қай-қайсысы да республика туралы үнемі айтуға тиіс. Бірақ республика туралы айта білу керек: заводтағы митингі мен казактар деревнясында, студенттер жиналысы мен шаруа үйінде, III Дума мінбесі мен шетелдік органның бетінде республика туралы бірдей етіп айтуға болмайды. Әрбір насихатшының және әрбір үгітшінің шеберлігінің өзі де сонда, сол өзі сөйлеп тұрған аудиторияға барынша ықпал жасай білуде, ол үшін белгілі ақиқатты мүмкіндігінше неғұрлым дәлелді, мүмкіндігінше оңай түсінілетін, мүмкіндігінше көрнекі және есте берік қалатын ете білуде.

Басты нәрсені бір сәт те ұмытпайтын болайық: Россияда жаңа демократия жаңа өмір мен жаңа күреске оянып келеді. Саналы жұмысшылардың — орыс революциясының осы авангардының және халық бұқарасының бостандық жолындағы күрестегі басшысының — міндеті дәйекті демократияның міндеттерін: республика, 8 сағаттық жұмыс күні, бүкіл помещиктік жерді конфискелеу міндеттерін түсіндіру болмақ.

«Социал-Демократ» № 25, 8 (21) декабрь, 1911 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЛИБЕРАЛ БУРЖУАЗИЯНЫҢ АГЕНТУРАСЫ

Біз «Будущеенің» 9-номерін алғанда осы номер түгел дерлік әзірленіп қойған еді. Бұл газетті біз либералдық қонақ үй деп атадық. Бақсақ, революционерлерді жетегіне ертіп әкетуге әрекеттену үшін бұл қонақ үйде кейде орыстың либерал буржуазиясының агенттері бой көрсетеді екен. 9-номерде кадеттердің октябристермен блоктасуға ұйғарған шешімін *құптаған* бас мақаланы осындай агент жазыпты!! «Біз,— деп жазады лепіріп либералдар,— барлық солшыл партиялардың, оның ішінде социалистік партиялардың да, революцияшыл партиялардың да... *осы рухта* пікір айтып, *осындай негіздерге* сүйенуін қалар едік»!!

Контрреволюцияшыл либерал мұны қалай қаламасын! Тек мұның мәнісі неде екенін жұрттың білуі керек: «Будущеенің» бас мақаласын жазушы: «біз социалиспіз», «біз революционерміз» десе, мұны: «біз либералмыз» деп оқу керек.

Қазір Войлошниковты 15 мәжіліске қатыстырмау туралы [41] хабарлаған газеттер алынып отыр. Кадеттер *бес* мәжіліске қатыстырмауды *жақтаған!!* Демократтар мен социал-демократтарды 10 мәжіліске қатыстырмау үшін — кадеттік-октябристік блок жасасын!!

«Социал-Демократ» № 25,
8 (21) декабрь, 1911 ж.

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

СТОЛЫПИНДІК «ЖҰМЫСШЫ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ЛАГЕРІНЕН

Н. Р — ковтың жойымпаздық «Наша Заряның» 9—10-номеріндегі мақаласы бұл лагерьдегі ең ірі оқиға болып табылады. Мұның өзі — либералдық жұмысшы партиясының нағыз «Credo»-сы немесе манифесі. Әуелі басынан, революцияға және барлық таптардың роліне баға беруден бастап, тамаша дәйектілікпен ақырына дейін, жария жұмысшы (?) партиясының жобасына дейін жетіп, Р — ков өзінің барлық пайымдауларында марксизмді либерализммен ауыстырады.

Россияның алдында тұрған объективті міндет қандай? Жартылай крепостниктік шаруашылықтың «мәдени капитализммен» ауысуын аяқтау.— Мұның өзі марксисше емес, струвеше немесе либералша, өйткені марксист таптарды олардың «мәдени» капитализм дегеннің не екенін түрліше, октябристерше, кадеттерше, трудовиктерше, пролетарша ұғынуына қарап ажыратады.

Революцияға баға беру туралы мәселенің түйіні неде? Р — ков революцияның «сәтсіздікке ұшырағанын» айтып айқайлаушылардың қыңқылы мен ренегаттығын кінәлайды және оларға... «реакциялар» уақытында да жаңа әлеуметтік күштер толысып жетіледі деген зор профессорлық ақиқатты қарсы қояды. Р—ковтың жаңадан ашқан ақиқатын толық мойындайтын контрреволюцияшыл либералдарға бұл қалай тиімді болса, Р — ковтың мұндай жауабы мәселенің *мәнін* дәл солай бүркемелейтіні айқын. Мәселенің мәні революцияда қандай

таптардың тікелей, бұқаралық, революциялық күреске қабілетті болып шыққандығында және қандай таптардың контрреволюция жағына тура немесе жанамалай шығып, ол күреске опасыздық жасағанында болып отыр. Р—ков бұл мәнді жасырып қалды, сөйтіп мұнысы арқылы революциялық демократия мен либералдық-монархиялық «прогресшіл» оппозицияның арасындағы айырмашылықты айтпаудың қамын жасады.

Помещиктер табының ролі туралы мәселе жөнінде Р—ков қисынсыздықты айтуға бөгелмей-ақ бірден жетті. Бұл таптың өкілдері жақында ғана нағыз крепостниктер «болған» еді-міс, қазір «олар кішкентай топ болып, Пуришкевич пен Марков 2-шінің төңірегіне әлі топталып жатыр және жанталасудың уымен уланған түкірігін дәрменсіз (!!) шашып отыр». Дворян-помещиктердің көпшілігі «қалайда бірте-бірте ауыл шаруашылық буржуазиясына айналуда».

Іс жүзінде, жұрттың бәрінің білетініндей, Марков 2-шілер мен Пуришкевичтер біздегі Думада да, онан да гөрі Мемлекеттік советте де, онан да гөрі қаражүздік патшалық шайкада да, онан да гөрі Россияны басқаруда да *мейлінше* күшті. Патша өкіметінің буржуазиялық монархияға *осылай* айналуы жолында қадам жасалуын қамтамасыз ететін де дәл «солардың билігі мен солардың табыстары» (1908 жылғы декабрь конференциясының қарары)[42]. Крепостниктер шаруашылығының буржуазиялық шаруашылыққа айналуы бұл қаражүздіктердің саяси өкіметін тікелей әсте де жоймайды: мұның өзі марксизмнің әліппесі тұрғысынан қарағанда да айқын, мұның өзі 60 жылдық «өзгеруден» (1848 жылдан бастап) кейінгі Пруссия тәжірибесінен болса да көрініп отыр. Р — ковтың айтуынша, Россияда абсолютизм де, монархия да жоқ болып шығады! Р — ков мектептегі либералдық әдісті қолданады: көзге ұрған әлеуметтік айырмашылықтарды кең пейілділікпен жою (қағаз жүзінде) «сөзсіз ымыраға келудің» «дәлелі» болып табылады.

Р — ковтың айтуынша, қазіргі аграрлық саясат—«алда айқын көрінген сөзсіз болатын (!) ымыраға келу» болып табылады — кімдердің арасындағы ымыраласу?

«Буржуазияның түрлі топтары арасындағы». Бүкіл өкімет билігі қолында отырған Пуришкевичтерді ымыраға келуге қандай әлеуметтік күш мәжбүр етер екен?— деп сұраймыз біз өзіміздің «марксистен». Р—ков бұл сұраққа жауап бермейді. Бірақ оның айтуында мұнымен қатар ірі сауда және өнеркәсіп буржуазиясының бірігу процесі жүріп жатыр, «баяу-прогресшіл» буржуазия «болашақта үстемдікке жетеді» делініп отырғандықтан, қорытынды біреу-ақ болуы мүмкін: Р—ков баяу-прогресшіл буржуазия Пуришкевичтер мен Романовтардан өкімет билігін бейбіт жолмен тартып алады деп үміттенеді.

Бұл өрескел нәрсе, бірақ бұл факт. Менде «бір түйір де утопия» жоқ деп мақтанатын Р—ковтың концепцияларының негізінде либералдық утопиялардың ішіндегі дәл осындай ең пасық утопия жатыр. Лариннен бастап Череванинге, Дан мен Мартовқа дейін бәрі бірдей өкімет билігін буржуазияның бейбіт жолмен жеңіп (ең күштегенде: «төменнен» *қысым жасау* арқылы) алуы жөніндегі *дәл осы негізгі пікірді* сәл ғана өзгерген формалар мен сөздер арқылы ұсынатын әсіре жойымпаздар мен Н. Р—ковтың арасында айырмашылық іс жүзінде жоқ.

Бірақ либералдық утопиядан емес, өмірден біз Гучковтар мен Милюковтардың күңкілдеуі арқылы баяуланып отырған пуришкевичшілдіктің үстемдігін көріп отырмыз. «Баяу-прогресшіл» октябристер мен кадеттер бұл үстемдікті әлсіретіп отырған жоқ, қайта мәңгілік етіп отыр. Осы үстемдік пен Россияның күмәнсыз ілгері басып отырған буржуазиялық дамуы арасындағы қайшылық барған сайын күшейе түсіп отыр («сөзсіз ымыраға келудің» теоретиктері ойлағандай бәсеңдеп отырған жоқ). Бұл қайшылықты шешудің қозғаушы күші тек бұқара ғана, яғни шаруаларды соңынан ертетін пролетариат қана бола алады.

Бұрынғы большевик, ал қазіргі жойымпаздың бұл бұқараны оп-оңай аулаққа ысырып тастап отырғаны соншалық, столыпиндік дарлар мен вехилік жуындылардың өзені ол бұқараны ашық саясат майданынан ға-

на емес, либералдық басылымдардың беттерінен ғана емес, сонымен қатар өмірден де ығыстырып тастаған тәрізді. Шаруалар сайлауда әлсіз — дейді біздің либерал өзінің «талдауында»,— ал жұмысшы табын ол шартты түрде «шет қалдырады»!!

Р—ков Россияда революция («дауыл») мүмкін болғанымен, қажетті емес дегенді дәлелдемек болды. Егер жұмысшы табы мен шаруаларды — шартты түрде болса да, «әзірге» болса да, «сайлауда әлсіздігі» себепті болса да «шет қалдыратын болса», онда, әрине, революцияның қажет еместігі былай тұрсын, тіпті ол мүмкін емес! Бірақ либералдық кең пейілділіктен барып Пуришкевич пен Романовтың емін-еркін билігі де, кемелденіп келе жатқан пролетариат пен аш, азап шеккен шаруалар арасында өсіп келе жатқан революциялық тойтарыс та өмірден жойылмайды. Бар мәселе мынада: қандай да болсын жағдайда, мейлінше әр түрлі формаларда, митингідегі сөзінде де, III Думаның мінбесінен де, Жұмысшы депутаттарының Советінде де, ең бейбіт, жария жұмысшы қоғамында да осы тойтарысты қолдауды, оны нығайтуды, оның дамуын, толық жеңіске қарай оны дұрыс бағыттауды қорғайтын марксистің, яғни революцияшыл социал-демократтың *бағытын,*— осы бағытты Н. Р—ков өз пайымдауларының өне бойында либералдың бағытымен ауыстырады, ал бұл либералдың астыртын жұмысқа қуып тығылғанды көргісі келмейді, «мәдениетті юнкерлерге» «айналып отырған» Пуришкевичтерден немесе «баяу-прогресшіл» Милюковтардан басқа ештемеге қарағысы келмейді.

Мұның өзі — атап айтқанда бүкіл «Наша Заряға», бүкіл столыпиндік жұмысшы партиясына тән ерекше соқырлық. Жұмысшы партиясын жария етуге барынша ден қою либералдық шелден соқыр болған осы концепциямен айырғысыз байланыста болып отыр. Егер «ымыраға келу сөзсіз болатын» болса, онда болмай қоймайтын нәрсеге қарсы күресудің керегі жоқ, жұмысшы табына — толық қалыптасқан буржуазиялық құрылыстың басқа таптары сияқты — осы құрылыстың бір бұ-

рышынан өзіне мещандық жұпыны баспана жасау ғана қалып отыр. Потресовтар, Юрий Чацкийлер, Лариндер, Дандар сияқты мырзалар және К^0 осы міндетті жүктеген Мартовтың «революциялық» сөздермен жарияшылдардың уағызын қаншалық бүркемелегенімен ол уағыздың нақты мәні осындай.

«Жұмысшы табының мүдделерін қорғайтын» жария «қоғамның» осы *нақты* маңызы Р—ковта айдан анық. Мұндай қоғамға — тіпті онда Прокоповичтердің гегемониясы болған күнде — «бастықтардың» рұқсат етпейтіні және «іс жүзінде өмір сүруіне» мүмкіндік бермейтіні анық. Мұны тек либерал соқырлар ғана көрмеуі мүмкін. Бірақ социализмді желеу етіп, жұмысшы бұқарасына *либералдық* уағыз таратып отырған интеллигенттердің *қоғамы* іс жүзінде қазірдің өзінде жүзеге асырылып отыр. «Наша Заря» мен «Дело Жизнидің» қызметкерлер тобы дәл осы «қоғам» болып табылады; ашық ұйым болмаса күрес қалайда (!!) анархиялық сипат алар еді деп,— ескі ұрандар өлексе сөздерге айналды деп,— тактиканы «төбелеске» әкеліп тіреуге болмайды деп,— жаңа «қоғамда күшпен төңкеріс жасаудың қажеттігі туралы *ой да (!)»* жоқ, т. с. деп сендіргенде Н. Р—ков солардың «туын», либерализмнің идеялық туын «көтеріп отыр». Интеллигенттердің, міне, осы либералдық, ренегаттық уағызы нақтылы нәрсе, ал ашық жұмысшы қоғамы дегені бос сөз. Жұмысшы табының либералша түсінілетін мүдделерін либералдық тұрғыдан қорғау қоғамы дегеніңіз нақтылы нәрсе, бұл «қоғам» — «Наша Заря» деген сөз, ал қазіргі Россияда жұмысшылардың «ашық және кең саяси ұйымы» деген — мүләйім, бос жалған либералдық арман болып табылады.

Жария кәсіптік одақтар құру,— олардың қазір кең де, «саяси» да, берік те бола алмайтынын түсіне отырып құру — пайдалы іс. Күштеу болатынын ойдан *шығарып* саяси жұмысшы қоғамы туралы либералдық нәрселерді уағыздау — түк шықпайтын әрі зиянды іс.

Ең соңында кісі күлетін екі қызықты айта кетейік. Бірінші қызық. «Егерде бәз біреу,— деп жазады Р—

ков,— реакциялық ақылсыздықпен адасып, мұндай қоғамның мүшелерін күшпен төңкеріс жасауға ұмтылады деп айыптайтын болса, мұндай мағынасыз, қисынсыз, заң жағынан түкке тұрғысыз айыптаудың бүкіл ауыртпалығы айыптаушының өз басына түскен болар еді». Картина: заң жағынан түкке тұрғысыз айыптаулардың ауыртпалығы Щегловитовтың және К^0 басына түседі, сөйтіп оларды осы «ауыртпалықпен» Родичев емес, Н. Р—ков өлтіргелі отыр...

Екінші қызық. Жұмысшылар—деп жазады Р—ков—«демократиялық құрылыс жолындағы күресте саяси гегемония міндетін өз қолына алуға тиіс». Р—ков гегемонияны мойындағанда гегемонияның бүкіл *мазмұнын* өзі сыпырып тастағаннан кейін барып мойындайды. Жұмысшылар, дейді Р—ков сіздер «сөзсіз болатын» ымыраласуға қарсы күресуге тиіс емессіздер, бірақ сіздер өздеріңізді гегемондармыз деп атауға тиіссіздер,— ал гегемон болудың өзі «сөзсіз болатын» ымыраласу туралы идеяның жалғандығын түсіндіру және демократиялық емес буржуазиялық ымыраласуларға қарсы пролетарлық және пролетарлық-шаруалық тойтарыс беру бағытында күресу деген сөз.

Жұмысшы съезінің жалған идеясына [43] қарсы күрес ісіне Ю. Ларин қандай пайда келтірсе, жойымпаздарға қарсы күрес ісіне Н. Р—ков та дәл сондай пайда келтіреді. Н. Р—ков пен Ю. Лариннің... жалаңаш көрінуге батылы барды. Р—ков — адал жойымпаз. Ол өзінің қорықпайтындығы арқылы жойымпаздықтың идеялық негіздері туралы *ойлауға* мәжбүр етеді. Ол РСДРП-ның 1908 жылғы декабрь қарарларының дұрыстығын растаған үстіне растайды, өйткені ол дәл сол қарарларда дұрыс талданылып, дұрыс шешілген мәселелерді үнемі қойып отыр (және түгелімен жалған шешіп отыр). Р—ковтың мақаласының «кейбір жерлері» үшін немесе оның жоспарын «нақтылай түсу» үшін жауапкершілікті өзінен алып, жалтарып, бұлтақтап отырған, ескертуді үсті-үстіне үйіп-төгіп отырған «Наша Заряның» (немесе «Голостың») редакторлары сияқты жойымпаздықтың дипломаттарын Р—ков жұмыс-

шылардың көз алдында мүлде түкке тұрғысыз етеді. Мәселе либералдық жұмысшы саясатының бағыты — бірыңғай, тұтас, жаппай бағыт туралы болмай, кейбір жерлері, т. с. туралы болған сияқты.

«Социал-Демократ» № 25,
8 (21) декабрь, 1911 ж.

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

ТРОЦКИЙДІҢ ДИПЛОМАТИЯСЫ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ПАРТИЯШЫЛДАРДЫҢ БІР ПЛАТФОРМАСЫ ТУРАЛЫ

Жойымпаздық пен шақырымпаздықтың социал-демократиялық емес ағымдарымен дипломатиялық айла-шарғы жасау арқылы күн көруге тырысқан шетелдік топсымақтардың жойылу процесін Троцкийдің «Правда» газетінің жақында, ұзақ үзілістен кейін шыққан 22-номері айқын көрсетіп отыр.

Газет жаңаша 29 ноябрьде — Россиялық ұйымдастыру комиссиясының хабары шыққаннан кейін бір ай дерлік өткен соң шықты. *Троцкий ол туралы ләм демейді!*

Троцкий үшін Россиялық ұйымдастыру комиссиясы өмір сүріп отырған жоқ. Троцкий өзін партияшылмын деп атағанда орыс социал-демократиялық ұйымдарының басым көпшілігі құрған орыс партиялық орталығының өзі үшін түкке тұрмайтындығына сүйеніп атайды! Бәлкім, мұның керісінше болар, жолдастар, өзінің шетелдік топсымағымен бірге Троцкийдің өзі орыс социал-демократиялық ұйымдары үшін түк емес шығар?

Троцкий өз газетін «фракциялық емес, партиялық» газет деп сендіруін — қарғануға қалай ерінбейді десеңізші? — нағыз жуан әріптермен басып отыр. 22-номердің мазмұнына сәл көңіл қойыңқырап қараңызшы, сонда сіз впередшілдер мен жойымпаздардың партиялық *емес* фракцияларымен айла-шарғы жасап отырғанының оңай сырын бірден көресіз.

С. В. қол қойған және «Вперед» тобын мадақтайтын, Петербургтен алынған корреспонденция мынадай.

С. В. Троцкийді питерліктердің петициялық науқанға қарсы оған әлдеқашан жіберген қарарын баспады деп кінәлайды. Впередшілдер «тар өрісті фракцияшыл» деп (қандай қара ниеттілік!) айыптап отырған Троцкий өз газетінің кедейлігін және оның сирек шығатындығын дәлел етіп, жалтарып, бұлтарады. Айла-шарғысы ақ жіппен көктегендей бадырайып көрініп тұр: біз сізге — сіз бізге; біз (Троцкий) партияшылдардың шақырымпаздарға қарсы күресі жайлы тіс жармайық және тағы да біз (Троцкий) «Впередті» мадақтауға көмектесейік, ал сіз (С. В.) енді «петициялық науқанды» жойымпаздарға бере салсаңызшы. Партиялық емес фракциялардың екеуін де дипломатиялық жолмен қорғау — ал енді осының өзі шын партиялық емес пе?

«Алға!» деген даурықпа атпен жазылған сылдыр сөзді бас мақала мынадай. «Саналы жұмысшылар!—дегенді оқимыз біз бұдан,— сіздерде қазір одақтар, жиналыстар мен стачкалар бостандығы сияқты ұраннан асқан маңызды (солай де!) және бәрін қамтитын (бейшара әбден лақты-ау) ұран жоқ». «Социал-демократия,— дегенді оқимыз бұдан әрі,— пролетариатты республика үшін күреске шақырады. Бірақ республика үшін күрес бірен-саран таңдаулылардың жалаң (!!) ұраны болмауы үшін сіздер, саналы жұмысшылар, бұқараны коалициялар бостандығының қажеттігін тәжірибе жүзінде түсінуге және өзінің осы етене таптық талабы үшін күресуге үйретулеріңіз қажет».

Революциялық сылдыр сөз жұмысшылардың санасын ластап, жойымпаздықтың жалғандығын бүркемелеп, ақтау үшін қызмет етеді. Республика Думаны қуудың мүмкін еместігі болып табылып отырғанда — коалициялар мен баспасөз бостандығы—Марковтардың, Романовтардың, Пуришкевичтердің зорлықтары мен тонауынан шаруалардың азаттық алуы болып табылып отырғанда, республика ұранының *бірен-сарандардың жалаң* ұраны болатын себебі не? Мәселенің нақ керісінше болып отырғаны: республика ұранына *байланыссыз* алғанда «одақтар бостандығы» дейтін ұранның «бәрін қамтитын» ұран ретінде «жалаң» және мағынасыз ұран болып табылатындығы айқын емес пе?

Бұқараға мұндай бостандықтың патша өкіметімен сыйыспайтынын және мұндай бостандыққа жету үшін республиканың қажеттігін түсіндірмейінше, патша монархиясынан «одақтар бостандығын» талап ету қисынсыз. Думаға одақтар бостандығы туралы заң жобаларын енгізу, осындай тақырыптарда сұрақтар қою және сөздер сөйлеу біздерге, социал-демократтарға, республика үшін үгіт жүргізуге тура дәлел де, материал да болуға тиіс.

«Саналы жұмысшылар бұқараны коалициялар бостандығы қажеттігін тәжірибе жүзінде түсінуге үйретуге тиіс»! Ескі, «экономистердің» өзі сілікпесін шығарған орыс оппортунизмінің ескі әуені! Бұқараның *тәжірибесі* дегеніміз оның одақтарын министрлердің жабуы, губернаторлар мен урядниктердің күн сайын зорлық жасауы — міне, осының өзі шын мәнінде *бұқараның тәжірибесі*. Ал республикаға қарама-қарсы «одақтар бостандығы» ұранын дәріптеу бұқараға жат оппортунистік интеллигенттің сылдыр сөзі болып табылады. Мұның өзі — «петициясы» (1300 адамның қолы қойылған)[44] бар немесе орындалмай қалған заң жобасы бар «тәжірибені» — «бұқараны» тәрбиелейтін бірдеме деп ойлайтын интеллигенттің сылдыр сөзі. Іс жүзінде бұқараны тәрбиелейтін тәжірибе қағаз жүзіндегі тәжірибе емес, басқа, нақтылы тәжірибе, бұқараның көзін ашатын үгіт — саналы жұмысшылардың саяси демократизм мағынасындағы бірден-бір түгел қамтитын ұран болатын нақ республика үшін жүргізген үгіті.

Жойымпаздардың жария басылымдарда «коалициялар бостандығы» ұранын құпия партия жойылсын, республика үшін күрес жойылсын деген ұранмен тура *біріктіретінін* Троцкий өте жақсы біледі. Троцкийдің міндетінің өзі де сол, жұмысшылардың көзіне құм шашып, жойымпаздықты бүркемелеуде болып отыр.

Троцкиймен істің мәнісі жөнінде таласуға болмайды, өйткені оның ешқандай көзқарасы жоқ. Өз сенімі бар жойымпаздармен, шақырымпаздармен таласуға болады және таласу керек те, ал бұлардың екеуінің де қателе-

рін бүркемелемек болып құйтырқыланып отырған адаммен таласпайды: оны... ең оңбаған дипломат ретінде әшкерелейді.

«Правданың» 22-номерінде басылған платформа тезистерінің авторларымен таласу керек. Олардың қатесі не РСДРП-ның декабрь (1908 ж.) қарарларымен таныс еместігінен, не бұлардың кейбір жойымпаздық және «впередтік» ой-пікір толқуларынан жете арылмағандығынан болып отыр.

1-тезис былай дейді: 3 июнь режимі дегеніңіз «феодалдық типтегі дворян-помещиктердің іс жүзіндегі тежеусіз үстемдігі», оның үстіне бұдан әрі былай деп көрсетеді: олар «өз үстемдігінің самодержавиелік-бюрократтық сипатын іс жүзінде правосыз Мемлекеттік думаның жалған-конституциялық жамылғысымен бүркемелеп отыр».

Егер помещиктік Дума «іс жүзінде правосыз» болса — ал бұлай екені рас—онда помещиктердің үстемдігі қалайша «тежеусіз» болуы мүмкін?

Авторлар патша монархиясының таптық сипаты II Николайдан бастап кез келген урядникке дейінгі патша өкіметі мен «бюрократияның» мейлінше тәуелсіздігі мен дербестігін ешбір жоймайтынын ұмытып отыр. Бұл қатені — самодержавие мен монархияны ұмыту, оны жоғарғы таптардың «таза» үстемдігіне *тікелей* әкеліп саю — шақырымпаздар 1908—1909 жылдары жасады (қараңыз: «Пролетарий», 44-номерге қосымша)[45], Ларин 1910 жылы жасады, кейбір жекелеген жазушылар жасап отыр (мәселен, М. Александров), жойымпаздарға кетіп қалған Н. Р—ков жасап отыр.

Декабрь (1908 ж.) қарарларында буржуазияның қолдауымен болып отырған феодалдар үстемдігіне дәл осындай талдау жасалған, бұл талдау осы қатенің тамырларын қырқады.

2-тезис РСДРП-ның программа-минимумына сүйенуде болып отыр, оның үстіне коалициялар бостандығы сияқты және помещик жерлерін конфискелеу сияқты көптеген талаптарға «ерекше көрнекті орын» беріледі, бірақ республика туралы ауызға да алмайды. Біз

мұны теріс деп ойлаймыз. Коалициялар бостандығы үшін үгіттің сөзсіз қажеттігін толық мойындай отырып, біз республика ұранын ең көрнекті орынға қою керек деп ойлаймыз.

3-тезис: «Халықтың қалың бұқарасының жаңа революциялық бой көрсетулерінің қажеттігі», мұнсыз біздің талаптарымызды жүзеге асыру мүмкін емес.

Соңғысы мейлінше дұрыс, бірақ бұл ақиқаттың тек жартысы ғана. Марксистер бұқараның жаңа бой көрсетулерінің «қажеттігін» көрсетумен шектеле алмайды, олар әуелі жаңа революциялық дағдарыстың басталуын қандай себептер туғызатынын (егер туғызатын болса) көрсетуге тиіс. Мұндай дағдарыссыз «бой көрсетулер» — олар, егер білгіңіз келсе, әрқашан «қажет»! — мүмкін емес.

Авторлардың революциялық ниеттері сондай жақсы-ақ, бірақ олардың ой-пікірлерінде біраз олқылық бар. Декабрь (1908 ж.) қарарлары жаңа бой көрсетулердің «қажеттігін» бұлай оп-оңай шығара салмайды, бірақ оның есесіне неғұрлым дұрыс шығарады.

4-тезис: «Бұқараның ерте ме, кеш пе таяудағы болашақта мұндай жаңа революциялық бой көрсетуінің мүмкіндігі және буржуазияның контрреволюциялық ролін... аяусыз сынау», т. т.

«Бой көрсетулердің мүмкіндігіне» *қарамастан* сын әрқашан керек, тіпті бұқараның бой көрсетуі көрінеу мүмкін болмаған уақыттың өзінде де керек. Бой көрсетулердің мүмкіндігі мен сынды байланыстыру — марксизмнің *қашанда* міндетті *бағытын* күрес түрлерінің *бірімен* (әсіресе жоғары түрімен) шатастыру болып табылады. Бұл бірінші қате. Ал екінші қате сол, «соғысқа бара жатып мақтанба, соғыстан келе жатып мақтан»: бой көрсетулердің мүмкіндігі туралы айтудың керегі жоқ, оны іспен дәлелдеу керек. Платформада өрлеудің басталуын атап көрсету және бұқараны бой көрсетуге үгіттеу және осы бой көрсетуді әзірлеудің маңыздылығын баса көрсету жеткілікті. Бұқараның бой көрсетуі таяудағы немесе алыстағы болашақта басталатынын, мұны оқиғалар көрсетеді.

5-тезис өте тамаша, өйткені үгіт жүргізетін мінбе ретінде Мемлекеттік думаның орасан зор маңызын баса көрсетеді.

Листок авторларының кім екенін біз білмейміз. Бірақ егер бұлар — орыс впередшілдері болса (кейбір белгілеріне қарап осылай деп ойлауға болады), онда оларды «Вперед» топсымағының бір қатесінен арылғаны үшін қызу құттықтау керек. Мұндай впередшілдерде партияшылдардың ожданы бар, ойткені олар «өзекті» мәселелердің біріне тура, айқын жауап береді. Ал «Вперед» тобы болса шақырымпаздықты осы кезге дейін, 1911 жылдың декабріне дейін қорғап, бүркемелеп, IV Думаға қатысу туралы мәселеге тура жауап бермей, партияны нағыз арсыз түрде алдап келеді. Мұндай топты социал-демократиялық топ деп тану — социал-демократизмді мазақ ету деген сөз.

«Социал-Демократ» № 25,
8 (21) декабрь, 1911 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

«САҚТАУШЫЛАРДЫҢ» АРАЛЫҚ СОТЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

1910 жылғы январьда Орталық Комитеттің пленумында большевиктер фракциясының өкілдері (осы фракцияның өкілдері деп пленумның барлық мүшелері бірауыздан мойындаған өкілдері), жұртқа мәлім, партиямыздың басқа барлық фракцияларымен шарт жасасқан болатын. Бұл шарт Орталық Органның 11-номерінде жарияланған болатын және оның мәні: басқа фракциялардың бәрін таратуды және олардың партиялық, яғни жойымпаздыққа қарсы және шақырымпаздыққа қарсы бағыт жүргізуін *шарт етіп қойып*, большевиктер өзінің фракциясын таратады да фракцияның мүлкін Орталық Комитетке береді дегенге келіп саятын еді. Орталық Комитет қабылдаған келісім бұл шарттар бұзылған жағдайда ақшаны большевиктерге қайырып беруді тура көрсеткен болатын (Орталық Органның 11-номерінде жарияланған қарарды қараңыз).

Басқа фракциялардың бұл шартты бұзуының жұрттың бәріне мәлім фактілері осыдан бір жыл бұрын, 1910 жылдың 5 декабрінде, большевиктерді ресми мәлімдеме жасауға, яғни шартты бұзатыны туралы арыз беріп, өздеріне ақшаны қайыруды талап етуге мәжбүр етті.

Бұл талапты қарау «сақтаушылардың» аралық сотының: Каутскийдің, Меринг пен Цеткиннің тексеріп шешуіне жатқан-ды. Аралық сот: ақшаның біразын алдын ала, 1911 жылғы 1 ноябрьге дейін большевиктердің, ымырашылдар мен поляктардың өкілдерінен

құрылған Техникалық комиссия мен Шетелдік ұйымдастыру комиссиясының кейін есебін тапсырып жұмсауына беруге қаулы етті.

1911 жылғы октябрь айының ішінде аралық судьяның екеуі, Меринг, Каутский, өз міндетінен босанды. Бұдан кейін бір өзі судья болып қалуға үшінші судьяның правосы болмады да, біраз қобалжып барып кейін ол да өз міндетінен босанды.

Басқа фракциялармен жасалған шартты 1910 жылы 5 декабрьде бұзған большевиктік фракция сонымен 1911 жылғы 2 ноябрьден бастап бұрынғы сақтаушылармен болған шарттық қатынастардан сырт қалып қойды. Сондықтан ол өз баспаханасын иеленуге кірісті және басқа да фракциялық мүлкін иеленуге кірісіп отыр.

Жойымпаздық, шақырымпаздық және әншейін әзәзілдік шетелдік топтармен болған «байланыстан» босап, большевиктік фракцияның барлық партияшыл элементтерді Россиялық ұйымдастыру комиссиясының және оның шақырайын деп отырған жалпы партиялық конференциясының төңірегіне топтастыруға бар күшін жұмсайтыны өзінен-өзі түсінікті — мұны большевиктік фракция мүшелерінің Россиялық ұйымдастыру комиссиясын құру жөніндегі жұмысы қазірдің өзінде дәлелдеді.

Большевиктік фракцияның 1910 жылғы январьдағы пленумда шарт жасасқан өкілдері[46].

P. S. Біз Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы дейтіннің бұрынғы аралық екі судьяның 1911 жылғы 18 ноябрьдегі хаты бар листогын оқығанымызда бұл арыз Орталық Органның редакциясына тапсырылып қойылған еді. Одан латыштар және *тіпті* Тышка кетіп қалғанның өзінде өздерін Орталық Комитеттің Шетелдік бюросымыз деп көрсетіп, Игорев пен Либер кімді алдағысы келеді? Олар осы кетіп қалу жөнінде неге үндемейді? Соттың өмір сүруден қалғанынан кейін 18 ноябрьден бері тіпті $2^1/_2$ апта өткені жөнінде неге үндемейді? сондықтан 1911 жылғы 18 ноябрьдегі хаттың ешқандай маңызы жоқ екендігі және бола алмай-

тындығы жөнінде неге үндемейді? Әлде, бәлкім, Игорев пен Мартов мырзалар аралық сотты 1911 жылғы 1 ноябрьге *дейін* мойындаған *жоқ* шығар? Осыны айтыңыздаршы және дәлелдеңіздерші, мырзалар! Бәлкім, сіздер аралық сотты 1911 жылғы 1 ноябрьден *кейін* мойындайтын боларсыздар? Жұрттың бәрі мойындаған аралық сот 1911 жылғы 1 ноябрьге дейін *сіздерді соттады,* өйткені сіздердің өтініштеріңізге, талаптарыңызға, «наразылықтарыңызға» қарамастан, сіздерге де, Троцкийге де көк тиын берілген жоқ. Заңды сот, жұрттың бәрі мойындаған аралық сот соттаған мырзалар енді бұрынғы аралық судьялардың ешкім үшін міндетті емес жеке пікірін бетке ұстауға тырысып отыр. 1911 жылғы *1* ноябрьден кейін аралық сот жоқ, сондықтан біз бәріміз бұл жөнінде пленумға дейін болған жағдайға қайтып оралдық. Большевиктердің ақшасын бұрынғы сақтаушының ұстап қалуы заңға қарсы ұстап қалу болған болар еді.

Бірақ әңгіменің өзі де сонда, Игорев пен Либер мырзалардың «шу көтеруге» жармасуында болып отыр, ал нақты документтер негізінде соттың тарихын баяндауға олар қорқады. Алдамасаң— сата алмайсың, олардың ұраны осы.

«Социал-Демократ» № 25,
8 (21) декабрь, 1911 ж.

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

IV МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАНЫҢ САЙЛАУ НАУҚАНЫ

I. НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Ашық өмір сүру жағынан жағдайы оппозициялық партиялар деп аталатындардың ішінде ең тәуір кадет партиясы сайлау науқанындағы өзінің саясатын белгілеуде осы жуырда ғана айрықша маңызды қадам жасады. Біздің қолымыз еркін жеткен және кадеттерге іш тартатын деректерге қарағанда, кадеттік саясат мынадай болып белгіленген:

1) Кадеттер өздерінің кандидаттарын олардың сайлануы қамтамасыз етілген жерлерде өткізеді.

2) Кадет кандидатының пайдасына дауыстың басым көпшілігін алудың реті келмейтін жерлерде,— кадеттер ең көп дауыс ала алатын *прогресшіл* кандидатты, қай партиядан екеніне қарамастан, қолдайды.

3) Егер оппозиция кандидатының өтуіне ешқандай мүмкіндік болмай, қаражүздік қауіп болған жағдайда октябристердің кандидатын, тек егер ол нағыз конституцияшыл болатын болса ғана қолдауға жол беріледі, мұндай жағдай, таңғаларлық болғанымен, кейде кездесіп тұрады.

4) Кадеттер оңшыл октябристермен де, ұлтшылдармен де және монархистермен де ешқандай сайлау келісімін жасаспайды. Ал жалпы алғанда, олар, партия мүдделерін естерінде сақтай отырып, сөздің кең мағынасында оппозицияның ең қажет мүдделерін партия мүдделерінің құрбандығына шалмайды.

Кадеттік саясат осындай. Жұмысшы демократиясы бұл саясаттың әдеттегі шартты сөздермен бүркемелен-

ген шын таптық мәнін және нағыз маңызын жете түсініп, оған барынша ыждаһатпен қарауға тиіс. «Оппозицияның ең қажет мүдделері туралы» бұл сөздер және басқа сондайлар кадеттердің шешімдерін оқығанда бірден көзге түседі. Ал істің мәні мынада: кадеттік саясат қазір *октябристік-кадеттік* блоктың саясаты ретінде әбден және түпкілікті белгіленді. Бұл мәнді түсіну керек, оны қазыналық-либералдық сөзсымақтардың қауызынан әбден аршып алу керек.

1) Солшылдармен, демократтармен блок жасасу туралы бір сөз жоқ. 2) Тек оңшыл октябристермен ғана блок жасасуға тыйым салынған — бұлар октябристердің болар-болмас азшылығы, «жалтыр маңдайлар». 3) «Сөздің кең мағынасында оппозицияның ең қажет мүдделері туралы» сөздердің мәнісі іс жүзінде біреу *ғана* болуы мүмкін: жалпы ереже ретінде октябристермен блок жасасуға іс жүзінде рұқсат ету (және ұсыныс енгізу!).

Кадеттердің *шын* саясаты жөніндегі осы үш қорытындыны жете ұғынып алу керек.

Бұлардың мәні қандай? Буржуазиялық либерализмнің «солшыл орталығы» өзінің саясатын буржуазиялық, осылай деуге келсе, либерализмнің оңшыл орталығымен блок жасау саясаты ретінде белгіледі,— белгілегенде қаражүздіктерге өздерінің қас екендігін ашық айтып, солшылдарға, демократияға өздерінің қас екендігін трудовиктермен, партияда жоқ солшылдармен және жұмысшы кандидаттарымен қандай болса да блок туралы үндемей өте шығу арқылы білдіріп белгіледі.

«Звезданың» 28-номеріндегі біздің «Екі орталық» деген мақалада айтқанымыз толық расталды*.

Россияда үш *негізгі* саяси күш және, демек, саяси бағыт бар: қаражүздіктер (крепостник-помещиктердің таптық мүдделерін көздейді) және олармен қатар, олардан жоғары тұрған «бюрократия»; бұдан кейін либералдық-монархиялық буржуазия, «орталық»— солшыл (кадеттер) және оңшыл (октябристер); ақырында,

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 20-том, 409—411-беттер. *Ред.*

буржуазиялық демократия (трудовиктер[47], халықшылдар, партияда жоқ солшылдар) мен пролетарлық демократия. Дәл осылайша, тек осылайша ғана бөлу дұрыс болатынын XX ғасырдың алғашқы он жылының бүкіл тәжірибесі дәлелдеді, ал бұл он жыл ерекше маңызды және оқиғаларға толы жылдар болды.

Әлбетте, табиғаттағы да, қоғамдағы да шектердің бәрі қатып-семіп қалған бір нәрсе емес, ауысып-түйісетін, белгілі дәрежеде шартты, өзгергіш шектер болып келеді. Негізгі боліктердің *«шекарасында»* тұрған партиялар мен топтардың өтпелі формалары мен ауытқуы қайткенде де болады, бірақ Россияда XX ғасырдың басындағы таптық күштердің ара қатынасынан туған істің мән-жайын дәл жоғарыда айтылған «үш» бөлімге бөлу белгілейтіні күмәнсыз. Буржуазиялық либерализмді (оны бастаған кадеттерді) буржуазиялық демократиямен шатастырудың орыстың азаттық қозғалысына тигізген зияны аз болған жоқ, сондықтан бұйтіп шатастырудың қателік және қатерлі екендігін бүкіл демократияның жете түсінуіне ұлы он жылдықтың (1900—1910) тәжірибесінің көмегін тигізу үшін барлық күшті жұмсау керек. Сондықтан біздің заманымыздағы жұмысшы демократиясының алдында бірімен бірі тығыз байланысты екі міндет тұр: біріншіден, жалдама жұмысшылар табының ең демократияшыл деген барлық қожайындар мен қожайынсымақтардан бөлек және жұмысшы табының бүкіл халықаралық, дүние жүзілік қозғалысына бағыныңқы, дербес саяси ұйымын құру міндеті; ал, екіншіден, орыс демократиясының (буржуазиялық либерализмнің басында қайткенде де кадеттер тәрізді әлеуметтік элементтердің тұрғаны сияқты, орыс демократиясының да басында қайткенде жұмысшылар тұр) күштерін дамыту және ныгайту міндеті тұр. Бұл соңғы міндет буржуазиялық либерализм (кадеттер) мен буржуазиялық демократияның (трудовиктер және басқа сондайлар) арасындағы шектің таптық тамырлары мен саяси маңызын нағыз қалың бұқараға үнемі түсіндіріп отырмайынша, орындалмақ емес.

Либерал буржуазия Марковтар мен Пуришкевичтерсіз күн көргісі келмейді, күн көре де алмайды, олардың үстемдігін тек тежеуге ғана тырысады. Буржуазиялық демократия мен жұмысшылар азды-көпті болса да дәйекті және саналы түрде бұл үстемдіктің барлық экономикалық және саяси негіздерін құртуға ұмтылмай қала алмайды.

Жұмысшы демократиясының тұрғысынан қарағанда IV Мемлекеттік думаның сайлау науқанының негізгі мазмұны осындай. Ал дәл осы мазмұн кадеттердің «прогресшілдік» және «оппозицияшылдық» туралы жалпы сөздер арқылы барлық негізгі принципті мәселелерді қасақана шатастырып отырған саясатына қарсы бірінші қатарға қойылуға тиісті де.

Кадеттік-октябристік блок жаңалық емес. Марксистер бұл блоктың құрамды екі бөлігінің таптық жағынан іштей тектес екендігін 1905—1907 жылдардың өзінде-ақ көрсетіп, блоктың жасалатындығын әлдеқашан болжап білген еді. III Думада екі көпшілік бірден анықталды да, марксистер бұл қорытындыны 1907 жылдың аяғында-ақ өз саясатының ірге тасына айналдырды. III Думаның бес жылы бұл қорытындыны растады. Ірілерін есептегенде бұл Думаның құрамы мынадай*:

оңшылдар	160	284 — бірінші көпшілік
октябристер	124	
либералдар	127	251 — екінші көпшілік
демократия	29	
Барлығы	440	

III Дума бүкіл үшінші июнь системасының қажетті құрамды элементтері болған осы екі көпшілікке әрдайым арқа сүйеп келді: бірінші көпшілік дегеніңіз өкімет басында түгелімен «ескіні» сақтап қалу,—екінші көпшіліктің мәнісі буржуазиялық монархияға қарай

* Бұл есеп 1910 жылғы ресми «Анықтаманың» (II кітап) деректері бойынша жасалған. Оңшылдар—оңшылдардың өзі—51; ұлтшылдар—89; оңшыл октябристер — 11; және ½ партияда жоқтар — 9; либерал-прогрессистер — 39; кадеттер — 52; барлық ұлттық топтар — 27; және ½ партияда жоқтар — 9; демократия — трудовиктер — 14 және социал-демократтар — 15.

«өту жолында бір адым ілгері басқандық» деген сөз. Бірінші көпшілік үшінші июнь системасына «өкімет билігі мен табыстарды» Марковтардың, Пуришкевичтердің және К⁰ қолында ұстап отыру үшін керек, екінші көпшілік — бұл үстемдікті тежеп отыру үшін және буржуазиялық жолмен (бір адым ілгері, екі адым кейін деген формула бойынша) ілгері басу үшін керек. Мұндай жылжу тоқыраумен бірдей екендігін, ал пуришкевичшілдікті «тежеудеп» ештеңе шықпайтындығын қазір тәжірибе айқын корсетті.

III Думадағы бірқатар дауыс беру «екінші көпшіліктің» дауыс беруі болды; жуырда «Речь» мұны айқын мойындады, Думаның соңғы сессиясының бастапқы кезіндегі «бірқатар дауыс беру» «Думадағы солшыл орталықтың» (кадеттік-октябристік блоктың деп оқыңыз) «үстемдігін іс жүзінде қайталады» деді. Бұлайша дауыс берудің мүмкін болатыны тек мынада ғана: бірінші көпшілік тәрізді екінші копшілік *те* контрреволюцияға арқа сүйеп отыр: мұны дәлелдеу үшін «Вехиді»[48] немесе Карауловтың құдайға сыйынып айтқан сөздерін немесе «Лондон» ұрандарын еске түсірудің өзі жеткілікті.

Ал екінші көпшіліктің әлгі «жеңістерінің» нәтижелері қайда? Кадет партиясының октябристер ішінде «нағыз конституцияшылдар» бар деп ашқан нағыз таңғаларлық жаңалығын дәлелдейтін фактілер қайда? Осы жаңалықтың өзі «нағыз конституционализм» жөніндегі ұғымды кадеттердің санасында мүлде кеміткендікті дәлелдемей ме?

Сайлау науқанының бірінші және негізгі мәселесі — оның саяси мазмұны туралы, сайлау науқанында білінетін идеялық бағыт туралы мәселе. Кадет партиясының шешімі оның антидемократиялық жаратылысын тағы да көрсете түсті, өйткені кадеттердің сайлау науқанының мазмұны бұқара санасында «конституционализм» ұғымын онан сайын кемітуге апарып саяды. Халықты «солшыл» октябристердің арасында нағыз конституцияшылдар болуы мүмкін деп үйрету — конституциялық-демократиялық партияның істегісі келетіні, міне, осы, оның сайлау саясатының мәні, міне, осы.

Демократияның міндеті басқаша: конституционализм ұғымын кемітпеу, қайта әзірше өкімет билігі мен табыстар Марковтардың және К[0] қолында қалып отырғанда конституционализмнің мейлінше жалған екендігін түсіндіру керек. Жұмысшы демократтардың сайлау науқанының мазмұны либерализмнің демократиядан айырмашылығын айқындау, осы демократияның күштерін жинау, бүкіл дүние жүзінде жалдама жұмысшылардың қатарын топтастыру міндетімен белгіленеді.

Кадеттер өз конференциясының шешімдері арқылы демократиядан бұрынғыдан да алыстай түсті. Біздің міндетіміз — орта ғасырлық атаулыға қарсы және кадеттік-октябристік блоктарға қарсы демократия күштерін жинау.

II. ЖҰМЫСШЫ САЙЛАМШЫЛАРЫНЫҢ САЙЛАУ НАУҚАНЫНДАҒЫ РОЛІ

IV Думаның сайлауы жөніндегі сайлау науқаны басталды. Оны «ұлттық» партияға көмектесу жөніндегі өзінің нұсқау-хаттарымен, үкімет кандидаттары үшін цензілер белгілеу жөніндегі және жалпы алғанда оппозицияның, әсіресе демократияның кандидаттарын қатардан шығару жөніндегі өзінің «шараларымен» үкімет бастады.

Сайлау науқанын оппозициялық баспасөз де бастады. Бұл науқанды «солшыл» октябристермен блок жасасу жөніндегі өзінің шешімдерімен кадет партиясы да бастады.

Сондықтан жұмысшы демократиясы сайлау туралы мәселеге дереу барынша көңіл бөлуге тиіс және ерте бастан, істі бір аптаға да кейінге қалдырмай, өзінің тактикасын үнемі талқыға салуға, демократияны жақтаушылар атаулының бәрін өздерінің маңызды да жауапты ролін орындауға күн ілгері әзірлеуге тиіс.

Осы мақалада біз жұмысшы сайламшыларының ролі туралы мәселеге тоқтамақпыз. Әлбетте, әрқашандағыдай, бұл арада да жұмыстың мазмұны, яғни науқанның идеялық-саяси бағыты бірінші қатарға қойылады. Жұмысшы табының көзін ашып, ұйымдастыру, оны батыс

европалық партиялармен ынтымақ-бірлігі бар дербес партия етіп топтастыру, товар шаруашылығы мен капитализмнің түбегейлі жағдайларын қайта өзгертудегі оның тарихи мақсаттарын өзіне түсіндіру, оның партиясын буржуазиялық демократияның, тіпті «солшыл», халықшылдық және басқа сондайлар болса да, *барлық* бағыттарынан үнемі бөлектеп ажыратып отыру — негізгі міндет осындай.

Бұл негізгі міндет—барлық елдердің жұмысшы демократиясына бірдей міндет. Нақ сондықтан да осы міндетті елдердің біріндегі, Россиядағы, қазіргі заманға қолдану — жоғарыда аталған жалпы міндет *үшін,*— біздің заманымыздың ерекше, нақты міндеттерін ескеруді талап етеді. Орыс жұмысшы демократиясының осы міндеттері саласынан — объективтік жағдайларға байланысты — қазір бірінші қатарға өзара тығыз байланысты екі міндет қойылып отыр. Бұл міндеттер мыналар: біріншіден, жойымпаздық ағымның (жұртқа мәлім, бұл ағымның өкілдері —«Наша Заря» және «Дело Жизни» журналдары) кең тараған буржуазиялық контрреволюциялық ағыммен, «вехишілдікпен» байланысты екендігін айқын түсіну. Буржуазиялық ықпалдан пролетариатқа тиетін зиянды айқын түсіну осы ықпалды жеңу үшін қажет және жұмысшы демократиясының *өмір сүруінің* өзіне қатысы бар, жойымпаздар *теріске шығарып* жүрген кезекті, таяудағы мақсаттарды орындау үшін қажет. Екіншіден, бұл — солшыл демократияны ұйымдастыру міндеті, (буржуазиялық) демократияны буржуазиялық либерализмнен айқын ажырата білу. Мұнсыз жалпы алғанда азаттық алу жолындағы қозғалыста ілгері қадам басу атаулының қажетті шарттарының бірі — жұмысшы демократиясының гегемониясы жүзеге аспайды.

Либерализмді (конституциялық-демократиялық партияны) демократиямен (трудовиктер, солшыл бағыттағы «халықшылдар») араластыру принципті тұрғыдан келгенде түп негізімен жалғандық болып табылады және іс жүзінде демократияның мүддесіне опасыздық жасауға әкеліп соғады. Жұмысшы сайламшыларына азаттық қозғалысын дұрыс ұғынуды жақтау, партия-

лардың таптық мәнін түсіндіру (өзін «маңдайшалардағы жазулармен», даурықпа сөздермен және ұтымды атаулармен алдатуға жол бермеу), *оңшылдарды* (қара жүздіктен бастап октябристерге дейін), буржуазиялық *либералдарды* (кадеттерді және солармен бірге жүргендердің бәрін) және *демократияны* (буржуазиялық демократтар дегеніміз трудовиктер және солармен бір тектес ағымдар; бұдан кейін пролетарлық демократияның өкілдері болатын марксистер) айқын ажырата білу міндеті жүктеледі.

Жұмысшы сайламшылары 1907 жылғы 3 июньдегі заң[49] бойынша өткізілетін сайлау жүйесінде губерниялық сайлау жиналыстарында ерекше роль атқарады. Осы сайламшылардың *бәрінің* жұмысшы демократиясының адал, сенімді өкілдері болуына жету керек,— таяудағы практикалық міндет осындай.

Алты губернияда, жұртқа мәлім, жұмысшы сайламшыларының құрамынан Думаға бір депутаттан сайлануы қамтамасыз етілген. Бұл губерниялар: Петербург, Москва, Владимир, Екатеринослав, Кострома және Харьков губерниялары. Бірақ депутатты губерниялық сайлау жиналысының *бүкіл* құрамы, яғни әрқашанда дерлік *оңшыл* сайламшылар, жер иеленушілер мен ірі буржуа, октябристер сайлайды. Думаның депутаттығына жұмысшы демократтардың сайлануын қамтамасыз ету үшін жұмысшы сайламшыларының бәрі бірдей жұмысшы демократиясынан болып, өз ортасынан ұсынылған белгілі бір кандидатты таймай жақтауын қамтамасыз ету керек. Бір «қашқын» немесе бір либерал, «оңшыл» сайламшы шықса-ақ болғаны, жұмысшы сайламшыларының көпшілік болуына қарамастан, октябристер дәл соны өткізіп жібереді!

Бірақ жұмысшы сайламшылары тек осы алты губерниядағы губерниялық сайлау жиналыстарының құрамында ғана болып отырған жоқ. 44 губернияда (53 губерниядан) барлығы 112 жұмысшы сайламшы бар.

Бұл сайламшылардың ролі қандай? Біріншіден, олар демократияны (әсіресе шаруалар демократиясын) ұйымдастыра отырып, оны либералдардың ықпалынан

шығара отырып, әрқашанда идеялық бағыт ұстауға тиісті. Мұндағы жұмыс өрісі өте маңызды. Екіншіден, оңшылдар мен либералдардың даусы бөлінген жағдайда жұмысшы сайламшыларының Думаға өтіп кетуі мүмкін (олар осыған ұмтылуға тиісті де).

Осы соңғы міндетті мысалмен түсіндірейік. Вятка губерниясынан III Думада екі социал-демократ депутат: Астраханцев пен Путятин бар. Ал осылай болғанымен Вятка губерниясында, заң бойынша, жұмысшы куриясынан депутат жоқ. Вятка губерниялық сайлау жиналысында 109 сайламшы болды, олардың 4-еуі жұмысшылардан. *Төрт* жұмысшы (109 дың ішінен) Думаға *екі* депутатты қалай өткізіп жіберді? Сірә, губерниялық сайлау жиналысында дауыстар бөлініп кеткен болуы керек те, либералдар жұмысшылардың көмегінсіз оңшылдарды жеңе алмаған болу керек. Жұмысшылармен блок жасасуға мәжбүр болған либералдар жұмысшылармен алатын орындарын бөліске салуға тиісті болды да, олар Думаға екі социал-демократ өткізді. Думаның Вятка губерниясынан сайланған депутаттарының құрамы мынадай болып шықты: 1 прогрессист, 3 кадет, 2 трудовик, 2 социал-демократ — 4 либерал және 4 демократ. Егер демократияшыл сайламшыларды либерал сайламшылардан бөліп алу қолдан келіп, біріншілері екіншілерінен көпшілік болған болса, жұмысшылар бұл губернияда үш орынды да жеңіп алған болар еді. Айталық, 109 сайламшының 54 сайламшысы (жер иеленушілердің 53 сайламшысынан 50 және қаладағы сайлаушылардың 1-съезінің 17 сайламшысынан 4 сайламшы) оңшыл делік. Бұдан кейін қалған 55-тің 20-сы либерал (үш жер иеленуші, 13 бірінші дәрежелі қала тұрғыны және 4 екінші дәрежелі қала тұрғыны); 35-і демократ (23 шаруа сайламшысы, 8 екінші дәрежелі қала тұрғыны және 4 жұмысшы) делік. Мұндай жағдайда демократтар 8 орыннан 5 орын алуға тиісті болар еді, ал жұмысшылар оларға шаруалар демократиясы сенім білдіргенде өздеріне үш орынды қамтамасыз ете алған болар еді.

Уфа губерниясында депутаттық орындардың *бәрін* либералдар (бұған мұсылмандарды да қосқанда) басып

алды. Бірде-бір демократ жоқ. Ал Уфа губерниясындағы үш жұмысшы сайламшысы шаруалардан 30 сайламшы болып отырғанда демократияны үлкен шеберлікпен ұйымдастыра білгенде, олар орынды трудовиктерге де, өздеріне де сөзсіз жеңіп алған болар еді.

Пермь губерниясынан III Думада 6 либерал және 3 демократ бар, олардың біреуі ғана социал-демократ. Ал мұнда шаруа сайламшылардың саны 26— олардың ішінен губерниялық сайлау жиналысында көпшілік болған *либералдар* трудовикті сайлады, демек, шаруалар куриясын бүтіндей трудовиктік курия деп есептеуге болады (шаруалардың біреуі болса да демократтардан либералдар жағына қашып өтсе болғаны, либералдар қашқынды сайлаған болар еді!) Бұл жағдайдың екінші дәрежелі курияға да (13 сайламшы) қатысы бар, өйткені *либералдар* одан да трудовикті сайлады. Сонымен, қорытындыда сайламшылар арасындағы демократтардың жалпы санын 26 + 13 + 5 жұмысшы= 44 деп есептеуге болады. Барлығы 120 сайламшы, оның ішінде жер иеленушілерден 59 және бірінші дәрежелі қала тұрғындарынан —17. Егер тіпті демократтардан басқаларының бәрі либералдар болса да, онда олардың саны=76, яғни үштің екі бөлігінен азырақ. Әрине, сайламшылардың біразы оңшылдар болуы көбірек ықтимал. Демек, либералдар сайламшыларының саны үштің екісіне жетпесе де, Думадағы орындардың үштен екісін басып алған. Бұдан демократия саналырақ және жақсырақ ұйымдасқан болса (ал мұның қамын ең алдымен жұмысшылар ойлауы керек!), либералдарға есесін жібермеген болар еді деген сөзсіз қорытынды туады. Социал-демократ Егоровты Пермь губерниясынан сайламшылардың жалпы съезі, яғни либералдар сайлады, демек, либералдар жұмысшылардың көмегіне *мұқтаж* болған, ал жұмысшылар депутаттық орындардан демократияға *теңбе-тең* үлес алуға қолдары *жетпей* тұрып осындай көмек көрсетіп, тікелей қателік істеді, демократияның мүдделеріне тура нұқсан келтірді.

Біз бұл есептерді келтіргенде, олардың мөлшерлі, түсініктік маңызын баса көрсете келтіріп отырмыз, өйткені біздің қолымызда жалпы алғанда сайламшы-

лардың, және соның ішінде әрбір куриядағы сайламшылардың партиялық құрамы туралы дәл мәліметтер жоқ. Шын мәнінде істің жайы біздің мөлшерлі мәліметтерімізде көрсетілгендегіден гөрі күрделірек, ала-құлалау. Бірақ жұмысшылар біздегі үшінші июнь сайлауының «құйтырқы механикасындағы» күштердің *негізгі* ара қатынасын біліп алуға тиісті, ал ең бастысын білгеннен кейін олар ұсақ-түйегін де біле алады.

Неғұрлым демократияшыл (әрипе, түгелдей маркстік, түгелдей жойымпаздарға қарсы курия бола алатын және болуға тиісті жұмысшы куриясынан кейінгі) екі курия бар, бұлар — шаруалар куриясы мен екінші дәрежелі, қалалық курия. Деревняда сайлау бостандығының мейлінше жоққа тән екендігіне, қала тұрғындарымен салыстырғанда шаруалар арасындағы үгіт пен ұйымдастыру ісінің мейлінше нашар жағдайда екендігіне қарамастан, біріншісі екіншісінен гөрі неғұрлым демократияшыл.

Шынында да, қала сайлаушыларының 2-съезінен сайланған ерекше депутаттар III Думаға 28 губерниядан сайланды. 16 оңшыл, 10 либерал және 2 демократ (Саратов губерниясынан Розанов және Пермь губерниясынан Петров 3-ші) сайланды. Шаруалардан сайланған ерекше депутаттар барлық 53 губерния бойынша бар: 23 оңшыл, 17 либерал, 5 демократ және 8 партияда жоқтар сайланды. Партияда жоқтарды оңшылдар мен оппозицияға теңбе-тең бөлгенде, мынадай салыстырмалы мәлімет аламыз:

III Думаның депутаттары:	Екінші дәрежелі қалалық куриядан	Шаруалар куриясынан
оңшылдар	16	27
оппозиция	12=43 проц.	26=49 проц.

Екінші дәрежелі қалалық куриядан оппозиция депутаттарының 43 проценті, ал шаруалар куриясынан — 49 проценті өткен. Егер, жұртқа мәлім, III Думаның шаруалар депутаттары өзінің мазмұны жөнінен кадеттердікінен гөрі *демократияшылдау* аграрлық заң жобасын ұсынғанын, оның үстіне осы заң жобасына партияда жоқ шаруалар да, *оңшыл* шаруалар *да* қол қойғанын

еске алатын болсақ[50], онда шынында шаруалар куриясының демократизмі екінші дәрежелі қалалық курияның демократизмінен біздің мәліметтерімiздегіге қарағанда *әлдеқайда* асып жататыны айқын болып шығады.

Демек, жалпы алғанда жұмысшылар, және әсіресе жұмысшы сайламшылары нақ осы шаруалар куриясына және шаруалар сайламшыларына бәрінен де көбірек көңіл бөлуге тиіс. Жұмысшылар демократияны ұйымдастырушылар ретінде ең алдымен шаруалар арасында, содан кейін барып екінші дәрежелі қала тұрғындары арасында жұмыс жүргізуге тиіс. Бұл екі курияның екеуінде де либералдарды демократтармен араластыру өте-мөте күшті, өте-мөте жиі байқалады, мұны кадеттер жан-тәнімен мейлінше дәріптеп жүр; олар өздерінің «парламенттік» «ысқаяқ» тәжірибелілігін және *антидемократиялық,* вехиштдік, контрреволюциялық мәнін жасыратын «демократиялық» деген («конституцияшыл *демократтар», «халық бостандығы* партиясы») атын пайдаланып, саяси жағынан кемелденбеген адамдарды тура алдап жүр.

Орыс азаттық қозғалысының қазіргі кезеңінде жұмысшылардың идеялық-саяси міндеті демократияны ұйымдастыру болып отыр. Сайлаудағы амал-әрекеттер осы міндетке бағындырылуға тиіс. Шаруалар куриясына, содан кейін барып екінші дәрежелі қалалық курияға баса көңіл бөлу міндеті осыдан туады. Жұмысшы сайламшысының губерниялық сайлау жиналысындағы бірінші міндеті — демократтарды топтастыру. Өз кандидатурасын ұсыну үшін үш дауысқа ие болу керек: шаруалардан екі демократ табу қажет, ал болмай бара жатса екі либералды көндіру керек, жұмысшы кандидатурасын ұсынғанда олар ештеңесін қатерге тікпейді. Губерниялық сайлау жиналыстарында демократтар оңшылдарға қарсы либералдармен блок жасасуға тиіс. Егер мұндай блок салған жерден жасала қоймаса (көп жағдайда сайламшылардың бір-бірімен таныс еместігі салдарынан дәл осылай болуы ықтимал), онда демократтар либералдармен бірігіп әуелі оңшылдарды, *оңшылдармен бірге либералдарды* құлатуға тиіс. Сонда олар да, бұлар да өтіп кете алмайды (ол үшін оңшылдардың да,

либералдардың да бір өздерінің басым көпшілік болмауы шарт; егер бұл шарт болмаса, онда демократтар Думаға өте алмайды). Сайлау туралы ереженің 119-статьясы негізінде үзіліс белгіленеді. Демократтар дауыс беру нәтижесін есептеп шығарып, нақты мәліметтерді қолдарына осы күннің өзінде-ақ ала отырып және депутаттық орындардың теңбе-тең бөлінуіне жете отырып, либералдармен блок жасайды. *Мұның өзінде әуелі либералдардың демократты сайлауы қажет, мұның керісінше болмауға тиіс,* өйткені Европаның бүкіл тарихы мен бүкіл тәжірибесі либералдардың демократтарды жиі алдағандығын, ал демократтардың либералдарды ешуақытта алдамағандығын дәлелдейді.

Жұмысшы сайламшылары демократтарды қай курияларды беретіндігін біле отырып, демократтарды либералдардан ажырата біле отырып, жалпы алғанда демократияны ұйымдастыру ісінде де, Думаға жұмысшы демократтар мен буржуазиялық демократтарды (трудовиктерді) көбірек өткізу ісінде де *44 губернияда орасан зор* роль атқара алады. Қазір біріншілері 15, екіншілері 14. Жұмысшылар дұрыс тактика жүргізсе, қолайлы жағдай туған кезде олардың да, бұлардың да санын екі есе көбейтуге жетуге болады. IV Думада либералдарға «жауапты», октябристермен блок жасасуға қабілетті «оппозицияның» (лондондық типтес) 100 адамдық және одан да көбірек күшті тобы қамтамасыз етілген. Вехишіл емес, нағыз демократияшыл оппозицияның ондаған адамнан топ құрауына жету керек, ал бұған жетуге болады.

Заң жұмысшыларға 44 губернияда сайламшылар сайлауға право береді. Әрбір фабрикадағы саналы жұмысшылар заңмен дереу танысып, өздерінің міндеттері мен жағдайын ойластырып, өздерінен баратын сайламшылардың жойымпаздар емес, нағыз жұмысшы демократтар болуының қамын ойлауға тиіс.

Жүз он екі жұмысшы сайламшысы егер оларды дәл осылайша саналы түрде, қамданып, жүйелі түрде сайлайтын болса, Европаның жер-жерінің бәрінде ұлы, дүние жүзілік мақсаттарға ұмтылушы жұмысшы табын

топтастыру ісіне де, Россияда демократияны ұйымдастыру ісіне де орасан зор пайда келтіре алады.

Уақыт күтпейді. Әрбір саналы жұмысшыға қиын міндет, бірақ үш мәрте құрметті міндет жүктеліп отыр.

III. ШАРУАЛАР ЖӘНЕ ШАРУА САЙЛАМШЫЛАРЫ САЙЛАУ НАУҚАНЫНДА

Бұдан бұрынғы мақаламызда («Звезда» № 34) біз жұмысшы сайламшыларының сайлау науқанындағы ролін сөз еткен едік*. Біздің пайымдауларымыздың қорытындысы мынадай болды: жұмысшы демократиясының басты міндеті екеу: жалдама жұмысшылар табын топтастыру және бұл таптың санасын, оның өзінің тарихи ұлы мақсаттарын түсінуін кемелдендіру, ал бұдан кейін демократияны ұйымдастыру.

Енді пролетарлық емес, яғни буржуазиялық демократия туралы мәселені талдауға көшейік. Оның Россиядағы басты таптық тірегі қандай? оның ерекшеліктері неде? оның таяудағы міндеттері не? сайлаудағы ролі қандай?

Буржуазиялық демократияның Россиядағы басты таптық тірегі — шаруалар. Шаруалардың орасан зор бұқарасының жағдайының ауырлығы соншалық, помещиктік жер иеленудің оларды қатты езіп отырғандығы соншалық, экономикалық жағдайының үмітсіз нашарлығы соншалық, правосының жоқтығы шектен тыс екендігі соншалық, демократиялық пиғыл мен ниет бұл ортада өзінен өзі, стихиялық түрде лажсыздан туады. Бұл жағдайдан құтылудың либерал буржуазия (оны бастап отырған кадет партиясымен бірге) көрсетіп отырған жолы, атап айтқанда: өкімет билігін Пуришкевичтермен бөліске салу, Пуришкевичтер мен Гучковтардың (немесе Милюковтардың) бірігіп, бұқараға үстемдік орнату жолы,— миллиондаған шаруалар үшін бұл жолға түсу *мүмкін емес*. Міне, осы себепті де біріншi жағынан, шаруалардың, екінші жағынан, ірі буржуазияның нақ сол таптық жағдайы демократизм мен

* Қараңыз: осы том, 47—54-беттер. *Ред.*

либерализм арасында терең айырмашылық туғызбай қоймайды.

Белгілі бір саяси бағыт әдетте толық айқын, толық саналы бола бермейді, бірақ шаруалардың демократизмге, буржуазияның — монархиялық либерализмге *бой ұратыны* ақиқат нәрсе, мұны Россияда XX ғасырдың оқиғаларға соншалық бай болған бірінші он жылы әбден дәлелдеді. Шаруалар бұқарасы өзін 1905 жылғы азаттық қозғалысында ғана, сол алғашқы Думаларда ғана демократияшыл етіп көрсетіп қойған жоқ, сонымен қатар шаруалардың *қырық үш* депутаты, олардың ішінде оңшылдар мен партияда жоқтар тіпті шонжарлардың III Думасында да жер жөнінде кадеттердікінен неғұрлым демократияшыл жоба ұсынды.

Жалпы алғанда жер мәселесі — қазіргі заманғы орыс шаруалары үшін басты мәселе. Европалық Россияда 30 000-нан азырақ помещиктер 70 миллион десятина жер иемденеді, ал 10 миллион ең кедей шаруа үйлерінің де жері осыған жуық. Бір жағынан, әрбір шаруашылық басына орта есеппен 2 300 десятинадан жер келеді, екінші жағынан—жеті десятинадан жер келеді. Россияның тарихи дамуының қазіргі дәрежесінің экономикалық нәтижесі «жұмыспен өтеу» шаруашылығының, яғни ескі барщина қалдықтарының барлық түрлерінің барынша кең таралуы болып отыр, бұдан басқа ештеңе де емес. Европада әлдеқашаннан бері еш жерде болып көрмеген шаруа кіріптарлығы, қайыршылық және орта ғасырда кездесетін ашаршылықтар — мұның салдары, міне, осындай болып отыр.

Кадеттік буржуазия помещиктік жер иеленуді сақтап, жердің біразын «әділ бағамен» сатып алып, «реформа» жүргізетін мекемелерде шаруалардан гөрі помещиктердің басым болуын көздеп, аграрлық мәселені либералдарша шешкісі келеді. Шаруалар аграрлық мәселені демократиялық жолмен шешу жағына шықпай отыра алмайды. Мұндай демократиялық жолмен шешу — тіпті барлық жер төлемсіз түгелімен шаруалардың қолына көшкеннің өзінде де — капиталистік қоғамның, ақша өктемдігінің, товар өндірісінің, рынок үстемдігінің негіздерін ешбір қозғамайды, қозғалта ал-

майды да. Шаруалар үшін істің жайы көбінесе тым күңгірт суреттеледі, ал халықшылдар әлгі күңгірт нәрсені әйтеуір «социалистік» бірдеме етіп көрсететін тұтас бір идеология, тұтас бір ілім жасады,— ал шынында тіпті анағұрлым батыл деген аграрлық төңкерістің өзінде де социалистік дерлік ештеңе жоқ.

Бірақ шаруа қозғалысы ұлғайып, күшейе түскен сайын іс жүзінде жаңағы күңгірттіктің маңызы соғұрлым кеми береді, шаруалардың жер жөніндегі тілектері мен талаптарының шын, демократиялық мазмұны соғұрлым күшейе береді. Бұл салада да, және бұдан да гөрі саяси мәселелер саласында да жұмысшы демократиясының ролі, оның шаруаларды либералдық басшылыққа бағындыруға қарсы күресі бәрінен де маңыздырақ. Жалпы алғанда орыс демократиясының барлық табыстары—бұрынғы табыстары мен болашақтағы табыстары да — шаруаларға саяси басшылық жасаудың либералдардан жұмысшы демократиясының қолына көшуіне тығыз байланысты десек, бұл асырып айтқандық болмайды. Мұндай көшу болмайынша, Россияда демократияның азды-көпті елеулі табыстарға жетуі мүмкін емес.

1907 жылғы 3 июньдегі сайлау заңы, жұртқа мәлім, нақ шаруалардың сайлау правосын басқадан гөрі көбірек «талқандады». Бұл заңның жер иеленушілерден болатын сайламшылардың санын 1952-ден 2594-ке дейін, яғни 32,9 процент көбейткенін, ал шаруалар мен казактардан болатын сайламшылардың санын екі еседен көбірек кеміткенін: 2659-дан 1168-ге түсіргенін, яғни 56,1 процент кеміткенін еске түсірсек те жеткілікті. Оның үстіне, 3 июнь заңы бойынша, Думаға депутаттарды шаруалар куриясынан (ресми аты: «болыстар уәкілдерінің съездерінен») бұрынғыдай шаруа сайламшылары ғана емес, губерниялық сайлау жиналыстарының бүкіл құрамы, яғни помещиктер мен ірі капиталистер көпшілігі сайлайды.

Осындай тәртіп тұсында шаруа сайламшыларының *бәрі* түгелімен трудовиктер болған жағдайда ғана шаруа демократтары (трудовиктер) Думада өздеріне орындар қамтамасыз ете алады. Сонда оңшыл помещиктер

жұмысшы куриясынан социал-демократтарды өткізуге мәжбүр болғаны сияқты, шаруа куриясынан трудовиктерді өткізуге мәжбүр болады. Бірақ, әрине, шаруалардың топтасқандығы, ұйымшылдығы, саналылығы жұмысшылардан гөрі әлдеқайда төмен. Бұл салада әлі мұрты да сынбаған күрделі де, ізгілікті саяси тәрбие жұмысы тұр. Барлық демократтардың және «халықтың басқа таптарына барушы»* барлық марксистердің бар назары нақ осы салаға аударылуы тиіс, контрреволюцияшыл либералдармен (кадеттермен) бармақ басып, көз қысысу саласына, «Наша Зарядағы» жойымпаздар және солар сияқтылар тәуір көретін салаға аударылмауы тиіс.

Шаруа куриясы III Дума сайлауы кезінде пролетарлық емес куриялардың ішіндегі неғұрлым демократияшылы болып шықты деп, біз өткен жолы-ақ атап көрсеткенбіз. III Думаға шаруа куриясынан оппозицияның 53 депутатының 26-сы, яғни 49 проценті өтті, ал екінші дәрежелі қалалық куриядан («қала сайлаушыларының 2-съезінен») 28 депутаттан 12-сі яғни 43 проценті ғана өткен еді. III Думаға шаруа куриясынан 53-тен 5 демократ, яғни 10 процент, ал екінші дәрежелі қалалық куриядан 28-ден 2 демократ, яғни 7 процент өтті.

Неше губерниядан және бүкіл губерния бойынша сайланған депутаттардың қандай құрамы жағдайында оппозиция өкілдерінің шаруа куриясынан III Думаға өткендігін қарастыру көңіл қоярлық. Думаға шаруа куриясынан міндетті түрде бір депутаттан жіберетін 53 губерниядан 23 губерния одан *оңшылдарды* (октябристерді қосқанда) жіберді, бұдан кейін 17 губерния *либералдарды* (кадеттер, прогрессистер мен мұсылмандар) жіберді, ал тек бес губерния *демократтарды* (трудовиктерді) жіберді. 8 губерниядан партияда жоқ шаруалар өтті.

Іске үңіле қарағанда, біз оңшыл депутаттары басым болған *бірде-бір* губерния шаруа куриясынан III Думаға бірде-бір демократ өткізбегенін көреміз. Демократтар (трудовиктер) кілең бірде-бір оңшыл депутаты жоқ гу-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 143-бет *Ред.*

бернияларден өтті. Бұл бес губерния, Архангельск, Вятка, Пермь, Ставрополь және Томск губерниялары III Думаға барлығы 15 либерал, 8 трудовик және 3 социал-демократ жіберді. Шаруалар мен жұмысшылардың саналылығы мен ұйымшылдығы күшті болған болса, бұл губернияларда демократтардың санын либералдардың есесінен көбейту қолдан келетін еді, бұған күмәндануға бола қоймас.

III Думада оңшылдардан гөрі оппозиция депутаттары басым губерниялар біздің есептегенімізде 24 болғанын атап өту бұл арада, сірә, орынды болар; бұл 24-тің ішінен 18 губернияда Думаға кілең оппозиция депутаттары өтті. Бұл 24 губерния Думаға 9 оңшыл депутат. партияда жоқ 2 депутат, 55 либерал, 14 трудовик және 8 социал-демократ жіберді. Либерал депутаттардың есебінен демократия депутаттарының санын көбейту үшін және жалпы алғанда ұсақ буржуазия мен шаруаларды либералдардың ықпалынан шығарып алу үшін, оқушының көріп отырғанындай, өріс әжептәуір кең.

Онан соң, Думаға шаруа куриясынан либералдарды жіберген 17 губерниядан он губернияда оңшыл депутаттардың оппозицияшылдардан басым екендігін атап көрсету де көңіл қоярлық. Жалпы ереже бойынша бұл губерниялардағы шаруа сайламшыларының ішінде *оңшылдар мүлде болмаған* деп жорамалдауға тура келеді, өйткені әйтпесе губерниялық сайлау жиналыстарының оңшыл көпшілігі қайткенде де соларды сайлаған болар еді...

Жұмысшы демократиясының шаруалар жөніндегі сайлаудағы міндеттері айқын. Пролетарланып келе жатқан шаруалар арасына таза таптық уағыз енгізу керек. Шаруалардың сайлауда топтасуына көмектесу керек, сөйтіп олар 3 июнь сайлау заңы негізінде де, ескі құрылысты жақтаушылар тарапынан да, сол сияқты либералдар тарапынан да болатын кедергілерге қарамастан, IV Думада *өздерінің* — мүмкіндігінше барынша мығым — өкілдігін құрап алулары керек. Жұмысшы демократиясының гегемониясын нығайтуға ұмтылу керек және шаруа демократиясының либерализм жағына қарай ауытқуының бүкіл зиянын түсіндіру керек.

IV. ҮШІНШІ ДУМА САЙЛАУЫНЫҢ ПРАКТИКАСЫНАН ШЫҒАТЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Жұмысшы демократиясының сайлау науқаны кезіндегі міндеттерін нақты белгілеу үшін біз жекелеген бірнеше губерния бойынша III Дума сайлауының мәліметтерін мүмкіндігінше неғұрлым толық қарастырып өтуді пайдалы деп есептейміз. Бұлай қарастыру, 1-шіден, күрделі әрі шым-шытырық 3 июнь сайлау жүйесін айқынырақ түсінуге және жете білуге көмектеседі, ал, 2-шіден, мұның өзі сайлау науқанының барлық қызметкерлеріне олардың демократтар ретінде алатын орны жөнінде, қызмет істеуге тура келетін «жағдай» жөнінде барынша нақты түсінік береді. Жер-жердегі демократтардың мәліметтерді әрбір губерния бойынша зерттеуі біздің материалдарымызды толықтырады, оларды түзетеді, жалдама жұмысшыларға саяси білім беру үшін және демократияны ұйымдастыру үшін сайлауға қатысу озімнің міндетім деп түсінетіндердің қазірден бастап-ақ бәрінің бірдей назарын аударады.

Мысалға Қазан губерниясын-ақ алайық. Оның III Думадағы өкілдері 10 депутат, бұлар оңшылдар мен оппозиция арасында теңбе-тең бөлінген: 5 оңшыл (олардың ішінде 4 октябрист пен 1 ұлтшыл) және 5 либерал (олардың ішінде 1 прогрессист, 2 кадет және 2 мұсылман). Трудовиктер де, социал-демократтар да жоқ.

Ал Қазан губерниясы жөніндегі мәліметтер мұнда демократияның мүмкіндігі әжептәуір елеулі екендігін мойындатпай қоймайды. Оңшылдар былай сайланған: бір адам жер иеленушілер съезінен (Сазонов), үш октябрист қала сайлаушыларының 1-ші және 2-съездерінен (олардың ішінде барып тұрған контрреволюционерлердің бірі Капустин мырза қала сайлаушыларының 2-съезінен) және *бір* октябрист сайламшылардың жалпы съезінен сайланған. Либералдар былай сайланған: 1 либерал жер иеленушілер съезінен, 1 либерал шаруалардан (кадет Лунин) және *үшеуі* сайламшылардың жалпы съезінен сайланған.

Сайламшылардың жалпы съезінен үш либерал мен бір оңшыл өткеніне қарағанда, либералдар губерниялық

сайлау жиналысында көпшілік болған, бірақ бұл көпшілік тиянақты болмаған: әйтпесе сайламшылардың жалпы съезінен бірде-бір оңшылды өткізбес еді. Либералдар көпшілігінің тиянақсыз болғанын, тегінде, мына бір жағдай да дәлелдейді: жер иеленушілерден бір прогрессист және бір оңшыл сайланыпты: либералдардың көпшілігі тиянақты болғанда, соңғыны өткізбеуге тиісті еді.

Қазан губерниясында сайламшылардың құрамы куриялар бойынша мынадай: барлығы 117; оның ішінде шаруалардан 33, жер иеленушілерден 50, қала сайлаушыларының 1-съезінен 18, 2-съезінен 14 және жұмысшылардан 2. Демек, жер иеленушілер 1-куриядағы қала тұрғындарымен бірге көпшілік болып отыр (117-ден 50+18=68); — 3 июнь заңы бойынша барлық губернияларда не осындай көпшіліктің, не бұдан да гөрі «сенімді» көпшіліктің, яғни бір ғана жер иеленушілерден құралған көпшіліктің *қамтамасыз етілгені* жұртқа мәлім (губерниялық сайлау жиналысына жіберілген сайламшылардың басым көпшілігін жалғыз жер иеленушілер куриясы ғана біледі).

Либералдар Думадағы орындардың тең жартысын жеңіп алғанда, олар, сірә, жер иеленушілердің ішінде өте күшті болғандықтан жеңіп алса керек. Мұның керісінше, қала тұрғындары ішінде оңшылдар түгелдей дерлік үстем сияқты: бұлай демесек, губерниялық сайлау жиналысында либералдар көпшілік болып тұрғанда қалалық екі съездің екеуінен де оңшылдардың қалайша өтіп кеткендігін түсіндіру қиынға соғады. Кадеттер оңшылдарды өткізуге мәжбүр болды. Сайламшылар ішінде либералдардың көпшілік болуы жоғарыда көрсетілгендей тиянақсыз болып отырған жағдайда жұмысшы демократиясына қимыл жасауға қолайлы өріс ашылады: жалпы алғанда демократия күштерін ұйымдастыру үшін, соның ішінде Думаға социал-демократтар мен трудовиктерді өткізу үшін помещиктер мен капиталистердің арасындағы бақастықты пайдалануға қолайлы жағдай туады.

Егер, мәселен, сайламшылардың ішінде 57 оңшыл және сонша либералдармен қатар 3 демократ (оның ішін-

де екі социал-демократ жұмысшы және бір трудовик шаруа) болса, онда Думаға социал-демократтарды өткізу үшін осы үшеудің өзі де жеткілікті болар еді,— ал күштерді демократиялық жолмен жинастырудың игілікті міндеті, шаруалардан 33 сайламшы болған жағдайда бұл үшеудің алдында ашылатын осы міндет туралы айтып та отырғанымыз жоқ. Біз қағаз жүзінде кандидаттар ұсынғанда заң бойынша (сайлау туралы ереженің 125-статьясы) қажетті, минимум ретінде, үш адамды алып отырмыз: қағаз жүзінде үштен кем дауыс алған кандидаттар дауысқа қойылмайды. Егер тек либералдар тіпті губерниялық сайлау жиналысында социал-демократтан гөрі октябристі артық көретін күйге ұшырайтындай болып «ауа жайылып» («Вехи» бағытымен) кетпесе, заң талап ететін осы үшеу либералдардың демократқа қосылуы арқылы да бола алатындығы өзінен өзі түсінікті.

Оңшылдар мен либералдардың күштері тең болған жағдайда, оңшылдармен бірге либералдарға қарсы және либералдармен бірге оңшылдарға қарсы дауыс беру арқылы ешқайсысын да Думаға өткізбеу үшін, сөйтіп (сайлау туралы ереженің 119-статьясы негізінде) үзіліс жасату үшін тіпті бір демократтың өзі де жеткілікті,— үзіліс мерзімін, көрсетілген статья бойынша, жиналыстың өзі белгілейді, бірақ 12 сағаттан артық бола алмайды,— және содан кейін Думаға демократтарды өткізуді шарт етіп қою арқылы либералдар мен демократтардың келісімін ұйымдастыруға болады.

Қазан губерниясының мысалы жұмысшы саясатының IV Дума сайлауында мүмкін болатын екі бағытын (ал демек, *жалпы алғанда* жұмысшы саясатының бағытын да, өйткені сайлаудағы саясат — жалпы саясаттың жеке бір жағдайға қолданылуы ғана болып табылады) айқын көрсете алады. Бірінші бағыт: жалпы ереже бойынша, алдағысына ешбір қарамай, неғұрлым прогресшіл кандидатқа дауыс беру бағыты. Екінші бағыт: демократияны ұйымдастыру, бұл үшін оңшылдар мен либералдардың антагонизмін пайдалану бағыты. Бірінші бағыттың идеялық мәні — кадеттердің гегемониясына енжарлықпен бағыну; сәті түскен күнде бұл бағыттың

практикалық нәтижесі: оңшыл октябристер көпшілігінің есебінен (демократияшыл азшылықтың *кемуі* мүмкін болғанда) IV Думада октябристік-кадеттік көпшіліктің көбеюі. Екінші бағыттың идеялық мәні: кадеттердің шаруаларға және жалпы алғанда буржуазиялық демократияға жасап отырған гегемониясына қарсы күресу; сәті түскен күнде бұл бағыттың практикалық нәтижесі: IV Думада демократтар тобының молаюы, топтасуы, нығаюы.

Бірінші бағыт іс жүзінде либералдық жұмысшы саясатының бағытына әкеліп соғар еді. Екінші бағыт — маркстік жұмысшы саясаты. Бұл екі бағыттың мәнін неғұрлым толығырақ айқындауға бізге әлі талай рет қайтып оралуға тура келеді.

«Звезда» №№ 33, 34, 36 және 1 (37);
10, 17, 31 декабрь, 1911 ж.
және 6 январь, 1912 ж.
Қол қойған: Вильям Фрей және
В. Фрей.

«Звезда» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

ЕСКІ МЕН ЖАҢА

Ник. Николиннің «Звезданың» 29-номерінде «Ескінің ішіндегі жаңа» деген өзгеден ерек тақырыппен басылған мақаласы ерекше көңіл қоярлық әрі маңызды бірсыпыра мәселелерді көтереді. Сөз жоқ, Россияның жұмысшы демократиясын жақтаушылардың дәл, айқын және тиянақты іс бағытын айқындау мүддесі үшін бұл мәселелер жөнінде айтыс ашқан жөн.

Ник. Николиннің мақаласының басты кемшілігі оның көптеген қағидаларының өте-мөте тиянақсыздығы болып табылады. Автор өз сөздеріне түсінік бермей-ақ, менімен «бәлкім, көп мәселелерде келіспеген болар едім», деп отырса, онда мен, өз тарапымнан, мынаны айтуға тиіспін: Н. Николинде алауыздық тудыратын қағидалар жоқ, өйткені жалпы алганда жеткізе айтылған қағидалар жоқ.

Мысалы, Н. Николин «біздің қазіргі жағдайымыз... 1900-жылдардың бас кезіндегі жағдайға шамалас» деп ойлайтын адамдарға үзілді-кесілді қарсы шығады. Мұндай көзқарасты ол жұрт ескінің ішіндегі *жаңаны* бекерге шығарады деген мағынада түсіндіреді. Әлбетте, егерде олар мұны бекерге шығаратын болса, олардікі дұрыс емес. Әлбетте, Н. Николиннің ескінің ішінде жаңа бар, оны ескере білу керек, пайдалана білу керек деуі мың мәртебе дұрыс. Бірақ бұл жаңа нақ қандай, оны нақ қалай ескеру керек және т. т., мұны Николин айтпайды,— ал, екінші жағынан, оның оппоненттері «шамалас» деген сөзді нақ немене деп ұғынатындығын оның цитаты-

нан көре алмайсың. Егер ескінің ішіндегі жаңаны орыс марксистерінің бұдан дәл үш жыл бұрын, дауыл мен тегеуріннің үш жылынан кейін (яғни 1905—1907 жылдардан кейін) қалыптасқан саяси жағдайға бага бере келіп ескергеніндей ескерсе, онда менің пікірімше, «біздің қазіргі жағдайымыз тоғыз жүзінші жылдардың бас кезіндегі жағдайға *шамалас*» деп айту теріс болмаған болар еді. Ал егер мұндай қағида кезең мен міндеттерге алдын ала, дәл, айқын, тиянақты баға бермейінше ұсынылса, онда ол, әрине, дұрыс емес.

Ескі міндеттер, оларды шешудің ескі әдістері, міндеттерді шешуге әзірленудің жаңа тәсілдері,— міне, менің байқауымша, бұдан үш жыл бұрын берілген жауапты шамамен алғанда осылай айтып жеткізуге болатын еді. Ник. Николин соншама құштарланып, соншама дұрыс қорғап отырған іс — III Думаға қатысу, осы жауаптың тұрғысынан, *сөзсіз* керек болып көрінеді. Бұл қатысуды бекерге шығаратын немесе III Думаға қатысуды ашық, айқын, ешқандай бүкпесіз жақтап шығуға келгенде осы уақытқа дейін қобалжып жүрген «ағым» жұмысшы демократиясы деген атты бекерге иемденеді. Іс жүзінде бұл ағым әсте маркстік емес, анархистік идеялар шумағының «заңды бір сарыны» болғандықтан, жұмысшы демократиясынан тыс тұр.

«Қондырма» туралы мәселені алайық. «Бұрын,— деп жазады Ник. Николин,— бюрократия «бүкіл Россияның» бірден-бір және басты жауы болып табылатындай көрінуі мүмкін еді,— қазір ешкім олай деп ойламайды... Марковтар, Крестовниковтер, Волконскийлер, Пуришкевичтер, Гучковтар, Хомяковтар, Авдаковтар және басқалары — міне, осылардың бәрі бюрократияның күш алып отыратын және өзінің іс-әрекеті үшін сылтау — дәлел алып отыратын әлеуметтік ортаның өкілдері екенін біз жетерліктей жақсы білеміз».

«Бюрократияның» сауда-өнеркәсіп буржуазиясының шонжарларымен байланысын Ник. Николиннің бұл арада атап көрсетуі әбден дұрыс және ерекше құнды. Бұл байланысты бекерге шығару, қазіргі аграрлық саясаттың буржуазиялық сипатын бекерге шығару, жалпы алғанда «буржуазиялық монархияға айналу жолымен қа-

дам басқандықты» бекерге шығару XX ғасырдың бірінші он жылдығы әкелген жаңалыққа мүлдем ой жібермейтін, Россиядағы экономикалық және саяси қатынастардың өзара байланысын, III Думаның маңызын мүлдем түсінбейтін адамдардың ғана қолынан келеді.

Бірақ байланыс барлығын мойындау жеткіліксіз, бұл байланыстың нақты сипатын дәл көрсету керек. Жаңа бірдемеге айналу жолымен қадам басу ескіні ешбір жоймайды, айталық, «бюрократиялық» құрылысты, оның орасан дербестігі мен тәуелсіздігін, оның толмачевтік-рейнботтық (және басқалары, және басқалары) «өзгешелігін», оның финанс жағынан бақылаусыздығын жоймайды. Буржуазия шонжарларының қолдауынан «күш ала отырып», бюрократия олардың есебінен көбейіп отырған *жоқ,* қайта ескі, мүлдем ескі, революциядан бұрынғы (1905 жылға дейінгі) ғана емес, тіпті реформадан да бұрынғы (1861 жылға дейінгі) поместьелі және қызметтегі дворяндардың есебінен көбейіп отыр. «Өзінің іс-әрекеті үшін сылтау-дәлелді» едәуір дәрежеде буржуазия шонжарларынан ала отырып, бюрократия буржуазиялық іс-әрекетке нағыз крепостниктік, кілең крепостниктік *бағыт пен бейне* беруде. Өйткені егер прусс юнкері мен американ фермерінің буржуазияшылдығының арасында (сөз жоқ, екеуі де буржуа бола тұрса да) айырмашылық бар болса, прусс юнкерінің буржуазияшылдығы мен Марков және Пуришкевич «буржуазияшылдығының» арасындағы айырмашылықтың айқындығы одан осал емес, үлкендігі одан кем емес. Осы соңғылармен салыстырғанда прусс юнкері тіпті «европалықтың» дәл өзі деуге келеді!

«Бюрократияның» орасан дербестігі мен тәуелсіздігін ұмыту, мысалы, М. Александровтың белгілі кітапшасындағы басты, түбірлі, қатерлі қатесі болып табылады, ал Н. Р—ков жойымпаздық «Наша Заряның» 9—10-номерлерінде бұл қатені ақылға сыймастық дәрежеге жеткізеді. «Бюрократиялық» құрылыс дейтіннің саласында ескінің қаншалықты қалғандығының және «жаңаның» нақ қандай өзгеріс, дұрысында: түр өзгерісін, енгізгендігінің дәл анықтамасы жоғарыда көрсетілген, бұдан үш жыл бұрын берілген жауапта ғана айтылған.

«Басқа жолдар мен амалдарды іздестіруді» әсте бекерге шығармай, сол бір қырсық мәселелерге тікелей жауаптарды талқылауға, екінші рет және қайталап талқылауға зор маңыз бере отырып, алайда, мен, мәселен, жойымпаздардың «іздестіру» деген желеумен жүргізіп жатқан контрабандасына қарсы шықпай отыра алмаймын. Тегінде, «іздестіруші» Н. Р—ков пен «іздестірушілер» Потресовтардың, Ежовтардың, Чацкийлердің арасындағы алауыздықтар — либералдық жұмысшы саясатының *жеке тарамдарына* қатысы бар алауыздықтар. Әлгі «іздестірушілердің» бәрі маркстік жұмысшы саясатының емес, нақ либералдық саясаттың негізіне сүйенеді! «Жолдарды іздестіру», ол жолдарды, марксизм тұрғысынан қарап, кітаптарда, журналдарда және тағы сондайларда талқылау бір басқа да, практикалық басшы органдарда тиянақты жауаптар басып шығару бір басқа.

«Романтизм» туралы мәселені алайық. Романтизмді күні өткен үмітсіз «ескі» нәрсе деп айыптай отырып, Ник. Николин мынадай мысал келтіреді: «либерал өзін барлық езілгендердің қорғаушысы болып шығып отырғандай көрді, ал социалиске — бүкіл саналы және еңбекші Россия оның соңында тұрғандай болып көрінді». Бұл мысалдың тап күресін түсінбеушілікке қатысы бар, сондықтан, әрине, егерде Николин мұндай «социалист»— тегінде халықшыл — іс жүзінде мүлдем социалист емес, қайта өзінің демократизмін жалған социалистік сөзуарлықпен көлегейлейтін *демократ* десе, онысы әбден дұрыс болар еді. Бірақ романтизм туралы айтқанда, бұл терминді неғұрлым көп тарайтын, атап айтқанда либералдық баспасөз бетінде үстем болып отырған вехилік, яғни контрреволюциялық түсіндірушілікке соқпай өтуге болмайды. Мұндай түсіндірушілікке қарсы шықпауға болмайды. Мына «жаңаны» атап айтпауға болмайды: либерализм Россияда либералдық вехишілдік бағыт белгіледі, ал Милюков мырзалар іс жүзінде вехишілдік саясат жүргізе отырып, таза сөз жүзінде, таза дипломатиялық тұрғыдан осы бағыттан ат-тонын ала қашады.

Бұдан шығатын бірінші дәрежелі маңызы бар әрі практикалық қорытынды мынадай: либерализм мен демократияның арасындағы меже XX ғасырдың бірінші он жылының «жаңа» тәжірибесі негізінде айқынырақ белгіленуі керек. «Либерал оппозицияны реакциямен шатастыру», әрине, ақылға сыймайды, бірақ бұл қорытынды (Николин жасайтын қорытынды) қазір мен айтқан қорытындысыз мүлдем жеткіліксіз.

Жалпы алғанда, Ник. Николиннің тиянақсыздығының және оның жеткізе айтпаушылығының негізгі күнәсы оның нақ сол қорытындыларына әсер етті. Оның бірінші қорытындысын алыңыздар: «қимылдың ескі әдістеріне албырттық әуестену де, оған үзілді-кесілді теріс қарау да бірдей зиянды». Меніңше, бұл — диалектикалық емес, эклектикалық қорытынды. Албырттық албырттығымен қалады, сондықтан әрқашан және сөзсіз зиянды; ол жөнінде айтып жатудың да керегі жоқ. Қорытындының бұл бөлегіне өмірге бейім, диалектикалық мән беру үшін шамамен айтқанда былай деу керек еді: мынадай жайға қарамастап, дұрысында қимылдың ескі әдістеріне үзілді-кесілді дұрыс қарау керектігіне қарамастан, нақ сондықтан ғана III немесе IV Думаға қатысудан бас тартуды ақтауға тырысушылық асқан зор қате, құр бос сөз, мағынасыз айқай болған болар еді.

Бұл мәселеге ұзағырақ тоқтауға мүмкіндік болмағандықтан, мен сонымен, өз көзқарасым бойынша, мен цитатқа келтірген қорытындының екінші бөлімін қалай түзеген жөн болатындығын жол-жөнекей айтып өттім.

«Звезда» № 33, 10 декабрь, 1911 ж.
Қол қойған: В. Ильин

«Звезда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ШЕТЕЛДЕГІ БОЛЬШЕВИКТІК ТОПТАРДЫҢ КЕҢЕСІ[51]

14—17 (27—30) ДЕКАБРЬ, 1911 ж.

Партия ішіндегі істердің жайы туралы баяндама бойынша қарардың жобасы және Шетелдік ұйымның уставы туралы ұсыныс бірінші рет 1933 жылы Лениннің XXV жинағында басылды; конференция шақыру жөніндегі Россиялық ұйымдастыру комиссиясы туралы қарар — Шетелдік ұйым комитетінің «Хабарында» 1912 ж. 12 январьда басылды

Қолжазбалар бойынша басылып отыр; конференция шақыру жөніндегі Россиялық ұйымдастыру комиссиясы туралы қарар «Хабардың» тексті бойынша басылып отыр

1

ПАРТИЯ ІШІНДЕГІ ІСТЕРДІҢ ЖАЙЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Шетелдегі партиялық социал-демократиялық күштерді ұйымдастыру және большевиктердің міндеттері

Шетелдегі социал-демократиялық ұйымдардың жағдайы қазіргі уақытта өте-мөте жайсыз.

1908 жылдан бастап, социал-демократиялық баспа орны барған сайын шетелге ығыса бастағаннан бері және пленумға дейін, меньшевиктік топтардың партиядан мүлдем бөлініп кетуі салдарынан ең маңызды орталықтардың бәрінде ұйымдық жағынан әбден жікке бөлінушілік орын алып келді.

Пленум (1910 ж. январь) жойымпаздыққа қарсы және шақырымпаздыққа қарсы өзі бір ауыздан бекіткен бағыт негізінде бірлік орнатуға әрекет жасады, оның үстіне әсіресе шетелде толық бірлік орнатуға ынта-жігермен шақырды.

Алайда іс жүзінде жойымпаздар мен шақырымпаздардың пленум шарттарын орындамауы салдарынан, пленумнан кейін де шетелдегі топтар еш жерде біріккен жоқ. Керісінше, ыдырау бұрынғыдан да гөрі күшейе түсті, өйткені іс жүзінде впередшілдер большевиктерден, плехановшылдар меньшевиктерден оқшауланып кетті. Қосарлас топтар,— «бірінші» және «екінші» немесе меньшевиктік және большевиктік топтар,— дәстүр бойынша өмір сүре берді, іс жүзінде олар азды-көпті ынтымақты және бірлескен социал-демократиялық жұмыс жүргізе алатын элементтерді әсте біріктірген жоқ.

Қазіргі уақытта шетелде іс жүзінде фракциялық жағынан оқшау—өзара тек формальды түрде байланысты,

ал көбінесе мүлдем байланысы жоқ — большевиктік, «ымырашылдық», впередтік, «голостық» және «плехановтық» топтар бар, бұлар бір-бірінен мүлдем тәуелсіз, әр түрлі идеялық бағыттар жүргізеді және Россиядағы белгілі бір социал-демократиялық элементтермен оқшау байланыстары бар.

Большевиктер мен партияшыл-меньшевиктердің күшімен Россияда Россиялық ұйымдастыру комиссиясының құрылуы және Россиялық ұйымдастыру комиссиясының бұл коллегиясының РСДРП жалпы партиялық конференциясын шақыруға жігермен кірісуі партияның тарихында батыл бетбұрыс жасайды, берекесіздік пен ыдыраушылық жағдайынан құтылудың бірден-бір мүмкін болып отырған және өмірдің өзі белгілеген жолын көрсетеді.

Іс жүзінде шын социал-демократиялық жұмысты пленумнан кейін — әсіресе 1910 жыл бойы өте-мөте ауыз бірлікпен — большевиктер мен партияшыл-меньшевиктер ғана жүргізді. Голосшылдар орыстың өздерін партиядан тыс қойған жойымпаздық тобы *«Дело Жизни»* мен *«Наша Зарының»* шетелдік бөлімшесінен басқа түк те емес, ал шетелдік «Вперед» тобы, шақырымпаздықты бүркемелеуін және өздерінің лидері Луначарский арқылы діни насихатты жүргізуін қоймай, мүлдем социал-демократиялық *емес* жұмыс жүргізуде.

Большевиктер мен партияшыл-меньшевиктер құрған әрі Россиядағы жергілікті социал-демократиялық ұйымдардың бәрі дерлік тегіс қолдаған Россиялық ұйымдастыру комиссиясы қазір социал-демократиялық партиялық жұмыстың іс жүзіндегі бірден-бір және толық праволы орталығы болып табылады.

Большевиктердің біртұтас шетелдік социал-демократиялық ұйымы болып біріге отырып, кеңес шетелдегі әлі тоқтамай отырған жікке бөлінушілік үшін жауапкершілікті орыс орталығы — Россиялық ұйымдастыру комиссиясын қолдағысы келмейтін немесе Россиядан қол үзгендердің «келісім жасауды айла етуін» қоймай жүрген топтарға, социал-демократиялық *болмай,* орыстық жұмыстан қол үзгендерді осынысымен қолдап отырған топтарға артады.

Шетелдегі большевиктік ұйым Россиялық ұйымдастыру комиссиясын қолдауға, партиялық, яғни жойымпаздыққа қарсы және шақырымпаздыққа қарсы (сол сияқты, құдайшылдыққа қарсы) бағыт ұстауға әзір отырған қандай ағымдағы болса да социал-демократтардың бәрін тарту үшін, [оларды] өзіне қосуға және біртұтас партиялық ұйымға біріктіру үшін бұрынғысынша бар күшін жұмсайды.

Жойымпаздық және шақырымпаздық ағымдарға қарсы күресу,—ыдырап бара жатқан шетелдік идеясыз топтарға қарсы күресу—барлық шын социал-демократиялық партияшылдардың және әсіресе партияшыл-меньшевиктердің топтасуына көмектесу — Россиялық ұйымдастыру комиссиясына көмектесу,— шетелдік партия ұйымының практикалық міндеті, міне, осындай. Біз Орталық Орган мен «Рабочая Газетаны» партияшылдар *екеуін бірдей* қолдауға тиісті органдар деп санаймыз, өйткені (шетелдік) партияшыл-меньшевиктерді шеттетуді ештеңемен ақтауға болмайды және бұл айтылған органдарда партия шешімдеріне сай келетін *бағытты* ешбір өзгертушілік жоқ.

1911 ж. кеш дегенде
14 (27) декабрьде жазылған

2

ШЕТЕЛДІК ҰЙЫМНЫҢ УСТАВЫ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫС [52]

Шетелдік ұйымның істерін басқару үшін Шетелдік ұйым комитетін сайлай отырып, кеңес оған барлық ескертпелермен қоса уставтың жобасын береді, Комитетке топтардың пікірін сұрап, осындай сұрау жүргізу арқылы уставты біржола бекітуді тапсырады.

Ленин

1911 ж. 16 (29) декабрьде жазылған

3

КОНФЕРЕНЦИЯ ШАҚЫРУ ЖӨНІНДЕГІ РОССИЯЛЫҚ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ҚАРАР [53]

Кеңес партияның көптен бері-ақ, кемінде екі жыл бойы, партия конференциясын шақыруды шұғыл қажет деп тауып келе жатқандығын көрсетеді. Қазіргі уақытта әр түрлі кедергілерге қарамастан, бұл істі жүзеге асыруға, ақырында, батыл қадам жасалды. Россияда жергілікті ұйымдардың бәрі (Киев, Баку, Тифлис, Екатеринослав, Екатеринбург, С.-Петербург, Москва, Николаев, Саратов, Қазан, Вильно, Двинск, Нижний Новгород, Сормово, Самара, Тюмень, Ростов ұйымдары және басқалары) қолдаған Россиялық ұйымдастыру комиссиясы құрылды.

Кеңес Россиялық ұйымдастыру комиссиясының құрылуын құптайды және оны бар күшін салып қолдау — партияның әрбір мүшесінің борышы деп мәлімдейді.

1911 ж. 17 (30) декабрьде жазылған

САЙЛАУ НАУҚАНЫНЫҢ ПРИНЦИПТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

I

IV Думаның сайлауы таяп қалды, сондықтан сайлау науқаны туралы мәселенің кезекке қойылуы табиғи нәрсе. Марксизм тұрғысынан қарағанда сайлауға қатысудың қажеті бар ма деген қандай да болса қобалжудың мүлдем жолы жоқ екендігін айтып жатудың да керегі жоқ: қатысуға теріс немесе тұрлаусыз, не болмаса тіпті немқұрайды қарайтын көзқарастар сарынының марксизм мен жұмысшы партиясының шеңбері ішінде емес, марксизмнен және жұмысшы партиясынан *тыс* жерде ғана «заңды» болып танылуы мүмкін. Бұдан көп жыл бұрын (1907 жылдың аяғынан бері) дәлелденген және тәжірибемен қуатталған бұл айқын ақиқатты қайталау, бәлкім, ыңғайсыз да шығар, бірақ мұны қайталауға тура келеді, өйткені біз үшін қазір ыдыраушылық пен быраушылықтан асқан пәле жоқ. Ал бұл бытыраушылық пен ыдыраушылықты жалпыға түсінікті мәселелерге тиянақсыз немесе жалтара жауап беретіндер ғана емес, дипломаттығы, идеясыздығы және т. с. бойынша тиянақсыздық пен жалтарғыштықты қорғайтындар да қолдап отыр.

Мемлекеттік думаның сайлауы барлық марксистерді, жұмысшы қозғалысына қатысушылардың бәрін бұл қозғалыстың барлық салаларында мейлінше жігерлі, қажырлы, инициативалы жұмыс істеу үшін бар күшті жұмсауға мәжбүр ететіні табиғи нәрсе. Бұл жұмыстың принципті-программалық, саяси, ұйымдық мазмұны мен бағыты туралы мәселелерге соңғы жылдар ішінде бел-

гіленген жауаптар «сайлау» қызметінің арнаулы саласында қазір практика жүзінде қолма-қол қолданылуға тиіс.

Бұрын белгіленіп қойған жауаптар туралы біз әдейі айтып отырмыз. Егер жауаптар әлі табылмаған болса, ойластырылмаған болса, бірнеше жыл ішіндегі жұмыс тәжірибесімен сыналмаған болса, қазір, сайлаудан бірнеше ай бұрын немесе тіпті бір жыл бұрын ол жауаптарды «тауып» үлгіруге болады деп ойлау, шынында, ерсі болар еді. Өйткені әңгіме жалпы дүние танымға да, орыс тарихының оқиғаларға өте бай өткен дәуіріне баға беруге де және үстіміздегі дәуірге (негізгі белгілері ең әрісі 1908 жылдан бастап айқындалған дәуірге) баға беруге, жұмысшы қозғалысына қатысушы әрбір адам соңғы, айталық, төрт жыл ішінде әрқилы шешіп келген саяси, ұйымдық міндеттерге де қатысы бар «қырсық мәселелердің» *бәрінің* жауаптары туралы болып отыр ғой. Қазір тек белгіленген жауаптар мен қызмет тәсілдерін жұмыстың осы айрықша саласына, IV Думаның сайлауына қолдану туралы ғана сөз етуге болады; «сайлау науқанының үстінде, яғни қызмет салаларының бірінде *барлық* қызмет салаларына қатысы бар, 1912 жылға ғана емес, 1908 жылдан бергі барлық дәуірге қатысы бар мәселелерге жауап белгілеуге болады» деп айту, бұл туралы айту — өзін өзі жалған үміттермен жұбату немесе өріс алып отырған бытыраушылық пен ыдыраушылықты бүркеу, ақтау деген сөз болар еді.

Әңгіме ең алдымен программалық мәселелерге жауап беру туралы болып отыр. Бұл тұрғыдан орыс өмірінің соңғы төрт жылы не берді? Бұл төрт жыл ішінде марксистердің ескі программасының принциптік бөлімін қайта қараудың, немесе түзеудің, не болмаса бұдан әрі талдап жасаудың ешқандай әрекеті болмағандығын барлық жұрттың бәрі мойындауға тиіс болады. «Қазіргі кезеңге» тән сипатты нәрсе — оны көп жағынан «тоқыраған» немесе «шірік» кезең деп атау дұрысырақ болар еді,— программаға жек көрушілікпен қол сілтеу және тікелей, батыл қайта қарауға сәл де болса әрекет *жасамай* оны барынша қысқартуды, кесіп-кемітуді көздеу-

шілік болып табылады. Маркстік ақиқаттарды буржуазиялық жолмен мағынасынан жұрдай қылу өзіне тән мәні болып отырған «ревизионизм» — үстіміздегі заман үшін «көтеріліс туын» көтеруші (ең болмаса Бернштейннің Германияда бұдан 10 жылдай бұрын істегеніндей, ал Россияда Струвенің бұдан 15 жылдай бұрын немесе Прокоповичтің біраз кейін істегеніндей) айбынды ревизионизм ретінде емес, көбінесе «практикалық», ең алдымен, бейне бір практикалық пікірлермен ақтамақ болып қорқақтықпен, жасырыпып-тығылумен безушілік ретінде сипатты болып отыр. Струве мен Прокоповичтің мирасқорлары әрі «ісін» алға алып барушылары болған Потресов, Маслов, Левицкий мырзалар және К^0 өріс алған бытыраушылыққа «қатысты» және (екінші жағынан Юшкевич, Богданов, Луначарский және т. т. секілді) «ескі» марксизмді қабылдамай тастауға, оны «жаңа» буржуазиялық іліммен ауыстыруға тырысқан көбінесе жасқаншақ, жүйесіз әрекеттерімен ол бытыраушылықты қуаттап отырды. Теориялық мәселелер соңғы төрт жыл ішінде алдыңғы орындардың біріне кездейсоқ қойылып отырған жоқ, «топтардың» қыңырлығынан қойылып отырған жоқ. Ескіден үрейлене безетін адамдар ғана бұл мәселелерді, ол мәселелердің ең болмағанда белгілі бір бөлегін, «түкке тұрғысыз» деп қарады. Ал қазір, сайлау науқанына байланысты, сайлау науқанының «үстінде» программаны және марксизмнің дүниеге көзқарасын қорғау туралы және т. т. айтатын болсақ,— бұл туралы айтқанда «қазыналық» міндетті орындау үшін ғана емес, түк айтпай өту үшін емес, шындап айтатын болсақ, онда сөздерді, уәделерді, сендірулерді есепке алмай, бастан кешірген төрт жылдың нақ сол *тәжірибесін* есепке алу керек. Бұл төрт жыл біздің (көбінесе маркстік болғысы келетін) интеллигенцияның арасында марксизмнің толып жатқан «сенімсіз жолбикелері» бар екендігін бізге іс жүзінде тағы да көрсетті, ол мұндай жолбикелерге сенбеуге үйретті, ол алды-артын ойлайтын жұмысшылардың ойында маркстік теория мен маркстік программаның күзелмеген түріндегі маңызын *көтерді.*

Программаның тактикаға жақындасатын және оған көшетін мәселелер саласы бар. Бұл мәселелер, әрине, сайлау науқаны кезінде анағұрлым зор тікелей практикалық маңыз алады. Бұл мәселелерге келгенде безушілік пен бытыраушылық рухы әлдеқайда күшті байқалды. Ескі міндеттер қалады, өйткені Россияда өкімет, шын мәнінде, буржуазиялық өкіметке айналды деді біреулер. Россияның бұдан былайғы дамуы 1848 жылдан кейінгі Германияның немесе Австрияның дамуына ұқсап, ешқандай «күрт өзгеріссіз» бола алады деп мәлімдеді енді біреулер. Жұмысшы табы гегемониясының идеясы ескірді, марксистер «гегемонияға *емес, қайта* таптық партияға» талпынуға тиіс деді үшіншілер және т.т.

«Жойымпаздық» деп әділ аталған және демократизмнен кейін қарай бұрылған буржуазиялық қоғамдық пікірдің кең тасқынымен тығыз байланысты бұл идеяларды талдап қарамайынша, тактиканың бірде-бір, тіпті ешбір мәселесін шешуге болмайтындығын, азды-көпті тұтас, толық, байланысты етіп көрсетуге болмайтындығын айтудың да қажеті жоқ. Кімде-кім практикалық өмірге азды-көпті зер салған болса, ол адам бұл мәселелер саласындағы бытыраушылық әдебиет бетінен көріп жүргенімізден жүз есе күшті екенін біледі. Әрине, 1905 жылдың аяқ шеніндегі және 1906—1907 жылдардағы оқиғалардан кейінгі жылдарда басқаша болуы мүмкін де емес. Бірақ бұл ыдыраушылық (буржуазиялық жағдайда) неғұрлым «табиғи» болса, оған қарсы жан-жақты әрі табандылықпен күресу міндеті марксистер үшін соғұрлым аса қажет және соғұрлым маңызды.

Россиядағы соңғы төрт жыл сияқты дәуірлерде ыдыраушылық пен безушілік барлық елдерге тән болды: тіпті топтар да қалмай, он жыл және одан астам уақыт бойы осындай жағдайда «туды жоғары ұстай» білген, сабақтастық идеяларын сақтай білген, ол идеяларды кейін барынша өзгерген әлеуметтік-саяси жағдайда қолдана білген жекелеген адамдар ғана қалған кездері болды. Россияда істің жайы әлі онша жаман емес, өйткені бізге программа да, «кезеңнің» негізгі тактикалық және ұйымдық мәселелері жөнінде *тұжырымдалған*

жауаптар да «мұраға» қалды. Жойымпаздық ағым бұл жауаптан безгенде оған дәлме-дәл және айқын жауапқа ұқсас ештеме, тіпті түк те қарсы қоя алмай отыр.

Сайлау науқаны саяси мәселелердің тиянақты шешімін күрделі насихаттық, үгіттік, ұйымдық және т. т. жұмыстарға қолдану болып табылады. Тиянақты шешім болмайынша, бұл науқанның маңына жолауға болмайды. Ал 1908 жылдан бастап марксизм берген, тұжырымдалған жауап торт жылдың тәжірибесімен толық қуатталды. Үкіметтің аграрлық саясатының жаңа, буржуазиялық мазмұны; III Думада помещиктер мен буржуазияның ұйымдасуы; буржуазиялық партиялардың ішіндегі тіпті ең «солшылы»— кадеттік партияның «лондондық» сапарымен және жалғыз ол емес басқа да әрекеттерімен соншама айқын көрсеткен қылығы; «білімді» қоғамға әбден жаққан «вехилік» тұрпаттағы идеялық ағымдар,—осының бәрі ескі міндеттердің орындалмағанын, бірақ оларды орындауға жақындау жаңа жагдайда, анағұрлым буржуазиялық жағдайда, буржуазияның демократизмді *тастап,* жауапты, партиялық, «түзу ниетті» және т. т. «оппозицияға» *қарай* үнемі бет бұруы тұсында жүріп жатқанын айқын көрсетті. Жаңа жағдай, ескі проблемаларды ескіше шешуге әзірленудің жаңа тәсілдері; демократия мен антидемократиялық либерал буржуазияның арасындағы жіктің айқын анықтала түсуі;— қазіргі заманның түбегейлі саяси мәселелеріне марксистердің тұжырымдалған жауабының негізгі белгілері осы.

Ұйымдық мәселелерге жауап марксистердің жалпы дүние танымына, «үшінші июньдік» дәуірдің саяси мәні мен мазмұнына баға берулеріне тығыз байланысты болып отыр. Ескіні негіз етіп сақтау және оны жаңа жағдайға бейімдеу,— әр түрлі «мүмкіндік» дейтіндер: ашық қоғамдар, одақтар және т. с. Ұялар және солардың төңірегіндегі, солармен байланысты, солар бағыт сілтеп отыратын желілер. «Ұялардың» көбірек оралымдылығы, олардың ескі формаларға барлық жағынан ұқсас бола бермейтін анағұрлым икемді формаларды қабылдауы,— Дума мінбесін ғана емес, осыған ұқсас әр түрлі «мүмкіндіктерді» де міндетті түрде пайдалану.

Ешқандай біркелкі нормамен, ешқандай міндетті формалармен әсте қол байламай, ұштастырудың мақсатқа қолайлы тәсілдері мен әдістерін белгілеуге кең өріс қалдыра отырып, бұл жауап принциптік жағынан мызғымастай «мықты»— нақ осы жауап өріс алып отырған бытыраушылыққа, безушілікке, абыржушылыққа ескіден айнымайтындығын сөз жүзінде жариялауды ғана емес, сонымен бірге идеялық тұрақтылықты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін негізгі ұйымдық принципті де қарама-қарсы қояды. Сол «қор жинаған» адамдар, саны аз болса да, бірігуде және «иерархияны»: оның, әрине, формаларын емес, оның рухын, оның ілімін, оның принциптерін, оның дәстүрлерін үнемі қорғауда.

Жойымпаздық, мұның керісінше, өріс алып отырған (*әсте* бір бізде ғана емес, әсте тек жұмысшы табында емес, қайта басқа таптар мен партияларда одан да күшті) формасыздық алдында *тайынады*, ескінің жолында жұмыс істеуді тастайды, сөйтіп «жаңаны» іздестіруін бытыраушылықты заңдастыруға айналдырады. Буржуазиялық қоғамның жалпы алғанда демократияға қарсы, атап айтқанда бұқараның қозғалысына қарсы, әсіресе бұл қозғалысты ұйымдастырудың және оған басшылық етудің күні кешегі формаларына қарсы бағытталған кең идеялық ағымында марксистердің арасындағы жойымпаздық — тек жалғыз жылға ғана.

Марксизмнің жалпы қағидалары, қазіргі заманның міндеттері мен мәселелеріне оның көзқарасы оның, қайталап айтамыз, әлдеқашан белгіленген және енді «сайлау науқанында» тұтас мазмұнмен —идеялық, программалық, тактикалық, ұйымдық мазмұнмен жүзеге асырылуға тиісті көзқарасы осындай.

II

Сайлау науқаны туралы мәселе жөнінде жойымпаздық ағымның бас органы—«Наша Заряның» ұстанып отырған позициясын қарауға кірісейік.

Марксизмнің рухына сылдыр сөзден жексұрын нәрсе жоқ. «Наша Заряның» 6 және 7—8-номерлерінде ең алдымен жағымсыз таң қалдыратыны—нағыз тартарен-

дік сылдыр сөздің адам айтқысыз көптігі. Барлық елдердің марксистері үшін сондай дағдылы, тіпті Россияда *екі рет* кең көлемде өткізілген сайлау науқаны сияқты науқанды біздің жойымпаздықтың Тартарендері[54] көпірме сөздермен, құр бос сөздермен қоршалған бірдемеге айналдырғаны сонша, тіпті шыдамың жетпейді.

Юрий Чацкий мырза «Бастайтын уақыт жетті» деген мақаласында жойымпаздардың көзқарастарын баяндауды *бастайды* да, әсемдеп, қырпауды, әдеби безендіруді Л. Мартов мырзаға қалдырып, бұл баяндауын, асылында, қожайын ретінде *аяқтайды.*

Юрий-Тартареннің шимайының үлгісі мынадай:

«...Сайлау науқаны ұйымдық жағынан толық бір орталыққа бағынған түрде өтеді деп батыл сенуге бола қоюы екіталай, дегенмен біз айтқан барлық жолдар арқылы бұған ұмтылу керек.., саяси науқанның барысында социал-демократ жұмысшыларды саяси жағынан біріктірудің нәтижелерін ұйымдық жағынан баянды ете отырып...»

Құдайдан қорықсаңызшы, Троцкийдің аса ардақты бәсекелесі! Саяси науқанның барысындағы саяси жағынан біріктірудің нәтижелері туралы бұл бос сөздермен жалпы алғанда оқушының, әсіресе жұмысшының құлағын тұндырудың не керегі бар! Ол нәтижелерді баянды ету туралы! Бұл — бос сөздер ғой, түсінікті нәрсені қиындата қайталап айтып маңғаздану ғой. Ұйымдық жағынан «баянды ету» әрқашан, сайлаудан бұрын да, сайлаудан кейін де керек. Сайлауды саяси науқан деп атап және, «маңғаздылыққа бола» тағы да «бірсыпыра (!) бүкіл россиялық (!) саяси науқандар» туралы айтып, сіз даурықпа сөздің шуымен *қалай* ұйымдасу керек деген шын маңызды, өмірлік, практикалық мәселені *көлегейлейсіз.* «Ұялар» және олардың айналасында азды-көпті ашық, баянсыз одақтар желісі керек пе? керек пе, жоқ па? Егер керек болса, онда олар сайлаудан бұрын да, одан кейін де керек; сайлау — жұмыстардың бірі, көп жұмыстардың бірі. Егер *бұрыннан* ұдайы жұмыс жүргізілмеген болса, сайлау науқанының барысында сіз *ештеңені* «баянды» ете алмайсыз. Одан түк өнбейтінін әрбір практик түсінеді. Даурықпа сөздермен бұл арада сайлау жұмысы үшін ғана емес, жұ-

мыс атаулының бәрі үшін қалай ұйымдасу керек деген *негізгі* мәселеге дәл жауаптың жоқтығы бүркемеленеді.

Сайлау жөнінде *«пролетариатты жауынгерлік жұмылдыру»* туралы (sic!* 49 б.), «жұмысшы бұқарасын кең және ашық жұмылдыру» (54) және т. т. және т. с. туралы айтудың өзі — ешқандай нысап сезімінің жоқтығы деген сөз ғана емес, «шақырымпаздарда», «ультиматистерде» және т. с. қандай болса, *дәл сондай сипаттағы* сөзуарлыққа баулу арқылы жұпыны, лажсыздан жұпыны болып отырған жұмысқа тура зиян тигізу деген сөз. Олардың айтуынша «рухтың» өшпегендігін (ал жұмыстың «рухы» жұмыстың барлық саласының, соның ішінде сайлау жұмысының өзегі болуға тиіс) бойкотпен айрықша баса корсету керек болып шығады,— жойымпаздардың айқайшыларының айтуынша сайлау бәріне де, «жауынгерлік жұмылдыруға» да (орыстың «марксист»-сымағы мұндай заттарды көшіріп алуға қалай ұялмайды десеңізші!), «саяси науқанның барысындағы саяси жағынан біріктірудің нәтижелерін ұйымдық жағынан баянды етуге» де жеткізетін болып шығады! 1912 жылдың сайлауы (егер 1908 және 1911 жылдардың жағдайын түбірінен өзгертетін жағдайлар тумаса) «бұқараны» «кең» *де,* «ашық» *та* жұмылдырмайтынын» және «жұмылдыра» алмайтынын біздің бәріміз өте жақсы білеміз. Ол кең емес және шамалы ғана ашық жұмысқа азын-аулақ мүмкіндік береді, сондықтан бұл мүмкіндікті пайдалану керек, ал Троцкийдің лепірме сөздеріне еліктемеу керек.

Сайлау жөніндегі «ашық» ұйымдар туралы айқай салу тура ақылсыздық: одан да гөрі, *тым* ашық істемей-ақ қояйық, жұмысшы әріптестер, дейміз біз,— *неғұрлым көбірек топтарға* ықпал жасау үшін «ашық» өмір сүру туралы мылжың сөзден гөрі бұл дұрысырақ, орындырақ, ақылға сыйымдырақ, *пайдалырақ* болады. Біздің заманымыз сияқты заманда «ал мен бәрін ашық айта аламын» деп не мүлдем ақымақ, не мүлдем ұшқалақ адамдар ғана айқайлап мақтана алады.

---

* — солай! *Ред.*

«...Партия (таптық партия) талапты жұмысшы авангардының ұйымдастыру творчествосының нәтижесі ретінде ғана пайда болады» (41).

Уһ! Аясаңыздаршы! Дүние жүзінде партияны ондаған жылдар бойы алдыңғы қатарлы жұмысшылар да, толығымен жұмысшылардың жағына шыққан шын марксист «интеллигенттер» де қалыптастырып, өсіріп келді ғой. Бізде де бұдан басқаша *болуы мүмкін емес*, сондықтан «творчество» туралы (әліппені жаттауға және іргe қалау үшін кішкентай, жай ғана тастарды тасуға тура келіп отырғанында), «талапты» авангард және басқалары туралы даурықпалы бөспе сөздермен орыс жұмысшы-оқушыны шошытудың түкке керегі жоқ. Мартов мырза да Чацкий-Тартаренмен әуестенулі және ол ескі персоналдың «өзін өзі жоюының» (№ 7—8, 42-бет.) орнын басатын «жұмысшы табының өздерін өзі ұғынатын элементтері» дегенді айтуға дейін барып отыр (бұл да сонда).

Мықтырақ болу үшін! «Талаптылар», «өзін өзі ұғынатындар», «творчестволық», «жауынгерлік жұмылдыру», «ең кең», «ең ашық»... Бұл—Щедриннің сөзін қолданамын — тіл әзәзілдігінен адамдардың қалай жүрегі айнымайды екен?

Ал әңгіме мынада: жұмысшыны (ал интеллигентті одан бетер, өйткені жұмысшылар à la Юрий Чацкий стилін мазақ етеді, ал онымен көбіне гимназистер *«әуестенеді»)* есеңгірететін және топастандыратын шым-шытырық, тыраштанған сөздерді түсінікті, айқын, етене жақын мәселелерге жазушының түсінікті, тура, айқын жауабы *болмаған* күнде қолдануға *тура келеді. Күңгірт* пікірдің күңгірт, көпірме, бөспе сөздерге айналатыны туралы бұл ақиқатты біз сайлау платформасы жайындағы мәселеде әсіресе айқын көрсете аламыз.

III

Юрий Чацкий мырза да сайлау платформасының маңыздылығы туралы өте-мөте желпіне сөйлейді. Платформа туралы мәселе — «ең іргелі мәселелердің бірі». Өте жақсы! «Социал-демократ жұмысшылар оны (плат-

форманы) сезіммен ұғынуға (!!), ойластырып алуға, *өзінікі* деп есептеуге тиіс» (курсив Юрий Чацкийдікі).

Платформаны жұмысшылардың *ойластырып алуға* тиіс екені — дұрыс. Маркстік дерлік журналдарда жазып жүрген интеллигенттердің де платформаны ойластырып алғаны мүлдем артық болмас еді. Ал енді платформаны «сезіммен ұғыну» дегеннің мәнісі не екенін түсіну қиын. Бәлкім, өзін-өзі ұғынатын жұмылдырылушы бұқараның талапты авангардының сайлау платформасын «сезіммен ұғынуы» туралы Неведомский мен Луначарский мырзалар «Наша Заряның» келесі номерінде «сезіммен ұғынған» мақалалар жазар?

Не болмаса Ф. Дан мырзаның мақаласынан асыл бір үзінді тілесеңіз мынау: «...сайлау тактикасының жасаушысы мен жүргізушісі нақ кім екендігіне: социал-демократиялық жұмысшы авангардтың өзін-өзі басқаратын коллективі мен оның барлық пролетарлық және интеллигенттік күштері ме, не болмаса интеллигенцияның, тіпті «социал-демократиялық» болса да, бірақ ондай коллектив ұсынбаған, оның бақылауымен және ықпалымен жұмыс істемейтін интеллигенцияның белгілі бір кішкене топтары ма,— міне, осыған байланысты сайлау тактикасы өзінің мәні мен саяси мазмұнын мүлдем өзгертіп отырады...». Потресов пен Дан әсте «интеллигенцияның кішкене тобы» емес, *қайта* «авангардтың өзін өзі басқаратын коллективі ұсынған» және «оның бақылауымен жұмыс істейтін» адамдар екендігіне, шынында, кім күмәндана алады! Ой, жойымпаздықтың Тартарендері-ай!

Юрий Чацкий, Л. Мартов және Ф. Дан платформаны ойластырып алды ма екен? «Мойындау ұят, жасыру да күнә,— деп жазады олардың біріншісі,— бізде платформа өз бетімен қалып, сайлау алдындағы сөздер мен мақалаларда басқа бірдеңе айтылып, біреу ойға, біреу қырға тартқан кездер болды».

Шындықтың аты шындық. «Бізде» бұл өте жиі болып тұрды.

Мәселен, Юрий Чацкий сезіммен ұғынылған платформа туралы сезіммен ұғынылған сөздер айтқаннан кейін *бірыңғай* платформаның маңыздылығы мен керектігі

туралы сезіммен ұғынылуы бұрынғыдан кем соқпайтып ұзақ-ұзақ сөздер айтуға кірісіп отыр. Егер саяси көзқарастарда бірлік болмаса, *бірыңғай* платформа бола ала ма?— деген түсінікті мәселе сезіммен ұғынылған сөздермен әдейі көлегейленіп отыр. Ал егер көзқарас бірлігі бар болса, онда сөзді босқа шығын етудің және онсыз да айқын нәрсені түсіндірмек болып әуреленудің қажеті не: платформа дегеніміз көзқарастарды баяндау ғой!

Ал Юрий Чацкий болса, «бірыңғай» платформа туралы «турасын айтпай, тұспалдай» сөйлеп келеді де, абайламай өз «сырын» мыжып айтып алады. «Біз Думадағы социал-демократиялық фракцияның мақұлдауына (платформаны) аса зор маңыз береміз,— деп жазады ол,— бірақ, осының өзінде фракцияның оған шетелдік үйірмелер еріксіз қабылдатқан платформаны мақұлдап, ауырдың үстімен кетпеуі сөзсіз шарт...» (50).

Мұның аты: der König absolut, wenn er unseren Willen tut,— король *біздің* айтқанымызды істеп отырса, ол жалғыз әмірші, деу болады. Егер «шетелдік үйірмелер еріксіз қабылдатқан» платформа мақұлданып қоймаса, платформаның бірыңғай болғаны жақсы. Демек, *қолда* екі платформа *бар болды* ғой? біреуі,— сіз «шетелден еріксіз қабылдатылған» деп сөгетін платформа (Пуришкевичке лайықты терминология! ойлап қана көріңізші: Юрий Чацкий Потресовтың журналында Мартовпен, Данмен қоян-қолтық бірігіп, шетелден еріксіз қабылдату туралы жазады! Кемелденбеген адамдарды осындай тәсілдермен «шетелге» айдап салу үшін қалай құлдырау керек!). Екінші платформа, сірә, шетелден емес, жұмылдырылып жатқан бұқараның кең және ашық ұйымдарының өзін-өзі басқаратын коллективінен шыққан платформа болса керек. Шимай-шатпақсыз, түсініктірек етіп айтқанда: «мүмкін болып отырған орталықтанудың екінші элементтері ашық жұмысшы қозғалысымен тығыз байланысты және саяси науқандар жүргізу үстінде барған сайын орнығa түсіп, беделге ие болып отырған социал-демократ (?) қызметкерлер тобы. Біздің айтып отырғанымыз әсіресе Петербург және

соңғы жылдың саяси науқандарындағы оның басшылық ролі». Юрий Чацкий осылай жазады.

Мұның сыры белгілі болды: «орталықтану элементі» дегеніңіз Потресов мырзаның журналы бойынша жұрттың бәріне жақсы мәлім Петербург жойымпаздарының «тобы» екен. Түсінікті, әбден түсінікті, сүйікті Юрий Чацкий!

Платформа бірыңғай болуға тиіс, *бірақ*... оны «шетелдік үйірмелер еріксіз қабылдататын» болмауы керек, қайта ол Петербург жойымпаздарының «тобын» қанағаттандыратын болуы керек... «Бірлікті» жанын салып жақтайды-ау осы Юрий Чацкий!

IV

Л. Мартовтың айтатын «платформасының негізгі қағидаларын» қарап көрейік... Мұның негізіне ол — күткендей-ақ, әрине,— программаны алады. Мартов бұл программаны бөлім-бөлімі бойынша және өз сөзімен баяндап береді. Мартов *өзі* «Наша Заряның» 7—8-нөмерінде баяндаған *сол* программаны уағыздап отыр ма, осы арасы көмескі қалып отыр: ескі программаның *бұл* бөлшегі, сірә, Ларин үшін де, Левицкий үшін де, Прокопович үшін де қолайлы болса керек. Әлде Мартов *ескі* программаны *түгел* қабылдап отыр ма?

Мартовтың мақаласының бір жері осы соңғыны көрсететіндігін атап өтуді әділеттік талап етеді; атап айтқанда: ол — 48-бетіндегі бір жері, онда кейде «айқын түрде айтып жеткізбеуге» тура келеді, (бұл рас), бірақ *бас тартпаған* жөн делінген. «Біздің талаптарымыздың мазмұнын *кесіп-кемітуге*»— «бізді көндіре алмайды». Бұл өте жақсы сөздер. Өкінішке орай, бұл сөздерге *іс* сай келмей отыр, өйткені, мәселен, «реформист екен деп (Мартов) күмәнданбайтын» Лариннің *кесіп-кемітіп* және *бас тартып* отырғанын біз өте жақсы білеміз. Мартовтың да өзінің дәл сол мақаласында «кесіп-кемітпеуге» және «бас тартпауға» уәде бере отырып, іс жүзінде кесіп-кемітіп және бас тартып отырғанына көп ұзамай-ақ көзіміз жетеді.

Демек, іс жүзіндегі жағдай мынадай: платформаның құрамдас бөлегі және негізі болып табылатын программа туралы мәселе жөнінде бір емес, екі платформа бар: біреуі — кесіп-кемітуі мен бас тартуы *жоқ*, ал енді біреуі — бағыты Лариннің, Левицкийдің, Потресовтың уағыздарының сипатымен айқын көрсетілген кесіп-кемітуі мен бас тартуы *бар* платформалар.

Бұдан әрі тактика туралы мәселе келеді. Үшінші июнь дәуірінің тарихи мағынасына баға берілуге тиіс және біздің міндеттерімізді белгілеудің *барлығы*, қазіргі саясаттың қандай да болсын жалпы және жеке мәселелері жөніндегі біздің *барлық* «пікірлеріміз» осы бағаға негізделуі тиіс. «Қазіргі кезеңге баға беруді» келеке қылу жойымпаздардың әдеті және жойымпаздыққа тән қасиет болғандығына қарамастан,— Мартовтың өзі де мұның іргелі мәселе екендігін мойындауға мәжбүр болып отыр. Сөйтіп, бұл мәселеге берілген «ескі», қалыптасқан жауап жөнінде Мартов былай деп мәлімдейді:

> ««Буржуазиялық монархияға айналу жолында («айналу жолымен» деу дәл цитат болар еді) жасалған қадам» туралы айтып, «үшінші июнь» дәуірінің тарихи мағынасын сәтсіз, өйткені адастыруы мүмкін, формуламен анықтауға тырысты...»

«Сәтсіз» формула... Бұл қалай жұмсақ айтылған! Ал Мартовтың әріптестері бұл формуланы өздеріне бірден-бір құтқарушы болып көрінетін көзқарасты толығымен принципті түрде теріске шығаратын формула деп қарағанына көп болып па еді? Ф. Данның: «бір рет талқандалып шыққан жаққа қарай өңмендегілері келеді» деп айтқанына көп болып па еді? Не болып қалды? Үшінші июнь дәуірінің тарихи мағынасы туралы мәселе жөнінде түбірлі алшақтық бар ма, жоқ па?

Бұдан әрі тыңдаңыздар:

> «...Мұндай тұжырымда абсолютизмді жүргізушілер мен жер иеленуші дворяндардың арасында өкіметті бөлуге қарай *кері басқан* қадамның нақтылығы жоғалады. Жоғарыда айтылғаннан мынадай қорытынды шығады: 1905 жылдың оқиғаларынан кейін бұл бөлістің жүзеге асуын мүмкін еткен бірден-бір формалар тарихи міндеті — «буржуазиялық монархияны» құру жолында қызмет ету болып табылатын әлеуметтік күштердің жұмылуы және ұйымдасуы үшін қолайлы жағдайлар туғызды...»

Бұл әлеуметтік күштер, Мартовтың айтуынша, «жария немесе төзуге болатын оппозиция болуға» үшінші июнь дәуірі «право берген» буржуазия болып табылады.

Ал Мартовтың пайымдауына зер салып көріңіздерші. Ол «сәтсіз формуланы» жазғырғанда бұл формула *өкіметтің* кері басқан қадамын ұмытады деп қана жазғыратын *секілді* болады. 1-ден, бұл —іс жүзінде дұрыс емес. 1908 жылдың «формуласына» келгенде Мартовтың жолы болмайтыны ғажап: бұл туралы айтуға кірісе-ақ болғаны, өзіне өте жақсы мәлім «формуланы» дәл айтып бере білмеушіліктің (немесе оны тілемеушілік пе?) лезде байқалатыны ғажап. «Формулада» *крепостник*-жер иеленушілердің қолында (Ларинше айтар болсақ, буржуазиялық жер иеленушілер деу керек еді, олар емес) «олардың өкіметі мен кірістерін» сақтау туралы тура да нақты айтылады! Демек, егер өкіметті осылай бөлуді «кері басқан қадам» деп атаса, біздің формуламызда бұл кері басқан қадамның жоғалмайтыны былай тұрсын, қайта мейлінше дәл көрсетіледі. 2-ден, және *бұл ең бастысы,* өкіметтің кері басқан қадамы туралы айта отырып, Мартов осы арқылы *либерал буржуазияның кері басқан қадамын* көлегейлеп көмескілейді. Міне, мәселе қайда! Мартовтың көлегейлейтін пайымдауының мәнісі осында.

Либерал буржуазияның кері басқан қадамы — бұл буржуазияның *вехишілдігі,* оның демократизмнен безуі, оның «тәртіп партияларына» *жақындауы,* ескі режимнің «буржуазиялық монархияға айналу жолымен» болмашы «қадам басып» қалпында қалуға тырысқан әрекетін оның қолдауы (тікелей және жанама, идеялық және саяси қолдауы). Буржуазиялық монархияның контрреволюцияшыл —(вехишіл) либерал буржуазиясыз қалыптаса алмайтыны былай тұрсын, қалыптаса бастай да алмайды. Мартовтың мұны «ұмытып» отырғанының бар себебі бәрінен бұрын және ең алдымен оның өзі марксистердің арасындағы... «вехишіл» болуынан.

Үшінші июнь дәуіріне баға бергенде либерал барлық назарын өкіметтің Пуришкевичтерге қарай, «кері қадам» басқанына аударады: егер сол өкіметтің өзі режимнің (және *демократияға* қарсы қысым жасаудың) сол

негізгі белгілерін сақтай отырып, оған қарай, либералға қарай, «қадам» басқан болса, оған бар керегі осы. Мен, либерал, «мемлекетке қарсы», жолдан тайған, балалық, қылмысты, «ұрлық», адамгершіліктен айрылған, құдайдан безген, «Вехиде» тағы да немене деп айтылатын демократияның шын, байсалды, мейірімсіз жауы екенімді «Вехимен», вехишілдік саясатпен (Милюковтың «Лондоны») дәлелдедім. Осыған қарамастан, өкіметті менімен емес, Пуришкевичпен бөлісіп отыр! — үшінші июнь дәуірінің либералдық саясатының *мағынасы,* міне, осындай, Струве мен Милюков мырзалардың «столыпиндік либерализмінің» мағынасы, міне, осындай. Мен саған жан-тәніммен берілгенмін, дейді либерал, өкіметке телміре қарап, ал сен менен Пуришкевичті артық көресің!

Мұның керісінше, үшінші июнь дәуіріне пролетарлық демократияның көзқарасы принциптік жағынан, түбірімен өзгеше. Пуришкевичтерге қарай «кері қадамды» өкімет дамудың бұрынғыдан анағұрлым жоғары, өзгеше сатысында жасап отыр. 80-жылдарда да дворяндыққа қарай «кері қадам» жасалған болатын, бірақ ол кері қадам дворян-помещиктің «плутократиясыз», темір жолдарсыз, өсіп отырған үшінші элементсіз басқарған кезінде, Николай заманының уақытынан ұзап кеткен, реформадан кейінгі Россияның сатысында жасалған қадам еді. Қазір де солай, Пуришкевичтерге қарай жасалған «кері қадам» буржуазиялық аграрлық саясаттың негізінде, буржуазияның ұйымдасқан түрде және берік түрде өкілдікке қатысуы негізінде жасалып отыр: бұл — демократияға *қарсы,* бұқараның қозғалысына қарсы, «асқынушылық» дейтіндерге қарсы, «интеллигенттік (Вехи) революция» дейтінге және т. т. қарсы әрі пуришкевичтік, әрі милюковтық жалпы бетбұрыстағы Пуришкевичтің гегемониясы.

Либералдың міндеті — Пуришкевичті ол «ығысатындай» етіп, либерализмге көбірек орын беретіндей етіп, бірақ пуришкевичшілдіктің барлық экономикалық және саяси негіздерін әсте де жер бетінен мүлдем жойып жібере алмайтындай етіп «қорқыту». Жалпы алғанда демократтың, әсіресе пролетарлық демократия өкілінің,

марксистің міндеті—дәл әлгіндей етіп жоюды көздеп төменгі топтарды майданға тарту үшін күшті жанжалды пайдалану. Жалпы алғанда Россияны қайта құру міндетінің тұрғысынан қарағанда, үшінші июнь дәуірінің тарихи мағынасы дәл мынада: буржуазиялық монархияға айналу жолындағы бұл жаңа қадам таптардың шегін барлық жағынан бірдей көбірек айыра түсуге қарай, атап айтқанда, либерализм (Пуришкевичтерге «жауапты» оппозиция) мен демократияның (пуришкевичшілдіктің барлық негіздерін жою) шегін көбірек айыра түсуге қарай басқан қадам.

Осыдан келіп, «сәтсіз тұжырымды» ғана сынағандай болып отырған Мартовтың *іс жүзінде либералдық жұмысшы саясатының* платформасын беріп отырғандығы айқын. Ол ескі өкіметтің Пуришкевичтерге қарай «кері қадам» жасағанын көреді де, либерал буржуазияның ескі өкіметке қарай кері қадам жасағанын көрмейді. Ол 1905 жылдың оқиғалары либерал буржуалардың Пуришкевичтерге қарсы және Пуришкевичтермен қатар «жұмылуы мен ұйымдасуы» үшін қолайлы жағдайлар жасағанын көреді, бірақ ол бұл оқиғалардың вехишіл, контрреволюциялық, либерал буржуазияның демократияға қарсы, бұқараның қозғалысына қарсы жұмылуы мен ұйымдасуы үшін «қолайлы жағдайлар» жасағанын *көрмейді.* Сондықтан, Мартовтың цитатынан: жұмысшылар либералдардың Пуришкевичтерге қарсы күресінде *оларды* «қолдауы» керек, *гегемонияны* либералдарға беруі керек деген қорытынды сөзсіз шығады,— ал либералдардың вехишілдігіне *қарамастан,* Милюковтардың Пуришкевичтермен қатарласа орын алуға тырысуына *қарамастан,* жұмысшылар пуришкевичшілдіктің ең терең тамырларын (және ең биік шыңдарын) толық жою жұмысына төменгі топтарды көтеруі керек деген қорытынды эсте шықпайды.

Бұдан әрі Мартовтың Ларинмен жеке мәселелерде ғана, либералдық жұмысшы саясатының міндеттерін тұжырымдау тәсілдерінде ғана ажырасып, негізінен алғанда онымен келісе алатындығының және келісуге тиіс екендігінің себебі осыдан келіп айқын болады. Бізде қазірдің өзінде-ақ буржуазиялық монархия бар, дей-

ді Ларин, біздегі жер иелері енді «крепостниктер» емес, аграрийлер, яғни буржуазиялық, селолық кәсіпкерлер. Сондықтан бізде күн тәртібінде тарихи «күрт өзгерістер» тұрған жоқ, бізде «гегемония *емес, қайта* таптық партия» болуға тиіс (Левицкий), біздің міндетіміз — өзіміздің дербестігімізді сақтай отырып* либерал-конституцияшылдарды қолдау. Бізде әлі буржуазиялық монархия жоқ, деп қарсы болады Мартов, бірақ абсолютизм мен конституционализмнің ұштасуы қайшы келетіндігін және біз «ескі режимді қайшылықтарының Ахиллес өкшесіндей жанды жерінен ұстауға» тиіс екенімізді білу біз үшін «әбден жеткілікті». Айтысушы екеуі де туған немесе туып келе жатқан буржуазиялық монархияның либерал буржуазияның контрреволюцияшылдығымен байланысын көрмейді, бұлардың екеуінде де Россияны буржуазиялық жолмен қайта құрудың көлемін ғана емес, тұрпатын да анықтау жөніндегі «гегемонның» қызметі көрінбей қалып қояды; бұлардың екеуінде де — олар мұны айтса да, айтпаса да—жұмысшы табы жаңа, буржуазиялық Россияда «жайғастырылады», пуришкевичшілдіктің барлық негіздерін бекерге шығара алатын демократияны соңынан ерте отырып Россияны *жайғастырмайды.*

V

Мартовтың бұдан арғы пайымдауларының оны бұдан да гөрі айқын соққылайтындығы қызықсыз емес.

> «...Мәселен,— деп жалғастырады Мартов,— 1815 жылы қайта қалпына келтірілген Бурбондар буржуазиялық монархия құрған жоқ, бірақ өздерінің және соңынан ілескен дворяндардың үстемдігіне буржуазиялық таптың ұйымдасуын тездеткен және 1830 жылдың буржуазиялық монархиясын құруға қабілетті күш болып өсіп-жетілуіне мүмкіндік жасаған саяси формалар беруге мәжбүр болды...»

Тамаша. 1815 жылғы Бурбондарға дейін, 1789 жылға дейін Францияда феодалдық, патриархтық монархия

* «Алдағы конституциялық жаңартуда өзімізді қорғау керек»,—деп жазды Ларин.

болды. 1830 жылдан кейін монархия буржуазиялық монархия болды. Ал Мартовтың (өз сорына) айта бастаған монархиясы, яғни 1815—1830 жылдардағы монархия қандай монархия болды? Бұл монархияның «буржуазиялық монархияға айналу жолындағы қадам» болғаны айқын. Мартовтың мысалы оның өзіне керемет қарсы шығады! Мұнан әрі. Францияда либерал буржуазия дәйекті демократияға өзінің дұшпандығын 1789—1793 жылдардағы қозғалыста-ақ байқата бастады. Демократияның міндеті әсте буржуазиялық *монархия* құру болған жоқ, мұны Мартов өте жақсы біледі. Сөйтіп Францияда жұмысшы табы бастаған демократия либерал буржуазияның ауытқуларына, опасыздықтарына, контрреволюциялық ниет-пиғылына *қарамастан,* бірсыпыра ұзақ ауыр «науқандардан» кейін, 1871 жылдан бастап орныққан саяси құрылысты жасады. Буржуазиялық революциялар заманының бас кезінде француз либерал буржуазиясы монархияшыл буржуазия болды; буржуазиялық революциялардың ұзақ дәуірінің аяқ шенінде — пролетариаттың және демократияшыл буржуазиялық («солшыл блокшыл», Л. Мартовтың ашуы келіп жүрмесін!) элементтердің бас көтерулерінің батылдығы мен дербестігі артқан сайын — француз буржуазиясы түгелімен республикашыл болып *өзгеріп кетті,* қайта тәрбиеленді, қайта оқытылды, қайта туды. Пруссияда, жалпы алғанда Германияда да, буржуазиялық революциялардың өне бойында помещик гегемонияны өз қолынан шығармады да, буржуазияны өзіне айнымастай ұқсас етіп «тәрбиеледі». Францияда буржуазиялық революциялардың барлық сексен жылының ішінде пролетариат ұсақ буржуазияның «солшыл блокшыл» элементтерімен түрліше ұштаса отырып, төрт реттей гегемонияны жеңіп алды, осының нәтижесінде буржуазия өзінің антиподына неғұрлым ұнамды саяси құрылыс орнатуға тиіс болды.

Буржуазияның да буржуазиясы бар. Буржуазиялық революциялар бізге буржуазияның өзінің де, жұмысшы табының да әр түрлі топтарының, жіктерінің, элементтерінің бірігуінің мейлінше әр алуан үлгілерін көрсетіп отыр. XX ғасырдың бірінші он жылдығындағы орыс

буржуазиялық революциясының нақты мәселелеріне жауапты буржуазиялық революцияның сөздің нағыз тар мағынасындағы «жалпы ұғымынан» алып «саусақтан сору» — марксизмді либерализмге дейін апарып бұрмалау деген сөз.

«Мәселен,— деп жалғастырады Мартов,—1848 жылғы революцияны ауыздықтағаннан кейін прусс өкіметі конституцияны және жер иелену мақсаты үшін ұйымдастырылған заң шығару өкілдігін енгізуге мәжбүр болды; ал конституциялық-парламенттік құрылыстың осы болымсыз ұрықтарының негізінде буржуазия саяси жағынан ұйымдасты, бірақ оның мемлекетті «буржуазиялық монархияға» айналдыруды аяқтауының осы уақытқа дейін сәті түспей отыр.

Сонымен, жоғарыда айтылған тұжырымның қатесі — онда таптардың батыл соқтығысу кезеңінің жоқтығы, ал мұнсыз үшінші июнь тұрпатындағы шараларда білінетін объективті тенденция өмірде жүзеге асырыла алмайды!»

Мұның шынында керемет екені рас емес пе? Реформистік пайымдауларды, теорияларды, платформаларды эсерлі-маркстік және эсерлі-революциялық түрдегі сөздермен комкеруге келгенде Мартов жымын білдірмей жібереді! Мартов сынап отырған нақ осы «формула» жөнінде Ф. Дан «бір рет талқандалып шыққан жаққа қарай өңмендегілері» келетін адамдардың жер-жебіріне жеткен болатын. Жұмысшы табы «революцияны күтіп» емес, әншейін «өзінің айрықша мүдделерін берік және жоспарлы түрде қорғау үшін» ұйымдасуға тиіс деп жазды Ю. Ларин. Енді келіп Мартов жаңалық ашады: формуланың қатесі — онда *таптардың батыл соқтығысу кезеңінің жоқтығы.* Тіпті тамаша!

Бірақ Мартовтың бұл сөзінде сайқымазақтықтан басқа тағы бірдеңе бар. Мартов жымын білдірмейтін жалтарғыштықпен айтып отыр. Ол өзінің *қандай* таптар туралы сөз етіп отырғанын айтпады. Мұның алдында жер иелері мен буржуазия туралы сөз болған еді. Бұл арада Мартов *тек* жер иелері мен буржуазияның арасындағы батыл соқтығыс туралы айтып отыр деп жорамалдауға болады. Мартовтың цитатқа келтірілген сөздерін *осындай* жорамал тұрғысынан қарағанда ғана «ілтипатқа алуға» болады. Бірақ оның есесіне *мұндай* жорамал оны либералдық жұмысшы саясатының уағыз-

даушысы немесе қорғаушысы ретінде айрықша айқын көрсетіп береді.

Біздің формулада жер иеленуші тап пен буржуазиялық тап арасындағы «батыл соқтығыс кезеңі жоқ» па екен! Рұқсат етіңіз: біздің формулада бұл таптардың *«ұсақ тартыстары»* туралы тура, ашық, дәл айтылады. Біздің көзқарасымыз тұрғысынан қарағанда бұл таптардың арасындағы тартыстар *ұсақ*. Бұл таптардың *емес*, басқа таптардың арасындағы соқтығыстың ірі маңызы бар, ал «формулада» әрі қарай бұлар туралы дәл сондай тура және дәл сондай анық айтылған.

Демек, мәселе былайша қойылып отыр. Кімде-кім маркстік көзқарасты ұстанатын болса, ол Россияны «үшінші июнь дәуірінен» құтқаруды «таптардың батыл соқтығысынан» басқа ештеңеден күте алмайды. Қазіргі Россияда *қандай* таптар батыл соқтығыса алатындығын және соқтығысуға тиіс екендігін (субъективті тиістіліктің емес, объективті қажеттіліктің мағынасында) білу үшін «үшінші июнь дәуірінің» тарихи мағынасын әбден ұғынып алу керек. Мартов, сірә,—барлық жойымпаздардың ойлайтынындай,— Россияда батыл соқтығыс помещьелі дворяндар мен либерал буржуазияның арасында болады деп ойлайтын болу керек. (Жақшаның ішінде айта кетелік: егер «Наша Заря» мен «Дело Жизнидің» платформасының жобасында осы көзқарас *тура* айтылатын болса, онда жойымпаздар жұмысшыларға мұнда істің мәні неде екенін түсіндіріп, жұмысшы қозғалысына үлкен қызмет көрсетеді; ал егер бұл әдеби органдардың платформасында бұл көзқарас тура айтыл*маса,* онда мұның мәнісі — платформа көзқарастарды жасыру үшін жазылады, платформа екі журналдың екеуінің де уағызының шын идеялық мазмұнына қайшы келеді деген сөз болады.)

Біздің ойымызша — және біздің «формулада» бұл тура айтылған: Россияның ескі үлгідегі помещьелік жер иеленушілігі мен либерал буржуазиясының арасында батыл соқтығыс болмақшы *емес*; бұл таптардың арасында соқтығыс болмай қоймайды, бірақ «ұсақ тартыстар» түрінде болады, Россияның тағдырында бұлар

ештеңені «шешпейді», жақсылыққа қарай ешқандай шешуші, елеулі өзгеріс жасай алмайды*.

Шын батыл соқтығыс — буржуазиялық қоғамның, яғни товар өндірісі мен капитализмнің негізіндегі және солардың шеңберіндегі соқтығыс *басқа* таптардың арасында болғалы тұр.

Мұндай пікір неге негізделген? Әрі теориялық пікірлерге, әрі 1905—1907 жылдардың тәжірибесіне негізделген. Бұл үш жылдың ішінде Россия таптардың қатты соқтығысын басынан кешіргені сондай, бұл соқтығыс таптардың арасындағы қатты соқтығыстардың бүкіл дүние жүзілік тарихындағы алғашқы орындардың бірін алады. Солай бола тұрса да, тіпті бұл үш жылдың ішінде, буржуазиялық бостандықтың ең қарапайым шарттары мен кепілдіктері ол кезде әлі болмаған буржуазиялық қоғамның жағдайында, помещьелік жер иеленушілік пен либерал буржуазияның арасындағы, либерал буржуазия мен ескі өкіметтің арасындағы соқтығыс қатты да, батыл да болған жоқ. Қайта шаруалар мен помещиктердің арасындағы, жұмысшылар мен капиталистердің арасындағы соқтығыстар қатты және батыл — азды-көпті қатты және батыл болды.

Бұл құбылыс немен түсіндіріледі? Ең алдымен либерал буржуазия помещьелік жер иеленушілікпен тым тығыз экономикалық арқаулар арқылы байланысты, олардың мүдделері өзара тым астасып жатыр, сондықтан либерал буржуазия үшін помещьелік жер иеленушілікті әсте жою емес, оны реформалау ғана қауіпсіз және ұнамды болып көрінетінімен түсіндіріледі. Жоюдан гөрі ең баяу, тіпті байқаусыз-баяу реформалау

---

* Бұдан, әрине, либерал буржуазия помещьелі жер иеленушілікпен бірге «реакцияшыл бір көпшілік» болып табылады, либерал буржуазияның помещьелік жер иеленушілікпен жанжалдары саясатта ешқандай роль атқармайды, ол жанжалдар демократиялық қозғалысқа түрткі бола алмайды, бұл жанжалдарды елемеуге болады деген қорытынды шықпайды. Мұндай қорытындылар дұрыс қағиданы мағынасыздыққа дейін жеткізгендік болар еді, бұл қағиданың қандай шектерде дұрыс екендігін түсінбегендік болар еді. Әділеттік пен әділетсіздіктің шектері мен шарттарын түсінбеу жағдайында мағынасыздыққа дейін жеткізілген «асқан әділеттіктің асқан әділетсіздікке» айналатыны мәлім ғой: summum jus — summa injuria. Орыс марксизмінің тарихынан мына фактіні еске салайық: белгілі Лондон конгресінде Россиядағы либерал-буржуазиялық партияларға (оларға кадеттік партияны бас етіп) нақ тексте баяндалған баға берілді, соның өзінде «халыққа саяси тәрбие беру мүдделері үшін бұл партиялардың жұмысын пайдалану» қажет деп танылды[35].

артық,— либерал буржуалардың басым көпшілігі осылай пайымдайды; ал Россияның *осы күнгі* экономикалық және саяси жағдайында бұл тап басқаша пайымдай *алмайды*.

Бұдан соң, мәселен, стачкалық қозғалысты алатын болсақ, онда Россия жоғарыда айтылған үш жылдың ішінде бұл қозғалысты дүние жүзінің ең алдыңғы қатарлы, неғұрлым капиталистік елдерінің бірде-бірінде болып көрмеген биікке дейін дамытқан болып шығады. Либерал буржуазияның ескілікпен араны батыл үзгеннен гөрі еңбектің ескірген жағдайларын ең баяу, байқаусыз-баяу реформалаған артық; ескіліктен араны батыл үзгеннен гөрі оны сақтаған артық деп пайымдамай *қоймайтыны* осыдан келіп шығады. Мұның керісінше, шаруалар үшін және жұмысшылар үшін олардың экономикалық жағдайлары мұндай пайымдауды *мүмкін емес* етті; бұл арада экономикалық жағдай шын мәнінде қатты, шын мәнінде батыл соқтығыстар тудырды. Халықшылдардың шаруалар жөнінде, Троцкийдің жұмысшылар жөнінде ойлайтынындай, бұл соқтығыстар буржуазиялық қоғамның шеңберінен тысқары шығады деп ойлау қате. Бірақ ескінің, тозығы жеткеннің, буржуазияға дейінгінің *бәрін осы* соқтығыстардың, *тек осылардың ғана* ақырына дейін жоя алатындығына, мүлдем құрта алатындығына (соқтығыстардың белгілі бір аяқталуы тұсында) зәредей де күмән болмасқа тиіс.

Орыс помещиктері, Пуришкевичтен бастап тура Долгоруковқа дейін, біздің либерал буржуазияны тарихта әлі болып көрмеген сервилизм, кертартпалық, өзгерістерден қорқу рухында тәрбиеледі және тәрбиелеп отыр. Орыс шаруалары—Россияның *осы күнгі* экономикалық және саяси жағдайы *тұсында* — халықтың *буржуазиялық* жігі болып табылады, жұмысшылар тарапынан бағыт сілтеуші қатынас болған жағдайда «соқтығысулар» заманы, буржуазиялық революциялар заманы (бұл сөздің тарихи-методологиялық мағынасында алғанда) бұл жіктен жоғарыда айтылған сүйкімді қасиеттерімен ерекшеленбейтін буржуазияны *тәрбиелейді*. Тәрбиелей ала ма? бұл сұраққа жауапты Россиядағы буржуазиялық қозғалыстар заманы аяқталғанда ғана

беруге болады. Ал ол уақытқа дейін Россиядағы саяси ой-пікірдің барлық прогресшіл бағыттары Россияны Пуришкевичтер үшін зиянсыз түрде қайта құруға, жаңартуға тырысатын либерализмнің гегемониясына бейім тұруына қарай немесе шаруалардың таңдаулы элементтерін соңынан ертіп отырған жұмысшы табының гегемониясына бейім тұруына қарай негізгі екі тұрпатқа сөзсіз бөлінетін болады.

Мен «бейім тұруына» дедім, өйткені белгілі бір саясаттың таптық тамырларын түсіну мағынасында алынатын саналылық прогресшіл бағыттардың бәрінде бар деп ойлауға тура келмейді. Бірақ егер бұл тамырларды іздеп таппаса, жұмысшы табының айрықша мүдделерін қорғау да, оны буржуазиялық Россиядағы болашақ роліне әзірлеу де, қоғамдық күштердің объективті ара қатынасына байланысты қалайда сол басты екі арнамен: не либерализмнің (Пуришкевичтердің соңынан немесе солармен қатар жүретін либерализмнің) *соңынан* ілесу арнасымен немесе либерализмнің ауытқуларына, жау жағына шығып кетуіне, вехишілдігіне *қарамастан,* демократияшыл элементтерді алға бастау арнасымен жүретіндігін түсінбесе, марксистердің марксистер болуына болмайды.

VI

Сонымен біз атышулы «солшыл блокшылдық» туралы мәселеге таяп келдік. Юрий Чацкий мен Ф. Дан солшыл блокшылдыққа қарсы зығырдандары қайнап отыр десек асыра айтқандық болмас; аталған саясатшылардың екіншісінің тарапынан мұның табиғи бола түсетіндігі — оның 1907 жылы көктемде Петербургте кадеттермен блок жасасуға бола жұмысшылар ісіне опасыздық істегенін және жұмысшылар ұйымын жікке бөлгенін бірдемемен бүркеуі керек қой! Бірақ егер сайлау келісімдері туралы ғана емес және тіпті ол туралы емес (қазіргі сайлау заңының тұсында «солшыл блок» практикада өте сирек қолданылды), бүкіл сайлау насихаты мен үгітінің жалпы сипаты мен мазмұны туралы айтса, солшыл блокшылдық туралы мәселе — көңіл қоярлық әрі маңызды принципті мәселе. Ел ішіндегі

ең саны көп демократияшыл бұқараны (шаруаларды және егінші емес ұсақ буржуазияның жақын топтарын) «кадеттер мен марксистердің бірін таңдауға көндіру»; әрі ескі режимге қарсы, әрі толқымалы контрреволюцияшыл либерал буржуазияға қарсы жұмысшылардың және шаруалар демократиясының «бірлесіп қимылдау» бағытын ұстану,— «солшыл блоктық» тактиканың негізі мен мәні, міне, осында, ал бұл тактикаға 1905 жылғы оқиғалардың барысы да (жұмысшы және шаруа қозғалысы), бастапқы Думалардың екеуінде бірдей «еңбек» және жұмысшы топтарының дауыс берулері де, демократияның түбегейлі мәселелеріне әр түрлі партиялардың баспасөзінің көзқарасы да және тіпті *III* Думаның «шаруалар тобының» (бұл топта оңшыл элементтердің көп болуы тұсында!) аграрлық мәселе жөніндегі позициясы да ізгі сипат берді. Кадеттердің өздері де мойындағанындай, *үшінші* Думаның 43 шаруасының жер жөніндегі жобасы кадеттік, либералдық жобадан әлдеқайда демократияшыл екені мәлім!

Күмән жоқ, жойымпаздар «солшыл блокшылдықтан» нақ осы, жалпы принциптік мағынада бас тартады. Олардың солшыл блокшылдықтан безуі — демократия ісіне опасыздық жасау болып табылатыны да күмәнсыз. Дүние жүзінде «солшыл блоктық» тактиканың мысалдары мен үлгілерін көрсетіп бермеген *бірде-бір* буржуазиялық-азаттық қозғалыс болған жоқ, осының өзінде бұл қозғалыстардың *барлық* жеңісті кезеңдері *әрқашан* осы тактиканың табыстарына байланысты, либерализмнің ауытқулары мен опасыздықтарына қарамастан күресті осы жолмен бағыттауға байланысты. Нақ осы «солшыл блоктық тактика», қала «плебсінің» (= қазіргі пролетариаттың) демократияшыл шаруалармен одағының өзі XVII ғасырдағы ағылшын революциясына, XVIII ғасырдағы француз революциясына өріс пен күш берді. Бұл туралы Маркс пен Энгельс 1848 жылы ғана емес, одан әлдеқайда көп кейін де талай рет айтқан болатын. Бұдан бұрын талай рет келтірілген цитаттарды келтіріп жатпау үшін Маркс пен Лассальдың 1859 жылғы жазысқан хаттарын еске салайық. Лассальдың «Зикинген» деген трагедиясы

жөнінде Маркс драмада келтірілген тартыс «қайғылы тартыс қана емес, сонымен қатар ол 1848 және 1849 жылдардың революциялық партиясын күйретпей қоймаған қайғылы тартыстың нақ өзі» деп жазды. Сөйтіп Маркс, лассальшылдар мен эйзенахшылдардың[56] алда болатын алауыздықтарының *барлық* бағытының жалпы бейнесін белгілей отырып, Лассальды *«лютерлік-рыцарьлық* оппозицияны *плебейлік-мюнцерлік* оппозициядан жоғары қойып»[57] қателесіп отыр деп кінәлады.

Бұл арада бізге Маркстің кінәлауының дұрыс-бұрыстығы туралы мәселенің қатысы жоқ: Лассальдың бұл кінәлаудан жігерлі түрде қорғанғанына қарамастан, біз Маркстің кінәлауы дұрыс деп ойлаймыз. Маңыздысы мынау: «лютерлік-рыцарьлық» (XX ғасырдың бас кезіндегі орыс тіліне аударғанда либералдық-помещиктік) оппозицияны «плебейлік-мюнцерлік» (дәл әлгіндей аударғанда пролетарлық-шаруалық) оппозициядан *жоғары* қоюды Маркс те, Энгельс те көрінеу қате деп санады, социал-демократ үшін мүлдем жол беруге болмайтын нәрсе деп санады!

Солшыл блоктық тактиканы сөгіп, жамандағанда, жойымпаздар қандай да болса буржуазиялық-демократиялық қозғалыста жұмысшы партиясының бәрі үшін «солшыл блокшылдықтың» міндетті екені туралы бұл арада көтерілетін түбегейлі принципті мәселені у-шулы сөзбен басып тастауға тырысады. Мәселені принципті тұрғыдан қоюға шамалары келмегендіктен олар өз сөздері өздеріне қарсы келіп, кісі күлерлік қайшылықтарға ұрынады. Мысалы: «солшыл блоктан» індеттен бетер қорқатын сол әлгі Л. Мартов «платформаның негізгі қағидаларында» аграрлық программаны тұжырымдай келіп, былай деп жазады: «мәдениетті даму үшін бұрынғысынша ең дұрысы, ең зиянсызы және ең тиімдісі помещиктік жерлерді қазіргі иелерінің қолынан алып, халыққа беру болып қала береді». Ойпырым-ай! байқамай национализацияға дейін айтып салды-ау! Бұл біріншіден. Ал, екіншіден, дұрыс ойды айтып, Мартов (өзінің әріптесі Череванинге қарама-қарсы: оның «Қазіргі жағдай» туралы 1908 жылғы *вехишілдік* кітабын қараңыз) *солшыл блоктық* ойды айтты, өйткені

оның белгілеген аграрлық программасы әрі ескі режимге қарсы, әрі *кадеттер сияқты либералдық партияларға қарсы солшыл блоктық* қимылдардың программасы болып табылады!! «Есіктен қуып шығарылған табиғат терезеден қайта кіреді»!!

Л. Мартов тұжырымдаған аграрлық программа сондай, онда жұмысшылар да, халықшылдардай идеологиялық көсемдері бар трудовик-шаруалар да бірігеді (іс жүзінде бірігеді, яғни қандай да болса «келісімдерден» *тәуелсіз* жақындасады). Мұның керісінше, мұндай аграрлық программа жұмысшыларды да, трудовик-шаруаларды да, екеуін бірге, кадеттерден (және жалпы либерал буржуазиядан) *айырады.* Егер сіздер осы әбден даусыз саяси қорытындының үстіне, аграрлық мәселе (демократиялық аграрлық қайта құру туралы мәселе) біздің азаттық қозғалысымыздың мәселелерінің бастысы екендігін еске алсаңыздар, онда сіздер Мартовтың біздің заманымыздың *басты* мәселесі *жөнінде* «солшыл блоктық» тактиканы тұжырымдауға *мәжбүр болғанын* көресіздер!

Біздің «солшыл блокшылдықтың» қарсыласы мұндай кесапатқа қалай және неліктен шалдықты? Оп-оңай. Оның не ескі программадан тура және айқын *қол үзуіне* тура келді — бұған оның батылы бармады; ол батыл (ренегаттықта батыл) Череванин мен Ларинді әлі «қуып жеткен» жоқ. Немесе ескі программаны шамалап болса да дұрыс қайталап айтып беру керек болды, ал бұдан «солшыл блокшылдық» сөзсіз келіп шығады. Біздің жойымпаздардың қайғылы тағдыры енді осындай.

VII

Бізге енді Мартовтың мақаласындағы бір маңызды екі жерін көрсету қалды. «Жұмысшы партиясының көздегені,—деп жазады ол,— үшінші июнь системасының ішінде осындай әрбір жанжал шыққан жағдайда» (әңгіме әлгі системаны ірітіп-шірітетін және жегідей жейтін жанжалдар мен егестер туралы болып еді) «дәулетті таптарды заңдарды демократияландыру мен конституциялық кепілдіктерді кеңейту және, біз үшін бұл

өздігінен өте құндысы,— халықтық күштердің қыспақталмаған ұйымының өрісін кеңейту жағына қарай белгілі бір қадам басуға мәжбүр ету болуға тиіс» (50-бет, «Наша Заря» № 7—8).

Бұл арада Мартов берген тұжырым өте сәтті. Бірақ мұның өзі нақ либералдық жұмысшы саясатының міндеттері мен бағытының тұжырымы ғой. «Дәулетті таптарды қадам басуға мәжбүр ету», «қыспақталмаған еңбек ұйымының өрісін кеңейту»—Мартовтың бұл сөздерін бүкіл дүние жүзінің азды-көпті білімді, аздыкөпті «европалық» рухқа берілген *барлық* либерал буржуалары дәлме-дәл қайталап отыр. Либералдық жұмысшы саясатының маркстік жұмысшы саясатынан өзгешелігі— қазір келтірілген либералдық тұжырымның жеткіліксіздігі, қанағаттанғысыздығы, алдау екендігі жұмысшыларға түсіндіріліп отырғандығын көрген жерімізде *ғана* және сол уақытта *ғана* басталады. Кедей таптарды либералдар «кеңейтуге» уәде етіп отырған *сол* «өрістің» *өзін* өзгертуге қарай, оны *принциптік* жағынан өзге «өріспен» ауыстыруға қарай қадам жасауға ұмтылдыру — егер либералдық жұмысшы партиясын құрғысы келмесе, жұмысшы партиясының міндеттері мен талаптарын, міне, осылай (шамамен алғанда) анықтаған жөн.

Цитат келтірілген жерге ескертуінде өз тұжырымы жөнінде Л. Мартовтың өзі: «Бұл тұжырым, әрине, қайткен күнде де оппортунизм мен жарияшылдықты көздеушілік деп айыптау тудырмай қоймайды» деп ескертетінін ерсі нәрсе ретінде атап өтейік. Сонда бұл айыптауды ол немен теріске шығарады, сіздер қалай ойлайсыздар? Н. Рожковтың «Обская Жизньнің»[58] 171-номерінде басылған мақаласына сілтеме жасаумен теріске шығарады. Бұл мақаладан Мартов «ашық саяси одақтар» туралы өте сәтсіз тұжырымдалған және түсініксіз 5 жол келтіреді. Біз бұл мақаланы оқығанымыз жоқ. Айталық, Рожков «ашық партияны» жақтайды екен. Бірақ әңгіме *Мартовтың либералдық* жұмысшы *саясатын* тұжырымдауы туралы болып отырған соң, бұның не қажеті бар?? Өзіңнің *бір* қатеңді ақтау үшін *басқа*

бір жазушының *басқа бір* қатесін дәлелге келтіруге қашаннан бері болатын еді?

Бірақ Мартовтың мақаласының бүкіл *рухын* оның ақырғы параграфының ақырғы абзацындағы мына бір тирада бәрінен де айқын, бәрінен де жақсы көрсетеді:

«Бүкіл сайлау науқанын біз пролетариаттың саяси жағынан өзін-өзі билеу бостандығы болуы жолындағы күрес, өзінің таптық партиясы болуы және өз жұмысын еркін өрістету правосы жолындағы, саяси өмірге ұйымдасқан дербес күш болып қатысуы жолындағы күрес туы астында жүргізуге тиіспіз. Сайлау үгітінің мазмұны да, сайлау тактикасы мен сайлау алдындағы ұйымдастыру жұмысының әдістері де осы принципке (тыңдаңыз!) бағындырылуы тиіс».

Жойымпаздардың бүкіл сайлау үгітінің (және бүкіл саясатының) «мазмұнын» анықтайтын «принципті» *дұрыс* білдіретін сөздер осы! Мартовтың марксист оқушыны жұбатып, «ештеңені кесіп-кемітпеу керек, ештеңеден бас тартпау керек» деген жақсы сөздері «принципті» *осылай* тұжырымдаған жағдайда құр сөз, бос сөз болып шығады. Принциптің өзі либералдық жұмысшы саясатының принципі екен ғой, әңгіменің түйіні, міне, осында.

Либерал буржуа жұмысшыларға былай дейді: сіздер *өздеріңіздің* саяси жағынан өзін-өзі билеу бостандықтарыңыз үшін, *өздеріңіздің* таптық партияңыздың болу правосы үшін, өз жұмыстарыңызды еркін өрістету правосы үшін, саяси өмірге ұйымдасқан дербес күш болып *қатысу* үшін күресуге хақыларыңыз бар, сіздерге осылар үшін күресу қажет. Либерал, білімді—ағылшын немесе француз терминін қолдансақ—радикал буржуазияның нақ осы принциптерін Мартов жұмысшыларға марксизм деген атпен ұсынады.

Марксист жұмысшыларға былай дейді: «өздеріңіздің» саяси жағынан өзін-өзі билеу бостандықтарыңыз болуы жолында шындап және ойдағыдай күресу үшін сіздер халыққа оның өзінің мемлекеттік болмысының демократиялық формаларын дәйекті көрсете отырып, бұқара мен еңбекшілердің кемелденбеген топтарын либералдардың ықпалынан шығарып ала отырып, бүкіл халықтың саяси жағынан өзін-өзі билеу бостандығы

үшін күресуге тиіссіздер. Сіздердің партияларыңыз шын мәнісінде таптың міндеттерін түсіну дәрежесінде болуы үшін, оның жұмысы іс жүзінде цехтық болмай, таптық болуы үшін, бұл партия саяси өмірге қатысып қана қоймай, либералдардың барлық ауытқуларына қарамастан, саяси өмірді және қалың топтардың талапкерлігін либералдардың ұсынып отырғанынан гөрі анағұрлым биік аренаға, неғұрлым мәнді, неғұрлым түбегейлі мақсаттарға бағыттап отыратын болуы керек. Кімде-кім тапқа шегін, формасы мен түрін либералдар белгілейтін немесе олардың дегенімен болатын аренадағы «қызметтің» «дербес» бір пұшпағын бөліп беретін болса, ол адам таптың міндеттерін түсінбейді. Кімде-кім әлгі аренаның өзін, оның барлық формасын, оның барлық түрін либерализмнің нормаларымен шектелмейтіндей етіп қайта құруға барлық назарды (әрі сана-сезімді, әрі практикалық жұмысты және т. т.) аударатын болса, таптың міндеттерін сол адам ғана түсінеді.

Екі тұжырымның айырмасы неде? *Былайша айтқанда,* нақ мынада: біріншісі жұмысшы табы «гегемониясының» идеясын *жоққа шығарады,* ал екіншісі нақ осы идеяны әдейі белгілейді; біріншісі—ескі «экономизмнің» қазіргі заманғы, ең жаңа нұсқасы («жұмысшыларға экономикалық күрес, либералдарға саяси күрес»), екіншісі — ескі «экономизмнің» де, «неоэкономизмнің» де тірек атаулысын адам ақыл-ойынан жұлып тастауды көздейді.

Енді мынадай қорытынды сұрақ қою ғана қалады: Левицкий мен Мартовтың арасында қандай айырма бар? Айырма мынада: біріншісі—ескілік дәстүрлерінен, оны еске түсіруден аман, жастардан шыққан, жаңа ұрпақтың жойымпазы. Жастыққа тән албырттықпен және турашылдықпен ол: «гегемония *емес, қайта* таптық партия» деп турасын айтады! Ал Мартов «көпті көрген», бір кезде ескі искрашыл болған, оның басында әлі толық арылып болмаған ескі дәстүрлер* мен әлі

---

* Дұрысында: бұл дәстүрлердің мазмұны, бұлардың идеялық ұйтқысы Мартовтың басында толық жоғалып болған, бірақ *сөздер* қалған, «бітіспейтін интернационалист» деген «тәуір жарнамаға» дағдыланғандық біліну тұр.

әбден батылданып болмаған жаңа жойымпаздық араласып кеткен; сондықтан ол: «ештеңені кесіп-кемітпеу керек, ештеңеден бас тартпау керек» деп бар ынтасымен ант беріп, қарғанады, ал сонан соң ұзақ, ұзақ шырғалаң пайымдаулардан кейін, бүкіл сайлау үгітінің «принципі» жойымпаздық болуға тиіс қой деп байқаусыз айтып қалады.

Ал істің бар түйіні сайлау науқанының нақ сол «принципінде» болып отыр.

«Просвещение» № 1 және 2, декабрь, 1911 ж. және январь, 1912 ж.
Қол қойған: К. Тулин

«Просвещение» журналының тексті бойынша басылып отыр

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯНЫҢ МИНИСТРЛЕРМЕН КЕЛІС СӨЗДЕРІ ТУРАЛЫ ӘШКЕРЕЛЕУЛЕРДІҢ БАСЫ

Бұдан алты және бес жарым жыл бұрын кадеттердің жалпы алғанда министрлермен, және әсіресе министрлік портфельдер туралы келіс сөздері жөнінде дабыл қаққан адамдар қазір терең қанағат сезіміне бөленбей отыра алмайды. Тарихи шындық есесін қайтарып, кейде шындық шығады-ау деген үміт бәрінен аз болған жақтан қалқып шыға келеді. Қазір әшкерелеулер басталды және, «мүдделі» адамдардың (және партиялардың) оларды басып тастауға тырысқан барлық әрекеттеріне қарамастан, әшкерелеулер тоқтамайды. Бұл әшкерелеулер кадеттерге біздің сол кезде таққан кінәларымыздың дұрыстығын қуаттайды және әбден қуаттайды деп толық сеніммен айтуға болады.

Әшкерелеулерді өзінің Гучковпен айтысы арқылы Витте бастады. Виттенің айтқан сөзінің мақсаты және оның сөзінің сипаты — барып тұрған пасықтық; ең жаман қулық-сұмдық, аяқтан шалсам деу, портфельге жақындау, оның ниеті осы. Бірақ екі ұры төбелесіп жатса, бұдан әрқашан адал адамдарға азын-аулақ пайда түсетіндігі белгілі, ал егер үш ұры төбелессе, пайда, сірә, арта түсетін болар.

Виттенің хатындағы ең мәнді нәрсе, әрине, оның амалсыздан кейбір *фактілерді* анықтауға тиіс болғандығы еді,— сөйтіп іске қатысушылардың бәрінен сұрастырып, бұл фактілерді тексеруге мүмкіндік бергендігі (және қажеттік туғызғандығы) еді. Виттенің хатынан туатын негізгі фактілер мыналар:

1) Виттемен кеңеске Шипов, Гучков, Урусов, Е. Трубецкой және М. Стахович, яғни кадеттік, бейбіт жаңарту[59] және октябристік партиялардың қайраткерлері қатысқан.

2) «Кеңестің бірінші мәжілісінде граф Витте (біз оның хатынан цитат келтіріп отырмыз) мен жоғарыда аталған қоғам қайраткерлерінің арасында ішкі істер министрін тағайындау туралы мәселеден басқа барлық басты-басты мәселелер жөнінде принципті пәтуа жасалды».

3) «Граф Витте Дурноволның тағайындалуына күш салды, ал князь Урусовтан басқа қоғам қайраткерлері оның тағайындалуына қарсы болды. Ал князь Урусов кеңестегі әріптестерін кезеңнің қиындығы мен кешеуілдетуге болмайтыны себепті Дурновоны тағайындауға келісу керек деп үгіттеді және, өз тарапынан, үлгі көрсету үшін, министрлікте Дурноволның орынбасары қызметін қабылдауға әзір екенін мәлімдеді... Келесі мәжілісте Шипов, Гучков және князь Трубецкой Дурново енетін министрлікке ене алмаймыз деп мәлімдеді...».

4) Столыпиннің кандидатурасы ұсынылып еді, бірақ ол жөнінде пәтуаға келе алмады, біреулер жақтады, енді біреулер қарсы болды.

Істі бұлай баяндауға Гучков қандай түзетулер енгізді?—деген сұрақ туады. Ол «кейін I Мемлекеттік думаның мүшесі болған князь Урусов Дурново кандидатурасының жалынды жақтаушысы болды» деп қостады. Гучковтың айтуынша, Витте қобалжыған және бір сәтте Дурноводан бас тартуға әзір болған, өйткені баспасөз бетінде оны әшкерелейтін және оған қарсы сойқанды мақалалар дайындалып жатқан. «Баяндалып отырған оқиғаның бәрі,— деп қосты Гучков,—17 октябрь манифесінен кейін іле-шала, мейлінше кең, мен айтар едім— тыюсыз кеткен баспасөз бостандығы үстем болып тұрған кезде өтті».

Келіс сөздер ұзаққа созылды: Гучков «ұзаққа созылған келіс сөздердің зеріктірген күндері» туралы жазады. Столыпин туралы «граф Витте жазып отырғандай теріс пікірді ешкім айтпады»-мыс дейді. Ол кездегі жағдайды жалпы сипаттай келіп, Гучков былай дейді:

«Қазір отанды «құтқарушылар» көбейіп кетті... Ал ол кезде бұлар қайда болды?.. Бұлардың көбі ол кезде баррикаданың қай жағына шығарын әлі шешкен жоқ еді».

Витте мен Гучковтың әшкерелеулерінің елеулі пункттері осындай; ұсақ-түйекті, әрине, былай қалдырамыз. Тарихи шындық әбден айқын көрініп тұр: 1) *орыс тарихының осы өте елеулі кезеңінде кадеттер мен октябристердің арасында ешқандай елеулі айырмашылық болған жоқ;* 2) «көбі» (буржуазиялық қайраткерлерден де, Гучковтың «сыпайылап» аңғартуы бойынша, бәлкім, министрлерден де) «ол кезде баррикаданың қай жағына шығарын әлі шешкен жоқ еді». Бірақ *«баррикаданың» белгілі бір «жағының»* адамдары кеңеске жиналғаны және сан рет жиналғаны факт. Министрлер де, октябристер де, кадеттер де кеңестерде баррикаданың бір жағында тұрды. Тарихи шындық күмәндануға да, басқаша түсіндіруге де жол бермейді: бұлар үкіметтің контрреволюциялық, либерал буржуазиямен кеңестері, келіс сөздері болған еді.

Енді кадеттердің қылығына көз салыңыздар. Витте мен Гучковтың әшкерелеулерінен кейін (бұлардың екеуінің де хаттары Петербургте ескіше сентябрьдің 26-да, Москвада — 27-де басылып шықты) тек Гучковтың ғана «қытығына тиюге» тырысып, кадеттер *ө з д е р і н і ң* қатысқаны туралы *жұмған аузын ашпай* отыр. 28 сентябрьдегі *«Речь»* те, сол күнгі *«Русские Ведомости»*[60] де Гучковтың тура «қытығына тиеді», ол кейін Дурновоның пікірлестерінің әріптесі болды дейді, бірақ *тарихи фактілер жөнінде түзетулер де, теріске шығарған жауаптар да баспайды.* Витте мен Гучковтың дауы тасасынан мені байқамас деп үміттенеді үшінші ұры.

Сонда барып октябристер Виттеден де, кадеттерден де бірден «өш ала» бастайды. *14 октябрьдегі* «Голос Москвыда» (октябристердің барлау жүргізгеніне, кадеттердің қорқақтықпен және пасықтықпен үндемеуіне екі апта болған!) «Граф Витте мен П. Н. Дурновоның кадеттермен одағы» деген тақырыппен «анықтама» басылады. Жаңа әшкерелеулер мынаған келіп саяды: 1) Е. Трубецкой ол кезде конституциялық-демо-

кратиялық партияның мүшесі болған. 2) «Граф Виттені әйтеуір шатастырмауды көздеп, князь Трубецкой оның қоғам қайраткерлерімен жүргізген барлық келіс сөздері туралы» (жұмысшы және шаруа демократтарды октябристер де, кадеттер де «қоғам қайраткерлеріне» жатқызбайтыны түсінікті: 1905 жылғы октябрьде жұмысшылар мен шаруалар, сірә, қоғамнан *тыс* «қайраткерлер» болса керек!) «ол, князь Трубецкой, күнделікті істерді талқылау үшін профессор Петражицкийдің пәтерінде күн сайын жиналатын өз партиясының бюросына мәлім етіп отыратындығын оған ескертуге өзін міндеттімін деп санады». 3) Столыпиннің кандидатурасына әсіресе Петрункевич мырза қатты қарсы шықты, ол «ең болмаған күнде (sic!*) граф Виттеге ішкі істер министрі етіп Столыпиннен гөрі Дурновоны тағайындауға кеңес беру керек» деп тапты. «Конституциялық-демократиялық партияның басқа қайраткерлері Петрункевичтің пікіріне толық қосылды, сөйтіп князь Трубецкойға Петражицкийдің пәтерінде мәжіліс құрған қоғам қайраткерлерінің қорытындысын граф Виттеге жеткізу тапсырылды». Трубецкой келесі күні таңертең граф Виттеге барып, екі кандидаттың екеуі туралы да конституциялық-демократиялық партия бюросының пікірін дәлме-дәл жеткізді.

Е. Трубецкой өзіне жасалған сілтемені қуаттады ма? «Новое Времяның»[61] (15 октябрьдегі номері) тілшісіне де, *«Речьтің»* (19 октябрьдегі номері) *тілшісіне* де «Голос Москвыдың» хабарын *«әбден дәлме-дәл»* деп атап, толық қуаттады. ««Бюро» деген сөз *жарамайтын шығар,*— деді Трубецкой,— партияның (конституциялық-демократиялық) басшылары деу керек еді», Трубецкойдың екінші, осындай елеулі емес «түзетуі» мынада: ол Виттеге «бәлкім, ертеңіне таңертең емес, 2—3 күннен кейін» барған шығар. Ақырында, «Речьтің» тілшісіне Трубецкой былай деді:

«Гучковтың бір пікіріне қарсы болу керек еді. Қоғам қайраткерлері кабинетке Дурновоға бола ғана кірмеді деді ол. Мен жөнінде және, қателеспесем, Шипов жөнінде бұл онша дәл емес (онша дәл емес!). Мен және

* — солай! *Ред.*

Шипов программа күн ілгері белгіленсін деген шартпен кабинеттің құрамына кіруге ризалық білдірдік, бірақ Витте бізді мұндай шарт қоймастан министрлікке кіруге көндірмек болды. Гучковтан біздің өзгешелігіміз де, міне, осында, жаңылмасам, ол мұндай шарт қойған жоқ». Трубецкой мырза бұл пункт жөнінде абайлап сөйлейді: «онша дәл емес», «жаңылмасам» дейді!

Петрункевич мырза *«Речьте»* 19 октябрьде —әшкерелеулер басталғаннан *үш апта* кейін мақала жазады!! Және *қалай* жазады десеңізші.

Ол зердеге сенуге болмайды, ал мемуарды жалғыз Шипов жүргізді деген ұзақ (27 жол) пайымдаудан бастайды.

Бұл пайымдаудың керегі не? Сіз ақиқаттың дереу және толық жариялануын қалайсыз ба? Онда қатысушылардың *бәрінің атын атап,* олардан сұрап шығудан оңайы жоқ. Ал егер сіз *өз* партияңыз туралы ақиқатты жария еткіңіз келмесе, онда Шиповқа сілтеп, жасырынбақ ойнаудың қажеті жоқ.

Онан соң, *27 жолда* октябристердің «қауесеттерге» әуестігі туралы пайымдау келеді.—«Голос Москвы» хабарды растаған *адамды* атап айтқан соң бұл пайымдаудың не керегі бар?? Петрункевич мырза түсінікті және айқын мәселенің үстіне әдебиетшілдік және дипломаттық қоқысты үйіп жабуға көрінеу тырысады. Бұл — *адал* тәсіл *емес.*

Одан кейінгі *20 жолда* Трубецкой мырзаға мысқыл айтылған: «жеке адамның естелігі» — жеке адамның естеліктерінен басқа ешқандай естелік болмайды!—бұл туралы князь *«ешкімге бір ауыз сөз айтқан жоқ»* дейді — курсив Петрункевичтікі, мұнысымен Трубецкойды дарақылығы үшін көрінеу жазғырады. Сұраққа тура жауап берудің орнына кадеттер бірін бірі дарақылығы үшін жазғыра бастайды! Мұндай тәсілдің кадеттердің әшкереленіп қалғанына *ызаланғанын* көрсеткеннен басқа, олардың істі *басып тастамақ* әрекетін көрсеткеннен басқа (князь, мұнан былай дарақылықты қойыңыз!— дегендей) қандай мағынасы болуы *мүмкін?*

74 жол алғы сөзден кейін, ақырында, істің шын мәні бойынша теріске шығару басталады: 1) конституция-

лық-демократиялық партияның бюросы Москвада болды, сондықтан Петражицкийдікінде жиналуы мүмкін емес; 2) Петражицкий «ол кезде партияның істеріне басшылық еткен адамдардың құрамына кірген жоқ-ты»; 3) «Петербургте болған кейбір мүшелер (конституциялық-демократиялық партия бюросының мүшелері) қандай да болса келіс сөз жүргізуге, ал оның үстіне граф Виттемен, Дурновомен немесе басқа біреумен одаққа кіруге өкілдік алған жоқ». 4) «Менің өз басым (Петрункевич мырза) Петражицкийдікінде *бір* (курсив Петрункевич мырзанікі) рет болдым, ал сол жолы шынында да князь Е. Трубецкойдың кандидатурасының халық ағарту министрлігіне ұсынылу мүмкіндігі туралы әңгіме болды және жиналғандардың бәрі мынадай сенім білдірді: бүкіл министрліктің, онда да «қоғам» (дауласушылардың *бәрі* «қоғам» деп *нені* түсінетінін еске түсіріңіздер: жұмысшылар мен шаруалар «қоғам» *емес*) сене алатындай министрліктің саяси кезеңнің жағдайларына толық сай келетін айқын және тиянақты программасы болуы шартымен ғана князь бұл ұсынылып отырған қызмет орнын ала алады. Бұл арада әр түрлі кандидаттардың, соның ішінде Дурново мен Столыпиннің де жеке бастарының қасиеттері мен саяси қасиеттеріне баға берілген болуы әбден ықтимал, бірақ жиналғандардың бәрін иландырған жалынды сөз менің де есімде жоқ, мен естеліктеріне жүгінген соңғылардың да есінде жоқ».

Петрункевич мырзаның іске алар «теріске шығаруының» бар болғаны осы, мұның үстіне Трубецкой жаңылып отыр деп, конституциялық-демократиялық партия Дурновомен одақ жасасқан жоқ «және өз партиясының мүшесі князь Трубецкойдың партия қолдай алмайтын министрлікке кіруіне жол берген жоқ» деп оның атына 48 жол тағы бірсыпыра мысқыл сөздер қосады.

Трубецкой мен Петрункевичтің 27 октябрьдегі «Речьте» басылған хаттары да бұған ешбір жаңалық қоспайды: біріншісі «Столыпиннен Дурновоны артық көруге кеңес берген» Петрункевичтің өзі деп қасарысады, екіншісі мұны теріске шығарады.

Қорытындысында не болып шығады?

Петрункевич мырза Петербургте болған кейбір бюро мүшелері *қандай да болса келіс сөз жүргізуге уәкілдік алған жоқ* деп мәлімдеді, бірақ келіс сөздің болған *фактісін* ол амалсыз растайды! «Петражицкийдікінде болған кеңесте,— деп жазады Петрункевич мырзаның өзі («Речь» 27. X.),— біз князь Трубецкойдың кандидатурасын талқыладық».

Демек, *келіс сөздер* болған. Сол Петрункевич мырзаның өзі жазып отырғанындай, егер «партия» Трубецкойға «жол бермеген» болса, *демек,* келіс сөздер *партияның атынан жүргізілген ғой!*

Петрункевич мырза айта қалғандай шеберлікпен өзін өзі әшкерелеп отыр. Келіс сөз болған жоқ, бірақ... бірақ «кандидатура туралы кеңес» болды. Партия бюросының мәжілістері болған жоқ, бірақ... бірақ партияның шешімі болды. Мұндай бейшаралық бұлтарыстар *жасырынамын* деп босқа тырысатын адамдарға тән. Шынына келгенде, кеңеске қатысушылардың *бәрін* атаудан оңай не бар? «бюроның» немесе партияның, не басшы адамдардың дәл шешімін келтіруден оңай не бар? кадеттердің Витте министрлігінен талап еткен (тәрізді) айқын тәрізді, тиянақты тәрізді программасын баяндаудан оңай не бар? Бірақ біздің либералдардың соры сол — олар шындықты айта *алмайды,* олар шындықтан *қорқады,* шындық оларды *құртады.*

Осыдан барады да либералдардың үкіметке 1905 жылғы октябрьдегі көзқарасы туралы аса зор тарихи маңызы бар мәселені анықтауды қиындататын (ең болмағанда, зейін қоймайтын оқушы үшін) ұсақ, болымсыз бұлтарулар, жалтарулар, сылтаулар келіп шығады.

Шындықтың кадеттерді құртатын себебі не? Себебі — келіс сөздер фактісі, ол келіс сөздердің жағдайлары мен шарттары кадеттердің «демократизмі» туралы ертегіні бекерге шығарады және олардың либерализмінің контрреволюцияшылдығын дәлелдейді.

Іс жүзінде демократиялық партия Витте сияқты адаммен 1905 жылғы октябрь сияқты уақытта жалпы алғанда келіс сөздер жүргізе алар ма еді? Жоқ, жүргізе алмас еді; мұндай келіс сөздер үшін белгілі ортақ негіз, нақ сол контрреволюциялық ұмтылыстың, ниеттің, ішкі

пиғылдың ортақ негізі болуы сөзсіз еді*. Виттемен демократиялық, бұқаралық қозғалысты тоқтату туралы болмаса, келіс сөз жүргізгендей басқа ештеңе жоқ еді.

Онан соң. Кадеттер келіс сөзге демократиялық мақсаттары *болмайынша* кіріскен жоқ деп бір сәт ойлаған күннің өзінде, келіс сөздер тоқтатылған кезде демократиялық партия бұл келіс сөздер туралы халық алдында үндемей қала алар ма еді? Қалайда үндемей қала алмас еді. Контрреволюцияшыл либерализм мен мұндай сипаттамаға лайық емес демократизмнің арасындағы айырманың өзі нақ осы арада көрінеді. Либерал бостандықты кеңейтуді *тілейді, бірақ* кеңейгенде бұдан демократия күшеймейтіндей, ескі өкіметпен келіс сөздер және онымен жақындасу жалғаса беретіндей, беки беретіндей, нығая беретіндей *болып* кеңеюін тілейді; сондықтан либерал келіс сөз үзілгеннен кейін ол туралы жариялай *алмайды,* өйткені мұнымен ол келіс сөздердің қайта басталуын қиындатады, демократия алдында өзін «әшкерелеп береді», өкіметтен қол үзеді, ал нақ сол өкіметтен либерал қол үзе алмайды. Мұның керісінше, демократ егер Виттемен келіс сөз жүргізуші адамның жағдайына тап болса және келіс сөздерден түк шықпайтынын көрген болса, ол мұны дереу жариялаған болар еді, сөйтіп сол арқылы Витте мырзаларды масқаралап, олардың қулық-сұмдығын әшкерелеп, демократияның одан әрі алға басуына жол ашқан болар еді.

Министрліктің программасы туралы және оның құрамы туралы мәселеге де назар аударыңыздар. Екіншісі туралы қатысушылардың бәрі айтады және айтқанда дәл, айқын айтады: пәлендей портфельдер пәленге ұсынылған дейді. *Ал біріншісі* туралы, яғни программа туралы *бірде-бір* айқын және дәл сөз жоқ! Портфель-

* Қараңыз: Ю. К.-ның мына жинақтағы: «Зарницы», СПБ., 1907, «Орыс либерализмі тарихынан» деген мақаласында Милюков мырзаның *өзінің* мақалалары негізінде («Күрес жылы») *бұл* ортақ негіз тамаша айқындалады. «Граф Виттенің орнынан түсуі пәтуаға келудің ақырғы мүмкіншілігінен айырылуымен бірдей»,— деп жазды Милюков мырза 1906 жылы 18 апрельде, сөйтіп *сөз байласудың* болғандығын және *мүмкіншіліктердің* болғандығын, сөз байласуға тырысушылықты *қайталауда* мағына болғандығын әбден айқын және тиянақты мойындады.

дерден кімдердің дәмеленгенін Трубецкой да, Петрункевич те жақсы біледі және айтады. «Программаның» қандай болғанын олардың *бірде-бірі айтпайды!!* Бұл не, кездейсоқтық па? Әрине, жоқ. Бұл—либерал мырзаларда «программалардың» тоғызыншы орында тұрғандығының, жай желеу, «бос сөз» болғандығының нәтижесі (және осының шүбәсыз дәлелі) — іс жүзінде Виттенің өкіметті шығайтып, демократияны әлсіретуден басқа ешқандай программасы болған жоқ, сондықтан қандай уәделер бергенімен, дәмелендіргенімен және мәлімдеме жасағанымен ол тек осындай саясат *жүргізер* еді,— ал «нақтылы» іс олар үшін портфельдерді бөлісу болды. Сондықтан ғана, мәселен, Витте программа туралы *мүлдем* ұмытып кете алды (Виттенің айтуынша, тіпті толық принциптік пәтуа болған!), ал кім тәуір (немесе кім нашар?), Дурново ма, әлде Столыпин бе, деген туралы, бұл туралы талас бәрінің есінде, бәрі айтады, бәрі де белгілі бір адамның не сөздерін, не дәлелдерін алға тартады.

Қап түбінде біз жатпас. Тіпті үш-төрт адамның әдейі боямалап айтқан әңгімелерінен-ақ тарихи шындық жеткілікті анық көрініп отыр.

Россияның бүкіл либерал буржуазиясы, Гучковтан Милюковқа дейін,— ол, сөз жоқ, Трубецкой үшін саяси жағынан жауапты,— 17 октябрьден кейін ізінше демократия*дан* Виттеге қарай бет бұрды. Мұның өзі кездейсоқ та емес, жекелеген адамдардың опасыздығы емес, қайта *таптың* өз экономикалық мүдделеріне сай келетін контрреволюциялық позицияға көшуі. Осы позицияда тұрып қана кадеттер 1905 жылы Трубецкой арқылы Виттемен, 1906 жылы Муромцев арқылы Треповпен және т. т. келіс сөз жүргізе алды. Контрреволюциялық либерализмнің демократиядан айырмашылығын түсінбейінше, демократияның тарихынан да, оның міндеттері жөнінде де ештеме түсінуге болмайды.

«Просвещение» № 1, декабрь, 1911 ж.
Қол қойған: П.

«Просвещение» журналының текстi бойынша басылып отыр

ҮШ СҰРАҚ

Мемлекеттік думаның — тіпті III Думаның — стенографиялық есептері тамаша қызықты және ғибрат аларлық саяси материал болып табылады. Сатқын газет — «Россияның»[62] қосымшасы барлық либералдық газеттерден бағалырақ десек, асырып айтқандық болмайды. Өйткені либералдық газеттер либералдарды бояп-малап көрсетеді, бір жағынан, «оңшылдардың», екінші жағынан, шын халық бұқарасы өкілдерінің мәселе қойысының өткір жүзін мұқалтады, біздің «ішкі саясатымыздың» *мәніне* баға беруде әрқашан және ылғи өтірік қосып отырады. Ал қазіргі заманның барлық әлеуметтік-экономикалық және саяси міндеттерінің өзекті буыны нақ сол тиісті мәселелердің *қойылысында,* нақ сол істің *мәніне* баға беруде болып отыр.

Бұл айтылғанды охранка туралы, ашаршылық туралы, 1881 жылғы «уақытша» ереже туралы үш сұрақ [63] жөнінде болған жарыс сөздер арқылы түсіндіруге, мүмкін болғанынша, тырысып көрейік.

Думаның үстіміздегі сессиясының бірінші мәжілісі октябрист-председательдің Столыпин туралы сөзімен ашылды. Бұл арада қызығы мынау: октябристердің көсемінің айтуынша, «ол (Столыпин) бар ынтасын салып Россияның саяси және қоғамдық өмірін дамыту жолында сақтықпен, абайлап болса да үздіксіз алға баса берудің қамын ойлапты». Жақсы ғой, рас емес пе? Столыпин «прогрессист» болып шығып отыр! Бүкіл осы басқару системасы тұсында, осы мемлекеттік құрылыс

тұсында, саясатын Столыпин жүргізіп келген тап сақталып отырғанда қазіргі, осы — тіпті октябристерді де қанағаттандырмайтын «прогрестен» *басқа* «прогрестің» бола алмайтын себебі не,— бұған Родзянконың сөзін оқыған талай демократияшыл оқушының ойы бөгелген болу керек. Өкінішке орай, осы сөз сөйленгенде* қатысып отырған және өздерін демократия жағына қосып жүрген Дума депутаттарының бірде-бірінің «прогрестің» столыпиндік формасының *таптық* тамырларын түсіндіруге тоқтағысы келмеді.

Ал охранка туралы жарыс сөз кезінде бұл үшін қолайлы сылтау бар еді.

Столыпин «қадірлі А. И. Гучковқа және оның Дума ортасындағы қадірлілігі одан кем түспейтін достарына сенді,— деп дүрілдеді Марков 2-ші.— Оның өлімі кісіге сенгіштігінің жазасы болды. Біздің басымыздан кешіруге тура келген тынышталу — молада тынышталу болып табылады. Басқа тынышталу жоқ (сол жақтан дауыстар: дұрыс). Революцияның өрлеуі бар... Тыныштталу жоқ, ал революция келеді. Революциямен шайқасу керек, төсін төсеп, маңдайға маңдай соқтығыстырып шайқасу керек (сол жақтан күлкі), бұл жексұрындарды, жауыздарды, оңбағандарды асу керек. Бұл сұрақтың асығыстығына қарсы менің айтарым осы».

Помещиктер өкілінің мәселе қойысы, міне, осындай болды.

Марков 2-шіден кейін енді сұрақтың мәні жөнінде Родичев сөйледі. Сөйлегенде ол әрқашанғысындай әдемі сөйледі. Бірақ бұл ділмар либералдың мәселе қойысы адам айтқысыз жұпыны. Либералдық сылдыр сөздер, сылдыр сөздер, одан басқа түк жоқ. «Орталық комитет (октябристердің),— деп лепірді Родичев мырза,— оппо-

---

* Марков 2-шінің сөзінен біз жұмысшы депутаттарының қатыспағандығын білеміз. «Сендер,— деді сөзін соларға арнап Марков 2-ші — қазір сендердің орындықтарың бос тұрғанда... өздеріңнің көзқарастарыңды ашық білдірдіңдер... Сендер кетіп қалдыңдар... Бұларың үшін мен сендерді құрметтемесем де, түсінемін». Марков 2-ші өзін Думада екінің бірінде нағыз бұзақыларша ұстайды. Бірақ оның келтірілген сөздерінде, сондай-ақ оның әріптестерінің өте көп мәлімдемелерінде де белгілі таптың тұрғысынан мәселені тура қоюшылық көрінеді. Бұл туралық бұқараның саяси санасын арттыру үшін «таптан тыс» позицияда тұруға дәмеленіп жүрген либералдардың мезі қылған сөздерінен қай кезде болсын жүз есе пайдалырақ.

зиция жөнінде ол өзінің саяси дұшпандарын өлтіруге тырысады деп мәлімдеп отырса, бұл — масқара өтірік. Ал егер сіздер орыс өкіметін билеп алған жыланды құртуға, шпионократияны құртуға ант берсеңіздер, мен сіздерге бұл өтірікті кешіруге әзірмін» («Россияның» стенографиялық есебінің 23-бетін қараңыз, 24-бетінде тағы да қайталанады, онда да «ант» айтылады).

Әсерлі, қандай «сұмдық» әсерлі! Октябристер құртуға «ант берсе», Родичев оларды кешіруге әзір! Өтірігіңіз жетер, сөзуар мырза: октябристер ғана емес, *сіздер,* кадеттер де, қаншама «ант берсеңіздер» де ешқандай елеулі қырсықты *құрта* алмайсыздар. Осындай елеулі мәселе жөнінде «ант» туралы сылдыр сөздеріңізбен сіздер бұқараның саяси сана-сезімін ашып отырудың орнына оны *көмескілейсіздер,* бұл «жылан» осы өкіметті *неліктен* билеп алғанын, билеп ала алғанын, билеп алуға тиісті болғандығын байыпты, түсінікті, айқын баяндап түсіндірудің орнына сіздер даурықпа сөздермен жұрттың басын *қатырасыздар.*

Осыны түсіндірмей, мәселенің түбіріне және мәніне жай және тура қараудан қорқып, Родичев мырза октябристерден өзгеше болғанда нақ мәселе қойысымен емес, принципті түрде емес, ділмарлығының ауқымымен ғана өзгеше болып отыр. Егер оның сөзіне сәл зейін қойыңқырап қараса, егер оның сөзін аз да болса ойлап көрсе,— ол шын мәнінде октябристердің көзқарасын қолдап отыр: *тек* сондықтан *ғана* ол октябристер «ант берсе», оларды «кешіруге» уәде ете алады. Бұл кешірулердің бәрі, бұл анттардың бәрі — азды-көпті дәйекті демократиядан қорқатын либералдардың құйтырқылығы ғана. Родичевтің «сәйкестік» туралы, Лопухинді қорғаудағы және т. т. сөздерінде біз көрген мәселе қойысының себебі де осы. Октябристер мен либералдардың позицияларында шынына келгенде айырма *жоқ.*

Мұның керісінше, Покровский 2-шінің сөзіне ой жіберіп көріңіздерші. Ол өзінің және өз әріптестерінің сұрағы октябристердің сұрағынан «мәнісі жағынан мүлдем өзгеше» деп көрсетуден бастайды. Покровский 2-шінің және оның әріптестерінің сұрағында оншама сәтті емес жерлері бар болса да, *мәнісі жөніндегі осы* өзге-

шелік дұрыс көрсетілген. «Бізді мазасыздандырып отырған нәрсе,— деді Покровский 2-ші — охранканың үкіметті мерт қылатыны емес, бұл сіздерді мазасыздандырады; бізді мазасыздандырып отырған нәрсе — сіздердің көмектеріңізбен үкімет қолпаштап отырған охранканың,— міне, осы охранканың елді апатқа ұшырататыны...».

Сөйтіп Покровский 2-ші өкіметке охранканың неге керек екендігін, мұндай мекеменің таптық тамырлары қандай екенін *түсіндіруге* — көркемдеп оқуға емес, түсіндіруге тырысады (таптық тамырлар «ант берулермен», «кешірулермен» қамтылмайды). «Қоғамға мүлдем жат болып алған үкіметтің,— деді Покровский 2-ші,— демократияның жауы болып алғандықтан, қоғам ішінде ешқандай тірегі жоқ үкіметтің, осы үкіметтің өзінің ішінде құрып біткен дворяндар табының сілімтік қалдықтары ғана болды, бұл үкімет қоғамнан жасырынуға, бөлінуге, оқшаулануға *тиісті болды* (курсив біздікі) — сондықтан ол охранка құрды... Енді, міне, кең қоғамдық қозғалыс өскен сайын, демократияның барлық қалың топтарын осы қозғалыс қамтыған сайын охранканың мәні мен ықпалы артуда».

«Қоғам» деген сөздің бұл арада дәл емес екендігін Покровский 2-шінің өзі сезген болса керек, сондықтан да оны демократия деген *дәл* сөзбен ауыстыра бастады. Қайткен күнде де ол охранканың мәнін *түсіндіруге,* оның таптық тамырларын, оның *бүкіл* мемлекеттік құрылыспен байланысын айқындауға әрекет жасады — ал мұның өзі оның сіңірген аса зор еңбегі.

Егер тіпті Родичев мырзаның жүгенсіз, дәмсіз-татусыз сөзуарлығын былай қойған күннің өзінде Покровский 2-ші мен Гегечкоридің мәселе қойысы Родичевтердің мәселе қойысынан жер мен көктей алшақ жатқаны шынында айқын емес пе? Ал оның бер жағында жұмысшы депутаттарының мәселе қойысындағы маңыздысы — демократизмді, тек қана демократизмді дәйекті түрде қолданушылық болды. Нағыз демократизмнің және демократия атағын босқа иеленіп жүрген кадеттік либерализмнің («қоғам» либерализмінің) арасындағы терең айырмашылықты анықтау — жалпы ал-

ғанда III Думадағы, атап айтқанда 1906—1911 жылдар дәуірінен кейінгі, әсіресе IV Думаның сайлауы алдындағы өте маңызды міндеттердің бірі.

Екінші сұраққа, ашаршылық туралы сұраққа көшейік. Бірінші болып Дзюбинский мырза сөйледі және тіпті нашар сөйледі. Оның шынайы фактілері болмағандықтан емес,— жоқ ол сөзсіз шынайы фактілерді іріктеп алған және оларды түсінікті, айқын етіп, шындықпен баяндап берді. Оның аштарға тілеулестігі болмағанынан емес,—жоқ, онда мұндай тілеулестіктің барлығы күмәнсыз. Оның үкіметті сынауды естен шығарып алғандығынан емес,— үкіметті ол ылғи сынап отырды. Бірақ ол демократ ретінде емес, либерал чиновник ретінде сөйледі, оның сөзінің негізгі кемшілігі де, міне осында, еңбек тобы «интеллигенттерінің» мәселен, бірінші және екінші Дума протоколдарынан бұрынғыдан да айқындала түсіп отырған бүкіл позициясының негізгі кемшілігі де, міне, осында. Дзюбинскийдің кадеттерден өзгешелігі мынадай ғана: әрбір зейінді адам әрқашан кадеттерден байқайтын контрреволюциялық сарындар онда болған жоқ; өзінің мәселе қойысында Дзюбинский либерал чиновниктің көзқарасынан әрі асқан жоқ. Сондықтан оның сөзі әсіресе оның партиядағы әріптесі, шаруа Петров 3-шінің сөзімен салыстырғанда өлшеусіз әлсіз, өлердей жалықтырады, соншама жұпыны сөз; ал Петров 3-шінің (бірінші және екінші Думаның трудовик-*шаруаларының* бәріндей дерлік) нағыз, іштей, «негізді» демократ екені сезіліп тұр.

Дзюбинский мырзаның қалай бастайтынын қарап көріңіздер. Ашаршылық туралы айта келіп, ол ең маңыздысы деп... нені санайды деп ойлайсыз сіз?.. «1900 жылғы 12 июньдегі уақытша ережелердің» азық-түлік уставын санайды!! Бұл адамның, бұл саяси қайраткердің ашаршылық туралы ең нақтылы әсерді өз басының тәжірибесінен, бұқараның өмірін бақылаудан, осы өмір туралы айқын түсініктен алмағандығын, қайта полицейлік право оқулығынан алғандығын, алғанда да ол, әрине, ең либерал, ең барып тұрған либерал профессордың

ең жаңа және ең жақсы оқулығынан алғандығын сіз бірден-ақ сезесіз.

Дзюбинский мырза 1900 жылғы 12 июньдегі ережелерді сынайды. Оның *қалай* сынайтынын қарап көріңіздер: «1900 жылғы 12 июньдегі ережелер басылып шыққаннан бері қарай дерлік бұл ережелерді үкіметтің өзі де, қоғамның өзі де қанағаттанғысыз деп таныды...». Үкіметтің өзі қанағаттанғысыз деп таныған — демек, демократияның міндеті 1900 жылғы 12 июньдегі ережелерді түзету, сөйтіп ол ережелерді үкіметтің өзі «қанағаттанарлық деп танитындай» етіп түзету болғаны ғой! Сонымен Россияның провинциялық үкімет мекемесінің жағдайын қиялмен еске түсіресің! Сасық ауа! Кеңсе иісі аңқып тұр. Губернатор, прокурор, жандарм полковнигі, тұрақты мүше, екі либерал земствошы қатысып отыр. Либерал земствошы 1900 жылғы 12 июньдегі ережелерді түзету туралы талап білдіру керек, өйткені бұл ережелерді «үкіметтің өзі қанағаттанғысыз деп таныды»... деп дәлелдеп жатыр. Мұныңыз не, Дзюбинский мырза! Егер біз бұдан 30 жыл бұрынғы провинциялық кеңседе, мещандық жайлы «ұяда»— либерал инженердің, адвокаттың, профессордың, земствошының кабинетінде кешіруге болатын (егер кешіруге болса) тіл мен салтты, «саяси» ойлау мен мәселелер қою үлгісін *Думаға* да ауыстыратын болсақ, біздерге, демократияға, Думаның не керегі бар? Мұның үшін ешқандай Думаның керегі жоқ!

«Маған кімдермен таныс екеніңді айтсаң, мен сенің кім екеніңді айтайын» деген мақал бар. Думаның стенографиялық есептерін оқығаныңда, бұл мақалды қайсыбір депутатқа арнап былай деп түзегің келеді: «маған сен Мемлекеттік думаның мінбесіне шығарыңда *кіммен* сөйлесетініңді көрсет, мен сенің кім екеніңді айтып берейін».

Мәселен, Родичев мырза, барлық кадеттер сияқты, әрқашан үкіметпен және октябристермен сөйлеседі. Барлық кадеттер сияқты, Родичев мырза оларды «ант беруге» шақырады және осындай шартпен оларға «кешірім жасауға» келіседі. Шын мәнінде, Родичевтің бұл данышпандық сөзі — (байқамай шындығын айтып қой-

ды!) — кадеттердің *барлық* Думалардағы, конституциялық-демократиялық партияның парламенттегі де, баспасөздегі де, министрдің алдыңғы бөлмесіндегі де барлық өте маңызды деген сөздеріндегі жалпы кадеттік саяси позицияның бүкіл рухын тамаша білдіреді. «Егер сіздер орыс өкіметін билеп алған жыланды құртуға ант берсеңіздер, мен сіздерге өтірікті кешіруге әзірмін»,— бұл сөздерді Родичев мырзаның ескерткішіне ойып жазу керек, ал ондай ескерткіш қоятын уақыт қазірдің өзінде жетті.

Бірақ Дзюбинский мырза кадет емес; ол кадеттерді демократиялық партия деп санайтын саяси сауатсыз адамдардың қатарына қосылмайды; ол өзін трудовикпін, халықшылмын деп атайды. Ал оның демократиялық түйсігінің жоқтығы соншалық, ол Мемлекеттік думаның мінбесіне шығарында чиновниктермен сөйлесуін қоймайды. Оның түйсігінің жоқтығы соншалық — ол сөзін ашығып жатқан миллиондаған шаруаларға арнамайды,— ал бұған мүмкіндік Россияда нақ Думада ғана бар және әзірге тек Думадан басқа жерде бола қояр ма екен — 1900 жылғы 12 июньдегі ережелерді білетін жүздеген чиновниктерге арнайды.

«12 июньдегі ережелердің,— дейді Дзюбинский мырза,— таза саяси маңызы болды; ол ережелер земстволық қоғамдық ұйымдарды жоюды және халыққа азық-түлік жағынан жәрдемдесу ісін, бұл істі түгелдей үкіметтің қолына беруді көздеді».

«12 июньдегі ережелердің таза саяси маңызы болды»... Бұл қандай тіл? Бұдан қандай тозған ескіліктің иісі аңқиды! Бұдан 25—30 жыл бұрын, өткен ғасырдың лағнатпен есте қалған 80-жылдарында «Русские Ведомости» үкіметті земстволық тұрғыдан сынап, нақ осындай тілмен жазатын еді. Ояныңыз, Дзюбинский мырза! Сіз XX ғасырдың бірінші он жылын ұйқымен өткіздіңіз. Сіз ұйықтап жатқан уақыттың ішінде ескі Россия өлді, жаңа Россия туды. Бұл жаңа Россиямен сөйлескенде үкіметті оның ережелерінің «таза саяси» маңызы бар деп жазғыратындай тілмен сөйлесуге *болмайды*. Бұл тіл қаншама ізгі ниетті, сыпайы және мүнтаздай мейірбан болса да, III Дума реакционерлерінің тілінен

анағұрлым реакцияшыл тіл. Мұның өзі — «саясатты» сиқырлы бірдеме деп санайтын, сондықтан азық-түлік науқанын «саясатсыз» өткізуді көксейтін халықтың — немесе саясат атаулыдан шошынған провинциялық чиновниктің — тілі. Қазіргі Россиямен сөйлескенде бір саясаттан екінші саясатқа, бір таптың саясатынан басқа таптың немесе басқа таптардың саясатына, бір саяси құрылыстан екінші саяси құрылысқа сүйеніп қана сөйлесуге болады: мұның өзі — егер осы саяси терминдердің шын мағынасын алатын болсақ,— демократизмнің ғана емес, тіпті ең өрісі тар либерализмнің де әліппесі.

Дзюбинскийдің сөзінің бастамасы қандай рухта болса, оның барлық сөзі сол рухқа толы. Ол алым-салық алу жөніндегі нұсқау-хаттар туралы, алым-салық тетігі, шалғышылар мен шаруа өкілдері үшін жасалатын жеңілдік тарифтері туралы, тұқымның егістен кейін алынатындығы туралы, сиырдың есебіне қарыз беру туралы — өйткені адамдарды асырағаннан гөрі малды асырау үкіметке керегірек,— шаруалар қазынаның процентсіз 70 000 сом заемын алу *шырғалаңынан* гөрі 12% есебімен жеке меншік банкіден 75 000 сом алғанды артық көретіндігі туралы айтады, қорытындысында ол адам айтқысыз мөлшердегі мұқтаждықты суреттейтін, жергілікті орындардан алынған тәлім аларлық хаттарды келтіреді. Бірақ осы өте ізгі ниетті сөздің бәрінде демократиялық сезімнің ұшқыны да жоқ, демократиялық *«саясаттың»* міндеттерін түсінудің тамшысы да жоқ. Бұл сөзден біздің тәртіптеріміз шіріген деген қорытынды шығатыны күмәнсыз,— ізгі ниетті Дзюбинский мырзаның дәлелдегісі келгені де осы,— бірақ өзінің сөзінен сонымен қабат шіріген либерал чиновниктің шіріген моралы «шығатындығын» шешеннің тіпті байқамауы күйінішті.

Дзюбинскийден кейін бір шешеннен соң Уфа губерниясынан депутат граф Толстой сөйледі, ол трудовиктіктен өте аулақ болғанымен дәлме-дәл Дзюбинский тәрізді сөйледі: «үкімет басшылыққа алған қайдағы бір саяси пікірлерге бола земство азық-түлік ісіне қатысудан ылғи аулақтатылып келді, бұдан қарапайым халықтың орасан зор көпшілігі зардап шегуде...». Дзю-

бинский мен граф Толстойдың сөздері бұдан жиырма жыл бұрын да, елу жыл бұрын да айтылуы мүмкін сөздер. Бұл сөздерде ескі, бірақ біздің бағымызға қарай енді өлген Россия әлі өмір сүріп отыр, халықтың әр түрлі элементтерінің «саясатының» айырмашылығын ұғынған немесе ұғына бастаған, өздерінің қарама-қарсы мүдделері үшін ашық және тура күресуді үйренген немесе үйрене бастаған таптары болмаған Россия, төменде «қарапайым халқы», жоғарыда либерал земствошымен қатар көпшілік ретте либерал емес чиновнигі болған Россия әлі өмір сүріп отыр. «Қарапайым халық» та, либерал земствошы да ол кезде «қайдағы бір саяси пікірлерден» өлердей қорқатын.

Стенографиялық есептің бір-екі бетін аударыңыз. Барлық сөздерді қосып, жиынтығын алған күнде, сіздердің алдарыңызға Россияда бұдан елу жыл бұрын да, жиырма жыл бұрын да, тіпті жеті жыл бұрын да айтылуы мүмкін болмаған сөздер тап болады. Марков 2-ші мен Петров 3-шінің жекпе-жегі — бұлардың тиісті таптардың әдеттегі өкілдері екендігін, ондайлардың көп екендігін көрсету үшін жорта істелгендей — бұл адамдардың номерлері бар. Марков 2-ші ескіше шабуыл жасайды, Петров 3-шінің қорғануы және қорғаныстан шабуылға көшуі ескіше *емес*.

Марков 2-ші: «... Құр дәлелсіз және іс жүзіндегі жағдайдан тумағаны анық шабуылдардың себебі, әрине, мынау... орыс үкіметі қандай жұмыс істесе де, біздің халқымыздың бүлік шығаруы керек»... «батыс губернияларда... адамдар жер өңдеуде жұмыс істейді және сіздерде Волгада ешкімнің істегісі келмейтін жұмыстарды істейді» — (шешеннің: «сіздерде Волгада» деген сөздерді кімге айтатыны онша айқын емес, өйткені оның алдында Вятка губерниясынан келген трудовик Кропотов қана сөйлеген болатын; сірә, «сіздерде Волгада» деген сөз Думаның депутаттары туралы *емес,* Думадағы бар немесе болған нәрселер туралы *емес,* басқа бірдеңе туралы болар),— «өйткені Волгада жалқаулар тым көп, мұны ұмытпау керек... Сіздерде ашыққандардың арасында жалқауланбай жұмыс істейтін болуы үшін шы-

нында ашықтыру керек болатын адамдар көп екенін біз білеміз».

Петров 3-ші Волгадан емес, Пермь губерниясынан болса да, былай деп жауап береді: «Тағы да еске саламын, мырзалар, егер Марков 2-ші жалқау болмаса, ол 1905 және 1906 жылдарды еске түсіруі керек, бұл жылдардан кейін помещик мырзалар мемлекеттік казначействодан миллиондаған сом жәрдем алды. Бұл не деген сөз? Алдымен осыны еске түсіру керек, ал шаруаларға қыр көрсетуге сіздің правоңыз жоқ».

Марков 2-ші (орнынан): «Жайырақ, сүйіктім».

— Осы «екіншілер» мен «үшіншілер» өздерін қалай дөрекі ұстайды, рас емес пе?

Дзюбинскийлер дворяндардың жетекшілеріне 1850 жылдың... яғни 1900 жылдың азық-түлік ережелерінің шалалығын дәлелдеп сөйлеген сыпайы, лайықты, мемлекеттік тілмен салыстырғанда — неткен жүгенсіздік! — Тәп-тәуір «қоғам қайраткерінің» тәп-тәуір кабинетінен қайдағы бір алаңға, көшеге, ығы-жығы, қарбаласқа тап болғандаймыз. Неткен әдепсіздік, неткен мазасыздық! Бірақ біз қалай «тәртіп» орнатқанын қазір көреміз, оны председатель екен деп ойлап қалмаңыздар, жоқ, ол — тәп-тәуір қоғам қайраткері, конституциялық-демократиялық партияның мүшесі Шингарев мырза. Бірақ әуелі мінез-құлықтардың қазіргі бейнесін аяқтайық.

Петров 3-ші: «...Егер сіздер азық-түлікке қаражат берсеңіздер, олар оны кабакқа апарып жоқ қылады деседі. Мырзалар, бұл дұрыс емес. Мұның алдын алу кімге байланысты? Қазіргі уақытта көп губерниялардың халқы кабактарды жоюды сұрап отыр ғой, бірақ оларды жоймай отыр. Қаражаттың біразын халықтың ішкілікке салатыны, бәлкім, рас шығар. Бірақ Марков 2-ші және басқалар өздеріне караулары керек қой, сіздер, дворян мырзалар, қанша қаражатты ішімдікке саласыздар? Егер біз кісі басына бөлетін болсақ, сіздердің шаруалардан әлдеқайда көп ақшаны ішімдікке салатын болып шығуларыңыз ықтимал... Шаруалардікі болуға тиісті жер осындай Марковтардың, Пуришкевичтердің және солардың сыбайластарының қолында тұрғанында, әрине, ашаршылықтар үздіксіз бола береді. Ал бұл мыр-

залар ашаршылық шаруалардың жалқаулығынан болады деп айтатын болады.

Марков 2-ші (орнынан). Біздегілер ашығып отырған жоқ.

Петров 3-ші. Менің ойымша, мырзалар, ашаршылық атаулыны қалай құртудың түбегейлі мәселесі нақ мынада: жерді оны өңдемейтіндердің, әлгі «жалқау емес» мырзалардың қолынан алу керек, сөйтіп оны ұқсататындарға беру керек, ал сіздер жерді оларға бермейінше,— ал сіздер оны бермейсіздер, мен мұны анық білемін,— шаруа халқы ашыға береді. Өзінен өзі айқын нәрсе: 1905 жылы болған соғыс — сөзсіз болады, сіздер осыған бастап отырсыздар, өйткені аш адам да бір, аң да бір, бұл жағынан алғанда сіздер халықты революция жасап, право бойынша өзіне тиістіні күшпен тартып алуына шақырып отырсыздар».

Егер III Думаның председателі Муромцев болса, ол шешеннің өзін, сөз жоқ, тыйып тастар еді: бірінші Думада ол мұндай орынсыз сөздер үшін сөзді тыйып тастап отыратын. Муромцев болмағандықтан келесі шешен Шингарев «тәртіп» орнатты. Марков 2-шіні ол «орынсыз жеңілтектігі» үшін тура ұялтты, ал Петров 3-шіге Марковтармен *қалай* айтысу керектігін үйретті. Марковтың фракциялас жолдасы Вишневский — деді Шингарев мырза — «шын жүректен сөйледі» және сұрақты қабылдауды жақтап сөйледі. Ол, Шингарев, «үкімет депутат Марковтың сөзінен гөрі ақылды болады деп сенеді... орыстың халық өкілінің борышы — мұндай мырзаларға: бұларың ұят, деп айту».

Родичев пен Шингарев Марковты біржолата ұялтып тастады, ал Шингарев Марковпен тамаша айтысуымен «үшіншінің» мүлдем жер жебіріне жетті.

Осы мақалалар арналып отырған сұрақтардың соңғысы 1881 жылғы 14 августағы «уақытша» ережелер туралы, яғни отыз жылдан бері үнемі қайталанып келе жатқан және Россияның іс жүзіндегі конституциясы болып табылатын атақты охранка туралы Ереже жөніндегі сұрақ болатын. Бұл сұрақ жөнінде басты-басты

сөздерді Тесленко мен Милюков сөйледі, соның өзінде қорытынды оқиға «Еллинекті шығару», яғни Тесленконың: менің сөздерім шығаруды жақтап «қазір дауыс бергісі келіп отырғандардың, сірə, таңғысы келетін мағынасынан аулақ болатын» деген мəлімдемесіне *қарамастан,* Тесленконы Еллинектен цитат келтіргені үшін 15 мəжіліске қатыстырмау болды.

Бұл қызықты оқиғаға егжей-тегжейлі баға бермей-ақ, мынаны ғана атап көрсетейік: 1881 жылғы 14 августағы ереже туралы тіпті осы — саяси жағынан соншама түсінікті жəне айқын — мəселе жөнінде де конституциялық-демократиялық партияның лидері Милюков мырза мəселе қоюда кадеттерге тəн тар өрістілік пен жалғандықты барынша «жарқыратып» көрсете білді. «Мырзалар,— деп лепірді Милюков,— біз қойып отырған мəселеден маңызды мəселе жоқ, өйткені мұның өзі — орыс өмірінің негізгі, түбегейлі қайшылығы (қағаз бен орыс өмірінің арасындағы қайшылықты орыс өмірінің қайшылығы деп атауға бола ма?), мұның өзі — мемлекеттік құрылыстың қазіргі формасы мен мемлекет басқару тəсілдерінің арасындағы қайшылық...».

Жалған, Милюков мырза. Нақ осы 1881 жылғы 14 августағы ереже, оның отыз жылдық мерекесінің өзі, оның «өзінше бір үлгідегі» «заңдық табиғатының» өзі «мемлекеттік құрылыстың қазіргі формасы» мен басқару тəсілдерінің арасында əсте «қайшылық» емес, *барынша* сəйкестік бар екендігін дəлелдейді. Бұл арада қайшылық бар деп тауып, «құрылыс» пен «басқарудың» арасында тұңғиық бар деп көрсетуге тырысып, Милюков мырза *мұнысымен* кесапатты сынауын демократиялық күрес дəрежесінен либералдық игі тілектер деңгейіне дейін төмендетеді. Өмірде *ажырамас* байланысты нəрсенің арасында сөз жүзінде, жалған түрде тұңғиық жасап, Милюков нақ осынысымен кесапатты ақтауды *жеңілдететін,* оның нағыз тамырын көлегейлейтін заңдық жəне мемлекеттік-праволық фикцияларды қолдайды. Милюков нақ осынысымен *октябризмнің негізіне* аяқ басады, ол да кесапатты жоқ демейді, бірақ бюрократияның *нақтылы* өктемдігін төменнен жоғары-

ға дейін және жоғарыдан төменге дейін жоймай, *формальды* қайшылықтарды жоюға тырысады.

Милюков «демократ» ретінде оңбастай шатасқандығын, октябристерше пайымдайтынын нағыз кадет ретінде байқамайды,— бұл аздай, ол мәселені «мемлекеттік тұрғыдан» қойғанын тіпті *мақтан көреді*. Оның әлгінде келтірілген сөздерінен кейін іле-шала мынаны оқимыз:

«...Бұл қайшылықтың айқындығы соншалық, мырзалар, тіпті сіздердің ортаңыздан сөйлегендер де (әрине, Милюков мырза «III Думаның жетекші партиясымен» ғана, октябристермен ғана сөйлеседі) бұл қайшылықты бірнеше рет және біршама жиі көрсетті, бірақ бүгін біз сөз етіп отырған мәніне, түп-тамырына, бастапқы себебіне жету өте сирек кездесті. Әдетте, құрылыс пен басқарудың қайшылығы туралы бұл мәселені сіздер неге әкеліп саятын едіңіздер? Сіздер әкімшіліктің әдет-дағдыларын бірден құртуға болмайды деген дәлел келтіретінсіздер»... (егер... егер бүкіл «әкімшілікті» жоймаса,— ал кадеттер де бұған қарай баспайды,— онда әлгі дәлел дұрыс)... «сіздер жергілікті әкімшілік орталықтың нұсқауларын, орталықтан алынған нұсқауларды тыңдамайды деп дәлел келтірдіңіздер, сіздердің ең мықтағанда батылдарыңыз барғаны — сіздер орталықты тиісті нұсқаулар бермейді деп айыптадыңыздар. Сіздер бұл мәселені әрқашан факт мәселесі етіп қойдыңыздар, ал біз право мәселесі етіп қойып отырмыз».

Сіз өзіңізді тамаша соққылайсыз, Милюков мырза! Октябристер орталықтың жергілікті әкімшілікпен тығыз, ажырамас, мейлінше тығыз, ажыратуға мүлде келмейтін байланыстылығын көрсеткенде олардікі *дұрыс*, түгелдей және әбден дұрыс. Бұдан демократиялық қорытынды жасау керек, өйткені — Россияның Толмачев, Думбадзе, Рейнбот, Илиодор туралы, Герценштейнді өлтірушілер және т. т. туралы білетінінің бәрінен кейін—бұл байланысты бекерге шығару кісі күлерлік болар еді. Ал сіз бұдан өзінің жартыкештігі жағынан аңғырт «право мәселесін» шығарасыз. Сонда бұл правоның мөлшерін кім белгілейді? Мұнда сіз «келісімге» қалай жетесіз? Саяси право күштердің қатынастарының тұжырымы болмағанда, соның есепке алынуы болма-

ғанда басқа не болатын еді? Сіз право жөніндегі анықтамаларыңызды батыс европалық оқулықтардан көшіріп алып отырсыз, ал бұл оқулықтарда Батыстағы ұзақ шайқастардың тұтас бір дәуірінің нәтижесінде, батыс буржуазиясының, батыс шаруаларының, батыс феодал-помещиктерінің, өкіметінің және т. т. әр түрлі элементтерінің арасында орныққан (жұмысшы табының принцип жағынан өзге қозғалыстарына дейін орныққан) күштердің ара қатынастарының нәтижесінде болған нәрсе *жазылған.* Россияда бұл дәуір тек енді басталды, бізде мәселе нақ «факт» мәселесі болып *қойылып отыр,*— қазіргі тарихи жағдай осындай,— ал сіз мәселені тура және анық қоюдан кері шегіншектейсіз, басыңызды қанатыңыздың астына тығып жасырасыз, «право» фикцияларынан тігілген сыйқырлы бөрік киесіз. Сіз демократтың көзқарасын емес, либерал чиновниктің көзқарасын ұстанып отырсыз.

«Просвещение» № 1, декабрь, 1911 ж.
Қол қойған: П е т е р б у р ж е ц

«Просвещение» журналының текcті бойынша басылып отыр

АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРА ДУМА

Осы таяуда ғана, сатылғыш жазушысымақтар өткен жылғы мол егіннің әсерімен «жаңа аграрлық бағыттың» игі нәтижелері туралы мақтанышпен хабарлайтын, ал бұларға ілесіп кейбір аңқау адамдар біздің ауыл шаруашылығымызда бетбұрыс басталғанын, оның жалпы россиялық өрге басуы басталғанын жариялап жүрді.

Қазір, 1906 жылғы 9 ноябрьдегі указдың [64] дәл 5 жылдығы қарсаңында, Россияның қақ жартысына жуығын жайлаған ашаршылық және егіннің шықпауы столыпиндік аграрлық саясатқа артқан бұл үмітте қаншалықты көрнеу жалғандықтың немесе балалық түсінбеушіліктің бүркемеленгенін мейлінше айқын, әрі бұлтартпастай етіп дәлелдеп отыр.

Дәлдігі мен «жұпынылығын» бұдан бұрынғы ашаршылықтар дәлелдеген тіпті үкіметтік есептер бойынша, егін шықпау апатына 20 губерния шалдыққан: 20 миллион жан халықтың «азық-түлік жәрдемін алуға правосы бар», яғни ашаршылықтан ісіп-кеуіп, өз шаруашылықтарын күйзелтуде.

Егер былай деп «жігерлендіріп» қоймаса, Коковцов контрреволюциялық үкіметтің финанс министрі және басшысы болмас еді: байқайсыз ба, егін шықпауы деген жоқ, тек «астық шығымының аздығы» бар; ашаршылық «ауруға шалдықтырмайды», қайта ауруға қарсы «кейде көмегі болады», ашығушылардың апаты туралы әңгімелер — газеттердің ойлап шығарған шылғи өтірігі — мұны губернаторлар айқын дәлелдеп отыр; мұның керісінше, «астықтың аз шығуына ұшыраған жерлердің экономикалық жағдайлары әсте оншама жаман емес»; «халықты тегін асырау идеясы зиянды»; ақырында, үкімет қолданған шаралар «жеткілікті және дер кезінде жасалған» шаралар дейді ол.

Конституциялық үкіметтің басшысы ашаршылыққа қарсы күресте өзінің данышпандықпен ойлап шығарған әдісін: «аштарға жәрдем» ұйымдастыруға тіміскі тыңшыларға уәкілдік берілуін еске алуды ұмытып кетті.

Қазір тіпті жария либералдық қоғамдардың тарапынан да «қоғамдық жәрдем» жойылды, сөйтіп Саратовтың тіміскі тыңшысы, аштарға жалғыз қамқоршы ретінде, аштарға арпалған, өзіне сеніп тапсырылған қарыз ақшаны жаман атқа ілігем демей-ақ кабактарда ішкілікке сала алды.

Әрине, оңшыл крепостниктер «Министрлер советінің председателі мырзаның егжей-тегжейлі және, былайша айтқанда, бәрін қамтитын сөзіне» сүйсінуде (депутат Вишневский, 9 ноябрьдегі мәжіліс); әрине, құрдай жорғалаушы октябристер өздерінің думалық өту формуласында «үкімет егін шықпаудың зардаптарымен күресу шараларын қолданып дер кезінде қамқорлық істеді» деп дәлелдеуге асықты; ал олардың лидерлерінің бірі (қатардағы қарапайымы емес!) «халықты қолайлы тамақпен қамтамасыз ету үшін балық консервілерінің еркін айналысы» туралы терең мағыналы пікір айтты.

Аштықтан болатын сүзек, құрқұлақ, иттерден тартып алып өлексе жеу, немесе Мемлекеттік думаның мәжілістерінде көрсетілген күл-көңі аралас нанды жеу,— міне, мұның бәрін октябристер көрмейді. Олар үшін министрдің сөзі — заң.

Ал кадеттер ше? Тіпті осындай мәселеде олар үкіметтің пасықтық қылығына адал ниетпен баға берудің орнына өздерінің шешені Кутлердің айтуымен «Министрлер советі председателінің ауқымды сөзінен тыныштандырарлық қорытындылар жасаудан» (9 ноябрьдегі мәжіліс) артық ештеңе таппады; ал өздерінің өту формуласында үкіметтің іс-әрекетін елжіреп «жоспарлылығы жеткіліксіз (!), жетімсіз және әрқашан мезгілінде бола бермеді (!)...» деп қана атады.

Азық-түлік жәрдемінің әдістері туралы және оны ұйымдастыру туралы мәселе,—өзінің сөзінде социал-демократ депутат Белоусов жолдас дұрыс көрсеткеніндей,— істің тек бір жағы ғана. Ашаршылық туралы сөз

болған сайын әрдайым туатын негізгі мәселе — ашаршылықтардың *себептері* және егін шықпауына қарсы күресу шаралары туралы мәселенің бұдан маңызы кем емес.

Оңшыл крепостниктер үшін мұның шешімі «оп-оңай»: «жалқау»-мужиктерге бұрынғыдан да гөрі көп жұмыс істету керек, сонда «оның да қолы жетеді». Курскінің қу мүйізі Марков 2-ші «мужиктің 365 күн ішінде 55—70 күн жұмыс істейтінін, ал 300 күн түк істемейтінін», пештің үстінде жатып алып, «қазыналық паек талап ететінін» «сұмдық» деп табады.

Ұлтшылдар мен октябристердің арасындағы жартылай крепостниктері «тереңірек» қарайды: міндеті бастықтарды мадақтау болғандықтан олар «жер әлсіздер мен маскүнемдердің қолынан күштілер мен ішпейтіндердің қолына көшкенде», «марқұм П. А. Столыпин белгілеген реформа жүзеге асырылғанда, күштілерге сүйену бағыты ұтып шыққанда» «ашаршылық туралы мәселе түбегейлі шешіледі» деп әлі де сендіруге әрекеттенеді (Думаның 9 ноябрьдегі мәжілісіндегі Келеповскийдің сөзі).

Бірақ 9 ноябрьдегі указдың таяудағы қорғаушыларының арасындағы неғұрлым көрегендері бұл «ұлы реформаның» үстінде ажал лебі соғып тұрғанын сезе бастады. «9 ноябрьдегі заңды» жақтап келген және «жақтап отырған» Саратов депутаты Н. Львов «шындықпен араласқанынан» алған мына бір әсерін Думада ортаға салды: — «сіздердің осында Мемлекеттік думада айтып отырғандарыңыздың бәрі сіздер өз көздеріңізбен көріп отырған тікелей ең жақын мұқтаждықтан бір түрлі сұмдық қашық жатыр». «Үлкен сақтық керек және кейбіреулер елегісі келмейтін халықты есіркеу керек. 9 ноябрьдегі заңның арқасында кейбір губернияларда, соның ішінде Саратов губерниясында да көптеген жаңа адамдар пайда болды, жердің бағасы көтерілді және өте кедей халықтың жағдайы тым ауыр болып кетті... Шаруа халқының ішінде кедейлердің сұмдық ашу-ызасы мен қарғысы күшеюде, бұған қарсы қандай да болса шара қолданған жөн... Өйткені күштілерге сенім арту деген сөз — кедейлерді мүлдем құртып тыну, оларды

қайыршылықта өлуге қалдыру деген сөз емес қой» т. т. және т. т.

Қысқасы, «шындықпен араласудан алынған» әсерлер «9 ноябрьдегі заңды жақтаушы» бұл помещиктің көзін аша бастады.

Оңшыл шаруалардың столыпиндік «жер реформасы» құтқарып қалады деп жүрген үмітіне биылғы жылдың ашаршылығы олшеусіз терең күмән тудырды; сондықтан оңшыл шаруа Андрейчуктың «таяу арада үкімет Мемлекеттік думаға ірі жер иеленушіліктің жер мөлшерінің шекті нормасын белгілеу туралы заң жобасын енгізсін» деген ұсынысы,— барлық оңшыл шаруалар және тіпті селолық священниктер де қолдаған бұл ұсыныс — шаруалардың, тіпті оңшылдарының да, «ашаршылықпен күресуді» қалай түсінетіндігін бәрінен де жақсы көрсетеді.

Андрейчуктың «іштей» мужиктік талабы (оңшыл және солшыл шаруалардың помещиктік жерлерді күшпен иеліктен айыру жолымен жері аздарға бөліп беру туралы мәлімдемесін еске түсірейік, 9 ноябрьдегі указ туралы жарыс сөздерде шаруалардың сөйлеген сөздерін, т. т. еске түсірейік) жер революциясының керектігі тіпті оңшыл шаруалардың да санасына қаншалықты сіңгендігін, ашаршылыққа қарсы күрестің олардың ойында да *«жер үшін» күреспен* қаншалықты *ажырамас* байланысты екендігін дәлелдеген үстіне дәлелдейді.

Шаруалардың жері аздығын жоймайынша, шаруалардың алым-салық ауыртпалығын жеңілдетпейінше, олардың мәдени дәрежесін арттырмайынша, олардың праволық жағдайын батыл өзгертпейінше, помещиктік жерлерді конфискелемейінше — *революция жасамайынша* ашаршылықтармен шын күресу мүмкін емес.

Осы мағынадан алғанда биылғы жылы егін шықпауы қазіргі бүкіл құрылыс үшін, бүкіл үшінші июнь монархиясы үшін ажалдың жаңа бір ескертуі болып табылады.

«Рабочая Газета» № 7,
22 декабрь, 1911 ж.
(4 январь, 1912 ж.)

«Рабочая Газетаның» тексті бойынша басылып отыр

РСДРП БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ VI (ПРАГА) КОНФЕРЕНЦИЯСЫ[65]

5—17 (18—30) ЯНВАРЬ, 1912 Ж.

Қарарлардың жобалары бірінші рет мына басылымдарда басылды: конференцияны заңдастыру туралы және социал-демократтардың ашаршылықпен күресудегі міндеттері туралы — 1937 ж. 18 январьда «Правда» газетінің 18-номерінде; қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы — 1941 ж. «Пролетарская Революция» журналының 1-номерінде; жойымпаздық туралы және жойымпаздар тобы туралы — 1929—1930 жылдары В. И. Ленин Шығармаларының 2—3-басылуларында, XV томда басылды. Қарарлар 1912 ж. февральда РСДРП Орталық Комитеті Парижде бастырып шығарған «Россия Социал-демократиялық жұмысшы партиясының бүкіл россиялық конференциясы» деген кітапшада басылды

Қарарлардың жобалары қолжазбалар бойынша, қарарлар кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

1

КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ЗАҢДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Заңдастыру туралы қарар

Мыналарды еске алу керек:

1) контрреволюциялық пиғылдардың кең жайылуының және патша өкіметінің тарапынан болған сұмдық қудалаудың салдарынан партия ұйымдарының көпшілігінің бытырауы мен ыдырауы партияның практикалық орталығының, Орталық Комитеттің, ұзақ жылдар бойы болмауы жағдайында Россия Социал-демократиялық жұмысшы партиясын өте ауыр халге ұшыратты;

2) қазіргі уақытта жұмысшы қозғалысының жанданууына байланысты алдыңғы қатарлы жұмысшылардың партияның құпия ұйымдарын қалпына келтіруге талпынуы барлық жерде күшейіп отырғандығы байқалады және осы негізде РСДРП-ның жергілікті ұйымдарының көпшілігі партияны қалпына келтіру, жалпы партиялық конференция шақыру жөнінде аса зор және ойдағыдай инициатива көрсетті;

3) жұмысшы қозғалысының және патша өкіметіне қарсы революциялық күрестің өте шұғыл практикалық міндеттері (экономикалық күреске, саяси үгітке және пролетарлық митингілерге басшылық ету, IV Думаның сайлауы және т. т.) толық праволы және жергілікті ұйымдармен тығыз байланысты практикалық партиялық орталықты қалпына келтіру жөнінде жедел және барынша жігерлі шаралар қолдануды сөзсіз керек етеді;

4) РСДРП-ның соңғы конференциясынан бергі үш жылдан астам үзілістен кейін және партияның барлық ұйымдары өкілдерінің жиналысын шақыруға екі жыл-

дан астам уақыт бойы сан рет әрекет жасалғаннан кейін, қазіргі уақытта, ақырында, 20 орыс ұйымын осы конференцияны шақырған Россиялық ұйымдастыру комиссиясының төңірегіне топтастыра алдық, ал Россиялық ұйымдастыру комиссиясы конференция болатынын бұдан бірнеше ай бұрын-ақ барлық социал-демократтарға хабарлады және конференцияға біздің партиямыздың ұйымдарының бәрін, бірін қалдырмай тегіс шақырды, оның үстіне барлық ұйымдарға конференцияға қатысуға мүмкіндік берілді;

5) бұл конференцияға, оның кешіккендігіне және бірсыпыра ауыр сәтсіздіктерге қарамастан, тек бірлі-жарымы ғана болмаса, Россияда жұмыс істеп отырған барлық ұйымдардың өкілдері келді,—

осыларды еске ала отырып,— конференция партияның жоғарғы органы болып табылатын және толық праволы орталық мекемелер құруға міндетті болып табылатын РСДРП жалпы партиялық конференциясы болып заңдастырылады.

1912 ж. кеш дегенде
5 (18) январьда жазылған

2

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢ ЖӘНЕ ПАРТИЯНЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Конференция ең алдымен 1908 жылы декабрьдегі партия конференциясы қабылдаған «Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы» қарарды қуаттайды. Конференция бұл қарардың ерекше маңызды мәні бар екендігін атап көрсетеді, оның, бір жағынан, бүкіл үшінші июнь режимінің тарихи маңызы мен таптық мәні жөніндегі және екінші жағынан, революциялық дағдарыстың үдеуі жөніндегі қағидаларын өткен үш жылдың оқиғалары толық қуаттады.

Бұл оқиғалардың ішінен конференция, атап айтқанда, мынаны көрсетеді:

а) Патша өкіметінің аграрлық саясаты, помещиктер мен ірі буржуазияның үкіметтік партиялары да, сол сияқты контрреволюциялық либерализм де өздерінің контрреволюциялық мүдделерін байланыстырған осы саясат, деревняда азды-көпті тұрақты буржуазиялық қатынастар орнатуға жеткізбегені былай тұрсын, шаруа халқын жаппай ашығудан құтқарған жоқ, бұл ашаршылықтар халық жагдайының өте-мөте нашарлауының және өндіргіш күштердің орасан шығынға ұшырауының белгісі болып табылады.

б) Қазіргі капиталистік мемлекеттердің дүние жүзілік бәсекесі тұрғысынан келгенде дәрменсіз болып отырған және Европада барған сайын кейін қарай ығыстырылып отырған самодержавие қаражүздік дворяндармен және нығайып келе жатқан өнеркәсіп буржуазиясымен одақтаса отырып, қазір өздерінің жырт-

қыштық мүдделерін неғұрлым мәдениетті облыстарға (Финляндия, Польша, Солтүстік-батыс өлкесі) қарсы бағытталған дөрекі-«ұлтшылдық» саясат жүргізу арқылы және Азияның бостандық жолында революциялық күрес жүргізіп жатқан халықтарына (Персия, Монголия) қарсы бағытталған отарлық басқыншылықтар арқылы қанағаттандыруға тырысуда.

в) Шаруалардың экономикалық жағдайының әбден күйзелуі, самодержавиенің ел талағыш бюджет саясаты және бюрократиялық аппараттың толық азғындауы басталып келе жатқан экономикалық өрлеуді барынша шырмап тежеп отыр, ал екінші жағынан күшейе түсіп отырған тұрмыс қымбатшылығы жұмысшы табы мен халықтың қалың бұқарасының мұқтаждығын күшейтіп отыр.

г) Осыған байланысты, III Думаның бес жыл өмір сүруінің ішінде халықтың қалың бұқарасының жағдайын жақсарту үшін оның ештеңе істегісі келмейтіндігін, істей алмайтындығын, істеуге дәрменсіздігін және ондағы жетекші партиялардың халыққа қарсы сипатын халықтың қалың бұқарасы барған сайын айқын көріп отыр.

д) Демократияның қалың топтарында және ең алдымен пролетариаттың арасында саяси сергушіліктің басталғандығы байқалады. 1910—1911 жылдардағы жұмысшы стачкалары, демонстрациялар мен пролетарлық митингілердің басталуы, қалалық буржуазиялық демократияның арасында қозғалыстың басталуы (студенттердің ереуілдері) және т. т.— осының бәрі бұқараның 3 июнь режиміне қарсы революциялық ниет-пиғылы өсіп келе жатқандығының белгілері болып табылады.

Конференция, осы мәліметтердің бәріне сүйене отырып, 1908 жылғы декабрь конференциясының қарарында толық көрсетілген міндеттердің партияның алдында тұрғандығын қуаттайды және мыналарға жолдастардың ерекше назарын аударады:

1) күн тәртібінде, бұрынғысынша, ең алдымен пролетариаттың саналы бұқарасына социалистік тәрбие берудің, оны ұйымдастырудың және топтастырудың ұзақ жұмысы тұр;

2) жария мүмкіндік атаулының бәрін осы уақытқа дейінгіден де кең пайдаланатын, пролетариаттың экономикалық күресіне басшылық етуге қабілетті және пролетариаттың барған сайын жиілеп отырған саяси қимылдарына бірден-бір басшылық ете алатын РСДРП құпия ұйымын қалпына келтіру жөніндегі жұмысты күшейту керек;

3) жүйелі саяси үгітті жолға қойып, оны кеңейту керек және бұқараның басталып келе жатқан қозғалысын жан-жақты қолдап, оны партияның толық жүргізіліп отырған ұрандарының туы астында кеңейту керек.

Патшалық монархияның саясатына қарсы республикалық насихат басқаларының арасында ерекше қойылуы керек және ұрандарды қысқарту мен қазіргі «жариялылыққа» бейімделу жөнінде кеңінен жүргізіліп отырған насихатқа қарама-қарсы қойылуы керек.

1912 ж. январьдың бірінші жартысында жазылған

3

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРДЫҢ АШАРШЫЛЫҚПЕН КҮРЕСУДЕГІ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Мыналарды еске алу керек:

1) Россияда 20 миллион шаруаның ашығуы патша өкіметі мен крепостник-помещиктер табы езіп отырған шаруалар бұқарасының мүлдем төзгісіз, дүние жүзінің бірде-бір цивилизациялы мемлекетінде болуы мүмкін емес жаншылған жағдайын тағы да көрсетеді;

2) үкіметтің аграрлық саясатынан түк өнбегендігін және оңшыл партиялар түрінде III Думада да, Мемлекеттік советте де, II Николайдың патша сарайындағы топтарында да үстем болып отырған крепостник-помещиктер табы жалпы алғанда Россия саясатына және жекелеп алғанда жер жөніндегі саясатына бағыт беріп отырғанда Россияның азды-көпті қалыпты буржуазиялық дамуын қамтамасыз ету мүмкін еместігін қазіргі ашаршылық тағы да дәлелдеді;

3) қаражүздік партиялар (Марковтар мен солар секілді мырзалар бастаған) өздерінің Думадағы мәлімдемелерімен және жауаптылықты «жалқау шаруаларға» жүктеуімен Россияны тонап жатқан патшалық-помещиктік шайканың арсыздығын шектен асырғаны соншалық, тіпті ең қараңғы дегендердің көзі ашылып, ең самарқау дегендердің өздері кейістік білдіре бастады;

4) аштарға жәрдем беру ісіне үкіметтің жасаған кедергілері, земстволарға, қаржы жинаушыларға және асхана комитеттерін ұйымдастырушыларға және тағы сондайларға полицияның тиісуі тіпті буржуазияның

ішінде де мейлінше наразылық туғызып, тіпті октябристік буржуазия сияқты мешеу, контрреволюциялық буржуазияның арасында да наразылық естіле бастады;

5) либералдық-монархиялық буржуазия ашаршылық туралы және үкіметтің қылығы туралы қоғамды хабардар етуге өз баспасөзімен көмектесе отырып, екінші жағынан, кадет Кутлер арқылы III Думада демократияны мүлдем қанағаттандыра алмайтын баяу-оппозициялық позиция ұстады, сол сияқты либералдардың көпшілігінің аштарға жәрдем беру туралы мәселені мүсіркеушілік тұрғысынан қоюына да көнуге болмайды;

6) аштар мен жұмыссыздардың көбейгендігінен жұмысшы табының экономикалық жагдайының нашарлап отырғанына мүлде қарамастан, жұмысшы табының арасында аштарға арнап қаржы жинауға және басқа жәрдем көрсетуге стихиялық ұмтылыс байқалып отыр және социалистерді айтпағанның өзінде, әрбір демократ үшін табиғи бұл ұмтылысты барлық социал-демократтар қолдап, тап күресі рухында бағыттаулары керек;

осыларды еске ала отырып,—конференция қаулы етеді:

(а) ашаршылықтың патша өкіметімен және оның бүкіл саясатымен байланыстылығын түсіндіре отырып, үгіт мақсаты үшін деревняларда социал-демократтар мен трудовиктердің ғана емес, сонымен бірге патшаның Марков 2-ші сияқты достарының да Думадағы сөздерін тарата отырып және социал-демократияның саяси талаптарын, ең алдымен патшалық монархияны құлату және демократиялық республика орнату, содан соң помещиктік жерді конфискелеу талабын тарата отырып, халықтың, әсіресе шаруалардың қалың бұқарасының арасында насихат пен үгітті кеңейту үшін барлық күшті жұмсау керек;

(б) жұмысшылардың аштарға, мүмкін болғанынша, жәрдемдесуге ұмтылуын қолдау керек, жәрдемді Думадағы социал-демократиялық фракцияға ғана, жұмысшы баспасөзіне немесе жұмысшылардың мәдени-ағарту және басқа қоғамдарына және т. т. жіберіп отыруға кеңес беру керек, аштарға жәрдемдесетін топтарға, комитеттерге немесе комиссияларға кірерде социал-демо-

краттар мен демократтардың ерекше ұяларын құрып отыру керек;

(в) ашаршылық жөнінде демократиялық ашынушылықты демонстрациялар, митингілер, жиындар және бұқараның патша өкіметіне қарсы революциялық күресі бастамасының басқа да формалары жағына бағыттап отыруға ұмтылу керек.

1912 ж. январьдың бірінші жартысында жазылған

4

ЖОЙЫМПАЗДЫҚ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ЖОЙЫМПАЗДАР ТОБЫ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Жойымпаздық туралы және жойымпаздар тобы туралы

Мыналарды еске алу керек:

1) РСДЖ Партиясы төрт жылдай уақыт бойы жойымпаздық ағымға қарсы батыл күрес жүргізіп келеді, бұл ағым партияның 1908 жылғы декабрь конференциясында былай деп анықталған болатын

«партиялық интеллигенцияның кейбір бөлегінің өмір сүріп отырған РСДРП ұйымын жоюға, оны қайткен күнде де, тіпті жариялылықтың өзі партияның программасынан, тактикасынан және дәстүрлерінен көрінеу бас тарту болып шықса да, жариялылық шеңберіндегі бейнесіз бірлестікпен алмастыруға тырысу әрекеті» [66];

2) 1910 жылғы январьда Орталық Комитеттің пленумы, бұл ағымға қарсы күресті жалғастыра отырып, оны бір ауыздан «буржуазияның пролетариатқа ықпал жасауының көрінісі» деп білді және жойымпаздықтан толық қол үзіп, социализмнен бұл буржуазиялық ауа жайылушылықты біржолата жоюды шын партиялық бірліктің және большевиктер мен меньшевиктердің бұрынғы фракцияларының бірігуінің шарты етіп қойды;

3) партияның барлық шешімдеріне қарамастан және 1910 жылғы январьдағы пленумда меньшевизм өкілдерінің берген уәдесіне қарамастан, меньшевиктердің «Наша Заря» мен «Дело Жизни» журналсымақтарының төңірегіне топтасқан бір бөлегі Орталық Комитетті қалпына келтіруге көмектесуден бас тартты (1910 жылы көктемде Михаилдың, Юрийдің және Романның Орталық Комитетке кіруден бас тартқаны былай тұрсын,

тіпті жаңа мүшелерді кооптациялау үшін бір мәжіліске болса да келуден де бас тартуы);

4) жоғарыда аталған басылымдар нақ 1910 жылғы пленумнан кейін жойымпаздыққа қарай үзілді-кесілді және барлық бағытта бет бұрды, сөйтіп «құпия партияның маңызын» (пленум шешіміне қарамастан) «төмендетіп» қана қойған жоқ, сонымен бірге оны тура теріске шығарып отырды, қазірдің өзінде-ақ жойылды деп жариялады, құпия партияны қалпына келтіруді «реакциялық утопия» деп жариялады, цензураға бағынатын журналдардың бетінен оны мазақ етіп, оған балағатты жаудырды, жұмысшыларды партияның ұяларын және оның бағыну тәртібін «күні өткен» деп тануға шақырды және т. т.;

5) жойымпаздардың саны аз, көбінесе интеллигенция өкілдерінен құралған жергілікті шағын топтары, партияны ыдырату жөніндегі жұмысын жалғастыра отырып, құпия партияны қалпына келтіруге және оның конференциясын шақыруға көмектесуге 1911 жылы қайтадан шақырғанда бас тартып қана қойған жоқ, қайта мүлдем тәуелсіз шағын топтарға ұйымдасып, жұмысшылардың арасында, сондай-ақ партиялық меньшевиктер басым жерлерде де (мәселен, Екатеринославта, Бакуде, Киевте және т. т.) құпия партияға тікелей қарсы үгіт жүргізді және оны қалпына келтіруге тікелей қарсы күрес жүргізді;

— осыларды еске ала отырып, конференция аталған топтың өз қылығымен өзін партиядан біржолата тыс қойғандығын мәлімдейді.

Конференция партияшылдардың бәрін, ағымдары мен сарындары қандай болса да, жойымпаздыққа қарсы күрес жүргізуге шақырады, жұмысшы табын азат ету ісі үшін оның бүкіл зияндылығын түсіндіріп отыруға және құпия РСДЖ Партиясын қалпына келтіріп, нығайту үшін бар күшті жұмсауға шақырады.

1912 ж. январьдың бірінші жартысында жазылған



О ликвидаторстве и о группе ликвидаторов.

Принимая во внимание,

1) что Р.С.Д.Р. Партия уже около четырех лет ведет решительную борьбу с ликвидаторским течением, которое на декабрьской конференции партии 1908-го года было определено как «попытки некоторой части партийной интеллигенции ликвидировать существующую организацию Р.С.Д.Р.П. и заменить ее бесформенным объединением в рамках легальности во что бы то ни стало, хотя бы это последнее покупалось ценою явного отказа от программы, тактики и традиций партии»;

2) что пленум Ц.К. в январе 1910-го года, продолжая борьбу с этим течением, единогласно признал его «проявлением влияния буржуазии на пролетариат» и поставил условием действительного партийного единства и слияния прежних фракций большевиков и меньшевиков полный разрыв с ликвидаторством и окончательное преодоление этого буржуазного уклонения от социализма;

«Жойымпаздық туралы және жойымпаздар тобы туралы» қарардың В. И. Ленин жазған жобасының қолжазбасы. — Январь, 1912 ж.

Кішірейтілген

5

КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ ҚАРАРЛАРЫ

КОНФЕРЕНЦИЯ ШАҚЫРУ ЖӨНІНДЕГІ РОССИЯЛЫҚ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ

Россиялық ұйымдастыру комиссиясы өкілінің жалпы партиялық конференция шақыру жөнінде осы комиссияның жұмысы туралы есебін тыңдап және талқылап —

фракциялары қандай болса да барлық россиялық партия ұйымдарын топтастыру жөнінде және біздің партиямызды жалпы россиялық ұйым ретінде қалпына келтіру жөнінде Россиялық ұйымдастыру комиссиясы жүргізген жұмыстың аса зор маңызы бар екендігін атап көрсетуді конференция өзінің борышы деп санайды.

Большевиктер мен россиялық партияшыл-меньшевиктер ынтымақтасып бірге жұмыс істеген Россиялық ұйымдастыру комиссиясының жұмысы мақұлдаған үстіне мақұлдауға тұрады, өйткені Россиялық ұйымдастыру комиссиясының құлақ естімеген ауыр полициялық жағдайларда және партияның ішкі жағдайынан туған бірсыпыра кедергілер мен қиындықтар тұсында жұмыс істеуіне тура келді.

КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ЗАҢДАСТЫРУ ТУРАЛЫ

Мыналарды еске алу керек:

1) контрреволюциялық пиғылдардың кең жайылуының және патша өкіметінің тарапынан болған сұмдық қудалаудың салдарынан партия ұйымдарының көпшілігінің бытырауы мен ыдырауы партияның практикалық орталығының, Орталық Комитеттің, ұзақ жылдар

бойы болмауы жағдайында 1908—1911 жылдардағы дәуірде РСДРП-ны өте ауыр халге ұшыратты;

2) қазіргі уақытта жұмысшы қозғалысының жандануына байланысты алдыңғы қатарлы жұмысшылардың партияның құпия ұйымдарын қалпына келтіруге, жария және құпия социал-демократиялық жүйелі жұмысты жолға қоюға талпынуы барлық жерде күшейіп отырғандығы байқалады және осы негізде РСДРП-ның жергілікті ұйымдарының көпшілігі партияны қалпына келтіру және жалпы партиялық конференция шақыру жөнінде аса зор және пәрменді инициатива көрсетті;

3) жұмысшы қозғалысының және патша өкіметіне қарсы революциялық күрестің өте шұғыл практикалық міндеттері (экономикалық күреске, жалпы саяси үгітке, пролетарлық митингілерге, IV Думаның сайлау науқанына және т. т. басшылық ету) толық праволы және жергілікті ұйымдармен тығыз байланысты практикалық партиялық орталықты қалпына келтіру жөнінде жедел және барынша жігерлі шаралар қолдануды сөзсіз керек етеді;

4) РСДРП-ның соңғы конференциясынан бергі үш жылдан астам үзілістен кейін және партияның барлық ұйымдары өкілдерінің жиналысын шақыруға екі жылдан астам уақыт бойы әрекет жасалғаннан кейін, қазіргі уақытта, ақырында, 20-дан астам орыс ұйымын (С.-Петербург, Москва, Саратов, Қазан, Самара, Нижний Новгород, Сормово, Ростов, Екатеринослав, Киев, Николаев, Луганск, Баку, Тифлис тобы, Вильно тобы, Двинск тобы, Екатеринбург, Уфа, Тюмень, орталық облыстағы бірсыпыра пункттер және басқалары) осы конференцияны шақырған Россиялық ұйымдастыру комиссиясының төңірегіне топтастыра алдық, ал Россиялық ұйымдастыру комиссиясы конференция болатынын бұдан бірнеше ай бұрын-ақ барлық социал-демократтарға хабарлады және конференцияға біздің партиямыздың ұйымдарының бәрін, бірін қалдырмай тегіс шақырды, оның үстіне барлық ұйымдарға конференцияға қатысуға мүмкіндік берді;

5) бұл конференцияға полицияға ұрынып қалған бірсыпыра қиын жағдайларға қарамастан, тек бірлі-жарымы ғана болмаса, Россияда жұмыс істеп отырған барлық партия ұйымдарының өкілдері келді;

6) Россияның бірсыпыра ең ірі қалаларының (Петербург, Москва, Кавказ) жария жұмысшы қозғалысы қайраткерлерінің социал-демократиялық топтары конференцияға шақырылды және оған тілеулестік білдірді;— осыларды еске ала отырып —

— конференция партияның жоғарғы органы болып табылатын РСДРП жалпы партиялық конференциясы болып заңдастырылады.

ЖАЛПЫ ПАРТИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯДА ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҚТАРДАН ДЕЛЕГАТТАРДЫҢ БОЛМАҒАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ

Россияның барлық ұлттарының социал-демократ жұмысшыларының бірлігін нығайту төтенше маңызды деп танып, жергілікті орындарда «ұлт өкілдерімен» бірлік орнатуды және ұлттық ұйымдардың жалпы россиялық орталықпен байланысын нығайтуды сөзсіз қажет деп тауып, конференция мұнымен бірге мыналарды атап көрсетуге мәжбүр:

1) Орыс ұйымдарынан мүлдем оқшау жұмыс істейтін «ұлт өкілдері» ең нашар түрпаттағы федерацияны жүзеге асырып отырғанда және — көбінесе олар тілесін-тілемесін — аса маңызды орыс ұйымдарын іс жүзінде орыс жұмысына мүлдем қатыспайтын ұлттық орталықтарсыз РСДРП ең қажетті және ең маңызды партиялық бастамаларды атқара алмайтындай жағдайға қойып отырғанда — партия ішіндегі істердің мұндай жайына жол беруге болмайтындығын тәжірибе түпкілікті дәлелдеді.

2) Ұлттық орталықтардың бірі (Бундтың[67]) соңғы жылдың ішінде жойымпаздарға ашықтан-ашық көмектесті және РСДРП ішінде жік туғызуға әрекет жасады, ал басқалары (латыш және ПСД орталықтары[68]) партияны ыдыратушы — жойымпаздарға қарсы күресуден шешуші кезеңде бойын аулақ салды.

3) Ұлттық ұйымдардағы партиялық элементтер және ең алдымен барлық партияшыл-жұмысшылар *орыс* ұйымдарының өмірі туралы хабарлар оларға да жетіп отырғандықтан, орыстың құпия социал-демократиялық ұйымдарымен бірлікті *жақтап,* Россиялық ұйымдастыру комиссиясын қолдауды *жақтап,* жойымпаздыққа қарсы күресуді *жақтап* батыл пікірлер айтуда.

4) Ұлттық ұйымдардың үшеуінің де Орталық Комитеттері партия конференциясына үш рет шақырылды (Шетелдік ұйымдастыру комиссиясы, Россиялық ұйымдастыру комиссиясы және конференцияның делегаттары) және олардың өз делегаттарын жіберуіне толық мүмкіндік қамтамасыз етілді.

Осының бәрін ескеріп және ұлттық орталықтардың жалпы партиялық конференцияға өз делегаттарын жібергісі келмегендігіне бола РСДРП жұмысын кейінге қалдыруды мүмкін емес деп тауып,— конференция «ұлт өкілдерінің» келмегендігі үшін барлық жауапкершілікті олардың орталықтарына артады және РСДРП Орталық Комитетіне РСДРП-ға кіретін ұлттық ұйымдармен бірлікке жетуге тынбастан күш салуды және дұрыс қатынастар орнатуды тапсырады.

Барлық кедергілерге қарамастан, Россияның барлық ұлттарының социал-демократ жұмысшылары пролетарлық іс үшін және жұмысшы табының барлық жауларына қарсы қол ұстасып, ынтымақтаса күресетіндігіне конференция өзінің сенетіндігін білдіреді.

ЖЕРГІЛІКТІ ОРЫНДАРДЫҢ ЕСЕПТЕРІ ТУРАЛЫ

Жергілікті орындардың тыңдалған есептері жөнінде конференция мынаны атап көрсетеді:

1) барлық жерде бірдей жергілікті орындарда социал-демократ жұмысшылардың арасында жергілікті құпия социал-демократиялық ұйымдар мен топтарды нығайту жөнінде жігерлі жұмыс жүргізілуде;

2) барлық жерде бірдей құпия және жария социал-демократиялық жұмысты ұштастыру керек деп танылды, біздің құпия партия ұйымдарымыз әр түрлі жария жұмысшы қоғамдарының бәрін бұқара арасында жұ-

мыс жүргізудің тірек пункттері етуге тиіс екендігін социал-демократтар барлық жерде бірдей таныды. Бірақ кәсіптік одақтарда, кооперативтерде, клубтарда және т. т. практикалық социал-демократиялық жұмыс жүргізу үшін, маркстік әдебиет тарату үшін, социал-демократтардың Думада сөйлеген сөздерін пайдалану және т. т. үшін — істелгені дегенмен әлі де жеткіліксіз, сондықтан бұл салада құпия социал-демократиялық топтардың ынта-жігерін сөзсіз күшейту керек;

3) барлық жерде бірдей, бәрінде тегіс, партиялық жұмысты ең алдымен большевиктер мен партияшыл-меньшевиктер, сондай-ақ орыс впередшілдері бар жерде,— солар және құпия РСДРП-ны қажет деп танитын барлық басқа социал-демократтар бірлесіп, ынтымақтасып жүргізуде — оның үстіне бүкіл жұмыс партиялылықты қорғау және жойымпаздыққа қарсы күресу рухында жүргізілуде.

Жұмысшы қозғалысының жандана бастауына байланысты ескі ұйымдық формаларды нығайту және барынша икемді, жаңа ұйымдық формалар жасау жөніндегі қажырлы жұмыс жүргізіле береді, бұл ұйымдық формалар социал-демократиялық партияның *жаңа* жағдайда *бұрынғы* революциялық мақсаттар мен революциялық әдістер үшін күресіне көмектеседі деп конференция сенім білдіреді.

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢ ЖӘНЕ ПАРТИЯНЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

Конференция ең алдымен 3 июнь режимі және партияның міндеттері туралы 1908 ж. декабрьде партия конференциясы қабылдаған қарарды қуаттайды. Конференция бұл қарардың ерекше маңызды мәні бар екендігін атап көрсетеді, оның, бір жағынан, бүкіл 3 июнь режимінің тарихи маңызы мен таптық мәні жөніндегі және екінші жағынан, революциялық дағдарыстың үдеуі жөніндегі қағидаларын өткен үш жылдың оқиғалары толық қуаттады.

Бұл оқиғалардың ішінен конференция, атап айтқанда, мынаны көрсетеді:

а) Патша өкіметінің аграрлық саясаты, помещиктер мен ірі буржуазияның үкіметтік партиялары да, сол сияқты, іс жүзінде, контрреволюциялық либерализм де өздерінің контрреволюциялық мүдделерін байланыстырған осы саясат, деревняда азды-көпті тұрақты буржуазиялық қатынастар орнатуға жеткізбегені былай тұрсын, шаруаларды жаппай ашығудан құтқарған жоқ, бұл ашаршылықтар халық жағдайының өте-мөте нашарлауының және елдің өндіргіш күштерінің орасан шығынға ұшырауының белгісі болып табылады.

б) Қазіргі капиталистік мемлекеттердің дүние жүзілік бәсекесі тұрғысынан келгенде дәрменсіз болып отырған және Европада барған сайын кейін қарай ығыстырылып отырған патша өкіметі қаражүздік дворяндармен және нығайып келе жатқан өнеркәсіп буржуазиясымен одақтаса отырып, қазір өздерінің жыртқыштық мүдделерін шет аймақтарға қарсы, барлық езілген ұлттарға қарсы, атап айтқанда неғұрлым мәдениетті облыстарға (Финляндия, Польша, Солтүстік-батыс өлкесі) қарсы бағытталған дөрекі-«ұлтшылдық» саясат жүргізу арқылы және Азияның бостандық жолында революциялық күрес жүргізіп жатқан халықтарына (Персия, Қытай) қарсы бағытталған отарлық басқыншылықтар арқылы қанағаттандыруға тырысуда.

в) Шаруалардың экономикалық жағдайының әбден күйзелуі, самодержавиенің ел талағыш бюджет саясаты және бюрократиялық аппараттың азғындауы экономикалық өрлеуді барынша шырмап тежеп отыр, ал екінші жағынан, күшейе түсіп отырған тұрмыс қымбатшылығы жұмысшы табы мен халықтың қалың бұқарасының мұқтаждығын күшейтіп отыр.

г) Осыған байланысты, III Думаның бес жыл өмір сүруінің ішінде халықтың қалың бұқарасының жағдайын жақсарту үшін оның ештеңе істегісі келмейтіндігін, істей алмайтындығын, істеуге дәрменсіздігін және ондағы жетекші партиялардың халыққа қарсы сипатын халықтың қалың бұқарасы барған сайын айқын көріп отыр.

д) Демократияның қалың топтарында және ең алдымен пролетариаттың арасында саяси сергушіліктің бас-

талғандығы байқалады. 1910—1911 жылдардағы жұмысшы стачкалары, демонстрациялар мен пролетарлық митингілердің басталуы, қалалық буржуазиялық демократияның арасында қозғалыстың басталуы (студенттердің ереуілдері) және т. т.— осының бәрі бұқараның 3 июнь режиміне қарсы революциялық ниет-пиғылы өсіп келе жатқандығының көріністері болып табылады.

Конференция, осы мәліметтердің бәріне сүйене отырып, 1908 жылғы декабрь конференциясының қарарында толық көрсетілген міндеттердің партияның алдында тұрғандығын қуаттайды, шаруаларды соңынан ертіп отырған пролетариаттың өкіметті жеңіп алу міндеті бұрынғысынша Россиядағы демократиялық төңкерістің міндеті болып қала беретіндігін ерекше атап көрсетеді. Конференция мыналарға жолдастардың назарын ерекше аударады:

1) күн тәртібінде, бұрынғысынша, ең алдымен пролетариаттың саналы бұқарасына социалистік тәрбие берудің, оны ұйымдастырудың және топтастырудың ұзақ жұмысы тұр;

2) жария мүмкіндік атаулының бәрін осы уақытқа дейінгіден де кең пайдаланатын, пролетариаттың экономикалық күресіне басшылық етуге қабілетті және пролетариаттың барған сайын жиілеп отырған саяси қимылдарына бірден-бір басшылық ете алатын РСДРП құпия ұйымын қалпына келтіру жөніндегі жұмысты күшейту керек;

3) жүйелі саяси үгітті жолға қойып, оны кеңейту керек және бұқараның басталып келе жатқан қозғалысын жан-жақты қолдап, оны партияның толық жүргізіліп отырған ұрандарының туы астында кеңейту керек. Патшалық монархияның саясатына қарсы республикалық насихат басқаларының арасында ерекше қойылуы керек және ұрандарды қысқарту мен жұмысты қазіргі «жариялылық» шеңберінде шектеу жөніндегі кеңінен жүргізіліп отырған насихатқа қарама-қарсы қойылуы керек.

IV МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАНЫҢ САЙЛАУЫ ТУРАЛЫ

I

Конференция РСДЖ Партиясының IV Думаның алдағы сайлау науқанына қатысуын, біздің партиямыздың дербес кандидаттарын ұсынуды және IV Думада біздің партиямыздың бір болегі ретінде тұтас алғанда партиямызға бағынатын социал-демократиялық фракция құруды сөзсіз керек деп табады.

Партияның сайлаудағы, сол сияқты болашақ социал-демократиялық фракцияның Думаның өз ішіндегі басты міндеті — барлық басқа міндеттер бағындырылуға тиісті міндеті — социалистік таптық насихат жүргізу және жұмысшы табын ұйымдастыру болып табылады.

Алдағы сайлауда біздің партиямыздың басты-басты сайлау ұрандары мыналар болуға тиіс:

1) демократиялық республика

2) 8 сағаттық жұмыс күні

3) барлық помещиктік жерлерді конфискелеу.

Сайлау алдындағы біздің бүкіл үгітімізде III Думаның тәжірибесі және үкіметтің орталық басқару саласындағы, сондай-ақ жергілікті басқару саласындағы бүкіл іс-әрекетінің тәжірибесі негізінде осы талаптарды мүмкін болғанынша көрнекті түрде түсіндіріп отыру қажет.

Социал-демократиялық программа-минимумның барлық басқа талаптары, атап айтқанда: жалпыға бірдей сайлау правосы, коалициялар бостандығы, судьялар мен чиновниктерді халықтың сайлауы, жұмысшыларды мемлекеттің қауіпсіздендіруі, тұрақты армияның орнына халықты қаруландыру талаптары және т. т. жоғарыда көрсетілген үш талаппен ажырамас байланыста насихатталуы керек.

II

РСДРП-ның сайлаудағы жалпы тактикалық бағыты мынадай болу керек: партия патшалық монархияға және оны қолдап отырған помещиктер мен капиталистердің партияларына қарсы аяусыз соғыс жүргізіп оты-

руға тиіс, бұл ретте буржуазиялық либералдардың (олардың конституциялық-демократиялық партиясын бас етіп) контрреволюциялық көзқарастарын және олардың жалған демократизмін үздіксіз әшкерелеп отыруы керек.

Сайлау алдындағы күресте пролетариат партиясының позициясын *барлық* пролетарлық емес партиялардан бөлуге және демократиялық (негізінен трудовиктік, халықшылдық, эсер[69]) топтардың жалған социализмінің ұсақ буржуазиялық мәнісін, сол сияқты дәйекті және бұқаралық революциялық күрес мәселелерінде олардың ауытқуларының демократия ісі үшін тигізетін зиянын түсіндіруге айрықша назар аударылуы тиіс.

Сайлау келісімдеріне келетін болсақ, партия, Лондон съезінің шешімдері негізіне сүйене отырып, мыналарды істеуге тиіс:

1) жұмысшы куриясында барлық жерде бірдей өз кандидаттарын ұсынатын болсын және мұнда басқа партиялармен немесе топтармен (жойымпаздармен) *ешқандай* келісімге жол бермесін;

2) дербес социал-демократиялық кандидатуралар ұсыну фактісінің бір өзінің үлкен үгіттік маңызы бар екендігін есте ұстай отырып, қалалық сайлаушылардың 2-съездерінде де, ал мүмкін болғанынша шаруалар куриясында да партияның меншікті өз кандидаттары болуына қам жасау қажет;

3) қалалық сайлаушылардың 2-съезі бойынша сайламшылар сайлағанда қайта сайлау өткізілсе (сайлау ережесінің 106-статьясы) либералдарға қарсы буржуазиялық демократиямен келісімдер жасасуға, ал одан соң барлық үкіметтік партияларға қарсы либералдармен де келісімдер жасасуға болады. Келісім формаларының бірі — бастапқы сайлауда берілген дауыстың санына сәйкес, бір немесе бірнеше қала бойынша сайламшылардың ортақ тізімдерін жасау болуы мүмкін;

4) екінші рет дауысқа қоюмен қатар сайлау төте жүргізілетін 5 қалада (Петербург, Москва, Рига, Одесса, Киев) бастапқы сайлауда қалалық сайлаушылардың екінші разряды бойынша дербес социал-демократиялық кандидатуралар ұсыну керек. Мұнда қайта сайлау бола

қалған күнде, қаражүздіктер қаупінің жоқтығы айқын болса, либералдарға қарсы тек демократиялық топтармен ғана келісім жасауға болады;

5) ешқандай сайлау келісімдері ортақ платформа ұсынуға қатысты бола алмайды және социал-демократ кандидаттарды қандай да болса саяси міндеттемелермен тежемеуге тиіс, либералдардың контрреволюцияшылдығын және буржуазиялық демократтардың жартыкештігі мен дәйексіздігін батыл сынау ісінде социал-демократтарға тоқтау болмауға тиісті;

6) сайлаудың 2-сатысында (уәкілдердің уездік жиналыстарында, губерниялық сайлау жиналыстарында және басқаларында) октябристік-қаражүздіктік немесе жалпы үкіметтік тізімді өткізбей тастау үшін қажет болған жердің бәрінде депутаттық орындарды бөлісу туралы ең алдымен буржуазиялық демократиямен (трудовиктер, халықтық социалистер, т. с.), ал одан соң либералдармен (кадеттер), партияда жоқтармен, прогрессистермен және т. с. келісімдер жасасу керек.

III

Сайлау науқанына әзірлікті барлық социал-демократтар *дереу* бастауға тиіс және мұның үшін мыналарға айрықша назар аударулары керек:

1) барлық жерде бірдей құпия социал-демократиялық ұяларды шұғыл құру керек, сөйтіп олар социал-демократиялық сайлау науқанына әзірленумен жедел шұғылданатын болулары керек;

2) жария жұмысшы баспасөзін нығайтып, ұлғайтуға тиісті көңіл бөлінуі керек;

3) барлық сайлау жұмысы жұмысшылардың кәсіптік одақтарымен және жұмысшылардың барлық басқа қоғамдарымен тығыз одақтасып жүргізілуге тиіс,— осының өзінде ол қоғамдардың қатысу формаларын таңдағанда олардың жариялылығымен санасу керек;

4) Думаға жұмысшы куриясынан депутат сайлануы қамтамасыз етілген 6 губернияда (Петербург, Москва, Владимир, Кострома, Харьков және Екатеринослав губерниялары) жұмысшы куриясы бойынша сайлаудың

ұйымдастыру және үгіт әзірлігіне ерекше назар аударылсын. Мұнда да, басқа губернияларда да барлық жұмысшы сайламшылары тегіс партияшыл социал-демократтар болуға тиіс;

5) жұмысшы уәкілдердің жиналыстары, құпия партия ұйымдарының шешімін басшылыққа ала отырып, жұмысшылардан Думаға *нақ кімнің* сайлануға тиіс екенін шешіп отырулары керек және барлық сайламшыларды, опасыздық жасасаң бойкот жариялаймыз және сотқа береміз деп қорқытып партия кандидаты үшін қажет бола қалса өз кандидатурасын алып тастауға міндеттеп отырулары керек;

6) социал-демократиялық кандидаттарды үкіметтің қудалауы, тұтқынға алуы және т. т. себепті, полициялық тактиканың әр түрлі тәсілдеріне тез ыңғайлана отырып, патша үкіметінің барлық қулық-сұмдықтары мен зорлығын барлық амалдармен жою үшін және социал-демократтарды IV Мемлекеттік думаға өткізу үшін, ал одан кейін бұл Думада демократиялық депутаттардың тобын жалпы нығайту үшін де өте-мөте ұстамды, жүйелі және сақ жұмыс керек;

7) социал-демократиялық партияның кандидаттарын партияның Орталық Комитетінің жалпы бақылауымен және басшылығымен партияның жергілікті құпия ұйымдары мен топтары бекітеді және сайлауға қатысты директиваларды солар береді;

8) егер, күш салудың бәріне қарамастан, IV Думаның сайлауынан бұрын партия съезін немесе жаңа конференция шақыру мүмкін болмаса,— онда конференция Орталық Комитетке немесе ол тағайындайтын мекемеге кейбір жергілікті жерлерде немесе туу мүмкін ерекше жағдайларға, т. с. сәйкес сайлау науқанын өткізу мәселелері жөнінде нақты нұсқаулар беріп отыруға уәкілдік береді.

ДУМАДАҒЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ФРАКЦИЯ ТУРАЛЫ

Конференция Думадағы социал-демократиялық фракция Дума мінбесін партияның декабрь (1908 жылғы) конференциясы белгілеген және партияның думалық

жұмысын бағыттап отыру үшін жетекші негіз болып қалуға тиісті бағытқа сәйкес пайдаланып келді деп таниды.

Конференция фракцияның жұмысындағы мына белгіні пролетариаттың міндеттеріне сай келетін белгі деп айрықша атап көрсетеді: фракция жұмысшылардың мүдделерін және олардың жағдайын жақсарта алатын барлық шараларды (мәселен, жұмысшылар жайындағы заң жобалары жөніндегі шараларды) барынша жігерлі түрде қорғай отырып, барлық жеке міндеттерді пролетариат басшылық етіп отырған азаттық қозғалысының жалпы міндеттері тұрғысынан баяндауға ұмтылып отырды, бұқараның қозғалысы Россияны патша өкіметі жеткізген апаттардан және масқарашылықтан құтқарудың бірден-бір жолы деп көрсетіп отырды.

Конференция қара Думада екінші думалық социал-демократ депутаттардың туын көтерген және қаражүздік патшалық шайканың 1907 жылы мемлекеттік төңкеріс ұйымдастырғандағы барлық арандату арсыздығын бүкіл дүние жүзі жұмысшыларының алдында әшкерелеген Думадағы социал-демократиялық фракцияның лайықты әрекетіне байланысты жұмысшылардың ашық бас көтере бастауын құптайды. Конференция Россияның барлық саналы жұмысшыларын социал-демократтардың III Думадағы жоғарыда көрсетілген сөздерін және Петербург жұмысшылары бастаған пролетарлық митингілер науқанын барлық жағынан барынша қолдауға шақырады.

Конференция былай деп табады: IV Мемлекеттік думаның алдағы сайлау науқанына байланысты Думадағы социал-демократиялық фракция барлық пролетарлық емес партиялардың таптық мәнін халыққа түсіндіруге (және атап айтқанда конституциялық-демократиялық партияның контрреволюциялық және сатқындық мәнін әшкерелеуге) бұрынғыдан да көбірек назар аударуға тиіс, мұның өзінде ол Лондон съезінің (1907 ж.) қарарын басшылыққа алуға тиіс, ал бұл қарардың ең маңызды деген бөлімдерінің бәрін контрреволюцияның тәжірибесі дәлелдеп отыр. Бұл арада социал-демократиялық фракцияның іс-әрекетін біріктіріп отыруға,

оның жұмыстарының сипатын бағыттап отыруға, барлық жеке талаптар мен өзгерістерді басты-басты пункттерге жинақтап отыруға тиісті басты ұрандар мына үш ұран болуы керек: 1) демократиялық республика; 2) 8 сағаттық жұмыс күні; 3) барлық помещиктік жерді шаруалардың пайдасына конфискелеу.

ПАРТИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ СИПАТЫ ЖӘНЕ ҰЙЫМДЫҚ ФОРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ

Соңғы 3 жылдың тәжірибесі ұйымдық мәселе жөнінде декабрь (1908 ж.) конференциясы шығарған қарардың негізгі қағидаларын сөзсіз қуаттады деп тани отырып және жұмысшы қозғалысында басталып келе жатқан сергушілік негізінде партиялық жұмыстың ұйымдық формаларын сол бұрынғы жолмен,— яғни төңірегінде мүмкін болғанынша неғұрлым өркен жайған әр түрлі жария жұмысшы қоғамдары бар құпия социал-демократиялық ұялар құру жолымен бұрынғыдан әрі дамыту мүмкін болып келеді деп санап,—

конференция былай деп табады:

1) құпия партия ұйымдары *экономикалық күреске* (стачкалар, стачкалық комитеттер және т. т.) басшылық етуге барынша іскерлікпен қатысып отырулары керек және бұл салада құпия партия ұяларының кәсіптік одақтармен, әсіресе кәсіптік одақтардың ішіндегі социал-демократиялық ұялармен, сондай-ақ кәсіптік қозғалыстың жекелеген қайраткерлерімен де ынтымақтастық орнатулары керек;

2) *кәсіптік* белгісі бойынша ұйымдастырылған кәсіптік одақтардың ішінде социал-демократиялық ұяларды — мұның өзінде жергілікті жағдайларды ескере отырып — *территориялық* белгі бойынша құрылған партия ұяларымен ұштастырған жөн;

3) жария қоғамдарда социал-демократиялық жұмысты жолға қою ісінде мүмкіндігінше көп инициатива көрсету керек: одақтар, оқу үйлері, кітапханалар, жұмысшылардың әр түрлі сауық қоғамдары, кәсіптік баспасөз органдарын тарату және кәсіптік баспасөзді марксизм рухына бағыттау, социал-демократтардың Ду-

мада сөйлеген сөздерін пайдалану, жұмысшылардан жария лекторлар даярлау, аудан бойынша, көше бойынша жұмысшылардың және басқалардың сайлау комитеттерін құру (IV Думаның сайлауына байланысты) және т. б., қалалық өзін-өзі басқару органдарының сайлауына байланысты социал-демократиялық үгіт жүргізу және т. с.;

4) құпия партия ұяларын нығайту және олардың санын көбейту ісінде, бұл ұялардың ұйымдық формаларының жаңа, мүмкін болғанша неғұрлым икемді формаларын табуда, әрбір қалада басшы құпия партия ұйымдарын құруда және нығайтуда, бұқаралық құпия ұйымның «биржалар», завод партия жиналыстары және т. с. формаларын насихаттауда барлық жігермен күш жұмсау керек;

5) насихат үйірмелерін күнбе-күнгі *практикалық* жұмысқа: құпия социал-демократиялық және жария маркстік әдебиетті таратуға және тағы сондайларға қатыстырып отырған жөн;

6) мынаны ескеру керек: жүйелі жүргізілетін әдеби социал-демократиялық үгіттің, әсіресе дұрыс және жиі шығып тұратын құпия партиялық газетті үнемі таратып отырудың құпия ұялардың арасында, сондай-ақ жұмысшылардың жария қоғамдарындағы социал-демократиялық ұялардың арасында ұйымдық байланыстарды орнату ісінде де үлкен маңызы болуы мүмкін.

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРДЫҢ АШАРШЫЛЫҚПЕН КҮРЕСУДЕГІ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

1) Россияда 20 миллион шаруаның ашығуы патша өкіметі мен крепостник-помещиктер табы езіп отырған кедей шаруалар бұқарасының мүлдем төзгісіз, дүние жүзінің бірде-бір цивилизациялы мемлекетінде болуы мүмкін емес жаншылған жағдайын тағы да көрсетеді;

2) үкіметтің аграрлық саясатынан түк өнбегендігін және оңшыл партиялар арқылы 3 июнь Думасында да, Мемлекеттік советте де, II Николайдың патша сарайындағы топтарында да үстем болып отырған крепостник-помещиктер табы жалпы алғанда Россия саясаты-

на және жекелеп алғанда жер жөніндегі саясатына бағыт беріп отырғанда Россияның азды-көпті қалыпты буржуазиялық дамуын қамтамасыз ету мүмкін еместігін қазіргі ашаршылық тағы да дәлелдеді;

3) қаражүздік партиялар (Марковтар мен солар секілді мырзалар бастаған) өздерінің Думадағы мәлімдемелерімен және жауаптылықты «жалқау шаруаларға» жүктеуімен Россияны тонап жатқан патшалық-помещиктік шайканың арсыздығын шектен асырғаны соншалық, тіпті ең қараңғы дегендердің көзі ашылып, ең самарқау дегендердің өздері кейістік білдіре бастады;

4) аштарға жәрдем беру ісіне үкіметтің жасаған кедергілері, земстволарға, қаржы жинаушыларға және асхана комитеттерін ұйымдастырушыларға және тағы сондайларға полицияның тиісуі тіпті земстволар мен қалалық буржуазияның ішінде де мейлінше наразылық туғызып отыр;

5) либералдық-монархиялық буржуазия ашаршылық туралы және үкіметтің қылығы туралы қоғамды хабардар етуге өз баспасөзімен көмектесе отырып, екінші жағынан, кадеттер фракциясы арқылы III Думада баяу оппозиция ретінде көрінгені соншалық, оның іс-әрекеті демократияны мүлдем қанағаттандыра алмайды, сол сияқты либералдардың көпшілігінің аштарға жәрдемдесу туралы мәселені мүсіркеушілік тұрғысынан қоюына да көнуге болмайды;

6) аштар мен жұмыссыздардың көбейгендігінен жұмысшы табының экономикалық жағдайының нашарлағанына мүлде қарамастан, жұмысшы табының арасында аштарға арнап қаржы жинауға және басқа жәрдем көрсетуге стихиялық ұмтылыс байқалады. Социалистерді айтпағанның өзінде, әрбір демократ үшін табиғи бұл ұмтылысты барлық социал-демократтар қолдап, тап күресі рухында бағыттаулары керек.

Осының бәрін еске алып —

конференция қаулы етеді:

а) ашаршылықтың патша өкіметімен және оның бүкіл саясатымен байланыстылығын түсіндіре отырып, үгіт мақсаты үшін деревняда социал-демократтар мен трудовиктердің ғана емес, сонымен бірге патшаның

Марков 2-ші сияқты достарының да Думадағы сөздерін тарата отырып, халықтың қалың бұқарасының, әсіресе шаруалардың арасында насихат пен үгітті кеңейту үшін барлық социал-демократиялық күштерді жұмсау керек және социал-демократияның саяси талаптарын: патшалық монархияны құлату, демократиялық республика орнату, помещиктік жерді конфискелеу талаптарын тарату керек;

б) жұмысшылардың аштарға, мүмкін болғанынша, жәрдемдесуге ұмтылуын қолдау керек, жәрдемді Думадағы социал-демократиялық фракцияға ғана, жұмысшы баспасөзіне немесе жұмысшылардың мәдени-ағарту және басқа қоғамдарына және т. т. жіберіп отыруға кеңес беру керек, аштарға жәрдемдесетін топтарға, комитеттер мен комиссияларға кірерде социал-демократтар мен демократтардың ерекше ұяларын құрып отыру керек;

в) ашаршылық жөнінде демократиялық ашынушылықты демонстрациялар, митингілер, жиындар және бұқараның патша өкіметіне қарсы күресінің басқа да формалары жағына бағыттауға ұмтылу керек.

ЖҰМЫСШЫЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАУІПСІЗДЕНДІРУ ТУРАЛЫ ДУМАЛЫҚ ЗАҢ ЖОБАСЫНА КӨЗҚАРАС ЖӨНІНДЕ

I

1. Жалдама жұмысшы өндіретін байлықтан оның өзі жалақы түрінде алатын бөлегінің мардымсыздығы соншалық, бұл оның ең керекті өмірлік қажеттерін қанағаттандыруға зорға жетеді; сонымен пролетарийдің мертігу, ауыру, қартаю, мүгедек болу салдарынан еңбекке жарамай қалған күнге, сондай-ақ капиталистік өндіріс әдісімен тығыз байланысты жұмыссыздыққа ұшырайтын күнге арнап өз жалақысынан қаржы жинауына ешқандай мүмкіндігі жоқ. Сондықтан жоғарыда көрсетілген барлық жағдайларда жұмысшыларды қауіпсіздендіру капиталистік дамудың бүкіл барысы өктемдікпен талап етіп отырған реформа болып табылады.

2. Жұмысшыларды қауіпсіздендірудің ең жақсы формасы оларды мына негіздерде ұйымдастырылған *мемлекеттік* қауіпсіздендіру болып табылады: a) мемлекеттік қауіпсіздендіру жұмысшыларды еңбекке жарамай қалған жағдайларының *бәрінде* (мертігу, ауыру, қартаю, мүгедек болу; жұмысшы әйелдердің, мұның үстіне, екі қабат болуы және босануы; асырап отырған адамы өлгеннен кейін жесірлер мен жетімдерге қарымта жәрдем беру) немесе жұмыссыздықтың салдарынан табысынан айырылған күнде қамтамасыз етіп отыруға тиіс; b) қауіпсіздендіру жалдама еңбектің *барлық* адамдарын және олардың семьяларын қамтуға тиіс; c) қауіпсіздендірілгендердің бәріне қарымта жәрдем *толық* жалақысының есесін өтеу принципі бойынша берілуге тиіс, оның үстіне қауіпсіздендіру жөніндегі шығындардың *бәрі* кәсіпкерлер мен мемлекетке жүктелуге тиіс; d) қауіпсіздендірудің барлық түрлерін қауіпсіздендірілгендердің *толық* өзін-өзі басқаруы негізінде, *территориялық* белгі бойынша құрылған *бірыңғай* қауіпсіздендіру ұйымдары басқаруға тиіс.

3. Тиімді түрде құрылған қауіпсіздендірудің барлық осы негізгі талаптарына Мемлекеттік дума қабылдаған үкімет заң жобасы түбірінен қайшы келеді; оның a) қауіпсіздендірудің *екі* түріне ғана — кесапатқа ұшырау мен ауруға шалдығудан қауіпсіздендіруге ғана қатысы бар; b) ол Россия пролетариатының шағын бөлігін ғана (ең көп деп есептегенде — алтыдан бірін) қамтиды, тұтас облыстарды (Сибирьді, үкіметтің редакциясында оның үстіне — Кавказды) және қауіпсіздендіруге ерекше мұқтаж болып отырған жұмысшылардың тұтас бір категорияларын (ауыл шаруашылық, құрылыс, темір жол, почта-телеграф жұмысшылары, приказчиктер және т. т.) қауіпсіздендіруден сырт қалдырады; c) қарымта жәрдемнің жартымсыз мөлшерін белгілейді (*мертіккенде* төленетін ең көп дегендегі қарымта жәрдем—табыстың үштен екісі, соның өзінде табыс іс жүзіндегіден кем негізде есептеледі) және сонымен бірге қауіпсіздендіру жөніндегі шығындардың денін жұмысшыларға жүктейді: аурулардан ғана емес, іс жүзінде өте жиі кездесетін «ұсақ» жарақаттанулардан да қауіпсіз-

дендіруді жұмысшылардың есебінен жүргізу жобаланады. Бұл жаңа тәртіп жарақаттанғанда қарымта жәрдем төлеу міндетін тек қана кәсіпкерлерге жүктейтін тіпті қазіргі заңмен салыстырғанда да кері кеткендік болып табылады; d) қауіпсіздендіру мекемелерін чиновниктердің («Мекемелердегі» және «Қауіпсіздендіру істері жөніндегі советтегі»), жандармерияның, полицияның (бұларга жалпы бақылаудың үстіне, олардың жұмысын шын мәнінде бағыттап отыру, олардың адамдар құрамына ықпал жүргізу правосы және т. т. беріледі), қожайындардың (кесапатты жағдайлардан қауіпсіздендіретін серіктіктердің тек қана кәсіпкерлерден құрылуы; аурулардан қауіпсіздендіретін ауруханалық кассалардың фабрикалық түрі; оларға кәсіпкерлердің уставпен қамтамасыз етілген ықпалы және т. с.) тұс-тұстан бақылауына беріп, қауіпсіздендіру мекемелерін дербестік атаулыдан айырады.

4. Жұмысшылардың ең көкейтесті мүдделерін өте өрескел қорлайтын мұндай заң құтырынған реакцияның қазіргі кезеңінде, контрреволюция үстемдігінің дәуірінде, үкіметтің капитал өкілдерімен көп жыл бойы алдын ала келіс сөз жүргізіп, келісім жасауының нәтижесінде ғана туа алатын еді. Пролетариаттың мүдделеріне шын мәнінде сай келетін қауіпсіздендіру реформасын жүзеге асырудың қажетті шарты — патша өкіметін біржола құлату және пролетариаттың еркін тап күресі үшін жағдай жасалуын жеңіп алу болып табылады.

II

Осының бәріне сүйене отырып, конференция былай деп қаулы етеді:

1) Құпия партия ұйымдарының да, жария ұйымдарда (кәсіптік одақтарда, клубтарда, кооперативтерде және т. т.) жұмыс істейтін жолдастардың да шұғыл міндеті — тап ретінде бүкіл россиялық пролетариаттың мүдделеріне қатысы бар және ол мүдделерді өте өрескел бұзатын думалық қауіпсіздендіру жобасына қарсы мейлінше кең үгітті күшейту болып табылады.

2) Конференция мынаны атап көрсету керек деп санайды: қауіпсіздендіру заң жобасы жөніндегі бүкіл социал-демократиялық үгіт пролетариаттың қазіргі капиталистік қоғамдағы таптық жағдайымен, социал-реформаторлар таратып жүрген буржуазиялық жалған үмітті сынаумен, жалпы алғанда біздің негізгі социалистік міндеттермен байланыстырыла қойылуға тиіс; екінші жағынан, бұл үгітте думалық «реформаның» сипаты бастан кешіріліп отырған саяси кезеңмен және жалпы алғанда біздің революциялық-демократиялық міндеттерімізбен және ұрандарымызбен байланыстырыла қойылуға тиіс.

3) Думадағы социал-демократиялық фракцияның думалық заң жобасына қарсы дауыс беруін толық мақұлдай отырып, конференция жұмысшыларға арналған реформаларға әр түрлі таптардың көзқарасын түсіну үшін бұл мәселе жөніндегі думалық жарыс сөздердің берген аса зор және бағалы материалдарына жолдастардың назарын аударады; конференция артта қалған капиталдың октябристік өкілдерінің жұмысшыларға көріпеу дұшпандық ниеттері жарыс сөздерде айқын білінгендігін, сол сияқты, конституциялық-демократиялық партияның «әлеуметтік ынтымақ» туралы социал-реформаторлық жел сөздермен бүркелген екі жүзді сөздерін әсіресе атап көрсетеді; кадеттер Думада шын мәнісінде жұмысшы табының өз бетімен талаптануына қарсы шықты және Думадағы социал-демократиялық фракцияның жобаға жасаған негізгі түзетулеріне қарсы өшпенділікпен күресті.

4) Конференция социал-демократиялық үгітті контрреволюцияның үстемдігі дәуірінде жария жол беруге болатын шеңбермен тежеуге, оны ықшамдауға және мүлдем бұрмалауға тырысқан әрекеттің қандайынан болса да жұмысшыларды мейлінше үзілді-кесілді сақтандырады; мұның керісінше, конференция бұл үгіттегі негізгі белгі революциялық жаңа өрлеусіз жұмысшының жағдайын ешбір шын жақсарту мүмкін емес деген ақиқатты пролетариаттың қалың бұқарасына түсіндіру болуға тиіс екендігін; кімде-кім нағыз жұмысшы реформасы жасалсын десе, ол ең алдымен жаңа жеңімпаз

революция үшін күресуге тиіс екендігін баса көрсетеді.

5) Егер думалық заң жобасы, саналы пролетариаттың қарсылығына қарамастан, жүзеге асырыла қалса, конференция жолдастарды заң жобасы белгілейтін сол жаңа ұйымдық формаларды (жұмысшылардың ауруханалық кассаларын) бұл ұйымдық ұяларда да социал-демократиялық идеяларды жігерлі түрде насихаттау жұмысын жүргізу үшін пайдалануға шақырады, сөйтіп пролетариатты жаңадан кіріптар ету және езу мақсаты үшін ойлап шығарылған бұл заңды да пролетариаттың таптық санасын аша түсу, оның ұйымшылдығын нығайту, оның толық саяси бостандық пен социализм жолындағы күресін күшейту құралына айналдыруға шақырады.

«ПЕТИЦИЯЛЫҚ НАУҚАН» ТУРАЛЫ

1. Өзінің ең басты жауы жұмысшы қозғалысы деп біліп, контрреволюция үкімет пен III Дума арқылы жұмысшы қозғалысының барлық формаларын қудалап, жұмысшы табының қолында революцияның нәтижесінде қалған «жария мүмкіндіктердің» өзін де үнемі бұзып отыр.

2. Бұл режим жұмысшылардың қалың бұқарасын ылғи мынадай фактіге душар етеді: олардың тіпті қарапайым праволары да (ең алдымен: коалициялар бостандығы) патшалық монархияны толық құлатпайынша жүзеге асырыла алмайды.

3. 1910 жылы қыста с.-петербургтік жойымпаздардың тобы таратқан петиция және олардың осы петиция төңірегінде жүргізген үгіттері коалициялар бостандығын талап етуді жұмысшы табының революциялық талаптарының жалпы жиынтығынан жырымдап алды. Жұмысшыларға Россияда коалициялардың толық бостандығын жеңіп алу үшін демократияның негізгі талаптары жолында бұқараның революциялық күресі қажет деп көрсетудің орнына — жойымпаздар іс жүзінде «право үшін күрес» дейтінді, яғни ішінара жақ-

саргулар арқылы 3 июнь режимін «жаңарту» жолындағы либералдық күресті уағыздады.

4. Орыс саяси өмірінің нақты жайлары және жұмысшы бұқарасының жағдайы себепті жоғарыда аталған науқан қағазға тек қана формальдық және дәрменсіз қол қоюға айналды, бұқара бұған ешқандай үн қосқап жоқ және ол бұқараның саяси ынтасын оятқан жоқ.

5. Бұл петициялық науқанның тағдыры бүкіл осы бастаманың терістігін және жұмысшы бұқарасынан қол үзгендігін айқын дәлелдеді: петицияға не бары 1300 адам қол қойды, оның үстіне барлық партия ұйымдарында, *фракциялары мен ағымдары қандай болса да,* петициялық науқан мүлдем ешқандай қолдау тапқан жоқ, сондай-ақ Думадағы біздің социал-демократиялық фракциямыз да оган қатысуды мүмкін деп таппады.

6. Екінші дума депутаттарының тағдырына байланысты жұмысшы митингілерінің науқаны және 1912 жылы 9 январьда жекелеген қалаларда жұмысшы демонстрацияларының болуы жұмысшылар бұқарасының өз бетімен талаптануы әсте петициялық науқан сияқты құралдар жағына бағытталып отырмағанын және әсте «ішінара праволар» үшін болып отырмағанын көрсетті.

Осы айтылғанның бәріне сүйене отырып, конференция

1) барлық социал-демократтарды коалициялар бостандығының пролетариат үшін мейлінше керектігін жұмысшыларға түсіндіріп отыруға шақырады, оның үстіне бұл талап біздің жалпы саяси талаптарымызға және бұқара арасындағы революциялық үгітке үнемі тығыз байланыстырылып отыруы керек;

2) белгілі бір жағдайларда жұмысшылардың бұқаралық петициясы наразылық білдірудің айтарлықтай жарамды формасы бола алады деп тани отырып, Россияда бастан кешіріп отырған заманда петиция социал-демократиялық үгіттің жарамдылығы ең аз құралдарының бірі деп табады.

ЖОЙЫМПАЗДЫҚ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ЖОЙЫМПАЗДАР ТОБЫ ТУРАЛЫ

Мыналарды еске алу керек:

1) РСДРП төрт жылдай уақыт бойы жойымпаздық ағымға қарсы батыл күрес жүргізіп келеді, бұл ағым партияның 1908 жылғы декабрь конференциясында былай деп анықталған болатын

«партиялық интеллигенцияның кейбір бөлегінің өмір сүріп отырған РСДРП ұйымын жоюға, оны қайткен күнде де, тіпті жариялылықтың өзі партияның программасынан, тактикасынан және дәстүрлерінен көрінеу бас тарту болып шықса да, жариялылық шеңберіндегі бейнесіз бірлестікпен алмастыруға тырысу әрекеті»;

2) 1910 жылғы январьда Орталық Комитеттің пленумы, бұл ағымға қарсы күресті жалғастыра отырып, оны бір ауыздан буржуазияның пролетариатқа ықпал жасауының көрінісі деп білді және жойымпаздықтан толық қол үзіп, социализмнен бұл буржуазиялық ауа жайылушылықты біржолата жоюды шын партиялық бірліктің және большевиктер мен меньшевиктердің бұрынғы фракцияларының бірігуінің шарты етіп қойды;

3) партияның барлық шешімдеріне қарамастан және 1910 жылғы январьдағы пленумда барлық фракциялар өкілдерінің берген уәдесіне қарамастан, социал-демократияның «Наша Заря» мен «Дело Жизни» журналдарының төңірегіне топтасқан бір бөлегі бүкіл партия пролетариатқа буржуазиялық ықпал жасаудың нәтижесі деп таныған ағымды ашық қорғап шықты;

4) Орталық Комитеттің бұрынғы мүшелері М—л, Юрий және Роман 1910 жылы көктемде Орталық Комитетке кіруден бас тартқаны былай тұрсын, тіпті жаңа мүшелерді кооптациялау үшін бір мәжіліске болса да келуден де бас тартты және партияның Орталық Комитетінің өмір сүруінің өзін «зиянды» деп санайтындарын ашық мәлімдеді;

5) жойымпаздардың жоғарыда аталған басты-басты басылымдары «Наша Заря» мен «Дело Жизни» нақ 1910 жылғы пленумнан кейін жойымпаздыққа қарай

үзілді-кесілді және барлық бағытта бет бұрды, сөйтіп «құпия партияның маңызын» (пленум шешімдеріне қарамастан) «төмендетіп» қана қойған жоқ, сонымен бірге оны тура теріске шығарып отырды, партияны «өлік» деп жариялады, партияны қазірдің өзінде-ақ жойылды деп жариялады, құпия партияны қалпына келтіруді «реакциялық утопия» деп жариялады, жария журналдардың бетінен құпия партияға жала жауып балағаттады, жұмысшыларды партияның ұяларын және оның бағыну тәртібін «күні өткен» деп тануға шақырды және т. т.;

6) бүкіл Россияда партияшылдар, фракциялары қандай болса да, партия конференциясын шақыру жөніндегі кезекті іске бірігіп отырған кезде, жойымпаздар мүлдем тәуелсіз шағын топтар болып бөлініп шықты, партияшыл-меньшевиктер басым болып отырған жергілікті жерлерде де (Екатеринослав, Киев) біржола бөлінді, сөйтіп РСДРП жергілікті ұйымдарымен партиялық қандай да болса байланыс жасаудан біржолата бас тартты,— осыларды еске ала отырып; —

конференция «Наша Заря» мен «Дело Жизни» тобы өз қылығымен *өзін партиядан біржолата тыс қойғандығын* мәлімдейді.

Конференция партияшылдардың бәрін, ағымдары мен сарындары қандай болса да, жойымпаздыққа қарсы күрес жүргізуге, жұмысшы табын азат ету ісі үшін оның бүкіл зияндылығын түсіндіріп отыруға және құпия РСДРП-ны қалпына келтіріп, нығайту үшін бар күшті жұмсауға шақырады.

ОРТАЛЫҚ ОРГАН ТУРАЛЫ[70]

Орталық Орган өкілінің баяндамасын тыңдап және талқылап, конференция Орталық Органның принциптік бағытын мұқұлдай отырып,—

Орталық Органда насихаттық сипаттағы мақалаларға көбірек көңіл бөлінсін және мақалалар жұмысшылар үшін неғұрлым түсінікті әрі жеңіл тілмен жазылсын деп тілек білдіреді.

«РАБОЧАЯ ГАЗЕТА» ТУРАЛЫ

«Рабочая Газета» батыл және дәйекті түрде партия мен партиялылықты қорғап отыр және жергілікті жерлерде фракциялары қандай болса да партия қызметкерлерінің тарапынан толық тілеулестікке ие болып отыр деп тани келе,

конференция

1) жергілікті жерлердегі барлық жолдастарды «Рабочая Газетаға» жан-жақты көмектесуге шақырады;

2) «Рабочая Газетаны» партияның Орталық Комитетінің ресми органы деп таниды.

«ПРАВДА» ГАЗЕТІ ТУРАЛЫ

Конференция Орталық Комитет пленумының 1910 жылы январьда «Правда» редакциясымен жасаған келісімін бұзады.

ПАРТИЯНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ УСТАВЫНЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ

2-параграфқа былай деп қосылады:

Декабрь (1908 ж.) конференциясының шешімдеріне сәйкес, кооптацияға жол беруге болады деп танылады.

8-параграф сызылып тасталады да, оның орнына былай деп жазылады:

Орталық Комитет партияның барлық ұйымдарының өкілдерінен конференцияны мүмкін болғанынша жиірек шақырып отырады.

9-параграф, съездегі өкілдік туралы үшінші абзац былай өзгертіледі:

Партияның болашақ съездеріне өкілдік нормаларын жергілікті ұйымдармен алдын ала хабарласқаннан кейін Орталық Комитет белгілейді.

БҰРЫНҒЫ САҚТАУШЫНЫҢ ҚОЛЫНДАҒЫ МҮЛІК ТУРАЛЫ ЖӘНЕ АҚША ЕСЕПТЕРІ ТУРАЛЫ

1910 жылы январьда Орталық Комитеттің пленумы большевиктердің өз фракциялық мүлкін Орталық Комитет кассасына шарт қойып тапсыруы туралы шарт

жасасқан большевиктердің уәкілетті өкілдерінің мәлімдемесін еске ала отырып конференция

1) жойымпаздардың шартты бұзуы себепті және сақтаушылардың аралық соттар ролінен бас тартқандығы себепті большевиктер өкілдерінің өз қарамағындағы мүлікті де, бұрынғы сақтаушының, Цеткина жолдастың қарамағындағы мүлікті де өзі ұстауға барлық ресми праволары бар деп таниды;

2) большевиктердің өкілдері жасаған мәлімдемеден кейін конференция Цеткина жолдастың қолындағы соманы конференция сайлаған Орталық Комитет арқылы сөзсіз партиянікі деп санайды да

3) Орталық Комитетке Цеткина жолдастан партиялық мүлікті дереу алу үшін барлық шараларды қолдануды тапсырады.

* *
*

Тексеру комиссиясы, қазір конференция Орталық Комитеттің органы етіп бекіткен «Рабочая Газета» редакциясының, сол сияқты социал-демократиялық әдебиет алуға Орталық Комитеттің пленумы ақша берген большевиктер тобының да ақша есептері мен ақтау документтерін қарап, есептерді дұрыс деп тапты және ол есептерді конференцияның бекітуіне ұсынады.

«ҚЫЗЫЛ КРЕСТ» ТУРАЛЫ

Конференция жергілікті жерлердегі барлық жолдастарға тұтқындағылар мен айдаудағыларға жәрдем көрсету үшін соншама керек «Қызыл Кресті» қалпына келтіруге барынша күш салуды ұсынады.

ШЕТЕЛДЕГІ ПАРТИЯ ҰЙЫМЫ ТУРАЛЫ

Конференция шетелде Орталық Комитеттің бақылауымен және басшылығымен партияға көмектесу жұмысын жүргізетін біртұтас партия ұйымының болуын сөзсіз керек деп таниды.

Конференция Шетелдік ұйым комитетін партияның шетелдегі ұйымдарының бірі ретінде бекітеді[71] және құпия партияның болғанын жақтайтын, партияға қарсы ағымдармен (жойымпаздық) бітіспес күрес жүргізуші барлық партиялық элементтерді, фракциялары мен ағымдары қандай болса да, Россиядағы партиялық жұмысқа көмектесу үшін және біртұтас шетелдік ұйым құру үшін Орталық Комитеттің төңірегіне топтасуға шақырады.

Барлық шетелдік топтар түгелдей россиялық ұйымдармен Орталық Комитет арқылы ғана қатынас жасай алады.

Конференция социал-демократиялық жұмыстың орыс орталығына, яғни Орталық Комитетке бағынбайтын және Россиямен Орталық Комитеттен тыс ерекше қатынастар жасау арқылы жұмысқа іріткі салатын шетелдік топтар РСДРП атымен пайдалана алмайды деп табады.

ОРЫС ҮКІМЕТІНІҢ ПЕРСИЯҒА ШАБУЫЛЫ ТУРАЛЫ

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы патша шайкасының Персия халқының бостандығын тұншықтыруды ұйғарған және бұл істе ең тағылық және зұлымдық әрекеттерден тайынбай отырған қарақшылық саясатына қарсы шығады.

Конференция мынаны атап көрсетеді: орыс либералдары барынша қолпаштап және қолдап отырған одақ — Россия үкіметінің Англия үкіметімен одағы ең алдымен Азия демократиясының революциялық қозғалысына қарсы бағытталған және бұл одақ Англияның либералдық үкіметін патша өкіметінің қан құйлы айуандықтарына ортақтастырып отыр.

Конференция Персия халқының күресіне, атап айтқанда, патша зорлықшыларына қарсы күресте соншама құрбандыққа ұшыраған Персия социал-демократиялық партиясының күресіне өзінің толық тілеулестігін білдіреді.

ҚЫТАЙ РЕВОЛЮЦИЯСЫ ТУРАЛЫ

Россия капиталистерінің мүддесі үшін, Қытайдағы революциялық қозғалысты пайдаланып, одан Россия-

мен шектес облыстарды тартып алуды насихаттаушы үкіметтік және либералдық газеттердің («Речь») науқан ашуына байланысты, конференция қытай халқының Азияға азаттық әкелуші және Европа буржуазиясының үстемдігін әлсіретуші революциялық күресінің дүние жүзілік маңызын атап көрсетеді, Қытайдың республикашыл революционерлерін құттықтайды, Россияның пролетариаты Қытайдағы революцияшыл халықтың табыстарын зор ынтамен, толық тілектестікпен қадағалап отырғандығын білдіреді және патша өкіметінің басқыншылық саясатын қолдап отырған орыс либерализмінің қылығын масқаралайды.

ПАТША ӨКІМЕТІНІҢ ФИНЛЯНДИЯ ЖӨНІНДЕГІ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ

Орыс патша өкіметі мен контрреволюция Думасы Финляндия халқының праволары мен бостандығын жоятын заңдар қабылдағаннан кейін тұңғыш рет жиналған РСДРП конференциясы Финляндияның туысқан социал-демократиялық партиясымен өзінің толық ынтымақтастығын білдіреді, халықтың праволарын аяққа басып отырған орыс контрреволюциялық үкіметі мен контрреволюциялық буржуазиясына қарсы күресте Финляндия мен Россия жұмысшыларының міндеттерінің бір екендігін атап көрсетеді және Россия мен Финляндия жұмысшыларының бірігіп күш жұмсауы арқылы ғана патша өкіметін құлатып, орыс халқы мен Финляндия халқының бостандығына жетуге болатындығына өзінің берік сенімін білдіреді.

ГЕРМАН СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫНА ҚҰТТЫҚТАУ

Конференцияның тапсыруы бойынша герман социал-демократиясының орталық органына мынадай телеграмма жіберілді:

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы сайлау кезінде бүкіл буржуазиялық әлемді тамаша жеңіп шыққан[72] туысқан герман социал-демократиясы-

на Россиялық ұйымдастыру комиссиясы мен партияның Орталық Органы арқылы жалынды сәлем жолдайды.

Халықаралық социал-демократия жасасын, герман социал-демократиясы жасасын!

1912 ж. январьда жазылған

ЛИБЕРАЛДЫҚ ЖҰМЫСШЫ САЯСАТЫНЫҢ ОРГАНЫ

Менің алдымда осы жылдың январында шыға бастаған Петербург апталық газеті «Живое Делоның»[73] үш номері жатыр.

Оқушыларға уағыздың мазмұнына зер салуды ұсынамын.

Бүгінгі күннің басты саяси мәселесі — IV Думаның сайлауы. Мартовтың 2-номердегі мақаласы осы мәселеге арналған. Оның тастап отырған ұраны мынау: «Реакцияны оның думалық позицияларынан тайдыруға тырысу керек». Ал Дан 3-номерде былай деп қайталайды: «Оның (Мемлекеттік советтің) зиянды ықпалын әлсіретудің ең жақсы құралы — Думаны реакцияның қолынан жұлып алу».

Ұран айқын. Және, әрине, саналы жұмысшы атаулының бәрі бұл ұранның маркстік емес, пролетарлық емес, тіпті демократиялық та емес, қайта *либералдық* ұран екенін оңай түсінеді. Бұл — либералдық жұмысшы саясатының ұраны.

Мартов бұл ұранды былай қорғайды: «Қазіргі сайлау заңы тұрғанда бұл міндетке жетуге бола ма? Сөзсіз жетуге болады. Рас, бұл сайлау заңы губерниялық жиналыстардың едәуір (?) бөлігінде жер иеленушілер мен бірінші қалалық (капиталистік) куриядан сайланатын сайламшылардың көпшілік болуын күні бұрын қамтамасыз етеді...».

Нашар істі қорғау Мартовты бірден өрескел теріс пікірге итермеледі. Губерниялық жиналыстардың «едә-

уір бөлігінде» емес, *сөзсіз барлығында* (Европалық Россия бойынша) жер иеленуші сайламшылар 1-қалалық куриямен бірге абсолюттік көпшілікке ие болады. Ол ол ма. 53 губернияның 28-інде *бір ғана* жер иеленуші сайламшылар губерниялық жиналыстардың *абсолюттік көпшілігі* болып отыр. Ал осы 28 губерния Думаның барлық 442 депутатының 255-ін береді, яғни тағы да абсолюттік көпшілік!

«Реакцияны оның думалық позицияларынан тайдыру» жөніндегі либералдық ұранды қорғау үшін Мартов россиялық жер иеленушілерді либералдық боямалаудан бастауға тиіс болды. Басталуы жаман емес!

«Бірақ,— деп жалғастырады Мартов,— өткен сайлау жер иеленушілер арасында да, қалалық ірі буржуазия арасында да қаражүздік, ұлтшылдық және октябристік реакцияға дұшпан элементтердің бар екенін көрсетті».

Күмән жоқ. Тіпті жер иеленушілердің сайламшыларының бір бөлегі — оппозиция, кадеттер. Бірақ бұдан шығатын қорытынды қандай? Қорытынды тек сол, 1907 жылғы 3 июнь заңы бойынша сайланатын Думаның көпшілігін *помещиктік* «либералдық» оппозициядан *әрі* жылжытуға болмайды. Помещик шешеді. Мартов айналып өткісі келген бұл факт факт болып қала береді. Демек, помещиктің оппозицияға көшуінің бір өзі ғана *(помещиктік)* «оппозицияға» артықшылық бере алады. Бірақ мәселенің түйінінің өзі осында болып отыр: либералға айналмайынша, *(помещиктік)* «либералдық оппозиция реакцияны оның думалық позицияларынан тайдыра алады» деп айтуға бола ма?

1-ден, біздегі сайлау заңының помещиктік сипатын боямалаудың керегі жоқ. 2-ден, помещиктік «оппозицияда» *«солшыл октябризм»* дейтіннің (кадеттер өзінің соңғы конференциясында мұнымен блок жасасты! — Мартов бұл туралы да босқа үндемей отыр) барлық белгілері бар екенін ұмытпау керек. «Солшыл октябристердің» жеңу мүмкіндігі жөнінде жұртқа күлкі болған либерал саясатшылар ғана «Думаны реакцияның қолынан жұлып алу» туралы немесе «реакцияны оның думалық позициясынан тайдыру туралы» сөз ете алады.

Жұмысшы демократиясының міндеті —«Думаны реакцияның қолынан жұлып алуға» болады-мыс деген либералдық жалған үмітті тіпті де қолдау емес, либералдардың Думаның қазіргі көпшілігімен жанжалдарын Думада демократияны күшейту *үшін пайдалану*.

Егер ««*бүкіл* оппозиция» Думада қаражүздік-октябристік көпшілікті жеңген болса», оның қандай *маңызы* болар еді деген *принципті* мәселеге көшкенде біздің автордың жағдайы одан да жаман болып отыр.

«Жұмысшылар,— деп пайымдайды Мартов,— таптық мемлекетте өкіметтің дүлей помещиктің қолынан неғұрлым мәдениетті буржуаның қолына көшуіне мүдделі болып отыр».

Тамаша пайымдау! Тек ұсақ-түйек... мүлде ұсақ-түйек жағы ғана ұмытылған: орыстың «неғұрлым мәдениетті буржуалары», либералдары, кадеттері дүлей помещиктің өкіметін *әлсіретпеуге «мүдделі болып отыр»*. Либералдар оның өкіметін әлсіретпей және демократияның қолына бірде-бір қару бермей, онымен өкіметті бөлісуге «мүдделі болып отыр».

Мәселенің түйіні, міне, осында! Сіз елеулі мәселені орағытып өтіп, ығыр қылған мағынасыз сөздерді маңғазсыған пішінмен босқа ежіктеп отырсыз.

«Думада өзінің өкілдігін күшейткенде,— дейді Мартов,— кадеттер мен прогрессистер әлі өкімет басына келмейді, бірақ өзінің өкімет басына келуін жеңілдетеді». Солай. Солай. Ал сонда неміс кадеттері мен прогрессистерінің парламентте «өзінің өкілдігін» талай рет, 1848 жылдан бері, «күшейтіп», бірақ осы кезге дейін «өкімет басына келмеген» себебі не екен? Олардың 64 жыл бойы өкіметті юнкердің қолында қалдырып келген және *енді де қалдырып отырған* себебі не екен? Орыс кадеттерінің I және II «Думада өзінің өкілдігін күшейтіп», «өзінің өкімет басына келуін жеңілдетпеген» себебі не екен?

Мартов марксизмді мойындағанда білімді либерал *атаулы* үшін марксизм қаншалықты дәрежеде *қолайлы* болса, соншалықты дәрежеде ғана мойындайды. Жұмысшылар өкіметтің помещиктің қолынан неғұрлым

мәдениетті буржуаның қолына көшуіне мүдделі—*«жұмысшы мүдделерін»* бұлай «түсінуге» дүние жүзіндегі либералдардың бәрі қол қояды. Бірақ бұл әлі марксизм емес. Марксизм бұдан әрі былай дейді: 1) либералдар помещиктің өкіметін әлсіретпей, онымен қатар отыруға мүдделі; 2) либералдар өкіметті помещикпен бөліскенде жұмысшыға да, демократияға да тура ештеме тимейтіндей етіп, бөлісуге мүдделі; 3) либералдың *дегеніне қарамастан* демократия жеңген *кезде ғана,* өкімет *шынымен* помещиктің қолынан «кетіп», либералдың «қолына көшеді». Дәлелдер керек пе? Францияның бүкіл тарихы және Қытайдың жаңа тарихы: егер Юань Шикайдың *дегеніне қарамастан* Қытай демократиясы жеңіп шықпаған болса, өкімет тіпті уақытша да, тіпті шартты түрде де либерал Юань Ши-кайдың қолына ешқашан көшпеген болар еді.

Бірақ либерал қаражүздіктен тәуір деген жадағай ақиқат Струве, Изгоев мырзалар және К^0 үшін қолайлы *бүкіл* «марксизм» болып отырса, онда тап күресінің диалектикасы либерал үшін де, Мартов үшін де жеті қат жер астындағы дүние болып табылады.

Қорытайын: Россияда өкімет помещиктің қолынан буржуаның қолына нақ сол шынымен «көшуі» үшін жалпы алғанда демократияны, әсіресе жұмысшыларды «Думаны реакцияның қолынан жұлып алу керек» деген *жалған* ұранмен алдамау керек және әлсіретпеу керек. Біздің сайлаудағы практикалық міндетіміз тіпті де «реакцияны оның думалық позицияларынан тайдыру» емес, жалпы алғанда демократияны, әсіресе жұмысшы демократиясын күшейту. Бұл міндет кейде либералдардың санын арттыру «міндетімен» соқтығысады: 50 либералдың артық болғанынан гөрі бес демократтың артық болуы бізге маңыздырақ,— пролетариат үшін де пайдалырақ.

Бұдан Мартов кадеттер — демократтар *емес,* либералдар деп мойындағансығанымен де ол тілемейтін мынадай қорытынды шығады: 1) бес үлкен қалада[74] қайта дауысқа қоюда либералдарға қарсы *тек* демократтармен келісімдер жасасуға болады; 2) екінші сатыда дауысқа түсудің *бәрінде* және келісімдердің *бәрінде ең*

алдымен либералдарға қарсы демократттармен келісім болуға тиіс, ал сонан соң ғана — оңшылдарға қарсы либералдармен келісім болуға тиіс.

«Звезда» № 11 (47),
19 февраль, 1912 ж.
Қол қойған: Ф. Л — к о

«Звезда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БІРІГУГЕ ҚАРСЫ — ЖОЙЫМПАЗДАРМЕН БІРГЕ

Жойымпаздық «Живое Дело» газетінің 7-номерінде «Бірігуді жақтаймыз — жікке бөлінуге қарсымыз» деген редакциялық мақала басылған. Бұл мақала жұрттың бәрі және әрбір зерделі жұмысшы ойланып отырған, барынша назар аударарлық әрі маңызды мәселе екендігі күмәнсыз мәселеге тоқталады. Біз «Живое Делоның» өз оқушыларын көріпеу және мүлде теріс хабарландырып отырған пункттер жөнінде толық емес болса да, қысқаша болса да пікір айтуды өз борышымыз деп есептейміз.

«Голос Земли», «Русское Слово» және «Киевская Мысль»[75] газеттерінің хабарлары негізінде — ««*Живое Делода»* бар мәліметтерден алшақ кетпейтін» хабарлардың негізінде,—«Живое Дело» шетелде жалпы партиялық конференцияның болған фактісін анықтайды, бұл конференция «сайлау науқанында Россияның барлық марксистеріне белгілі бір тактиканы күштеп таңды» дейді және, былайша айтқанда, «Наша Заря» мен «Дело Жизнидің» тобын *партиядан тыс* (курсив «Живое Делонікі») деп жариялады дейді. Бұл жөнінде «Живое Дело» (өзінің мақаласын жойымпаздарға қарсылар жөніндегі дағдылы жалалармен және өсек-аяңдармен толтырып), 1-шіден, конференцияның беделін түсіруге, 2-шіден, біздің «тыс» қалуымыз мүмкін емес, бұл бағыттың «әдебиетшілері» «мұндай қаулыға тақырқап, жиренішпен жауап береді» т. т. дегенді айтып,

«Наша Заря» мен $К^0$-ны қорғауға бар күшін салып тырысып отыр.

Біз ең алдымен «Живое Делоның» мақаласының бүкіл мазмұны, оның бүкіл байбаламдық сарыны, «бірігуді жақтайтын» бүкіл айқай-шуы жойымпаздардың жанды жеріне қалай тигенін, *істің мәнін* бүркемелеуге олардың қалай сәтсіз әрекет етіп отырғанын айқын дәлелдейтінін атап көрсетеміз. Енді біз *істің осы мәніне* көшеміз.

Әрине, біз конференцияны қорғай да алмаймыз, аты аталған газеттерде (оларға енді *«Голос Москвыды»* қосу керек) келтірілген мәліметтерді толықтыра немесе түзей де алмаймыз. Және бұл біздің міндетімізге кірмейді де. «Живое Делоның» бір сөйлемін болса да *сөзбе-сөз* қайталаудың өзі жеткілікті де: «Біздің сұрайтынымыз,— деп лепіреді жойымпаздар,— оларды (конференция делегаттарын) кім сайлаған, Москваның, Петербургтің және т. т. марксистерінің атынан сөйлеп, мәселе шешуге оларды кім уәкіл еткен?» Егер бұл туралы, мәселен, Пуришкевич мырза немесе Замысловский мырза ашық *«сұраған»* болса, әбден табиғи нәрсе болар еді. Ал егер жойымпаздар бұл туралы жұртшылықтан *«Живое Делоның»* бетінде *сұрап отырған болса,* онда олардың осы бір ғана сұрау арқылы өздерінің жойымпаздық жаратылысын тамаша ашып беретіні соншалық, өздерін тамаша әшкерелейтіні соншалық, бізге жойымпаздардың тәсілдерін тек қана нұсқап көрсетіп, әңгімені тоқтатуымызға тура келеді.

Біз осында қозғалған мәселелерге тоқталғанда, қайталап айтамыз, баспасөздің барлық дабылына жауап беру және жұмысшы сайлау науқанына қатыстыларын атап көрсету — өзіміздің борышымыз болғандықтан ғана тоқталып отырмыз. Оқушылардың шындықты білулері керек. Егер жойымпаздар: «бірігуді жақтаймыз — жікке бөлінуге қарсымыз» дейтін болса, онда мұндағы жатқан өтірікті ашу — біздің борышымыз. Біріншi: шынына келгенде, әңгіме *тек жойымпаздармен бірігу туралы ғана* болып отырғанда, жасырынбақ ойнап, жалпы «бірігу» туралы сөз етудің керегі жоқ. «Живое Дело» неге жасырынады? «Наша Заря» мен «Дело

Жизнидің» козқарасына келісе ме, әлде келіспей ме, ол неге тура айтпайды? Екінші: бір ортада әрекет жасап отырған, ұйымдасқан, тұтас саяси екі коллектив әзірге болмай отырғанда, *жікке бөліну* туралы әңгіме етуге ерте.

«Живое Делоның» *істің* осы *мәні* туралы айтуы керек еді, ал айқайлап, балағаттау — бос әрекет.

Жойымпаздармен бірігу жаңа мәселе емес, өте ескі мәселе. Бұдан екі жылдан аса уақыт бұрын, 1910 жылдың январында, мұндай бірігуге ең батыл, тұжырымды әрекет, шартпен де, бір ауызды шешіммен де бекітілген әрекет жасалған болатын. Әрекеттің сәті түспеді — мұны *жұрттың бәрі,* оның ішінде жойымпаздар да мойындайды (қараңыз: «Наша Заря» 1911 ж., № 11, 130-бет). Сәті түспеген себебі не? Іске байсалды түрде көңіл аударатын адамдар бұл мәселені *документтер бойынша* өз бетімен түсініп алуға тиіс. Біз аздаған—бірақ шешуші — документтерді ғана келтіреміз.

Жойымпаздармен бірігу әрекетінің белгілі қатысушысы және «біріктіруші» немесе «ымырашыл» Ионов мырза *дәл* осы әрекеттің *тұсында* былай деп жазған-ды:

> «Шақырымпаздық пен жойымпаздықтың өздері партия үшін қаншама зиянды болғанымен, олардың фракцияларға (әңгіме меньшевиктер мен большевиктердің фракциялары туралы болып отыр) игі әсер ететіні күмәнсыз сияқты. Патология іріңдеудің екі түрін біледі: бірі қатерлі, екіншісі залалсыз келеді. Залалсыз іріңдеу организмге пайдалы сырқат деп есептеледі. Іріңдеп жарыларда ол бүкіл организмдегі әр түрлі зиянды элементтер атаулыны өзіне тартып алады да, организмнің айығуына себепкер болады. Менің ойымша, жойымпаздық меньшевизм жөнінде, шақырымпаздық-ультиматизм большевизм жөнінде нақ осындай роль атқарды».

Жойымпаздардың жойымпаздықтан толық безуі олармен бірігудің шарты деп көрсеткен документтік айғақтардың бірі, міне, осы. Бұл 1910 жылдың январында болған-ды. 1910 жылдың февралында, «Наша Заряның» 2-номерінде *Потресов* мырза дәл былай деп жазды:

> «Ұйымдасқан тұтас нәрсе ретінде іс жүзінде қазірдің өзінде жоқ нәрсені, енді жоюға жатпайтын нәрсені жоюшы жойымпаздық ағымның аурулы қиялдағы елес ретінде емес, нағыз шындық ретінде 1909 жылдың жазында болуы мүмкін бе» («Наша Заря», 1910 ж., № 2, 61-бет).

Потресов мырза жойымпаздарды қалай бағыттаса, олардың *іс жүзінде* дәл осылай *істегенін* практиктердің бәрі біледі. Жойымпаздардың баяғы сол Мартовтар, Лариндер, Левицкийлер және К⁰ мырзалар қатысқан екінші бір белгілі органы «Возрождение»[76] 1910 жылдың 30 мартында Потресов мырзаның жоғарыда келтірілген сөздерін тілектестікпен цитатқа келтіре отырып, редакцияның атынан былай деп жазды: «Жоятын ештеме жоқ — және, біз (яғни *«Возрождение»* редакциясы) өз тарапымыздан қосайық, осы иерархияны оның ескі, астыртын түрінде қалпына келтіруді армандау тура зиянды, реакцияшыл утопия»... («Возрождение» 1910 ж., № 5, 51-бет).

Біздің бағытымыздан басқа адамдар мен бағыттардың бұл мәлімдемелерді жойымпаздардың ескі, бұрынғы саяси коллективтен *қол үзуі* деп бағалағандары болды ма? Күмән жоқ, болды. Дәлелдер: 1) Изгоев мырзаның *«Русская Мысльдің»*[77] 1910 жылғы 8-номеріндегі «Вехиміл марксистер арасында» деген мақаласы. Изгоев мырза марксистер арасындағы оқиғаларды әрқашан дәйекті «вехишілдік» тұрғыдан алып бағалайды. «Жауабы (Потресов мырзаның жұмысшы қозғалысы мәселелеріне берген жауабы),— деп жазды Изгоев мырза— олар жерден алып жерден салған «Вехиде» жазылған нәрсемен, *«Русская Мысль»* публицистерінің айтқандарымен («Русская Мысль» 1910, № 8, 67-бет) *әбден сәйкес келеді».* 2) Меньшевик Плеханов 1910 жылдың майында Потресов мырзаның жоғарыда келтірілген сөздері жөнінде былай деп жазды: «Алайда, *біздің партияны өмір сүрмейді дейтін адамның өзі біздің партия үшін өмір сүрмейтін адам* екені күмәнсыз (курсив Плехановтікі). Енді біздің партия мүшелерінің бәрі: Потресов мырза біздерге жолдас емес деп айтуға тиіс болады, ал олардың кейбіреулері менің оны көптенақ жолдас деп санамайтындығым үшін мені айыптауды, бәлкім, қояр».

Факті көз алдымызда. Бұл арада ешқандай айла-шарғы мен сылтаудан жәрдем жоқ. Жойымпаздар 1910 жылдың өзінде бұрынғы саяси коллективтен қол үзген болатын. Орыс саяси өмірінің бірде бір тарихшысы

шындықтан бұлтарғысы келмесе, бұл фактіні орағытып кете алмайды. Ал 1911 жылы Левицкий, Мартов, Дан, Ларин, Чацкий мырзалар мен К° әбден «потресовтық» мазмұндағы мәлімдемелерді талай қайталады. Лариннің *«Дело Жизниде»* (1911 ж. № 6, 15-бет) «әрбір қалада екі жүзден адамы бар... үйірмелер құрастыру» қиын іс емес, бірақ «алдамшы» іс — деп жұмысшыларды үйреткенін болса да еске түсірейік!

Біздің кәміл сеніміміз бойынша, бұдан, екі жылдан аса уақыттың тәжірибесінен, *жойымпаздармен* ешқандай бірігу мүмкін емес деген қорытындының шығатыны сөзсіз. Мұнда да ешқандай келісім болуы мүмкін емес. Бұл арада келісім болады деп ойлауға да келмейді, өйткені мәселе жойымпаздардың жиреніішпен «иерархия» деп айдар таққан нәрсесінің өмір сүру-сүрмеуі туралы болып отыр. Сондықтан *бәз-баяғы* бағыттағы *бәз-баяғы* жойымпаздардың органы «Живое Делоның» ешқандай балағаттауы ешнәрсені өзгерте алмайды. Жойымпаздар... *тыс* қалып отыр — бұл бұлтарыссыз факт.

Осы фактінің өзі жікке бөліну болып табылады деп, бәлкім, бізге қарсылық айтушылар болар. Жоқ. Бір коллективтің орнына *екі* саяси коллективтің құрылуы жікке бөліну болып аталады. Ал тап қазіргі уақытта, 1912 жылдың мартында, жақсы телескоппен қаруланып, Петербургтен, Москвадан, Киевтен, Нью-Йорктен, қайдан болса содан көз салып отырған біздің саяси өмірді бақылаушы,—жойымпаздардың балағатынан жұмысшылардың арасында тек күшейе түсетін ұйымдасқан, тұтас саяси *бір ғана* коллективті көре алады.

Жойымпаздардың қырсығының өзі сол, олар ескімен өздерінің қарым-қатынастарын шынымен *жойды,* ал жаңаны *құрған жоқ.* Құратын болса кезінде көреміз, сөйтіп, саяси шолушылардың міндеті бойынша, оқушыларды хабарландырамыз. Ал әзірге факт факт күйінде қалады: басқа тұтас саяси коллектив жоқ екен, демек, жікке бөліну де жоқ.

Жойымпаздар «ашық» саяси қоғам құрамыз деп көптен уәде беріп келеді. Бірақ уәделер — факт емес. Потресов пен Мартовтың ең жақын пікірлесі Левицкий

мырзаның *«өзі»* де «Наша Заряның» 11-номерінің (1911 ж.) бас мақаласында *өкінішпен* былай деп жазды: «жария *саяси* (курсив Левицкий мырзанікі) қоғамды құру жөнінде бірде бір азды-көпті айтарлықтай әрекетті біз көрмей отырмыз». Левицкий мырза бұл жөнінде «бұқараны» да, «басшыларды» да айыптайды. Бірақ мәселе қазір айыптаулар туралы болып отырған жоқ, фактіні анықтау туралы болып отыр. *Егер* Левицкий мырза мен оның достары жария саяси қоғам құрса, *егер* ол қоғам іс жүзінде маркстік (либералдық емес) жұмысшы саясатын жүргізсе, онда... онда біз көрерміз. Тек тездетіңіздер, мырзалар, сайлауға дейін уақыт аз қалды, сондықтан *жылдар бойы* істелмей қалған нәрсенің айлар ішінде есесін толтыру үшін (немесе бұрын істелген нәрсені тура *керісінше қайта істеу үшін)* геркулестік күш-жігер керек.

Жойымпаздар өз басын өздері алды. Басын алдырған шашына жыламас болар.

Орыс саяси өмірін бақылаушы біз мүдделі болып отырған салада тек бір ғана саяси коллективті таба алады. Ол коллективтің төңірегінде жекелеген адамдар және ұйымдаспаған, *өте маңызды* саяси мәселелерге тіпті айқын жауаптары жоқ шағын топтар бар. Басқаша айтқанда, бәрі-бәрінде — ыдыраушылық. Ыдырау атаулының бәрінде болатыны сияқты, мұнда ауытқушылар да, жойымпаздарды жойымпаздықтан *іс жүзінде* қол үзуге көндіруге үміттенуші (әттең, бос әурешілік!) адамдар да бар. Бірақ сайлауға дейінгі бас-аяғы жарты жыл ішінде тек үміті кесілген саясатшылар ғана үміттерімен күн көруге әрекет ете алады.

Сайлау науқанының ұрандары туралы, тактика туралы, келісімдер туралы мәселені-ақ алып қараңыз. Қалыптасқан, айқын, дәл, толық, қазірдің өзінде Россияның түкпір-түкпіріндегі басқарушы жұмысшылардың бәріне белгілі бір ғана жауап бар. *Басқа жауап жоқ*. Тағы да айтамыз, жойымпаз мырзалар: басын алдырған шашына жыламас болар.

P. S. 3 июнь режимінің мәні туралы 1908 жылғы декабрь шешімдерінің бастамасын *«Живое Делода»* түсінікті етіп қайта баяндаушы Троцкий де өзін жойымпаздардың түзелуінен «үміттенетіндердің» қатарына қосатын болса керек. Біздегі қазіргі «конституцияның» мәні туралы мәселе жөнінде олардың бәрінің белгілі бір, дәл, айқын жауапқа келуі үшін, мысалы, Ларин мен Мартовтың болса да көзін жеткізу Троцкийдің қолынан келсе біз өте қуанамыз. Жұрт «бірігудің» пайдасы туралы, «үйірмешілдіктің» зияны туралы айқай-сүрен салуда, бірақ біздің бүкіл жұмысымыздың принципті мәселелері жөнінде де, практикалық мәселелері жөнінде де тіпті «өз» үйірмесінің біріккен пікірін қорыта алмай отыр! Оның есесіне ағыл-тегіл сөз: «социал-демократия,— деп жазады Троцкий,— өзінің ұлы міндеттерін формула түрінде бас сүйегінің ішкі жағына жаза білумен ғана тынбайды...». Троцкий әдемі жазады, Потресов пен Неведомскийден кем емес!

«Просвещение» № 3—4,
февраль—март, 1912 ж.
Қол қойған: М. Б.

«Просвещение» журналының
тексті бойынша басылып
отыр

САЯСИ ПАРТИЯЛАР ҮШІНШІ ДУМАНЫҢ 5 ЖЫЛЫ ІШІНДЕ

I

«*«Речь»* газетінің 1912 жылғы «Әржылдығында» — либерализмнің осы кішкентай саяси энциклопедиясында — Милюков мырзаның: *«Мемлекеттік думадағы* саяси партиялар бес жыл ішінде» деген мақаласы басылған. Либерализмнің беделді көсемі және аса көрнекті тарихшының қаламынан шыққан бұл мақала *басты,* былайша айтқанда, *сайлау алдындағы тақырыпқа* арналғандықтан да барынша назар аударарлық. Партиялар қызметтерінің саяси қорытындылары, олардың маңызы туралы мәселелер, қоғамдық күштердің ара салмағы туралы ғылыми қорытындылар, алдағы сайлау науқанының ұрандары — мұндай тақырып сөз болған екен осылардың бәрі еріксіз жазуды керек етеді, өзі Думаның «сыртқы тарихының» фактілерін жай ғана қайта баяндаумен тынбақ болып қанша тырысқанымен Милюков мырзаның да мұның бәрін қозғауына *тура келді.*

Орыс саяси өмірі либералдың көз алдында қалай бейнеленеді? деген ескі, бірақ мәңгі жаңа сюжетті суреттейтін қызық көрініс пайда болды.

«I Думада сан жағынан, ал II Думада моральдық жағынан үстем болған халық бостандығы партиясының,—деп жазады Милюков мырза,— III Думада тек 56—53 депутаты ғана болды. Бұл партия басқарушы көпшілік жағдайынан оппозиция жағдайына көшті, алайда өз мүшелерінің саны жағынан да, сапалық құрамы жағынан да және өзінің сөйлеген сөздері мен дауыс берулерінің қатаң фракциялық тәртібі жағынан да оппозиция қатарында басым маңызын сақтап қалды».

Партия көсемі саяси партиялар туралы мақалада өз партиясын «оның мүшелерінің сапалық құрамы» жағынан «басым» партия деп жариялайды. Бұл жаман емес. Тек жарнаманы жұқаланқырап та айтуға болатын еді... Және кадеттер фракциялық қатаң тәртібі жағынан басым болды деген дұрыс па? Дұрыс емес, өйткені кадеттер фракциясынан оңға қарай оқшауланған, мысалы, Маклаков мырзаның талай рет сөйлеген сөздері жұрттың бәрінің есінде. Милюков мырза аңғалдық жасап отыр: егер өз партиясының «сапасын» мадақтау бұл бағаның толық субъективті екендігі мағынасында қауіпсіз болса, партиялық тәртіп жағына келгенде фактілер мадақтауды бірден теріске шығарады. Тән сипаттың өзі сол, кадет партиясының қатаң тәртібі былай тұрсын, тіпті қандай да болсын тәртібін бұза отырып, кадеттердің нақ оңшыл қанаты Думада да — Маклаков арқылы — баспасөзде де — «Русская Мысльдің» Струве мырза мен К° арқылы — оқшау шығып отырды.

«Халық бостандығы фракциясының,— дейді бұдан әрі Милюков мырза,— сол жағында тек 14 трудовик пен 15 социал-демократ болды. Трудовиктер тобы алғашқы екі Думада болған маңызының тек көлеңкесін ғана сақтап қалды. Социал-демократтардың біршама тәуір ұйымдасқан тобы өзінің сөздерін анда-санда «таптық қайшылықтарды» қатаң әшкерелеуге арнады, бірақ шындығына келгенде, «буржуазиялық» оппозиция да жүргізіп келген тактикадан басқа ешқандай өзгеше тактика жүргізе алмады».

Аса көрнекті тарихшының кадеттерден солшылырақ партиялар туралы оз мақаласының 20 бетінде хабарлағаны осы, бар болғаны осы ғана. Бірақ мақала Мемлекеттік думадағы саяси партияларға арналған ғой,— мақалада помещиктердің ішіндегі ең ұсақ деген ауыстүйістердің бәрі, ондағы түрлі «баяу-оңшыл» немесе «оңшыл-октябристік фракциялар» дегендердің бәрі бүге-шігесіне дейін қарастырылған, бұл фракциялардың жеке қадамдары қарастырылған. Ал трудовиктер мен социал-демократтар не себепті жоққа шығарылған?— өйткені оларды Милюков мырзаның *баяндағанындай* етіп суреттеу оларды көрінеу жоққа шығару деген сөз.

Бұл сұраққа берілуі мүмкін бірден-бір жауап мынадай: өйткені бұл партиялар Милюков мырзаға айрықша ұнамайды, тіпті бұл партиялар жөніндегі жалпыға мәлім фактілерді жай ғана көрсетудің өзі де либерализмнің *мүдделеріне* қайшы келеді. Шындығында, сайламшылардың құрамын шатыстырудың қандайы трудовиктерді Думалардағы «бұрынғы маңызының көлеңкесіне» жеткізгендігін Милюков мырза өте жақсы біледі. Крыжановский мырзаның және 1907 жылғы 3 июньнің басқа да сабаздарының істеген осы шатыстырулары кадеттердің көпшілік болуын әлсіретті. Бірақ мұның өзі помещиктік Думада өкілдері өте аз болып отырған партиялардың маңызы туралы мәліметтерді елемеуді, тіпті оның үстіне бұрмалауды ақтай ала ма? Трудовиктердің III Думадағы өкілдігі өте-мөте әлсіз болды, бірақ олардың бес жыл ішіндегі ролі өте зор, өйткені олар миллиондаған шаруалардың өкілдері болды. Помещиктердің мүдделері нақ шаруалардың өкілдігін қысқартуға мәжбүр етті. Либералдарды трудовиктерден безуге қандай мүдделер мәжбүр етіп отыр?? деген сұрақ туады.

Немесе Милюков мырзаның социал-демократтарға қарсы ашулы қылығын алып қараңыз. Социал-демократтар «тактикасының» кадеттер тактикасынан өзгешелігі пролетарлық оппозицияның буржуазиялық оппозициядан өзгешелігінде ғана емес, оның үстіне демократизмнің либерализмнен өзгешелігінде екенін ол шынымен-ақ білмей отыр ма? Әрине, Милюков мырза мұны өте жақсы біледі, ал барлық европалық елдердің ең бергі тарихының мысалдары арқылы да ол демократтардың либералдардан айырмашылығын түсіндіре алған болар еді. Бар әңгіме мынада: мәселе Россияға қатысты болып отыр екен, онда орыс либералы орыс демократтарынан өзінің ерекшелігін көргісі *келмейді*. Орыс оқушылары алдында өзін жалпы «демократиялық оппозиция» атаулының өкілі етіп көрсету орыс либералына *тиімді*. Бірақ шындықтың бұл тиімділікке ешқандай қатысы жоқ.

Жалпы алғанда буржуазиялық оппозицияға, жекелеп алғанда кадеттік (либералдық) оппозицияға қарағанда

социал-демократтардың III Думада *мүлде* басқаша тактика жүргізгенін іс жүзінде кім де болса біледі. Егер Милюков мырза оқушылардың алдына саясаттың кез келген нақты мәселелерін қоюға әрекет еткен болса, онда социал-демократтардың принципті түрде *басқаша* тактика жүргізбеген *бірде-бір* мәселені оның таба алмайтынына кепілдік беруге болады. III Думадағы саяси партиялар туралы тақырыпты қолға алған Милюков мырза басты және түбегейлі пәрсені бұрмалады: саяси партиялардың негізгі үш тобы үш түрлі тактика жүргізді: үкімет партиялары (Пуришкевичтеп Гучковқа дейін), либерализм партиялары (кадеттер, ұлтшылдар және прогрессистер), демократиялық партиялар (трудовиктер — буржуазиялық демократия және жұмысшы демократиясы). Алғашқы екі топтау Милюков мырзага айқын, бір жағынан, Пуришкевич пен Гучковты, екіншi жағынан, либералдардың бәрін жақындастыратын істің мәнін ол жақсы-ақ біліп отыр. Бірақ либералдардың демократтардан өзгешелігін ол көрмейді, өйткені көргісі *келмейді.*

II

Түрлі партиялардың таптық негізі туралы мәселе жөнінде де дәл осы қайталанып отыр. Милюков мырза оң жақта бұл негізді көріп, ашып береді, сол жақта ол бірден соқыр бола қалады. «Дәл 3 июнь заңының өзі,— деп жазады ол,— біріккен дворяндардың айтуымен болды. Думалық көпшіліктің оң қанаты дворяндардың мүдделерін қорғауды өз міндетіне алды да. Осы көпшіліктің сол қанаты бұған қалалық ірі буржуазияның мүдделерін қорғауды қосты». Мұның соншалық сабақ боларлық нәрсе екендігі рас емес пе? Кадет оң жаққа қараған кезде ол «таптық қайшылықтардың» шегін тақақтап қояды: онда дворяндар, мұнда ірі буржуалар. Ал либералдың назары сол жаққа түссе болғаны,— «таптық қайшылықтар» деген сөздер сол мезетте-ақ кекесінді тырнақшаға алынады. Таптық айырмашылықтар жоғалады: либералдар жалпы-«демократиялық оппозиция» ретінде шаруалардың да, жұмысшылардың

да, қалалық демократияның да өкілі болып шыға келеді!

Жоқ, мырзалар, бұл ғылыми тарих емес, бұл байыпты саясат емес, бұл саясат құмарлық және жарнама.

Либералдар шаруалардың да, жұмысшылардың да өкілі емес, тек буржуазияның бір бөлегінің ғана —қалалық, жер иеленуші буржуазияның, т. т. өкілі.

III Дума тарихы фактілерінің жалпыға мәлім екендігі соншалық, октябристердің либералдармен бірге қосылып — *қарсы* (үкіметке қарсы) ғана емес, сонымен бірге белгілі бір унамды шараларды *жақтап* талай рет дауыс бергенін Милюков мырза да мойындамай отыра алмайды. Бұл фактілер, октябризм мен кадетизмнің (1904—1905 жылдары, 17 октябрьге дейін қосылып кеткен) ортақ тарихына байланысты, октябристер мен кадеттердің — *бір таптың* екі қанаты екені, бір жағынан үкімет пен помещиктердің, екінші жағынан демократияның (жұмысшылар мен шаруалардың) арасында ауытқып отырған буржуазиялық *орталықтың* екі қанаты екендігін тарихи шындықпен азды-көпті санасатын адамның қай-қайсысына да *дәлелдеп береді.* «III Думадағы саяси партиялардың» тарихынан туатын осы *негізгі* қорытындыны Милюков мырзаның көрмейтіндігінің бірден-бір себебі сол, мұны көру оған тиімсіз.

Орыс саяси күштерінің және орыс саяси партияларының негізгі бөлінісін, XIX ғасырдың жартысынан бастап әбден анық белгіленген, 1861—1904 жылдары барған сайын қалыптаса түскен, 1905—1907 жылдардағы бұқара күресінің ашық майданында сыртқа теуіп, бекіген, 1908—1912 жылдары да осы күйінде қалған бөлінісін үшінші Дума жаңа қырынан, жаңа жағдайда *дәлелдеді.* Бұл бөліністің бүгінгі күнге дейін күшінде қалып отырған себебі не? Оның себебі, Россияның тарихи дамуының объективті міндеттері, барлық жерде түгелдей, 1789 жылғы Франциядан бастап 1911 жылғы Қытайға дейінгі демократиялық өзгерістер мен демократиялық төңкерістердің мазмұны болып отырған міндеттері әлі шешілген жоқ.

Осы негізде «бюрократия» мен помещиктердің қарысып, қарсылық көрсетуі, ал сонымен бірге өзгерістерді

қажет ететін, бірақ бұл өзгерістерді жалпы демократияның, әсіресе жұмысшылардың пайдалануынан қорқатын буржуазияның ауытқуы сөзсіз. Бұл қорқушылық — думалық саясат саласында — I және II Дума кадеттерінен, III Дума октябристерінен, яғни бұл партиялар дәл «басшылық етуші» көпшілік болған кезде ерекше айқын көрінді. Кадеттер октябристерге қарсы күрескенде, олармен бір принциптік позицияда бола отырып күреседі, олардың октябристермен күресуінен горі, бәсекелесуі кобірек болады. Олар октябристермен өкімет басында помещиктермен *қатар* отыратын орынды бөліседі,— билік басындағылардың ең жақын бәсекелестер ретіндегі кадеттермен болатын дау-жанжалының күшті болып көрінуі де осыдан.

Демократия мен либерализмнің айырмашылығын елемей, Милюков мырза помещиктердің ішіндегі жіктелулерді әдеттен тыс бүге-шігесіне жеткізе тәптіштеп: оңшылдар, баяу-оңшылдар, жалпы ұлтшылдар, тәуелсіз ұлтшылдар, оңшыл октябристер, жай ғана октябристер, солшыл октябристер деп, былайша айтқанда, тамсана отырып талдайды. Осы шеңберде алғанда бұл бөлінулер мен жіктелулердің сәл де болса елеулі маңызы жоқ: бұлар, ең әрі кеткенде, әкімшілік орнында қайсыбір Твердоонтоның қайсыбір Угрюм-Бурчеевпен[78] ауыстырылуына, адамдардың өзгертілуіне, үйірмелердің немесе топтардың жеңісіне байланысты. Саяси бағыттағы азды-көпті маңыздының бәрі бұл жерде мүлде біркелкі нәрсе.

Бүкіл кадет баспасөзі талмай қайталап отырғаны сияқты, Милюков мырза да: «Екі лагерь күресетін (IV Дума сайлауында) болады» деп қоймай қайталап отыр. Дұрыс емес, мырзалар. Басты-басты *үш* лагерь: үкіметтік лагерь, либералдық лагерь және жалпы алғанда демократия атаулыны өзіне тартатын орталық ретіндегі жұмысшы демократиясы *күресіп отыр* және күресетін болады. Екі лагерьге бөлудің өзі, өкінішке орай, жұмысшы табын жақтайтындардың кейбіреуін кейде адастыратын либералдық саясаттың айласы болып табылады. Негізгі үш лагерьге бөлудің сөзсіз екендігін түсінгенде ғана жұмысшы табы бірінші лагерьдің екін-

ші лагерьмен дау-жанжалын *пайдалана отырып,* бірақ либералдардың бейне демократиялық бос сөздеріне бір минут та алданбай, іс жүзінде либералдық жұмысшы саясатын емес, *өз* саясатын жүргізе алады. Өзін ғана емес, оның үстіне буржуазиялық *демократияның* басты тірегі ретіндегі шаруаларды да алдаттырмау — жұмысшылардың міндеттері осындай. III Думадағы саяси партиялардың тарихынан шығатын қорытынды да осындай.

«Звезда» № 14 (50),
4 март, 1912 ж.
Қол қойған: К. Т.

«Звезда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОҒА РСДРП БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА [79]

Соңғы жылдар РСДРП үшін ауытқулар мен бей-берекеттік жылдары болды. Партия үш жыл бойы конференция да, съезд де шақыра алмады, ал соңғы екі жыл ішінде Орталық Комитет ешқандай жұмысты өрістете алмады. Рас, партия өмір сүре берді, бірақ азды-көпті елеулі қалалардың бәрінде жеке топтар түрінде өмір сүрді,— бұл топтардың әрқайсысы, Орталық Комитет болмаған жағдайда, өзінің біршама оқшау тіршілігімен өмір сүрді.

Таяу уақыттан бері, Россия пролетариатының жаңадан сергуінің ықпалымен, партия қайтадан нығая бастады, сөйтіп біз, ақырында, таяуда ғана конференция шақыруға мүмкіндік алдық (1908 жылдан бергі уақыттың бәрінде бұған мүмкіндік болмаған еді), онда астаналық екі қаланың екеуінің де, Солтүстік-Батыс пен Оңтүстіктің, Кавказ бен орталық-өнеркәсіпті ауданның ұйымдарының өкілдері болды. Жалпы алғанда, 20 ұйым, яғни қазіргі кезде Россияда өмір сүріп отырған ұйымдардың, меньшевиктігі болсын, большевиктігі болсын, бәрі дерлік осы конференцияны шақырған Ұйымдастыру комиссиясымен тығыз байланыс жасады.

Өзінде партияның жоғарғы органының правосы мен міндеті бар деп таныған конференция өзінің 23 мәжілісі бойында күн тәртібінде тұрған мәселелердің бәрін талқылады, олардың ішінде бірқатар төтенше маңызды мәселелер болды. Мәселен, конференция қазіргі саяси жағдай мен партияның саясатына терең және барынша

жан-жақты баға берді, бұл баға 1908 жылғы конференцияның қарарлары мен Орталық Комитеттің 1910 жылғы пленумының шешімдеріне толық сәйкес келеді. Конференция бірнеше айдан кейін болғалы отырған Дума сайлауына ерекше көңіл бөлді, сөйтіп бұл жөнінде үш бөлімнен құралған қарар қабылдады, бұл қарар біздегі шым-шытырық сайлау заңын барынша анық және толық баяндайды, басқа партиялармен болатын сайлау келісімдері туралы мәселені талдайды және партияның алдағы сайлау науқаны кезіндегі ұстайтын позициясы мен тактикасын жан-жақты анықтайды. Сол сияқты ашаршылықпен күресу туралы, жұмысшыларды қауіпсіздендіру туралы, кәсіптік одақтар туралы, ереуілдер және басқалар туралы мәселелер де талқыланды, сөйтіп бұлар жөнінде шешімдер қабылданды.

Конференция сонымен қатар «жойымпаздар» туралы мәселені қарады. Бұл ағым құпия партияның өмір сүруін теріске шығарады, бұл партияны қазірдің өзінде жойылды деп жариялайды, құпия партияны қалпына келтіруді реакцияшыл утопия деп жариялайды, сөйтіп партияны тек жария формада ғана қалпына келтіруге болады деп сендірмек болады. Осыған қарамастан құпия партиядан қол үзген бұл ағым осы кезге дейін ешқандай жария партияны құра алмады. Конференция былай деп атап көрсетті: партия бұл ағымға қарсы, міне, төрт жыл бойы күрес жүргізіп келеді, 1908 жылғы конференция және Орталық Комитеттің 1910 жылғы пленумы жойымпаздарға қарсы шықты, партияның барынша күш салуына қарамастан бұл ағым бұрынғысынша фракциялық оқшаулығын сақтап отыр және жария баспасөз беттерінде партияға қарсы күрес жүргізіп келеді. Сондықтан конференция «Наша Заря», «Дело Жизни» журналдарының (қазіргі кезде бұларға «Живое Делоны» қосу керек болады) төңірегіне топтасып жүрген жойымпаздар өздерін РСДРП-дан тыс қойып отыр деп мәлімдеді.

Ақырында, конференция Орталық Комитетті және Орталық Орган «Социал-Демократ» редакциясын сайлады. Сонымен бірге конференция мыналарды ерекше баса көрсетті: шетелде азды-көпті социалистік топтар

болып табылатын, бірақ қалай болғанда да Россия пролетариатынан және оның социалистік жұмысынан мүлде қол үзген, демек, мүлде жауапсыз көптеген топтар бар; бұл топтар ешбір жағдайда РСДРП-ның өкілі де бола алмайды, оның атынан сөйлей де алмайды; партия бұл топтар үшін ешқандай дәрежеде өзіне жауапкершілік немесе кепілдік алмайды және РСДРП-мен болатын қарым-қатынастың бәрі тек Орталық Комитет арқылы ғана жүргізіледі, оның шетелдегі адресін біз осында беріп отырмыз: Владимир Ульянов, 4 Rue Marie Rose, Париж XIV (Орталық Комитет үшін).

1912 ж. марттың басында жазылған

1912 ж. 18 мартта Халықаралық социалистік бюроның № 4 нұсқау-хатында басылған

Орыс тілінде бірінші рет 1929—1930 жылдары В. И. Ленин Шығармаларының 2—3 басылуларында басылған, XV том

Нұсқау-хаттың тексті бойынша басылып отыр

Орысшасы немісшеден аударылған

РСДРП-ның САЙЛАУ ПЛАТФОРМАСЫ [80]

Жұмысшы жолдастар және Россияның барлық азаматтары!

Ең таяу уақытта IV Мемлекеттік думаның сайлауы болмақ. Түрлі саяси партиялар да, үкіметтің өзі де қазірден-ақ бар күшін салып сайлауға дайындалуда. Өзінің 1905 жылғы даңқты күресі арқылы патша өкіметіне бірінші елеулі соққы берген және одан өкілдік мекемелерді жұлып алған саналы пролетариат партиясы, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы сайлау правосы барлардың, сондай-ақ орасан көп «правосыздардың» бәрі-бәрін сайлауга барынша жігерлі түрде қатысуга шақырады. Жұмысшы табын жалдама құлдықтан азат етуге ұмтылатындардың бәрі, орыс бостандығы ісін қымбат санайтындардың бәрі төртінші, помещиктік Дума сайлауында да бостандық жолындағы күрескерлерді топтастырып, ныгайту үшін, Россия демократиясының саналылығы мен ұйымшылдыгын ілгері бастыру үшін дереу жұмысқа кірісулері керек.

Ходынка патшасы, бірінші және екінші Думалардың «жеңушісі мен қырып-жоюшысы», Қанқұйлы Николай помещиктердің қаражүздіктерімен бірге, октябристік көпестермен бірге жұмысшы табынан және Россияның барлық революцияшыл элементтерінен, яғни халықтың орасан көпшілігінен бесінші жыл үшін кек алуға кіріспек болып өзінің анттарын, уәделері мен манифестерін лақтырып тастаған 1907 жылғы 3 июньдегі мемлекеттік төңкерістен бері бес жыл өтті.

III Думаның бүкіл дәуірі революция үшін кек алумен әйгілі болды. Патша өкіметі тарапынан болатын қуғындаулардың мұншалықты өршуі Россияда бұрын ешқашан болып көрген емес. Осы бес жыл ішіндегі дарға асушылық орыс тарихының үш жүз жылындағыдан асып түсті. Жер аударылатып орындар, каторга мен түрмелер саясатпен шұғылданатындарға қашандағыдан да гөрі лық толды және жеңілгендерді азаптау, ұрып-соғу II Николай кезіндегі қолданылғанындай ешқашан қолданылған емес. Чиновниктердің қазына ұрлауының мұндай етек алушылығы, мұндай бассыздығы мен озбырлығы,—«бүлікке» қарсы күресте көрсеткен пысықтығы үшін бұларға түк жаза жоқ,— өкіметтің кез келген өкілі тарапынан жалпы алғанда тоғышарларды және жекелеп алғанда мужикті бұлай қорлаушылық ешқашан болған емес. Еврейлерді, ал олардың ізінше үстем ұлтқа жатпайтын басқа халықтарды да, мұндай құнығқандықпен, мұндай өшпенділікпен, мұндай әулекілікпен қуғындап, жәбірлеу бұрын ешқашан болған емес.

Антисемитизм мен ең дөрекі ұлтшылдық — үкімет партияларының бірден-бір саяси платформасы болып алды, ал Пуришкевичтің тұлғасы қазіргі патша монархиясының барлық басқару тәсілдерінің бірден-бір толық, біртұтас, дұрыс сипаттамасы болып алды.

Сонда контрреволюцияның осы сойқандарының нәтижесі қандай?

Тіпті қоғамның «жоғары», қанаушы таптарының өзіне бұдан әрі бұлай өмір сүруге болмайды деген сана-сезім кіре бастады. Октябристердің өздері, III Думада үстем болған партия, революциядан үрейленген, бастықтардың алдында құрдай жорғалаушы помещик пен көпестер партиясы, октябристер сеніммен және адал қызмет еткен патша мен дворяндардың Россияны тұйыққа әкеліп тірегендігіне көздері жеткендігін өздерінің меншікті баспасөзінде үсті-үстіне білдіріп отыр.

Россиядағы реакцияны қорғап, Европада бостандыққа ұмтылған қозғалыс атаулыны күшпен басуға көмектесе отырып, патша монархиясының европалық жандарм болған уақыты болды. II Николай істі мынаған

дейін жеткізді: патша қазір европалық қана емес, оның үстіне азиаттық та жандарм болып отыр, өйткені ол Түркияда, Персияда, Қытайда бостандыққа ұмтылған қозғалыс атаулыны әзәзілдік әрекеттермен, ақшамен және нағыз айуандық зорлық-зомбылықпен басуға ұмтылып отыр.

Бірақ патша өкіметінің ешқандай айуандығы Россияның дамуын тоқтата алмайды. Пуришкевичтер, Романовтар, Марковтар, осы кенже крепостниктер, Россияны қаншалық мүгедек еткенімен де, қаншалық жарымжан еткенімен де, Россия дегенмен ілгері басуда. Ал оның дамуының әрбір басқан қадамы сайын саяси бостандықты талап етушілік барған сайын өктем бола түсуде. XX ғасырда саяси бостандықсыз бірде-бір елдің өмір сүре алмайтыны сияқты, Россия да саяси бостандықсыз өмір сүре алмайды. Ал патша алғашқы екі Думаны да қуып таратып, өзінің 1905 жылғы 17 октябрьдегі манифесін өзі аяққа басып отырғанда, патша монархиясынан саяси реформалар күту ақылға қона ма? Патшаның және оның қол шоқпарларының барлық қылмысты бүркемелейтінін білетіндіктен, чиновниктер шайкасы заң біткенді мазақ етіп отырғанда, қазіргі Россияда саяси реформалар болуы мүмкін деп ойлауға келе ме? Патшаның өзінің немесе оның туыстарының қорғауын пайдаланып, кеше Илиодордың, бүгін Распутиннің, кеше Толмачевтің, бүгін Хвостовтың, кеше Столыпиннің, бүгін Макаровтың — заң біткеннің бәрін қалай аяққа басып отырғанын біз көрмей жүрміз бе? Помещиктік Думаның тіпті ұсақ, кісі күлерліктей мардымсыз «реформаларының» өзі, патша өкіметін жаңғыртып, нығайтуға бағытталған реформалардың өзі Мемлекеттік советтің немесе Қанқұйлы Николайдың өзінің указымен қабылданбай, бұрмаланып жүргенін біз көрмей отырмыз ба? Кісі өлтірушілердің қаражүздік бандасы, бастықтарға жақпаған депутаттарды қалтарыста тұрып атушы, II Думаның социал-демократ депутаттарын каторгаға айдаушы, әрқашан ойран дайындап отырушы, барлық жерде қазынаны арсыздықпен тонаушы бандасы — патшадан ерекше қамқорлық көріп, одан олақ бүркемеленген кө-

мек, бағыт, басшылық алып отыратынын біз білмейміз бе? Орыс халқының негізгі саяси талаптарының жайы Николай Романовтың тұсында не болғанын қараңыздар, осы талаптардың жолында халықтың таңдаулы өкілдері $^3/_4$ ғасырдан аса уақыт бойы ерлік күрес жүргізді, осы талаптардың жолында бесінші жылы миллиондаған жұрт көтерілді. Бірінші және екінші Думадағы тіпті жалпыға бірдей емес, тең емес, төте емес сайлау правосының өзін патша өкіметі аяққа басқан кезде, жалпыға бірдей, тең, төте сайлау правосы Романовтардың монархиясымен сыйыса ма? Тіпті 1906 жылғы 4 марттағы реакциялық сиықсыз заңның[81] өзін губернаторлар мен министрлер түгелдей жоққа шығарып отырғанда, одақтар, коалициялар, стачкалар бостандығы патша монархиясымен сыйыса ма? 1905 жылғы 17 октябрьдегі манифестің: «азаматтық бостандықтың мызғымас негіздері» туралы, «адамның жеке басына шынымен ешкімнің тимеуі» туралы, «ұждан, сөз, жиналыстар, одақтар бостандығы» туралы сөздері қорлау болып естілмей ме? Патшаның «қол астындағы» әр адам бұл қорлаушылықты әр күн сайын байқап отыр.

Жоқ! Бостандық пен ескі өкіметті үйлестіруге болады, патша монархиясы тұсында саяси реформалар жасауға болады деген либералдардың өтірігі жетер. Бұл балалық жалған үміттер үшін орыс халқы контрреволюцияның ауыр сабақтары арқылы тауқыметін тартты! Кімде-кім байыпты да адал ниетімен саяси бостандық болсын десе, ол *республика* туын мақтанышпен, батыл жоғары көтеруге тиіс, ал патшалық-помещиктік шайканың саясаты орыс демократиясының жігерлі күштерінің *бәрін* қалай да осы тудың астына жинайтын болады.

Самодержавие жойылсын! деген ұранның Россия үшін тым озық ұран болып көрінген кезі болған-ды — одан бері көп уақыт та өткен жоқ. Алайда РСДЖК Партиясы осы ұранды көтерді, алдыңғы қатарлы жұмысшылар отрядтары бұл ұранды іліп әкетіп, бүкіл елге таратты; бұл ұран 2—3 жыл ішінде «халық мәтеліне» айналды. Жұмысшы жолдастар және Россияның барлық азаматтары — кімде-кім еліміздің тоқыраушылық-

қа, тағылыққа, правосыздыққа және ондаған миллион жұрттың өлімші мұқтаждыққа біржолата белшесінен батуын тілемесе — іске кірісіңіздер! Россия социал-демократтары, Россия жұмысшылары: патша монархиясы жойылсын! Россия демократиялық республикасы жасасын! деген ұрандардың Русьте халық мәтеліне айналуына жетеді.

Жұмысшылар! Бесінші жылды еске түсіріңіздер: стачкалық күрес арқылы сіздер миллиондаған еңбекшілерді жаңа өмірге, саналылыққа, бостандыққа көтердіңіздер. Сіздердің сол кезде бұқараның күресі арқылы өз өмірлеріңізді жақсарту жөніндегі қолдарыңыз жеткеннің оннан бір үлесін патша реформаларының ондаған жылы да бермеген болатын, бере де алмайды. Жұмысшыларды қауіпсіздендіру туралы заң жобасының тағдыры — кадеттердің қатысуымен — помещиктік Дума бұрмалаған заң жобасының тағдыры жұмысшылардың «жоғарыдан» нені күте алатынын тағы да бір көрсетті.

Контрреволюция біздің жеңіп алғандарымыздың бәрін дерлік тартып алды, бірақ ол жұмысшы жастардың, өсіп, нығайып келе жатқан бүкіл россиялық пролетариаттың күшін, сергектігін, өз ісіне деген сенімін тартып алған жоқ және тартып ала алмайды да.

Фабрикалар мен заводтардың каторгасында құл болып қалғысы келмейтін жұмысшылардың тұрмысын жақсарту жолындағы жаңа күрес жасасын! *8 сағаттық жұмыс күні жасасын!* Кімде-кім Русьте бостандық болсын десе, ол адам 1905 жылы патша монархиясына көр қазған және болашақ орыс революциясында Россияның барлық халықтарының нағыз қас жауын осы көрге құлататын тапқа көмектесуге тиіс.

Шаруалар! Сіздер патшаға сеніп, помещиктік жерлерді халыққа беру жөнінде оның келісімін бейбітшілікпен алуға үміттеніп, I және II Думаға өздеріңіздің трудовик депутаттарыңызды жібердіңіздер. Россиядағы ең ірі помещик — патшаның помещиктер мен чиновниктерді қорғауда ант бұзудың қандайынан болса да, заңсыздықтың қандайынан болса да, зорлық-зомбылық пен қан төгудің қандайынан болса да тайынбайтынына

енді сіздер көздеріңізді жеткізе алдыңыздар. Ең соңғы крепостниктердің езгісіне төзе беру керек пе, чиновниктердің қорлауы мен масқаралауын үндеместен көтере беру керек пе және ашаршылық азабынан, ашаршылық пен асқан жоқшылық туғызған аурудан жүз мыңдап, миллиондап өле беру керек пе,—әлде балаларымыз үшін аз-кем қанағат етерліктей, адамға лайық өмірге жеңіспен жету үшін патша монархиясы мен патшалық-помещиктік Думаға қарсы күресте олу керек пе?

Орыс шаруаларының алдына қойылып отырған мәселе осы. Сондықтан жұмысшы социал-демократиялық партиясы шаруаларды толық бостандық жолындағы, барлық помещиктік жерлердің ешбір төлемсіз шаруалардың қолына көшуі жолындағы күреске шақырады. Садақамен шаруалардың қайыршылығын жоюға болмайды, шаруаларды ашаршылықтан құтқарып болмайды. Шаруалар қайыр-садақа беруді талап етпейді, ғасырлар бойы өздерінің маңдай терімен, қанымен суарған жерді талап етеді. Шаруаларға бастықтар мен патшаның қамқорлығы керек емес, чиновниктер мен патшадан ерікті болуы керек, оз ісін өзі құруға еркін болуы керек.

IV Думаның сайлауы бұқараның саяси санасын айқындау үшін, бұқараны қайтадан батыл күреске тарту үшін қызмет етсін. Сайлауда басты-басты үш партия күресіп отыр: 1) қаражүздіктер, 2) либералдар және 3) социал-демократтар.

Қаражүздіктерге оңшылдар да, «ұлтшылдар» да, октябристер де жатады. Олардың бәрі үкіметті жақтайды — демек, олардың арасындағы айырмашылықтарының ешқандай онша-мұнша елеулі мәні болуы мүмкін емес. Осы қаражүздік партиялардың бәріне қарсы аяусыз күрес жүргізілсін — біздің ұранымыз осы!

Либералдар дегеніміз кадеттер партиясы («конституциялық-демократиялық» партия немесе «халық бостандығы» партиясы). Мұның өзі — патшамен және крепостник-помещиктермен өкіметті бөлісіп алғысы келетін, бөліскенде олардың өкіметін түп тамырына дейін талқандамайтындай етіп, өкіметті халыққа бермейтіндей етіп бөлісіп алғысы келетін либерал буржуазияның

партиясы. Өздерін биліктен ығыстырып отырған үкіметті жек көре отырып, оны әшкерелеуге көмектесіп, оның қатарында ауытқу мен іріткі туғыза отырып, либералдар революцияны онан да бетер өлшеусіз жек көреді, бұқара күресі атаулыдан қорқады, шешуші кезеңдерде опасыздықпен монархия жағына шығып, халықтың азаттық күресіне онан да бетер ауытқушылықпен әрі жүрексіне қарайды. Контрреволюция кезінде патша өкіметінің «славяндық» армандарын мақұлдай отырып, өздерін «жауапты оппозиция» етіп көрсетпекші болып, «патша ағзамның оппозициясы» ретінде патша алдында құрдай жорғалап, революционерлерді және бұқараның революциялық күресін әбден жамандай отырып, либералдар бостандық жолындағы күрестен барған сайын сырт айнала түсті.

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы қара III Думада да революция туын көтере білді, жұмысшыларды ұйымдастыру және олардың революциялық жағынан көзін ашу ісіне, шаруалардың помещиктерге қарсы күресі ісіне сол Думадан да көмектесе білді. Пролетариат партиясы — Россияға бостандықты жеңіспен әперуге қабілетті алдыңғы қатарлы таптың бірден-бір партиясы. Қазір де біздің партия Думаға барғанда опда «реформаларды» ермек ету үшін бармайды, халықты алдаушы либералдардың айтып отырғанындай, «конституцияны қорғау» үшін, октябристердің «көзін жеткізу» үшін немесе Думадан «реакцияны ығыстыру» үшін бармайды, қайта Дума мінбесінен бұқараны күреске шақыру үшін, социализм ілімін түсіндіру үшін, үкімет пен либералдардың алдауының бәрін әйгілеп ашу үшін, халықтың артта қалған топтарының монархиялық соқыр сенімдерін және буржуазиялық партиялардың таптық тамырларын әшкерелеу үшін,— қысқасы, орыстың жаңа революциясына саналы күрескерлер армиясын даярлау үшін барады.

Думадағы социал-демократиялық фракция революцияның қандай күші болып табылғанын патша үкіметі мен қаражүздік помещиктер толық бағалады. Полиция мен ішкі істер министрлігінің барлық күші қазір социал-демократтарды IV Думаға өткізбеуге бағытталып

отыр. Жұмысшылар мен азаматтар, бірігіңіздер! өзінің жуырда болған конференциясында аласапыран уақыттың құлдырауынан айығып, өз күштерін қайтадан жинаған, өз туын қайтадан көтерген РСДРП төңірегіне топталыңыздар! Жұрттың бәрі сайлауға, сайлау үгітіне қатыссын — сонда үкіметтің әрекеті талқандалады, революциялық социал-демократияның қызыл туы Дума мінбесіпен полицейлік, правосыз, қанға боялған, еңсесі түскен, аш-жалаңаш Россияда да тігіледі!

Россия демократиялық республикасы жасасын!

8 сағаттық жұмыс күні жасасын!

Помещиктік жерлерді конфискелеу жасасын!

Жұмысшылар мен азаматтар! РСДРП-ның сайлау үгітін қолдаңыздар! РСДЖ Партиясының кандидаттарын сайлаңыздар!

Россия Социал-Демократиялық
Жұмысшы Партиясының Орталық Комитеті

1912 ж. марттың басында жазылған

1912 ж. мартта Тифлисте жеке листовка болып басылған

В. И. Лениннің түзетулері бар қолжазба көшірмесінің текстімен салыстырылған листовканың тексті бойынша басылып отыр


1

Карты на столъ.

Языкъ княжества Монако есть языкъ, хорошо знакомый нашей знати, господамъ министрамъ, членамъ Гос. Совѣта и т. д. Извѣстно, кто ввелъ въ употребленіе этотъ языкъ въ нашемъ Гос. Совѣтѣ! Поэтому мы нѣсколько удивились, встрѣтивъ въ газетѣ „Живое Дѣло", № 8, то выраженіе, которое поставлено в заголовкѣ статьи.

Но дѣло не в способѣ выраженія. Авторитетность — среди ликвидаторов — лица, употребившаго его (Л. Мартовъ), важность затронутой темы („карты на столъ" в вопросах об избирательной кампаніи, ея принципах, ея тактикѣ и т. д.), все это заставляет нас подробнѣе остановиться на лозунгѣ, независимо от того, как он выраженъ.

„Карты на столъ," это — превосходный лозунгъ. И нам прежде всего хотѣлось бы:

В. И. Лениннің «Картанды аш» атты қолжазбасының бірінші беті. — Март 1912 ж.

Кішірейтілген

КАРТАҢДЫ АШ [82]

Монако княздігінің[83] тілі — біздің ақсүйек шонжарларға, министр мырзаларға, Мемлекеттік совет мүшелеріне және т. т. жақсы таныс тіл. Бұл тілді біздің Мемлекеттік советте қолдануға кімнің енгізгені белгілі! Сондықтан осы мақаланың тақырыбына қойылған сөзді «Живое Дело» газетінің 8-номерінде кездестіргенімізде біз біраз таңырқадық.

Бірақ мәселе сөйлеу тәсілінде емес қой. Оны қолданған адамның (Л. Мартов) — жойымпаздар арасында — беделділігі, сөз болып отырған тақырыптың (сайлау науқаны, оның принциптері, оның тактикасы және т. т. туралы мәселелер жөнінде «картаңды аш») маңыздылығы, осының бәрі бізді қалай айтылып отырғанына қарамастан ұранды іліп әкетуге мәжбүр етеді.

«Картаңды аш» — мұның өзі тамаша ұран. Ал біз ең алдымен осы ұранның «Живое Дело» газетіне қолданылуын тілер едік. Картаңды аш, мырзалар!

Әдебиет ісінде тәжірибелі адамдар басылымның сипатын қызметкерлерінің құрамына қарай, органның *бағытын* көрсететін, егер бұл бағыт азды-көпті белгіленген және мәлім бағыттардың қатарына жататын болса, тіпті жеке сөздеріне қарап бірден біле қояды. «Живое Дело» газетінің жойымпаздық бағытқа жататындығын білу үшін мұндай адамдардың оған бір қарауы-ақ жеткілікті болды.

Бірақ, әсіресе әңгіме теориялық дәлелдер туралы емес, нақты саясат туралы болып отырған кезде қалың

жұртшылық органдардың бағытын онша оңай ажырата қоймайды. Л. Мартовтың соншалықты дер кезінде ұсынып отырған: «картаңды аш» деген ұранын еске түсіру бұл арада ерекше маңызды да, ерекше орынды. Өйткені тап осы «Живое Делода» — карта ашылмай отыр!

«Живое Делоның» жүзеге асыра бастаған идеялары соңғы екі жылдың ішінде *ғана* азды-көпті дәйекті және жүйелі түрде «Наша Заря», «Жизнь»,[84] «Возрождение», «Дело Жизни» органдарында жасалып отырды. Екі жыл ішінде мұнда едәуір мөлшерде материал жиналды. Тек *ақпар* ғана, әсіресе осындай идеяларды жасаумен екі жыл айналысқан нақ осы адамдардың дайындаған ақпары ғана жетпей отыр. Жойымпаздық идеяларды таратушыларды «Наша Заряның» екі жылдық «жұмысы» әкеліп жеткізген қорытындыларды олардың *ашық* баяндауы жетпей отыр.

Міне тап осы арада келіп *«ашық* жұмысшы партиясы» туралы әңгімелерді сүйетіндер *жасырын* ойынды сүйетіндер болып шығып отыр! Мысалы, сіздер 8-номерде, бас мақалада мынаны оқисыздар: «жалпы іс үшін, еңбек пен тұрмыс жағдайларын жалпы жақсарту және *түбірімен* өзгерту үшін күрестің жолы» *«ішінара* (курсив мақала авторынікі) праволарды қорғау» *арқылы* өтеді. Сіздер сол номердегі заметкадан «ашық жұмысшы қозғалысының» қайдағы бір «петербургтік қайраткерлері» туралы, олар *«осы кезге де дейінгі секілді»* «пролетарлық социал-демократиялық партияны қалпына келтірудің және құрудың өздері осы кезге дейін қорғап келген әдістерін социал-демократтар арасында түсіндіріп тарататын» болады дегенді оқисыздар.

Картаңды аш! Ішінара праволарды қорғау деген нендей теория? Ешқандай қалыптасқан, ресми, жұмысшылар топтары немесе топтардың өкілдері таныған, *ашық* жарияланған ережелерде бұл теория мәлімделген емес. Бұл әлде, мысалы, В. Левицкий мырза бізге «Наша Заряның» 1911 жылғы 11-номерінде аңғартқан теория ма екен? Онан соң,— сірә, құрылмаған, яғни өмір сүрмейтін,— «партияны қалпына келтіру және *құру»* үшін ашық қозғалыстың қайдағы бір аты аталмаған қайрат-

керлерінің *қандай* әдістерді қорғағанын газет оқушылары қалай біледі!? Егер бұл шынында «ашық» қозғалыстың қайраткерлері болатын болса, егер бұл сөздер тек *шартты* сөздер ғана болмаса, онда бұл қайраткерлерді неге атауға болмайды?

«Партияны қалпына келтіру және *құру* әдістері» туралы мәселе газет атаулының назарын аударатын басқа саяси мәселелердің арасында жол-жөнекей сөз болып, шешіле қалатын кездейсоқ мәселе емес қой. Жоқ. Бұл — негізгі мәселе. Бұл мәселе шешілмей тұрып, партияның сайлау науқаны туралы да, партияның сайлау тактикасы туралы да, партияның кандидаттары туралы да сөз етуге болмайды. Ал шешілгенде ол екіұшты емес, барынша дұрыс шешілуге тиіс, өйткені бұл арада айқын теориялық жауаптың үстіне *практикалық* шешім де керек болады.

Сайлау науқаны процесінде партияны қалпына келтіру және құрудың элементтері құрылады-мыс немесе топтасады-мыс және т. т., т. с. деген сияқты жиі кездесетін пікірлер — софизмдер — және сорты нашар софизмдер — болып табылады. Мұның өзі — софизм, өйткені партия — *ұйымдасқан* нәрсе. Егер бүкіл таптың немесе ең болмағанда оның алдыңғы қатарлы тобының *бірыңғай* шешімдері, бірыңғай *тактикасы*, бірыңғай платформасы, бірыңғай кандидатуралары болмаса, онда жұмысшы *табының* сайлау науқаны жоқ және болуы мүмкін емес.

Осы тәрізді софизмдерді, *пролетариат үшін* аты аталмаған, белгісіз және жымын білдірмейтін ашық қайраткерлердің атынан жасалған күңкіл мәлімдемелерді алсақ — өзін «ашық жұмысшы қозғалысының қайраткерімін» деп кім атамайды! қандай буржуаны бұл айдар бүркемелемейді!— мұның бәрі аса зор қауіп болып табылады, бұдан жұмысшыларды сақтандырмай болмайды. Қауіптілігі мынада: «ашық» сөйлеу туралы *тек көз бояу үшін ғана* айтылады, ал іс жүзінде үйірменің *жабық* диктатурасының ең жаман түрі келіп шығады!

«Астыртындықтың» ашық шешімдерін көріп отырсақ та, оған қарсы шығып айқайлаушылар бар — қазір бұл шешімдер буржуазиялық баспасөздің арқасында («Го-

лос Земли», «Киевская Мысль», «Русское Слово», «Голос Москвы», «Новое Время» арқасында — сайлау науқанының шын бірлігін көрсететін әбден тиянақты шешімдер туралы қаншама *жүз мыңдаған* оқушылар қазір *ашықтан-ашық* хабарланып отыр) едәуір дәрежеде мәлім болды. Бірақ астыртындыққа *қарсы* болып немесе «ашық саяси қызметке» *жақ* болып айқайлаушылар бізге тап сол бір жағадан кетіп, екінші жағаға жете алмағандардың кейпін көрсетеді. Ескі дүние тасталған, ал жаңа туралы құр сөз ғана болып отыр.

«Ж. Делоның» айтып отырған қалпына келтіру және құру әдістерін» біз білеміз — және жұрттың бәрі *ашық* біледі — білгенде тек «Наша Заряда» дамытылған және қорғалған әдістерін ғана білеміз. Ал басқаларын біз ашық түрде де, басқа бір түрде де білмейміз. Бұл әдістерді — ашық немесе басқа түрде — талқылауға топтар өкілдері бірде-бір әрекет жасаған жоқ, бұл әдістердің формальды, қалыптасқан, ресми түрдегі бірде-бір *баяндауы жоқ*. Ашық, ашықты, ашық туралы деген *сөздермен* бүркеліп — мүлдем жабық және сөздің ең шын мағынасында үйірмелік, әдеби-үйірмелік бірдеме келіп шығады.

Ешкімнің де алдында жауапты емес, буржуазиялық баспасөздің ерікті атқыштарынан ешбір айырмашылығы жоқ жеке әдебиетшілерді біз білеміз. *Олардың* «әдістер» туралы, ескіні жою туралы сөздерін біз білеміз.

Ашық саяси қызметте біз бұдан артық ештеңе білмейміз және ешкім де білмейді. Міне, сізге парадокс,— сырттай парадокс, ал іс жүзінде орыс өмірінің *бүкіл* жағдайларының тура және табиғи жемісі,— жоғарыда аталған барынша көп тараған бір топ буржуазиялық органдар «ашық қозғалыс қайраткерлерінің» *өмірде жоқ* шешімдерінен гөрі «ашық емес» саяси қызмет, шешімдер, ұрандар, тактика және басқалар туралы бұқараға дәлірек, тезірек, төте жолмен хабарлады!

Немесе мүмкін бәз-біреу тұжырымды шешімдерсіз сайлау науқанын өткізуге болады деп дәлелдейтін болар?? Тұжырымды шешімдерсіз — елдің әр түрлі түкпірлеріндегі ондаған және жүздеген мың сайлаушылар-

дың — тактиканы да, платформаны да, келісімдерді де, кандидатураларды да айқын ұғынуы мүмкін бе??

«Картаңды аш» дегенді сөз қылып, Мартов жойымпаздардың ең жанды жеріне тиді, сондықтан жұмысшыларды сақтандыруға бар күшті салмай болмайды. Тұжырымды шешімдерсіз, практикалық мәселелерге берілген ешқандай нақтылы жауаптарсыз, маңызды шешімдердің әрбір сөйлемін, әрбір сөзін талқылауға ең болмағанда ондаған немесе жүздеген алдыңғы қатарлылардың қатысуынсыз жұмысшы бұқараға... *ашық аталмаған* «ашық қозғалыс қайраткерлерінің», яғни Потресовтар, Левицкийлер, Чацкийлер, Ежовтар, Лариндер сияқты мырзалардың пікірлері мен долбарларын ұсынады.

Карталарды жасырады, өйткені оларды жұмысшыларға ашып көрсету үшін жасалған сәл-пәл әрекеттің өзі мынадай жайды айдан-анық көрсетеді: бұл арада әңгіме жұмысшы партиясы туралы емес, жұмысшы саясаты туралы емес, жұмысшылар туралы либералша қамқорсып отырған, ескіні жойып, оның орнына жаңа бірдеңе беруге дәрменсіз *либерал* публицистердің уағызы туралы болып отыр.

Қауіп зор. «Ашық»... ертеңгі күн туралы сөздердің тасасында жұмысшыларды бүгінгі сайлау науқанының, бүгінгі партия өмірінің ең шұғыл практикалық мәселелерін ашық шешусіз *ғана емес*, сонымен бірге *ешбір* шешусіз қалдырады.

Саналы жұмысшылар бұл қауіпті жағдайды ойланып көрсін.

1912 ж. 12 немесе
13 (25 немесе 26) мартта жазылған

Бірінші рет 1935 ж. 21 январьда «Правда» газетінің 21-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ДЕПУТАТ Т. О. БЕЛОУСОВТЫҢ ДУМАДАҒЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ФРАКЦИЯДАН КЕТУІ ЖӨНІНДЕ

Белоусов мырзаның *«Речьтен»* алынып, «Живое Делоның» 7-номерінде көшіріліп басылған тілдеп-сөге жазылған мәлімдемесін біз қатты таңырқай отырып оқыдық[85]. Жаңа сатқынның бұл мәлімдемесін *«Речьтің»* қабылдауын алсақ, бұған таңданатын ештеңе жоқ. Бұрынғы социал-демократтың өз сатқындығына Думадағы социал-демократиялық фракцияның берген бағасы «кек алу сезімінен» туған деп салған байбаламын *«Речьтің»* басып шығаруы табиғи нәрсе. Бірақ мұны «Живое Дело» не деп көшіріп басып отыр? Тап осы «Живое Делодан» «Депутат Белоусовтың кетуі жөнінде» деген мақаланы көру, одан «бізді болып отырған қашқындық оқиғалары қысылып-қынжылтуға тиісті емес» деген көлгір сөздерді көру таңданарлық нәрсе емес пе?

Бір жағынан, «Живое Дело» «Белоусовтың сүйенген дәлелдері жарияланбай тұрып, оның қадамына баға беруге тоқталуға өзін праволы деп есептемейді». Екінші жағынан, «осындай қашқындық» туралы қылымси сөйлеген «Живое Дело» қалай дегенмен жарым жолға жетіп барып болса да *тоқталады!*..

Бұл ойынның не қажеті бар? Баспасөздің саяси маңызы бар фактілерді ашық талқылау жөніндегі өзінің борышын орындайтын уақыты жеткен жоқ па?

Думадағы социал-демократиялық фракция Белоусов мырзаның *өзінің депутаттық уәкілдігін дереу тоқтатқаны* жөн болар еді дегенді *бір ауыздан* айтты, өйткені Белоусов Думаға социал-демократтардың дауысымен

өтіп, төрт жарым жыл Думадағы социал-демократиялық фракцияда болды.

Белоусов мырза *«Речьте»* жауап жазып, істің бұл мәніне мүлде *соқпай* отыр. Алайда саналы жұмысшылардың қоғамдық пікірі бұл мәселе жөнінде үндемей өтуге *жол бермеуге тиіс*. Егер Белоусов мырза үндемей құтылғысы келсе, біздің үндемеуге правомыз жоқ. Егер жұмысшы табының думалық өкілдігі үшін маңызды фактілерді талқылауға керек болмағанда, жұмысшы баспасөзінің неменеге керегі бар?

Егер социал-демократ *ретінде* өткен және төрт жарым жыл Думадағы социал-демократиялық фракцияда болған депутат сайлауға дейін бірнеше ай қалғанда фракциядан кетіп, *Думадан кетпесе,* мұның өзіне қандай болсын демократтың міндеттері тұрғысынан қарағанда жол беруге бола ма екен? Жалпы маңызы бар мәселе, міне, осы. Өзінің сайлаушылар алдындағы міндеттерін түсінетін бірде-бір демократ — түсінгенде жергілікті мүдделер үшін «жүрушінің» міндеттері мағынасында емес, сайлауда *бүкіл халық алдында белгілі бір* ту көтеріп шыққан *саяси* қайраткердің міндеттері мағынасында түсінетін — бірде-бір демократ бұл мәселенің принципті және өте маңызды мәселе екендігін теріске шығармайды.

Жұмысшы баспасөзін оқитын және жұмысшылардың Мемлекеттік думадағы өкілдігі туралы мәселеге көңіл бөлетін жұмысшылардың бәрі Белоусов мырзаның кетуіне барынша назар аударатын болсын және бұл мәселені ойластырып, талқыласын. *Үндемей қалуға болмайды.* Мұндай жағдайларда үндемей қалу саналы жұмысшыға лайық емес. Өздері сайлаған депутаттардың өз туына адал болуы, олардың сазайын тартпай қашқындық *жасай алмауы* жөніндегі *өз правоңды,* сайлаушы атаулының правосын қорғай білу керек.

Думадағы фракцияның фракцияда төрт жарым жыл болған және Мемлекеттік думаға социал-демократиялық дауыстармен өткен депутат *енді* фракциядан кетумен бірге Думадан да кетуге *міндетті* деуі дұрыс па, жоқ па? Дұрыс! Социал-демократиялық фракциянікі әбден дұрыс! Егер біз жұмысшы өкілдігінің бірлігін,

ұйымшылдығын, тұтастығын, принципті ұстамдылығын тек сөз жүзінде емес, *іс жүзінде* жақтайтын болсақ, онда біз өз пікірімізді айтуға тиіспіз, біз бәріміз және әрқайсымыз, жеке-жеке және бірігіп «Звездаға» да, Думадағы фракцияға да хаттар жазып (оларымызды жергілікті баспасөзге де хабарлап), Белоусов мырзаның қылығын біз батыл және үзілді-кесілді айыптаймыз, жұмысшы табын жақтаушы атаулы ғана емес, сонымен бірге *демократ* атаулы да бұл сияқты қылықтарды айыптайтынын білдіруі керек деуге тиіспіз. Ойлап қана қараңызшы, егер белгілі бір ұранмен сайланған, сол ұранмен Дума сессиясының оннан тоғызында болған депутаттар *сайлау қарсаңында* келіп: фракциядан кетемін, *бірақ* депутат болып қала беремін, «халық» өкілі болып қалғым келеді деп мәлімдейтін болса, мұның өзі қандай *«халық* өкілдігі» болмақ!

Сатқын мырза, сұрауға рұқсат етіңіз! Қазір сіз қандай *халықтың* өкілісіз? Социал-демократ ретінде өзіңізді сайлаған халықтың өкілі *емессіз!* Дума сессиясының $^{9}/_{10}$-ы бойында өзіңізді Думадағы социал-демократиялық фракцияның қатарында көрген халықтың өкілі *емессіз!* Сіз халықтың өкілі емессіз, халықты алдаушысыз, өйткені сайлауға дейінгі қалған уақыттың ішінде бұл халықтың (егер тіпті бұл халық толық саяси бостандықпен пайдаланатын болса да) енді іс жүзінде, сіздің қылықтарыңыздың негізінде сіздің *кім* екеніңізді, сіздің *не* болғаныңызды, сіздің *қайда* құлдырап кеткеніңізді, сіздің *кімге немесе неге* қарай жетектеліп кеткеніңізді білуіне *болмайды,* білуге шамасы да келмейді. Сіз Думадан кетуге тиістісіз, немесе жұрттың бәрі және әркім сізді саяси авантюрист деп, алдаушы деп құдалауға праволы!

Кетудің де кетуі болады. Соншама айқын, белгілі, ашық, жұрттың бәріне мәлім фактілермен дәлелденген көзқарас өзгерістері болады, сондықтан кейбір кетулерге баға беруде алауыздық тумайды, кейбір кетулерде айыптарлықтай, масқаралық дерліктей ештеме болмайды. Бірақ, қазір, *тек* қазір ғана, *тек* осы жағдайда ғана думалық фракцияның баспасөз жүзінде наразылық білдіріп отырғаны кездейсоқ емес қой! Белоусов мырза

«өзінің фракциядан кету фактісін жария етпеуді тілейтінін білдірді» деп социал-демократиялық фракция турасын айтып отыр. Белоусов мырза өзінің «Живое Дело» көшіріп басқан жауабында тілдеп-сөгеді, бірақ фактіні теріске шығармайды. Біздің сұрайтынымыз: фракциядан кетіп бара жатып, өзінің кеткенін жасыруды тілейтінін білдірген адам туралы әрбір жұмысшы не ойлауға тиіс? Егер бұл алдау болмаса, онда алдау деп дүниеде не айтылады?

«Фракция өзінің бұрынғы мүшесінің бұдан былайғы эволюциясының шегін мүлдем түсіне алмайды» дегенде социал-демократиялық фракция турасын айтып отыр. Оқушы осы көп мағыналы сөздерді ойлап көрсін! Осындай салмақты сөздерді Думадағы социал-демократиялық фракция кеткендердің бәрі жөнінде емес, тек кеткен тап осы адам жөнінде ғана айтып отыр. Бұл — мүлдем сенбеушілік вотумы (шешім дауысқа қойылып қабылданды). Ол ол ма. Мұның өзі — мынадай депутатқа сенуге мүлдем болмайды дегенді барлық сайлаушыларға, бүкіл халыққа ескерту. Думадағы социал-демократиялық фракция бұл жөнінде жұрттың бәрін бір ауыздан ескертеді. Әрбір саналы жұмысшы енді өзінің осы ескертуді алғандығын, өзінің оны түсінгендігін, өзінің оған қосылатындығын, өзінің Россияда, өзін демократияға қосып жүрген адамдардың арасында, депутаттар мандатты олжа есебінде және осы олжа арқылы «емін-еркін» жарамсыз істер жасау үшін қағып алып отыратын тәрізді парламенттік дәстүрдің (дұрысын айтқанда: осындай парламенттік дәстүрсіздіктің) орнауына үнтүнсіз қарап отырмайтындығын білдіріп жауап беруге тиіс. Буржуазиялық парламенттердің бәрінде де осылай болған, осылай болады да, сондықтан өзінің тарихи ролін түсінген жұмысшылар барлық жерде де осыған қарсы күреседі, *күрес* арқылы өзіне өздерінің, жұмысшылардың депутаттарын, мандат қағып алушыларды емес, парламенттік алаяқтыққа ептілерді емес, жұмысшы табының сенген адамдарын тәрбиелейді.

Сондықтан жұмысшылар өздерін софизмдермен алдауға түсірмейтін болсын. «Живое Делоның»: «сүйенген дәлелдері жарияланбай тұрып, біз Т. О. Белоусов-

тың қадамына баға беруге тоқталуға өзімізді праволы деп есептемейміз» деген пікірі осындай софизм болып табылады.

Біріншіден, Думадағы социал-демократиялық фракцияның мәлімдемесінен біз: «Белоусов мырза фракцияның бұдан екі жыл бұрын-ақ оған мүлдем жат ортаға айналғанын өз кетуінің дәлелі етті» дегенді оқимыз. Мұның өзі дәлелдерін жариялағандық емес пе? Мұның өзі айқын орыс сөздері емес пе? Егер «Живое Дело» фракцияның мәлімдемесіне сенбейтін болса, ол мұны бұлтақтамай, тайсақтамай тура айтсын, фракция *қазір* тоқталып, өзінің ең басты деп таныған дәлелін немесе дәлелдерін қазір жариялап отырғанда, ол «тоқталуға праволы емеспіз» демесін.

Екіншіден, Белоусов мырзаның кадеттік *«Речь»* пен жойымпаздық *«Живое Дело»* басып шығарған жауабынан біз мынаны оқимыз: «Фракция өзінің мәлімдемесінде менің фракциядан ажырауымның шын себептері жөнінде дәнеңе (??!) айтпағанын хабарлаймын. Мені мен фракцияның арасындағы менің ауызша да, жазбаша да берген түсініктемемде баяндалған алауыздықтарды фракцияның жариялауына ерекше жағдайлар мүмкіндік бермей отырғанын мен білемін».

Мәссаған, мұнысы қалай. Фракция Белоусов мырзаның дәлелдемесін ресми түрде жариялайды. Ал Белоусов мырза аузына келгенін айтады («өсек-аяңдар, айыптаулар» және т. с.), бірақ бұл дәлелдемені теріске шығармайды. Ол ерекше жағдайлар фракцияның тағы бірдеңені «жариялауына» *мүмкіндік бермей отыр* деп мәлімдейді. (Егер шындығында жағдайлар *жариялауға* мүмкіндік бермейтін болса, онда сіз, мейірбанды тақсыр, жариялауға болмайтын нәрсеге меңзеуді неге *жариялайсыз?* Сіздің тәсіліңіз өсек-аяңға жақындап келе жатқан жоқ па?) Ал «Живое Дело» Белоусов мырзаның көзге ұрған барынша өрескел өтірігін көшіріп баса отырып, дереу өз атынан: «дәлелдері жарияланбай *тұрып,* біз тоқталуға праволы емеспіз...», оларды жариялауға ерекше жағдайлар «мүмкіндік бермей отыр» дейді!! Басқа сөзбен айтқанда: Белоусов мырзаның кетуін бағалау үшін «Живое Дело» жариялауға (Белоусов

мырзаның өзінің айтуынша) болмайтын нәрсені жариялауды күтеді.

«Живое Делоның» өзі көшіріп басып отырған Белоусов мырзаның өтірігін әшкерелеудің орнына осы өтірікті бүркемелеп отырғаны айқын емес пе?

Біздің бұған қосарымыз көп емес. Жариялауға болмайтын нәрсенің жарияланбағанын сылтаурату — өзін-өзі әшкерелеу деген сөз. Ал қазірдің өзінде жарияланып отырған, қазірдің өзінде белгілі болып отырған нәрсеге баға беру — жұмысшы табының Думадағы өкілдігін қадірлейтін адамдардың бәріне де қажетті және міндетті іс. Белоусов мырза: «менің фракциядан шығуым менің саяси және қоғамдық қызметімнің бағытын иненің жасуындай өзгерткен жоқ» деп сендіреді. Бұл — ренегаттардың бәрінің қайталайтын бос сөздері. Бұл сөздер фракцияның мәлімдемесіне қайшы келеді. Біз сатқынға емес, социал-демократиялық фракцияға сенеміз. Белоусов мырзаның «бағыты» жайында бізге, марксистердің көпшілігіне де мәлім бір ғана нәрсе: бұл нағыз *жойымпаздық* бағыт. Белоусов мырзаның жойымпаздықтың шегіне жеткені соншалық, фракция оның социал-демократиямен байланысын біржолата «жойды». Социал-демократия үшін, жұмысшылар үшін, жұмысшы ісі үшін соның өзі жақсы.

Ал Белоусов мырзаның Думадан кетуін барлық жұмысшылар ғана емес, сонымен бірге барлық демократтар да талап етуге тиіс.

«Звезда» № 17 (53),
13 март, 1912 ж.
Қол қойған: Т.

«Звезда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

АШАРШЫЛЫҚ

Тағы да бұрынғыдай, ескі Россиядағы, 1905 жылға дейінгідей, ашаршылық болып отыр. Егіннің шықпай қалуы деген барлық жерде болады, бірақ *тек* Россияда ғана бұл миллиондаған шаруаларды асқынған апатқа, ашаршылыққа әкеліп соғады. Ал қазіргі апат, тіпті үкімет пен помещиктерді жақтаушылардың да мойындауға мәжбүр болып отырғанындай, өзінің мөлшері жағынан 1891 жылғы ашаршылықтан да асып түсіп отыр.

30 миллион халық өте қатты күйзеліске ұшырады. Шаруалар үлесті жерлерін, малын және сатуға болатынның бәрін тегін дерлік сатып жатыр. Қыздарын да сатып — құлдықтың ең жаман кездері қайтып оралып отыр. Халықтың басына түскен апат біздің бүкіл «цивилизациялысымақ» қоғамдық құрылысымыздың нағыз мәнін бірден көрсетіп отыр: басқа формаларда, басқа көріністе, басқа «мәдениет» жағдайында бұл құрылыс— *ескі құлдық,* он мыңдай «жоғарғылардың» байлығына, сән-салтанатына, жатып ішерлігіне бола миллиондаған еңбекшілердің құлдыққа түсуі болып табылады. Қашан да құлдар басына түсетін каторгалық жұмыс және құлдар тағдыры жөнінде байлардың мүлдем бейқамдығы: бұрын құлдарды тура аштан қатыратын, әйелдерді тура мырзаның гареміне әкететін, құлдарды тура соққыға жығатын. Қазір шаруаларды — цивилизацияның барлық құлық-сұмдықтары, жеңістері мен прогрестері арқылы — тонап жатыр, тонағаны сондай, шаруалар ашаршылықтан ісіп-кебуде, нан орнына алабота жеп,

балшық жеп, құрқұлақ болып ауырып, азап шегіп өліп жатыр. Ал II Николай бастаған орыс помещиктері және орыс капиталистері ақшаны миллиондап күреп жатыр: астаналардағы көңіл көтеру орындарының иелері көптен бері біз мұндай қызу сауда жасап көрмеген едік деседі. Қазіргі үлкен қалалардағыдай арсыз, жүгенсіз сән-салтанат көрмесі көптен бері болған емес-ті.

Бұл орта ғасырлық ашаршылықтардың цивилизацияның ең жаңа прогресімен қатар Россияда және тек Россияда ғана әлі күнге сақталып отырған себебі не? Себебі, орыс шаруаларына жаңа тажал—капитал—олардың қол-аяғын крепостник-помещиктер, крепостниктік, помещиктік, патша самодержавиесі матап отырған жағдайларда төніп келеді. Помещиктер тонаған, чиновниктердің озбырлығынан жаншылған, полицейлік тыйымдардың, ілгішектердің, зорлықтардың торларына шырмалған, стражниктердің, поптардың, земство бастықтарының ең жаңа күзеттерімен маталған шаруалар стихиялық апаттар алдында, капитал алдында Африканың тағы адамдарындай-ақ, қорғансыз. XX ғасырдағы Россияда болып отырған сияқты аштан жаппай қырылушылықты бұл күнде тек тағы елдерде ғана кездестіруге болады.

Бірақ қазіргі Россиядағы ашаршылық, патша өкіметінің жаңадан жерге орналастырудың игілігі туралы, хуторлық шаруашылықтың прогресі және т. б. туралы соншама мақтаныш сөздерінен кейін, шаруаларды көп нәрсеге *үйретпей* қоймайды. Ашаршылық миллиондаған өмірді қыршынынан қияды, бірақ ол сонымен бірге патша монархиясына қарсы, помещиктерге қарсы революциялық күрестің қажеттігі мен сөзсіздігін түсінуге бөгет болатын патшаға деген жабайы, тағылық, құлдық сенімнің қалдықтарын да жояды. Тек помещиктік жер иеленушілікті жою арқылы ғана шаруалар жол таба алады. Тек патша монархиясын, помещиктердің осы тірегін құлату арқылы ғана азды-көпті адамша өмір сүруге жетуге, ашаршылықтардан, айықпас қайыршылықтан құтылуға жол ашылады.

Осыны түсіндіру — әрбір саналы жұмысшының борышы, әрбір саналы шаруаның борышы. Ашаршылық-

пен байланысты бұл — біздің басты міндетіміз. Мүмкін болған жерінде ашыққан шаруаларға арнап жұмысшылардан қаржы жинауды ұйымдастыру және бұл ақшаларды социал-демократ депутаттар арқылы жіберу — бұл да, әрине, қажетті істердің бірі.

«Рабочая Газета» № 8, 17 (30) март, 1912 ж.

«Рабочая Газетаның» тексті бойынша басылып отыр

ШАРУАЛАР ЖӘНЕ IV ДУМА САЙЛАУЫ

Үкімет қазірдің өзінде IV Дума сайлауына «дайындала» бастады. Губернаторлар мен министрдің нұсқау-хаттары асықтырған земство бастықтары тырысып жатыр, становойлар мен қаражүздіктер ынтасын салуда, «оңшыл» партиялар үшін барлық күшті салып әрекет жасау тапсырылған «батюшкалар» жанталасуда. Шаруалардың да сайлау туралы ойланатын кезі жетті.

Шаруалар үшін сайлаудың ерекше зор маңызы бар, ал шаруалардың сайлаудағы жағдайы өте қиын. Шаруалардың саяси ұйымшылдығы жұмысшыларға қарағанда да және либералдық, кадеттік партияға қарағанда да бәрінен нашарырақ. Ал тұрмыс жағдайлары жағынан халықтың қай топтарынан болсын бытыраңқы жатқан шаруалар саяси ұйымы болмаса өздерін қазір езіп отырған, өздерін бұрынғы қай кездегіден болсын одан бетер қорлап отырған помещиктер мен чиновниктерге тойтарыс беруге мүлдем қабілетсіз. Шаруалардың IV Думада шаруалар ісіне шынымен берілген, саналы және барлық мәселелер жөнінен де шаруалардың мүдделерін қорғай алатын, саяси ұйымдасқан және жергілікті жерлердегі шаруалармен байланыстарын кеңейту және нығайту жөнінде таймай жұмыс істейтін шаруа депутаттары тобы болса, ондай топ шаруалар бұқарасының ерік үшін және өмір үшін күресінде олардың топтасуына орасан зор пайда келтіре алған болар еді.

IV Думада ондай топтың құрылуы мүмкін бе? III Думада 14 адамнан *трудовиктер* тобы болды, ол шаруа

демократиясының мүдделерін қорғады,— сөйте тұрып, ол топ, өкінішке қарай, шаруаларды помещиктермен және помещиктік патша монархиясымен «бітістіру» елесімен алдап, оларды адастыратын либералдардың, кадеттердің шылауына жиі-жиі түсіп кетіп отырды. Оның үстіне, тіпті III Думадағы *«оңшыл»* шаруалар да жер мәселесі жөнінде кадеттерден гөрі неғұрлым демократияшыл тұрғыда сөйлегені белгілі. Үшінші Думаның 43 шаруалар депутатының жер туралы жобасы мұны талассыз дәлелдейді, ал Пуришкевичтің шаруалардың оңшыл депутаттарына қарсы жуырда «сөйлеген сөзі» қаражүздіктердің «оңшыл» шаруалар депутаттарына жалпы наразы болуға дәлелі бар екендігін көрсетеді.

Сонымен, өздерінің ниет-пиғылына қарағанда шаруалар — III Дума тұсында жер жөніндегі жаңа саясаттан да, «жерді бүлдіруден» де, аса сұрапыл апат: ашаршылықтан да қатаң *сабақтар* алған — шаруалар IV Думаға *демократиялық* өкілдер беруге әбден қабілетті. Мәселенің түйіні сайлау заңында ғана! Помещиктердің пайдасын көздей отырып помещиктер жасаған және помещиктік патша бекіткен бұл заң Думаға шаруалардан депутат сайлауды *шаруалардың сайламшыларына емес, помещиктерге* беріп отыр. Помещиктер Думаға шаруалардан кімді сайлағысы келсе, шаруалар сайламшыларының ішінен соны сайлайды да! Помещиктердің қашанда қаражүздік шаруаларды сайлайтыны анық.

Демек, Думаға *өздерінің* депутаттарын, шаруа мүдделерінің нағыз сенімді және табанды қорғаушыларын өткізу үшін шаруалардың *бір ғана шарасы* бар. Ол шара — жұмысшылардың істегенін істеу, яғни сайламшылардың қатарына партиялық, саналы, шаруаларға әбден берілген және сенімді адамдардан басқа бірде-бір адамды өткізбеу.

Жұмысшы социал-демократиялық партиясы өзінің конференциясында былай деп қаулы етті: жұмысшылар өздерінен Думаға *нақ кім* сайлануға тиіс екені жөнінде *уәкілдердің* жиналысында-ақ (сайламшыларды сайлайтын) қаулы етуге тиіс. Қалған сайламшылардың бәрі,

егер *опасыздық етсең бойкот жасалып, сотқа берілесің деп қорқытылып*, бас тартуға тиіс.

Шаруалар да дәл осыны істесін. Шаруаларға өздерінің жағдайын түсіндіре отырып, мүмкін болған жерлердің бәрінде деревнялар бойынша саналы шаруалардан сайлауға басшылық ететін тым болмаса ең шағын топтарды ұйымдастыра отырып, сайлауға дайындықты дереу бастау керек. Өз *уәкілдерінің* жиналысында, сайлаушыларды сайламас бұрын, шаруалар Думаға шаруалардан *нақ кім* өтуге тиіс екені жайында қаулы алуға тиіс, шаруалардың қалған сайламшыларының бәрінен, опасыздық етсе бойкот жасалып, сотқа берілетіні ескертіле отырып, помещиктердің ұсыныстарын қабылдамауы, *шаруа* кандидатының пайдасына міндетті түрде *бас тартуы* талап етілсін.

Барлық саналы жұмысшылар, барлық социал-демократтар, барлық шын демократтар IV Думаға сайлау жүргізу ісінде шаруаларға көмекке келуге тиіс. Ашаршылықтың және шаруа жерлерін тонаудың ауыр сабақтары босқа кетпесін. IV Думаның шаруаларға берілген, шын демократиялық шаруалар депутаттары тобы күшейіп, нығая берсін.

*«Рабочая Газета» № 8,
17 (30) март, 1912 ж.*

«Рабочая Газетаның» тексті бойынша басылып отыр

«VORWÄRTS»-тегі АНОНИМ ЖӘНЕ РСДРП ІШІНДЕГІ ІСТЕРДІҢ ЖАЙЫ [86]

1912 ж. мартта жазылған
1912 жылы Парижде
«Der Anonymus aus dem «Vorwärts» und die Sachlage in der sozialdemokratischen Arbeiterpartei Rußlands»
деген атпен жеке кітапша болып басылған
Қол қойған: Die Redaktion des Zentralorgans der sozialdem. Arbeiterpartei Rußlands «Sozialdemokrat»

Орыс тілінде бірінші рет 1924 ж. Н. Лениннің (В. Ульяновтың) Шығармалар жинағында басылған, XII том, I бөлім

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр
Орысшасы немісшеден аударылған

АЛҒЫ СӨЗ

26 марттағы «Vorwärts»-те [87] РСДРП конференциясы туралы ресми хабар мен аноним мақала шықты, бұл мақалада автор орыс социал-демократтарының шетелдік топтарының қарарының [88] үлгісімен конференцияға балағатты жаудырады. Бұл конференция РСДРП-ның жойымпаздарға қарсы төрт жылға созылған күресінің аяқталуы болды және партияны қалпына келтіруге қалай болғанда да кедергі жасағысы келген жойымпаздардың барлық әзәзілдіктеріне қарамастан болып өтті. Конференция жойымпаздарды партиядан тыс деп жариялады. Жойымпаздардың және оларға қосылушылардың бәрінің қазір конференцияға шабуыл жасауы табиғи нәрсе.

Анонимнің жалған, жалақорлық мақаласына біздің берген жауабымызға «Vorwärts» орын беруден бас тартып, жойымпаздарды жақтаған өз науқанын тоқтатпай отырғандықтан, біз бұл жауапты неміс жолдастарға хабарлау үшін жеке кітапша етіп шығарып отырмыз. Бұл кітапша, ең алдымен, жойымпаздарға қарсы күрестің маңызын, барысын және нәтижесін қысқаша баяндауға арналған.

РСДРП Орталық Органы «Социал-Демократтың» редакциясы

P. S. Плехановтың «Дневник Социал-Демократасының» [89] 16-номері шыққанда (апрель, 1912 ж.) біздің

кітапшамыз басуға беріліп те қойған еді. Бұл № «Vorwärts»-тің анониммен алданып, өз тарапынан неміс жұмысшыларын адастырғанының жақсы дәлелін келтіреді.

Плеханов 1912 ж. январьда болған конференцияны өзі бұрынғысынша жақтамайтынын айқын мәлімдеп, тура былай дейді: Бунд *өмір сүріп отырған* партия ұйымдарының конференциясын емес, *«құрылтай»* конференциясын, яғни жаңа партияны құруға тиісті конференцияны шақырып отыр; бұл конференцияны ұйымдастырушылар *«нағыз анархиялық принципті»* негізге алып отыр; олар «жойымпаздық қарар» қабылдап отыр; бұл жаңа конференцияны «жойымпаздар шақырып отыр».

Орыс социал-демократиясының шетелдік шағын топтарының РСДРП орыс ұйымдарының конференциясына шабуыл жасап, қолданып отырған: «узурпация», «мемлекеттік төңкеріс» т. т. сияқты қорқынышты сөздерінің бәрін кейбір неміс жолдастардың қандай аңқаулықпен шын деп қабылдағанына тек таңдануға тура келеді. Алайда өз судьяларын 24 сағат бойына сөгуге сотталған адамның қай-қайсысы да праволы деген мәтелді ұмытпаған жөн.

«Vorwärts»-тің 26 марттағы «Орыс партиясының өмірінен» деп аталған мақаласында конференцияның жойымпаздарды партиядан шығарғанын айтатын ресми хабары келтірілген. Мәселе — әбден айқын: РСДРП орыс ұйымдары жойымпаздармен бірігіп жұмыс істеу мүмкін емес деген көзқарасқа келді. Бұл мәселе жөнінде басқа көзқарасты ұстауға, әрине, болады, бірақ онда мұндай шешімнің дәлелдеріне және жойымпаздыққа қарсы төрт жылға созылған күрестің бүкіл тарихына біраз толығырақ тоқталу керек еді! Ал оның бер жағында «Vorwärts»-тегі аноним мақаланың авторы *осы негізгі мәселе* туралы шын мәнісінде бір сөз де айтпайды. Әрине, егер мәселенің шын мәнін үндемей орағытып өтіп, тек сезімталдықпен сырын ақтарып алуды көңіліне демеу етсе, онда мұның өзі—оқушыларды сыйлау дегеннің өте нашар екенін дәлелдейді. Партия мен жойымпаздықтың арасындағы ажырасу фактісіне сөгуден бас-

қа өзі ештемені қарама-қарсы қоя алмай отырған біздің аноним қаншалықты дәрменсіз десеңізші!

Анонимнің көпірме мақаласынан бірнеше өрескел жағдайларды таңдамай-ақ алса да жетеді. Ол «Вперед», «Правда», «Голос Социал-Демократа» және т. б. «ағымдар» немесе «топтар» конференцияға қатысқан жоқ дейді. Партия съезінде «Фридбергтің ағымы» немесе «тобы» немесе «Sozialistische Monatshefte»[90] болмады деп қайғыра бастаған неміс социал-демократы туралы не айтуға болар еді? Сондай-ақ біз де өз партиямызда конференцияға кез келген шетелдік «ағымдар» мен «топтар» емес, Россияда жұмыс істейтін ұйымдар қатысады деген ережені қолданамыз. Егер бұл «топтар» орыс ұйымдарымен ажырасады екен, онда осының бір өзінен-ақ бұлардың ең қатты айыпталуы, өздерінің әбден лайықты болған жазасы — өлім жазасына тартылуы келіп шығады. Орыс эмиграциясының тарихы — барлық басқа елдердің эмиграциялары сияқты — Россиядағы социал-демократиялық жұмысшылардың жұмысынан қол үзген осындай «ағымдардың» немесе «топтардың» өз ажалынан өлген оқиғаларына толы.

Плехановтың өзі конференцияға қатысқан партияшыл-меньшевиктермен (яғни жойымпаздарға қарсылармен) келіспейтіндігін жариялады деп авторымыздың айқай-шу көтеруі адам күлерлік емес пе? Киев ұйымы шетелдік «плехановшылдармен» (яғни Плехановты жақтаушылармен) келіспейтіндігін, әрине, жариялай алар еді; бірақ шетелдегі ешқандай жеке әдебиетші Киев ұйымымен «келіспейтіндігін» өз тарапынан жариялай алмаған болар еді. Петербург, Москва, Москва округтік, Қазан, Саратов, Тифлис, Баку, Николаевск, Киев, Екатеринослав, Вильно және Двинск ұйымдары жойымпаздарға жәрдемдескен немесе олармен шүйіркелескен шетелдік ұсақ топтардың бәрімен «келіспейтіндігін» жариялады. Бұл арада «келісімнен кеткендердің» айқай-шуы мен балағаты ештеңе өзгерте алар ма екен.

Онан соң, Россиядағы «ұлттық» социал-демократиялық ұйымдарды (Поляк, Латыш[91], Бунд) және Закавказье облыстық комитетін «біздің орыс партиясының,

шынын айтқанда қозғалыстың арқауы болып келген ең байырғы, ең күшті ұйымдары» болып табылады деп автордың тікелей мәлімдеуі адам күлерлік емес пе? Закавказье облыстық комитетінің өмір сүруінің өзі күмәнды екендігі әрбір адамға белгілі және оның 1908 жылғы конференциядағы өкілдігінің сипатымен дәлелденген. Поляктар мен латыштар РСДРП-ның алғашқы 9 жыл өмір сүруінде (1898—1907 жылдар) бұдан мүлде оқшау өмір сүрді; — бұл оқшауланушылық іс жүзінде 1907—1911 жылдары да болды. Бунд 1903 жылы партиядан шықты, сөйтіп 1906 жылға (дәлірегі 1907 жылға) дейін одан сырт болды. Оның жергілікті жерлерде партиямен бірігуі осы кезге дейін болған жоқ, мұны РСДРП-ның 1908 жылғы конференциясы ресми түрде анықтады[92]. Латыш ұйымы мен Бунд ішінде біресе жойымпаздық ағым, біресе жойымпаздыққа қарсы ағым басым болды. Поляктарға келетін болсақ, онда олар 1903 жылы меньшевиктердің жағында болды, 1905 жылы — большевиктердің жағында болды, 1912 жылы олар жойымпаздармен «ымыраға» келу жөнінде сәтсіз әрекет жасады.

Осы соңғы сәтсіздікті автор бетінен басып мына сөздермен бүркемелеуге тырысады: «Бас кезінде бұл конференцияға Польша мен Литва социал-демократиясының өкілі де қатысты». Тек *бас кезінде* қатысатын себебі не? Осы бетінен басып үндемеудің себебін одан табу үшін Бундтың бұл конференция туралы ресми хабарын оқыса ғана болғаны. Дәл сонда тайға таңба басқандай былай деп жазылған: поляктардың өкілі конференцияны тастап кетті де, конференциямен өзінің істес болуына мүмкіндік болмауының себебі жөнінде мынадай жазба түсінік берді: онда *жойымпаздарға* іш бұрушылық рухы және оларға бейімділік байқалды.

Әрине, жойымпаздар бағытының шын мәнін, партияны қалпына келтіруге жәрдемдесуден олардың бас тартуын, партияның Орталық Комитетін ыдыратуды көздеген олардың жұмысын зерттеп білуден гөрі, автордың тәуір көретініндей, «бірлік» (жойымпаздармен бе?) туралы бос, мән-мағынасыз сөздерді үйіп-төгу едәуір жеңіл. Егер бұл арада поляктардың өкілінің — құдай сақ-

тасын, большевиктермен немесе лениншілдермен емес!— бундшылдармен және латыштармен бірігіп жұмыс істеуден, мұндай жұмыстан ештеңе шықпайтын болғандықтан, бас тартуы сияқты факті жөнінде үндемейтін болса, бос сөздерді айту әлгіден де гөрі жеңіл.

Алайда жойымпаздықтың шынында шығу тегі қандай және 1912 жылғы конференцияның өзін жоғарғы партиялық орган деп заңдастыруға және жойымпаздарды шығаруға мәжбүр болған себебі не?

Россиядағы контрреволюция біздің партияның қатарына күшті іріткі салды. Пролетариат адам мүлде естімеген, құтырынған жазаларға душар болды. Буржуазия қатарында ренегаттық барынша ұлғайды. 1905 жылғы біздің буржуазиялық революцияның гегемоны ретіндегі пролетариатқа табиғи түрде қосылған буржуазиялық жолбикелер социал-демократиялық партияға сырт айнала бастады. Бұл кетісушілік екі бағытта: *жойымпаздық* бағытта және *шақырымпаздық* бағытта болды. Біріншісінің ұйтқысы меньшевиктік әдебиетшілердің көпшілігімен (Потресов, Левицкий, Ларин, Мартов, Дан, Мартынов және басқалар) құралды. Олар құпия партияны қазірдің өзінде жойылды деп, оны қалпына келтіруге ұмтылудың қай-қайсысын да — реакциялық утопия деп жариялады. Олардың ұраны — ашық жұмысшы партиясы болды. Россиядағы қазіргі болып отырған саяси жағдайлардың кезінде, тіпті либералдар партиясы — кадет партиясының өзі — жария болмай отырған жерде, ашық СДРП құру тек мүләйім пист қана болып қалуға тиіс екені өзінен өзі түсінікті. Жойымпаздар құпия партияны қабылдамай тастады, бірақ жария партияны құру жөніндегі уәдесін де орындамады. Сонымен түптеп келгенде барлық мәселе мынаған тірелді: жария органдарда «астыртын жұмысты» мысқылдады, оны либералдармен ымы-жымы бір болып жерлеп, либералдық жұмысшы саясаты идеяларын көкке көтерді. Ал Плеханов жойымпаздық «Наша Заряны» немістің «Sozialistische Monatshefte»-сімен әбден дұрыс салыстырды емес пе! Меньшевик Плеханов (большевиктер туралы айтудың да керегі жоқтығы өзі-өзінен түсінікті) жойымпаздыққа қарсы аяусыз күрес жария-

лады, олардың барлық әдеби органдарына қатысудан бас тартты және Мартов пен Аксельродтан ажырасты. «Біздің партияны өмір сүрмейді дейтін адамның өзі,— деп жазды Плеханов Потресов жөнінде партияның Орталық Органында,— біздің партия үшін өмір сүрмейтін адам». Партия конференциясы 1908 жылдың декабрінің өзінде жойымпаздықты батыл айыптады, конференция оны «партиялық интеллигенцияның кейбір бөлігінің тарапынан өмір сүріп отырған РСДРП ұйымын жойып, оны (осыны жақсылап байқап қойыңыз!) *қайткен күнде де, жариялылық* шеңберіндегі бейнесіз бірлестікпен алмастыруға тырысқан әрекеттер» деп сипаттады. Жария мүмкіншіліктердің бәрін пайдаланудың қажеттігін РСДРП-ның теріске шығармайтыны былай тұрсын, қайта, керісінше ең батыл түрде қорғайтыны өзінен өзі түсінікті. Бірақ Россияда ашық жария *партия* — мүмкін емес, сондықтан тек оппортунист-интеллигенттер ғана осы сияқты бірдеме жайында айта алады. Біздің партия ұйымының типін — әрине, шамамен алғанда ғана — социалистерге қарсы ерекше заң [93] кезіндегі неміс партия ұйымымен салыстыруға болады: жария парламенттік фракция, қажетті шарт ретінде әр алуан жария жұмысшы қоғамдары,— дегенмен негіз ретінде *құпия партия ұйымы.*

«Шақырымпаздар» III Мемлекеттік думаға бойкот жасауды ұран ретінде ұсынып, одан социал-демократиялық фракцияны шақырып алғысы келді. Шақырымпаздарға большевиктердің бір бөлігі қосылды, Ленин және басқалар оларға аяусыз күрес жариялады. Шақырымпаздар және олардың қорғаушылары «Вперед» тобын құрды, бұл топтың әдебиетшілері (Максимов, Луначарский, Богданов, Алексинский) —«пролетарлық философия» деген даурықпа атпен — идеалистік философияның неше түрлі формаларын және *дін* мен социализмді біріктіруді уағыздады. Бұл топтың ықпалы әрқашан өте мардымсыз болды, сондықтан ол Россиядан қол үзген және дәрменсіз әр түрлі шетелдік топтармен келісімпаздықтың арқасында ғана амалдап тіршілік етті. Жіктеліс атаулының кезінде болмай қоймайтын бұл сияқты топтар біресе онда, біресе мұнда

ауытқиды, кез келген саясатқұмарлықпен айналысады, бірақ ешқандай бағыт болып табылмайды, сондықтан олардың қызметі ең алдымен ұсақ-түйек әзәзілдіктерден көрінеді: Троцкийдің «Правдасы» да осындай топтарға жатады.

Жойымпаздықтың да, шақырымпаздықтың да — социал-демократиялық партияның буржуазиялық жолбикелерін өзіне тартқан — ұсақ буржуазиялық ағымдар екені әрбір марксист үшін, әрине, айқын. Бұл *ағымдармен* «бітімге келу» немесе «ымыраға келу» — әуелден-ақ болмайтын нәрсе еді. Социал-демократиялық партия не өзі құрып бітуге, не бұл ағымдардан мүлде арылуға тиіс болды.

1910 жылдың январындағы ымырашылдық әрекеттің тәжірибесі мұндай теориялық қорытындының дұрыстығын дәлелдеді, сол жолы Орталық Комитеттің соңғы пленумы, *жойымпаздар мен шақырымпаздардың қатысуымен,* бұл ағымдардың екеуін де *социал-демократиялық емес* деп *бір ауыздан* тезис жариялады. Алайда мәселе мүләйім ниеттен әрі бармады: рас, жойымпаздар да, шақырымпаздар да тиісті қарарға «қол қойды», бірақ өздерінің партияға қарсы насихатын барынша тырысып жүргізе берді және өздерінің ерекше ұйымын сақтап қалды. Бүкіл 1910 жыл бойында екі ағымға қарсы күрестің *үздіксіз өсіп шиеленісуі* байқалды. Плехановтың жоғарыда цитатқа келтірілген сөздері 1910 жылдың майына жатады, ал майда Ленин барлық большевиктердің атынан: январь қарарын жойымпаздардың барлық бұзуларынан кейін олармен ымыраға келу туралы сөз де болуы мүмкін емес деп мәлімдеді*.

Россияда Орталық Комитетті қалпына келтіру әрекеті жойымпаздардың бұған көмектесуден бас тартуы себепті сәтсіздікке ұшырады. «Бірлікті» сақтап қалу үшін ақырғы амал ретінде Орталық Комитетті шетелде шақырудан басқа ештеме қалмады. Бұл әрекет 1911 жылдың майында жасалды. Орталық Комитеттің 15 мүшесінің — 9-ы шетелде болды, мәжіліске *8-і* келді... ал *2 жойымпаз* — «голосшыл» («Голосты» жақтаушы) Иго-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 271—331-беттер. *Ред.*

рев және бундшыл (Бер)—дереу мәжілісті тастап кетті, сөйтіп партияның Орталық Комитетін біржола күйретті.

Жойымпаздардың Орталық Комитетке қатысудан бас тартуы олардың әбден кетіскені және Орталық Комитеттің ыдырағаны болды. Ол кезде шетелде Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы деп аталатын тағы бір орталық мекеме қалған-ды. Орталық Комитет ыдыраған соң большевиктер одан кетіп қалды. Онда поляктар, латыштар, бундшылдар мен «голосшылдар» (=шетелдегі жойымпаздар) қалды, яғни—«Vorwärts»-тегі мақаланы білетін оқушының көзі жете алатындай—Бундтың атышулы конференциясының құрамы сияқты құрамның нақ өзі қалды, өйткені Закавказье облыстық комитеті 1908 жылдың өзінде-ақ өз мандаттарын «голосшылдарға» берген-ді. Алайда енді бұл — біздің анонимнің ашқан жаңалығында айтылғанындай—«ең байырғы және ең берік орыс ұйымдарының» не істегенін қарастырып көрейік. Олар *біріге алмайтын болып шықты да, тіпті Шетелдік бюроны таратып жіберді!* Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы 1911 жылдың күзінде-ақ біз өзімізді таратамыз деген мәлімдеме жариялады да, Плеханов өзінің «Дневнигінде» оған төмендегі қоштасу сөздерін арнады: «Иманды болсын! Партияны жоюға ұмтылған мырзалардың қолындағы құрал болған, сондықтан да Россия социал-демократиясының ісіне үлкен зиян тигізу қаупін туғызған осы партиялық мекеме революцияшыл пролетариатқа тек *бір* ғана қызмет: уақытымен өлу қызметін көрсете алатын еді» («Дневник Социал-Демократа», 2. 15-номерге қосымша, 1-бет). Конференцияны жақтаушы деп айтуға ешбір болмайтын Плехановтың берген мұндай бағасы «узурпация» және сол сияқты нәрселер жөнінде шу көтеріп жүрген адамдардың екі жүзділігінің қандай күлкілі екенін жеткілікті түрде көрсетеді!

Партияның бірлігін жүзеге асыру үшін тағы *бір* жол — *орыс* ұйымдарының конференциясын шақыру жолы ашық қалды. Ұлттық ұйымдар (поляктар, латыштар, бундшылдар) өздері орыс жұмысынан бүтіндей қол үзіп отырғанда, бұл конференция үшін мүлде ештеме істей алмады.

1910 жылғы 26 ноябрьде Троцкийдің конференция шақыру туралы үндеуі шықты. Оны «впередшілдер» мен «голосшылдар» (=шетелдегі жойымпаздар) қолдады (сөзбен). Бірақ, мұны күні бұрын болжауға болатынындай, бұл топтардың дәрменсіздігі салдарынан олардың барлық әрекеттері мүлде ешқандай нәтиже бермеді.

1911 жылдың июнінде большевиктердің, «ымырашылдар» (яғни «партияшыл-большевиктер») мен поляктардың тарапынан үндеу шықты. Жұмыс сол кездегі ең күшті ұйымдардың бірі — *Киев ұйымын* шақырудан басталды. 1911 жылдың октябрінде «Конференция шақыру жөніндегі Россиялық (яғни Россияда жұмыс істейтін, орыс ұйымдары құрған) ұйымдастыру комиссиясы» құрылды. Бұл комиссия Киев, Екатеринослав, Тифлис, Баку және Екатеринбург ұйымдарының ісі болды, бұларға көп ұзамай тағы 20 ұйым қосылды. *Орыс* ұйымдарының өкілдерін тарту большевиктер («лениншілдер» дейтіндер) мен партияшыл-меньшевиктердің күмәнсіз басым екендігін *бірден-ақ* көрсетті. Россияда жақтаушылары болмай шыққандықтан «ілтипатқа алынбаған» шетелдік шағын топтардың inde ira*.

Ақырында, Россиялық ұйымдастыру комиссиясы 1912 жылдың январында конференция шақырды, оған орыс ұйымдарының *бәрі* түгел шақырылды. Жойымпаздар да, «ұлт өкілдері» де (поляктар, латыштар, Бунд) және барлық ауытқушы шетелдік шағын топтар да келмеді. Партияның құлақ естімеген ауыр халі жағдайында *орыс* ұйымдары өкілдерінің мейлінше толық келгендігіне конференцияның көзі жеткеннен кейін, конференция Россияда орталық орган болмайынша партияның — құритындығын, ал шетелде ыдырау барған сайын күшейіп отырғандығын және IV Думаның алдағы болатын сайлауы партияны дереу қалпына келтіруді талап етіп отырғандығын тұжырымдағаннан кейін, ол *жоғарғы партиялық орган* болып заңдастырылып, Орталық Комитетті сайлауға, жойымпаздарды — партиядан тыс деп жариялауға *тиіс болды.*

* — ашулануы осыдан. *Ред.*

Жылдар бойғы ұзақ күрестің барысы мен нәтижесі осындай. Жойымпаздар «ашық» партия құра ала ма, әлде олар қайсыбір шірік ымырашылдықтың негізінде жалған партияны ат-үсті құра сала ма,—бұған жауапты болашақ беретін болады.

Жойымпаздар мен партияшылдардың—конференцияны жақтаушылардың күші туралы Россияның *өзінде* ашық, тексеруге болатын мәліметтер бар ма? Бар. Россияда марксист-әдебиетшілер және Думадағы фракцияның мүшелері қатысып тұратын *екі* — тек қана екі — бүкіл россиялық саяси орган бар. Бұл органдар «ағымдардың» органдары болып табылады, бірақ ұрыс-керіске толы шетелдік газетсымақтар сияқты емес, бірсыпыра жылдар бойындағы ашық, елеулі әдеби жұмыстағы органдар болып табылады. Әрине, бұлар партиялық органдар емес; олар қатаң түрде жария және Россиядағы қазіргі режимнің белгілеген шеңберінен шықпайды. Алайда социал-демократияның теориялық пікірінің азды-көпті елеулі сарындарының *бәрі* онда жалпы және тұтас алғанда сөзсіз дұрыс беріледі. *Екі* «ағымнан»— жойымпаздық және жойымпаздыққа қарсы (конференцияны жақтаушылардың)—басқа ешқандай «ағымдар» мұнда жоқ, өйткені басқа ешқандай азды-көпті елеулі «ағым» *мүлде жоқ*. Ал әлгі шағын топтар дегендердің бәрі —«Правда», «Вперед», «партияшыл-большевиктер» (немесе ымырашылдық ниеттегі «ымырашылдар») т. т. сияқты топтар — нольге тең. Жойымпаздардың көзқарастары Россияда әрайлық «Наша Зарядан» (1910 жылдан бастап шығады) және әрапталық «Живое Делодан» (соңғы № 8) көрініп отырады. Партияшылдардың (большевиктер мен партияшыл-меньшевиктер) көзқарастары әрайлық «Просвещениеден»[94] (1911 жылдан бастап шығады — бұрын «Мысль») және «Звезда» газетінен (соңғы № 53) көрінеді. Партияшыл социал-демократтар «жария» жұмысты теріске шығарады-мыс деген көзқарастан бетер қате ештеме жоқ: қайта, олар *бұл жұмыста да* жойымпаздардан күштірек. Жария социал-демократтардың бірден-бір талассыз, бүкіл россиялық ашық ұйымы — Думадағы социал-демократиялық фракция. Ол қатаң жария фракция және оның партияға

ешқандай тікелей қатынасы жоқ. Бірақ оның мүшелерінің бәрі — белгілі және олардың әрқайсысының қандай бағыттан екені де белгілі.

Жойымпаздық «Живое Делода» тұрақты қатысушы ретінде думалық фракцияның *екі* мүшесі — Астраханцев пен Кузнецов* аталады. Жойымпаздыққа қарсы «Звездадан» Думаның 8 мүшесін табамыз: Воронин, Войлошников, Егоров, Захаров, Покровский, Предкальп, Полетаев және Сурков. Думаның екі депутаты, Чхеидзе мен Гегечкори, онда да, мұнда да қатыспайды. Біреуі (Шурканов) — екі органға да қатысады.

Біз мынадай арасалмақты көріп отырмыз: 2 де 8! Мұның өзі жойымпаздар мен жойымпаздарға қарсылардың күштерінің арасалмағы туралы пікір айтуға мүмкіндік беретін, шынымен талассыз, тексеруге болатын, ашық мәліметтер. Мұндай жағдайларда аты жоқ автордың басым көпшілік жойымпаздарды жақтайдымыс, т. т. дейтін мақтаншақ пікірі жөнінде сөзді шығын етудің керегі жоқ. Бұл туралы шынымен айтысуға мүмкін болуы үшін Тарасконнан шыққан Тартарен à la бұл сөздері өте-мөте Троцкийді** еске түсіреді.

РСДРП ішіндегі күрес кейде өте шиеленіскен формада болады. Эмиграниттық өмірдің жағдайларында басқаша болуы мүмкін де емес, контрреволюция мен эмиграниттыққа душар болған ешқандай бөтен елде басқаша болған емес.

Күрестің бұл формаларын көпірме сөздермен «кінәлау», ол формалардан сырт айналу, «бірліктің пайдалылығы» туралы кещелік-көлгірсіген пайымдаулармен қанағаттану — тек ұшқалақтықты көрсетеді. Кімде-кімнің РСДРП-ның ауыр 1908—1911 жылдардағы тарихын зерттеуге шын ниеті болса, ол адамның қарамағында толып жатқан құпия және одан да көп—жария әдебиет

---

* Бұған дейін тағы үшінші — Белоусов болды. Қазір бұл әсіре жойымпаз — орыс Биссолатиі! — думалық фракциядан шықты. Думалық фракция барлық сайлаушыларды жұрт алдында сақтандырып, оның Думадан кетуін талап етеді. Дәйекті жойымпаздықтың кейде қаншалық алысқа әкететіндігінің кішкентай мысалы!

** Копенгаген конгресі[35] кезінде Троцкий «Vorwärts»-те аноним мақала жариялады, бұл мақала РСДРП-ға қарсы дөрекі тиісулерге толы болғаны соншалық, тек Ленин ғана емес, тіпті Плеханов пен Варский де, орыс делегациясының мүшелері, Басқармаға жазбаша наразылық жолдауға мәжбүр болды.

бар. Ол әдебиетте ағымдардың сипаты туралы, алауыздықтардың принципті мәні туралы, күрестің түп-тамыры, оның дамуының жағдайлары мен шарттары, т. т. туралы өте-мөте сабақ боларлық материал бар.

Ауыр күрессіз және пролетариаттың буржуазиялық жолбикелерінен талай рет бөлінбейінше, ешқандай социал-демократиялық партия дүние жүзінде құрылған емес — әсіресе буржуазиялық революциялар заманында құрылған емес. Дәл осы сияқты Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы да барлық кедергілерге қарамастан, әлгіндей жолбикелерге қарсы ауыр күресте 1898 жылдан бері қалыптасып, өсіп, нығайып және шынығып келеді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОНЫҢ СЕКРЕТАРЫ ГЮИСМАНСҚА ХАТ[96]

Қымбатты жолдас!

Өздерін РСДРП-ға жатамыз деп есептейтін кейбір шетелдік топтардың және сол сияқты шетелдік екі газет редакциясы мүшелерінің қабылдаған қарарына байланысты мен, РСДРП Орталық Комитетінің өкілі, мынаны мәлімдеймін:

1) Бірнеше жыл бойы россиялық ұйымдардың конференциясын шақыруға да, осы ұйымдарды біріктіре алатын Орталық Комитетті құруға да немесе қалпына келтіруге де мүмкіндік болмай жүргенде, таяуда ғана аяқталған партия конференциясы Россияда жұмыс жүргізуші 23 партия ұйымын біріктіре алды.

Бұл конференция туралы россиялық партия ұйымдарының көпшілігі қазірдің өзінде тыңдаған баяндамалардың бәрі барлық жерде өтене тілектестікпен қарсы алынды, сөйтіп бұл ұйымдардың бәрі конференция сайлаған Орталық Комитетті қолдаймыз деп мәлімдеді, ал «Рабочая Газетаның» (партияның Орталық Комитетінің органы) 1912 жылғы 30 марттағы номерінде біз Петербургтегі (Василеостров ауданы), Москвадағы, Киевтегі, Самарадағы, Николаевтағы ұйымдар қабылдаған бірсыпыра қарарларды, конференцияға өтене тілектестік білдірген және конференция мен Орталық Комитетті қолдаймыз деп уәде еткен қарарларды қазірдің өзінде жариялай алдық. (Осы номер жарыққа шыққаннан кейін біз Тифлистен осындай тағы да бір қарар алдық). Сонымен, біз Россиядағы өшқандай партия

ұйымдарына сүйенбейтін шетелдік ұсақ топтардың наразылықтарына сәл де болса мән бере алмаймыз.

2) Партияның Россияда жұмыс істейтін мүшелерінің осы ұсақ шетелдік топтардың бәрінің наразылығын туғызған бұл конференциясы шетелдік топтардың іріткі салушылық әрекеті туралы және осы топтардың Россиядағы партиялық жұмысқа әрдайым тигізіп жүрген бүлігі туралы мәселемен арнайы шұғылданды. Россиядағы бірде-бір ұйыммен байланысы жоқ бұл топтар өздерінің мүлде жауапкерсіздігін пайдаланып, партия атынан пікір айтып жүр. Біздің партияны көптен-ақ жегідей жеп келе жатқан осы дерт Россияның саяси режимінің салдары болып табылады, бұл режим, бір жағынан, біздің партияны астыртын өмір сүруге душар етіп отыр, ал екінші жағынан — көптеген партия қызметкерлерін эмиграцияға кетуге және шетелде тұрып қалуға мәжбүр етіп отыр.

Барлығы бірдей шетелдік және жауапкершілігі мүлде жоқ бұл топтардың іріткі салушылық әрекетін конференция қатты айыптады. Сондықтан бұл топтардың өздерінің қылығын айыптаған конференцияның беделін түсірмек болып жасаған шабуылдарының бәрі партия үшін күтпеген әрекет емес.

3) Біз қарарға қол қойғандардың ішінен «Голос Социал-Демократа» тобын кездестіріп отырмыз. Бұл қойылған қол бізге өте көп нәрсені аңғартады, Россиядағы жойымпаздық және буржуазиялық баспасөздің, тіпті шетелдік баспасөздің кейбір органдарының да конференцияға қарсы көтеріп отырған бүкіл осы дұшпандық науқанының шын мәнін бізге түсіндіріп береді.

Мәселе мынада: біздің партиядағы түрлі ағымдардың соңғы төрт жыл ішінде жүргізген күресіне қорытынды жасайтын қарарда конференция «Голос Социал-Демократа» өкіл болып отырған ағымға арнайы түрде қарсы пікірін айтты. Бұл мәселені неғұрлым толығырақ түсіндіру үшін мен бұл арада осы қарарды келтіруді пайдалы деп санаймын.

Бұл қарар міне:

«Мыналарды еске алу керек:

1) РСДРП төрт жылдай уақыт бойы жойымпаздық ағымға қарсы батыл күрес жүргізіп келеді, бұл ағым партияның 1908 жылғы декабрь конференциясында былай деп анықталған болатын:

«партиялық интеллигенцияның кейбір бөлегінің өмір сүріп отырған РСДРП ұйымын жоюға, оны қайткен күнде де, тіпті жариялылықтың өзі партияның программасынан, тактикасынан және дәстүрлерінен көрінеу бас тарту болып шықса да, жариялылық шеңберіндегі бейнесіз бірлестікпен алмастыруға тырысу әрекеті»;

2) 1910 жылғы январьда Орталық Комитеттің пленумы, бұл ағымға қарсы күресті жалғастыра отырып, оны бір ауыздан буржуазияның пролетариатқа ықпал жасауының көрінісі деп білді және жойымпаздықтан толық қол үзіп, социализмнен бұл буржуазиялық ауа жайылушылықты біржолата жоюды шын партиялық бірліктің және большевиктер мен меньшевиктердің бұрынғы фракцияларының бірігуінің шарты етіп қойды;

3) партияның барлық шешімдеріне қарамастан және 1910 жылғы январьдағы пленумда барлық фракциялар өкілдерінің берген уәдесіне қарамастан, социал-демократияның «Наша Заря» мен «Дело Жизни» журналдарының төңірегіне топтасқан бір бөлегі бүкіл партия пролетариатқа буржуазиялық ықпал жасаудың нәтижесі деп таныған ағымды ашық қорғап шықты;

4) Орталық Комитеттің бұрынғы мүшелері М—л, Юрий және Роман 1910 жылы көктемде Орталық Комитетке кіруден бас тартқаны былай тұрсын, тіпті жаңа мүшелерді кооптациялау үшін бір мәжіліске болса да келуден де бас тартты және партияның Орталық Комитетінің өмір сүруінің өзін «зиянды» деп санайтындарын ашық мәлімдеді;

5) жойымпаздардың жоғарыда аталған басты-басты басылымдары «Наша Заря» мен «Дело Жизни» нақ 1910 жылғы пленумнан кейін жойымпаздыққа қарай үзілді-кесілді және барлық бағытта бет бұрды, сөйтіп «құпия партияның маңызын» (пленум шешімдеріне қарамастан) «төмендетіп» қана қойған жоқ, сонымен бірге оны тура теріске шығарып отырды, партияны «өлік» деп жариялады, партияны қазірдің өзінде-ақ жойылды

деп жариялады, құпия партияны қалпына келтіруді «реакциялық утопия» деп жариялады, жария журналдардың бетінен құпия партияға жала жауып балағаттады, жұмысшыларды партияның ұяларын және оның бағыну тәртібін «күні өткен» деп тануға шақырды және т. т.;

6) бүкіл Россияда партияшылдар, фракциялары қандай болса да, партия конференциясын шақыру жөнінде кезекті іске бірігіп отырған кезде, жойымпаздар мүлдем тәуелсіз шағын топтар болып бөлініп шықты, партияшыл-меньшевиктер басым болып отырған жергілікті жерлерде де (Екатеринослав, Киев) біржолата бөлінді, сөйтіп РСДРП жергілікті ұйымдарымен партиялық қандай да болса байланыс жасаудан біржолата бас тартты; —

осыларды еске ала отырып,— конференция «Наша Заря» мен «Дело Жизни» тобы өз қылығымен *өзін партиядан біржолата тыс қойғандығын* мәлімдейді.

Конференция партияшылдардың бәрін, ағымдары мен сарындары қандай болса да, жойымпаздыққа қарсы күрес жүргізуге, жұмысшы табын азат ету ісі үшін оның бүкіл зияндылығын түсіндіріп отыруға және құпия РСДРП-ны қалпына келтіріп, нығайту үшін бар күшті жұмсауға шақырады».

4) Осының бәрінен кейін, бұл арада мәселе әсте де «узурпацияда» емес екені, «жікте» және т. т. емес екені және жойымпаздардың ызалануының себебі әсте де мұнда емес екені әбден айқын. РСДРП конференциясы қарсы пікірін айтқанда, шынында партиялық жұмыс атаулыдан әлдеқашан-ақ мүлде қол үзген ағымға қарсы айтты, бұл ағым Орталық Комитетті қалпына келтіруге бар күшімен қарсылық көрсетті және әлі сақталып келген соңғы партиялық мекемені (Орталық Комитеттің Шетелдік бюросын) «партияны жоюға ұмтылған мырзалардың қолындағы құралына» (конференцияның жақтаушысы емес Плеханов жолдастың сөздері) айналдырды.

5) Ал ұлттық ұйымдарға келетін болсақ, онда мен РСДРП 1906 жылға дейін (немесе дұрысырағы 1907 жылға дейін), яғни ұлттық ұйымдар біздің партияға

кірген уақытқа дейін РСДРП болып өмір сүрді деп көрсетуге тиіспін (Бунд партиядан 1903 жылы шықты және сол 1907 жылы оған қайтадан кірді). Олардың конференцияда болмағандығы себебінен, конференция ұлттық ұйымдармен дұрыс қарым-қатынасты қалпына келтіру үшін олармен келіс сөздер жүргізуді Орталық Комитетке тапсырды.

1912 ж. марттың екінші жартысында жазылған

1912 ж. 12 апрельде Халықаралық социалистік бюроның нұсқау-хатының 7-номерінде басылған «Қол қойған: N. Lenine

Орыс тілінде бірінші рет 1929—1930 жылдары В. И. Ленин Шығармаларының 2—3-басылуларында басылды, XV том

Нұсқау-хаттың тексті бойынша басылып отыр Орысшасы французшадан аударылған

КАДЕТТЕРДІҢ ПРОГРЕССИСТЕРМЕН БЛОГЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МӘНІ

Бір жағынан, «бейпартиялық прогрессистердің», екінші жағынан, кадеттердің Москвада 18 мартта болған кеңесі туралы газеттер осыдан бірнеше күн бұрын-ақ хабарлаған-ды.

Ресмилеу «Речьтің» (21 марттағы) ресмилеу бас мақаласы кеңестің болған фактісін растап, оған баға береді. Бұл бағадан, болмашы ғана көңіл аударғанның өзінде, істің барынша бүркемеленіп отырған мәнін және сырт көзге әдеп сақтау үшін қызмет ететін пердені оңай ажыратуға болады.

Мәселенің мәні мынада: оппозициялық топтар болып отырған прогрессистер де, кадеттер де «оппозицияның «жауапты» деген атпен сипатталатын бөлігіне жатады». *«Речь»* осылай дейді. Демек, кадеттер оппозицияның ішінде екі «бөлік» бар екенін мойындамай отыра алмайды: біреуі — «жауапты» деп атауға тұратын бөлік, екіншісі — бұлай деп атауға тұрмайтын бөлік. Кадеттердің бұл мойындауы біздерді мәселенің өзекті пунктіне бірден алып келеді.

«Жауапты» оппозиция туралы сөз ете отырып,— бұл оппозиция Милюковтың ілік жалғаулы оппозиция жөніндегі атышулы «лондондық» ұрандарымен бұдан да жиі және бұдан да жақсы сипатталады,— кадеттер мұнымен өздерін және өздері сияқты топтарды демократиядан, яғни трудовиктерден және жұмысшылардан бөлектейді. Іс жүзінде «жауапты» оппозиция деп, бір жағынан, демократияның, ал, екінші жағынан, крепо-

стниктік жер иеленушілікпен бірге абсолютизмнің ортасында тұрушы либералдық-монархиялық буржуазиялық орталық түсініледі. «Реакция» дейтіннен гөрі дәйекті демократиядан көбірек қорқатын осы буржуазиялық либералдық-монархиялық орталық орыстың саяси аренасында бұдан көп бұрын шыққан болатын. Оның қазірдің өзінде ұзақ және ғибратты тарихты басынан кешіргені сондықтан, оның шын мәні жөнінде алдану — ал одан да гөрі білмеймін деп үндемеу немесе сылтаурату — мүлде лайықсыз болған болар еді.

Бұл орталық крепостниктік правоның құлау заманында әбден айқын байқалды. Бұл заманды 1905 жылдан бөлетін жарты ғасырдай дерлік уақыттың ішінде либералдық-монархиялық буржуазия земстволарда да, қалалық өкілдікте де, мектепте де, баспасөзде де өсіп, айтарлықтай белгілі бір көлемде қалыптасты. Ескі режимнің 1905 жылғы дағдарысы және Россиядағы барлық таптардың ашық бас көтеруі либералдық-монархиялық буржуазиялық орталықты оның оң жақ (октябристер) және сол жақ (кадеттер) қанатымен бірге біржолата қалыптастырып, партиялық жағынан нығайтты. Бұл орталықтың демократиядан бөлінуі өте айқын бөлініс болды және бұл бөліністің мәні мен маңызын демократтардың бәрі, тіпті жұмысшы демократтардың бәрі бірдей түсінбесе де, бұл бөлініс қоғам өмірінің барлық майданында, 1905—1907 жылдардағы «шұғыл бұрылыстардың» бәрінде болды.

Россия буржуазиясы мыңдаған экономикалық желілер арқылы ескі помещиктік жер иеленушілікпен де, ескі бюрократиямен де байланысты. Оның үстіне, Россияның жұмысшы табы өзінің айтарлықтай дербестігін және өзін қорғауға қабілеттілігін көрсетті,— ол ол ма: либерализмге қарамастан демократияны басқаруға қабілеттілігін көрсетті. Біздің буржуазияның либералдық-монархиялық және антидемократиялық буржуазия, халыққа қарсы буржуазия болуының себебі, міне, осыдан. Оның реакциядан гөрі демократиядан көбірек қорқатын себебі, міне, осыдан. Оның үнемі ауытқитын, айла жасайтын, реакцияның пайдасына демократияға опасыздық жасайтын себебі, міне, осыдан.

Оның бесінші жылдан кейін контрреволюциялық болып, үшінші июнь системасынан «жайлы орын» алған себебі, міне, осыдан. Егер октябристер үкіметтік партия болған болса (Пуришкевичтердің рұқсатымен және бақылауымен), онда кадеттер *төзуге болатын* оппозиция болды.

Кадеттік конференцияның «солшыл» (күлмеңіз!) октябристермен блоктар жасауға мүмкіндік беретін шешімі және кадеттердің «бейпартиялық прогрессистермен» қазіргі «ресми емес» бірігуі,— осының бәрі бір ұзын шынжырдың бөліктері ғана, либералдық-монархиялық буржуазиялық орталықтың шоғырлану кезеңдері ғана.

Бірақ оппозиция сайлау алдында «демократиялық» киімдерге оранып, сәнденбей отыра алмайды. Кадет ірі және орта буржуазияның дауыстары былай тұрсын, оның үстіне ұсақ демократиялық буржуазияның да, приказчиктердің және т. т. да даусын пайдалануға әзірленіп, мен «халық бостандығы партиясының» мүшесімін, «конституцияшыл *демократпын»* деп баса көрсетуге мәжбүр болып отыр, ойнамаңыз! Іс жүзінде баяу монархиялық либерализм партиясы болып отырған кадет партиясы сайлау алдында және сайлау үшін демократиялық киімге оранады, «бейпартиялық прогрессистермен» және «солшыл» октябристермен өзінің жақындасуын бүркемелейді.

«Речьтің» қайта-қайта қылымсуы және дипломатиялық қулық-сұмдықтары, оның «халық бостандығы партиясы жағдайға бейімделмейді» т. т. және т. с. деген даурықпа мәлімдемелері — осыдан келіп шығады. Мұның тек адам күлерлік екені түсінікті. Кадет партиясының бүкіл тарихы оның өз программасын тек бастан-аяқ келеке ету, сөздің ең жаман мағынасында айтқанда жағдайға тек бастан-аяқ «бейімделе кету» болып табылады. «Басқа саяси жағдайларда, халық бостандығы партиясы,— деп жазады *«Речь»,*—заң шығарушы мекемеде өзінің бүкіл программасын кең өрістете алатын болса, «прогрессистер» дейтіндердің таяуда өткен уақыттың неғұрлым қысылтаяң кезеңдерінде

болғанындай олар халық бостандығы партиясының, әрине, қарсыластары болған болар еді».

Екінші Дума заманының неғұрлым қысылтаяң кезең болғанына кадет мырзалардың таласа қоюы екіталай. Бірақ прогрессистер былай тұрсын, тіпті анағұрлым оңшыл элементтер де ол кезде кадеттердің қарсыластары болған жоқ, қайта демократияға *қарсы* кадеттердің одақтасы болды. Ал сонан соң, демократтар III Думада кадет программасының қандай да болсын пунктінен әлдеқайда асып түсетін мәлімдемелер жасады,— демек, конституциялық-демократиялық партия тіпті III Дума сияқты *«заң шығару мекемесінде»* де *«өзінің бүкіл программасын»* әбден *«өрістете алатындай болды»!* Егер конституциялық-демократиялық партия мұны істемеген екен, онда бұл арада әсте де «саяси жағдайлар» кінәлы емес,— істей алмаймын деме, істегім келмейді де!— кадеттердің демократиядан мүлдем қол үзгендігі кінәлы. Кадеттер өзінің бүкіл программасын *әбден* өрістете *алатын еді,* бірақ *олардың* демократиядан кейін қарай бұрылуы, *олардың* өздерінің *оңшылдануы* мұны істеуіне мүмкіндік бермеді.

«Речьтің» бас мақаласын жазған адамның прогрессистермен блок жасау туралы пайымдаулары — біренсаран «солшыл» кадеттерді бұл партияның Милюков және басқалар сияқты көсемдерінің қалай оп-оңай алдап келгенінің көптеген мысалдарының бірі. Солшыл кадеттерді олар бос сөзбен алдандырады, Колюбакиндерді олар «демократизм» туралы салтанатты сөздермен әбден риза қылып қояды, ал іс жүзінде олар өз саясатын түгелдей антидемократиялық рухта, прогрессистермен және солшыл октябристермен жақындасу, қосылу рухында бағыттайды. Кадеттерде «еңбек бөлінісі» барлық батыс европалық буржуазиялық парламентарийлерде қандай болса, дәл сондай: Колюбакиндер мен басқа да «солшыл кадеттер» халық алдында «бостандық» туралы айта берсін, ал парламентте, нақтылы саясатта конституциялық-демократиялық партия өте баяу либералдармен әбден ниеттес болады.

«Жаңа топ,— деп жазады жойымпаздар прогрессистер туралы,— ішінде буржуазиялық сайлаушы болып отырған жәнө

орыс буржуазиясының бүкіл саяси дәрменсіздігіне себеп те болып отырған саяси тұрлаусыздықты, саяси былықты тек қана нығайтады, тек қана күшейтеді».

Орыс буржуазиясының саяси дәрменсіздігі тіпті де «буржуазиялық сайлаушының» «тұрлаусыздығынан» болып отырған жоқ,—тек солшыл кадеттік жалған үмітшілдер ғана осылай ойлай алады,— буржуазияны жұмысшылардың дұшпаны, Пуришкевичтердің құлы ететін, күңкілдеуден, ізгі тілектерден әрі бармайтын құлы ететін экономикалық жағдайлардан болып отыр.

Солшыл кадеттік парламентарийлер, олар саясаттың идеалистік теориясына сүйенсе де, немесе Пуришкевичтер солшылдандырған және ызаландырған сайлаушының даусынан айырыламын деген тұрпайы қорқынышқа сүйенсе де, ресми конституциялық-демократиялық партияға қарсы күрес жүргізгенде дағдылы буржуазиялық-демократиялық бос сөздер рухындағы ақылға келетін, біздің программамызды еске түсіретін, тұрлаусыздыққа, тоғышарлыққа, принципсіздікке, т. т. және т. с. қарсы шығатын уақыт жетті ғой деген сияқты дәлелдермен жүргізе алады.

Саясаттың материалистік теориясына сүйене отырып, бүкіл буржуазияның оны либералдық-монархиялық программаға қарай итермелейтін, прогрессистермен және «солшыл» октябристермен жақындасуға қарай итермелейтін таптық мүдделерін түсіндіре отырып, марксистер барлық сарындағы кадеттерге қарсы күрес жүргізеді. Сондықтан біздің қорытындымыз: кадеттік «ақылға», кадеттік «ой-санаға», кадеттік «принциптерге» жүгіну емес, либерализмнің контрреволюциялық болатын, демократиядан қол үзетін *себебі не екенін* халыққа түсіндіру болады. Біз түптеп келгенде кадеттер ақылына түсе ме, олар өз программасын есіне түсіре ме? деп даурықпаймыз. Біз былай дейміз: ақырына келгенде демократтар өздерінің контрреволюцияшыл либералдардан — кадеттерден айырмашылығының бүкіл мәнін түсіне ме? Түптеп келгенде, экономикалық мүдделері поместьелік жер иеленушілікке де, бюрократияның, адвокатураның, т. с. орындары мен табыстарына да бай-

ланысты емес адамдар шын халық бостандығы мүдделері үшін оңшылдарға қарсы және конституциялық-демократиялық партияға қарсы жұмысшы демократиясымен бірге болу керектігін түсіне ме?

«Звезда» № 23 (59),
29 март, 1912 ж.
Қол қойған: Б. К.

«Звезда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЛИБЕРАЛДЫҚ ЖҰМЫСШЫ САЯСАТЫН НАШАР ҚОРҒАУ

«Живое Делоның» 8-номерінде Мартов маған «Звезданың» 11-номеріндегі: «Либералдық жұмысшы саясатының органы»* деген мақалама жауап береді. Мәселе жұмысшылардың сайлау науқанындағы негізгі бағытына қатысты болып отырғандықтан да, ерекше көңіл аударуға тұрарлық.

Мен «Живое Делоны» *либералдық* жұмысшы саясатының органы деп атағанда, мұны төмендегіше дәлелдедім: 1) Мартов пен Данның реакцияны оның *думалық* позицияларынан тайдыру туралы, *Думаны* реакцияның қолынан жұлып алу туралы ұраны демократиялық емес, либералдық ұран. Россияда «реакциямен» күресу Думаны реакцияның қолынан жұлып алумен тынбайтыны былай тұрсын, бұған *жұмылдырылмайды* да. 2) Өзі қойған мақсатқа жетуге болатындығы туралы айтқанда, Мартов біздің сайлау заңын боямалаудан бастады. Мартов «губерниялық жиналыстардың едәуір бөлігінде жер иеленушілер мен бірінші қалалық курия сайламшыларының көпшілік болуы» қамтамасыз етіледі деп мәлімдеді. Мен фактілерді ескерттім: бұл көпшілік губерниялық жиналыстардың *бәрінде* қамтамасыз етілген — 53 губернияның 28-інде (губ. жиналыстарда) жер иеленушілердің *бір өздері* ғана көпшілік болып отыр, ал бұл губерниялар Думаға 440 депутаттың 255-ін жібереді. 3) Реакцияны оның думалық по-

---

* Қараңыз: осы том, 173—177-беттер. *Ред.*

зицияларынан тайдыру туралы айтқанда Мартов Думаны *помещиктік* либералдық оппозициядан әрі жылжытуға *болмайтынын* ұмытқан. Мартов пен Данның ұраны дегеніңіз *помещикті* реакцияның қолынан жұлып алу ұраны. 4) Жұмысшылар өкіметтің «мәдениетті буржуаға» көшуіне мүдделі дей отырып, Мартов бір жайды ескертуді «ұмытқан». Атап айтқанда: либералдар Пуришкевичтермен өкіметті бөліскенде демократияға «бір де бір қару» тимейтіндей етіп бөлісуге мүдделі екенін ұмытқан! 5) Кадеттер Думада күшейе келе, «өзінің өкіметке өтуін жеңілдетеді» дей отырып, Мартов Россиядағы 1905—1906 жылдардың тәжірибесін, Франциядағы 1789 және келесі жылдардың, Қытайдағы 1911 жылдың тәжірибесін ұмытты. Бұл тәжірибе мынаны көрсетеді: өкімет либералдарға (немесе солшылырақ жаққа) көшкенде тек демократия либералдарға *қарамастан* жеңген кезде ғана көшеді. 6) Демек, Мартов марксизмді мойындағанда оның білімді либерал атаулы үшін қаншалықты қолайлы болуына қарап қана мойындайды.

Осы 6 пункт жөнінде Мартов не жауап береді? Ешқандай жауап жоқ. Мүлде үндемейді. Егер үндемей құтылғыңыз келсе онда айтысты бастаудың керегі не еді?

Менің дәлелдерімнің *бәрін* үндемей орағытып өтіп, Мартов мені мына сөздерімнен «ұстауға» әрекеттенеді:

«Біздің сайлаудағы практикалық міндетіміз тіпті де «реакцияны оның думалық позицияларынан тайдыру» емес, жалпы алғанда демократияны, әсіресе жұмысшы демократиясын күшейту. Бұл міндет кейде либералдардың санын арттыру «міндетімен» соқтығысады: 50 либералдың артық болғанынан гөрі бес демократтың артық* болуы бізге маңыздырақ,— пролетариат үшін де пайдалырақ».

Бұл сөзді келтіре отырып, («реакцияны жақтаушыны» ұстадым ба деп!) қуанған Мартов: «Оқушыларды осы сөздерге ойлана қарауға шақырамын»,— деп лепі-

---

* Мақалада қате басылған: артықтың орнына күшті делінген. «Күшті» демократтарды «артық» (яғни қосымша) либералдарға қарсы қою қисынсыз екенін байқау Мартовқа қиын болмаған болар еді. Бірақ таластың мәні мұнда емес.

реді. *Ойлана қарау* жөніндегі осы ұсынысты шын жүректен қолдаймын.

Мартов ойлана қарай бастайды да,— мынандай силлогизмге дейін ойланып жетеді. Қайта дауысқа қою енді заңда барлық жерде бар. Демек, біз 50 либералды ығыстырып тастап, 5 демократты өткізетін *«бір ғана жағдай болуы мүмкін»*. Бұл — Думадағы орындар үшін демократтардың дауыстарын қаражүздіктерге *сату* «жағдайы».

Сондықтан Мартов тұтас елу жол бойында қуанып, секірумен болады: міне, қаражүздіктердің жәрдемшісін жайраттым-ау, ал оның үстіне Ф. Л — коны «жайратып», «дәл сол жаққа қарай бұрып отырған» В. Фрейдіде «жараладым-ау» дейді.

Мартов өз оқушыларын тым-ақ аңқау санайды! Сондықтан ойламай жазатын автордың тарапынан оқушыларды *ойлануға* шақыру қандай абайламағандық болды десеңізші.

Мартовқа соншалық ұнамаған менің сөзім ой жүгіртетін адамдар үшін *екі* сұрақ қояды: 1) Думада 50 либералдың болуынан гөрі бес демократтың болуы жұмысшылар үшін шынымен пайдалырақ па? 2) практикада бұл міндеттердің «соқтығысатын» жағдайының болуы мүмкін бе?

Бірінші сұрақты ойлана қараған Мартов *мүлдем* орағытып кеткен. Босқа орағытқан. Сіздер, жойымпаз мырзалар, біздерді арифметикаға құмар деп айыптау үшін өздеріңіз саясатты орағытып кетіп отырсыздар. Думадағы 50 либерал халыққа толып жатқан *жалған демократиялық* сөздер айтады, сөйтіп мұнысымен халықты бұзады және *болмашы* «реформалар» береді, бұл реформалар, біріншіден, қолжуғыштармен шектеледі, ал екіншіден, Мемлекеттік советте ұсталып қалады, тағысын *тағылар*. Бес демократ болса Дума мінбесінен халыққа *демократияның* ақиқаттары жөнінде (ал жұмысшылар — социализм ақиқаттары жөнінде де) бірқатар түсініктер береді. Пролетариатқа қайсысы пайдалырақ?

Екінші сұрақ. Мартовтың 5 демократты («артық», яғни қазіргілерге қосымша) өткізу міндетінің 50 либе-

ралды өткізу міндетімен *тек* ол көрсеткен жағдайда ғана *соқтығысуы мүмкін* деуі дұрыс па? Өйткені Мартов, ойлануға шақырғаннан кейін, тура былай деп мәлімдеді: «бұл бір ғана жағдай болуы мүмкін».

Егер Мартовтікі дұрыс болса, онда оқушы мені, Ф. Л — копы, не мүмкін емес жағдайды көрсетті деп, не Думадағы орындар үшін демократтардың дауыстарын қаражүздіктерге сатуды іштей тілеп отыр деп айыптауға тиіс (жасырын түрде мынаны қосамын: құпия және *ақымақтық* тілек жөнінде: Войлошниковты IV Думаға өткізу *үшін* Петров 3-ші мен Войлошниковтың достарының дауыстарын сатып алушы Пуришкевич,— «ойлана қараған» Мартов шындыққа барынша ұқсатып жазып отыр).

Егер екі міндеттің соқтығысуының *басқа жағдайының болуы мүмкін болса,* онда Мартовтікі дұрыс емес.

Сонымен: мұндай соқтығысудың басқа жағдайының болуы мүмкін бе! *Ешқандай күмән жоқ:* бұл — *қайта дауысқа қоюда* демократтардың либералдармен келісім жасамай-ақ, оңшылдарға қарсы да, либералдарға қарсы да күресу жағдайы.

Бар болғаны осы ғана*.

Ойлана қараған Мартов, барлық жойымпаздар сияқты, екі лагерь идеясының шырмауында қалған, сондықтан үшінші лагерьдің біріншіге қарсы да, екіншіге қарсы да күресін байқамайды!

Мартовты соншалық ашындырған сөзімнің ізінше-ақ, менде былай делінген:

«Бұдан («бұдан», құрметті Мартов!) Мартов кадеттер — демократтар *емес*, либералдар деп мойындағансығанымен де, ол тілемейтін мынандай қорытынды шығады: 1) 5 үлкен қалада қайта дауысқа қоюда либералдарға қарсы *тек* демократтармен келісімдер жасасуға болады; 2) екінші сатыда дауысқа түсудің *бәрінде* және келісімдердің *бәрінде ең алдымен* либералдарға қарсы демократтармен келісім болуға тиіс, ал сонан соң

---

* Менің басыма бір «қорқынышты» ой келіп отыр: Мартовтың бүкіл мақаласы біздің заң бойынша қайта сайлау екі кандидаттың күресі емес, жаңа сайлау екенін шынымен *білмеушілік* негізінде құрылғаны ма? Онда сайлауда «реакциямен күресуден» бұрын алдымен сайлау туралы заңды білмеушілікпен күресуге тура келеді!

ғана — оңшылдарға қарсы либералдармен келісім болуға тиіс».

Мартов мені жалған айтып отыр деп мәлімдеп, *тек* екінші пунктті *ғана* атап өтеді, өйткені Мартов оған қосылады (жойымпаздардың *бәрі* қосыла ма, жоқ па көреміз!), *ал бірінші пункт туралы Мартов үндемеген!*

Тағы айтамыз: не үндемеу керек, не айтысу керек.

5 қалада қайта дауысқа қою болады. Жалпы бағыт: демократтармен бірге либералдарға *қарсы*. Либералдармен келісім жасауға *тыйым салынған* (өйткені мұнда *тұтас алғанда* қаражүздік қауіп жоқ екенін тәжірибе көрсетті).

Сіз мұндай тыйым салуды *жақтайсыз ба* әлде *қарсысыз ба?* Тура айтыңыз.

Онан соң. Бұл қайта дауысқа қоюда практикалық нәтиженің қандай болуы *мүмкін?* Дауыстар үш лагерьдің арасында тепе-тең *дерлік* бөлінуі мүмкін. Салыстырмалы көпшілік шешеді. Ең қарапайым бір мысал алайық: 100 дауыстың 33-і оңшылдарда, 33-і либералдарда, 34-і демократтарда. Демократ сайланады. Егер социал-демократтың бір даусы кем, қараның бір даусы артық болса, қара өте алады!

Жұмысшы саясатының екі бағыты бар: *либералдық* бағыт — қараның отуінен бәрінен көбірек сескен, сондықтан гегемонияны тартыссыз либералға бер! *Марксистік* бағыт — қаражүздік қауіп туралы либералдық айғай-шуға үрейленбе, «үш бұрышты» (ағылшынша айтқанда) шайқасқа *батыл* бар. Жалпы ереже бойынша, қаражүздік қауіп жоқ, ал егер, ерекшелік ретінде, қара өте қалған күнде, *оның есесіне кей жерлерде демократ өтеді!..*

Жүзіп үйрену үшін суға түсу керек. Мүмкіншіліктің бәрі алдын ала белгілі болатын күрес дүниеде болмайды. Егер қаражүздік қауіп туралы либералдық айғайшуларға үрейленетін болса, онда жұмысшылар «үш бұрышты» шайқас жүргізуге *ешқашан* үйренбейді. Дүние жүзінің бәрінде реакция лагері мен либералдар лагері (әрине, реакциялық заңдардың көмегімен) жұмысшылардан гөрі бұрынырақ топтасып, жақсы ұйымдасып келді. Дүние жүзінің бәрінде либералдар дәл Мартов

қайталап отырған сөздерді жұмысшылардың құлағына үнемі құйып келеді.

Ойлану деген сөздің қандай мәні бар екенін «ойлана қарайтын» Мартовқа көрсету үшін бізге тағы бір соңғы адым жасау қалды.

5 қаладағы қайта дауысқа қоюда либералдармен келісім жасауға тыйым салынған. Басқа қайта дауысқа қоюда келісімдерге тыйым салынбаған. Бұл — келісімдер *әрқашан* жасалынады деген сөз бе? Олай деген сөз емес сияқты, ә?

Егер келісімдер *жоқ* болса, қайта дауысқа қоюдың *бәрінде* дауыстардың үш лагерьдің арасында тепе-тең дерлік бөлінуі мүмкін емес пе?

Егер шын «ойланса» бөліне алатын сияқты!

Бұдан шығатын қорытынды. Жұмысшы саясатының екі бағыты бар.

Либералдық жұмысшы саясаты: ел солшылданып келеді; «сондықтан»... қаражүздік қауіптен бәрінен де көбірек қорқыңыз; ұран — реакцияны оның думалық позицияларынан тайдыру; ал думалық позициялардан тек либералдар ғана тайдыра алады; сондықтан либералдарға «қауіп тудырмау» керек, олардың орындарын «қорқытып алмау» керек — либералдар сияқты жақсы адамдардан қорқытып алу «мәдениетті» жұмысшыға лайықты бола ма?— яғни «үш бұрышты» шайқасқа жоламай, либералдармен келісім жасағанда, олардың дегендерінің бәріне келісу керек.

Марксистік жұмысшы саясаты; ел солшылданып келеді; сондықтан қаражүздік қауіп туралы либералдық ертегілерге сенбеңіздер; либералдармен келісімдер жасағанда бар күшті салып *оларды қорқытыңыздар және* олардан Думадағы орындарды *қорқытып алыңыздар;* ал сіздердің қорқытуларыңыз айтарлықтай болу үшін, жұмысшы жолдастар, «үш бұрышты» шайқастан қорықпаңыздар; либералдардың контрреволюцияшылдығын халық алдында әшкерелей отырып, мұндай шайқасқа батыл барыңыздар; әрине, жеңіліп қалу мүмкіндігінсіз шайқас болмайды,— кей жерде қара өтіп кетеді, *оның есесіне кей жерде демократ өтеді*; 50 либералдан гөрі Думада бес демократтың қосылғаны жақсы; жалпы ере-

же бойынша, қаралар өтіп кетпейді, өйткені Пуришкевичтер тым жақсы әйгілі, ал либералдар өзінің гегемониясын қамтамасыз ету үшін (Маклаковтар дәл сондай дерлік қаралар болса да) және өзінен «солшыл» қауіпті аударып жіберу үшін халықты қаражүздік қауіппен *әдейі* қорқытады.

Қорытынды. Менің либералдық жұмысшы саясаты туралы ұсынған алты пунктімнің біреуіне де ол ешбір жауап берген жоқ. 5 қалада либералдармен блоктар жасасуға тыйым салу туралы мәселені ол «жасырды». Қайта дауысқа *қоюдағы* үш бұрышты сайлау туралы ол — ойлануға уәде берсе де — ойламады. Оның есесіне екі жұмыс істеді: 1) либералдарды «қорқытулардан» қорғады және 2) Пуришкевичтің Войлошниковтарды IV Думаға өткізуі *үшін* Пуришкевичке дауыстарды сату туралы Пуришкевичпен заговор жасады деп Войлошниковтың достарын әшкереледі!!

«Звезда» № 24 (60)
1 апрель 1912 ж.
Қол қойған: Ф. Л — к о

«Звезда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РОССИЯДАҒЫ ҚАЙТА ДАУЫСҚА ҚОЮ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ТАБЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Біздің сайлау заңымыздағы қайта дауысқа қою жөнінде адасушылықтың қаншалықты тарағандығының мысалдары барған сайын жиі кездесуде. «Наша Заряның» 1—2-номерінде Дан қайта дауысқа қою кезіндегі біздің тактикамыз батыс европалық тактикамен бірдей деп жазды. Мартов «Живое Делоның» 8-номерінде қайта дауысқа қою кезіндегі тактика туралы мәселе жөнінде орыстар үшін үлгі етіп тұп-тура «неміс жұмысшыларын» атап көрсетті. Троцкий осы жақын арада ғана қайта дауысқа қою туралы басынан аяғына дейін жаңағыдай қателерге толы айрықша заметка жазды.

Қателіктің жиі қайталанатындығы сонша, мынадай ой еріксіз туады: кейбір топтардағы іс жүзіндегі қателікке «жаппай бой ұрушылық» жұмысшы демократиясының кадеттерге қарсы күрестегі міндеттерін түсінгісі *келмеушіліктің* салдары емес пе екен?

Россияда, 1907 жылғы 3 июнь заңы бойынша, немістердегі типтес қайта дауысқа қою *жоқ*, жалпы алғанда осы сөздің дәл мағынасындағы «қайта дауысқа қою» дегеннің өзі *жоқ*, тек қосымша немесе жаңа сайлау ғана бар. Немістерде қайта дауысқа қою өткізілгенде бастапқы сайлауда ең көп дауыс алған екі кандидат туралы мәселе жөнінде ғана дауыс беріледі. Немістерде қайта дауысқа қою кезінде дауыс беру әуелде ең көп дауыс алған екі кандидаттың қайсысын сайлау туралы мәселені ғана шешеді.

Бізде мұндай ешнәрсе жоқ. Біздің заңымыз бойынша, қайта дауысқа қоюда қанша болса да, қай кандидатты болса да ұсынуға жол беріледі. Шынын айтқанда, мұның өзі қайта дауысқа қою емес, жаңа сайлау немесе қайтадан сайлау. Сондықтан неміс үлгісымағын тілге тиек етудің бәрі түгелдей дұрыс емес!

Біздің заңымыздың қайта дауысқа қою туралы негізгі статьясы — «Сайлау туралы ереженің» 106-статьясы. Ол былай дейді: «Алдын ала болатын съездердің уәкілдері болып, сондай-ақ сайлау съездерінің сайламшылары болып съезге қатысушылардың жартысынан көбінің даусын алған адамдар есептелінеді...».

Мұнда бастапқы сайлауда абсолюттік көпшілік болу талап етілетіндігі айқын корсетілген. Одан соң, сол статьяның өзінде, егер дауыстың абсолюттік көпшілігі алынбаса, онда «жетпей қалған сайламшылардың орнын толтыру үшін қосымша сайлау өткізіледі» (яғни абсолюттік көпшілік дауыспен сайланғандардан басқаларының барлығының орнына сайлау өткізіледі) делінген.

«Қосымша сайлауда» кім сайланған болып есептелінеді? «Дауыстың салыстырмалы көпшілігін алғандар,— дейді сол статьяның аяқ жағы,— сайланылған болып есептелінеді».

1907. жылғы 3 июнь заңында *тоте* сайлаудағы, яғни Петербург, Москва, Одесса, Киев, Рига қалаларында қайта дауысқа қою жайында да дәл осылай делінген. Тек «дауыстың салыстырмалы көпшілігі» деген сөздің орнына 140-статья «дауыстың ең көбін алған» дейді. Ақырында, губерниялық сайлау жиналыстары Дума мүшелерін сайлаған кезде де — егер кандидаттар «дауыстың жартысынан көбін алмаса», яғни абсолюттік көпшілігін алмаса — жоғарыдағы сияқты қайта дауысқа қою белгіленеді — осының өзінде және «дауыстың салыстырмалы түрде көпшілігін алғандар сайланылған болып есептелінеді» (350-ст.).

Сонымен: біздің сайлау заңымыздың немістердің қайта дауысқа қоюымен ешқандай ұқсастығы жоқ. Неміс жұмысшыларының үлгісіне, әрекетіне сілтеме жасаудан асқан қате болуы мүмкін емес. Ішкі істер министр-

лігі, СПБ., 1912 ж., шығарған «Мемлекеттік думаның сайлауы туралы ереженің» ресми басылымының 106-статьяға берілген түсініктерінің 14-пунктінде былай делінген: «Бастапқы сайлауға қатыспаған адам да қосымша сайлауға қатыса алады» Сірә, мұнда тек жаңа сайлаушылар туралы ғана емес, сонымен қатар жаңа кандидаттар туралы да сөз болып отыр. Заң тұрғысынан алып қарағанда, қайта дауысқа қою кезінде бастапқы сайлауда ұсынылмаған кандидатты да ұсынуға болады.

Сайлау туралы үшінші июнь ережесінің бұл ерекшелігінен сайлау тактикасы жөнінде қандай саяси қорытындылар шығады?— деген сұрақ туады.

Бірінші, негізгі және ең жалпы қорытынды мынадай: немістердің заңына қарағанда, біздің заңымыз қайта дауысқа қою кезінде сайлау келісімдерін жасау үшін *неғұрлым кең* өріс қалдырады. Германияда *зұлымдықтардың ең кішісін* таңдау туралы ғана сөз болуы мүмкін: бастапқы сайлауда жеңілгендер өздеріне басқа міндет қоя алмайды (оның үстіне жеңілген деп қайта дауысқа қоюға түспегендерді есептеу керек). Ал Россияда болса, бастапқы сайлауда жеңгендер болмай шықса, онда, турасын айтқанда, жеңілушілер де болмайды, өйткені *әркім-ақ* екінші жолы, қайсыбір одақтастармен алуан түрлі келісімдер жасау арқылы, тағдырын жаңа шайқаста сынай алады.

Атап айтқанда Германияда жұмысшы кандидат қайта дауысқа қоюда оңшыл және оппозициядағы буржуазиялық партиялар арасындағы күресті *өзі үшін,* яғни тікелей пайдалана алмайды: егер екі жағының күші тең дерлік болса, жұмысшы кандидат оңшылдарға қарсы либералдардың оппозициясын қолдай алады, бірақ оның либерал қарсыласы мен реакцияшыл қарсыласының күштері тепе-тең болған жағдайда ол *өзі* жеңіп шыға алмайды. Россияда бұл соңғының болуы мүмкін.

Осыдан екінші қорытынды шығады. Неміс заңына қарағанда, орыс сайлау заңы қайта дауысқа қою кезінде жұмысшы демократиясына *либералдармен* күресу үшін *неғұрлым кең өріс* қалдырады. Россияда, батыс европалық елдердің көпшілігіндегі сияқты, сайлауда үстемдік етуші дәулетті таптардың екі фракциясы (неме-

се партиялардың екі тобы) — «консерваторлар» мен либералдар, қаражүздіктер мен «оппозиция» басым болып келеді. Жұмысшылар бұлардың біріншісіне *де*, екіншісіне *де* қарсы күреседі. Осындай жағдайда халықтың артта қалған топтары алғашында феодализм мен абсолютизмге қарсы күреске оянып, алғашында капиталға қарсы күрестің міндеттерін түсіне алмай,— әдетте едәуір ұзақ уақыт бойына либералдардың соңына ереді. Сондықтан жұмысшы партиялары, өздерінің ықпалдарын күшейте отырып, өздеріне жақтастарды екінің бірінде оңшылдардан гөрі либералдардан көбірек тартып алып отырады. Жұмысшы партиялары реакцияның отына май құйып, «прогрестің жалпы күшін» әлсіретедіміс, тағысын-тағылар, тағы сондайлар деген *барлық* елдер «кадеттерінің» әдеттегі екі жүзділік байбаламы осыдан туады.

Германияда бастапқы сайлауда оңшылдар жеңіліп, қайта дауысқа қоюға мүлдем қатыспайтын болғанда барып қана жұмысшы кандидат қайта дауысқа қоюда либералдармен таласа алады. Россияда бастапқы сайлауда оңшыл либералдан аз дауыс алған *кездің бәрінде* жұмысшы кандидат қайта дауысқа қоюда либералмен таласқа түсе алады, демек, түсуге тиісті де. Басқаша айтқанда: Германияда қайта дауысқа қоюда жұмысшы либералмен тек «жекпе-жек» қана күресе алады; ал Россияда қайта дауысқа қоюда да «үш бұрышты» шайқас болуы мүмкін, яғни шайқасқа оңшылдар да, либералдар да, жұмысшы кандидаттар да қатысады. Демек, қайта дауысқа қою кезінде Россияда жұмысшылар бұқарасы өз кандидатын өткізуге мүдделі болатын жағдайлар *көп* кездесуі мүмкін.

Біз үшінші қорытындыға келдік. Россияда, осы кездегі саяси бөліністер тұсында, қайта дауысқа қоюда қаралардан (қараларға, әрине, барлық оңшылдарды, ұлтшылдарды да, октябристерді де, яғни барлық үкіметтік партияларды түгелдей қосып есептегенде) либералдар күштірек болған барлық курияларда және барлық сатыларда *солшыл блок* деп аталатынға ерекше кең өріс ашылады. Егер либералдар бастапқы сайлауда қаралардан басым болып, ал жұмысшы кандидаттар либе-

ралдардан әлсіз болып шыққан екен, онда — жалпы алғанда демократияны ұйымдастырудың саяси міндеттерінің тұрғысынан да, жұмысшылар кандидаттарын Думаға өткізу тұрғысынан да — либералдарға *қарсы* жұмысшыларды буржуазиялық демократиямен (халықшылдар, трудовиктер және т. с.) біріктіру *міндетті* болады.

Мұндай жагдайлар жиі кездесетін бола ма?

Губерниялық сайлау жиналыстарында онша жиі кездеспейді; мұнда либералдардың қаралардан әлсіз болатын, сол себептен де, қараларды құлату үшін жалпы оппозициялық блок қажет болатын жағдайлар, сөз жоқ, басым болады.

Шаруалар куриясында саяси бөлініс бәрінен де гөрі аз айқындалған және аз қалыптасқан; полициялық езгі мұнда бәрінен де гөрі күштірек; уәкіл үшін, сайламшы үшін, тіпті Думаның кандидаты үшін өзінің нағыз «бет-бейнесін жасыру» қажеттілігі мұнда ерекше күшті; партияга қатыстылыгы жағынан алып қараганда жұмысшы кандидаттары мұнда көп емес. Бұл куриядағы саяси міндет, күмән жоқ, демократияны ұйымдастыру, либералдық-монархиялық буржуазияның ықпалы мен соқыр сенімдеріне қарсы күресу болып табылады. Ал қайта дауысқа қою жөнінде қай жағдайдың жиі болатыны туралы, тіпті жалпы алғанда қайта дауысқа қоюдың көп тарауы (іс жүзіндегі) туралы нақты қорытындылар жасау қиын.

Жер иеленушілер куриясы мен бірінші қалалық курияда жалпы алғанда демократияның, әсіресе жұмысшы демократиясының ролі тым мардымсыз, сондықтан ол жөнінде сөз етіп жатудың қажеті жоқ.

Ендігі қалганы екінші қалалық курия. Мұнда жұмысшылар және жұмысшыларға жақын сайлаушылар: приказчиктер, пәтер жалдаушы жұмысшылар, пенсия алушылар және т. т. аз емес. Мұнда ең болмағанда саяси баспасөзге ұқсас бірдеме және жиналыс тәрізді бірдемелер бар. Бір сөзбен айтқанда, бұл — сайлаушылардың өздері қатысатын қайта дауысқа қоюдың басты саласы. Мұнда сайлаушылардың партиялық топтарға бөлінуі қалай болып отыр?

Бұл сұраққа III Мемлекеттік думадағы 2-қалалық курия сайламшыларының партиялық құрамы туралы деректер, жанама болса да, біршама дәл жауап береді. Кадеттік «Речьтің» (1907, № 241) Европалық Россияның 51 губерниясын қамтитын қорытындысы бойынша, жалпы саны 5161 сайламшының 4897-сі,— екінші қалалық курияның 533 сайламшысы партиялар бойынша мынадай болып бөлінеді: оппозицияға қатыстылар 405 (100 «солшыл», 209 кадет және 96 прогрессист), оңшылдарға жататындар 101 (17 баяу, 19 октябрист және 65 оңшыл), партияда жоқтар — 21 және қай партияда екені белгісіздер — 6. Қазіргі сайлауда таласып жатқан партиялардың басты-басты үш тобы мұнда айқын көрінеді: 100 демократ, 305 либерал, 101 оңшыл.

Демократтармен тең дерлік түсетін оңшылдардан либералдар үш еседен аса күштірек. *Жалпы ереже бойынша* бұл арада ешқандай қаражүздік қауіп туралы сөз де болмайтындығы айқын. Онан соң, жұмысшы демократиясының мұндағы *басты* міндеті — нақ сол либералдармен күрес болып табылатыны айқын; қазіргі кезде, елдің күмәнсыз жаппай солшылданып бара жатқан кезінде, мұны либералдар да, октябристер де, Пуришкевичтер де мойындап отырған кезде, мұндай күрес ерекше түрде бірінші қатарға қойылып отыр. Әрине, бірінші сатыда жұмысшы кандидаттары түгелдей дербес күреске, таза тізіммен шығуға тиіс. Ал екінші сатыда, қайта дауысқа қоюда, істің жайы *көп реттерде* демократтардың либералдарға қарсы күресіне келіп тіреледі.

Бұл күресті жүргізу үшін марксистер қайта дауысқа қоюда либералдарға *қарсы барлық* демократтармен (яғни буржуазиялық демократиямен де, халықшылдармен, трудовиктермен, т. б.) бірігуге тиіс. Атышулы «жауапты оппозицияның», кадеттердің III Думадағы барлық әрекеттері және либералдық-монархиялық буржуазияның бүкіл саясаты мен тактикасы, ал онан соң приказчиктер арасындағы қазіргі қозғалыс жұмысшылар ұйымдастырып отырған демократтардың либералдарға қарсы, яғни конституциялық-демократиялық партияға қарсы осы күресіне ерекше қолайлы жағдай жасайды.

Екінші қалалық курия қайта дауысқа қоюда басты курия болғандықтан,— қайта дауысқа қоюда жұмысшылардың *басты* бағыты нақ мынадай бағыт болады: демократтармен бірігіп оңшылдарға *қарсы* және либералдарға *қарсы* шығу.

Осының бәрін жинақтай келіп біз мынадай қорытындыға келеміз: жойымпаздар және олардың қорғаушылары қайта дауысқа қою жөнінде әрі «техникалық», әрі саяси қате жасап отыр. Олар «техникалық» жағынан қателескенде немістің қайта дауысқа қоюын орыстың «қосымша» немесе жаңа сайлауымен шатастырып қателесіп отыр. Саяси жағынан қателескенде олар оңшылдарға қарсы оппозицияны қолдау туралы жалпы сылдыр сөздерді желеу етіп, либералдық жұмысшы саясатына қарай құлдырап қателесіп отыр. Іс жүзінде марксистердің қазіргі Россиядағы жалпы міндеті де — демократияның алдыңғы қатарлы отряды ретінде жұмысшыларды оңшылдарға *да* қарсы, контрреволюциялық либерализмге *де* қарсы ұйымдастыру — «қайта дауысқа қоюдың» басты куриясындағы біздің жағдайымыздың ерекшеліктері де басқа ұран көтеруге мәжбүр етеді. Қайта дауысқа қоюда бірінші кезекте, ең алдымен, 2-қалалық курияда бәрінен де гөрі барлық демократтармен біріге отырып, либералдарға қарсы және оңшылдарға қарсы шығу керек; тек сонан кейін ғана қайта дауысқа қоюда жалпы оппозициялық блокта қараларға қарсы шығуға тура келеді.

«Звезда» № 25 (61),
3 апрель, 1912 ж.
Қол қойған: М. Пі.

«Звезда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЛИБЕРАЛИЗМ ЖӘНЕ ДЕМОКРАТИЯ

I

Трудовиктердің біз бұрын да айтқан және ол туралы бірнеше газетте хабарланған (сөз арасында айта кетейік, 28 марттағы «Речьте») конференциясы IV Думаның бүкіл сайлау науқанының партиялық нақтылығы тұрғысынан қарағанда ерекше маңызды болып табылады. Баяу либералдардың (кадеттер мен «бейпартиялық прогрессистердің») блогынан кейін және жұмысшы демократиясының сайлаудағы өз тактикасы туралы шешімдерінен кейін жағдай толық айқын болу үшін енді тек трудовиктердің ғана «анықталуы» қалған болатын.

Қазір орыс қоғамының *барлық* таптары азды-көпті елеулі және көңіл аударуға тұрарлық барлық саяси партиялар арқылы сайлау науқанындағы өз позициясын белгіледі. Ал егер буржуазиялық партиялар үшін, әсіресе үшінші июнь режимінің үйінде «берік» орналасқан партиялар үшін сайлау көбінесе күшейтілген жарнама жасаудың уақыты болып табылатын болса, жұмысшы демократиясы үшін, марксистер үшін сайлау науқанының басты міндеті — әр түрлі саяси партиялардың *мәні* неде екенін, *кімнің нені* жақтайтынын, белгілі бір партияның шынында қандай өмірлік мүдделерді басшылыққа алып отырғанын, қоғамның қандай *таптарының* белгілі бір жарнаманы паналап отырғанын халыққа *түсіндіру* болып табылады.

Осы тұрғыдан қарағанда бізге трудовиктер конференциясына *бірнеше рет* тоқталуымызға тура келеді, сондықтан біз жұмысшы табының мүдделері үшін тап осы

әлгінде көрсетілген принципті мәселеге ерекше көңіл аударуға тиіспіз. Қаражүздік, оңшыл партиялар да, *либералдар* да (кадеттер) бұл мәселе жөнінде әйтеуір үндемейді, не оның қойылысы мен оның шешімін мың саққа жүгіртіп бұрмалайды, оның үстіне бұл жекелеген адамдардың білместігінен немесе қастандық ниетінен істелмейді, помещиктер мен буржуазияның *таптық* мүдделерінің оларды шаруа мен жұмысшы партияларының мәнін бұрмалауға *мәжбүр ететіндігінен* барып істеледі.

Ал көбінесе шаруалар партиясы болып отырған трудовиктер болса либерализмнің демократиядан айырмасы неде екендігі туралы мәселе жөнінде болса да үндемей қалуға мүдделі емес, бірақ бұл мәселені теріс шешеді. Шаруаның, яғни ұсақ қожайынсымақтың тұрғысынан оны дұрыс шешуге де болмайды; бұл мәселе тек жалдама жұмысшының тұрғысынан ғана *шешілген* — мұны теория, ғылым ғана дәлелдеп отырған жоқ, оның үстіне бүкіл европалық елдердің *тәжірибесі*, европалық партиялардың әсіресе XIX ғасыр бойғы бүкіл экономикалық және саяси тарихы дәлелдеп отыр.

Либералдардың трудовиктер туралы қалай әңгіме ететінін және трудовиктер өздері туралы не айтатынын болса да қарап көріңіз. Конституциялық-демократиялық партияның басты органы либералдық «Речь» былай дейді: 1907 жылғы 3 июньде сайлау заңының өзгеруінен трудовиктер бәрінен де гөрі көп зиян көрді, олардың тактикасы кадеттердің тактикасынан «аздыкөпті айтарлықтай ерекше болуы мүмкін емес»,— өйткені кадеттер, көрдіңіздер ме, трудовиктердің айтқанының бәрін дерлік «қайталай» алады және қайталап отыр. «Ақырында,— деп жазады *«Речь»,*— сайлауда трудовиктермен келісім жасау, бәлкім, тек жекелеген жерлерде, оның үстіне аздаған жерлерде ғана керек болар».

Осы бағаны ойластырып қарасаңыз, сонда сіз мұның өзі — 3 июнь заңы басымдылықтан (онда 1905 жылғы 11 декабрь заңы [97] бойынша болған басымдылықтан) ығыстырған, бірақ сонымен бірге оған демократиядан *қорғалған* ықпалды оппозициялық жайлы орын берген либерал буржуаның бағасы екенін көресіз. Трудовик

мырзалар, сіздер біз үшін маңызды емессіздер, сондықтан біз сіздермен айтарлықтай санаспаймыз, «Речь» мәлімдемесінің шын мәні, міне, осы. Неге маңызды болмайды? Өйткені 3 июнь заңы сіздерді сайлауда әлсіретіп тастады.

Демократ атаулы үшін және әсіресе жұмысшы атаулы үшін қазіргі сайлау заңы бойынша монополияға немесе артықшылыққа жетіп отырған партиялар маңызды емес, халықтың қалың бұқарасының өкілі болып табылатын, атап айтқанда, еңбекші және қаналушы халықтың өкілі болып табылатын партиялар маңызды. Ал 3 июнь заңы либерал буржуаны дәл осы бұқарадан *қорғады,* сондықтан да оған бұл бұқара маңызды емес. Либерал адвокаттар мен журналистерге Думадан орын керек, либерал буржуаларға өкіметті Пуришкевичтермен бөлісу керек,— оларға керегі, міне, осы, ал шаруалар бұқарасының дербес саяси ой-өрісінің дамуы, тап ретінде олардың оз бетімен талаптануының дамуы либералға керек емес екендігі былай тұрсын, тұп-тура қауіпті. Либералға сайлаушы керек, либералдарға өздеріне сенетін және өздерінің соңынан еретін тобыр керек (Пуришкевичтерді ығысуға мәжбүр ету үшін), бірақ тобырдың саяси дербестігінен либерал қорқады.

Либерал трудовиктерден, әсіресе шаруаларға, яғни халықтың аса зор көпшілігіне ерекше жақын болып отырған «дербес» партия ретінде өздерін либерализм *емес,* буржуазиялық демократия ретінде көрсететін трудовиктерден неге қорықпайды? Қорықпайтын себебі нақ сол, трудовиктер либералдарға дегенде *жеткілікті* дербес емес, бұқараға ықпал ету жолында либералдарға қарсы күресе *алмайтын* демократтар болғандықтан қорықпайды! Егер Россиядағы қазіргі саясатты мандаттар түсірудің алдамшы (либералдық та) мағынасында емес, байсалды, адал, принципті түрде алатын болсақ, онда бұл саясаттың осы аса маңызды мәселесіне сан мәрте тоқтамасқа болмайды. Россияны демократиялық бағытта саяси жағынан қайта құру Россияда заманның тарихи міндеті болып қалып отырғанда осы қайта құру туралы мәселенің *бар түйіні* сөзсіз мынада болады: халықтың *өте* қалың, ең қалың бұқарасы сана-

лы түрде демократтар болуы керек, яғни либерализмнің қандай да болсын өрісі тарлығының, шектеулілігінің, шалағайлығының, қорқақтығының әбден айқындалған, дәйекті, үзілді-кесілді дұшпандары болуы керек. Сондықтан біздің заманымыздың осы саяси міндетін ұғынып, жүзеге асырмайынша *мұнысыз* жалдама құлдықты жою жолындағы дәйекті күрескер бола алмайтындығын түсінбеген жұмысшы әлі саналы жұмысшы емес.

Либералдар, кадеттер өздерінің «тактикасының» трудовиктік тактикадан «азды-көпті айтарлықтай» ерекшелігі жоқ дейді екен, онда мұның өзі ең барып тұрған надандық немесе ең арсыз өтірік. Россияның соңғы он жыл ішіндегі саяси тарихының әрбір кезеңінде бұл өтірікті жүздеген, мыңдаған мәрте теріске шығарушылық бар. Россияның ең бергі тарихы либерализм мен шаруалар демократиясы арасындағы айырмашылық «тактика» туралы мәселелердің қандайынан болса да өлшеусіз терең екендігін бізге өзіміздің орыс *тәжірибемізден* көрсетіп отыр,— өйткені оқиғалар барысының «тактиканың» ең шұғыл бұрылыстарын талай туғызғанына қарамастан, айталық, соңғы сегіз жыл бойына бұл айырмашылық әрқашан және үнемі айқын көрініп отырды,— бұл айырмашылық «программалар» атаулының бәрінен өлшеусіз тереңде жатыр, өйткені программалар таптың алдыңғы қатарлы адамдары таптың міндеттері мен оның жағдайы туралы не *ойласа,* тек соны ғана білдіреді. Бір жағынан, либерал буржуазияның, ал екінші жағынан, буржуазиялық-демократиялық шаруалардың *қазіргі* экономикалық және саяси жағдайындағы түбегейлі айырмашылықты бізге көрсеткен алдыңғы қатарлы адамдардың пікірлері емес, миллиондаған бұқараның іс-қимылдары. Қазіргі Россияның «әмірші күштері» жөніндегі таптық *мүдделердің* түбегейлі айырмашылығы осыдан келіп шығады. Саяси белсенділіктің барлық бастама пункттеріндегі және барлық өрісіндегі түбегейлі айырмашылық осыдан келіп шығады.

Либералға да, трудовикке де өздері саяси жағынан бір пікірлестер болып көрінуі мүмкін, өйткені екеуі де — «Пуришкевичке қарсы». Бірақ саяси қайраткер-

лердің бұл *пікірлерінен* бұқараның *таптық жағдайына* қарай сәл тереңдей түссеңіз болғаны, онда сіз либерал буржуазияның *өмірде* саяси артықшылықтарды Пуришкевичтермен бірге бөлісетінін көресіз және олардың таласқанда тек бұл артықшылықтардың үштен екісіне Пуришкевичтер ие болуы керек пе, ал Милюковтарға үштен бірі берілуі керек пе, әлде керісінше болуы керек пе, *тек* осы үшін *ғана* таласатынын көресіз. Егіншіліктегі ұсақ қожайындар тобы ретінде қазіргі орыс шаруаларының «өмірін» алыңыз, экономикалық жағдайын алыңыз, сонда сіз әңгіменің тіпті де саяси артықшылықтарды бөлісу туралы болып отырмағанын, тіпті де саяси артықшылықтар туралы болып отырмағанын, мұнда *«өмір»* деген сөзді тырнақшаға алуға тура келетінін, өйткені Пуришкевичтердің өмір сүруінің өзі өлгіндей миллиондаған қожайынсымақтардың *аштан қырылуы* болып табылатынын көресіз.

Қазіргі Россияда екі буржуазия бар. Біреуі, бұл — жетілген және жетілгеннен де асып түскен капиталистердің өте санаулы ғана тобы, ал бұл капиталистер октябрист пен кадет арқылы *іс жүзінде* өзі мен Пуришкевичтер арасында қазіргі саяси өкіметті, қазіргі саяси артықшылықтарды бөлісумен айналысады. Қазіргі деген сөзді біршама кең түсіну керек, мысалы, бұған 1907 жылғы 3 июньдегі заңның бүгін қорғап отырған артықшылықтарын да, 1905 жылғы 11 декабрьдегі заңның кеше қорғаған артықшылықтарын да қосып түсіну керек.

Екінші буржуазия, бұл—мүлде жетілмеген, бірақ жетілуге жігерлі түрде ұмтылушы ұсақ және ішінара орта қожайындардың, көбінесе шаруалардың өте қалың тобы, бұларға *іс жүзінде* Россияның тарихи өмірінің қазіргі заманында тіпті де артықшылықтар туралы мәселені емес, Пуришкевичтер*ден* аштан өлмеу туралы мәселені шешуге тура келеді. Ал мұның өзі жалпы Пуришкевичтер өкіметінің негіздерінің өзі туралы, Пуришкевичтердің қандай да болсын өкіметінің шығу көздері туралы мәселе деген сөз.

Россияны саяси жағынан азат етудің бүкіл тарихы бірінші және екінші буржуазиялық тенденциялар ку-

ресінің тарихы деген сөз. Бостандық пен теңдік туралы, жерді «теңгермелі түрде» бөлу туралы және «халықшылдық» туралы мың-мыңдаған әдемі сөздердің бүкіл мәні осы буржуазиялық тенденциялардың күресіне келіп саяды. Күрестің қорытындысында басынан аяғына дейін немесе көбінесе осы екі «түстің» біріне боялған әбден буржуазиялық Россия сөзсіз шыға келеді. Жалдама жұмысшы үшін бұл күрестің әсте де бәрібір емес екенін айтпаса да болады; қайта, ол саналы болса, онда ол шаруаның либералдың соңына емес, өзінің соңына ерүіне ұмтылып, бұл күреске барынша жігерлі түрде араласады.

Трудовиктер конференциясының қозғамай өте алмаған мәселелері де нақ осыған келіп тіреледі. Біз бұл мәселелер туралы келесі мақалаларда толық айтамыз. Қазір болса осы айтылғандарға кішкентай қорытынды жасайық. Трудовиктер мен кадеттер туралы мәселе Россияны бүкіл саяси жағынан азат етудің ұлы мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл мәселені 3 июнь системасындағы белгілі бір партиялардың «күшіне», осы система бойынша өтетін сайлаудағы белгілі бір келісімдердің «жағдайды есепке алушылығына» әкеліп тіреуден асқан оңбағандық ештеме жоқ. Қайта, осы екі партияның да, буржуазиялық демократтар (трудовиктер) мен буржуазиялық либерализмнің (кадеттер, «прогрессистер», т. с.) *таптық* тамырлары түсінілген жағдайда ғана келісімдер, қайта дауысқа қоюлар, т. т. туралы жеке мәселе жалдама жұмысшының тұрғысынан дұрыс шешіле алады.

II

Трудовиктердің конференциясы барынша назар аударарлық әрі тағылым аларлық бірқатар саяси мәселелерді алға қойды. Қазіргі уақытта біздің қолымызда конференцияның шешімдері жөнінде тамаша түсіндірме — Ковалевский мен Бланк мырзалардың етене араласуымен шығарылып тұратын петербургтік апталық «Запросы Жизнидің» [98] 13-номеріндегі В. Водовозов мырзаның «Еңбек тобының сайлау программасы» туралы мақаласы бар. Водовозов мырзаның түсіндірмесі,

әрине, біздің тұрғымыздан емес, оның трудовиктердің көзқарастары мен тілектерін дұрыс көрсететіндігінен «тамаша» түсіндірме болып табылады. Россияның демократиялық қоғамдық күштерінің маңызына көңіл бөлушінің қай-қайсысы да Водовозов мырзаның мақаласына барынша зер сала қарауы тиіс.

«Еңбек тобы,— деп жазады ол,— қазіргі тарихи кезеңде шаруалардың, жұмысшы табы мен еңбеккер интеллигенцияның мүдделерінің бір-біріне қайшы келмейтіндігі былай тұрсын, тіпті бір-біріне ұқсас дерлік деген сенімге сүйенеді; сондықтан осы үш қоғамдық таптың мүдделерін бір партия-ақ әбден қамти алған болар еді. Бірақ тарихи жағдайлардың нәтижесінде жұмысшы табы социал-демократиялық партиядан өзінің өкілін тапты, сондықтан да еңбек тобы, әрине, көбінесе шаруалардың саяси өкілі болуға тиіс болды. Ол осылай болды да».

Бұл арада ең «солшылдарына» дейінгі барлық халықшылдарға ортақ негізгі қате бірден көрініп тұр. Олар экономикалық ғылымның барлық ақиқаттарына және Россиядағы қазіргі заман сияқты замандарды басынан кешірген елдердің барлық тәжірибесіне қайшы келетін «сенімге» сүйенеді. Оқиғалардың барысы бұл сенімдерді біздің негізде де теріске шығарып отырғанын мойындауға оларды орыс тарихының тәжірибесі тіпті мәжбүр етіп отырғанның өзінде де олар бұл «сенімдерге» сүйенуін қоймай отыр.

Трудовиктердің екінші сөзі бірінші сөзін теріске шығарады. Егер бір партия жұмысшы табының да, шаруалардың да мүдделерін қамти алатын болса, онда жұмысшы табының ерекше партиясы қайдан шыққан болар еді? Ал егер ол партия орыс тарихының ерекше маңызды, ерекше қиын дәуірінде (1905 ж.) құрылып, нығайса, егер жұмысшы табы «тарихи жағдайлардың нәтижесінде» өз партиясын «тапты» деп тіпті трудовиктердің өздері өздеріне айтуға тиіс болса, онда, демек, трудовиктердің «сенімдері» «тарихи жағдайлардың күшімен» *теріске шығарылғаны.*

Егер трудовиктер шаруалардың партиясы *болып шықса,* ал олардың сенімдері бойынша олар тек шаруалар партиясы ғана болуға тиіс емес болса, демек, олардың сенімдері теріс болғаны, жалған үміт болғаны. Ал бұл

жалған үміт феодализм мен абсолютизмге қарсы күресу заманында Европаның *барлық* буржуазиялық-демократиялық партияларының жалған үміті қандай болса, дәл сондай. «Таптан тыс тұрған партиялар» жөніндегі идея белгілі бір формада басым болып келді, осының өзінде «тарихи жағдайлардың күші» бұл идеяны әрқашан теріске шығарып келді, бұл жалған үмітті талқандап келді. Түрлі таптарды «бір партия арқылы» қамтимын деп әрекеттену немесе босқа зорлану буржуазиялық демократизм өзінің басты жауын алдан емес, арттан көруге, пролетариаттан емес, крепостниктерден көруге тиіс болған кездегі заманның дәл буржуазиялық демократизміне тән нәрсе.

Түрлі таптарды «қамтуға» дәмелену трудовиктерді кадеттермен жақындастырады: олар да *таптан жоғары* тұрған партия болғысы келеді, олар да жұмысшы табының, шаруалар мен еңбеккер интеллигенцияның «мүдделері бір біріне ұқсас дерлік» деп сендірмек болады. Олар еңбеккер интеллигенция деп Маклаков мырзаларды да түсінеді! Саналы жұмысшы таптардан жоғары тұрған партиялар туралы идеялар атаулыға қарсы, жалдама жұмысшылар мен ұсақ қожайынсымақтың арасындағы таптық тұңғиықты бүркемелеу атаулыға қарсы әрқашан күресетін болады.

Бірақ егер трудовиктердің кадеттермен ұқсастығы түрлі таптардың қосылу мүмкіндігі туралы буржуазиялық соқыр сенімдерді бұлардың екеуінің де қуаттайтындығында болса, онда олардың арасындағы айырмашылық мынада: оның тілектеріне қарамастан, кейде оның жекелеген мүшелерінің ұғымына қарамастан, оқиғалардың барысы екі партияның екеуін де *қандай* тапқа тартатынында. Тарих трудовиктерді шындыққа жақын болуға, біздер шаруалар партиясымыз деп айтуға үйретті. Кадеттер іс жүзінде контрреволюциялық либералдар бола отырып, өздерін демократтармыз деп атап келеді.

Өкінішке орай, осы соңғы ақиқатты трудовиктер әбден анық ұғынудан әлі алыс,— анық ұғынбайтыны соншалық, олардың конференциясының ресми шешімдерінде кадеттерге сипаттама мүлде *жоқ*. Ресми шешімдерде

«ең алдымен социал-демократтармен, *ал сонан соң* кадеттермен» келісімдер жасасу туралы ғана айтылады. Бұл аз. *Тек* келісуші партиялардың таптық табиғаты қандай, олардың арасындағы негізгі қайшылық және мүдделердің уақытша үйлесуі неде екенін толық ашып алғанда *ғана* сайлау келісімдері туралы мәселе дұрыс, дәйекті, принципті түрде шешіле алады.

Бұл туралы Водовозов мырзаның түсіндірмесінде ғана айтылады. «Речь» оның мақаласын атап көрсете және талқылай отырып, *дәл осы* пункттерді оқушылардан мүлде *жасыруға* тырысқан. Біз осы пункттерге міндетті түрде көңіл аударып тоқталу керек деп ойлаймыз.

«Еңбек тобы,— деп жазады Водовозов мырза,— Россияның қазіргі құрылысының абсолютизм мен озбырлық құрылысы екенін жақсы түсінді, сондықтан да конституциялық-демократиялық партияның Россияда конституциялық құрылыс өмір сүріп отыр деп urbi et orbi* жар салғысы келген сөздерінің бәріне үзілді-кесілді айыптай қарады және орыс конституционализмін дәріптеп көрсету үшін ағылшын және француз парламенттерінің өкілдеріне ұйымдастырылған салтанатты кездесулерге теріс қарады. Еңбек тобы үшін бүкіл мемлекеттік және әлеуметтік құрылыстағы түбірлі және терең төңкеріс қана Россияны дұрыс және келелі даму жолына шығара алатындығы күмәнсыз болды; сондықтан ол біздің қоғамдық өміріміздегі мұндай сенімнің барлық көріністеріне тілектес болды. Дәл осы сенім оны мен конституциялық-демократиялық партия арасында тұңғиық бар деп тапты»... және бұдан біраз әріректе «кадеттердің бейбіт эволюционизмі және осы эволюционизм құрған кадеттер тактикасы», «трудовиктерді социал-демократтардан гөрі кадеттерден әрқашан анағұрлым алыстатқан осы тактика» туралы сол пікір қайталанады.

Кадеттік *«Речьтің»* бұл пайымдауды өз оқушыларынан жасыру қамын ойластыруға тиіс болған себебі түсінікті. Бұл арада демократизм мен либерализмнің арасына шек қою ниеті айқын білдірілген. Шек күмәнсыз

* — бүкіл әлемге. *Ред.*

бар, бірақ Водовозов мырза, «терең тұңғиық» туралы айтқанымен де, бұл шекті тым таяз түсінеді. Оның ойынша былай болып шығады: айырмашылық, шынында, тактика жағынан және кезеңді бағалау жөнінде болып отыр: трудовиктер түбегейлі төңкерісті жақтайды, кадеттер — бейбіт эволюционистер; трудовиктер бізде абсолютизм құрылысы деп есептейді, ал кадеттер, құдайға шүкір, конституция бар дейді. Мұндай айырмашылық белгілі бір таптың оң қанаты мен сол қанатының арасында болуы мүмкін!

Трудовиктер мен кадеттердің арасындағы айырмашылық осымен тына ма? Трудовиктердің шаруалар партиясы екенін Водовозов мырзаның өзі мойындаған жоқ па? Пуришкевич пен пуришкевичшілдікке қатысы жөнінде болса да шаруалардың *таптық жағдайында* либерал буржуазияның жағдайынан өзгешелік белгілер жоқ па?

Егер жоқ болса, онда трудовиктер мен кадеттер арасындағы айырмашылық тіпті феодализм мен абсолютизмге көзқарас тұрғысынан болса да терең емес. Егер бар болса, онда абсолютизм мен конституцияға немесе бейбіт эволюцияға деген «көзқарастардың» айырмашылығын емес, нақ *таптық мүдделердің* айырмашылығын бірінші қатарға қою керек.

Трудовиктер кадеттерден радикалдау болғысы келеді. Бұл өте жақсы. Бірақ егер олар либералдық-монархиялық буржуазияның таптық мәнін айқын түсінсе, егер олар өз платформасында кадеттердің контрреволюциялық либерализмі туралы тура айтса, онда олардың радикализмі дәйектірек және терендірек болар еді.

Сондықтан Водовозов мырза сыртқы кедергілерге сілтеме жасап, осы сыртқы кедергілердің салдарынан трудовиктерге «оқушылардың көпшілігіне түсініктілігі кем «еңбек тобы платформасына» аса айқын емес сілтеме жасау арқылы ең маңызды пункттері көрінбей қалған қарар талдап жасауға тура келді» дегенді айтып босқа «ақталып» отыр. Біріншіден, трудовиктер әлгі кедергілердің қоршауындағы аренамен шектеліп қалуға міндетті емес еді; олар онымен шектеле отырып, дәлме-дәл біздің жойымпаздар сияқты, бұл арқылы кадеттерден

өздерінің ерекшелігінің онша терең еместігін байқатады. Екіншіден, кадеттік либерализмнің таптық мәнін және оның контрреволюцияшылдығын қандай аренада болса да тұжырымдауға барынша толық мүмкіншілік болды.

Демек, біз трудовиктердің кадеттер мен социал-демократия арасында ауытқуы кездейсоқ емес екенін, бұл ауытқудың шаруалар тап болып отырған өте терең және түбірлі жағдайлардан туып отырғанын көреміз. Буржуа мен пролетарийдің тікелей күресінен шеткері тұрған әрі-сәрі жағдай таптан тыс немесе таптан жоғары тұрған партия туралы жалған үмітке негіз болады. Қожайын мен қожайынсымаққа тән ортақ буржуазиялық соқыр сенімдер трудовиктер мен кадеттерді жақындастырады. Буржуазиялық демократтар ретіндегі трудовиктердің тіпті Пуришкевичтер өкіметінің негіздеріне қарсы өз күресінде де жеткілікті дәйекті болмауы осыдан.

Саналы жұмысшылардың міндеті — шаруалар демократиясының, мүмкіндігі болғанынша либералдарға тәуелділігі кем және мүмкіндігі болғанынша олардың ықпалына аз берілетін, мүмкіндігі болғанынша неғұрлым дәйекті және батыл демократия болып топтасуына көмектесу. Шаруалардың орасан зор бұқарасының жағдайы сондай, «түбегейлі және терең төңкеріске» Водовозов мырзаның тұжырымдаған ұмтылуларының өте-мөте байсалды, кең тармақталған және тамырын терең жайған негіздері бар.

«Звезда» №№ 27 (63)
және 32 (68);
8 және 19 апрель, 1912 ж.
Қол қойған: П. П.

«Звезда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

IV ДУМАНЫҢ САЙЛАУ НАУҚАНЫ ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Лена қырғынына [99] байланысты саяси стачкалар және демонстрациялардың басталуы Россияда жұмысшы бұқарасының революциялық қозғалысының өріс алып келе жатқандығын көрсетеді. Революциялық жағдайдың бұлай торлануы партияның міндеттерін де, сайлау науқанындағы оның ролін де айқын көрсетіп отыр.

Дағдарыс жаңа жағдайда өріс алып келеді. Помещиктерге өкімет билігін, буржуазияға — келісім жасау үшін өріс, пролетариатқа—кішкентай мінбе беретін қара Дума осы жағдайдың қажетті жабдығы болып табылады. Бұқара арасында революциялық жұмыс жүргізу *үшін* бізге осы мінбе керек, бізге сайлау науқаны керек. Бүкіл осы жұмысты тұтас алып *басқару* үшін, Таврия сарайында да, Қазан алаңында да, жұмысшылардың шағын жиынында да, стачка кезінде де, жұмысшы социал-демократтардың аудандық жиналысында да, кәсіптік одақтың ашық жиналысында да басқару үшін бізге құпия партия керек. Шақырымпаздық пен жойымпаздықтың—контрреволюция дәуірлеген замандағы ыдырау мен бытыраудың осы жемістерінің жұмысшы табы үшін мейлінше сорақылық, мейлінше қатерлі екендігін тіпті қазірдің өзінде көрмесе мүлде соқыр адамдардың ғана көрмеуі мүмкін. «Трудовиктердің» *жойымпаздығын,* сондай-ақ «Русское Богатство» [100] мен «Современниктің» [101] жария әдебиетшілерін және социалист-революционерлер «партиясының» *шақырымпаздығын*

қосқанда қандай шатақ *ноль* болып шығатындығын халықшылдардың мысалы бізге айқын көрсетті.

Саяси күштердің сайлау алдындағы іске жұмылуы не көрсетті, соның жалпы қорытындысын шығарайық. *Үш* лагерь өзін анық көрсетті: 1) *Оңшылдар* — Пуришкевичтен бастап Гучковқа дейін — үкіметті жақтайды. Қаражүздік помещик және ескі ғұрыпшыл көпес үкіметті барынша жақтайды. 2) *Либерал* буржуалар — «прогрессистер» және әр түрлі «ұлт өкілдері» топтарымен қоса кадеттер—үкіметке қарсы *және* революцияға *қарсы*. Қазіргі тарихи кезеңнің басты ерекшеліктерінің бірі либерализмнің контрреволюцияшылдығында болып отыр. «Мәдениетті» буржуазияның осы контрреволюцияшылдығын көрмейтін адам — барлығын ұмытқан және ешнәрсеге үйренбеген адам, мұндай адам социалист туралы айтпағанның өзінде демократ атағын бекер алып жүр. Ал трудовиктер мен «біздің» жойымпаздар нашар көреді және нашар түсінеді! 3) Демократия лагері, мұнда *тек* революцияшыл социал-демократтар, жойымпаздарға қарсылар *ғана өздерінің* революция туын топтасып, ұйымдасқан түрде, нық, ашық көтерді. Трудовиктер мен біздің жойымпаздар либерализм мен демократияның *арасында,* жария оппозиция мен революцияның арасында ауытқып жүр.

Бірінші және екінші лагерьді бөлген таптық тамырлар айқын. Бірақ екінші лагерьді үшінші лагерьден бөлген таптық тамырлар жөнінде либералдар Водовозовтан бастап Данға дейін көп адамдарды шатастыра алды. Либералдың «Запросы Жизниде» аңқаулықпен Бланк айтып салған «стратегиясы» оп-оңай: кадеттер — оппозициялық орталық, ортаға жегілген ат; шеткі аттар («бүйірдегі»)—прогрессистер оң жағында, трудовиктер мен жойымпаздар сол жағында. Милюков мырзалар осы «үш сәйгүлікке» мініп, «жауапты оппозиция» рөлінде салтанатты жеңіске «жетуге» дәмеленеді.

Либералдардың орыс азаттық қозғалысындағы гегемониясы *әрқашан да* қозғалыстың жеңіліске ұшырауы болды және әрқашан да солай болмақшы. Либерал Пуришкевичтер монархиясының және жұмысшылар мен шаруалар революциясының арасында айлалайды, қиын

кезеңдердің *барлығында* да революцияны сатып кетіп отырады. Революцияның міндеті — либералдардың үкіметке қарсы күресін *пайдалану* және либерализмнің ауытқулары мен опасыздықтарын бейтараптандыру болып табылады.

Революциямен қорқыту және осындай жолмен өкіметті Пуришкевичпен және Романовпен бөлісу, бұлармен қосылып революцияны жаныштау — либералдардың саясаты, міне, осы. Ал бұл саясатты буржуазияның таптық жағдайы басқарады. Кадеттердің арзан қолды «демократизммен» амалдауы және бұлардың Ефремовтардың, Львовтардың, Рябушинскийлердің және К⁰-ның ең баяу «прогрессизмімен» *нақты* қосылып кетуі осыдан болып отыр.

Монархияны құлататын, Пуришкевичтер мен Романовтардың тамтығын қалдырмай жоятын бұқараның революциялық тегеурінін дамыту, күшейту, нығайту үшін, либералдардың өкіметті бөлісуге бола Пуришкевичтерге қарсы жүргізіп жатқан күресін пайдалану, халық арасында либералға «сенім» орнауына *әсте де* жол бермеу — пролетариат партиясының тактикасы, міне, осындай. Сайлауда: либералдардың оңшылдарға қарсы күресін қайта дауысқа қоюда, баспасөзде, жиналыстарда «пайдалана отырып», демократияны оңшылдарға *қарсы және* кадеттерге *қарсы* топтастыру керек. Осыдан келіп — «жариялылықтың» шеңберінен дереу шығатын революциялық платформаның қажеттігі туады. Осыдан келіп — либералдардың «конституциялық» ұрандармен, «распутиндік-трещенковтық конституция» ұрандарымен амалдауына қарама-қарсы республика ұраны туады. Біздің ісіміз — барлық жерде, барлық уақытта және жаппай, жұмыстың барлық формаларында, қызметтің барлық салаларында, реакцияның жеңуі не либерализмнің опасыздық жасауы немесе дағдарыстың созыла түсуі, т. т. біздерді бұрылыстардың қандайына душар етсе де солардың бәрінде революцияшыл күрескерлер армиясын даярлау болып табылады.

Трудовиктерге қарап көріңіздер. Бұлар — sans phrases * халықшыл жойымпаздар. Біз — революционерлер-

* — бос сөзсіз. *Ред.*

міз деп «аңғартады» Водовозов мырза, *бірақ*... 129-статьяға [102] қарсы шығуға болмайды ғой, дегенді қосады ол. Герценнің туғанынан бері жүз жыл өткеннің өзінде сан миллион шаруалардың «партиясы» 129-статьяға қарамастан керек десе листок та—гектографта басылған листокты болса да!—басып шығара білмейді!! «Ең алдымен» социал-демократтармен блок жасасуға ұмтыла отырып, трудовиктер кадеттердің контрреволюцияшылдығы туралы анық айтуды білмейді, *республикалық* шаруалар партиясының негізін салуды білмейді. Ал 1905—1907 және 1908—1911 жылдардың сабағы мәселені нақ былайша қойды: республика үшін күресу керек немесе Пуришкевичтің етігін жалап, Марков пен Романовтың дүресінің астында жата беру керек. Шаруалардың басқадай таңдайтыны жоқ.

Жойымпаздарға қарап көріңіздер. Мартыновтар, Мартовтар және К° қалай жалтарса да, қалай бұлтарса да әрбір адал ниетті және байыпты оқушы былай деп табады: Р—ков *нақ әлгілердің* көзқарастарын былай деп қорытты: «Жалған үміттерге әуестенбеу керек: мейлінше баяу буржуазиялық прогрессизмнің салтанаты дайындалып жатыр». Бұл қанатты сөздің *объективті* мағынасы: революция — жалған үміт; «прогрессистерді» қолдау — нақтылы шындық. Әдейі көзін жұмып отырған біреу болмаса, басқалардың қай-қайсысы болса да Дандар мен Мартовтардың «реакцияның қолынан Думаны (төртінші Думаны, помещиктік Думаны) жұлып алу» дейтін ұран тастағанда сәл ғана басқаша сөздермен *нақ осыны* айтып отырғандығын енді де көрмей ме? жүздеген рет екі лагерь идеясына шатасып отырғанда да көрмей ме? либерал буржуалардың прогресшіл жұмысын «бүлдірмеңдер» деп айқайлап отырғанда да көрмей ме? «солшыл блокқа» қарсы айқасып отырғанда да көрмей ме? «Живое Делода» «ешкім оқымайтын шетелдік әдебиетке» маңғаздана түкіріп отырғанда да көрмей ме? *іс жүзінде* жария платформамен, ұйымға жария түрде қастық жасаумен қанағаттанып отырғанда да көрмей ме? революцияшыл РСДРП-дан қол үзіп, жойымпаздық «инициативалық топтар» [103] құрып отырғанда да көрмей ме? Право жолындағы күрес туралы либе-

ралдық идеяларды философиялық жолмен тереңдетіп отырған Левицкийлердің де, Добролюбовтың идеяларын кері айналдырып, демократизмнен *шығып* либерализмге *қарай* жаңадан «қайта қарап» шығуға салынып жүрген Неведомскийлердің де, «прогрессизмге» қарап қылмыңдап жүрген Смирновтардың да және «Наша Заря» мен «Живое Делоның» басқадай сабаздарының бәрінің де нақ сол әуенді жырлап отырғаны анық емес пе?

«Прогрессистердің» помещиктер мен буржуалар арасындағы жеңістерін шындығына келгенде демократтар мен социал-демократтар ешуақытта да, тіпті тілеген күнде де, «бүлдіре» алмаған болар еді! Мұның өзі мүлдем бос сөз болып табылады. Елеулі алауыздықтар мұнда емес. *Либералдық* және *социал-демократиялық* жұмысшы саясатының айырмашылығы мұнда емес. Прогрессистердің «жеңістерін» «мәдениетті буржуаның өкіметке жақындауы» деп біліп, прогрессистерді «қолдау» дегеніңіз либералдық жұмысшы саясаты болып табылады.

Біз, социал-демократтар, прогрессистердің «жеңісін» демократиялық өрлеудің *жанама* көрінісі деп білеміз. Прогрессистердің оңшылдармен қақтығыстарын пайдалану керек, прогрессистерді қолдау деген жалаң ұран жарамсыз. Біздің ісіміз — демократиялық өрлеуді дамыту, жаңа Россияда жаңаша өсіп келе жатқан жаңа революциялық демократияны шыңдап шығару. Бұл демократия либералдарға қарамастан нығайып, жеңіп шыға алмайтын болса,— онда прогрессистер мен кадеттердің сайлауда «жеңіске жетуінің» *ешқайсысы да* іс жүзінде Россиядағы жағдайдың елеулі ештемесін өзгерте алмайды.

Демократиялық өрлеудің бар екендігінде енді талас жоқ. Ол біздің тілегенімізден гөрі қиындау, баяулау, күрделілеу болып отыр, бірақ ол болып отыр. Сайлау жұмысы арқылы да, басқадай жұмыстар атаулы арқылы да *оны* «қолдау» керек, дамыту керек. Революциялық демократияны ұйымдастыру,— халықшылдық жоймпаздық пен халықшылдық шақырымпаздықты аяусыз сынау арқылы республикалық шаруалар партиясын шыңдап шығару,— ал бәрінен бұрын және бәрінен де

гөрі «өз үйіміздің ішінде» жойымпаздық пен шақырымпаздықтан тазару, пролетариат ішінде революциялық социал-демократиялық жұмысты және құпия социал-демократиялық жұмысшы партиясын нығайту,— біздің міндетіміз, міне, осындай. Өсіп келе жатқан революциялық дағдарыстың қалай шешілуі,— бізге байланысты емес, мыңдаған себептерге, Азиядағы революцияға және Европадағы социализмге байланысты; бірақ бұқара арасында марксизм рухында дәйекті де табанды жұмыс жүргізу бізге байланысты және тек осы жұмыс қана *ешуақытта* да босқа кетпейді.

«Социал-Демократ» № 26,
8 май (25 апрель), 1912 ж.

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

ЖОЙЫМПАЗДАР ПАРТИЯҒА ҚАРСЫ

Барлық сарындағы жойымпаздар орыстың жария баспасөзінде партия конференциясына қарсы жала жауып жүр, бұл жаланың көлеңдеген арсыздығын Булгариндер мен Бурениндер қызғанып күндеуге тиіс. «Живое Делодағы» мақалалар, делегаттарды сендерді *кім* жіберді деп ашықтан-ашық терген отырған және жария баспасөзде қорғауға болмайтын нәрсеге цензураның қорғауымен шабуыл жасап отырған мақалалар, әдебиеттік адалдықтың қарапайым ережелерін ұмытудың үлгісі болып табылатындығы сонша, бұл мақалалар конференцияны жақтаушылардың наразылығын туғызып қана қоймай, сонымен бірге әншейін адалниетті саяси қайраткерлердің барлығын жирентуге де тиіс болды. Ал «Vorwärts»-тің аноним хабарлаушысының мақалаларынан ибасыз мақтаншақтықтың және сылдыр сөзді суайттықтың исі аңқып тұрғандығы сонша, жойымпаздардың бұл мақалаларға берген заказының тәжірибелі адамның қолына түскендігіне күмән қалдырмайды*.

Жойымпаздардың тығырыққа тірелген топтары мен үйірмелері, алайда, партияға қарсы өсек тарату науқанымен шектеліп отырған жоқ. Олар өздерінің конференциясын шақыруға әрекеттенуде. Әрине, бұл

* РСДРП ішіндегі істердің шын жайымен неміс жолдастарды таныстыру үшін Орталық Органның редакциясы неміс тілінде, сөз арасында айта кетейік, «Vorwärts»-тегі анонимнің тәсілдерін әшкерелейтін арнаулы кітапша шығарды. (Қараңыз: осы том, 223—237-беттер. *Ред.)*

конференцияны шақыратын Ұйымдастыру комитетіне [104] «партиялық», «фракциялық емес», «біріктіру» сипатын беру үшін барлық шаралар қолданылған. Партия конференциясына қайсыбір себептермен наразы болғандардың барлығын жойымпаздық қармаққа іліктіру керек болғанда мұндай сөздер сондай қолайлы ғой... Троцкийге Ұйымдастыру комитеті мен болашақ жойымпаздық конференцияның күллі ізгіліктерін мақтап-мадақтау ісі тапсырылған: мұндай істі «кәнігі біріктірушіге» тапсырмағанда, басқа кімге тапсырсын. Сөйтіп ол... Вена баспаханасының қарамағындағы бар шрифтердің бәрін пайдаланып мадақтап берді: «впередшілдер, голосшылдар, партияшыл-большевиктер, партияшыл-меньшевиктер, жойымпаздар және фракциялық еместер деп аталатындар — Россияда және шетелде» — Ұйымдастыру комитетінің «жұмысын үзілді-кесілді қолдайды»... («Правда» № 24) деп соқты.

Бейшара тағы да... өтірік айтып еді, тағы да жаңылысты. 1912 жылғы конференцияға қарсы жойымпаздардың гегемониясымен соншалықты дақпыртпен даурығып даярланған блок тігіс-тігісінен түгел сөгіліп келеді, мұның сөгіліп бара жатқан себебі жойымпаздар өздерінің құлағын тым ашық көрсетіп алды. Поляктар Ұйымдастыру комитетіне қатысудан бас тартты. Ұйымдастыру комитетінің өкілімен хат жазысып, хабарласқаннан кейін Плеханов бірнеше қызықты егжей-тегжейлерді анықтады: 1) конференция «құрылтайлық», яғни РСДРП-ның конференциясы емес, қайдағы бір жаңа партияның конференциясы болмақшы екен, 2) оның шақырылу негізіне «анархиялық» принцип алыныпты, 3) «конференцияны жойымпаздар шақырмақ». Осы жағдайларды Плеханов жолдас анықтағаннан кейін, ымырашыл-большевиктер (?!) дейтіндердің батылдары барып, Троцкий... біздерді Ұйымдастыру комитетін жақтаушылардың қатарына қосып, өтірік айтты деп оны әшкерелемекші болғандығы бізді енді таңдандыра алмады. «Бұл Ұйымдастыру комитеті өзінің қазіргі құрамында, өзінің жойымпаздарға деген көзқарасын бүкіл партияға таңу тенденциясы ашықтан-ашық болып отырғанда, өз құрамын толықтыруға негіз етіп алғаны

ұйымдық анархия принциптері болып отырғанда — бұл Ұйымдастыру комитеті шын мәніндегі жалпы партиялық конференцияны шақыруға ешбір кепілдік бола алмайды»,— біздің батыр болып алған «партияшылдар» Ұйымдастыру комитеті туралы қазір осылай деп отыр. Біздің солшылдардың ішіндегі солшылдарымыз, бір кезде Ұйымдастыру комитетіне тілектес екендігін білдіруге асыққап впередшілдер қазір қайда екен — бұл бізге белгісіз, бірақ мұның маңызы да жоқ: маңыздысы сол — Ұйымдастыру комитетінің шақырғалы отырған конференциясының жойымпаздық сипатын Плехановтың даусыз айқын анықтағандығы және «ымырашылдардың» мемлекеттік кемеңгерлерінің осы фактінің алдында бас июге тиіс болғандығы. Сонда кім қалды? Көрінеу жойымпаздар мен Троцкий қалды...

Бұл блоктың негізі айқын: жойымпаздар «Живое Делода» және «Наша Заряда» «бұрынғыша» өздерінің ұстаған бағытын жүргізе беруге толық еркіндікпен пайдаланып отыр, ал Троцкий — шетелде отырып — бұларды рреволюциялық құрғақ сөзбен бүркемелейді, мұндай құрғақ сөз Троцкий үшін түк емес, ал жойымпаздарға ешқандай салмақ салмайды.

Бұл оқиғадан таяуда «За Партию»[105] дейтін париждік листок жазған, шетелде жүріп бірлік деп күрсінетіндер үшін бір кішкентай сабақ келіп шығады. Партияны құру үшін «бірлік» деп айқайлай білу жеткіліксіз болады, бұл үшін мұның үстіне қандай болса да *саяси* программа, саяси қимылдардың программасы болу керек. Жойымпаздардың, Троцкийдің, впередшілдердің, поляктардың, партияшыл-большевиктердің (?), Париждегі меньшевиктердің және т. с., т. с., т. с. блогы масқара болып күйреуге күні бұрын душар болды, өйткені ол блок принципсіздікке, екі жүзділікке және бос сөзге негізделді. Ал аңсап күрсінушілердің, ақырында, өздері үшін мына бір аса күрделі және аса қиын мәселені: өздерінің кіммен бірлескісі келетінін шешіп алғаны күнә болмас еді. Егер жойымпаздармен бірлескісі келетін болса, онда мұны қылымсымай-ақ айтса қайтеді; ал егер олар жойымпаздармен бірігуге қарсы болса, онда олар қандай бірлікті аңсап күрсінеді?

Россияда РСДРП-ның барлық қызметкерлерін қазір іс жүзінде бірден-бір біріктіріп отырған — январь конференциясы және оның сайлаған органдары. Бұдан тысқарғы нәрсе — бундшылдардың Троцкиймен бірге Ұйымдастыру комитетінің жойымпаздық конференциясын шақыру жөніндегі уәдесі ғана және жойымпаздық есірікті басынан кешіруші «ымырашылдар» ғана.

«Социал-Демократ» № 26,
8 май (25 апрель), 1912 ж.

«Социал-Демократ» газетінің текcті бойынша басылып отыр

ГЕРЦЕНДІ ЕСКЕ ТҮСІРУ

Герценнің туғанынан бері жүз жыл өтті. Оны бүкіл либералдық Россия құрметпен еске түсіріп отыр, еске түсіргенде, социализмнің елеулі мәселелеріне қалай да соқпай өтіп, *революционер* Герценнің либералдан айырмашылығы неде екенін мұқият жасырып отыр. Герценді оңшыл баспасөз де есіне алып, өмірінің соңында ол революциядан безген еді деп көріне алдап сендірмек болады. Ал Герцен туралы шетелдерде айтылып жатқан либералдық және халықшылдық сөздерден толып жатқан бос мылжыңды естисің.

Жұмысшы партиясы Герценді еске алғанда, тоғышарларша дәріптеу үшін емес, өзінің міндеттерін түсініп алу үшін, орыс революциясын даярлауда зор роль атқарған жазушының шын тарихи орнын түсініп алу үшін еске алуы тиіс.

Герцен өткен ғасырдың бірінші жартысындағы дворяндық, помещиктік революционерлер ұрпағына жатады. Дворяндар Россияға Бирондар мен Аракчеевтерді, қисапсыз көп «маскүнем офицерлерді, сотқарларды, карташы-құмарпаздарды, жәрмеңке серілерін, ит жүгіртушілерді, төбелескіштерді, дүрешілерді, сауыққұмарларды» және жайсаңсыған Маниловтарды берді. «Ал осылардың арасынан,— деп жазды Герцен,— 14 декабрь адамдары, тағы аңның сүтін еміп өскен Ромул мен Рем сияқты батырлар сапы өсіп шықты... Бұлар басынан аяғына дейін құрыш болаттан шыңдалған ке-

ремет бір батырлар еді, жас ұрпақты жаңа өмірге ояту үшін, жендеттік пен құлшылдық ортасында туған перзенттерді тазарту үшін біле тұра өлімге бастарын тіккен жауынгер сарбаздар еді».

Осындай перзенттердің бірі Герцен болатын. Декабристердің көтерілісі оны оятты және «тазартты». XIX ғасырдың 40-жылдарындағы крепостниктік Россияда ол өз заманының асқан ұлы кемеңгерлерімен деңгейлес тұратын биікке көтеріле алды. Ол Гегельдің диалектикасын игеріп ұғынды. Ол диалектика дегеніміз «революцияның алгебрасы» екенін түсінді. Ол Гегельден әрі асып, Фейербахқа ілесе материализмге қарай бет алды. Оның «Табиғатты зерттеу туралы хаттарының» 1844 жылы жазылған бірінші хаты— «Эмпирия және идеализм»— тіпті қазірдің озінде де бұл кемеңгердің осы заманның есепсіз көп табиғат зерттеуші-эмпириктерінен және қазіргі толып жатқан философтардан, идеалистер мен жартылай идеалистерден әлдеқайда жоғары тұрғанын көрсетеді. Герцен диалектикалық материализмге әбден таяп келіп, тарихи материализмнің алдына жетіп тоқтады.

Герценнің 1848 жылғы революция жеңілгеннен кейінгі рухани күйреуін туғызған да осы «тоқтау» болды. Сол кезде Герцен Россиядан кетіп, бұл революцияны тікелей бақылаған еді. Бұл кезде ол демократ, революционер, социалист болатын. Бірақ оның «социализмі» буржуазиялық, ұсақ буржуазиялық социализмнің 48-жыл заманындағы толып жатқан формалары мен түрлерінің бірі еді, ал бұларды июнь күндері біржолата құртып жіберді. Шын мәнісінде мұның өзі тіпті де социализм емес, көңілге тоқ сылдыр сөз, ақ ниетті арман еді; буржуазиялық демократия, ал сонымен қатар оның ықпалынан босанып шықпаған пролетариат өзінің *сол кездегі* революцияшылдығын осы арманға бөлеп отыратын.

Герценнің 1848 жылдан кейінгі рухани күйреуі, оны әбден меңдеген скептицизмі мен пессимизмі социализм жөніндегі *буржуазиялық жалған үміттердің* күйреуі болды. Герценнің рухани драмасы буржуазиялық демократияның революцияшылдығы (Европада) *ендігі* өліп

бара жатқан кездегі, ал социалистік пролетариаттың революцияшылдығы *әлі* кемелден*беген* кездегі бүкіл дүние жүзілік тарихи заманның туындысы және бейнесі еді. Бұл күндері өздерінің контрреволюцияшылдығын Герценнің скептицизмі туралы мәнерлі сөздермен бүркеп отырған либералдық Россияның тілбұзар серілері осыны түсінбеді және түсіне де алмады. 1905 жылғы орыс революциясын сатып кеткен, *революционер* деген ұлы атақты ойлауды да ұмытқан бұл серілер үшін скептицизм дегеніміз демократиядан либерализмге өтудің формасы еді, либерализм болғанда, 48-жылы жұмысшыларды атып, қираған тақтарды қайта орнатқан, III Наполеонға қол шапалақтаған және таптық табиғатын түсіне алмай Герцен оған *лағынет айтқан* жәдігөй, зұлым, лас және айуандық либерализмге өтудің формасы еді.

Герценнің скептицизмі «таптан жоғары тұрған» буржуазиялық демократизмнің жалған үміттерінен пролетариаттың қатаң, табанды, жеңілмейтін тап күресіне өтудің формасы еді. Бұған дәлел: Герценнің өлерінен бір жыл бұрын, 1869 жылы жазылған «Ескі жолдасқа арналған хаттар» деген атпен Бакунинге жазған хаттары. Герцен мұнда анархист Бакунинмен кетіседі. Рас, Герцен әзір бұл кетісуді өз табының жеңетініне сенімді пролетар мен өзін сақтап қалудан түңілген ұсақ буржуаның дүниеге көзқарасының арасындағы тұңғиық деп білмейді, тактикадағы кереғарлық қана деп біледі. Рас, Герцен социализм «қызметкер мен қожайынға, егінші мен мещанға бірдей арналған уағызбен» қимыл жасауға тиісті дейтін бұрынғы буржуазиялық-демократиялық сөздерді бұл жерде де тағы қайталайды. Бірақ, сөйтсе де, Бакунинмен кетіскенде Герцен өзінің назарын либерализмге емес, *Интернационалға,* Маркс басшылық еткен Интернационалға,— пролетариаттың *«полктарын жинастыра»* бастаған, «жұмыс қылмай пайдаланушылар дүниесін тастайтын» *«жұмысшы дүниесін»* біріктіре бастаған Интернационалға аударды!

Бүкіл 1848 жылғы қозғалыстың және Маркске дейінгі социализмнің барлық формаларының буржуазиялық-

демократиялық мәнін түсінбеген соң Герцен, әрине, орыс революциясының буржуазиялық табиғатын да түсіне алмады. Герцен — «орыс» социализмінің, «халықшылдықтың» негізін қалаушы. Герцен «социализмді» шаруаларды *жер беріп* азат ету, жерді қауым болып иемдену және «жерге праволы болу» жайындағы шаруа идеясы деп білді. Осы тақырыптағы өзіне ұнамды ой-пікірлерін ол қисапсыз рет өрістетіп отырды.

Іс жүзінде Герценнің бұл ілімінде, сондай-ақ қазіргі «социалист-революционерлердің» оңып кеткен халықшылдығына дейінгі бүкіл орыс халықшылдығында *бір түйір* де социализм жоқ. Мұның өзі — Батыстағы «48-жылғы социализмнің» түрлі формалары сияқты, Россиядағы буржуазиялық шаруалар демократиясының *революцияшылдығын* бөлеп отырған көңілге тоқ сылдыр сөз, дәл сол сияқты ақ ниетті арман ғана. 1861 жылы шаруалар жерді неғұрлым көп алған болса және оны олар неғұрлым арзан алған болса, крепостник-помещиктердің өкіметі де соғұрлым мықтап әлсіреген болар еді, Россияда капитализмнің дамуы да соғұрлым тез, еркін және кең жүрген болар еді. «Жерге праволы болу» мен «жерді теңгермелі түрде бөлу» идеясы помещик өкіметін толық құлату үшін, помещиктік жер иеленуді толық жою үшін күресуші шаруалар тарапынан теңдікке ұмтылған революциялық талаптарының тұжырымдамасы, онан басқа ештеңе де емес.

1905 жылғы революция мұны толық дәлелдеп шықты: бір жағынан, социал-демократиялық жұмысшы партиясын құрып, революциялық күресті бастап, пролетариат әбден дербес бой көтерді; екінші жағынан, революцияшыл шаруалар («трудовиктер» мен «Шаруалар одағы»[106]) помещиктік жер иелену тәртібін құртудың «жерге жеке меншікті жоюға» дейінгі формаларының қандайы үшін болса да күресе отырып, нақ қожайындар ретінде, ұсақ кәсіпкерлер ретінде күресті.

Қазіргі уақытта жерге праволы болудың «социалистік мәні барлығы» және тағы сондайлар жайындағы сөз таластырулар шын мәнінде маңызды және елеулі тарихи мәселені: орыс *буржуазиялық* революциясындағы либерал буржуазия мен революцияшыл шаруалар

мүдделерінің айырмашылығы туралы; басқаша айтқанда, осы революциядағы либералдық және демократиялық, «келісімпаздық» (монархиялық) және республикалық тенденциялар туралы мәселені *көмескілеп,* бүркеу үшін ғана қызмет етеді. Егер сылдыр сөзге емес, істің мәніне қарасақ,— егер тап күресін керісінше алмай, «теориялар» мен ілімдердің негізі деп алып зерттейтін болсақ, онда Герценнің «Колоколының»[107] қойғаны нақ осы мәселе.

Герцен шетелде орыстың еркін баспасөзін құрды — оның сіңірген ұлы еңбегі осында. «Полярная Звезда»[108] декабристердің дәстүрін көтерді. «Колокол» (1857—1867) бар күшін салып шаруаларды азат етуді жақтады. Құлшылық етіп тіл қатпау бұзылды.

Бірақ Герцен помещиктік, бариндік ортадан шыққан адам еді. Ол Россиядан 1847 жылы кетті, ол революцияшыл халықты көрген жоқ, сондықтан оған сене де алмады. Оның либералдықпен «жоғарыға» жүгінуі осыдан болды. Оның «Колоколда» II Александр Дарға асушыға жазған, қазір жиренбей оқуға болмайтын сансыз көп майда тілді хаттары да осыдан болды. Әртекті-революционерлердің жаңа буынының өкілдері болған Чернышевский, Добролюбов, Серно-Соловьевич демократизмнен либерализмге *қарай* әлгіндей шегінгені үшін Герценді кінәлағанда, олардікі мың мәртебе дұрыс еді. Алайда, әділін айтсақ, Герцен демократизм мен либерализм арасында қанша толқыса да оның демократтығы қалайда басым болды.

Бұрын «Колоколдың» нақ *либералдық* тенденцияларына сүйсініп жүрген, либералдық арсыздықтың ең жексұрын типтерінің бірі, Кавелин, конституцияға қарсы шығып, революциялық үгітке ауыз салып, «күштеуге» және оған шақыруға қарсы шығып, шыдамдылықты уағыздай бастаған кезде, Герцен осы либерал ақылгөймен *кетісті.* Герцен оның «либералсыған үкіметтің жасырын басшылыққа алуы үшін» жазылған «олеусіреген, қисынсыз, зиянды памфлетіне», Кавелиннің «орыс халқын мал есебінде, ал үкіметті данышпан етіп» көрсететін «саяси көлгірсіген нақылдарына» қатты шүйлікті. «Колокол» «Табыт басындағы сөз» де-

ген мақала басып, онда «өр көкірек болмашы идеясымақтарының шірік торын құрып жүрген профессорларды, бір кезде ақ көңіл болып, ал кейін есі дұрыс жастар олардың ірік-шірік пиғылдарын жақтырмайтынын көргенде өшіге кеткен экс-профессорларды» мықтап түйреді. Кавелин бұл суреттен өзін бірден тани қойды.

Чернышевский қамауға алынған кезде, залым либерал Кавелин былай деп жазды: «Тұтқынға алулар маған ашындырарлықтай болып көрінбейді... революциялық партия үкіметті құлату үшін істелген шараның бәрін жақсы деп біледі, ал үкімет өз шараларымен қорғанады». Ал Герцен Чернышевскийдің сотталуы жайында: «Ал мұнда бір бишара адамдар, жүнжіген адамдар, жасық адамдар бізді басқарып отырған осы қарақшылар мен оңбағандардың шайкасын сөкпеу керек дейді» дегенде осы кадеттің дәл өзіне жауап берген-ді.

Либерал Тургенев өзінің патшаға ниеті дұрыс екеніне сендіріп II Александрға жеке хат жазып, поляктар көтерілісін басу кезінде жараланған солдаттар үшін екі алтын берген кезде «Колокол»: «өзінің райдан қайтқанын патша ағзам білмейтіндіктен азап шегіп, күні-түні ұйқы көрмей жүргенін патша ағзамға жазған бурыл шашты Магдалина (еркек текті)» туралы жазды. Сонда Тургенев те өзін айтып отырғанын бірден білді.

Орыс либералдары тобырының бәрі Польшаны қорғайсың деп Герценнен безген кезде, «білімді қоғамның» бәрі «Колоколдан» сырт айналған кезде Герцен оған қысылмады. Ол Польшаның бостандығын қорғай берді, сөйтіп II Александрдың жуасытушыларын, жендеттерін, дарға асқыштарын түйрей түсті. Герцен орыс демократиясының абыройын сақтап қалды. «Біз орыс деген аттың абыройын сақтап қалдық,— деп жазды ол Тургеневке,— және осы үшін құлшылық ұрған көпшіліктен жәбір көрдік».

Крепостной шаруа қалыңдығының абыройын төкпек болған помещикті өлтіріпті деген хабар алынғанда, Герцен «Колоколда»: «Өте жақсы істеген!» деп қосты. «Тыныштықпен» «азат ету» үшін әскери бастықтар қойылатын болыпты деп хабарланған кезде, Герцен: «Шаруаларды тұншықтырудың орнына өз отрядымен

шаруаларға қосылған ең бірінші ақылды полковник Романовтардың тағына отырады» деп жазды. Жендеттердің қолшоқпары болмау үшін полковник Рейтерн Варшавада атылып өлгенде (1860 ж.), Герцен: «Егер ату керек болатын болса, онда қарусыздарды атуға бұйрық беретін генералдарды ату керек» деп жазды. Безднада 50 шаруаны жусатып салып, олардың басшысы Антон Петровты өлтірген кезде (1861 жылғы 12 апрельде)[109], Герцен «Колоколда» былай деп жазды:

«Әттең, менің сөздерім саған жете алатын болсайшы орыс жерінің еңбеккері әрі қасіреттісі!.. Петербург синоды мен неміс патшасы үстіңнен қаратып қойған рухани бақташыларыңа жирене қарауды мен саған қандай үйретер ем... Сен помещикті жек көресің, подъячийді жек көресің, олардан қорқасың — оның әбден дұрыс та; бірақ әлі де болса патшаға, архиерейге сенесің... оларға сенбе. Патша солармен бір, ал олар патшанікі. Оны қазір, Безднада өлтірілген жігіттің әкесі, сен де көріп отырсың, Пензада өлтірілген әкенің ұлы сен де көріп отырсың... Сенің бақташыларың — өзің секілді қараңғылар, өзің секілді кедейлер... Сен үшін Қазанда жапа шеккен басқа Антоний (епископ Антоний емес, Бездпаның Антоны) сондай адам еді... Сенің әулиелеріңнің мүрдесі қырық сегіз кереметті көрсетпейді, оларға жалбарыну тіс ауруын жазбайды; бірақ оларды көз алдыңа елестетіп еске алу бір керемет жасай алады,— ол керемет сенің азат болуың».

Бұдан құлдарша ебелектеген «жария» баспасөзге бекініп алған біздің либералдарымыз Герценнің күшті жақтарын жасырып, әлсіз жақтарын асырып, ол туралы қандай зұлым, пасық өсек таратып жатқаны көрініп отыр. 40-жылдарда Россияның өзіндегі революцияшыл халықты көре алмауы Герценнің кінәсы емес, оның кемшілігі еді. Ал оны *60-жылдарда* көрген кезде — ол ешбір қаймықпастан либерализмге қарсы революциялық демократия жағына шықты. Ол либерал буржуазияның помещиктік патшамен келісімге келуі үшін күрескен жоқ, патша өкіметін халықтың жеңуі үшін күресті. Ол революция туын көтерді.

Герценді құрметпен еске ала отырып, біз орыс революциясында қимыл жасаған үш ұрпақты, үш тапты анық көреміз. Әуелі — дворяндар мен помещиктер, де-

кабристер мен Герцен. Бұл революционерлер тобы аз. Олар халықтан тым алыс. Бірақ олардың ісі босқа кеткен жоқ. Декабристер Герценді оятты. Герцен революциялық үгітті өрістетті.

Бұл үгітті Чернышевскийден бастап «Халық еркінің»[110] ерлерімен аяқталған әртекті-революционерлер іліп әкетті, ұлғайтты, нығайтты, шынықтырды. Күрескерлер тобы ұлғая түсті, олардың халықпен байланысы жақындай түсті. «Болашақ дауылдың жас штурмандары» — деп атады Герцен оларды. Бірақ бұл әлі дауылдың өзі емес еді.

Дауыл, бұл — бұқараның өзінің қозғалысы. Пролетариат, бірден-бір ақырына дейін революцияшыл тап, осы бұқараны бастай көтерілді, сөйтіп тұңғыш рет миллиондаған шаруаларды ашық революциялық күреске көтерді. Дауылдың алғашқы тегеуріні 1905 жылы болды. Келесі тегеурін көз алдымызда өсіп келеді.

Герценді құрметпен еске ала отырып, пролетариат оның үлгісінен революциялық теорияның ұлы маңызын үйренеді;— революцияға шексіз берілгендік пен халық арасына революциялық уағыз тарату егіс пен жиын-терін арасында тіпті ондаған жылдар жатса да жоғалмайтын іс екенін түсінуді үйренеді;— орыс революциясы мен халықаралық революциядағы түрлі таптардың ролін анықтауды үйренеді. Осы сабақтардан кемелденіп толысқан пролетариат барлық елдердің социалистік жұмысшыларымен еркін одақтасуға өзіне жол ашады, сұр жыланды, патша монархиясын жаныштайды; бұқараға *еркін орыс сөзін* арнап, Герцен осы патша монархиясына қарсы күрестің ұлы туын бірінші болып көтерген болатын.

«Социал-Демократ» № 26,
8 май (25 апрель), 1912 ж.

«Социал-Демократ» газетінің текесті бойынша басылып отыр

ЕВРОПАЛЫҚ РОССИЯДАҒЫ ЖЕР ИЕМДЕНУ

30 миллион шаруаның ашаршылыққа ұшырауы Россиядагы шаруалардың хал-жағдайы туралы мәселені қайта-қайта көтеріп отыр. Әдетте бұл мәселе туралы пікір айтуда ең бастысы, атап айтқанда, ірі, негізінен дворяндық, помещиктік жер иемдену мен шаруалардың хал-жагдайының ара қатынасы еске алынбайды. Міне, осы басты мәселеге біз оқушылардың назарын аударғымыз келеді.

1907 жылы ішкі істер министрлігі «1905 жылғы жер иемдену статистикасын» басып шығарды. Шаруаларға бұрады деп ешбір күдіктенуге болмайтын осы ресми мәліметтер бойынша ашаршылықтың басты себептерінің бірі жөнінде едәуір дәл түсінік алуға болады.

Үкімет статистикасы Европалық Россияның 50 губерниясында 395 миллион десятина көлемінде жер бар деп көрсеткен. Бірақ бұл цифр істің шын жағдайының сипатын бере алмайды, өйткені оған қиыр солтүстіктегі Архангельск, Олонец және Вологда губернияларындағы 100 миллион десятинадан астам қазыналық жер кіреді. Бұл жерлердің көпшілігі ауыл шаруашылығы үшін жарамсыз; бұл—шалғай солтүстіктің тундралары мен орманы. Әдетте бұл жерлерді көрсеткенде, ауыл шаруашылығына жарамды жерлердің шын бөлінісін *көмескілеу* үшін ғана істейді.

Бұл жерлерді шығарып тастаса, жарамды жердің жалпы көлемі 280 миллион десятина (жинақтап алғанда) болып шығады. Бұлардың ішінде жеке иемдену-

дегі жер 101 миллион десятина, ал үлесті жер 139 миллион десятина деп есептеледі. Ірі помещиктік және ұсақ шаруалық жер иемденуді бөліп көрсету керек.

Ірі имениелер туралы үкімет статистикасы мынадай мәліметтерді хабарлайды:

Европалық Россиядағы жеке иеліктегі жер меншігі:

Иеліктердің мөлшері: Астам	Иеліктер	Десятина жер	Орта есеппен бір иелікке келетін десятина
500-ден 2 000 десятинаға дейін	21 748	20 590 708	947
2 000-нан 10 000 » »	5 386	20 602 109	3 825
10 000 десятина	699	20 798 504	29 754
Барлығы	27 833	61 991 321	2 227

Бұл мәліметтер толық емес, өйткені уделдік жерлер де, ірі сауда қоғамдарының жерлері де және тағы сол сияқты жерлер есептелмеген. Бірақ дегенмен орыстың помещиктік жер иемденуі туралы *басты* нәрсені біз осы мәліметтерден біле аламыз. *Жеті жүз* помещиктің *21* миллион десятина, яғни *әрқайсысының отыз мың десятинадан* дерлік жері бар.

28 мыңға жетпейтін помещиктердің 62 миллион десятина жері бар, яғни орта есеппен *әрқайсысына 2 200 десятинадан келеді.* Бұған уделдік жерлерді қосу қажет — мұндай жер *бес* миллион десятинадан астам деп есептеледі. Сонан соң *үш жарым* миллион десятинадан артығырақ жер «сауда-өнеркәсіптік, фабрикалық және басқадай» 272 серіктікке қарайды. Бұлар, сөз жоқ, ірі имениелер,— бұлардың дені Пермь губерниясында шоғырланған; мұнда осындай *тоғыз* серіктікке *бір жарым миллион дерлік* десятина жер қарайды (дәл цифр: 1 448 902).

Демек, ең ірі помещиктерге тиесі *70 миллион* десятинадан шамасы артық болмаса еш кем емес жерді көреміз. Бұл ірі помещиктердің саны *30 мыңға* жетпейді.

Енді шаруалардың жер иемденуін алайық. Үкімет статистикасының мәліметтері бойынша, ең аз үлес жері бар шаруаларда үлесті жер мынадай болған:

Үлестi жер:

Үлес мөлшерi	Үй саны	Десятина жер	Орта есеппен 1 үйге келетiн десятина
5 десятинаға дейiн	2 857 650	9 030 333	3,1
5— 8 десятина	3 317 601	21 706 550	6,5
8—15 »	3 932 485	42 182 923	10,7
Барлығы	10 107 736	72 919 806	7,0

Сонымен, 13 миллионға жуық барлық шаруа семьясының iшiнен *он миллион* шаруа семьясында *73 миллион десятина жер* бар. Орта есеппен алғанда үй басына *жетi* десятинадан келедi. Бұған жеке иелiктi ұсақ имениелердi қосу керек: 10 десятинаға дейiн жерi бар иелердiң саны 409 864 деп есептеледi, ал олардың қолындағы жер 1 625 226 десятина, яғни үй басына 4 десятинадан азырақ келедi. Демек, бiз *75 миллион* десятина жерi бар *он жарым миллионға жуық* шаруа семьясы болып отырғанын көремiз.

Ендi бiз шаруа мәселесi туралы пiкiр айтуда жиi-жиi ұмытыла беретiн немесе терiс көрсетiлетiн осы негiзгi мәлiметтердi бiр жерге жинақтай аламыз:

Iрi помещиктiк жер иемдену: *30 мың* иеге — 70 миллион десятина жер.

Ұсақ шаруалық жер иемдену: *он жарым миллион* иеге— 75 миллион десятина жер.

Әрине, бұл — жалпы мәлiмет. Шаруалардың хал-жағдайы мен iрi имениелердiң мәнiн неғұрлым егжей-тегжейлi зерттеу үшiн мәлiметтердi әр түрлi облыстар немесе аудандар бойынша, кейде тiптi жекелеген губерниялар бойынша алу керек. Бiрақ үкiметтiк лагерьдiң де, либералдық лагерьдiң де, тiптi iшiнара халықшылдық лагерьдiң де экономистерi нақ жеке облыстарға немесе мәселенiң кейбiр оқшау жақтарына сiлтеу арқылы жер туралы мәселенiң *мәнiн* жиi-жиi *көмескiлейдi*. Жер туралы және шаруалардың хал-жағдайы туралы мәселенiң *түпкiлiктi* мәнiн түсiнiп алу үшiн осы келтiрiлген негiзгi мәлiметтердi естен шығармау керек және

негізгі нәрсенің жеке нәрселер арқылы көмескіленуіне жол бермеу керек.

Осындай көмескілеулердің мысалдарын біз келесі мақалада* келтіреміз. Ал қазір бірінші негізгі қорытындыны шығарайық. Европалық Россияда жер былайша бөлінеді: 500 десятинадан аса жері бар ең ірі помещиктер 70 миллион десятина жерге ие, оның бер жағында бұл помещиктердің саны 30 мыңға да жетпейді.

Ал шаруалардың орасан көпшілігі, атап айтқанда барлығы 13 миллион шаруа семьясының ішінен он жарым миллион семьяның 75 миллион десятина жері бар.

Аса ірі помещиктік имениенің орташа көлемі —*2 200 десятина.* Ұсақ шаруа учаскесінің орташа көлемі — *жеті* десятина.

Егер отыз мың аса ірі иелердің жері он миллион шаруа үйлерінің қолына көшкен болса, онда бұл үйлердің жер иемденуі *екі есе дерлік артар еді.*

Жердің мұндай бөлінісінен помещиктер мен шаруалардың арасында шаруашылық жағынан қандай ара қатынас шығады,— бұл жөнінде келесі жолы айтамыз.

«Невская Звезда» № 3,
6 май, 1912 ж
Қол қойған: Р. Силин

«Невская Звезда» газетінің текстi бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 339—344-беттер. *Ред.*

ТРУДОВИКТЕР ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ДЕМОКРАТИЯСЫ

IV Думаның сайлауы жөніндегі сайлау науқаны жұртты біраз серпілтіп, саяси мәселелерге ынтасын арттырды. Лена оқиғалары тудырған кең қозғалыс бұл серпілісті елеулі, бұл ынтаны ерекше қажетті етті. Трудовиктердің, ягни шаруа демократиясының, жұмысшы демократиясына көзқарасы туралы мәселені талқылау қазір қай кездегіден де орынды.

В. Водовозов мырза «Еңбек тобы және жұмысшы партиясы» («Запросы Жизнидің» 17-номерінде) деген мақаласында менің «Звездадағы» «Либерализм және демократия» деген мақалаларыма* жауап бере келіп, бұл мәселеге трудовиктердің көзқарасын баяндайды. Талас Россия халқының *оннан тоғызының* мүдделерін білдіретін саяси екі бағыттың шын мәніне қатысты болып отыр. Сондықтан талас не үшін болып отырғанына барынша зер салып қарау — әрбір демократ үшін міндетті нәрсе.

I

Жұмысшы демократиясы тап күресі көзқарасын жақтайды. Жалдама жұмысшылар қазіргі қоғамдағы белгілі бір тап болып табылады. Бұл таптың жагдайы ұсақ қожайынсымақтар, шаруалар табының жағдайынан түбірімен өзгеше. Сондықтан оларды бір партияга біріктіру туралы сөз болуы да мүмкін емес.

---

* Қараңыз: осы том, 263—273-беттер *Ред.*

Жұмысшылардың мақсаты — буржуазияның үстемдігін құлату арқылы жалдама құлдықты жою. Шаруалардың мақсаты — демократиялық талаптар, крепостниктікті, оның әлеуметтік негіздері мен көріністерінің бәрін түгел жоюға қабілетті, бірақ буржуазия үстемдігін тіпті мызғыта да алмайтын демократиялық талаптар.

Бұл екеуінің ортақ міндеттері Россияда қазіргі заманда шаруа және жұмысшы демократиясын жақындастырады, бұлар бөлек жүрмесе басқаша жүре алмайды, бірақ табысқа жету мүддесі үшін демократизмге қайшы келетін нәрсенің бәріне қарсы бірлесе қимыл жасай алады және жасауға тиіс те. Егер қимыл жасаудың бұл бірлесуі немесе ортақтығы жүзеге асырылмаса, егер шаруа демократиясы либералдардың (кадеттердің) қамқорсуынан құтылмайтын болса, онда Россияның елеулі демократиялық өзгерістері туралы сөз болуы да мүмкін емес.

Жұмысшы демократтардың, марксистердің мен «Либерализм және демократия» деген екі мақаламда дамытқан көзқарастары осындай.

Көзқарастарын Водовозов мырза баяндап отырған трудовиктер «таптан жоғары тұрған» партия болғысы келеді. Олардың пікірі бойынша, бір партия «қоғамдық үш таптың»: шаруалардың, жұмысшы табының және «еңбеккер интеллигенцияның мүдделеріне толық қызмет ете алған болар еді».

Мен былай дедім: бұл «пікір» 1) экономикалық ғылымның барлық ақиқаттарына, 2) Россиядағы қазіргі заман сияқты заманды басынан кешірген елдердің бүкіл тәжірибесіне, 3) орыс тарихының ерекше маңызды, ерекше қиын дәуіріндегі — 1905 жылғы Россия тәжірибесіне қайшы келеді. Мен әр түрлі таптарды «қамтуға» деген нағыз кадеттік дәмеленуді күлкі еттім және кадеттер Маклаков мырзаларды «еңбеккер интеллигенция» деп атайтынын еске салдым.

Водовозов мырза менің осы дәлелдерімді толық және байланысымен келтірместен, үзіп-жұлып алып қарсы шығуға әрекеттеніп көреді. Мәселен, бірінші дәлелге қарсы ол былай дейді: «Шаруалар дегеніміз — өз еңбегімен күн көретін бұқара; олардың мүдделері — еңбек

мүдделері, сондықтан жұмысшылар еңбектің ұлы армиясының бір отряды болып табылатыны сияқты, олар да бір отряды болып табылады».

Мұның өзі маркстік емес, буржуазиялық экономикалық ғылым: бұл арада еңбек мүдделері туралы бос сөздер арқылы қожайынсымақ пен жалдама жұмысшының жағдайындағы түбегейлі айырмашылық көмескіленіп отыр. Жұмысшының ешқандай өндіріс құрал-жабдықтары жоқ, сондықтан ол өзін-өзі сатады, қолының күшін, өзінің *жұмыс күшін* сатады. Шаруаның өндіріс құрал-жабдықтары бар—құралдары, малы, өзінің немесе жалға алған жері бар,— және ұсақ қожайынсымақ, ұсақ кәсіпкер, ұсақ буржуа болғандықтан өз шаруашылығының *өнімдерін* сатады.

Шаруалар Россияда қазір де өз шаруашылықтары үшін кемінде *2 миллион* ауыл шаруашылық жалдама жұмысшысын жалдайды. Ал егер бүкіл помещиктік жер шаруаларға төлемсіз көшетін болса, онда олар анағұрлым көп жұмысшы жалдар еді.

Шаруаларға жердің бұлай көшуі бүкіл шаруалардың, бүкіл жалдама жұмысшылардың, бүкіл демократияның ортақ мүддесі болып табылады, өйткені помещиктік жер иемдену —Россияны Пуришкевич, онан кейін Марков 2-ші және басқадай «үшінші думашылдар», ұлтшылдар, октябристер, т. т. ерекше айқын таныстырған помещиктік саяси өкіметтің негізі деген сөз.

Бұдан көрініп отырған нәрсе мынау: надан қаражүздіктердің, ал кейде либералдардың да пікіріне қарамастан, қазір шаруалар мен жұмысшылардың алдында тұрған ортақ мақсатта социалистік ешнәрсе жоқ. Бұл мақсат — тек демократиялық мақсат. Бұл мақсатқа жету — Россия үшін бостандыққа жету болар еді, бірақ бұл әлі тіпті де жалдама құлдықты жойғандық болмас еді.

Әр түрлі таптардың бірлесе қимылдауын айтарлықтай жолға қою үшін, мұндай қимылдардың баянды және шын табысқа жетуі үшін — бұл таптардың мүдделерінің не нәрседе бірігіп, не нәрседе ажырасатындығын айқын түсіну керек. Бұл жөніндегі адасушылықтың, «түсініспеушіліктің» қандайының болса да, істі құрғақ

сөздермен көмескілеудің қандайының болса да мейлінше қатерлі мәні болмай қоймайды, табыс тамырына балта шаппай қоймайды.

II

«Егіншіліктегі еңбектің фабрикалық еңбектен өзгешелігі бар; бірақ фабрикалық еңбектің де дүкендегі приказчиктің еңбегінен өзгешелігі бар ғой,— дегенмен, «Звезда» приказчиктерге: сендер жұмысшылармен бір тап болып табыласыңдар, сондықтан сендер социал-демократияны өз өкіліміз деп қарауға тиіссіңдер деп бар күшін салып дәлелдемек болады...»

Қожайынсымақтар мен жалдама жұмысшылардың терең таптық айырмашылығы туралы дәлелдерге Водовозов мырза осылай қарсы шығады! Водовозов мырзаның пайымдаулары бұл арада да буржуазиялық саяси экономияның әдеттегі рухына толы. Егінші-қожайынсымақ фабрикантпен немесе қолөнерші-қожайынсымақпен, саудагер-қожайынсымақпен бір *тапқа* жатады; бұл арадағы айырмашылық таптар арасындағы емес, *кәсіптердің* арасындағы айырмашылық. Егіншіліктегі жалдама жұмысшы фабрикадағы және саудадағы *жалдама* жұмысшымен бір тапқа жатады.

Бұл ақиқаттардың барлығы да марксизм тұрғысынан — мейлінше түсінікті ақиқаттар. Сондықтан Водовозов мырза, егер «менің» марксизмімді «барынша қара дүрсін» деп атаса, ол мұнысымен *істің мәнін,* атап айтсақ, трудовиктердің маркстік саяси экономиядан буржуазиялық саяси экономияға қарай үнемі ауытқитынын бүркемелей аламын деп бекер ойлайды.

Менің қожайынсымақтар мен жалдама жұмысшылардың терең таптық айырмашылығы жөніндегі барлық елдердің тәжірибесі мен Россияның тәжірибесін дәлелге алуымды кейде әр түрлі партиялар бір таптың өкілі болады немесе оның керісінше болады деп көрсету арқылы теріске шығармақ болғанда Водовозов мырза нақ әлгіндей және нақ сол бағытта ауытқушылық жасап отыр. Европада жұмысшылар кейде либералдар мен анархистердің соңынан, кейде клерикалдар мен т. б. соңынан ереді. Кейде помещиктер әр түрлі партияларға бөлінеді.

Бұл нені дәлелдейді? Бұл тек *таптық* айырмашылықтармен қатар басқа айырмашылықтар да, мәселен, діни, ұлттық және басқадай айырмашылықтар да — партиялардың құрылуына әсер ететінін ғана дәлелдейді.

Бұл факт дұрыс, бірақ *біздің* таласымызға оның қандай қатысы бар? Водовозов мырза *осы ретте* таптық өзгешеліктерге *қосылатын*, Россия үшін ерекше тарихи жағдайларды, діни, ұлттық немесе басқа жағдайларды көрсете ме?

Бұл сияқты ешқандай жағдайларды Водовозов мырза көрсеткен жоқ және көрсете алмас та еді. Талас тек қана бізде «үш таптың мүдделеріне қызмет ететін» (оның бер жағында «еңбеккер интеллигенцияны» тап деп атау адам күлерлік нәрсе) «таптан жоғары тұрған» партияның болуы мүмкін бе деген мәселе жөнінде болды.

Бұл сұраққа теория: мүмкін емес!— деп айқын жауап береді. 1905 жылдың тәжірибесі де нақ осындай айқын жауап береді, бұл жылы таптық, топтық, ұлттық және басқадай айырмашылықтардың *бәрі* де орыс тарихының төтенше маңызды бетбұрыс кезеңдерінің бірінде барынша ашық және барынша бұқаралық қимылдарда ерекше айқын көрінді. Марксизм теориясын Россияда біртұтас шаруа-жұмысшы партиясының *мүмкін емес екендігін* көрсеткен 1905 жылдың тәжірибесі *дәлелдеді.*

Үш Думаның үшеуі де дәл осыны көрсетті.

Европаның әр түрлі елдерінде кей уақытта бір таптың бірнеше партияларға бөлінуіне немесе әр түрлі таптардың бір партияның басшылығымен бірігуіне сілтеме жасаудың бұл арада не қатысы бар? Мұндай сілтеменің ешбір қатысы жоқ. Мұндай сілтеме арқылы Водовозов мырза талқыланып отырған мәселеден тек басқа жаққа ауытқиды — және оқушыны да ауытқытуға тырысады.

Орыс демократиясының табысқа жетуі үшін барынша маңызды нәрсе, оның өз күштерін білуі, оның жағдайға байыптай қарауы, өзінің қай *таптарға* сүйене алатындығын айқын түсінуі. Жалған үмітке еру, таптық өзгешеліктерді құрғақ сөздермен көлегейлеу, олардан ізгі тілектер арқылы жалтарып кету — мейлінше зиянды нәрсе.

Россиядағы шаруалар мен жұмысшылардың капиталистік қоғам шеңберінде жойылмайтын, рынок үстем болып тұрғанда жойылмайтын терең таптық кереғарлығын тура мойындау керек. *Қазір* олардың мүдделерінің не нәрседе үйлесетіндігін тікелей мойындау керек. Әрбір тапты біріктіру керек, оның күштерін топтастырып, оның санасын жетілдіре беру керек және осы ортақ міндетті анықтап отыру керек.

«Радикалдық» (маған ұтымды көрінбегенмен, Водовозов мырзаның сөзін алып отырмын) шаруа партиясы — пайдалы және қажетті.

«Таптан жоғары тұрған» партия құру әрекеттерінің, шаруалар мен жұмысшыларды бір партияға біріктіру әрекеттерінің, қайдағы бір жоқ «еңбеккер интеллигенцияны» ерекше тап етіп көрсету әрекеттерінің қандайы болса да — орыс бостандығы үшін мейлінше зиянды, қатерлі, өйткені бұл сияқты әрекеттерден торығушылықтан басқа, күшті ысырап етуден басқа, сананы көмескілеуден басқа *ешнәрсе* шыға *алмайды.*

Дәйекті-демократиялық шаруа партиясының құрылуына толық тілектес бола отырып, біз әлгі айтылған әрекеттерге қарсы күресуге міндеттіміз. Сонымен қатар жұмысшылар *либералдардың* демократияшыл шаруаларға ықпал етуіне де қарсы күресуге міндетті.

III

Либералдардың буржуазиялық демократияға, кадеттердің трудовиктерге көзқарастары туралы трудовиктердің конференциясы[111] айқын және нақтылы ешнәрсе айтқан жоқ. Демократияшыл шаруалардың либералдарға тәуелді болуының нақ өзі 1905—1906 жылдардағы азаттық қозғалысының жеңіске жете алмағандығының басты себептерінің бірі болғанын, шаруалардың қалың және басшы топтары демократизмнің либерализмнен өзгешелігін ұғынбаса, либералдардың қамқорсуы мен үстемдігінен құтылмаса, бұл қозғалыстың табысқа жетуі *мүмкін еместігін* трудовиктердің түсінушілігі байқалмайды.

Водовозов мырза түбегейлі маңызы бар осы мәселені мүлде ат үсті және қанағаттанарлықсыз сөз қылды. Ол: «кадет партиясы көбінесе қала халқына қызмет етеді» дейді. Бұл дұрыс емес. Кадет партиясының таптық тамырлары мен саяси ролін бұлайша айқындау мүлде жарамсыз нәрсе.

Конституциялық-демократиялық партия — либералдық-монархиялық буржуазияның партиясы. Бұл партияның (сондай-ақ «прогрессистердің») әлеуметтік негізі — буржуазияның экономика жағынан неғұрлым прогресшіл (октябристерге қарағанда) топтары, әсіресе буржуазиялық интеллигенция болып табылады. Ал қала мен деревняның ұсақ буржуазиясының бір бөлегінің әлі де болса бұл партияның соңынан еріп отырғаны дәстүрдің (яғни жай әдеттің, кешегіні көзді жұмып қайталаудың) себебінен ғана және либералдардың тікелей алдауына түскендігінен ғана.

Кадеттер өздерін демократтармыз деп атай отырып өздерін алдайды, халықты алдайды. Іс жүзінде кадеттер — контрреволюцияшыл либералдар.

Россияның бүкіл тарихы, әсіресе XX ғасырдағы, әсіресе 1905—1906 жылдардағы тарихы мұны толық *дәлелдеді,* ал «Вехи» кітапшасы мұны ерекше анық, айқын, тұтас *көрсетіп,* әшкереледі. Сондықтан кадеттік дипломаттардың «Вехи» жөніндегі «ескертулерінің» ешқайсысы да фактіні өзгерте алмайды.

Россиядағы азаттық қозғалысының бірінші кезеңі, XX ғасырдың бірінші он жылдығы мынаны көрсетті: халықтың әлі де болса қалың бұқарасы, демократияға ұмтылса да жеткілікті дәрежеде саналы емес, либерализмді демократизмнен *ажырата алмайды,* либералдардың басшылығына бағынады. Бұл жағдай өзгермейінше және бұл өзгермей отырғандықтан, Россияның ешбір демократиялық өзгерісі туралы сөз қылудың да керегі жоқ. Бұл — құр бос сөз болып шығады.

Менің мақаламның негізі болған осы қағидаларға Водовозов мырза қандай қарсылық айтады? «Трудовиктер,— деп жазады ол,—қазіргі жағдайда кадеттердің контрреволюцияшылдығы туралы тым көп айта беруді барынша әдепсіздік (!!) деп санайды...».

Мәссаған! «Әдептіліктің» бұл арада қандай қатысы бар? «тым көп» деген сөздің бұл арада қандай қатысы бар? Егер кадеттердің контрреволюцияшыл либералдар екендігі рас болса, онда шындықты айту міндет. Контрреволюцияшыл оңшылдар туралы және контрреволюцияшыл либералдар туралы көп айту керек пе, аз айту керек пе — бұл тіпті де елеулі мәселе емес: публицист оңшылдар туралы айтқан *кездің бәрінде,* либералдар туралы айтқан кездің бәрінде ол шындықты айтуға тиіс. Трудовиктер оңшылдар туралы шындықты айтты. Бұл үшін біз оларды мақтаймыз. Либералдар туралы трудовиктердің *өздері* айта бастады — бірақ *шындықты түгел айтпады!*

Біз трудовиктерді тек осы үшін ғана жазғырамыз.

«Тым көп пе» немесе тым аз ба,— мұның тіпті де қатысы жоқ. Трудовиктер оңшылдарға мың жол арнап жазып, либералдарға — бес жол арнай берсін, біздің бұған ешбір қарсылығымыз жоқ. Трудовиктерге біз бұл үшін қарсы болғанымыз жоқ. Біз қарсы болғанда — осы «бес жолда» (—егер сіз өзіңіздің қолайсыз айтылған: «тым» деген сөзіңізді таласқа енгізген болсаңыз, онда өзіңізден көріңіз, Водовозов мырза!—) либералдар туралы шындықтың айтылмай *қалғанына* қарсы болдық.

Водовозов мырза шын мәнінде: кадеттер контрреволюцияшыл ма әлде олай емес пе?— деген сұраққа жауап беруден бұлтарды.

Трудовиктердің бұл сұраудан бұлтаруы — үлкен қате, бұл қате демократтардың бір бөлегінің және бұрынғы марксистердің бір бөлегінің *іс жүзінде* либерализмге *дегенде* тәуелділігін білдіреді.

XX ғасырдың бірінші он жылының бүкіл тарихы бұл мәселені бұлтартпай қойып отыр.

Қазір Россияда барлық жерлерде де, халықтың мейлінше әр түрлі топтарында, *жаңа* демократиялық элементтер көбейіп келеді. Бұл факт. Көбейе отырып бұл демократиялық элементтер *дәйекті* демократизм рухында тәрбиеленуге тиіс. Либералдардың шын мәнін түсіндірмейінше мұндай тәрбиелеу мүмкін емес, ал либералдардың қолында жүздеген органдары бар және Думада

жүз орны бар, бұлар осы арқылы біздің уағыздауымызға болатын адамдар санынан анағұрлым көп адамға *жалған*-демократиялық бағытта ұдайы әсер етіп отырды.

Демократия өзінің күштерін топтастыруға тиіс. Трудовиктердің оқшылдар туралы демократиялық сөздері үшін біз оларды қашан да болса мақтаймыз. Бірақ олар либералдар туралы айтқанда, *сол кезде,* демократқа лайық тілмен айтудың орнына *либералдарша* айтатын болса, онда олардың демократизмі дәйекті демократизм болмайды.

Сайлауда екі лагерь емес, үш лагерь күресіп отыр. Трудовик мырзалар, екінші (либералдық) лагерьді үшінші (демократиялық) лагерьмен шатастырмаңыздар. Бұлардың арасындағы айырманы көмескілемеңіздер — бұл сияқты нашар іс жөнінде либералдар *«тым көп»* қам жасап жүр.

«Правда» №№ 13 және 14;
8 және 9 май, 1912 ж.
Қол қойған: П. П.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РОССИЯДАҒЫ САЯСИ ПАРТИЯЛАР

Мемлекеттік думаның сайлауы барлық партияларды өзінің үгітін күшейтуге, «өз» партиясының депутаттарын көбірек өткізу үшін өз күштерін жинауға мәжбүр етіп отыр.

Осыдан келіп басқа елдердің бәріндегі сияқты, бізде де сайлау алдындағы мейлінше дөрекі жарнама өріс алып отыр. Барлық буржуазиялық партиялар, яғни капиталистердің экономикалық артықшылықтарын қорғайтындар, жекелеген капиталистер өз товарларын қалай мадақтайтын болса, өз партияларын солай мадақтап отыр. Кез келген газеттегі сауда-саттық хабарландыруларын қарап көріңіздер — сонда сіздер капиталистердің өз товарлары үшін мейлінше «өтімді», құлақ жарарлық, сәнге айналған атауларды ойлап шығаратынын және тіпті ешнәрседен қысылып-қымтырылмай, тіпті ешбір өтірік пен бөспеліктен іркілмей, оларды жер-көкке сыйғызбай мақтайтынын көресіздер.

Жұрт — ең болмағанда, үлкен қалалар мен саудалы жерлерде — сауда-саттық жарнамасына әлдеқашан еті үйренген және оның бағасын да біледі. Өкінішке орай, саяси жарнама анағұрлым көп халықты жаңылдырады, оны әшкерелеу анағұрлым қиын, бұл арада алдаушылық анағұрлым берік бекінеді. Партиялардың аттары — Европада да, бізде де — кейде тікелей жарнамалық мақсат бойынша таңдап алынады, партиялардың «программалары» көбінесе жұртты тек алдау үшін ғана жазылады. Капиталистік елде саяси бостандық неғұр-

лым көп болса, демократизм, яғни халықтың және халық өкілдерінің билігі неғұрлым көп болса, партиялық жарнама екінің бірінде соғұрлым шімірікпей жүргізіледі.

Істің жайы осындай болып отырғанда партиялық күрестің мәнін қалай түсінуге болады? Алдау және жарнама көмегімен жүргізілетін бұл күрес, дөрекі реакционерлердің, парламентаризм жауларының сендіруге тырысып жүргені сияқты,— өкілдік мекемелер, парламенттер, халық өкілдерінің жиналыстары жалпы пайдасыз және тіпті зиянды деген сөз болып шықпай ма? Жоқ. Өкілдік мекемелер жоқ болса алдау, саяси өтірік, әр алуан алаяқтық әрекеттер *бұдан анағұрлым көп болады* және халықтың қолында өтірікті әшкерелеу, шындыққа жету құралдары анағұрлым аз болады.

Партиялық күресті түсініп білу үшін сөзге сенудің керегі жоқ, қайта партиялардың шын тарихын зерттеу керек, зерттегенде партиялардың өздері туралы айтқандарын емес, олардың *істеп* отырғанын, әр түрлі саяси мәселелерді шешуде олардың не істейтінін зерттеу керек, қоғамның әр түрлі таптарының, помещиктердің, капиталистердің, шаруалардың, жұмысшылардың және тағы сондайлардың өмірлік мүдделеріне қатысы бар істерге келгенде олардың *өздерін* қалай *ұстайтынын* зерттеу керек.

Ел ішінде саяси бостандық неғұрлым көп болса, оның өкілдік мекемелері неғұрлым берік және неғұрлым демократияшыл болса, халық бұқарасы партиялық күресті соғұрлым оңай түсінетін болады және *саясатты* оңай *үйренетін* болады, яғни алдауды әшкерелеп, шындыққа оңай жететін болады.

Қай қоғамның болса да саяси партияларға бөлінуі бүкіл елді шайқалтатын терең дағдарыстар кезінде бәрінен де айқынырақ көзге түседі. Ондай кезде үкімет қоғамның әр түрлі таптарынан тірек іздеуге мәжбүр болады; елеулі күрес бос сөз атаулыны, ұсақ-түйек, түпкілікті емес атаулыны ысырып тастайды; халық *бұқарасына* сөз арнап, партиялар өздерінің барлық күшін жұмылдырады, ал дұрыс сезім жетелеген, ашық күрестің тәжірибесінен көзі ашылған бұқара белгілі бір таптың мүдделерін білдіретін партиялардың соңынан ереді.

Мұндай дағдарыс замандары сол елдің қоғамдық күштерінің партиялық топтарға бөлінуін көп жылдар бойына және тіпті ондаған жылдар бойына әрдайым анықтап отырады. Мәселен, Германияда 1866 және 1870 жылдардағы соғыстар осындай дағдарыс болды; Россияда 1905 жылғы оқиғалар осындай дағдарыс болды. Сол жылдың оқиғаларына қайта соқпайынша, біздегі саяси партиялардың мәнін түсініп болмайды, Россиядағы белгілі бір партияның қандай *таптардың* өкілі екенін ұғынып болмайды.

Россиядағы саяси партиялар туралы қысқаша очеркімізді әсіре оңшыл партиялардан бастайық.

Ең шеткі оң қанаттан «Орыс халқы одағын» [112] көреміз.

Бұл партияның программасы «Орыс халқы одағының» А. И. Дубровин бастырып шығаратын хабаршысы «Русское Знамяда» [113] былай баяндалады:

«1907 жылы 3 июньде мәртебелі патша ағзамның өзіне сенімді тірек болуға шақырған ілтипатына ілiккен Орыс халқы одағы жұрттың бәрі үшін және барлық жағынан да заңдылық пен тәртіптің үлгісі бола отырып, патшаның еркі тек мынадай жағдайда ғана жүзеге асады деп сенеді: 1) канон негізінде құрылған россиялық православие шіркеуімен айырылмастай, біте қайнап байланысқан патша самодержавиесінің күші толық көрінгенде; 2) орыс халқы ішкі губернияларда ғана емес, сонымен қатар шеткері аймақтарда да үстемдік еткенде; 3) тек орыс адамдарынан ғана құрылған, патшаның мемлекеттік құрылыс жөніндегі еңбегінде оған басты көмекші болатын Мемлекеттік дума өмір сүргенде; 4) Орыс халқы одағының еврейлер жөніндегі негізгі ережелері толық сақталғанда және 5) патшаның самодержавиелік өкіметіне қарсы адамдардың қатарына жататын чиновниктер мемлекеттік қызметтен қуылғанда жүзеге асады».

Оңшылдардың осы салтанатты декларациясын дәлме-дәл келтіргенде біз, бір жағынан, оқушыны тікелей түп нұсқамен таныстыру үшін, ал екінші жағынан—осында баяндалған негізгі дәлелдемелер III Дума көпшілігінің барлық партиялары үшін, яғни «ұлтшылдар» үшін де, октябристер үшін де күшінде қалып отырғандықтан келтіріп отырмыз. Мұның өзі бұдан арғы баяндаудан көрінетін болады.

Орыс халқы одағының программасы, шын мәнінде, крепостниктік право заманындағы ескі ұранды — православие, самодержавие, халықтық деген ұранды қайталайды. Әдетте Орыс халқы одағын оның соңынан ерген партиялардан бөлектеуге негіз болып жүрген мәселе жөнінде, атап айтқанда: орыс мемлекеттік құрылысында «конституциялық» негіздердің мойындалу немесе мойындалмау мәселесі жөнінде Орыс халқы одағының жалпы өкілдік мекемелерге *тіпті де* қарсы емес екендігін атап көрсетудің ерекше мәні бар. Орыс халқы одағының Мемлекеттік дума «көмекші» ролінде өмір сүрсін дейтіні осы келтірілген программадан көрініп отыр.

Орыс конституциясының, егер бұлай деп айтуға болатын болса, өзіндік өзгешелігін дубровиншіл дұрыс та көрсеткен, яғни істің нақты жағдайына сәйкес көрсеткен. Ұлтшылдар да, октябристер де өздерінің шын саясатында нақ осы позицияда тұр. «Конституция» туралы бұл партиялардың арасындағы талас көбінесе тек мынадай сөздер туралы таласқа ғана саяды: «оңшылдар» Думаға қарсы емес, бірақ олар Думаның праволарын ешбір анықтаусыз-ақ, ол «көмекші» болуға тиіс дегенді ғана айрықша ыждаһатпен атап көрсетеді, ұлтшылдар мен октябристер өз тарапынан ешқандай да қатаң белгіленген праволар болсын демейді, правоның шын кепілдігі туралы тіпті ойламайды да. Сөйтіп октябризмнің «конституцияшылдары» үшінші июнь конституциясында «конституцияға қарсылармен» толық келіседі.

Жалпы бұратаналарды және әсіресе еврейлерді қуғындау қаражүздіктердің программасында тікелей, айқын, анық қойылған. Барлық уақыттағы сияқты, олар бұл арада да үкіметтік басқа партиялардың азды-көпті «ұялып» немесе дипломаттық жасап жасыратын нәрселерін дөрекілігін, әдепсіздігін асыра түсіп, еліре түсіп көрсетіп отыр.

Бұратаналарды қуғындауға іс жүзінде ұлтшылдар да, октябристер де қатысады, мұның өзі жұрттың бәріне және III Думаның қызметімен, «Новое Время», «Свет»,[114] «Голос Москвы» т. с. сияқты баспасөзбен азды-көпті таныстығы бар әрбір адамға белгілі.

Мынадай сұрақ туады: оңшылдар партиясының әлеу-

меттік негізі неде? ол қай таптың өкілі? ол қай тапқа қызмет етеді?

Крепостниктік право ұрандарына қайта оралу, орыс өміріндегі ескінің, орта ғасырлықтың бәрін жақтау, үшінші июнь — *помещиктік* — конституциясына толық қанағаттанушылық, дворяндар мен чиновниктердің артықшылықтарын қорғау — міне, осының бәрі біздің сұрағымызға анық жауап береді. Оңшылдар — крепостник помещиктердің, Біріккен дворяндар советінің [115] партиясы. Екінші Думаны қуып таратуда, сайлау заңын өзгертуде және 3 июнь төңкерісінде нақ осы советтің соншалық көрнекті, ол ол ма, басшылық роль атқарғаны тегін емес.

Россиядағы бұл таптың экономикалық күшін анықтау үшін ішкі істер министрлігі басып шығарған, 1905 жылғы жер жөніндегі *үкіметтік* статистиканың цифрлары дәлелдейтін мынадай негізгі фактіні келтірудің өзі жеткілікті.

Европалық Россияда 30 000-нан азырақ помещиктің 70 000 000 десятина жері бар; үлесті жері ең аз 10 000 000 шаруа семьясының да *соншалық-ақ* жері бар. Ең ірі бір помещикке, орта есеппен, 2 300 десятинаға жуық жер келеді, ең кедей бір шаруаға — семьясына, үй басына 7 десятина жер келеді.

Шаруаның мұндай «үлесті жерде» өмір сүре алмайтыны, тек қана қиналып барып өлетіні әбден табиғи және сөзсіз нәрсе. Миллиондаған адамдардың — биылғы жылғы ашаршылық сияқты — ұдайы ашаршылыққа ұшырауы Россияда егін шықпай қалған әрбір жыл сайын шаруа шаруашылығының шырқын бұза береді. Шаруалардың әр алуан *жұмыспен өтеу* жолымен помещиктен жер алуына тура келеді. Жер үшін шаруа өзінің атымен, өзінің құралдарымен помещикке жұмыс істейді. Мұның өзі—тек ресми түрде крепостниктік право деп аталмайтын барщинаның дәл өзі. 2300 десятина жер учаскесінде помещиктер көбінесе кіріптарлық, жұмыспен өтелетін, яғни барщиналық шаруашылықтан басқа шаруашылық жүргізе де алмайды. Жалдама жұмысшылар жалдап, олар осы орасан үлен имениелердің тек бір бөлегін ғана ұқсатады.

Онан соң, мемлекетке бүкіл жоғары және орта чиновниктердің басым көпшілігін беріп отыратын да нақ осы помещик-дворяндар табы. Россиядағы чиновниктердің артықшылықтары — бұл дворян-помещиктердің артықшылықтары мен жер жөніндегі өктемдігінің екінші бір жағы болып табылады. Осыған қарағанда Біріккен дворяндар советі мен «оңшыл» партиялардың кездейсоқ түрде емес, сөзсіз, жекелеген адамдардың «зұлымдық еркі» бойынша емес, көремет күшті *таптың мүдделерінің* қысымы арқылы ескі крепостниктік дәстүрлер саясатын жақтайтындығы түсінікті нәрсе. Ескі билеуші тап, кенже-помещиктер, бұрынғысынша билеуші болып қала отырып, өзіне тиісті партия құрды. «Орыс халқы одағы» немесе Мемлекеттік дума мен Мемлекеттік советтің «оңшылдары» дәл осы партия болып табылады.

Бірақ өкілдік мекемелер бар болғандықтан, *бұқара* саяси аренаға, бізде 1905 жылы шыққаны сияқты, ашықтан-ашық шығып отырғандықтан — әрбір партияның белгілі бір шеңберде халыққа жүгінуі қажет болады. Оңшыл партиялар халыққа жүгініп, сөз салғанда не айтады екен?

Әрине, помещик мүдделерін қорғау туралы тура айтуға болмайды. Жалпы ежелгі дәстүрді сақтау туралы айтылады, бұратаналарға, әсіресе еврейлерге сенімсіздікті қоздыруға, «жидті» ойрандап, қуғындауға мүлде артта қалған, мүлде қараңғы адамдарды еліктіруге барынша күш салынады. Дворяндардың, чиновниктердің және помещиктердің артықшылықтарын бұратаналар орыстарды «езіп» отыр деген сөздермен бүркеуге тырысады.

«Оңшылдар» партиясы осындай. Бұл партияның мүшесі Пуришкевич, оңшылдардың III Думадағы ең көрнекті шешені,— оңшылдардың *нені* тілейтінін, олардың *қалай* қимылдайтынын, олардың *кімге* қызмет ететінін халыққа *көрсету* үшін өте көп, айтарлықтай жұмыс жасады. Пуришкевич — талантты үгітші.

III Думада 46 депутаты бар «оңшылдармен» қатар *«ұлтшылдар»* тұр — бұлардың 91 депутаты бар. Бұларды оңшылдардан айыратын белгі мүлдем болмашы ғана: анығында, бұл екі партия емес, бір ғана партия, бұрата-

наны, «кадетті» (либералды), демократты, т. т. қуғындау жөніндегі «еңбекті» өзара бөлісіп алған партия. Бұлардың біреуінің дөрекілеу, екіншісінің ептірек *істейтіні* нақ сол бір іс. Әрқилы жанжалға, ойранға, Герценштейндерді, Иоллостарды, Караваевтарды өлтіруге қабылеті бар «әсіре» оңшылдардың біраз шеткері тұруы, *олардың* үкіметті оң жақтан «сынаған» сияқты болуы үкіметке де *тиімді*... Оңшылдар мен ұлтшылдардың арасындағы айырмашылықтың елеулі мәні болуы мүмкін емес.

III Думадағы *октябристер*, әрине, соның ішінде «оңшыл октябристерді» де қоса санағанда, 131 депутат. Қазіргі саясатта оңшылдардан ешқандай елеулі айырмасы жоқ бола отырып, октябристердің оңшылдардан айырмасы мынадай ғана: бұл партия помещиктен басқа тағы да ірі капиталиске, ескі ғұрыпшыл көпеске, жұмысшылардың, олардың соңынан шаруалардың да дербес өмірге оянуынан қорыққаны сонша, ескі тәртіптерді қорғауға бүтіндей бет бұрған буржуазияға қызмет етеді. Помещиктер бұрынғы крепостнойларға қалай қараса, жұмысшыларға содан ешбір артық қарамайтын капиталистер Россияда бар — олар тіпті аз да емес; жұмысшылар, приказчик — олар үшін баяғы қаратабан, малай болып есептеледі. Бұл ескі тәртіптерді оңшыл партиялардан, ұлтшылдар мен октябристерден артық ешкім де қорғай алмайды. 1904 және 1905 жылдардағы земстволық және қалалық съездерде «конституцияны» талап еткен, бірақ жұмысшыларға *қарсы* үшінші июнь конституциясына толық келісуге дайын капиталистер де бар.

Октябристер партиясы — помещиктер мен капиталистердің басты контрреволюциялық партиясы. Бұл — III Думаның басқарушы партиясы: 131 октябрист 137 оңшылмен және ұлтшылмен бірге үшінші Думада қомақты көпшілік болып отыр.

1907 жылғы үшінші июнь сайлау заңы помещиктер мен ірі капиталистердің көпшілік болуын *қамтамасыз етті:* Думаға депутаттар жіберетін губерниялық сайлау жиналыстарының *бәрінде* көпшілік помещиктерге және 1-қалалық (яғни ірі капиталистік) курияның сайлам-

шыларына тиіп отыр. 28 губерниялық жиналыста көпшілік тіпті бірыңғай жер иеленуші сайламшылардың қолында. 3 июнь үкіметінің бүкіл саясаты октябристік партияның көмегімен жүргізілді, III Думаның барлық күнәлары мен қылмыстары осы партияның жауапкершілігіне жатады.

Сөз жүзінде, өзінің программасында октябристер «конституцияны» және тіпті... бостандықты жақтайды! Іс жүзінде бұл партия жұмысшыларға қарсы (тіпті қауіпсіздендіру туралы заң жобасын алыңыз,— Думаның жұмысшы мәселесі жөніндегі комиссиясының *председателі* барон Тизенгаузенді еске түсіріңіз!), шаруаларға қарсы, озбырлық пен правосыздықты шектеуге қарсы шаралардың бәрін қолдады. Октябристер — нақ ұлтшылдар сияқты үкіметтік партия болып табылады. Октябристердің мезгіл-мезгіл — және әсіресе сайлау алдында! — «оппозициялық» сөздер сөйлегенінен бұл жағдай ешбір өзгермейді. Парламенттер өмір сүріп отырған жерлердің барлығында да буржуазиялық партиялардың *оппозиция* болып *амал-айла* жасайтыны көптен бері байқалып келеді және үнемі байқалып отыр, бұл амал-айла олар үшін зиянсыз, өйткені ешбір үкімет оны елеулі деп есептемейді,бұл амал-айла оппозицияшылдықпен «боямалап» қойылуға тиісті сайлаушы алдында кейде пайдасыз да емес.

Алайда үшінші Думаның басты оппозициялық партиясы — кадеттер, *конституциялық «демократтар»*, «халық бостандығы» партиясы оппозиция болып амал-айла жасаудың мамандары мен шеберлері болып табылады.

Осы партияның атының өзі-ақ амал-айла болып табылады, өйткені бұл партия іс жүзінде *әсте де* демократиялық партия *емес, тіпті де* халықтық партия *емес*, бостандық партиясы емес, егер ширек бостандық партиясы болмаған күнде де жарты бостандық партиясы.

Іс жүзінде бұл — реакциядан гөрі халық қозғалысынан анағұрлым көбірек қорқатын либералдық-монархиялық буржуазия партиясы.

Бұқара қозғалысының капиталистік құрылыс шеңберіндегі маңызы туралы көбіне қате ұғымда болғанымен (буржуазиялық демократтар, трудовиктер осындай), де-

мократ халыққа сенеді, бұқараның қозғалысына сенеді, оған барынша көмектеседі. Демократ орта ғасырлық атаулының *бәрінен* арылуға шын ниетпен ұмтылады.

Либерал бұқара қозғалысынан қорқады, оны бөгейді және бұқараға қарсы, әсіресе жұмысшыларға қарсы тірек ету үшін орта ғасырлықтың белгілі, әрі ең басты мекемелерін *саналы түрде* қорғайды. Пуришкевичтермен өкімет билігін бөлісу — Пуришкевичтер өкіметінің барлық негіздерін тіпті де жою емес — либералдар, міне, осыған тырысады. Пуришкевичшілдіктің барлық негіздерін жоюға шын ниетімен ұмтыла отырып және жалдама жұмысшылардың капиталға қарсы күресінің маңызын түсінбей, демократиялық ұсақ буржуа (оның ішінде шаруа мен трудовик те) — бәрі халық үшін, барлығы халық арқылы болсын дейді. Мұның керісінше, либералдық-монархиялық буржуазияның шын мақсаты — жұмысшылардың *үстінен* және ұсақ қожайынсымақтардың *үстінен* жүргізілетін өкімет билігін Пуришкевичпен бөлісу болып табылады.

Кадеттер I және II Думада көпшілік болды немесе үстем жағдайда болды. Мұны олар мағынасыз да абыройсыз *амалдау* үшін пайдаланды: оң жаққа дұрыс ниеттілік пен министрлікшілдік (біз барлық қайшылықтарды бейбіт жолмен шешуге қабілеттіміз, мужикті де бұзбауға, Пуришкевичті де ренжітпеуге қабілеттіміз дейді), сол жаққа—демократизм жасап амалдау үшін пайдаланды. Кадеттер осындай амалдау нәтижесінде, ақыр-аяғында, оң жақтан тепкі жеді. Сол жақтан кадеттер халық бостандығының сатқындары деген әділ атаққа ие болды. Алғашқы екі Думаның екеуінде де кадеттер өне бойы тек жұмысшы демократиясына ғана емес, сонымен қатар трудовиктерге де қарсы күресумен болды. Трудовиктер ұсынған жер жөніндегі жергілікті комитеттер (I Дума) жоспарын еске салсақ та жеткілікті, осы қарапайым-демократиялық, жай-демократиялық жоспардың өзін кадеттер *өткізбей тастады,* жерге орналастыру комиссияларында шаруаға помещик пен чиновниктің *үстемдігін* қорғады!

III Думада кадеттер «жауапты оппозиция», ілік жалғаулы оппозиция болып амалдады. Осы үшін олар үкі-

меттің бюджетін бірнеше рет қолдап дауыс берді («демократтар»!), олар октябристерге өздерінің «еріксіз» (шаруалар үшін еріксіз) төлемінің қауіпсіз және зиянсыз екендігін түсіндірді — Березовский 1-шіні еске түсіріңіз, олар «құдайшыл» сөздер сөйлеу үшін Карауловты мінбеге жіберді, олар бұқара қозғалысынан безді, олар «жоғарыға» сөз салып, төменгілерді *тыйып тастап* отырды (жұмысшыларды қауіпсіздендіру туралы мәселеде кадеттердің жұмысшы депутаттарға *қарсы* күресі), т. т. және т. с.

Кадеттер — контрреволюциялық либерализм партиясы. Кадеттер өздерінің «жауапты оппозиция» ролінe, яғни үшінші июнь режиміне қарсы оппозицияның емес, қайта үшінші июнь режимінің танылған, заңды, октябристермен бәсекелеуге *жол берілген* оппозициясының роліне дәмеленуі арқылы — осы дәмеленуі арқылы кадеттер өздерін «демократ» ретінде біржолата жерледі. Розанов пен Антоний Волынский бетінен сүйіп бітірген Струве, Изгоев мырзалар мен К° секілді кадет идеологтарының вехилік арсыз уағызы және III Думада «жауапты оппозицияның» ролі мұның өзі бір медальдың екі жағы болып табылады. Пуришкевичтер төзіп отырған либералдық-монархиялық буржуазия Пуришкевичпен қатар отырғысы келеді.

Кадеттердің «прогрессистермен» қазіргі уақытта, IV Думаның сайлауында блок жасасуы кадеттердің мейлінше контрреволюцияшылдығын тағы да дәлелдеді. Прогрессистердің демократизм жөнінде ешқандай дәмесі жоқ, бүкіл 3 июнь режиміне қарсы күресу туралы бірде-бір сөз айтпайды, ешқандай «жалпыға бірдей сайлау правосы» туралы арман етпейді де. Бұлар — өздерінің октябристермен туыстас екендігін жасырмайтын баяу либералдар. Кадеттердің прогрессистермен одақтасуы кадеттік партияның шын мәнісіне «кадет шылауындағылардың» ең көрмейтіндерінің де көзін ашуға тиіс.

Ең солшыл эсерлерден бастап энестер [116] мен трудовиктерге дейінгі барлық сарындағы халықшылдар — Россиядағы *демократиялық буржуазияның* өкілі болып табылады. Бұлардың бәрі «социалистік» құрғақ сөздерді құштарлана айтады, бірақ саналы жұмысшы бұл құр-

ғақ сөздердің мәні жөнінде алданбауға тиіс. Іс жүзінде «жерге праволы болудың» ешқайсысында да, жерді «теңгермелі түрде бөлудің» ешқайсысында да, «жерді социализациялаудың» ешқайсысында да социализмнің *бір түйірі* де жоқ. Жерге жеке меншікті жойғанда және жерді қайтадан, тіпті барынша «әділетті түрде» бөлгеннің өзінде де товар өндірісінің, рынок, ақша, капитал өктемдігінің мызғымайтындығы былай тұрсын, қайта мұның керісінше, бұрынғыдан да бетер өрістей түсетіндігін білетін адамдардың қай-қайсысы болса да мұны түсінуге тиіс.

Бірақ «еңбек негізі» және «халықшылдық социализм» туралы сөздер жер иеленудегі, ал сонымен қатар саяси құрылыстағы орта ғасырлықтың *бәрін* жою мүмкіншілігіне және жою қажеттігіне демократтың мейлінше сенетіндігін (және шын пейілімен ұмтылатындығын) көрсетеді. Егер либералдар (кадеттер) саяси өкімет пен саяси артықшылықтарды Пуришкевичтермен бөлісуге тырысатын болса, халықшылдардың демократ болатынының өзі де сол, олар қазіргі уақытта жер иеленудегі *барлық* артықшылықтар мен саясаттағы *барлық* артықшылықтарды жоюға ұмтылады және осыған ұмтылуға да тиіс.

Орыс шаруаларының орасан көп бұқарасының жағдайы сондай, олар Пуришкевичтермен ешқандай келісім (либерал үшін әбден мүмкін, қолы жете алатын және *жақын* келісім) туралы армандай да алмайды. Сондықтан ұсақ буржуазия демократизмінің Россияда әлі де болса көп уақытқа бұқаралық тамыры бар, ал Пуришкевичтердің мужикке қарсы буржуазиялық саясаты болып отырған столыпиндік аграрлық реформа осы уақытқа дейін мықты еш нәрсе жасаған жоқ, бар жасағаны... 30 миллион халықты ашаршылыққа ұшыратқаны болды!

Ашаршылыққа ұшыраған миллиондаған ұсақ қожайынсымақтар *басқадай*, демократиялық, аграрлық реформаға ұмтылмай тұра алмайды—мұндай реформа капитализмнің шеңберінен шығып кете алмайды, жалдама құлдықты жоя алмайды, бірақ орыс жерінің бетінен *орта ғасырлықты* ысырып тастай *алады.*

Трудовиктер III Думада мейлінше әлсіз, бірақ олар *бұқараның* өкілі. Трудовиктердің кадеттер мен жұмысшы демократиясының арасында ауытқуы ұсақ қожайындардың таптық жағдайынан сөзсіз келіп шығып отыр, оның бер жағында оларды топтастырудың, ұйымдастырудың және ағартудың ерекше қиыншылығы трудовиктердің партиялық жағынан мейлінше әрі-сәрілігін, тұрлаусыздығын туғызады. Сондықтан трудовиктер — солшыл халықшылдардың есуас «шақырымпаздығының» жәрдемімен — жойылған партияның қайғылы көрінісі болып табылады.

Трудовиктердің біздің, марксист-дерлік, жойымпаздардан айырмасы сол, трудовиктер — әлсіздіктен болған жойымпаздар, ал екіншілер — ашу-ызадан болған жойымпаздар. Ұсақ буржуазиялық әлсіз демократтарға көмектесу, оларды либералдардың ықпалынан құтқару, демократия лагерін оңшылдарға ғана қарсы топтастырып қоймай, контрреволюцияшыл кадеттерге де қарсы топтастыру — жұмысшы демократиясының міндеті осындай.

III Думада өзінің фракциясы болған жұмысшы демократиясы жөнінде біз бұл арада тек аз-кем жайды ғана айта аламыз.

Европаның барлық жерінде де жұмысшы табының партиясы жалпы демократиялық идеологияның ықпалынан құтыла отырып, жалдама жұмысшылардың капиталға қарсы күресін феодализмге қарсы күрестен айырып қарауға үйрене отырып, оның бер жағында, атап айтқанда осы соңғы күресті күшейту үшін, оны солқылдақтық пен жалтақтық атаулының бәрінен құтқару үшін үйрене отырып, қалыптасқан болатын. Россияда жұмысшы демократиясы жалпы демократия ісінің орасан зор пайдасына либерализмнен де, буржуазиялық демократиядан да (трудовикшілдіктен) толық ажырап шықты.

Жұмысшы демократиясындағы жойымпаздық ағым («Наша Заря» мен «Живое Дело») трудовикшілдіктің әлсіздігіне ортақ, тұрлаусыздықты мадақтайды, «шыдауға болатын» оппозиция жағдайына ұмтылады, жұмысшылардың гегемониясынан безеді, «ашық» ұйым

туралы (жасырын ұйымды сөге отырып) *сөзбен* ғана шектеледі, либералдық жұмысшы саясатын уағыздайды. Бұл ағымның контрреволюция заманындағы бытыраумен және түңілушілікпен байланысы айқын, оның жұмысшы демократиясынан бөлініп қалғандығы айқындалып келеді.

Саналы жұмысшылар, ешнәрсені жоймай-ақ, либералдық ықпалдарға қарама-қарсы топтаса отырып, тап ретінде ұйымдаса отырып, кәсіптік т. т. топтасудың әр алуан түрлерін дамыта отырып, әрі *жалдама* еңбектің өкілдері ретінде капиталға қарсы шығады, әрі дәйекті демократияның өкілдері ретінде Россиядағы бүкіл ескі режимге және оған жол берудің қандайына болса да қарсы шығады.

Көрнекі болу үшін біз III Мемлекеттік думаның партиялық құрамы туралы мәліметтерді келтіріп отырмыз, бұл мәліметтер 1912 жылғы думалық ресми «Анықтамадан» алынды.

III Мемлекеттік думаның партиялық құрамы

Помещиктер:

Оңшылдар	46
Ұлтшылдар	74
Тәуелсіз ұлтшылдар	17
Оңшыл октябристер	11
Октябристер	120
Үкіметтік партиялардың жиыны	*268*

Буржуазия:

Прогрессистер	36
Кадеттер	52
Поляк колосы	11
Поляк-литван-белорус тобы	7
Мұсылман тобы	9
Либералдардың жиыны	*115*

Буржуазиялық демократия:	
Еңбек тобы	14
Жұмысшы демократиясы:	
Социал-демократтар	13
Демократтардың жиыны	*27*
Партияда жоқтар	27
Барлығы	*437*

III Мемлекеттік думада екі көпшілік болды: 1) оңшылдар мен октябристер=437-нің 268-і; 2) октябристер мен либералдар= 437-нің 120+115=235-і. Екі көпшіліктің екеуі де контрреволюцияшыл.

«Невская Звезда» № 5,
10 май, 1912 ж.
Қол қойған: В. Ильин.

«Невская Звезда» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ІРІ КАПИТАЛ ҰЙЫМДАРЫ ТУРАЛЫ АНКЕТ

Императорлық орыс техникалық қоғамының өнеркәсіп-экономика бөлімі «Россиядағы сауда-өнеркәсіп табының қоғамдық ұйымдары» туралы — дұрысырақ айтқанда, ірі капитал ұйымдары туралы анкет жүргізген. Бұл анкеттің нәтижелері енді Гушка мырзаның: «Россиядағы сауда-өнеркәсіп табының өкілдік ұйымдары» (СПБ. 1912) деген кітабында баяндалған. Бұл кітаптағы материал да, автордың бірсыдырғы айқын белгілеп отырған қорытындылары да барынша назар аударарлық.

I

Асылында Техникалық қоғамның анкеті барлық ұйымдардың 80 процентіне жуығы болып отырған капиталистердің «өкілдік» ұйымдарына арналған болатын. Бұлардың 15 проценттейі картельдердің, трестердің, синдикаттардың үлесіне тиеді; 5 процентіне жуығы жұмыс берушілер одақтарының үлесіне келеді, қалғандары — биржалық комитеттердің, съездер советтерінің және тағы сондайлардың үлесіне тиеді. Бұл соңғы ұйымдар өздерін «өкілдік» деп басқалардан да гөрі өздері ынталана атайды. Олардың міндеті — өкімет органдарына ықпал ету.

Гушка мырзаның пікірінше жұмыс берушілер одақтары жалдама жұмысшыларға қарсы «тікелей» тап күресін жүргізеді, ал өкілдік ұйымдар — «жанама» тап күресін жүргізеді, «мемлекеттік өкіметке және қоғам-

дық пікірге қысым көрсету арқылы басқа таптарға қарсы күрес» жүргізеді.

Бұл терминология, әрине, дұрыс емес. Бұл бізге Гушка мырза «профессорлық», буржуазиялық саяси экономия өкілдерінің копшілігімен ортақтасып отырған негізгі кемшіліктердің бірін бірден көрсетеді. Тап күресі ұғымы қабылданып отырған сияқты, бұл ұғым зерттеудің негізіне алынып отырған сияқты. Ал шын мәнінде бұл ұғым қусырылып, бұрмаланып отыр. Іс жүзінде Гушка мырзаның айтуынша былай болып шығып отыр: белгілі бір саяси құрылыстың шеңберінің ішінде капиталистердің жалдама жұмысшыларға қарсы күресі — «тікелей» тап күресі, ал *саяси құрылыстың өзі үшін* болатын күрес — *«жанама»* тап күресі екен! Ал «мемлекеттік өкіметтің» өзі үшін болатын күрес қайсыған жатады?

Бірақ Гушка мырзаның «дүние танымының» бұл негізгі кемшілігі туралы орны келгенде айтуымызға тура келеді. Оның еңбегінің маңызы теорияда емес, фактілерді жинауда. Басым типтегі ұйымдарды қамтитын мәліметтер, қайткенмен де едәуір назар аударарлық мәліметтер.

Россиядағы ірі капиталдың «өкілдік» ұйымдарының жалпы саны 1910 жылы 143 болды деп анықталған. Бұлардың 71-і — комитеттерімен қоса алғандағы биржалық қоғамдар. Сонан соң 14-і сауда мен мануфактура комитеттері, 3-і көпестік басқармалар, 51-і «құрама» топтың ұйымы (съездер, олардың советтері, кеңесші конторлар және басқалар) және 4-і анық емес топ ұйымдары. Анкетке бар болғаны 62 ұйым, яғни жартысынан азы жауап берген. Неғұрлым көңіл қоярлық «құрама» топтың 51 ұйымының ішінен анкетке 22-сі жауап берді.

Ұйымдардың пайда болған мерзімі туралы мәліметтердің ерекше сипаты бар. Анкетке жауап берген 32 биржалық комитеттің 9-ы 1800 жылдан 1900 жылға дейінгі жүз жыл ішінде пайда болған; 5-і төрт жыл ішінде, 1901—1904 жылдары пайда болған; 9-ы *революцияның екі жылы ішінде* — 1905—1906 жылдары пайда

болған; және 9-ы — 1907 жылдан 1910 жылға дейін пайда болған.

«Бұл арада,— деп жазады Гушка мырза,— қызу 1905 жылдың қоғамдық қозғалысының капитал өкілдерінің өзара ұйымдасу процесіне жасаған түрткісі әбден айқын байқалып отыр».

Құрама топтың 22 ұйымының тек 7-і ғана 1870 жылдан 1900 жылға дейін пайда болған; 2-і — 1901 жылдан 1904 жылға дейін; 8-і *революцияның екі жылы ішінде*, 1905—1906 жылдары пайда болған; ал 5-і — 1907 жылдан 1910 жылға дейін пайда болған. Жалпы өнеркәсіп өкілдерінің, кен өнеркәсіп иелерінің, мұнай өнеркәсіп иелерінің және тағы басқа, тағы сондайлардың осы «съездер советтерінің» бәрі — негізінен алғанда революциялық және контрреволюциялық заманның жемісі.

Өнеркәсіп салалары бойынша ұйымдар былай сараланады. Биржалық комитеттердің тобында аралас саладағылар басым; әдетте бұл комитеттер белгілі бір жердің өнеркәсібі мен саудасының барлық салаларын біріктіреді. Сауда мен мануфактура комитеттері тобында бірінші қатарға тоқыма ісі шығады. Ең басты — құрама топта ұйымдардың жартысы дерлігі саудаға емес, өнеркәсіпке жатады, атап айтқанда кен ісі мен металлургияға жатады.

«Россияның қазіргі өнеркәсіп «гвардиясы» ұйымдарының экономикалық базисі болып отырған да салалардың осы тобы (кен-завод және металлургия өнеркәсібі)»,— деп жазады өзінің зерттеу тақырыбы туралы «даурыға сөйлеуге» ептеп құмарлығы бар Гушка мырза.

Осы ұйымдағы сауда мен өнеркәсіптің барлық саласындағы айналымның немесе өндірістің сомасы ұйымдардың біразы жөнінде ғана анықталына алды. Жиыны 1570 миллион сом болып шықты, мұның — 1319 миллион сомы ұйым мүшелерінің қолында. Демек, 84 проценті ұйымдастырылған. Ұйымдардың 3134 мүшесінің айналымы 1121 миллион сом болған, мұның өзі орта есеппен 1 мүшеге—358 мың сомнан келеді. Ұйымдардың 685 мүшесіндегі жұмысшылардың саны —219 мыңға жуық (автор 111-бетте 319 мың деп қате есептеген),

яғни ұйымның бір мүшесіне орта есеппен 300-ден аса жұмысшы келеді.

Әңгіменің нақ сол *ірі* капитал, тіпті, дұрысырақ айтқанда, *ең ірі* капитал ұйымдары туралы болып отырғандығы айқын. Гушка мырза мұны әбден анық мойындайды, мәселен, ол былай деп көрсетеді: биржалық комитеттердің және сауда мен мануфактура комитеттерінің мүшелігіне тек ірі және ең ірі саудагерлер мен өнеркәсіп иелері ғана өте алады,— өнеркәсіп пен сауда өкілдері съездерінің ұйымы «ең ірі» капиталистік кәсіпорындардан құралады.

Сондықтан автор өз кітабының тақырыбында «Россиядағы сауда-өнеркәсіп *табының»* ұйымдары туралы босқа айтып отыр. Бұл дұрыс емес. Мұның өзі тап деген ұғымды тағы да қусыру. Шындығында Гушка мырзада әңгіме тап туралы емес, *топ* туралы болып отыр. Рас, ең ірі капиталистер тобы, әрине, басқалардың барлығына экономикалық үстемдік етеді, өздерінің айналымдарының көлемі арқылы оларды сөзсіз басып отырады; мұның бәрі күмәнсыз нәрсе. Бірақ қалай дегенмен бұл—тап емес, топ. Мәселен, бұл топтың өкілдік ұйымдарының саяси рөлінің ол топтың саяси үстемдігінен, ал оның саяси үстемдігінің — сауда-өнеркәсіп табының саяси үстемдігінен алшақтығы өте зор.

Осыған байланысты Гушка мырзаның мынадай пайымдауын көрсете кету керек: «Жұртқа мәлім,— деп жазады ол,— бізде капиталдың өте-мөте шоғырланып отырғандығынан, тіпті оның Германиядағы шоғырлануынан да асып түсіп отырғандығынан, біз Россияда ірі немесе ірі емес кәсіпорны деп нені атау керек екендігін анықтау үшін өте үлкен өлшем қолдануға дағдыланып кеткенбіз...»

Германиямен салыстыру дұрыс емес. Бізде, мәселен, Уралда кен және металлургия өнеркәсібінде ұсақ кәсіпорындарының жоқ екені немесе өте аз екені мүлде айрықша себептерден — өнеркәсіп жөнінде толық еркіндік болмауының салдарынан, орта ғасырлық қалдықтарының салдарынан болып отыр. Ал фабрикалық-заводтық және «майдагерлік» өнеркәсіпті біздің қазыналық (немесе, бәрібір, біздің халықшылдық) саралауы-

мыз ше, мұның өзі біздегі өнеркәсіп статистикасын герман статистикасымен салыстыруға келмейтін етіп отырған жоқ па? мұның өзі толып жатқан ұсақ шаруалық кәсіпорындардың «өте-мөте» *бытыраңқылығын* көлегейлеп, Россиядағы «өте-мөте шоғырлану» жөнінде байқаушыны ылғи алдап жүрген жоқ па?

II

Анкеттің аса ірі капиталдың өкілдік ұйымдарының іс-әрекеті туралы кейбір мәліметтерін көрсете кету назар аударарлық. Мәселен, автор бұлардың бюджеті жөніндегі мәліметтер ақпарын береді. Құрама топтың 22 ұйымының бюджеті 3 950 000 сом табыс береді, ал барлық ұйымдардың кірісінің жалпы жиыны — $7^1/_4$ миллион сом. «Біздің 56 ұйымның бір жылдық осы $7^1/_4$ миллиондық бюджеті,— деп жазады Гушка мырза,— егер біздің анкетімізге кірмеген басқа ұйымдардың финанстық есептерін кіргізетін болсақ, сірә, $1^1/_2$—2 есе өскен болар еді».

Бірақ бұл бюджеттің жартысынан көбі, атап айтқанда $4^1/_2$ миллион сомы, шаруашылық және игілік мақсаттарына жұмсалады. 56 ұйым таза өкілдік іс-әрекет үшін 2,7 миллион сом жұмсайды. «Жауаптардың немесе финанстық есептердің басым көпшілігі өкілдіктің жұмсайтын бұл шығындарының ішінде бірінші орынға қызметшілерді ұстау, сонан соң пәтер жалдау шығынын қояды. Мұның өзінде шығынның көбі ұйымдардың 64,4 процентінде қызметшілерді ұстауға жұмсалады, 26,7 процентінде пәтер жалдауға жұмсалады».

Бұл цифрлар, капиталистердің зерттелген одақтарында 1319 миллион сом айналым болып отырғанда, шығынның өте шағын екендігін дәлелдейді, сондықтан Гушка мырзаның көпірме сөзді қорытындысы — шығындар бюджеті дегеніңіз «Россияның сауда-өнеркәсіп буржуазиясының өкілдік ұйымдарының *финанс қуатының көрсеткіші!»* (курсив автордікі) деуі — бізге тағы да бұл автордың «даурықпа сөздерге» шектен тыс әуестігін көрсетеді.

«Үшінші элементке», яғни капиталистер одақтарына қызмет ететін интеллигенцияға автор өз кітапшасының 9-тарауын арнайды. 29 биржалық комитет 3-элементтің осы комитеттерде қызмет ететін 77 өкілі бар екенін көрсеткен екен; сонан соң құрама топтың 22 ұйымы мұндай 180 қызметші бар екенін корсетіп отыр. 3-элементтің ұйым басына 2—4 өкілі келетінін көрсету басым. Капиталистер одақтары осы тектес мәліметтерді коп жағдайда кішірейтіп корсететін болғандықтан автор мынадай қорытындыны мүмкін деп табады: «капиталдың өкілдік ұйымдарында қызмет істейтін, жауапты қызмет атқаратын, саны *кемінде мың адам* болатын интеллигенция армиясы (!!) бар», бұлар — секретарьлар, бухгалтерлер, статистиктер, заң кеңесшілері және т. с.

Гушка мырзаның «армия» туралы сөз етуі үшін коп керегі жоқ екен.

Капиталистер одақтарының баспасы мынадай цифрлармен сипатталады. Анкетке берілген жауап толтырылған бланкілерден басқа 288 томдық шағын кітапхана болып шығып отыр, бұлар, сатылуға әсте түспеген съездердің еңбектері, есептер, уставтар, баяндама хаттар.

Тоғыз ұйым мынадай мерзімді журналдар шығарып отырады: «Горно-Заводское Дело», «Нефтяное Дело», «Промышленность и Торговля»,— «Известия Росс. Общества Винокуренных Заводчиков» [117], және т. с. Осы басылымдардың шыққан номерлерінің барлық санын автор 2624 «том» деп есептейді, бұларға «еңбектердің», жылма-жылғы есептердің, т. с. 452 томын қосып, оның үстіне мерзімді емес басылымдардың 333 томын қосып, Гушка мырза жиынтығы 3409 «том» деп есептейді де, мұны «едәуір» нәрсе деп атайды. Басылымдардың жалпы саны, сірә, 4—5 мың том болуы керек.

«Бұл кітапханада — асырып айтқандық емес — тұтас бір қойма жатыр,— деп лепіреді Гушка мырза,— Россиядағы ірі буржуазияның анатомиясы мен физиологиясын, егер осылай айта алатын болсақ, зерттеу үшін өте бай материал бар... Бұл бағалы материалды зерттемейінше, Россиядағы үстем болып отырған қоғамдық күштердің балансы туралы дұрыс түсінік алу мүмкін емес, соның ішінде орыс мемлекеттік өкіметінің

1905 жылға дейінгі де, онан кейінгі де әлеуметтік табиғаты мен ролі туралы түсінік алу мүмкін емес».

Орыс мемлекеттік өкіметінің әлеуметтік табиғаты мен ролі туралы мәселе саласына осы сияқты жортуылдарды Гушка мырза өте жиі жасап отырады. Бұл мәселе маңызды болғандықтан және оны автор бұрмалап отырғандықтан осы жортуылдарды ерекше қарастырып өту жөн, ал автор шамадан тыс асырып айтады, нақ сондықтан да «асырмай» айтып отырмын деп жол-жөнекей ант-су ішеді.

III

«Өкілдік ұйым, яғни өнеркәсіп-сауда табының мүдделерін қорғауға арналған ұйым ретіндегі осы қаралып отырған ұйымдардың іс-әрекетінің негізгі салмағы,— деп жазады Гушка мырза,— осы тап өкілдерінің бұл таптың мүдделеріне қатысы бар түрлі мәселелер жөніндегі *позициясын тұжырымдау* саласында екені және *осы позицияны* түрлі әдістермен *қорғауда* екені өзінен-өзі түсінікті».

«Негізгі салмағы» нақ осында жатқаны күмәнсыз. Анкеттік листоктарда капиталистер ұйымдарының қандай мәселелерді талқылағанына және олардың қандай талап-тілектер көтергеніне көп көңіл бөлінген. Алынған мәліметтерді жинақтай келіп, автор, оның ойынша, *«ортақ* белгісі бар мәселелердің» үлкен тізімін бөліп көрсетеді. Ең маңызды мәселелердің топтары мынадай болып шығады: a) жұмысшыларды қауіпсіздендіру, мейрам күндеріндегі демалыс және т. с.; b) табыс салығы, кәсіпшілік алымы және т. б.; c) баж саясаты; d) қатынас жолдары; e) акционерлік компаниялар, кредит және басқалар; f) шетелдік консулдықтар, статистика, кен ведомствосын ұйымдастыру; g) көпестердің земстволық мекемелерге, Мемлекеттік советке, үкіметтік заң жобаларын алдын ала қарауға қатысуы және т. с.

Гушка мырза бұл жөнінде былай деп қорытады: «Қалай болғанда да, мәселелер мен талап-тілектердің жоғарыда келтірілген топтарынан көрініп отырғанындай, біздің ұйымдардың іс-әрекет өрісі өте кең...». Мұндай

қорытындыны оқығанда еріксіз бөгеліп, *емес* деген сөз кездейсоқ қалып қойған жоқ па екен деп қарайсың. Өйткені автор келтіріп отырған іс-әрекет өрісі тіпті де кең *емес* екені айқын. Бірақ бұл арада әңгіме тіпті де жаңылысқандықта емес, автордың түпкі «ой-өрісінде» болып отыр. «Капиталдың өкілдік ұйымдарының іс-әрекет өрісімен қамтылмаған,— деп ойлайды автор,— елдің әлеуметтік-саяси өмірінің азды-көпті елеулі саласын атау қиын».

Бұл адам сенерлік нәрсе емес, бірақ бұл факт: Гушка мырза бұл сияқты өрескел өтірікті мейлінше байсалдылықпен алдымызға тартып, оны он құбылтып қайталайды!

«Атау қиын»... Ал сайлау заңы ше? ал аграрлық мәселе ше? Әлде бұлар «елдің әлеуметтік-саяси өмірінің елеулі салалары» емес пе?

Гушка мырза «әлеуметтік-саяси өмірге» *көпестер* позициясының тар терезесінен қарайды. Оның абсолюттік баяндауы тіпті де кеңдікті емес, қайта дәл тарлықты дәлелдейді, ол мұны еш бір түсіне алмай жүр. Көпестер көтеретін мәселелер тар өрістілігімен ерекшеленеді, өйткені бұл мәселелер *тек* көпестерге *ғана* қатысты. *Жалпы саяси* мәселелерге капиталистер көтеріл*мейді*. «Өнеркәсіп пен сауда өкілдерін» белгілі бір жергілікті немесе орталық мекемелерге «қатыстыру»— капиталистер талап-тілектерінің «батылы» жеткен жері, міне, осы. Бұл мекемелердің *жалпы* қалай ұйымдасуы керек екендігі туралы олар ойлай *білмейді*. Олар бөтен біреудің нұсқауы бойынша құрылған мекемелерді алып, олардан орын сұрап жалбарынады. Олар өздерінің табы құрмаған мемлекеттік негізге құлша бас иеді, сөйтіп осы негізде *өз* сословиесінің, *өз* тобының, *өз* жігінің мүдделері туралы «өтініш жасайды», тіпті бұл арада да бүкіл *таптың* мүдделерін кең түсінуге дейін көтерілмейді.

Гушка мырза, істі өрескел бұрмалай отырып, тұп-тура мақтау сарынына түседі. «Өкімет органдарына батыл және табанды тегеуірін жасау»,— деп жазады ол. «Біздің ұйымдар» «мұны өздері де өте жақсы (!!) түсінеді»... «Ірі капиталдың ұйымдары нағыз *алғы Дума* бо-

лып қалыптасты, мұның өзі іс жүзінде, сірә, заң шығару ісіне Мемлекеттік думадан да гөрі көп ықпал жасайтын болу керек,— оның үстіне» «капиталистік парламентке 87-статья қолданылмайды, ал капитал ұйымдары 3 күнге әлі бір рет те әдейі таратылған жоқ...»,— деп әзілдеуге тырысады автор.

Бұл әзіл өнеркәсіп шонжарлары мырзалар мен олардың мақтаушысы Гушканың тоқмейіл топастығының шексіз екендігін айқын дәлелдейді. Ұсақ, тіпті ұсақ нәрсе естен шығып кеткен: жалпы мемлекеттік мекемелер қатарында бола отырып, Дума бүкіл мемлекеттік басқару туралы және барлық таптар туралы мәселелер қояды, ал көпес шонжарларының ұйымдары көпестерге қатысты мәселелерді *ғана,* көпестердің праволары туралы мәселелерді *ғана* қоюды әжеттік деп есептейді.

Гушка мырза Уфа биржа комитетінің 1905—1906 жылдарғы есебіндегі: «үкіметтің өзі биржалық мекемелерге бірқатар түбегейлі реформалар жасау арқылы... *өзіне лайықты көмекшілер* белгілейді» деген сөздерді келтіруге дейін барады, сөйтіп бұл сөздерді «дұрыс» деп атайды, оларды курсивпен жазады, «үкіметпен нақты және белсенді ынтымақ жасау» туралы айтады.

Бұл сияқты нәрселерді оқығанда немістің: Lobhudelei — құрдай жорғалап мадақтау немесе мадақтап құрдай жорғалау деген созін еріксіз еске түсіресің. 1905—1906 жылдары «биржалық мекемелерге» — «түбегейлі реформалар жасау» туралы тоқмейілси сөз қылады! Мұның өзі — малайдың көзқарасы ғой, «өзіме лайық көмекшілер» деп атай отырып, малайға барин тамақ ұйымдастыру т. с. туралы аспазбен «ақылдасуға» рұқсат береді.

Гушка мырзаның бұл көзқарасқа қандайлық дәрежеде жақындайтындығы ұйымдардың талап-тілектерінің нәтижелері туралы жазылған XV тараудың «Ұтылатын позициялар» деп атаған бөлімшесінен көрінеді. «Капитал өкілдерінің,— дегенді оқимыз бұдан,— тілектері мен талаптары, шынында, үкімет тарапынан қарсылыққа ұшырайтын *бірнеше сала* бар екенін жоққа шығаруға болмайды». Мынадай рет бойынша мысалдар келтіріле-

ді: 1) қазыналық ормандар саласы; қазына — орман өнеркәсіп иесінің өзі; 2) темір жол тарифтерінің саласы; қазына — кәсіпкердің өзі; 3) земство өкілдігі туралы мәселе және 4) Мемлекеттік дума мен Мемлекеттік советтегі өкілдік туралы мәселе. «Бұл екі жағдайдың екеуінде де,— дейді автор соңғы екеуі туралы,— әрине, бюрократияның өкілші бір үстем тапқа — поместьелі-жер иеленуші тапқа өте жақындығы байқалады».

«Ал егер көрсетілген біраз мәселелерді сырт қалдыратын болсақ,— дейді онан әрі тоқмейілсіген Гушка мырза,— онда былай деуге тура келеді: басқа салалардың барлығында да... біздің анкеттің мәліметтері сауда-өнеркәсіп табының позициясын ұтымды позиция ретінде суреттейді...»

Рас емес пе, бұл нағыз керемет қой! Ұтылатын позиция — орман, темір жолдар, земство және парламент. «Ал егер көрсетілген біраз мәселелерді сырт қалдыратын болсақ», онда позиция ұтымды!

Сонымен өз кітабының «қорытындысында» сауда-өнеркәсіп табының кемсітілгендігі мен правосыздығы туралы «дәстүрлі соқыр сенімге» қарсы соғыса келіп, Гушка мырза патетикалық Lobhudelei дәрежесіне дейін көтеріледі деуге болады:

«Сауда-өнеркәсіп буржуазиясы Россия мемлекеттігінің столынан правосыз, кемсітілген тап ретінде орын алып отырған жоқ, қайта орныққан дәстүр бойынша да, заң бойынша да, жазылған право бойынша да көрнекті орынға, оның үстіне кешегі күннен ғана емес, баяғыдан бе бола отырып, мемлекеттік өкіметтің құрметті қонағы және қызметкері, «лайықты көмекшісі» екенін көрсетіп отыр».

Мұның өзі министр берген қонақасыда қайсы бір Крестовниковтың, Авдаковтың, Тизенгаузеннің және т. с. сыбайластардың сөйлейтін ресми сөзіне әбден жарайды. Нақ осындай тілмен жазылған нақ осындай сөздер әрбір орыс адамына белгілі. Тек мынадай сұрақ туады: малайша жорғалаған көпестердің стол басында сөйлейтін сөздерін «анкеттен шығатын қорытынды» ретінде әдебиетке енгізіп, күрделі анкетті «ғылым жолымен» зерттеуге дәмеленетін «ғалымды» қалай деп атау керек?

«Соқыр сенімнің беріктігіндей болып орныққан көзқарас бізге мамыражай бағы заманнан мұра боп қалды,— деп жалғастырады Гушка мырза,— ол көзқарас бойынша капиталистік Россияда мынадай қайшылық байқалады: ірі буржуазия *экономикалық жағынан* үстем бола отырып, *саяси жағынан* бұрынғысынша құлдықта қала беріп отыр. Біздің анкетіміздің бүкіл материалы осы дәстүрлі концепцияны әжептәуір ойсыратады».

Капиталистердің ұйымдары туралы анкетті абсолютизм мен помещиктердің буржуазияны саяси құлдыққа салып отырғандығы туралы мәселе жөнінде «материал» бере алады деп есептеу, Гушка мырза терминдерін айтып қылымсып отырған марксизмнің қадірін мейлінше кетіру болады. Бұл мәселеге шын жауап беретін материалды автор мүлдем дерлік қозғамаған және осы анкеттің шеңберінде қала отырып, қозғай да алмас еді.

Анкет біздегі буржуазия өмірінің бір жағын көрсете отырып, қайта, оның саяси құлдықта екендігін *растайды.* Анкет мынаны көрсетеді: буржуазия экономикалық жағынан алға басып отыр,— буржуазияның кейбір, жекелеген праволары кеңейіп келеді,— оның тап болып ұйымдасуы өсіп келеді,— оның саяси өмірдегі ролі ұлғайып келеді. Бірақ нақ осы өзгерістер болып отырғандықтан да, бір жағынан, саяси өкіметтің $^{99}/_{100}$-ының абсолютизм мен помещиктердің қолында қалып отырғандығы мен екінші жағынан, буржуазияның экономикалық жағынан күшеюінің арасындағы қайшылық *бұрынғыдан да тереңдей* түсіп отыр.

Гушка мырза, маркстік терминдерді айтып қылымси отырып, іс жүзінде бәз-баяғы социал-либерализмнің көзқарасын қостайды. Бұл либерализмді маркстік сөз деп күлте сөзбен боямалау — Россияның айрықша өзгешеліктерінің бірі — немесе, егер білгіңіз келсе, derттерінің бірі болып табылады. Либерализм көзқарасында бола отырып, Гушка мырза орыстың мемлекеттік өкіметінің әлеуметтік табиғаты туралы мәселеге, тіпті бұл мәселенің бүкіл кеңдігін және бүкіл мәнін шамалап болса да түсінбей, келіп тірелді.

Орыс мемлекеттік өкіметінің таптық табиғаты 1905 жылдан кейін елеулі өзгеріске ұшырады. Бұл өзгеріс— буржуазиялық жаққа қарай болды. Үшінші Дума, «ве-

хилік» либерализм және басқа бірсыпыра белгілер біздің ескі өкіметтің «буржуазиялық монархияға айналу жолында» жаңа «қадам» жасағандығын дәлелдейді. Бірақ осы жаңа жолмен тағы да бір қадам жасай тұрып, ол *ескі күйінде қалып отыр,* ал саяси қайшылықтардың жиынтығы бұдан көбейе береді. Келелі мәселеге тап болған Гушка мырза оны өзінің түсіне алмайтынын көрсетті.

IV

Бірсыдырғы арнаулы анкеттің материалдарын зерттей отырып, Гушка мырза тағы бір орасан зор маңызы бар принципті мәселені қозғады, бұл мәселеге ерекше тоқталған жөн. Бұл — «1905 жылдың ролі» туралы мәселе, Гушка мырзаның кітабының XIII тарауының бөлімшелерінің бірі осылай деп аталған.

Ұйымның атқару органының соңғы 5 жылдың әрқайсысында өткізген мәжілістерінің саны жөніндегі анкеттік бланкінің 41-сұрағы ұйымдардың іс-әрекетінің 1905 жылы қаншалықты күшейгендігін анықтауға арналған еді. Гушка мырзаның сөздеріне қарағанда, анкеттің алған материалы «біздің ұйымдардың өміріндегі мұндай құбылысты байқатпады», яғни олардың іс-әрекетінің айтарлықтай күшеюін ашқан жоқ.

«Бұл түсінікті де»,— деп ескертеді Гушка мырза.

Бұл құбылысты ол немен түсіндіреді?

«Жұмыс берушілер» одағы — деп пайымдайды ол — стачкалық күрес күшейгендіктен 1905 жылы өзінің іс-әрекетін күшейтуге тиіс еді.

«Ал таза өкілдік тұрпаттағы ұйымдар,— дейді онан әрі Гушка мырза,— белгілі бір дәрежеде қарама-карсы жағдайда болды: бұлардың басты контрагенті — үкіметтік өкімет — нақ 1905 жылдың өн-бойында өзіне деген сенімі де, өзгелерді сендіруі де бәрінен кем қорғаныстағы күш жағдайында болды. Сол «қағынған» жылы, «бастықтар кетіп қалған» жылы — жұрттың бәріне, соның ішінде өнеркәсіп иелеріне де, ескі «бастықтар» енді қайтып келмейтіндей де көрінді (әсіресе жылдың аяғында).

Міне, сондықтан да капиталдың өкілдік ұйымдарының ол кезде үкіметтік өкімет органдары алдында өз өкілдігінің белсенділігін күшейтуге негізі болмады».

Бұл түсіндіру түкке аспайды. Егер шынымен «бастықтар кеткен» болса, онда ескі саяси бастықтардың кетуі жаңа экономикалық бастықтардың белсенділігін қалайда күшейтуге тиіс еді, оны жаңа саяси бастықтарға айналдыруға тиіс еді. Егер өкімет көбінесе қорғаныста болған болса, онда бұл өкіметтің «қызметкері және лайықты көмекшісі» (Гушка мырза сауда-өнеркәсіп буржуазиясын осылай деп атайды) осы өкіметті және өзін-өзі қорғай отырып, *өз* жұмысын қалайша күшейтпей тұра алар еді? Біздің автор ең көп таралған, ең дағдылы сөздерді әншейін тізе берумен ғана шектеліп, өзінің не айтып тұрғанын ешбір ойламаған. Бәлкім, ол өте маңызды мәселе туралы сөз болып отырғанын сезген болар, осы мәселенің шешілуіне қарай буржуазияның саяси ролі туралы неғұрлым жалпы мәселеге жауап берілетінін немесе оған берілетін жауаптың осы мәселенің шешілуіне тығыз байланысты екенін сезген болар,— сөйтіп маңызды мәселеге байсалды кірісуден тура қорыққан болар, бұл мәселеден тура қашқан болар.

1905 жылдың ролі туралы сол пункт бойынша автордың мынадай пайымдауына ой салып көріңіздерші:

«...Сол кезде бүкіл елді толғантқан қоғамдық-саяси мәселелерге өз көзқарасын тұжырымдау үшін жиі жиналуға да капитал ұйымдары бейімділік сездірген жоқ: халықтық қозғалыстың кең толқынымен артқы қатарға ығыстырылған олар өздерінің маңында қайнап жатқан күрестің нәтижелерін белгілі бір уақытқа дейін күте тұруды артық көрді; ал ақырғы кезде, «бастықтар» өз орнына қайта «келуге» бейім екендігін анық аңғартқан кезде,— сауда-өнеркәсіп табының ұйымдары өздерінің өкілдік қызметінің дағдылы формасы мен қарқын дәрежесіне бірте-бірте қайта орала бастады».

«Халықтық қозғалыстың кең толқынымен капитал ұйымдары артқы қатарға ығыстырылды»... Өте жақсы! Бірақ тек Гушка мырза өзінің не айтып отырғандығы туралы тағы да ойламайды. Халықтық қозғалыстың кең толқыны кімге қарсы бағытталды?— Ескі өкіметке қарсы бағытталды. Бұл өкіметтің «қызметкері және лайықты көмекшісі» *артқы* қатарға қалайша ығыстырылды? Саяси өкіметтің ескі ұйымынан тәуелсіз оның экономикалық күші неғұрлым көп болған сайын, ол со-

ғұрлым — егер ол шын қызметкер және лайықты көмекші болса — жігерлі түрде *алдыңғы* қатарға шығуға тиіс еді.

Ескі өкіметтің «қызметкері және лайықты көмекшісі» «күте тұруды артық көрген» мұндай жағдайға қалай тап болған?

Гушка мырза экономикалық жағынан үстемдік етіп отырған буржуазияның саяси құлдықта болуы туралы теорияға қарсы соғыспақ болған, бірақ іске кірісе сала-ақ шатасты! Қайта, оның күйретпек болған «теориясы» 1905 жылғы оқиғалардың барысында дәлелдене түсті.

Ірі сауда-өнеркәсіп капиталы да, орыс буржуазиялық либерализмі де 1905 жылы «күтіп» қана отырған жоқ, сонымен бірге олар әбден айқын контрреволюциялық позиция ұстанды. Мұны дәлелдейтін фактілер жалпыға әбден мәлім. Бірақ абсолютизмнің және помещиктік таптың күштерімен салыстырғанда ең ірі капиталдың белгілі бір дәрежеде *«артқы қатарға ығыстырылғандығы»* күмәнсыз.

Буржуазиялық революцияда «халықтық қозғалыс толқынының» ең зор өрлеуі басқадан да гөрі буржуазияны артқы қатарға ығыстырып тастауының өзі қалай болған?

Мұның осылай болуы мүмкін еді, өйткені «буржуазиялық революция» деген ұғымды әбден бұрмалау ғана — буржуазия тайқып шықса буржуазиялық революция әлсірейді деген көзқарасқа әкеп соғады. Бұл осылай болуға тиіс еді, өйткені буржуазияның толқымалы жағдайында Россиядағы буржуазиялық революцияның басты қозғаушы күші пролетариат пен шаруалар болып табылады. Саяси жағынан помещиктер мен абсолютизмнің құлдығында бола отырып, буржуазия, екінші жағынан, жұмысшы қозғалысы күшейген кезде контрреволюциялық жағдайда болады. Оның толқымалылығы, оның «артқы қатарға» шегінуі осыдан келіп шығады. Ол ескі тәртіпке қарсы да болады, оны жақтайды да. Ол жұмысшыларға қарсы шығып ескі тәртіпке көмектесуге дайын, бірақ оның ешбір помещиктерсіз, ескі саяси режимнің ешбір қалдықтарынсыз «жайғасуға»

және тіпті өз үстемдігін күшейтіп, кеңейтуге қабілеті әбден бар: Америка секілді және басқа елдердің тәжірибесі мұны айқын көрсетіп отыр.

«Халықтық қозғалыстың кең толқынының» ең зор өрлеуінің және ескі өкіметтің неғұрлым әлсіреуінің сауда-өнеркәсіп буржуазиясын «артқы қатарға» жапа-тармағай шегіндіруге қабілетті болатын себебі осыдан түсінікті. Мұның өзі — жаңаның ескіге қарсы, демократияның орта ғасырлыққа қарсы күресінде бейтарап қалдыруға болатын таптың дәл өзі, өйткені бұл тап ескіліктің қатарында өзін үйреншіктірек, тынышырақ, ыңғайлырақ сезіне отырып, жаңалық барынша толық жеңіп шыққанда да үстемдік ете алады.

V

Императорлық Орыс Техникалық Қоғамының анкеті туралы айтқанда, А. Ерманский мырзаның жойымпаздық «Наша Заряның» 1—2 және 3 номерлеріндегі мақалалары жайында үндемей кетуге болмайды. Ерманский мырза Гушка мырзаның еңбегін өте-мөте толық қайталап айтады, алайда ол өзінің Гушка мырзамен келіспейтіндігін еш жерде ескертпейді! Өзін марксистер қатарына қосатын адам сауда-өнеркәсіп шонжарларын мақтайтын адамның әлжуаз либерализмімен тура ынтымақтаса алатындай болып шығады!

Ерманский мырза Брентано мен Зомбарт à la аздап маркстік түске боялған социал-либерализмнің нақ сол бағытында тіпті Гушка мырзадан да асып түседі.

«Өкілдік типтегі ұйымдар дегеніміз,— деп жазады Ерманский мырза,—толық қамтылатын және жалпы ұлттық (ішінара тіпті интернационалдық) көлемдегі тап күресінің ұйымдары болып табылады. Анкет мәліметтері ұйымдар талқылайтын мәселелердің шексіз дерлік салаларының суретін береді. Екатеринослав биржалық комитетінің әділ тұжырымдайтыны сияқты, біздің ұйымдардың іс-әрекеті жалпы мемлекеттік маңызы бар міндеттердің бәріне дерлік тарайды». Марксизмге дәмеленіп отырған журналда Ерманский мырза осылай пайымдайды! Бұл пайымдаулар — басынан аяғына дейін өрескел жалғандық. Маркстік мағынадағы тап кү-

ресі ұғымы бұл арада тап күресінің *либералдық* ұғымымен алмастырылады. Нақ сол *жалпы* ұлттық және *жалпы* мемлекеттік негізгі белгісі жоқ нәрселер: мемлекеттік өкіметтің құрылысы және «жалпы мемлекеттік» басқарудың, жалпы мемлекеттік саясаттың бүкіл саласы, т. т. жалпы ұлттық және жалпы мемлекеттік деп жарияланады.

Ерманский мырза өзінің орыпсыз тыраштануында қандай геркулес бағаналарына жететінін қараңыз. «Россиядағы капиталистік буржуазияға» (ол ірі сауда-өнеркәсіп буржуазиясына дегісі келіп отыр) тозығы жеткен, кенже қалған және сондайлар деп қарайтын көзқараспен таласа отырып, ол «Россиядағы ірі буржуазияның нақтылы жағдайын» көрсете алатын «осы заманғы формула» іздейді.

Сонда не болып шығады десеңізші? Ерманский мырза мұндай формула ретінде Авдаковтың кен-өнеркәсіп істері жөніндегі советте айтқан сөздерін, *кен-өнеркәсіп съездерін сайланып қойылатын председателі бар жаңа ұйым етіп құруға* көшу туралы айтыстар кезінде (тыңдаңыз!) айтқан сөздерін алады. Практика (орыстың) сондай,— деді Авдаков,—«осы уақытқа дейін бізді ешкім ешуақытта ешнәрсе жөнінде қысып көрген емес».

«Қазіргі заманға барынша сай келетін формула,— деп жазады Ерманский мырза,— міне, осы».

Енді ше! Топас және помещиктің мемлекеттік артықшылықтарының езгісіне конбістікпен мойынсұнатын көпестерді кен-өнеркәсіп съездерін ұйымдастыруда қыспаған көрінеді! Сылдыр сөзді Кит Китыч[118] Авдаковты күлкі қылудың орнына, Ерманский мырза — Авдаков Кит Китыч емес, ол «Россиядағы ірі буржуазияның нақты жағдайын» көрсететін «осы заманғы формуланы» берді деп сендірмек болып, маңдайы жарылғанша бас иеді! Ал Кит Китыч Авдаков бариннің *орнына* толық қожайын боламын деп ойлауға батылы да бармай, малайлар үйінде қызметші әйелмен, аспазбен ақылдасуға бариннің рұқсат еткеніне, т. т. мәз болатын семіріп алған камердинерге әбден ұқсайды.

Ерманский мырзаның мақаласындағы келесі бір сылдыр сөздер оның камердинер мен бариннің жағдайының арасындағы нақ осы айырмашылықты түсінгісі келмейтіндігін көрсетеді:

«Бұл арада да бір салыстыру жасау артық болмайды:— деп жазады ол,— земствошылардың «ішкі басқару істеріне қатысуға» тырысуы үзілді-кесілді және, былайша айтқанда, бүкіл жұрт алдында «мағынасы жоқ арман» деп аталғандығы жұрттың бәрінің есінде; екінші жағынан, Петербург биржалық комитегі конституцияға дейінгі кездің өзінде-ақ, «биржалық қоғамдардың (мұны байқап қойыңыз!) басқару істеріне қатысу праволарын мүмкіндігінше кең тарату» қажеттілігі туралы айта келіп, толық негізбен былай деп қосқан болатын: «Биржалық қоғамдардың бұл правосы ешқандай жаңалық болып табылмайды, өйткені биржалық қоғамдар бұл правоны ішінара қазірдің өзінде пайдаланып та жүр». Басқалар үшін «мағынасыз арман» болған нәрселер ірі капиталдың өкілдері үшін арман болған жоқ, қайта шындық, нақтылы конституцияның элементі болды».

«Сол» бірақ ол емес, Ерманский мырза! Сіздің «салыстыруыңыз» өзі *толық* барин болуға талаптануын (помещиктік таптың) бариннің *басқа малайларымен* ақылдасуға талаптанудан (байып алған бурмистрдің, Федьканың немесе Ваньканың) айыруға қабілетсіздігіңізді немесе айырып қарағыңыз келмейтіндігін әшкерелейді. Бұл —«үлкен екі айырмашылық».

Ерманский мырзаның қорытындыларының бүтіндей Ларин рухында болып шығатыны әбден табиғи нәрсе. Ірі капиталдың өкілдері — деп жазады Ерманский мырза —«Россияда бұл сөздің толық мағынасында айтқанда үстем тап позициясына әлдеқашан-ақ ие болып отыр».

Бұл — шылғи өтірік. Бұл арада самодержавие *де*, өкімет билігінің және табыстардың бұрынғысынша жер иелері-крепостниктердің қолында қалып отырғандығы *да* ұмытылған. Біздің самодержавие «*тек* XIX ғасырдың аяғында және XX ғасырдың басында *ғана» «бірыңғай* крепостниктік болудан қалды» деп Ерманский мырза бекер ойлайды. I Николай заманымен салыстырғанда II Александр заманының өзінде-ақ бұл «бірыңғайлық» болған жоқ. Бірақ *бірыңғай* крепостниктік қасиетінен

айырылып отырған, буржуазиялық монархияға қарай қадам басып отырған крепостниктік режимді «ірі капитал өкілдерінің толық үстемдігімен» шатастыруға мүлдем болмайды.

VI

Әдеттегідей, «Наша Заряның» редакциясы Ерманский мырзаның мақаласына мынадай «ескерту» қосқан: автор «саяси өкімет билігіне тікелей қатысудың ол үшін (ірі буржуазия үшін) маңызын жете бағаламайды» екен.

Ескертулер жүйесі жойымпаздарда берік орнығып алған. Ерманский бірқатар мақалаларында тап күресіне либералдық рухтағы көзқарастарды мейлінше толық дамытады. Журналдың уағызы — либералдық уағыз... Ал марксизмнің «тамаша күндері туралы естеліктері» ескертудің екі жолына тыға салынған! «Наша Заряның» оқушылары марксизмнің орнына қойылып отырған либерализм рухында тәрбиеленуде, ал редакция, нақ кадеттік «Речьтегі» сияқты, ескертулер арқылы «өзін арашалайды».

Әңгіме тіпті де мәселенің белгілі бір жағын Ерманский мырзаның «жете бағаламауында» болып отырған жоқ. Мәселе — оның тап күресі жөніндегі өңкей теріс көзқарасында болып отыр. Мәселе оның самодержавиенің әлеуметтік құрылымына баға берудегі түпкілікті қатесінде болып отыр. «1908 жылғы жауаптар» (немесе 1912 жылғы), т. т. жөнінде мысқылдаудың ешқайсысы арқылы да *бұл* мәселеден *орағытып өте алмайсың* деп біз әлдеқашан көрсеткен болатынбыз және көрсетуден жалықпаймыз да. Азды-көпті елеулі публицистикада бұл мәселеге соқпай өтуге *болмайды.*

Бір жағынан, Ерманский мен Лариннің, екінші жағынан, «Наша Заря» редакциясының арасындағы кереғарлық — ашық айтатын және өзінше адал жойымпаздар мен жойымпаздықтың дипломаттары арасындағы кереғарлық болып табылады. Бұл жөнінде жалған үмітке еруге болмайды.

Ларин былай деп жазды: біздегі өкімет қазірдің өзінде буржуазиялық өкімет болып отыр. Сондықтан жұмысшылар революцияны күтіп (және «революция

үшін» емес деп қосты ол) ұйымдасуға тиіс емес, елді конституциялық жолмен жаңартуға қатысу үшін ұйымдасуға тиіс. Мәселені *басқа* жағынан алып қарай отырып, Ерманский шынына келгенде Лариннің *біріншi* шартын қайталайды, оның үстіне ол қорытындылар туралы тікелей айтпай, оларды тек меңзейді.

«Наша Заряның» редакциясы Ерманскийді қалай түзетсе, Мартов Ларинді нақ солай «түзетті»: өкімет әлі де буржуазиялық емес, сондықтан жұмысшылардың конституционализм мен абсолютизм арасындағы қайшылыққа жармасуының өзі «жеткілікті» деді.

Сөйтіп, Мартовтың («Наша Заря» редакциясымен бірге) және Лариннің — Ерманскийдің жасаған қорытындыларының арасында үйлесушілік болып отыр, бұл үйлесушілік олардың жұмысшы саясатына либералдық көзқарастың негізгі шарттары жөнінде келісіп отырғанында әбден табиғи нәрсе.

Біз болсақ, бұл көзқарасты түбірінен теріс деген ойда қала береміз. Мәселе Гучковтардың, Рябушинскийлердің және К⁰ «солшылдануын» Ерманскийдің «жете бағаламауында» немесе Мартовтың «асыра бағалауында» болып отырған жоқ. Мәселе «саяси өкімет билігіне тікелей қатысудың *буржуазия* үшін маңызын» Ерманскийдің «жете бағаламауында» немесе Мартовтың «асыра бағалауында» болып отырған жоқ. Мәселе мынада болып отыр: *жұмысшы табы* үшін және оның соңынан ерген, либерализмнің қазіргі солқылдақтықтарына ұшырамаған буржуазиялық демократия үшін «саяси өкімет билігіне тікелей қатысудың» қандай мәні бар екендігін бұлардың *екеуі* де «жете бағаламай» ғана отырған жоқ, сонымен қатар тура *түсінбей отыр!* Бұлардың екеуі де тек *бір* ғана «саяси өкімет» туралы ойлайды, *екіншісі* туралы ұмытып кетеді.

Бұлардың екеуі де жоғарыдағыларға қарап, төмендегілерді көрмейді. Бірақ егер Рябушинскийлердің оны мен Милюковтардың жүзі күңкілдеп, либералша ашынып отырған болса, онда мұның өзі — ондаған миллион ұсақ буржуалар мен әр түрлі «ұсақ адамдар» өздерінің адам төзгісіз жағдайда екендігін сезіп отыр *деген сөз.* Демек, осы миллиондар да «саяси өкімет

билігінің» мүмкін қайнар көзі болып табылады. Осы сияқты демократиялық элементтердің әрі оңшылдарға қарсы, әрі либералдардың ауытқуынан тәуелсіз түрде топтасуы ғана XX ғасырдың бас кезінде Россияның алдына тарих қойған мәселелерді «шеше» алады.

«Просвещение» № 5—7, апрель — июнь, 1912 ж.
Қол қойған: В. Ильин.

«Просвещение» журналының тексті бойынша басылып отыр

«РОССИЯДАҒЫ АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕНІҢ» МӘНІ

«Аграрлық мәселе» — егер осы әдеттегі, көп таралған терминологияны қолданатын болсақ — капиталистік елдердің барлығында да бар. Бірақ Россияда жалпы капиталистік аграрлық мәселемен *қатар басқа да,* «нағыз орыстық» аграрлық мәселе бар. Бұл екі аграрлық мәселенің айырмасын қысқаша атап айту үшін мынаны көрсете кетейік: ұсақ жер иелерінің өздерінің қолына ірі жер иелігінің жерлерін көшіру жолындағы қандай да болсын кең демократиялық қозғалысы цивилизациялы капиталистік елдердің бірде-бірінде жоқ.

Россияда мұндай қозғалыс бар. Сондықтан осыған сәйкес, Россиядан басқа европалық елдердің бірде-бірінде марксистер жердің ұсақ жер иелеріне көшуі туралы талапты қоймайды және қолдамайды. Орыс аграрлық мәселесі көшетін жердің иемделінуі және басқарылуы *қалай* ұйымдастырылуға тиіс деген мәселеге (бөліс, муниципализация, национализация) байланысты алауыздықтарға қарамай, *барлық* марксистердің мұндай талапты мойындауын сөзсіз туғызды.

«Европа» мен Россияның арасында айырмашылық қайдан болып отыр? Россияның дамуының өзіндік ерекшелігінен, онда капитализмнің жоқтығынан немесе біздің капитализмнің ерекше үмітсіздігінен, оңалмайтындығынан емес пе? Әр түрлі сарындағы халықшылдар осылай деп ойлайды. Бірақ бұл көзқарас түбірінен теріс және өмір мұны әлдеқашан теріске шығарды.

«Европа» мен Россияның арасындағы айырмашылық Россияның мейлінше мешеулігінен болып отыр. Батыста аграрлық-буржуазиялық құрылыс қазірдің өзінде әбден қалыптасты, крепостниктік әлдеқашан жойылды, оның қалдықтары болмашы және елеулі роль атқармайды. Батыста ауыл шаруашылығы саласындағы басты қоғамдық қатынас — *жалдама жұмысшының* кәсіпкерге, фермерге немесе жер иесіне қатынасы болып табылады. Онда ұсақ егінші аралық жағдайда болады, ол, бір жағынан, жалданатындардың, жұмыс күшін сататындардың табына көшіп отырады (шаруаның қосалқы жұмысы немесе бөгде табыстары деп аталатынның толып жатқан формалары), ал екінші жағынан, жалдаушылар табына көшіп отырады (ұсақ егіншілердегі жалдама жұмысшылардың саны әдетте ойлайтыннан гөрі анағұрлым көп).

Егіншіліктің осындай капиталистік құрылысы Россияда қазірдің өзінде күмәнсыз орнықты және үздіксіз ұлғайып келеді. Помещиктік шаруашылық та, шаруа шаруашылығы да нақ осы бағытта дамуда. Бірақ таза капиталистік қатынастар бізде әлі де болса *орасан көп* мөлшерде *крепостниктік* қатынастар арқылы жаныштальп отыр. Халық бұқарасының, ең алдымен жалпы шаруалар бұқарасының нақ осы қатынастарға қарсы күресі — орыс аграрлық мәселесінің ерекшелігі, міне, осында болып отыр. *Мұндай* «мәселе» Батыста бір кезде барлық жерде болған, бірақ онда ол әлдеқашан шешілген. Россияда бұл мәселенің шешілуі кешікті, 61-жылғы аграрлық «реформа» оны шешкен жоқ, столыпиндік аграрлық саясат қазіргі жағдайларда оны шеше *алмайды*.

«Европалық Россиядағы жер иемдену» («Невская Звезда»[119] № 3) деген мақалада* біз қазіргі орыс аграрлық мәселесінің мәнін анықтайтын ең басты мәліметтерді келтірдік.

30 000 ең ірі помещикте 70 миллионға жуық жер бар және 10 миллион шаруа үйінде де осыған шамалас жер

---

* Қараңыз: осы том, 202—205-беттер. *Ред.*

бар — жағдайдың негізгі сипаты осындай. Бұл жағдай қандай шаруашылық қатынастарды дәлелдейді?

Отыз мың ең ірі помещик — негізінен алғанда ескі бариндердің және ескі крепостниктік шаруашылықтың өкілдері. 500 десятинадан аса жері бар имениелердің 27 833 иесінің — 18 102-сі, яғни *үштен екісі дерлігі* дворяндар. Бұлардың қолындағы орасан зор латифундиялар,— осы ең ірі помещиктердің әрқайсысына орта есеппен 2000 десятинадан астам жерден келеді! — иеленушінің құрал-сайманымен және жалдама жұмысшылар арқылы ұқсатыла алмайды. Істің жағдайы осындай болып отырғанда, едәуір мөлшерде ескі барщиналық жүйенің болуы, яғни ірі латифундияларда ұсақ егіншіліктің, ұсақ шаруашылықтың, помещиктік жерді ұсақ шаруаның құрал-сайманымен ұқсатудың болуы сөзсіз нәрсе.

Европалық Россияның орталық, ежелгі орыс губернияларында, біздің егіншіліктің *орталығында* нақ осы барщиналық жүйе ерекше кең таралғаны белгілі. Жұмыспен өтеу деп аталатындар — шаруашылықтың барщиналық жүйесінің нақ тікелей жалғасы мен қалдығынан басқа түк те емес. Шаруашылықтың адам төзіп болмайтын, қысқы жалдау, кесіліп берілген жер үшін жұмыс істеу, «теңдеме жерлерді өңдеу»[120] т. т. және т. с. сияқты кіріптарлық әдістері,— міне, бұл да барщина болып табылады. Мұндай шаруашылық жүйесі тұсында шаруаның «үлесті жері» — *помещикті* жұмыс қолымен қамтамасыз ету тәсілі, тек жұмыс қолымен қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар құрал-сайманмен де қамтамасыз ету тәсілі болып табылады, бұл құрал-сайман қаншама жұпыны болғанымен помещиктік жерді ұқсату қызметін атқарады.

Өзінің үлесті жеріне байлаулы және онымен күн көре алмайтын шаруалар бұқарасының мейлінше жоқшылық көруі, егіншілік техникасының мейлінше тұрпайылығы, өнеркәсіп үшін ішкі рыноктың мейлінше мешеулігі—істің бұл жағдайының нәтижелері осындай. Ал негізінде және өзінің мәні жағынан істің осы күнге дейін өзгермей қалып отырғандығының ең көзге түсерлік дәлелі 30 миллион шаруаның қазіргі ашаршылығы

болып табылады. Тез дамып келе жатқан және қазірдің өзінде біршама жоғары тұрған (капиталистік жақсы шаруашылықтарда) егіншілік техникасының заманында құлдықтағы ұсақ қожайындар бұқарасының тек крепостниктік жаншылғандығы ғана, байланып-маталғандығы, дәрменсіздігі ғана осы сияқты жантүршігерлік жаппай ашаршылықтарға әкеліп соқтыра *алады.*

Батыс Европа шаруаларына орта ғасырлардан бері беймәлім осы сияқты жан түршігерлік апатқа әкеліп соқтыратын түпкілікті қайшылық — біздің өнеркәсіпте жоғары дамыған және біздің егіншілікте әжептәуір дамып отырған капитализм мен орта ғасырлық күйінде, крепостниктік күйінде қалып отырған *жер иеленудің* арасындағы қайшылық болып табылады. Ескі жер иеленуді күрт қиратпайынша бұл жағдайдан шығуға болмайды.

Тек помещиктік қана емес, шаруалық жер иелігі де крепостниктік болып табылады. Мұның біріншісі жөніндегі істің анықтығы сонша, бұл ешқандай күмән туғызбайды. Тек мынаны айта кетейік: айталық 500 десятинадан аса жері бар шаруашылықтардағы крепостниктік латифундияларды жою егіншіліктегі ірі *өндірісті* әлсіретпейді, қайта, мұның керісінше, оны күшейтіп, дамытады. Өйткені крепостниктік латифундиялар — тіпті де ірі өндірістің тірегі емес, *ұсақ* кіріптарлық егіншіліктің тірегі. 500 десятинадан асатын ұлан-ғайыр жер учаскелерінде *ірі шаруашылық* жүргізу, бүкіл жерді жер иесінің құрал-саймандарымен және еркімен жалданатын еңбекпен ұқсату Россияның көп жерінде мүмкін емес дерлік немесе, қалай дегенмен, өте қиын. Бұл сияқты иеліктердің көлемін *кішірейту* ұсақ кіріптарлық егіншіліктің құруы мен ауыл шаруашылығында ірі капиталистік өндіріске көшу шарттарының бірі болып табылады.

Екінші жағынан, Россиядағы шаруалардың үлестi жер иелігі де орта ғасырлық, крепостниктік күйінде қалып отыр. Ал мәселе оның қазір қауымды фельдфебельдік жолмен күйрету арқылы және жеке меншіктегі жер иелігін орнату арқылы өзгертіліп отырған заңдық формасында ғана емес,— сонымен қатар мәселе оның

қауымды күйретудің қандайы болса да мызғыта алмайтын *нақтылы* түр-сипатында да болып отыр.

Топырағының құнары өте нашарлығымен ерекшеленетін (1861 жылы шаруа жерлерінің крепостник-помещиктердің басшылығымен межеленуі салдарынан және жердің көп жыртылғандығынан) ұсақ, тіпті ұсақ, көбіне-көп аттамалы болып келетін шаруалар «парцеллаларының» (=ұлтарақтай жер учаскелерінің) орасан көпшілігінің нақтылы жағдайы,— оларды латифундияның мұрагер иесіне, ескі «баринге» кіріптар жағдайға сөзсіз қояды.

Мынадай жағдайды айқынырақ елестетіп көріңізші: 2000 десятинадан жері бар латифундиялардың 30 000 иесіне «орташа» үй басына жеті десятина учаскесі бар 10 000 000 шаруа үйі келеді. Қауымды күйретудің ешқайсысы да, жеке меншіктегі жер иелігін құрудың ешқайсысы да *әлі де* кіріптарлықты, жұмыспен өтеуді, барщинаны, крепостниктік жоқшылықты және осыдан келіп шығатын тәуелділіктің крепостниктік формаларын өзгерте *алмайтыны* анық.

Істің осындай жағдайы туғызған «аграрлық мәселе» Россияның капиталистік дамуына адам төзгісіз кедергі болып отырған крепостниктіктің қалдықтарын жою туралы мәселе болып табылады. Россиядағы аграрлық мәселе дегеніміз ескі, орта ғасырлық жер иелігін, помещиктік жер иелігін де, шаруаның үлесті жер иелігін де күрт қирату туралы, қирату болғанда осы жер иелігінің тым артта қалуының салдарынан, бұл жер иелігі мен капиталистік болып отырған халық шаруашылығының бүкіл жүйесінің арасындағы мейлінше үйлеспеушіліктің салдарынан барынша қажетті нәрсе болып отырған қирату туралы мәселе болып табылады.

Бұл қирату күрт жүргізілуге тиіс, өйткені үйлеспеушілік тым зор, өйткені ескіліктің өзі тым ескі, «дерт тым асқынып кеткен». Бұл қирату қайткен күнде де және өзінің барлық формаларында өзінің мазмұны жағынан буржуазиялық болмай тұра алмайды, өйткені Россияның бүкіл шаруашылық өмірі қазірдің өзінде буржуазиялық болып отыр, ал жер иелігі оған бағынбай тұра алмайды, рыноктың әміріне, біздің қазіргі

қоғамдағы құдіреті күшті капиталдың тегеуріміне икемделмей тұра алмайды.

Ал егер қирату күрт болмай тұра алмаса, буржуазиялық болмай тұра алмаса, онда тікелей мүдделі болып отырған екі таптың, помещик және шаруа табының *қайсысы* бұл қайта құруды жүзеге асырады немесе оған бағыт беріп, оның формасын белгілейді, осы мәселе әлі шешілмей қалады. Бұл «шешілмеген мәселеге» біз: «Столыпиндік және халықшылдық аграрлық программаны салыстыру» деген келесі мақаланы арнаймыз*.

«Невская Звезда» № 6,
22 май, 1912 ж.
Қол қойған: Р. С.

«Невская Звезда» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

---

* Қараңыз: осы том, 421—428-беттер. *Ред.*

САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ МОБИЛИЗАЦИЯНЫҢ КЕЙБІР ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Мемлекеттік думаның сайлауына қатысып отырған саяси күштердің бәрі дерлік қазірдің өзінде түпкілікті ұйымдасып болды. Қалай дегенмен де, негізгі партиялық топтасулардың айқын белгіленгендігі сонша, ешқандай елеулі және маңызды өзгерістер туралы сөз де болуы мүмкін емес.

Сайлау науқанын үкімет әлдеқашан бастады. Оңшылдар, ұлтшылдар, октябристер әкімшіліктің ашықтан-ашық көмегі арқылы «жұмыс істеп» отыр. Губернаторлардың «солшыл» кандидаттарды уәкілдікке де (әсіресе шаруалардан), сайламшылыққа да жібермеу жөнінде «шаралар» қолдану туралы исправниктерге жіберген нұсқау-хаты, таяуда «Речьте» жарияланып, көп газеттер көшіріп басқан осы нұсқау-хат ішкі істер министрлігі «сайлау» машинасының пердесін біраз көтеріп отыр. Бұл тараптан оппозицияға қарсы барлық мүмкін нәрселердің де — мүмкін емесінің де — істелетіні күмәнсыз. Москва көпестерінің алдында сөйлеген сөзінде премьер Коковцовтың «оппозиция үшін оппозиция құрудың» зиянды екенін соншама күштеп баса көрсетуі тегін емес.

Бірақ егер үкімет пен полицияның сайлаудағы ыждаһаттылығына күмәндануға болмайтын болса, онда сайлаушылардың ниет-пиғылында да «солға қарай» кең өзгеріс болғаны және болып отырғаны да күмәнсыз. Үкіметтің ешқандай айла-шарғысы бұл фактіні өзгерте алмайды. Қайта, айла-шарғылар мен «шаралар» тек

наразылықты күшейте түседі. Егер бұл наразылық ірі буржуазияда Шубинскийдің «оппозициялық» сөзі арқылы немесе Рябушинскийдің «басқарудың мәдениетті тәсілдері» болғаны жақсы деп «сақтана» меңзеуі арқылы немесе кадеттік «Речь» тарапынан министрлікке айтылған шақпа мысқылдар арқылы біліпіп отырған болса,— онда Рябушинскийлерге, Головиндерге және сондайларға тәуелді болып отырған «кішкентай адамдардың» қалың тобының наразылығы бұдан әлдеқайда күшті және елеулірек екенін түсіну оңай.

Осы наразылықты саяси жағынан білдіріп отырған оппозиция лагерінде анықталған саяси топтасулар қандай? Кадеттер мен прогрессистердің «жауапты», либералдық-монархиялық оппозициясы анықталып шықты. Бұлардың арасындағы блок кадеттердің, олар бұрын танылып жүргенінен анағұрлым «оңшылдау» екендігін айқын білдіреді.

Кадеттік-прогрессистік оппозицияны «қолдау» емес, қайта оның оңшылдарға қарсы (оның ішінде ұлтшылдар мен октябристерге қарсы) дау-жанжалдарып демократияның көзіп ашып, оны ұйымдастыру үшін *пайдалануды* өзінің міндеті етіп қойған жұмысшы демократиясы анықталып шықты. Ақырында, буржуазиялық демократия да анықталып шықты: трудовиктердің конференциясында ол «ең алдымен социал-демократтармен» келісімге келуді жақтады, сөйте тұра кадеттердің контрреволюциялық либерализміне қарсы күрестің ешбір нақты ұранын берген жоқ, яғни практика жүзінде бұрынғысынша бұл екеуінің арасында ауытқумен болды.

Партиялардың сайлау алдындағы осы «саяси мобилизациясының» қорытындылары қандай? Жұмысшы демократиясы әлдеқашан жасаған бірінші және негізгі қорытынды — күресте екі лагерь емес, *үш* лагерьдің болуы. Либералдар барлық күшін салып, істі шын мәнінде екі лагерь күресіп отыр деп көрсеткісі келеді, ал жойымпаздар, бірнеше рет көрсетілгендей, ұдайы нақ осы көзқарасқа сырғақтай береді. Екі лагерьдің арасындағы алауыздықты кадеттер — конституцияны жақтау керек пе немесе конституцияға қарсы шығу керек пе?—

деумен тұжырымдайды. Ал іс жүзінде бұл тұжырымдау тіпті ешнәрсені де анықтамайды, өйткені октябристер де өздерінің конституцияшыл екендігіне сендірмек болады және жалпы алғанда әңгіме конституция деп нені атауға болатындығы және нені атауға болмайтындығы туралы емес, белгілі либералдық немесе демократиялық талаптардың дәл мазмұны туралы болуға тиіс.

Үш лагерь талаптардың нақ сол мазмұны арқылы, таптық тенденциялардың нақты айырмашылығы арқылы анықталады: оңшыл лагерь немесе үкіметтік лагерь; либералдық лагерь немесе контрреволюциялық тұғырда тұрған либералдық-монархиялық буржуазия лагері; және демократиялық лагерь. Бұл арада мәселе көбіне осы сайлау системасы тусындағы «мүмкіншіліктер» туралы болып отырған жоқ,— жоқ, істің мәні бұдан анағұрлым терең жатыр, мәселе сайлау кезіндегі саяси уағыздың бүкіл сипаты туралы, сайлау науқанының бүкіл идеялық-саяси мазмұны туралы болып отыр.

Істің жағдайы осындай болып отырғанда либералдардың «стратегиясы» күн сайын «бүкіл» оппозициялық қозғалыстың гегемониясын өз қолына алып алуға бағытталады. Ал либералдық «Запросы Жизни» бұл стратегияның «Речь» мұқият жасырып отырған «құпиясын» айтып қойды. «Прогрессистер,— деп жазады Р. Б. мырза «Запросыдың» 13-номерінде,—кадеттерден оңшылдау тұрған оппозициялық саяси топтарды өзіне тартатын үлкен күші бар екендігін алғашқы күннен бастап көрсеткен «бейпартиялық прогресшіл блок» дейтінді құрып, өз науқанын дәмелендірері көп уәдешіл қадаммен (!) ашты». Екінші жағынан, «Еңбек тобының сайлау платформасы, өзінің бұлыңғырлығына қарамастан,— ішінара, мүмкін, соның арқасында да болар,— демократиялық интеллигенцияның қалың топтарының тілектеріне сай келеді». «Белгілі бір жағдайларда, прогрессистер тобы кадеттерден оңшылдау болып мойнына алған рольді Еңбек тобы кадеттерден солшылдау болып орындай алар еді. Онда оппозициялық майдан жылжымалы және солқылдақ, бірақ икемді шеткі қанаттар мен жылжымайтын, бірақ табанды орталықтан құралған болар

еді, стратегиялық жағынан мұның саяси күресте де тиімді жақтары болады».

Милюковтар мен Шингаревтер сияқты мырзалардың ойында не болса, Р. Б. соны айтады! Кадеттерге нақ екі «икемді» қанат керек: прогрессистер буржуазиялық үшінші июнь сайлаушысын тұзаққа түсіру үшін және «тұрлаусыз» демократтар демократиялық пікірдегі жұртшылықты тұзаққа түсіру үшін керек. Бұл «стратегия» шынында да нақ кадеттік партияның табиғатынан шығып отыр. Бұл—приказчиктердің, ұсақ қызметшілердің және сондайлардың бір бөлегі сияқты кейбір демократиялық топтарды алдап соңынан ертетін контрреволюцияшыл либералдардың партиясы. Мұндай партияға керегінің өзі де нағыз таптық тірек ретінде «бейпартиялық прогрессист» және өтімді жарнама ретінде тұрлаусыз демократ.

Помещик Ефремов пен миллионер Рябушинский прогрессистің типі бола алады. Тұрлаусыз демократтың типі — халықшылдық лагерьдің трудовигі және маркстік лагерьдің жойымпазы. Кадет партиясының бүкіл тарихын алып қараңыз,— сонда сіз бұл партияның *әрдайым* сөз жүзінде демократизм болып, ал іс жүзінде «ефремовтік және Рябушинскийге сәйкес келетіндей» либерализм болатын әрекет жасағанын көресіз. Тіпті 1906 жылғы жер жөніндегі жергілікті комитеттер жоспарын іске асыртпай тастаудан бастап III Думада бюджетті жақтап дауыс берушілікке дейін немесе Милюковтың «лондондық» ұрандарына т. с. дейін алғанда біз конституциялық-демократиялық партияның нақ осы *табиғатын* және жалған демократиялық *жамылғышын* көреміз.

«Запросыдағы» Р. Б. мырзаның орасан олақтығы сонша, тіпті демократтардан барынша жасырылып жүрген және либералдар шатастырып жүрген шындықты байқамай айтып салды. Прогрессистердің программасы, деп мойындайды ол, «мәселені берік, нақты негізге қояды»! Ал бұл программада таза октябристік үлгідегі жалпы құрғақ сөздерден басқа (мәселен, «17 октябрь манифесін толық жүзеге асыру») ешнәрсе жоқ. Берік және нақты негіз деп буржуазиялық либерализм-

нің негізі аталып отыр, бұл либерализмнің баяулығы, жауапсыздығы, дәрменсіздігі сонша, тіпті бұған қандай да бір үміт арту тура кісі күлерлік нәрсе. 1907 жылы «бейбіт жаңартушы» болғандар,— III Думада кадеттер мен октябристердің екі арасында жүргендер,— міне, осылар берік және нақты негіз деп аталып отыр!

Миллионер Рябушинский — прогрессист. Мұндай немесе осы сияқты прогрессистердің органы —«Утро России»[121]. Ал прогрессистермен блок жасасқан кадеттердің органы нақ *«Речьтің»* өзі былай деп жазған болатын: «Москва өнеркәсіп иелерінің органы «Утро России» бәрінен гөрі риза болып отыр (Коковцовтың сөзіне)... «Утро России» Крестовниковты қайталап былай дейді: «Сауда-өнеркәсіптік Москва өзін қанағаттанды деп есептеуге праволы»». Ал *«Речь»* өз жанынан былай деп қосады: «Мұның өзі «Голос Москвы» мен «Утро Россиите» байланысты болғандықтан, олар ешқандай бағыт ұстамауға дайын және өзін тоқмейіл сезінеді».

Ефремов немесе басқа прогрессистер ұстаған «бағыт» *бар* дейтін мәліметтер қайда?—деген сұрақ туады. Ондай мәліметтер жоқ. Мұндай прогрессизмді қолдау, ол прогрессизм деп атала ма немесе кадетизм деп атала ма, бәрібір, демократияның позицияны беріп қоюынан басқа түк те емес. Буржуазия мен помещиктердің арасындағы, либералдар мен оңшылдардың арасындағы дау-жанжалды пайдалану — ол бір басқа. Демократ өз міндеттерін тек осылай ғана қоя алады.

Кадеттер мен прогрессистердің либерализмінің контрреволюцияшыл екендігін айқын ұғыну осы міндетті орындау үшін, экономикалық жағынан Ефремовтер мен Рябушинскийлерге тәуелді болып отырған өте-мөте қалың бұқараны саяси жағынан ағартып, ұйымдастыру үшін қажет. Мұндай айқын ұғынушылықтың болмауы— трудовиктер мен жойымпаздарға ортақ басты кемшілік. Трудовиктерде либерализмге таптық сипаттама беру деген атымен жоқ, жойымпаздарда *«Думаны* реакцияның қолынан жұлып алу» туралы, кадеттер мен прогрессистердің өкіметке жақындауы туралы, олардың атқарып отырған тарихи-прогресшілдік жұмысы тура-

лы (Мартовты және Данды қараңыз) бос сөздер бар, мұның өзі жиынтығында бәрібір кадеттік «қанаттың» Р. Б.-ны да соншама риза етіп отырған ролінің дәл өзін береді.

Трудовиктер мен жойымпаздардың субъективті тілектері, әрине, мұндай емес, бірақ мәселе олардың субъективті жоспарларында емес, қоғамдық күштердің объективті топтасуында. Ал бұл топтасу екі лагерь идеясын жақтаушылардың бәріне қарамастан, жұмысшы демократиясының бей-берекеттігі туралы табалай байбалам салуға қарамастан (Р. Б. мырзаның сол мақаласынан қараңыз), бізге үшінші лагерьдің құрылғанын айқын көрсетеді. Оның бағыты анық көрсетілген және баршаға мәлім. Жойымпаздарға қарсы жұмысшылар оңшылдарға да, либерализмге де қарсы күресте барлық демократтарды топтастыра отырып, осы бағытты жүргізіп отыр. Түбегейлі мәселелердің бәрінде де реакция алдында дәрменсіз, жалбақтап жүрген кадеттердің либерализмі жөнінде сиқандай жалған үмітке алданбай, жұмысшылар оның реакциямен қақтығысуларын өзі үшін, өзінің таптық ұйымдасуы үшін, Ефремовтер мен Рябушинскийлер құлдыққа салып отырған халық бұқарасының қалың ортасында қазір айғай-шусыз жетіліп келе жатқан өзінің демократиясы үшін пайдалануда.

Оңшылдардың «жауапты» оппозицияға қарсы күресі «жауапты» деген қадірі шамалы атақтан дәмеленбейтін «оппозицияның» санасын дамытуға және өз алдына ұйымдасуына қызмет етуге тиіс және — жұмысшылардың жойымпаздыққа қарсы тактикасының арқасында — қызмет етеді де.

«Невская Звезда» № 6,
22 май, 1912 ж.
Қол қойған: Б. Г.

«Невская Звезда» газетінің текcті бойынша басылып отыр

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ СТАЧКА

Стачкалардың сауда және өнеркәсіп министрлігі жүргізіп отырған ресми статистикасында 1905 жылдан бастап стачкаларды экономикалық және саяси стачкалар деп саралайтын тұрақты бөлу енгізілді. Стачкалық қозғалыстың *ерекше* формаларын туғызған өмір осындай бөлу енгізуге мәжбүр етті. Бұл ерекшеліктің басты белгілерінің бірі — экономикалық және саяси стачканың ұштасуы болып табылады. Сондықтан қазіргі уақытта, стачкалық қозғалыс жанданып отырған кезде, ғылыми мүдделер, оқиғаларға саналы түрде қарау мүдделері орыс стачкалық қозғалысының осындай ерекше белгісіне жұмысшылардың мұқият қарауын талап етеді.

Ең алдымен стачкалардың үкіметтік статистикасынан алып біраз негізгі цифрлар келтірейік. Үш жыл ішінде, 1905—1907 жылдары орыс стачкалық қозғалысы осы уақытқа дейін *дүние жүзінде болып көрмеген* биікте тұрды. Үкіметтік статистика тек фабрикалар мен заводтарды ғана есептейді, сондықтан кен кәсіпорындары да, темір жолдар да, құрылыс жұмыстары да, жалдама еңбектің басқа көптеген салалары да есепке алынбай қалады. Бірақ тіпті фабрикалар мен заводтардың бір өзінде ғана 1905 жылы—2863 мың адам, яғни 3 миллионға аз-ақ жетпейтін адам; 1906 жылы —1108 мың, 1907 жылы — 740 мың адам ереуіл жасаған. Европада стачкалар статистикасы жүйелі түрде жасала бастаған кез, 1894—1908 жылдар аралығындағы бүкіл он бес

жыл бойында, бір жыл ішіндегі стачкашылардың саны бәрінен де Америкада көп болған — 660 мың.

Демек, орыс жұмысшылары 1905—1907 жылдары көргеніміздей, бұқаралық стачкалық күресті *дүние жүзінде тұңғыш рет* дамытты. Қазір ағылшын жұмысшылары экономикалық стачка саласында қозғалысқа жаңадан зор түрткі салып отыр. Орыс жұмысшыларының озық ролі олардың батыс европалық жұмысшылардан күштірек, ұйымшылырақ, жетіліңкіреген болғандығынан емес, мұның себебі Европада пролетарлар бұқарасы дербес қатысқан ұлттық зор дағдарыстар әлі болмағандығынан. Мұндай дағдарыстар туған кезде Европадағы бұқаралық стачкалар 1905 жылғы Россиядағыдан да күштірек болады.

Сол дәуірде экономикалық және саяси стачкалардың ара салмағы қандай болды? Үкіметтік статистика бұған мынадай жауап береді:

Стачкашылардың саны, мың есебімен:

	1905	1906	1907
экономикалық стачкаларға	1 439	458	200
саяси стачкаларға	1 424	650	540
Барлығы	2 863	1 108	740

Бұдан стачкалардың екі түрінің де тығыз және берік байланысы көрініп тұр. Қозғалыстың ең жоғары өрлеуі (1905 ж.) күрестің неғұрлым кең *экономикалық* негізімен ерекшеленеді: бұл жылғы саяси стачка экономикалық стачканың берік те мығым базасына негізделген. Экономикалық стачкашылардың саны саяси стачкашылардың санынан *жоғары.*

Қозғалыстың бәсеңдеуіне қарай, 1906 және 1907 жылдары, біз экономикалық базаның *әлсірегенін* көреміз: 1906 жылы стачкашылардың барлық санының ішінде экономикалық стачкашылардың саны $^4/_{10}$-ке дейін, 1907 жылы $^3/_{10}$-ке дейін төмендейді. Демек, саяси және экономикалық стачкалар бірі бірінен күш алатын негіз бола отырып, бірін-бірі өзара қолдап отырады. Стачканың бұл түрлерінің тығыз байланысы болмайынша нағыз кең, бұқаралық,— және оның үстіне *жалпы*

халықтық маңызға ие болатын,— қозғалыстың болуы мүмкін емес. Қозғалыстың бас кезінде көп жағдайда экономикалық стачканың артта қалғандарды оятын, қозғау салатын, қозғалысты қорытатын, оны жоғары сатыға көтеретін қасиеті болады.

Мәселен, 1905 жылдың бірінші тоқсанында экономикалық стачка саяси стачкадан әжептәуір басым болды: мұның біріншісіне 604 мың, екіншісіне тек 206 мың стачкашыдан келді. Ал 1905 жылдың соңғы тоқсанында бұлардың ара салмағы керісінше болды: экономикалық стачкаларға 430 мың, ал саяси стачкаларға 847 мың адамнан келді. Мұның өзі — қозғалыстың бас кезінде көп жұмысшылар бірінші қатарға экономикалық күресті қойды, ал қозғалыс негүрлым өрлеген кезде — керісінше болды деген сөз. Бірақ экономикалық және саяси стачканың *байланысы барлық уақытта да* болып отырды. Қайталап айтамыз, мұндай байланыссыз шын ұлы және ұлы мақсаттарды жүзеге асыратын қозғалыстың болуы мүмкін емес.

Саяси стачка кезінде жұмысшы табы бүкіл халықтың озық табы ретінде шығады. Мұндай жағдайларда пролетариат буржуазиялық қоғам таптарының жай біреуінің ролін атқармайды, гегемонның, яғни басшының, алдыңғы қатардағының, көсемнің ролін атқарады. Қозғалыста көрінетін саяси идеялардың жалпы халықтық сипаты болады, яғни бүкіл елдің саяси өмірінің негізгі, ең терең жағдайларын қозғайды. Саяси стачканың мұндай сипаты — 1905—1907 жылдардағы заманды ғылыми зерттеушілердің бәрінің көрсетіп отырғаны сияқты— барлық таптарды және әсіресе, әрине, халықтың ең қалың, саны көп және демократиялық топтарын, шаруаларды және басқаларды қозғалысқа мүдделі етті.

Екінші жағынан, экономикалық талаптарсыз, өзінің хал-жағдайын тікелей және дереу жақсартпайынша, еңбекшілер бұқарасы елдің жалпы «прогресін» бар деп есептеуге еш уақытта келісе алмайды. Жұмыс істеушінің экономикалық жағдайы жақсарғанда ғана бұқара қозғалысқа тартылады, сонда ғана оған жігер салып қатысады, оны жоғары бағалайды және қаһармандық, жан қиярлық, табандылық және ұлы іске берілгендік

қасиеттерін дамытады. Істің бұдан басқаша болуы мүмкін емес, өйткені жұмысшылардың тұрмыс жағдайлары «әдеттегі» уақытта адам айтқысыз ауыр болады. Тұрмыс жағдайларын жақсартуға күш сала отырып, жұмысшы табы сонымен қатар моральдық жағынан да, ақыл-ой жағынан да, саяси жағынан да өседі, өзінің ұлы азаттық мақсаттарын жүзеге асыруға неғұрлым қабілетті бола бастайды.

Стачкалардың сауда және өнеркәсіп министрлігі басып шығарған статистикасы жаппай сергу заманында жұмысшылардың экономикалық күресінің осы орасан зор маңызын әбден дәлелдейді. Жұмысшылардың тегеуріні неғұрлым күшті болса, олар тұрмыстың соғұрлым көбірек жақсаруына жетеді. «Қоғамның тілектестігі» де, тұрмыстың жақсаруы да—күрестің барынша дамуының нәтижесі. Егер либералдар (жойымпаздар да) жұмысшыларға: «қоғам» ішінде сіздерге тілектестік болған күнде, сіздер күшті боласыздар десе, марксист жұмысшыларға басқаша айтады: сіздер күшті болған күнде сіздерге «қоғам» ішінде тілектестік болады. Бұл ретте қоғам деп халықтың әр қилы демократиялық топтарын, ұсақ буржуазияны, шаруаларды, жұмысшы өміріне жақын қатысы бар интеллигенцияны, қызметшілерді т. т. түсіну керек.

Стачкалық қозғалыс 1905 жылы бәрінен де күшті болды. Сонда ше? Бәрінен де нақ осы жылы жұмысшылардың тұрмысын көбірек жақсартуға қолы жеткенін көреміз. Үкіметтік статистика мынаны көрсетеді: 1905 жылы 100 стачкашының *тек* 29-ы ғана күресті *ешнәрсеге* қолы жетпестен аяқтаған, яғни толық жеңілген. 10 жыл ішінде (1895—1904) 100 стачкашының 52-сі күресті ешнәрсеге қолы жетпестен аяқтаған! Демек, қозғалыстың бұқаралық сипаты күрестің *табысты болуын* өте зор мөлшерде, екі есе дерлік арттырған.

Ал қозғалыс әлсірей бастаған кезде,—ол кезде күрестің табысты болуы да кеми бастаған: 1906 жылы 100 стачкашының 33-і күресті ешнәрсеге қолы жетпестен немесе, дұрысырақ айтқанда, жеңіліп, аяқтаған, ал 1907 жылы 100 стачкашының 58-і; 1908 жылы 100 стачкашының тіпті 69-ы солай аяқтаған!!

Сонымен, бірқатар жылдар бойындағы статистиканың ғылыми мәліметтері экономикалық және саяси стачканы ұштастыру қажеттігі жөніндегі және шын мәнінде кең де жалпы халықтық қозғалыста мұндай ұштасудың сөзсіз болатыны жөніндегі әрбір саналы жұмысшының өз тәжірибесі мен бақылауын толық дәлелдейді.

Сондай-ақ стачкалық қозғалыстың қазіргі толқыны да бұл қорытындыны толық дәлелдейді. 1911 жылы стачкашылардың саны 1910 жылға қарағанда екі есе өскен (50 мыңнан 100 мыңға жеткен), алайда бұл сан өте аз болды; таза экономикалық стачкалар біршама «өрісі тар» іс болып қала берді, әлі де болса жалпы халықтық маңыз алмады. Мұның керісінше, белгілі апрель оқиғаларынан кейін осы үстіміздегі жылдың стачкалық қозғалысының *нақ осындай* маңыз алғандығын қазір жұрттың бәрі бірдей көріп отыр.

Сондықтан қозғалыс сипатын *бұрмалауға*, бұрмалау болғанда либералдар мен либералдық жұмысшы саясатшыларының (жойымпаздардың) оған енгізуге тырысатын бұрмалауына әуел бастан тойтарыс беру өте-мөте маңызды. Либерал Северянин мырза *«Русские Ведомостиде»* бірінші май ереуіліне экономикалық немесе «қандай да болсын» (тіпті, солай деңіз!) «талаптарды» әкеліп «араластыруға» *қарсы* мақала басып шығарды, ал кадеттік *«Речь»* бұл мақаланың басты-басты жерлерін тілектестікпен көшіріп басты.

> «Мұндай ереуілдерді,— деп жазады либерал мырза,— нақ 1 май кезімен байланыстыру көбінесе негізсіз болады... Сонымен қатар бір түрлі оғаш та: бүкіл дүние жүзілік жұмысшы мерекесінің күнін мейрамдай отырып, осыған байланысты арзан қол сисаның мынадай-мынадай сорттары үшін 10 процент қос деп талап етеміз» («Речь», № 132).

Жұмысшыға әбден түсінікті нәрсе либералға «оғаш» көрінеді. Буржуазияны және оның өлшеусіз көп табыстарын қорғаушылар ғана «қосу» деген талапты келекелей алады. Ал қосуды талап етудің нақ *кең* сипатты болуы, стачкалардың нақ *жан-жақты* сипатты болуы толып жатқан жаңа қатысушыларды бәрінен де көп тартатынын, тегеуріннің күшті болуын және қоғамның тілектес болуын бәрінен де көп қамтамасыз ететінін,

жұмысшылардың өздерінің табысқа жетуіне де, олардың қозғалысының жалпы халықтық маңыз алуына да бәрінен көбірек кепіл бола алатынын жұмысшылар біледі. Сондықтан Северянин мырза, *«Русские Ведомости»* және *«Речь»* уағыздап отырған либералдық бұрмалаушылыққа қарсы үзілді-кесілді күресу керек және жұмысшыларды бұл сияқты бейшара ақылшылардан бар күшті салып сақтандыру керек.

Жойымпаз В. Ежов мырза жойымпаздық «Невский Голос»[122] газетінің бірінші номерінің өзінде-ақ мәселеге біршама басқа тұрғыдан қарағанымен нақ осындай нағыз либералдық, бұрмалаушылық ниетте мақала жазады. В. Ежов мырза әсіресе бірінші май үшін айып салудан шыққан стачкаларға тоқталады. Жұмысшылардың жете ұйымдаспағандығын әділ көрсете отырып, автор бұл әділ көрсетуден мейлінше қате және жұмысшылар үшін мейлінше зиянды қорытындылар жасайды. Ежов мырза ұйымдаспаушылық дегенді бір фабрикада тек наразылық білдіру үшін ереуіл жасап, енді бір фабрикада экономикалық талаптарды әкеліп қосқандық, т. б. деп біледі. Шын мәнінде стачкалар формаларының мұндай *әркелкі* болуында тіпті ешқандай ұйымдаспаушылық жоқ: ұйымшылдықты қайткенде де *біркелкілік* болу деп білу есуастық! Ұйымдаспаушылық тіпті де Ежов мырзаның іздеп отырған жерінде емес.

Бірақ оның *қорытындысы* бұдан әлдеқайда жаман:

> «Осының салдарынан» (яғни стачкалардың әркелкі болуының және экономиканы саясатпен ұштастыру формаларының әр қилы болуының салдарынан) «наразылықтың (тиын-тебен үшін ереуіл жасаған жоқ қой) принципті сипаты көп жағдайларда көмескіленіп кетті, ол экономикалық талаптар арқылы қиындап кетті...»

Мұның өзі нағыз ашындырарлық, шылғи өтірік және шылғи либералдық пайымдау! «Тиын-тебен» талап ету наразылықтың принципті сипатын «көмескілеуге» *қабілетті* деп ойлау — кадеттің деңгейіне дейін құлдырау деген сөз. Керісінше, Ежов мырза, «тиын-тебен» талап ету келеке қылуға емес, қайта толық мойындауға лайықты нәрсе! Керісінше, Ежов мырза, бұл талап «наразылықтың принципті сипатын» «көмескілемейді»,

қайта *күшейтеді!* Біріншіден, тұрмысты жақсарту жөніндегі мәселенің *өзі де* принципті және ең маңызды принципті мәселе болып табылады, ал екіншіден, мен қанау көріністерінің біреуіне емес, екеуіне, үшеуіне, т. т. қарсы наразылық білдіргенде мен өз наразылығымды әлсіретпеймін, қайта күшейте түсемін.

Ежов мырзаның істің жайын ашындырарлықтай түрде либералдық бұрмалауын қай жұмысшы болса да ызамен қабылдамай тастайды.

Ал Ежов мырзаның мұнысы тіпті де аңдамай айтылған сөз емес. Ол бұдан әрі жаңағыдан да ашындырарлық нәрселер жазады:

> «Өз наразылығын экономикалық талаптар арқылы қиындатып жіберудің, әл сондай-ақ әдеттегі стачканы принципті талап арқылы қиындатып жіберудің орынсыз екендігін жұмысшыларға олардың өз тәжірибесі білдіруге тиіс еді».

Өтірік, мың мәрте өтірік! Мұндай сөздерді басып шығарып отырған «Невский Голостікі» масқара нәрсе. Ежов мырзаға орынсыз көрінетін нәрсе әбден орынды. Әрбір жұмысшының *өз тәжірибесі де,* орыс жұмысшыларының барынша көпшілігінің таяудағы өткен тәжірибесі де Ежов мырзаның үйретіп *отырғандарына керісінше* нәрселерді көрсетеді.

Тіпті нағыз «әдеттегі» стачканың «принципті талаптар» арқылы «қиындауына» қарсы тек либералдар ғана наразылық білдіре алады; бұл біріншіден. Ал екіншіден, қазіргі қозғалысты «әдеттегі» стачканың өлшемімен өлшеймін деп біздің жойымпаз қатты қателесіп отыр.

Сондықтан Ежов мырза өзінің либералдық контрабандасын бөтеннің жалауымен бүркеуге босқа тырысып отыр, экономикалық стачка мен саяси стачканы *ұштастыру* туралы мәселені бұл стачкалардың екеуін де *әзірлеу* туралы мәселемен босқа шатастырып отыр! Әрине, әзірлеу және әзірлену, әзірленгенде мүмкіндігінше мұқияттырақ, ынтымақтырақ, топтасыңқырап, ойластырыңқырап, берігірек әзірлену—мұның бәрі мейлінше керек. Бұл туралы талас болуы мүмкін емес. Бірақ Ежов мырзаға керісінше, стачканың екі түрінің нақ *ұштасуын* әзірлеу керек.

«Біздің алдымызда экономикалық стачкалар белеңі тұр,— деп жазады Ежов мырза.— Егер бұлар жұмысшылардың саяси қимылдарымен қабысса, онда түзеуге келмейтін қателік болар еді. Мұндай араласу жұмысшылардың экономикалық күресіне де, саяси күресіне де зиянын тигізер еді».

Бұдан әрі барар жер жоқ! Жойымпаздың барып тұрған либералдың деңгейіне құлдырағандығы бұл сөздерден айдан анық көрініп отыр. Әрбір сөзінде қате бар! Шындыққа жету үшін мұның әрбір сөзін *тікелей* қарама-қарсы етіп қайта құру керек!

Біздің алдымызда экономикалық стачкалар белеңі тұрғаны бекер. Нақ мұның керісінше болып отыр. Біздің алдымызда тұрған экономикалық стачкалардың ғана белеңі емес. Біздің алдымызда саяси стачкалардың белеңі тұр. Фактілер, Ежов мырза, сіздің либералдық бұрмалауларыңыздан күштірек, сондықтан егер сіз сауда және өнеркәсіп министрлігінде жинастырылатын стачкалардың статистикалық карточкаларын ала алған болсаңыз, онда *тіпті* осы үкіметтік статистиканың өзі сізді толығынан теріске шығарған болар еді.

«Қабысу» қате болар еді деу бекер. Нақ мұның керісінше. Нақ осындай «қабысудың» бүкіл ерекшелігін, бүкіл маңызын, бүкіл қажеттілігін, бүкіл принципті маңыздылығын жұмысшылар түсінбесе, түзеуге келмейтін қателік болар еді. Бірақ, бағымызға қарай, жұмысшылар мұны өте жақсы түсінеді және либералдық жұмысшы саясатшыларының уағызын жиіркенішпен ысырып тастауда.

Ақырында, мұндай араласу күрестің екі формасына да «зиянын тигізер еді» деу бекер. Нақ мұның керісінше. Мұндай араласу оның екі формасына да *пайдалы*. Ол мұның екеуін де күшейтеді.

Ежов мырза өзі ашып отырған қайдағы бір «қызба бастарды» үйретпек болады. Тыңдаңыз:

«Жұмысшы бұқарасының ниет-пиғылын ұйымдық жағынан баянды ету қажет»...— Кіршіксіз ақиқат! — ...«Кәсіптік одақтар үшін үгітті күшейту қажет, оларға жаңа мүшелер тарту қажет...».

Әбден әділетті, *бірақ*... бірақ «ұйымдық жағынан баянды етуді» бір ғана кәсіптік одақтарға *әкеліп саюға*

болмайды. Ежов мырза! Бұл есіңізде болсын, жойымпаз мырза!

«...Бұқаралық қозғалысқа еліпп алып, митингілерде пайдасыз, керексіз нәрсе деп есептеп *одақтарға қарсы* шығып жүрген қызба бастар қазір жұмысшылар арасында аз болмай отырғандықтан да бұл неғұрлым қажет».

Бұл — жұмысшыларға либералдық жала жабу. Жұмысшылар жойымпаздарға оңай тимеген және қашан да оңай тимейтін «одақтарға қарсы» шыққан жоқ. Жоқ, жұмысшылар ұйымдық жағынан баянды етуді бір ғана «кәсіптік одақтарға» *әкеліп саюға* қарсы шықты, ал осыған әкеліп саюшылық Ежов мырзаның жаңағы сөздерінен айқын көрініп отыр.

Жұмысшылар «одақтарға қарсы» шыққан жоқ, жұмысшылардың күресінің сипатын либералдық бұрмалауға, Ежов мырзаның бүкіл мақаласының өзегі болған бұрмалауға қарсы шықты.

Орыс жұмысшысы өз қозғалысының жалпы халықтық ұлы маңызын түсіну үшін саяси жағынан жеткілікті кемелденген. Либералдық жұмысшы саясатының бүкіл жалғандығын, бүкіл дәрменсіздігін түсіну үшін ол жеткілікті кемелденген және ол мұндай саясатты қашан да болсын жиіркене отырып ысырып тастайды.

«Невская Звезда» № 10,
31 май, 1912 ж.
Қол қойған: Ив. Петров

«Невская Звезда» газетінің текстi бойынша, мына жинақтың текстімен салыстырылып басылып отыр: «Марксизм және жойымпаздық», II бөлім, СПБ., 1914

ҚОНЫС АУДАРУ МӘСЕЛЕСІ

Жұртқа мәлім, үкімет пен контрреволюциялық партиялар шаруаларды қоныс аудартуға ерекше үлкен үміт артқан болатын. Барлық контрреволюционерлердің ойынша бұл қоныс аудару аграрлық мәселені түбегейлі шешпегеннің өзінде, ең болмағанда, оны едәуір мұқалтып, зиянсыз етуге тиіс болды. Міне, сондықтан да қоныс аудару Европалық Россиядағы шаруа қозғалысы әсіресе дәл жақындап келген кезде, ал кейін дамыған кезде дәріптеліп, барынша мадақтала бастады.

Үкімет өкілдерінің және мәселен, октябристердің ішінен шыққан, неғұрлым көреген саясатшылардың ойындағы нәрсе Курск қу мүйізі Марков 2-ші сияқты ашықтан-ашық реакционерлердің тіліне оралып отыр. Ал бұл депутат қоныс аудару мәселесі Думада талқыланған кезде ашықтан-ашық, мақтауға лайықты туралықпен былай деді: «Иә, аграрлық мәселені үкімет нақ қоныс аудару арқылы шешуге тиіс» (1-сессия).

Қоныс аударуды дұрыс ұйымдастырған күнде Россияның шаруашылық дамуында оның белгілі бір роль атқара алуы мүмкін екені күмәнсыз. Әлбетте, бұл рольді тіпті шаруалардың адам төзгісіз жағдайы орыс мужигін Сибирь былай тұрсын, тіпті жер түбіне қашуға да дайын етіп отырған қазіргі кездің өзінде асыра бағалауға болмайды; тіпті помещиктік латифундияларға қызығып көзін сүзіп отырудан құтқару үшін жері аз және жері жоқ шаруаларды қоныс аударуға және көшуге барынша көтермелеп отырған қазіргі кездің

өзінде; 9 ноябрьдегі указ қоныс аударушылардың туған жеріндегі өз шаруашылығының қалдықтарын жою ісін өте-мөте жеңілдетіп отырған кезде; тіпті табиғи өсіп-өнуді жақтаушылардың өздері де мойындауға тиіс болып отырған қазіргі кездің өзінде; көшірілетіндердің ең көп процентін беріп отырған губернияларда ғана (Россияның оңтүстігі, батысы және қара топырақты орталығы) қоныс аудару табиғи өсіп-өнуге тең болып отырғанда немесе онан аздап қана асып түсіп отырғанда бұл рольді асыра бағалауға болмайды.

Әйтсе де қоныс аударуға жарайтын бос жерлердің едәуір қоры Сибирьде әлі бар. Рас, мұндай жерлерді шамалас дәлдікпен болса да анықтау үшін істелген жұмыс әлі өте аз. 1896 жылдың өзінде-ақ қоныс аударылатын жердің қорын Куломзин 130 мың жан басына келетін үлесті жер деп белгіледі. Сонан бері үлеске мұнан он есе көп жер берілді, ал қор әлі таусылған жоқ. Мұның керісінше, қоныс аудару басқармасының есебі бойынша, қоныс аударуға жарамды жер қоры 1900 жылдың қарсаңына —6 миллион қоныс аударушыға 3 миллион жан басындық үлесті жер бар деп белгіленген. Цифрлар өте-мөте әр қилы; олардың ауытқу ауқымы өте үлкен екенін көреміз.

Қалай болғанда да, соңғы цифрлардан белгілі процентті әдеттегі бюрократтық бейқамдықтың үлесіне шығарып тастағанның өзінде, сонда да Сибирьде жер қорының әлі бар екендігі күмәнсыз, демек, егер тек қоныс аудару мақсатқа сай ұйымдастырылған болса, бұл жерге қоныс аударудың Сибирь үшін де, Россия үшін де белгілі бір маңызы болар еді.

Қазіргі үкімет нақ осы conditio sine qua non* орындамай отыр. Қоныс аудару ісінің қазіргі ұйымдастырылуы біздің «ескі тәртіптің» халықтың мейлінше қарапайым шаруашылық қажеттерін қанағаттандыруға мүлдем қабілетсіз екендігін тағы да көрсетті де, дәлелдеді де; қоныс аударудың дұрыс жолға қойылмауы жағдайдың қазіргі қожайындарының елдің шаруашылық про-

* — міндетті шартты. *Ред.*

гресі үшін қайсыбір нәрсе істеуге дәрменсіз екенін тағы да дәлелдеп отыр.

Қоныс аудару басқармасының бюджеттік сметасын талқылау кезінде социал-демократ депутаттардың жыл сайын сөйлеген сөздері қоныс аударту саясатының бағытын, сипатын және жүзеге асуын анықтауға арналды да.

Шаруаларды қоныс аударғанда үкімет қандай мақсат көздейді? Басқа барлық мәселелерді айқындайтын негізгі мәселе, міне, осы, өйткені бұл саясаттың бүкіл сипатын үкіметтің қоныс аударту саясатының мақсаты айқындайды.

Думаның 2-сессиясында социал-демократиялық фракцияның атынан сөз сөйлеген депутат Войлошников шаруаларды қоныс аударту кезінде үкіметтің алдына қойып отырған міндеттерін былайша сипаттады. «Қоныс аударту саясаты,— деді депутат Войлошников,—үкіметтің бүкіл аграрлық саясатының бір буыны болып табылады. Помещиктерге арзан жұмыс қолы ретінде шаруашылығы әлсіз және осал шаруалар керек болды, сондықтан үкімет қоныс аударуды барынша тежеп, халықтың артығын жергілікті жерлерде қалдыруға тырысты. Бірақ бұл әлі аз: үкімет өз бетімен қоныс аударуға қарсы күш сала күресіп, сонысымен бұл сақтық саңлауын жауып тастауға тырысты; бірақ сол уақыттағы халықтың табиғи өсіп-өнуі жалғаса берді, заман өзгерді; пролетариат пен ашыққан шаруалардың өзінің барлық салдарымен қоса қаһарлы бұлты төнді. Үкімет пен помещиктер қоныс аудару ісіне жармасып, 9 ноябрьдегі указбен қатар оны өзінің аграрлық саясатының негізі етті, бірақ онда 9 ноябрьдегі указды жүзеге асыруда күштілер мен мықтыларға, әлсіздердің жерін тартып алып, мықты шаруаларға беруге зер салынды, ал мұнда мәселе әлсіз шаруаларды Сибирьге мүмкіндігінше көбірек жіберу туралы болып отыр, соңғы кезде ауқатты қоныс аударушының орташа дәрежесінің көтерілу тенденциясы байқалғанымен, алайда, олардың негізгі көпшілігі, Столыпиннің терминологиясы бойынша, әлі де әлсіздер болып қалып отыр. Осынау көбірек көшіру ісіне жерге орна-

ластыру комиссиялары да дәл осылай қатысып отыр немесе, мен айтсам, осыған қатыстырылып отыр.

Жерге орналастыру комиссияларына қоныс аударушыларға учаскелер беру, оларды бекіту және осы арқылы бұрын болған аграрлық тәртіпсіздіктерді жайғастыру міндеті жүктелген. Сонымен, мырзалар, 9 ноябрьдегі указ, қоныс аударуды барынша дәріптеу, әлсіздерді лек-легімен Сибирьге жіберу және жерге орналастыру комиссиялары — мұның өзі бәз-баяғы бір мәселенің, бәз-баяғы бір саясаттың бір-біріне тығыз байланысты екі жағы. 9 ноябрьдегі указды іске асыру әлсіз шаруалардың есебінен мықты және күшті шаруалардың үлесті жерлерге орнығуына, отарлау тұрғысынан келгенде жарамдылығы болмашы осы әлсіз элементтерді оларға жат шет аймақтарга ығыстыруға көмектесетінін байқау қиын емес. Қауым жөнінде де, қоныс аудару жөнінде де үкіметтің қоныс аударту саясаты ат төбеліндей крепостник-помещиктердің мүдделерін ғана, жалпы алғанда жұмысшы бұқарасы мен еңбекші шаруаларды қанайтын үстем таптардың мүдделерін ғана басшылыққа алды. Елдің қарапайым қажеттері мен халық шаруашылығының мұқтаждарын түсіну оган жат нәрсе» (77 мәжіліс, 2-сессия).

Істің бұл жағын Кавказдағы қоныс аудару саясатының бейнесін егжей-тегжейлі суреттеп, басқадан да гөрі депутат Чхеидзе (Мемлекеттік думаның 2-сессиясында сөйлеген сөзінде) толығырақ ашып берді.

Социал-демократиялық шешен, ең алдымен, фактілер мен цифрлар арқылы Кавказдағы бос жерлер туралы ресми хабарлардың бәрі шындыққа өрескел қайшы екенін дәлелдеді. Баса атап өтейік, депутат Чхеидзе бүйрегі бұру мен бұрмалау деген кінә арту болмас үшін барлық уақытта да ресми мәліметтерді және үкімет чиновниктерінің баяндамаларын пайдаланып отырды. Тіпті 80-жылдардың өзінде-ақ мемлекеттік мүліктердің бұрынғы министрі жинаған мәліметтер бойынша «Кавказдағы қазыналық жерлерге орналастырылған тек бір ғана мемлекеттік шаруалардың арасында, Закавказьенің төрт губерниясында мүлде жері жоқ 22 000 жан болған, жан басына бір десятинаға дейін үлесті жерлері бар —

66 000 жан, бір десятинадан екі десятинаға дейін үлесті жері бар — 254 000 жан, екі десятинадан төрт десятинаға дейін үлесті жері бар — 5 013 жан болған,— үлесті жері Кавказға орналастырылған қоныс аударушыларға берілетін үлесті жердің ең төменгі нормасынан да аз болып отырғандардың барлығы 1 000 000-ға таяу жан болған. Кутаиси губерниясында 29 977 түтіннен жері жоқ және үй басына бір десятинаға дейін үлесті жері бар — 2 541, бір десятинадан екі десятинаға дейін жері бар — 4 227, екі десятинадан үш десятинаға дейін жері бар — 4 016, үш десятинадан бес десятинаға дейін жері бар — 5 321 түтін болған. Ең жаңа мәліметтер бойынша қазыналық жері мүлде жоқ немесе ондай жерлері аз қоныстардың саны Закавказьенің төрт губерниясында 46 процентке жуық болды, ал Кутаиси губерниясында қамтамасыз етілмеген үйлердің саны 33 процентке жуық деп есептелген. Баку комитетінің ауыл шаруашылық өнеркәсібінің мұқтаждары туралы есебінен біз мынаны білеміз: жермен мұндай аз қамтамасыз етілген қоныстар өз арасынан жері жоқтарды бөліп шығарады, олар әжептәуір үлесті жері барлардың қасына келіп қоңсы қонады да, көп жылдар бойы осындай тәуелді жағдайда болады. Ал сенатор Кузьминский өзінің құлдық ұратын есебінде былай дейді: «Кейде қоныс аударушылардың құрамының өзі егіншіліктен қол үзген және отарлау мақсаты үшін алынған жерді қоныстастарына немесе көршілес қоныстағы жергілікті шаруаларға арендаға беретін адамдардан құралатындығы байқалды». Сонымен, осыдан 25 жыл бұрын-ақ Закавказьеде жүз мыңдаған мемлекеттік шаруалар болған, бұлар батырақтар деп атаса асыра айтқандық болмайтын басқа шаруалар категорияларына қарағанда артық қамтамасыз етілуге тиісті сияқты еді. Бұдан 25 жыл бұрын-ақ жергілікті шаруалар қоныс аударушыларға берілген жерлерді арендаға алуға мәжбүр етілген».

Кавказдағы мемлекеттік шаруалардың жермен қалай қамтамасыз етілгендігі туралы пікір айтуға негіз боларлық мәліметтер осындай.

«Уақытша міндетті шаруалар дейтіндерге келетін болсақ,— деді одан әрі шешен,— онда белгіленген грамоталар негізінде

Тифлис губерниясында 1 444 түтін мүлде жерсіз қалдырылғаны және 386 түтін тіпті усадьбалық жер де алмағаны көрінеді. Мұның өзі Тифлис губерниясындағы помещиктік шаруалардың жалпы санының 13 проценті болады. Кутаиси губерниясында жері жоқ шаруалардың саны реформа тұсында бұдан да көп болған. Егер Тифлис губерниясындағы крепостнойлардың жалпы санының пропорциясын алғанның өзінде, соның өзінде де бұлардың барлығы Кутаиси губерниясында 5590 түтін немесе 25 000 жан болып шығады, бұлар Кавказдағы шаруаларды азат еткен кезде ұлтарақтай да жер алмаған. Реформадан кейін 20 жылдан соң, 1895 жылы,— дейді одан әрі міндетті қатынастарды жою туралы записканың авторы,— Елисаветполь губерниясында жері жоқ шаруалар 5308 түтін немесе еркек, әйел 25 000 жан болған. Баку губерниясында жері жоқ шаруалар 3906 түтін немесе еркек, әйел 11 709 жан болған. Ал өзінің үлесті жерлерін сатып алмаған, бірақ болар-болмас шаруашылығы бар уақытша міндеттілердің ішінен шыққан шаруалардың жермен қамтамасыз етілуі жайындағы мәліметтер мынадай. Тифлис губерниясында жан басына 0,9 десятинадан, ал Кутаиси губерниясында — 0,6 десятинадан келеді. Үлесті жерін сатып алғандардан жан басына Тифлис губерниясында 1,7 десятинадан, ал Кутаиси губерниясында 0,7 десятинадан келеді. Болар-болмас шаруашылығы бар шаруалардың жер жөніндегі қамтамасыз етілуі осындай. Кутаиси губерниялық комитетінің ауыл шаруашылық өнеркәсібінің мұқтаждары туралы есебі Кавказдағы шаруалардың шаруашылық жағдайының жалпы сипаттамасын береді. Әр түрлі ресми зерттеулерден алынған мәліметтер бойынша өте мұқтаж болып отырған шаруалардың саны Кутаиси губерниясында 70 процентке дейін жетеді. Ол ол ма, сонымен қатар мұнда Кутаиси губерниясында дворяндардың 25 процентінің өте мұқтаж болып отырғандығы да айтылады.

Жер учаскелерінің мұндай иелері,— дейді онан әрі есеп,— тек көлденең табыс болса ғана өзінің шаруашылық жағынан дербестігін сақтай алады және олардың жерді жақсартуға, құрал-саймандарға және жерді тыңайтуға қаржы жұмсайтын мүмкіншілігі мүлде жоқ. Сұранымның көп болуы арендаланатын үлесті жерлердің құнына әсер етпей қоймады, бұл құн жарма-жарлық жүйесі қолданылғанда жалпы табыстың 60 процентіне жетеді, ал кейде жерден түскен түсімнің белгілі бір мөлшерін төлеген кезде егін шықпаған жылдары жалпы табыстан да асып кетеді. Жерді ақша алып арендалық пайдалануға беру сирек кездеседі, ал арендалық ақы десятина басына жылына 30 сомға жетеді. Бұл Кутаиси губерниясында болып отыр. Ал Елисаветполь губерниясының төрт уезіндегі шаруалардың жермен қамтамасыз етілуі жөніндегі кейбір мәліметтер мынадай. Мұнда, иеліктегі жерде тұратын барлық шаруалар туралы мәліметтерге негізделе отырып, біз мынаны көреміз: Елисаветполь губерниясының төрт уезінде, атап айтқанда: Джибраиль, Зангезур, Шушинск және Джеваншир уезде-

рінде жермен қамтамасыз етілу жан басына 0,6 десятинаға дейін жетеді. Сенатор Кузьминскийдің есебі бойынша, Баку губерниясының Ленкорань уезінде иеліктегі жерге орналастырылған қоныс аударғандарда ер адамдардың жан басына келетін үлесті жер орта есеппен 0,5 десятинаға дейін жетеді. Кубинск уезінде жан басына 0,9 десятинаға дейін жетеді. Закавказьедегі шаруалардың жермен қамтамасыз етілуі осындай, мырзалар,— деп аяқтады шешен».

Егер жердің аздығы жөнінде Кавказ шаруаларының жағдайы Россиядағы шаруалардың жағдайынан айырмашылығы шамалы болып отырса, онда Кавказдағы қоныс аударатын жер қоры қайдан құралады және жергілікті шаруаларды орналастыру орнына ол жерге қоныс аударылатын себебі не? деген сұрақ туады.

Қоныстандыру қоры жергілікті халықтардың жер жөніндегі праволарын өрескел бұзу жолымен жасалады, ал Россиядан қоныс аудару «шет аймақтарды орыстандыру» жөніндегі бәз-баяғы ұлтшылдық принципті дәріптеу үшін жасалады.

Қоныс аударатын жер қорын құрау мақсатымен өздерінің мекендеген жерінен жергілікті халықтардың бүтін бір қоныстарының қалай қуылғандығы жөнінде, тау халықтарының жерлерін экспроприациялауды ақтау үшін көптеген сот процестерінің қалай ұйымдастырылғандығы жөнінде (дворяндардың жетекшісі князь Церетелидің Кутаиси уезіндегі таудағы Кикнавелети мекені туралы ішкі істер министріне баяндамасы), т. т. жөнінде депутат Чхеидзе тағы да ресми деректемелерден алынған бірсыпыра мәліметтерді келтірді. Сенатор Кузьминский де айғақтап отырғаны сияқты, мұның бәрі ілуде бір кездесетін некен-саяқ фактілер емес, қайта «тән жағдайлар».

Осының салдарынан қоныс аударушылар мен жергілікті халықтардың арасында тікелей өшпенділік қатынас туады. Мәселен, Алар жұрты өз жерінен қуылған кезде, сенатор Кузьминский айтқандай, «жермен қамтамасыз етілместен, тағдыр тәлкегіне қуылған» кезде, қоныс аударушылардың ішіндегі оның жерін тартып алушылар қазынаның есебінен каруландырылған: жергілікті уезд бастықтарына «Муганидағы жаңадан пайда болған қоныстардағы шаруаларды, оның ішінде покров-

тықтарды да қарумен жабдықтау — 100 үйге 10 мылтықтан — берданка беру жөнінде» жарлық берілген. Мұның өзі қазіргі саясаттың «ұлтшылдық бағытын» сипаттау үшін көңіл қоярлық бейнелеу.

Соған қарамастан, Мемлекеттік думаның оңшыл депутаттары қоныстандыру қорында 1 700 000 десятина жер бар екенін салтанатпен көрсетті, бұл туралы Кавказ наместнигі хабарлап отыр. Бірақ наместниктің де көрсетіп отырғанындай, бұл қордың жартысына таяуына қоныс аударушылар ендігі орналасқан, тағы сол наместниктің көрсетуі бойынша мұның едәуір бөлегі бұл жерге әлі үйренбеген село қожайынының шаруашылық жүргізуге күш-мүмкіншілігі жетпейтін жерлерде болып отыр.

Сонымен қатар депутат Чхеидзе үкіметтің жаңадан көшіп келгендерді жергілікті жерде қалай орналастырып отырғанын сипаттады. «Наместниктің запискасында былай делінген: қоныс аударушылар учаскелерінің, көбінесе Закавказьенің шығыс өңірлеріндегі учаскелердің сумен жеткіліксіз жабдықталуы және жеткіліксіз суландырылуы — ондағы орнығып қалған қоныс аударушылардың қайтадан кетуінің басты себептерінің бірі болып табылады. Қара теңіз бойынан жаңа қоныстанушылар қоныстанған жеке пункттердің арасында ғана емес, қоныс аудару учаскелерінің өз ішінде де арбамен қатынауға жарайтын жолдардың болмауынан қашуда. Бұған мынаны қосу керек: Кавказдың көп жерлерінде адамдарды ғана емес, малды да қырғынға ұшырататын безгек ауруларын тудыратын, қоныс аударушылар үшін қолайсыз, бейтаныс климат жағдайы, өз тарапынан, өлкеден тұрлаусыз жаңа қоныстанушылардың қашуына жолсыздықтан кем ықпал етіп отырған жоқ. Осы айтылған себептерге байланысты Елисаветполь, Баку губернияларынан және Дағыстан облысынан, сондай-ақ Тифлис және Черноморье губернияларынан кетушілік үнемі байқалуда».

Осының нәтижесінде наместниктің өзі Кавказға қоныс аударудың қорытындысын былай бағалайды. «Кавказ халқына оның жер істері жөнінде соңғы кезге дейін қолданылып келген көзқарас,— дейді наместник,— бұ-

дан былай төзуге болмайтын нәрсе, өйткені село халқының революциялық ниет-пиғылында оның әжептәуір көрнекті роль атқаратыны күмәнсыз».

Шаруаларды Сибирьге қоныс аударғанда да үкімет пен билеуші таптар нақ осы сияқты міндеттерді көздейді; бұл ретте де, саяси мақсаттарды көздей отырып, қоныс аударушылардың мүдделерімен де, байырғы тұрғындардың праволарымен де мүлде санаспайды.

Көшірілетін жерлерде, Россияда, қоныс аудару ісін басқару жұмысы қазір жерге орналастыру комиссияларына, земство бастықтарына және губернаторларға тапсырылған. Жері аз және жері жоқ жергілікті шаруаларды сиретуге, жергілікті жерлерде бұларды тек ірі жер иелігінің қажетіне керекті мөлшерде ғана (жалдама күш беруші ретінде) қалдыруға барынша мүдделі болған жерге орналастыру комиссияларының кедейлерді жеделдете «көшіргендігі» сонша, мұның өзі тіпті қоныс аудару басқармасының да наразылығын туғызды. «Жерге орналастыру комиссиялары,— деп наразылық білдірді қоныс аудару чиновниктерінің бірі,— мүлде қайыршылардың, орнынан шықпай жатып жол жәрдеміне мұқтаж болатындардың, үй-жай құру үшін емес, тамағына керекті қарыз беруді тілейтіндердің топтарын құрайды; ал егер азын-аулақ жинаған ақшасы бар некен-саяқ қоныс аударушы кездесе қалса да, онысы жолы мен тамағына түгел жұмсалады».

Сөйтіп, «күштілерге сенім артуды» өзінің ұраны еткен жер саясатының осы «әлсіз» өгей балалары қарттарға, балаларға, жүкті әйелдерге лық толған ыңғайсыз, мал тиейтін вагондармен лек-легімен Сибирьге жіберілуде. Дәл осы мал тиейтін вагондарда (40 адам, 8 жылқы деген әйгілі жазуы бар вагондарда) қоныс аударушылар тамақ дайындайды, кірлерін жуады, дәл осында көбінесе жұқпалы аурулар да жатады, мұндай ауруларды қоныс аударушылар түсіріп тастайды деп, олар топтан қалып қояды деп қорқып, әдетте жасырып отырады. Ақырғы пункттерде және станцияларда қоныс аударушыларды ең жақсы дегенде арнайы жасалған палаткаларға, ал жаман болғанда — тура ашық далаға, күн мен жаңбыр астына түсіре салады. Депутат Войлошников

Сретен пунктінде жаңбыр астында қорғаусыз жатқан сүзекпен ауырған науқастарды өз көзімен көргенін Думада айтты. Қоныс аударушылардың сапар шегуінің жоғарыда келтірілген дәл осындай жағдайларын екі министр (Столыпин мен Кривошеин) «жөндем» деп тапты: «қоныс аударушылардың жол үстіндегі санитарлық жағдайлары жөндем,— деп құлдық ұра баяндайды олар,— көпшілігі жол бойы керек десе бұрын бейтаныс қолайлы жағдайға тап болады». Шынында да, бюрократтық бейқамдықтың шегі жоқ!

«Жер үйекке» барар жолда осындайлық қысталаңды басынан кешіретін ең кедей қоныс аударушылар Сибирьде де бақыт таба алмайды. Мәселен, олардың жаңа жерлерде қалай орналасқанып депутат Войлошников ресми мәлімдемелерден цитаттар келтіре отырып, былай сипаттады.

Бір чиновник (қоныс аудару басқармасының ерекше тапсырмаларын орындайтын чиновник) былай деп жазады: «Учаскелердің көпшілігі орманды жерлерде, сусыз, егіссіз, жайылымсыз бытырап жатыр». Екінші біреуі былай деп қосады: «Қарыз беру ісі өзінің үй-жай салып алу мәні бар сипатын мүлде жоғалтты; қарыз мөлшері үй-жай салып алуға елеулі көмек көрсету үшін тым аз. Қарыз берудің қалыптасқан тәртібі бұл істі таза ғана мүсіркеушілікке айналдырды, 150 сом қарыз ақшаға үй-жай салу және екі жыл бойына тамақ асырау мүмкін емес».

Жаңадан қоныстанушылардың санитарлық жағдайының нақ сол ресми мәлімдемелердегі суреттелуі, мәселен, мынадай.

«Сүзектен кейін,— деп жазады бір чиновник*,— бұл арада құрқұлақ ауруы да бұдан кем көлемде болған жоқ; барлық поселкелерде, барлық үйлерде дерлік бұл аурумен науқастанушылар немесе сол ауруға кандидаттар бар. Екінің бірінде бір үйдің ішінде осы екі аурудың екеуімен де науқастанушылар жатады. Окур-Шаск учаскесінде маған мынадай жағдайды көруге тура келді: үйдің иесі сүзек ауруының түлеу халінде жатты, оның екіқабат әйелі тамақтың жетімсіздігінен өте әлсіз екен; ұлы, 12 жас шамасындағы бала, безі ісініп, құрқұ-

* «Записка», 8-бет.

лақ болып ауырып жүр екен; әйелінің сіңлісі құрқұлақ болып ауырып, жүре алмайды екен, оның емшекте баласы бар; бұл әйелдің 10 жасар ұлы құрқұлақ болып ауырып, мұрнынан қан кетеді, аяғында әл-дәрмен жоқ, ал бүкіл семьяның ішінде тек осы әйелдің күйеуі ғана сау.

Құрқұлақ пен сүзек ауруынан кейін су-қараңғылық ауруы келеді. Барлық қоныс аударушылар бірі қалмастан соқыр болып отырған поселкелерді кездестіруге болады. Емна өзені бойындағы участкелер тобы бірыңғай орманды жерде ұйымдастырылған, мұнда егістік жер де, шабындық жер де жоқ, сөйтіп жаңадан қоныстанғандар өз усадьбаларын екі-үш жыл ішінде әрең-әрең ұқсатып, болар-болмас баспана салып үлгірген. Өзінің астығы туралы сөз болуы да мүмкін емес; бірыңғай қарыз есебінен қоректеніп келген, ал алған қарызын пайдаланып бітіргеннен кейін астықтың жетімсіздігінен қатты таршылық көрген; көбі нағыз ашаршылыққа ұшыраған. Астықтың тапшылығына ауыз судың тапшылығын қосу керек».

Мұндай мәлімдемелер қадам басқан сайын кездеседі. Бұл ресми хабарлар қанша жан түршігерлік болғанымен, сірә, сонда да олар бар нәрсені жете айтпайтын, сөйтіп шындықты боямалап көрсететін болса керек. Мәселен, жалпы земстволық ұйымнан Қиыр Шығысқа барып қайтқан уәкіл болған князь Львов, жұртқа мәлім, біртоға көзқарастағы адам, Приамурье өлкесіндегі қоныстанушылықты былай сипаттайды:

«Елсіз аралдағы сияқты бүкіл әлемнен оқшаулық, ну орманның батпақты томарлары, батпақ басқан алқаптар мен батпақты таулар арасында, өмір сүрудің, еңбектің және тамақ табудың мүлдем жабайы жағдайларында күн кешу рухы әлсіз және қайыршы қоныс аударушыны жаншып жіберетіні табиғи нәрсе. Ол қатаң табиғатқа қарсы күрестің ең бас кезінде, өзіне болар-болмас баспана жасап аламын деп жүріп өзінің азынаулақ қайратын сарқып бітіріп торығады. Құрқұлақ пен сүзек ауруы әлсіреген организмді меңдеп алып, оны көрге түсіреді. 1907 жылғы поселкелердің көбінде адам өлімі керемет көп, 25 және 30 процент болады. Бұл поселкелерде неше үй болса, сонша крест бар, ал жаңа участкелерге немесе бейітке бастан-аяқ қайта қоныстауға мәжбүр болатын поселкелер аз емес. Қоныстану орнына бақытсыз семьялар қаншама көз жасын төгеді, алыста жатқан шет аймақта өлікті жерлеу мемлекет есебінен қаншама қымбатқа түседі! Былтырғы лек-легімен барған қоныс аударушылардың тайга быт-шыт қылған қалдықтары жуық арада еңсесін көтере алмас. Көбі өледі, көбі қашып Россияға қайтып келеді, өздерінің көрген азаптарын айтып өлкенің қадірін кетіреді, үрейлендіреді, сөйтіп бұдан былайғы қоныс аударуды кешіктіреді. Биыл Приморье облысынан кері қа-

рай шұбырудың мөлшері адам айтқысыз көп болып отырғаны және оған баратын қоныс аударушылардың мөлшері бес есе кемігені тектен-тек емес».

Князь Львовтың ұшы-қиырсыз Сибирь тайгасының ішінде, әсіресе Сибирьдегідей жол жоқ жағдайда қоныс аударушының басқа дүниеден қол үзіп, ескерусіз қалатынынан түршігуі әділ. Ол арада қазіргі кезде жеке хуторлық шаруашылықтар орнату және отрубтық участкелерді кесіп беру ісінің қандайлық тамаша жүріп жатқанын елестетуге болады, өйткені аграрлық саясаттың нақ сол басшылары «Сибирьдегі жер саясатында үзілді-кесілді бет бұрыс (!) жасау қажеттігін», «жеке меншікті ұйымдастырып, ныгайту», «1906 жылғы 9 ноябрьдегі указдың негізінде жекелеген шаруаларга олардың участкелерін бекітіп беру», «мүмкіндігінше жерді отрубтарға бөліп қоныстандыру участкелерін бөліп қою»* қажет екенін, т. т. жариялады.

Қоныстанудың мұндай жағдайында, қоныс аудару басқармасының мәліметтері бойынша, 1903—1905 жылдары орналасқан қоныс аударушылардың ішінде 10 процентінің бірде-бір жұмыс көлігінің болмауы, 12 процентінің бір-бірден ғана жұмыс көлігі болғандығы, 15 процентінің сиырының жоқтығы және 25 процентінің соқасының жоқтыгы (сол кезде социал-демократиялық фракцияның атынан сөйлеген депутат Гайдаровтың 1-сессиядагы сөзінен) әбден табиғи нәрсе. Сондықтан нақ сол ресми хабарларға сүйене отырып, депутат Войлошниковтың 1906—1908 жылдардағы қоныс аудару саясатына мынадай қорытынды жасауға толық правосы болды.

«Үш жыл ішінде, 1906, 1907 және 1908 жылдары Уралдың арғы жағына еркек, әйелден жартылай қайыршы, үкіметтің дәріптеуінің нәтижесінде өздері білмейтін өлкеге баруға еліккен, тағдырдың тәлкегіне сөзсіз ұшыраитып 1 552 430 адам жіберілді. Қоныс аудару басқармасының жазуына қарағанда, бұлардың ішінен 564 041 адам орналасқан, еркек, әйелден 284 984 адам қайтып келген. Сөйтіп, қоныс аудару басқармасының мәліметтері бойынша 849 025 адамның жайы белгілі болып отыр, ал қалғандары қайда кеткен? 703 414 адам қайда? Мырзалар, бұл адамдардың қайғылы халін үкімет өте жақсы

* «Записка», 60, 61, 62-беттер.

біледі, бірақ ол бұлар туралы айтпайды; бұлардың біразы бұрыннан тұрып келе жатқан деревняларға кіріпті, біразы Сибирь пролетариатының қатарын толықтырып, қолын жайып қайыр сұрап жүр.

Бірақ олардың орасан көп бөлегін үкімет қымбат бағамен жерледі, міне, үкіметтің олар жайында үндемей отырған себебі осы».

Марков 2-шінің қоныс аудару арқылы «аграрлық мәселені шешу» жөніндегі үміттері осылай ақталып отыр. Бұл сияқты фактілер алдында тіпті ірі капиталдың октябристік өкілдері де «қоныс аудару ісінің ақауларын» мойындауға мәжбүр болды. 1-сессияның өзінде-ақ октябристер: «қоныс аударушылардың жүріп-тұру жағдайларын өзгертіп, жақсарту», «орналасқан аудандарында олардың мәдени-экономикалық дамуы үшін қажетті жағдайлар жасау», «жер бөліп беруде және қоныс аударушыларды орналастыруда жергілікті шаруалардың және бұратана халықтың мүдделері мен праволарын сақтау» жөнінде тілек білдірді (ал Дума бұл тілекті қабылдады). Әлбетте, бұл сақтықпен және әдейі екі ұшты айтылған тілектер сол күйінде күні бүгінге дейін «жапандағы жалғыз дауыс болып» қала берді. Ал октябристік тоқылдақтар бұл тілектерін жылданжылға жалықпай қайталап жүр...

«Невская Звезда» № 11,
3 июнь, 1912 ж.
Қол қойған. В. И.

«Невская Звезда» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ПАРИЖСКАЯ СЕКЦІЯ З. О. Р. С. Д. Р. П.

Въ четвергъ 13 іюня, 1912 г.

въ залѣ Alcasar, 190, Avenue de Choisy, 190

СОСТОИТСЯ РЕФЕРАТЪ

ТОВ. ЛЕНИНА

НА ТЕМУ

Революціонный подъемъ российскаго пролетаріата

1. Ленскія событія и первое мая въ Россіи. Массовыя стачки и ихъ роль.
2. Закономѣрность революціоннаго подъема, его предтечи и его перспективы.
3. Значеніе массовой стачки въ современныхъ революціяхъ. Опытъ 1905 года.
4. Либерализмъ и демократія передъ лицомъ новой революціи.
5. Почему кадеты объявили войну «революціоннымъ настроеніямъ» и осудили мысль о «надобности въ новой революціи въ Россіи»?
6. Новая обстановка теперешняго революціоннаго подъема. Политическія партія, III Дума, выборы. Крестьянство и новая демократическая интеллигенція.
7. «Свобода коалицій» и лозунги народной революціи — борьба за республику, за 8-ми час. раб. день, за конфискацію всей помѣщичьей земли.

Начало ровно въ 8½ час. веч.

Цѣна за входъ 50 с. и 1 фр.

В. И. Лениннің «Россия пролетариатының революциялық өрлеуі» деген рефераты туралы хабарландыру.— 13 июнь, 1912 ж.

Кішірейтілген

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ӨРЛЕУ [123]

Бүкіл россиялық пролетариаттың май айындағы орасан зор ереуілі және оған байланысты көше демонстрациялары, революциялық прокламациялар мен жұмысшылардың қалың жиыны алдындағы революциялық сөздер Россияның революциялық өрлеу кезеңіне аяқ басқанын айқын көрсетті.

Бұл өрлеу тіпті де төбеден түскендей болып келген жоқ. Жоқ, бұл өрлеу орыс өмірінің барлық жағдайлары арқылы көптен бері әзірленіп жатқан болатын, ал Лена қырғынына және 1 майға байланысты болған бұқаралық стачкалар оның басталуын тек біржола айқындап берді. Контрреволюцияның уақытша салтанат құруы жұмысшылардың бұқаралық күресінің бәсеңдеуіне тығыз байланысты болатын. Стачкашылардың саны осы күрестің ауқымы туралы, шамамен болса да, бірақ оның есесіне сөзсіз объективті, әрі дәл түсінік бере алады.

Революция алдындағы он жыл ішінде, 1895—1904 жылдары, стачкашылардың орта саны (жинақтап айтқанда) жылына 43 мың болды. 1905 жылы — $2^3/_4$ миллион, 1906 жылы — 1 миллион, 1907 жылы — $^3/_4$ миллион болды. Революцияның үш жылы пролетариаттың стачкалық күресі *дүние жүзінде еш жерде бұрын болып көрмеген* өрлеуі арқылы ерекшеленеді. Революцияның 1906 және 1907 жылдардан басталған бәсеңдеуі 1908 жылы біржола анықталды: стачкашылар 175 мың болды. Қаражүздік помещиктер мен сауда-өнеркәсіп

шонжарларының Думасымен одақтасқан патша самодержавиесін қайтадан қалпына келтірген 1907 жылғы 3 июньдегі мемлекеттік төңкеріс бұқараның революциялық жігерінің бәсеңдеуінің сөзсіз нәтижесі болды.

1908—1910 жылдардағы үш жыл қаражүздік контрреволюция жүгенсіздігінің, либерал-буржуазиялық ренегаттықтың және пролетариаттың торығуы мен ыдырауының дәуірі болды. Стачкашылардың саны 1909 жылы 60 мыңға, 1910 жылы 50 мыңға түсіп, барған сайын кеми берді.

Бірақ 1910 жылдың аяқ кезінен бастап айтарлықтай бетбұрыс басталды. Либерал Муромцевтің және Лев Толстойдың қайтыс болуына байланысты демонстрациялар, сондай-ақ студенттер қозғалысы басқа желдің ескендігін, демократияшыл бұқараның ниет-пиғылында белгілі бетбұрыс болғанын айқын көрсетеді. 1911 жыл жұмысшылар бұқарасының жайлап *шабуылға* көшкенін корсетті: стачкашылардың саны 100 мыңға жетті. Контрреволюцияның салтанат құруынан туған қажушылық пен ессеңгіреушіліктің тарқай бастағаны, енді тағы да революцияға *бой ұра* бастау әр жерден де көріне берді. РСДРП-ның 1912 жылғы январьдағы Бүкілроссиялық конференциясы өзінің сол кезеңге берген бағасын қорыта келіп, былай деп көрсетті: «демократияның қалың топтарында және ең алдымен пролетариаттың арасында саяси сергушіліктің басталғандығы байқалады. 1910—1911 жылдардағы жұмысшы стачкалары, демонстрациялар мен пролетарлық митингілердің басталуы, қалалық буржуазиялық демократияның арасында қозғалыстың басталуы (студенттердің ереуілдері) және т. т.— осының бәрі бұқараның 3 июнь режиміне қарсы революциялық ниет-пиғылы өсіп келе жатқандығының көріністері болып табылады» (конференция туралы «Хабарды» қараңыз, 18-бет) *.

Үстіміздегі жылдың екінші тоқсанында-ақ бұл ниет-пиғылдың өскендігі сонша, бұл бұқараның ісінен көрініп, *революциялық өрлеу* жасады. Соңғы бір жарым жыл ішіндегі оқиғалардың барысы бұл өрлеуде кездей-

---

* Қараңыз: осы том, 150—151-беттер. *Ред.*

соқ ешнәрсе жоқ екенін, мұның болуы өте-мөте заңды екенін және бұл өрлеу Россияның өткен жылдардағы барлық дамуынан сөзсіз келіп туғандығын айқын көрсетіп отыр.

Лена қырғыны бұқараның революциялық ниет-пиғылының бұқараның революциялық өрлеуіне айналуына түрткі болды. Веналық «Правдада» «коалициялар бостандығы үшін күрес Лена трагедиясының да, оның ел ішіндегі күшті дүмпуінің де *негізі* болды» деп, жойымпаздардан кейін Троцкий қайталап отырған либералдық өтіріктен асқан өтірік жоқ. Лена стачкасында коалициялар бостандығын айрықша тән талап етіп қою да, басты талап етіп қою да атымен болған емес. Лена қырғынында нақ коалициялар бостандығының болмағандығы емес... арандатудан, жалпы правосыздықтан, беталды озбырлықтан азаттықтың болмағандығы көрінді.

Ленадағы қырғын, «Социал-Демократтың» 26-санында-ақ анықтағанымыздай, *бүкіл* 3 июнь монархиясы режимінің аса дәл көрінісі болды. Пролетариат үшін ең түбегейлі, ең маңызды болған күнде де, Лена оқиғаларына тән нәрсе әсте де *праволардың* бірі үшін күрес емес. Олар үшін тән нәрсе, *барлық* жағынан болсын қарапайым заңдылықтың мүлдем жоқтығы. Арандатушының, шпионның, охранниктің, патша малайының ешқандай саяси себеп болмай-ақ жаппай қыру жолына түскендігі тән нәрсе. Орыс тұрмысының нақ осы жалпы правосыздығы, жеке *право* үшін күрестің нақ мүмкін еместігі және онан үміт етуге болмайтындығы, патша монархиясының және оның бүкіл режимінің нақ осы түзелмейтіндігі Лена оқиғаларынан айқын көрінгені сонша, бұқарада *революция* отын *жандырды.*

Егер либералдар Лена оқиғалары мен май стачкаларына кәсіптік қозғалыс пен «право» үшін күрестің сипатын беруге жанталасқан болса және әлі де жанталасып отырса, либералдық (және жойымпаздық) таластар көзіне көз байлау болмаған адамдардың қай-қайсысына болса да басқаша екені айқын. Бұқаралық стачканың *революциялық* сипаты айқын, бұл өзі Петербургте май алдындағы әр түрлі социал-демократиялық топтар-

дың (тіпті бір социал-революциялық жұмысшы тобының да!) прокламациясында айрықша атап көрсетілген, біз оны хроника бөлімінде толық көшіріп басып отырмыз[124] және ол РСДРП-ның 1912 жылғы январьдағы Бүкіл россиялық конференциясының көтерген ұрандарын қайталайды.

Лена және май стачкаларының революциялық сипатының басты дәлелдері тіпті ұрандарда да емес. Ұрандар фактілердің айтқандарын ғана *тұжырымдады.* Ауданнан ауданға ұласқан бұқаралық ереуілдер фактісі,— олардың орасан мөлшерде өсуі,— тарауының тездігі,— жұмысшылардың батылдығы,— митингілердің және революцияшыл сөздердің жиіленуі,—1 майды мейрамдағаны үшін айып салудың тоқтатылуын талап ету,— бірінші орыс революциясы кезінен өзімізге таныс саяси және экономикалық стачкалардың ұштасуы,— осының бәрі де, қозғалыстың *бұқараның революциялық өрлеуі* түріндегі шын сипатын айқын көрсетеді.

1905 жылдың тәжірибесін еске түсірелік. Оқиғалар бізге жұмысшылар арасында революциялық бұқаралық стачка *дәстүрі есте* екендігін және жұмысшылар сол дәстүрді бірден көтеріп әкеткендігін, жандандырғанын көрсетеді. Дүние жүзінде болып көрмеген 1905 жылғы стачкалық өрлеу жылдың 1-тоқсанында стачкашылардың санын 810 мыңға, соңғы тоқсанында 1277 мыңға жеткізді, әрі экономикалық, әрі саяси стачкалар ұштасып отырды. Шамамен алынған есеп бойынша, Лена ереуілдеріне 300 мыңға жақын, май ереуілдеріне 400 мыңға жақын жұмысшы қатысты, ал ереуілдер көбейген үстіне көбейіп келеді. Газеттің әр номері — тіпті либералдық газеттердің де әр номері — стачкалық өрттің қалай қаулап бара жатқаны туралы хабарлап отыр. 1912 жылдың екінші тоқсаны әлі түгел аяқталған жоқ, соның өзінде 1912 жылғы революциялық өрлеудің басы, стачкалық қозғалыстың көлемі жағынан, 1905 жылғы өрлеудің бас кезіндегіден *кем емес, қайта артығырақ* екендігі қазірдің өзінде де айқын көріне бастады!

Орыс революциясы бұқараны үгіттеудің, серпілтудің, топтастырудың және күреске тартудың осы пролетарлық әдісін кең мөлшерде алғаш рет дамытты. Енді қа-

зір пролетариат сол әдісті қайтадан қолданып отыр және бұрынғыдан да гөрі батылырақ қолданып отыр. Пролетариаттың революциялық авангардының осы әдіспен жүзеге асырып отырғанын дүние жүзінде ешбір күш жүзеге асыра алмаған болар еді. Кең байтақ жерде бытырап, бөлшектеліп, жаншылып жатқан, правосыз, өзі қараңғы және өкімет орындарының, полицияның, шпиондардың қара бұлты «зиянды ықпалдардан» қоршап отырған 150 миллион халқы бар орасан зор ел,— қазір осы ел *түгелдей* толқуда. Жұмысшылардың болсын, шаруалардың болсын ең артта қалған топтары ереуілшілерге тікелей де, жанамалай да жанаса бастады. Сахнаға жүз мыңдаған революцияшыл үгітшілер бірден шығып отыр, бұлардың ықпалы үздіксіз күшейіп отыр, өйткені олар төмендегілермен, бұқарамен тығыз байланысты, олар қашанда сол бұқараның қатарында, жұмысшы семьяларының *қандайының болса да* нағыз мұқтаждары үшін күреседі және осы түбегейлі экономикалық мұқтаждар үшін тікелей күресті саяси наразылықпен және монархияға қарсы күреспен біріктіріп отырады. Өйткені контрреволюция миллиондардың, ондаған миллиондардың бойында монархияға қарсы ушыққан өшпенділік туғызды, оның ролін түсінудің ұрығын септі, ал қазір астананың озық жұмысшыларының — демократиялық республика жасасын! — деген ұраны әрбір стачкаға ілесе артта қалған топтар арасына, меңіреу провинцияларға, «халық ішіне», «Россияның түкпір-түкпіріне» мыңдаған каналдар арқылы ағылып тарай бастады.

«Русские Ведомости» қуана қарсы алған және «Речь» тілектестікпен көшіріп басқан либерал Северяниннің стачка туралы пікірі өте-мөте сипатты.

«Жұмысшылардың бірінші май ереуіліне экономикалық, немесе басқа бір (!) талаптарды араластыруға қандай да болса дәлелі бар ма?,— деп сұрақ қояды да, Северянин мырза оған былай деп жауап береді: Ондай дәлелдері жоқ деп батыл айта аламын. Экономикалық ереуілдің қандайын болсын мүмкіншіліктерді жете ойланып таразыға салып алған соң ғана бастауға болады және сонда ғана басталуы керек... Міне, сондықтан да мұндай ереуілдерді нақ 1 май кезеңімен байланыстыру көбінесе негізсіз болады... Сонымен қатар бір түрлі оғаш та:

бүкіл дүние жүзілік жұмысшы мерекесінің күнін мейрамдай отырып, осыған байланысты арзан қол сисаның мынадай-мынадай сорттары үшін 10 процент қос деп талап етеміз».

Либерал осылай пайымдайды! Ал осы шексіз пасықтықты, жексұрындық пен оңбағандықты демократияшыл деген атаққа ие болудан дәмесі бар «таңдамалы» либерал газеттер тілектестікпен қабылдайды-ау!

Буржуйдың ең дөрекі арам мүддесі, контрреволюционердің нағыз оңбаған жүрексіздігі — либералдың әсерлі сөздерінің астарында, міне, осылар жатыр. Ол қожайындардың қалтасы аман болғанын тілер еді. Ол «коалиция бостандығының» пайдасы үшін «сыпайы» және «зиянсыз» демонстрация болғанын қалар еді! Ал пролетариат оның орнына бұқараны саясатты экономикамен тығыз байланыстыратын *революциялық* стачкаға тартады, жұмысшы тұрмысын дереу жақсарту жолындағы күрестің табысы арқылы ең артта қалған топтарды тартатын және сонымен қатар халықты *патша монархиясына қарсы* көтеретін стачкаға тартады.

Иә, 1905 жылдың тәжірибесі бұқаралық стачкалардың терең де ұлы дәстүрін жасады. Бұл стачкалардың Россияда неге жеткізетінін де ұмытпау керек. Бізде табанды бұқаралық стачкалар *қарулы көтеріліспен* тығыз байланысты.

Бұл сөздерді бұрмаламасын. Әңгіме тіпті де көтеріліске *шақыру* жөнінде болып отырған жоқ. Қазіргі кезеңде көтеріліске шақыру мейлінше орынсыз болар еді. Әңгіме Россиядағы стачка мен көтерілістің арасында *байланыс* орнату туралы болып отыр.

1905 жылы көтеріліс қалай *өрбіді?* 1-ден, бұқаралық стачкалар, демонстрациялар мен митингілер бұқараның полициямен және әскерлермен соқтығысуын жиілетті. 2-ден, бұқаралық стачкалар шаруаларды жеке, бытыраңқы, жартылай стихиялық бірсыпыра көтерілістерге көтерді. 3-ден, бұқаралық стачкалар әскерлер мен флот арасына өте тез тарап, экономикалық негізде («бұршақ» және т. б. «бүліктер») қақтығыстар, ал оның артынан көтерілістер туғызды. 4-ден, контрреволюция ойрандар, демократтарды ұрып-соғу және т. б. арқылы азамат соғысын *өзі* бастады.

1905 жылғы революцияның жеңіліспен тынуы, либералдардан шыққан ренегаттардың және т. б. ойлағанындай, тіпті де революцияның «өте-мөте ілгерілеп» кеткенінен емес, декабрь көтерілісінің «жасанды» болғанынан емес. Керісінше, жеңілу себебі,—көтерілістің ілгерілеуі *жеткіліксіз* болғандықтан, оның қажеттілігін ұғыну революцияшыл таптардың арасына кең тарамағандығынан және берік орнықпағандығынан, көтеріліс бір ауызды, батыл, ұйымшыл, бір мезгілде, шабуылды болмағандықтан.

Қазіргі уақытта *көтерілістің өрбу* белгілері байқала ма?— енді соны қаралық. Революциялық әуестікке бой ұрмас үшін куәгерлікке *октябристерді* алайық. Октябристердің Петербургтегі немістік одағы көбінесе «солшыл» және «конституцияшыл» деп аталатын октябристерге жатады, бұларды әсіресе кадеттер жақсы көреді және олар (басқа октябристермен, кадеттермен салыстырғанда) бастықтарды революциямен қорқытуды мақсат етпей, оқиғаларды «объективті» тұрғыдан бақылауға анағұрлым бейім келеді.

Осы октябристердің органы «St.-Petersburger Zeitung»[125] 6(19) майдағы апталық саяси шолуында былай деп жазды:

«Май туды. Ауа райына қарамастан көбінесе бұл өзі астана халқына тым ұнамды бола бермейді, өйткені ол *пролетариат «мейрамымен»* басталады. Биыл, Лена демонстрацияларының әсері жұмысшылардың есінен әлі кетпеген кезде — 1 май айрықша қауіпті болды. Стачкалар мен демонстрациялар туралы әр түрлі лақаптар жайлаған астана ауасынан өрттің иісі шықты. Біздің сенімді полициямыз көпе-көрнеу асып-састы, тінту жүргізді, жекелеген адамдарды қамауға алды, көше демонстрациясын болдырмау үшін көп нарядтар даярлады. Полиция жұмысшылар газеттерінің редакцияларын тінтуден артық және олардың редакторларын қамаудан артық еш ақыл-айла таба алмады, осының өзі жұмысшылардың қуыршақ полктарын қозғап отырған арқауларды полицияның онша жете білмейтінін көрсетеді. Ал бұл арқаулар бар. Стачканың тәртіптілігі және толып жатқан басқа жағдайлар осыны көрсетіп отыр. Сондықтан да осы май стачкасы өте қорқынышты, бұл осы күнге дейін болып келген стачкалардың бәрінен де зор болды,— мұнда ірілі-уақты шеберханалардың 100 және тіпті 150 мың жұмысшысы ереуіл жасады. Бұл тек бейбіт шеру еді, бірақ мұндағы әскердің топтасқандығы назар аударады. Және

назар аударатын тағы бір жері — жұмысшылардың жуық маңдағы толқуымен қатар басқа да қорқынышты құбылыстар болды. Революциялық насихат жүргізгендері үшін біздің флоттың түрлі кемелерінде *матростар* тұтқынға алынды. Баспасөз беттеріне өтіп кеткен барлық деректерге қарағанда, біздің онсыз да аз әскери кемелерімізде істің беті жақсы көрінбейді... *Теміржолшылар* да шошынарлық ойлар туғызып отыр. Рас, еш жерде стачка жасау әрекетінің өзі бола да қойған жоқ, бірақ тұтқынға алулар — әсіресе Николаев темір жолындағы станция бастығының жәрдемшісі Л. А. Ушаковты тұтқынға алу сықылды көзге айқын түсетін тұтқындаулар,— бұл жерде де белгілі бір қауіптің бар екенін көрсетеді.

Кемелденбеген жұмысшылар бұқарасының революциялық әрекеттері Дума сайлауының нәтижесіне тек зиянды әсер тигізуі мүмкін екені түсінікті нәрсе. Патша Манухинді тағайындап отырғанда, ал Мемлекеттік совет жұмысшыларды қауіпсіздендіру шараларын қабылдап отырғанда... бұл әрекеттер соғұрлым ақылсыздық»!!

Неміс октябрисі осылай пайымдайды. Біз өз тарапымыздан айтарымыз, матростар жөнінде біз жергілікті жерлерден анық мәліметтер алдық, бұл мәліметтер «Новое Время» істі асыра және қомпайта сипаттап отырғандығын дәлелдейді. Охрапка анық арандатушылық «жұмыс» істеп отыр. Күн ілгері көтеріліс әрекетін жасау мейлінше ақылсыздық болар еді. Россияда дер кезінде — яғни жеңімпаз — қарулы көтеріліс жасаудың негізгі шарттары жұмысшы табын демократияшыл шаруаның қолдауы және армияның белсене қатысуы болып табылатындығын жұмысшы авангарды түсінуге тиіс.

Революциялық замандарда бұқаралық стачкалардың өз объективті логикасы бар. Олар жан-жаққа жүз мыңдаған және миллиондаған ұшқын шашады,— ал айнала толы жанғыш материал, шексіз ызадан, аштықтың сұмдық азабынан, жүгенсіз озбырлықтан, «қайыршыны», «мужикті», төменгі шендегілерді ар-ұятсыз, аяусыз қорлаудан туып кернеген ыза тұнып тұрған жанғыш материал. Бұған топас, қанқұмар Николай Романовтың сарайындағы шайкасы тасадан жемдеп, жұмсап отырған қаражүздіктердің еврейлерді шектен асып қырғын-сүргінге ұшыратуын қосыңыз... «Осылай болды — солай бола береді» [126]: осы сәуегейлік сөздерді министр Мака-

ров өз басына, өз табының және өзінің помещиктік патшасының басына көрінетін етіп айтты!

Бұқараның революциялық өрлеуі әрбір социал-демократ жұмысшыға, әрбір адал ниетті демократқа әрі ұлы, әрі жауапты міндеттер жүктейді. «Бұқараның басталып келе жатқан қозғалысын (енді: бұқараның *басталған революциялық* қозғалысын деп айту керек) жан-жақты қолдап, оны партияның толық жүргізіліп отырған ұрандарының туы астында кеңейту керек»,— бұл міндеттерді РСДРП Бүкіл россиялық конференциясы осылай деп белгіледі. Партияның ұрандары — демократиялық республика, 8 сағаттық жұмыс күні, барлық помещиктік жерлерді конфискелеу — *бүкіл* демократияның ұрандары, *халықтық* революцияның ұрандары болуға тиіс.

Бұқараның қозғалысын қолдап, оны кеңейту үшін *ұйым* керек, *тағы да ұйым* керек. Құпия партия болмайынша бұл жұмысты жүргізуге болмайды және бұл туралы босқа сөйлеудің де қажеті жоқ. Бұқараның тегеурінін қолдай, ұлғайта отырып, 1905 жылдың тәжірибесін мұқият есепке алу керек, сонымен қатар көтерілістің қажеттігін және оның болмай қоймайтындығын түсіндіре отырып, осы сияқты әрекеттердің уақытынан *бұрын* болмауын ескертіп, тежеп отыру керек. Бұқаралық стачкалардың өсуі, күреске басқа таптарды тарту, ұйымдардың жайы, бұқараның ниет-пиғылы — осының бәрі патша монархиясына қарсы барлық күштердің жұмыла, үзілді-кесілді, шабуылды, жанқиярлық батылдықпен революциялық шүйлігуге қашан бірігетін кезеңін өзінен-өзі көрсетеді.

Жеңімпаз революция болмайынша Россияда азаттық болмақ емес.

Пролетарлық-шаруалық көтеріліс арқылы патша монархиясын құлатпайынша, Россияда жеңімпаз революция болмақ емес.

«Социал-Демократ» № 27,
17 (4) июнь, 1912 ж.

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

РСДРП-ның 1912 ж. ЯНВАРЬДАҒЫ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ҰРАНДАРЫ ЖӘНЕ МАЙ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Осыдан былай әйгілі болатын маевканың алдында Петербург жұмысшылары бастырып, таратқан прокламацияның толық текстін оқушы осы номердің басқа жерінен табады. Бұл прокламацияға өте-мөте тоқталуға тұрарлық, өйткені ол Россиядағы жұмысшы қозғалысының тарихындағы және партиямыздың тарихындағы өте маңызды документ болып табылады.

Прокламация социал-демократиялық партияның астанада *белгілі* бей-берекетсіздік жағдайын көрсетеді, өйткені үндеуге қол қойған Петербург комитеті емес, жекелеген социал-демократиялық топтар, тіпті бір социал-революциялық жұмысшы тобы да қол қойған. Россияның көпшілік жерінде біздің партияның жайы дәл мынадай: басшы комитеттер мен орталықтар үнемі тұтқынға алынып отырады және олар әр түрлі заводтық, кәсіптік, кіші аудандық және аудандық социал-демократиялық топтардың болуы, либералдар мен жойымпаздардың әрқашан өшпенділігін туғызып келген осы «ұялардың» болуы арқасында үнемі қайта туып отырады. Бұл мырзалардың журналының соңғы кітапшасынан («Наша Заря», 1912, № 4) В. Левицкий мырзаның долдана булығып, *таусыла* сөгіп, «саяси жағынан өлі ұяларды қолдан жандандыру арқылы партияны қайта тудыруға» қарсы қалай кәрленетінін оқушы бұрынғының үстіне тағы да аңғара алады.

Бұл айтылып отырған прокламацияға ерекше тән, ерекше айтулы сипат беретін жағдай нақ мынадай:

жойымпаздарға жек көрінішті «басшы орталықтан» полицияның еркі бойынша айырылған *ұялардың* нақ өздері Петербург комитетінің тұтқынға алынуы себепті сахнаға шығуға тиіс болды. Революционер атаулыға күйінішті болып көрінетін осы жағдайдың нәтижесінде ұялардың *дербес* тіршілігі сыртқа шықты. 1 май алдында мүлде құтырып кеткен полицияның жанталасқан қудалаулары тұсында ұялардың өз күштерін асығыс жинауына, байланыстарды реттеуіне, *«астыртын жұмысты»* қалпына келтіруіне тура келді. Прокламацияға қол қойған топтар, өкілдер, т. т.— осылардың бәрі либералдар мен жойымпаздарға жек көрінішті нақ *астыртын жұмыстағылар.* Дәл сол жойымпаздардың көсемі, Левицкий мырза,— «Наша Заря» мен «Живое Делоның» атынан,— әрине, аузы көпіріп, *«астыртын жұмысты дәріптеушілікке»* қарсы тап беріп отырғанда (аталған кітапшаның 33-бетін қараңыз), біз Петербург прокламациясынан осы астыртын ұйымның өмір сүріп отырғанын, оның өміршеңдігін, оның жұмысының *мазмұнын* және ол жұмыстың маңызын біздің алдымызда ашып беретін дәл және толық документ алып отырмыз.

Петербург комитеті тұтқындаулармен жойылды — астыртын ұялардың өздері қандай екені, олардың не істеп жатқаны және не істей алатыны, жоғарғы партиялық инстанциядан қандай идеяларды алғаны емес, шынында олардың қандай идеяларды қабылдап, бойына сіңіргені — жұмысшыларға қандай идеялар шын ұнайтыны дәл осы арада көрінетін болады.

Прокламациядан ұялардың не істеп жатқаны көрінеді: олар уақытша талқандалған (астыртын жұмыстың әр түрлі жауларының бәрін риза қылып) Петербург комитетінің жұмысын жалғастырып отыр. Олар маевканы әзірлеуді жалғастыруда. Олар *әр түрлі* астыртын социал-демократиялық топтардың арасындағы байланыстарды шұғыл қалпына келтіріп жатыр. Олар нақты революциялық істе пролетарлық бірігудің маңызын жақсы түсініп, эсер жұмысшыларды да өздеріне тартып отыр. Олар осы әр түрлі социал-демократиялық топтарды және тіпті бір «социал-революциялық жұмысшы тобының» өзін күрестің *белгілі бір* ұрандарының төңірегіне топ-

тастыруда. Міне, дәл осы жерде қозғалыстың нағыз *сипаты*, пролетариаттың нағыз *ниет-пиғылы*, РСДРП-ның және *оның январьда болған* Бүкіл россиялық конференциясының нағыз *күші* көрінеді.

Басқа емес, осындай ұрандарды қоюды декретпен бекіте алатын иерархиялық инстанция, тұтқынға алулардың салдарынан, болмай шықты. Демек, пролетариат бұқарасын, социал-демократ жұмысшыларды және тіпті социал-революционерлердің біразын бұқара үшін шынымен талассыз ұрандар арқылы *ғана*,— өзінің күшін «жоғарыдан келетін декреттен» (демагогтар мен жойымпаздардың айтатынындай) емес, революцияшыл жұмысшылардың өздерінің *сенімдерінен* алатын ұрандар арқылы ғана біріктіруге болады.

Сонымен не болды?

Болғаны сол — Петербург комитеті талқандалғаннан *кейін*, оны дереу қалпына келтіруге мүмкіндік жоқ кезде, жұмысшылардың бір тобының екінші топқа ұйымдық емес, тек қана идеялық ықпал ету жағдайларында *РСДРП-ның 1912 жылы январьда жиналған Бүкіл россиялық конференциясының*, либералдар, жойымпаздар, Либер, Троцкий және К^0 аласұрып, долданып өштескен осы конференцияның *ұрандары қабылданды!*

«Біздің ұрандарымыз,— деп жазды Петербург жұмысшылары өздерінің прокламациясында — құрылтай жиналысы, 8 сағаттық жұмыс күні, помещиктік жерлерді конфискелеу болсын». Ал бұдан әрі прокламацияда мынадай ұран тасталған: «Патша үкіметі жойылсын! 3 июньдегі самодержавиелік конституция жойылсын! Демократиялық республика жасасын! Социализм жасасын!»

Біз осы тағлым аларлық документтен Петербург пролетариаты РСДРП конференциясы ұсынған ұрандардың *бәрін* қабылдағанын және бұл ұрандардың жаңа орыс революциясының алғашқы қадамдарын белгілегенін көріп отырмыз. Январь конференциясына жала жабушылар мен жамандаушылардың бәрі өздерінің лас ісін қалағанынша жалғастыра алады. Оларға жауапты Петербургтің революцияшыл пролетариаты берді. Пролетариатты *халық* революциясының көсемі роліне ша-

қырушы революциялық социал-демократияның соңғы конференциядан көп бұрын жүргізген жұмысы,— полицияның барлық қуғындауларына қарамастан, май алдында революционерлерді жапа-тармағай тұтқынға алып, қудалауына қарамастан, либералдық және жойымпаздық баспасөздегі өтіріктер мен балағаттаулар тасқынына қарамастан,— өзінің жемістерін берді.

Петербургтің жүз мыңдаған пролетариаты,— ал олардың соңынан Россияның барлық түкпірлерінің жұмысшылары да — буржуазиялық қоғамның жеке таптарының бірі ретінде емес, «өзінің» тек кәсіптік ұрандарымен емес, бүкіл халық *үшін,* бүкіл халықтың aты*нан*, бостандықты керек ететін, бостандыққа жетуге қабілетті таптардың *бәрін* оятып күреске тарту *үшін* революция туын көтеретін гегемон ретінде ереуілге және көше демонстрацияларына шықты.

Россияда пролетариаттың революциялық қозғалысы ең жоғары дәрежеге көтерілді. Егер 1905 жылы ол бұқаралық стачкалар мен гапонададан басталса, 1912 жылы, партиямыздың ұйымдарын полицияның ойрандауына қарамастан, қозғалыс бұқаралық стачкалардан және *республика туын көтеруден* басталып отыр! Жекелеген «ұялар», жұмысшылардың бытыраңқы «топтары» ең ауыр және қиын жағдайларға қарамастан өз ісін атқарды. Пролетариат өзінің «май комитеттерін» құрды және күреске адам баласын жалдама құлдықтан азат етуге тиіс тапқа лайықты *революциялық* платформамен шықты.

Май қозғалысы бізге мұнымен қоса «бірігу» туралы қайсыбір *сөздердің* қандай мәні барлығын да, жұмысшылардың бірігуінің *іс жүзінде* қалай болатынын да көрсетіп отыр. Социалист-революционерлер партиясының өкілі Рубанович Бурцевтің париждік газеті «Будущееде» былай деп жазады: «осы маевканың мына бір тамаша қасиетін атап көрсету керек: Петербург жұмысшылары әзірлік жиналыстарында түрлі социалистік топтардың арасында болып отырған бөлінулерді мойындаудан бас тартты;... келісімге келу тенденциясы үстем болды». Біз көшіріп басқан прокламация мұндай қорытынды жасауға қандай *фактілердің* себепші болғанын

айқын көрсетіп отыр. Бұл факт мынадай: басшылық орталығынан айырылған социал-демократиялық ұялар жұмысшыларды, ой-пікірлерінің қандай екендігіне қарамастан тартып, *олардың бәріне* өзінің партиялық ұрандарын *уағыздап,* топтар атаулының бәрімен байланысты қалпына келтірді. Ал бұл партиялық ұрандар дұрыс, пролетариаттың революциялық міндеттеріне сай келетін, бүкіл халықтық революцияның міндеттерін қамтитын болғандықтан да, бұл ұрандарды *барлық* жұмысшылар қабылдады.

РСДРП-ның январь конференциясы шетелдік топсымақтардың сөз байласуы жөніндегі бос ермекті былай қойып, революциялық партияның жойымпаздарын босқа әлпештеуді былай қойып, күрестің айқын және дәл ұрандарын *дер кезінде* ұсынғанының арқасында *бірігу* жүзеге асты. Пролетариаттың революциялық бой көрсетудегі бірігуіне пролетарлық (социал-демократиялық) және пролетарлық емес (социал-революциялық) партиялардың келісімдері арқылы емес, социал-демократиялық партиядан бөлініп кеткен жойымпаздармен сөз байласу арқылы емес, орыс социал-демократиялық ұйымдары қызметкерлерінің топтасуы арқылы және кезеңнің міндеттерін олардың дұрыс есепке алуы арқылы қол жетті.

Бундтан шыққан либералдар мен Венадағы Троцкийлердің мылжыңына еріп, жойымпаздармен... «бірігуге» әлі сенетін адамдарға жақсы сабақ. Либердің, Троцкийдің және жойымпаздардың атышулы «Ұйымдастыру комиссиясы» «бірігу» туралы бүкіл әлемге естірте айқай көтерді, бірақ іс жүзінде жұмысшылардың революциялық күресін шынында біріктіре алатын *бірде-бір* ұран бере алмайтын еді және бермеді де. Жойымпаздар *өздерінің,* революциялық емес ұрандарын, либералдық жұмысшы саясатының ұрандарын берді,— ал қозғалыс ол ұрандардан сырт жүріп жатты. «Бірігу» туралы троцкистік ертегілердің негізінде жатқан нәрселер, міне, осылар!

23 апрельде (6 майда) Венада Троцкий мен «біріктіріп жатырмын» деп қарғанып, ант-су ішіп, конференцияны неше саққа жүгіртіп қарғап-сілеп, ашық ауыз-

дарды былай деп сендірмек болды: «коалициялар бостандығы үшін күрес» Лена оқиғаларының және олардың жаңғырықтарының «*негізі* болып табылады» (!!), «бұл талап пролетариатты революциялық жолмен жұмылдыру ісінің *ортасында* тұр және тұрады да» (!!). Бар болғаны бір апта өтісімен, «СПБ.-ның барлық ұйымдасқан жұмысшыларының өкілдері», «социал-демократиялық Бірігу тобы», «орталық социал-демократиялық қалалық топ», «социал-революциялық жұмысшылар тобы», «социал-демократиялық жұмысшы тобы» және «май комитеттерінің өкілдері» жойымпаздардың шылауының осы жартымсыз сөздерін шаңдай сыпырып тастады.

Петербургтің социал-демократиялық пролетариаты жаңа революциялық күрестің жұмысшы табы үшін ең елеулі, ең маңызды болса да праволардың бірі үшін емес, *бүкіл халықтың бостандығы* үшін басталуы тиіс екенін түсінді.

Петербургтің социал-демократиялық пролетариаты талаптарды бөлшектеп майдаламай, қайта оларды қорытуға тиіс екенін,—республика керісінше емес, қайта коалициялар бостандығын қамтитындығын,— тура ортаға соғу керек екендігін, зұлымдықтың қайнар көзіне шабуыл жасау керек екендігін, патшалық-қаражүздік Россияның бүкіл системасын, бүкіл құрылысын талқандау керек екендігін түсінді.

Петербургтің социал-демократиялық пролетариаты коалициялар бостандығы туралы Николай Романов*қа*, қара Дума*ға* талап қоюдың кісі күлерлік және ақымақтық екенін, Россияның қазіргі мемлекеттік құрылысын, біздегі «3 июньдегі самодержавиелік конституцияны» коалициялар бостандығы*мен қосуға болады* деп ойлау кісі күлерлік және ақымақтық екенін,—жалпы және жаппай правосыздық жайлаған елде, өкімет орындарының жаппай озбырлығы мен арандатушылығы жайлап отырған елде, он миллиондаған аш адамдарға тіпті қарапайым көмек көрсетудің өзіне «бостандық» жоқ елде, осындай елде тек либерал мылжыңдар мен либерал жұмысшы саясатшылары ғана коалициялар бостанды-

ғын «революциялық жолмен жұмылдырудың ортасына» қоя алатындығын түсінді.

Петербургтің социал-демократиялық пролетариаты осыны түсініп, революцияның шын демократиялық сипатының бірден-бір кепілдіктері ретінде 8 сағаттық жұмыс күнін және помещик жерлерін конфискелеуді талап етіп, *республика* туын желбіретті.

«Социал-Демократ» № 27, 17 (4) июнь, 1912 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖОЙЫМПАЗДАР РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ БҰҚАРАЛЫҚ СТАЧКАҒА ҚАРСЫ

Біз жойымпаздық «Невский Голостың» 1-номерін алғанымызда осы номердің бас мақаласы баспаханаға беріліп те қойылған еді. «Наша Зарядағы» белгілі жойымпаз В. Ежовтың жаңа органды бірден топастықпен сыйлағаны соншалық — тек қол жайып таңдану ғана қалады! Лажыңыз болса, көріңіз:

«Осының салдарынан» (яғни біресе маевка үшін айып салуға қарсы бір ғана наразылыққа сайған, біресе осы наразылыққа экономикалық талаптарды және т. т. қосқан стачкалардың әр алуандығының салдарынан) «бірсыпыра жағдайларда наразылықтың принципті сипаты тиын-тебен үшін ереуіл жасаған жоқ қой) көмескіленіп кетті (!??!), наразылық экономикалық талаптармен қиындап кетті...

Жұмысшылардың өз тәжірибесі әдеттегі стачканы принципті талаптармен қиындату (!?) сияқты, өз наразылығын экономикалық талаптармен қиындатудың да қолайсыз (!!) екенін оларға білдіруге тиіс еді.

Жұмысшы бұқарасының ниет-пиғылын ұйымдық жағынан орнықтыру қажет. Кәсіптік одақтар үшін үгітті күшейту қажет, оларға жаңа мүшелер тарту қажет. Мұның қажет бола түсетін себебі, қазір жұмысшылар арасында бұқаралық қозғалысқа әуестеніп кеткен, бейне бір пайдасыз, керексіз деп митингілерде *одақтарға қарсы* сөйлеп жүрген қызба бастар көп.

Біздің алдымызда экономикалық» (тек қана ма?) «стачкалар кезеңі тұр. Егер ол стачкалар жұмысшылардың саяси қимылдарымен ұштасып кетсе, онда түзелмейтін қате болар еді (!!!). Мұндай қабысу экономикалық күреске де, саяси күреске де зиянды (!!??) әсер еткен болар еді».

Жойымпаз көшіріп алған тұла бойымен либерал Северянин мырзаны көрелік десеңіз осы! *Революциялық*

бұқаралық стачканың экономикалық стачканы да, саяси стачканы да *қажетті түрде* біріктіретінін мүлде түсінбеу — топастық, өрлеудің революциялық сипатын сұмдық бұрмалап, оны «әдеттегі стачкалардың» кезімен өлшеуге тырысу,— саясатты экономикамен «қиындатпау» және оларды «ұштастырмау» керек деген мейлінше реакциялық кеңес,— жария баспасөзде «қызба бастар» «одақтарға қарсы» деп революцияшыл социал-демократ жұмысшыларға қарсы Струве мен Маклаковқа лайық шабуыл жасау!

Либерал революцияшыл социал-демократты ол «одақтарға қарсы» дегеннен басқаша түсіне *алмайды*. Бірақ жұмысшылар митингілерде, әрине, «одақтарға қарсы» болған жоқ, қайта революциялық ұрандарды либералдық ұрандармен *ауыстыруға* қарсы болды, Ежов мырза мен К⁰ осымен айналысып отыр. Біздің ұранымыз — коалициялар бостандығы емес, деді жұмысшылар, біздің қозғалысымызды тек «кәсіптік одақтармен» ғана, көбінесе солармен ғана «ұйымдық жағынан нығайтуға» болмайды. Біздің ұранымыз — республика (жұмысшылардың петербургтік үндеуін қараңыз), біз бұқараның патшалық монархияға революциялық тегеурінін басқаруға қабілетті *құпия* партияны құрып жатырмыз. Жұмысшылар митингілерде, міне, осылай деді.

Ал Либерлер мен Троцкийлер сияқты мырзалар социал-демократиялық пролетариатты және оның партиясын Ежов, Потресов және К⁰ à la либералдармен «біріктіруге» болады-мыс деп жұмысшыларды сендірмек болады!

«Социал-Демократ» № 27, 17 (4) июнь, 1912 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

«БІРІКТІРУШІЛЕР»

Жойымпаздар бар күшін салып «бірігуде». Жақында олар поляк социал-ұлтшылдығы фракцияларының бірі болып табылатын «солшылдар» деп аталатын—пэ-пэ-эсшілдермен [127] «біріге» жаздап қалды.

Польшада социал-демократия ППС-тің социал-ұлтшылдығымен 10 жылдан аса күрес жүргізіп келеді. Соның нәтижесінде — ППС-тің біразының («солшылдардың») бірқатар ұлтшылдық соқыр сенімдерін бастан қуып шығуға мүмкіндік болды. Бірақ күрес жалғасуда. Польша жұмысшы социал-демократтары ППС-тің жоғарыда көрсетілген фракциясымен, ұйым ретінде, бірігуге *қарсы* шығып отыр, мұны іске зиянды болады деп санайды. «Солшылдардың» кейбір жұмысшылары мен кейбір топтары, пэ-пэ-эстік ұлтшылдықтың принциптерін жарым-жартылап қайта қараумен тоқталып қалғысы келмей, социал-демократияның қатарына өтіп жатыр. Міне, осындай уақытта біздің жойымпаздар ППС-тің «солшылдарымен» «бірігуге» ұмтылып отыр!

Мұның өзі орыс социал-демократтары Бундтан тыс, айталық, «сионист-социалистер» [128] деп аталатындармен немесе латыш социал-демократиясынсыз «латыш социал-демократиялық одағы» (іс жүзінде эсерлік) [129] деп аталатынмен «біріге» бастауымен бірдей нәрсе...

Істің ресми жағы туралы айтып та отырғанымыз жоқ. Польша социал-демократиясы Стокгольм съезінде РСДРП-мен шарт жасасты[130], сол шарт бойынша Польшада топтардың қандайы болса да ПСД ұйымына кір-

геннен кейін ғана РСДРП-ға кіре алады. Ал РСДРП-ның 1908 жылғы декабрьде болған Бүкіл россиялық конференциясы тіпті «солшылдармен» бірігу туралы мәселені талқылаудың өзін басым көпшілік дауыспен қабылдамай тастады[131].

«Бірігу» туралы үнемі айқай-сүрен салғанда, Троцкий мен оның достары — жойымпаздардың іс жүзінде сол Польшаның өзінде *жікті ұлғайтып отырғаны* әбден айқын. РСДРП-ның бағына қарай жойымпаздардың бүкіл осы компаниясы, олардың соңынан сүйретілген «ымырашылдармен» бірге, *іс жүзінде* — оның ішінде Польшада да — бірдеме істеуге мүлде дәрменсіз. Әйтпесе жойымпаздардың ППС-пен бірігуі, әрине, Польшада мейлінше күшті жік туғызған болар еді.

Жойымпаздардың ашық авантюраға түскені несі? Иә, әрине,— «жетіскендіктен» түсіп отырған жоқ. Олардың әйтеуір біреумен бірігуі керек қой, олардың әйтеуір қандай да бір «партияны» құруы керек қой. Социал-демократтар, ПСД олармен бірге жүрмей отыр,— олар социал-демократтардың орнына — біздің партиямен ешбір қатысы жоқ пэ-пэ-эсшілдерді алуға мәжбүр болып отыр. Орыс қалаларында біздің байырғы партия ұйымдары олармен бірге жүрмей отыр,— олар социал-демократиялық ұялардың орнына жойымпаздардың РСДРП-мен ешбір қатысы жоқ «инициативалық топтар» дейтіндерін алуға мәжбүр болып отыр.

«Жетіскендіктен жыраққа ұшпайсың»... Жойымпаз мырзалар, сіздердің эсерлермен де (эсер *жойымпаздармен бе?)* біріге бастайтын уақыттарыңыз жеткен жоқ па. Бұл мырзалар да «бірігуге» құлшынып отыр ғой. Сонда сіздерде «кең» партия болар еді. Лариннің өзі риза болады...

* *
*

Әзірше жойымпаздар «шетел державаларымен» «бірігіп» жатқанда, жойымпаздар мен «ымырашылдардың» арасында дәл осы жойымпаздық-ымырашылдық лагерьдің «бірігу» шарттары туралы мәселе жөнінде саудаласу жалғасуда. В. Левицкий мырза РСДРП-ның таяудағы

конференциясымен күресуге келісетін «барлық ағымдарға» арнап, «Наша Заряда» мақала-манифест жазып отыр.

Левицкий мырза мақаласын: «Бірігуді жақтаймыз — жікке қарсымыз» деп атапты. Троцкий болмаған несі қалды? Жұмыстың *барлық* салаларында партияшылдар жойымпаздарға жақсы тойтарыс бергеннен бері Левицкий және К⁰ өте «ымырашыл» тілді меңгеріп алды. Оу, олар түгелдей «бірлікті» жақтайды. Олар «бірігудің» тек төмендегі төрт сыпайы шартын ғана ұсынады:

1) Ат төбеліндей ауытқушылардан басқа социал-демократтардың бәрін біріктірген РСДРП конференциясына қарсы күресу.

2) Партияның орнына *«орталық инициативалық топ»* құру (курсив Левицкий мырзанікі, «Наша Заря» № 4, 31-бет). (Жойымпаздық «инициативалық» топтар дегеннің не екенін жақында Плеханов баспасөзде түсіндірді: оның «Дневник Социал-Демократасының» 16-номерін қараңыз. Бунд та, Троцкий де жойымпаздарға қызмет ете отырып, Плехановтың түсіндірмесін өз оқушыларынан жасыруда. Жасыра алмайсыздар, мырзалар!)

3) *«Саяси жағынан өлі ұяларды»* жандандырмау (бұл да сонда, 33-бет).

4) *«Астыртын жұмысқа табынуға қарсы»* деген ұранды мойындау (бұл да сонда, 33-бет).

Бір кездегі сияқты онша ашық және сеніммен болмаса да программа, дегенмен, жеткілікті айқын сызылған. Ал Левицкий ізінше барлық Троцкийлерге барынша егжей-тегжейлі түсіндіреді: сіздер таңдайтын басқа ештеңе жоқ қой, мырзалар. Біздің шарттарымызды қабылдаңыздар, оның есесіне біздер (яғни Левицкий мен К⁰) мынаған ықыласпен келісеміз: «өздеріңізді жұбату үшін» сіздер (яғни Троцкий және оның пікірлестері) жойымпаздарға біздер жақындағанымыз жоқ,— қайта жойымпаздар біздерге жақындады деп айта аласыздар.

«Наша Заряның» сол кітапшасында Мартов IV Думадағы болашақ социал-демократиялық фракцияны алдын ала былай деп қорқытады: егер ол фракция да өзінің алдындағы залым фракция сияқты жойымпаздыққа қарсы фракция болса,— онда «Белоусов оқиғасы сияқ-

ты оқиғалар енді тек ілуде бір болмайды, ережеге айналады», яғни, жалпақ тілмен айтқанда, жойымпаздар Думадағы фракцияны *жікке бөледі*. Түс қорқынышты... жойымпаз мырзалар. Күш сіздерде болса, сіздер өздеріңіздің жойымпаздық думалық фракцияңызды әлдеқашан-ақ құрған болар едіңіздер...

Несін айтасыз — «бірігу» ісі сенімді қолда...

Жойымпаздық-троцкистік «бірігушіліктің» кісі аярлық комедиясы мүлде талғамсыз адамдардың өзін жиіркендіреді. Бірігу жүріп жатыр, бірақ тек — жойымпаздармен бірігу емес, оларға *қарсы* жүріп жатыр.

* *
*

Троцкийдің, Либердің («Бунд») және атышулы «Ұйымдастыру комиссиясы» бар жойымпаздардың адам айтқысыз хлестаковшылдығы жөнінде біз — сөзге сенбей, талас мәселелерді документтер бойынша байыптап зер сала тексергісі келетін оқушыларға мына *фактілерді* көрсетуді жеткілікті деп есептейміз:

Цекистердің жиналысынан Либер мен Игорев кеткеннен кейін 1911 жылғы июньде Парижде Шетелдік ұйымдастыру комиссиясы құрылды. Шетелдік ұйымдастыру комиссиясы сөз салған Россиядағы бірінші ұйым *Киев* болды. Тіпті Троцкийдің өзі мұның талассыздығын мойындайды. 1911 жылғы октябрьде Киевтің қатысуымен Россиялық ұйымдастыру комиссиясы құрылды. 1912 жылы январьда ол РСДРП конференциясын шақырды.

1912 жылғы январьда Бундтың, латыштардың Орталық Комитетінің және Кавказ облыстық комитетінің (үш топтың үшеуі де жойымпаздық топтар) кеңесі жиналды. Поляктар бүкіл әрекетті жойымпаздық деп жариялап, *бірден* кетіп қалады. Сонан соң «ымырашылдар» және «Дневник Социал-Демократаның» 16-нөмерінде *бұл* конференцияны *жойымпаздар шақырып отыр* деп жариялаған Плеханов бұған *кіруден бас тартады*. Қазір 1912 жылдың июні, Бунд та, Троцкий де голосшылдар мен впередшілдерден басқа *ешкімді* «біріктірген» жоқ, Россияда *бірде-бір* байсалды және *талассыз*

ұйымды тартқан жоқ, шын мәнісінде Плехановқа бір ауыз сөз жауап берген жоқ, жойымпаздардың «Наша Зарядағы» және сол сияқты органдардағы уағыздарын бір түйір өзгерткен жоқ!

Ал «бірігу» жөніндегі сылдыр сөздер мен мақтаншақтықтың шегі жоқ.

«Социал-Демократ» № 27,
17 (4) июнь, 1912 ж.

«Социал-Демократ» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

ЛИБЕРАЛДАРМЕН БІЗДІҢ АЙТЫСЫМЫЗДЫҢ СИПАТЫ МЕН МАҢЫЗЫ ТУРАЛЫ

Ревизионизм мен либералдық жұмысшы саясатының белгілі өкілі Прокопович мырза «Русские Ведомостиде» «Қауіп алдында» деген мақала жазды. Бұл саясатшының пікірі бойынша, қауіп сол — IV Мемлекеттік думаның сайлауын исправниктер жасайтын болады. Қауіппен күресудің құралы—«елдің барлық конституциялық элементтерінің бірігуі», яғни социал-демократтар мен трудовиктердің де, кадеттер мен прогрессистердің де бірігуі.

Оңшыл кадеттік «Русские Ведомости» айрықша редакциялық заметкада Прокопович мырзаның мақаласы жөнінде өзінің *«қанағаттанатыны»* туралы мәлімдеп отыр. «Оппозициялық күштердің мұндай бірігуінен,— деп жазады газет,— біз қазір кезеңнің өзекті қажетін көріп отырмыз».

Ресми-кадеттік «Речь» Прокопович мырзаның мақаласының мазмұнын және «Русские Ведомостидің» пікірін келтіріп, өз тарапынан былай деп ескертеді:

> «Алайда егер өздерінің барлық күш-жігерін көбінесе оппозицияға қарсы күресуге жұмсайтын социал-демократиялық бағыттағы органдарды оқысаңыз, онда осы (яғни «біріктіретін») үндеуге қандай да болсын нақтылы маңыз беруге бола қояр ма екен».

Сонымен сайлау алдындағы тактика туралы және жұмысшылардың либералдарға көзқарасы туралы маңызды мәселе қайта-қайта көтеріліп отыр. Либералдар-

дың ол мәселені байсалды саясатшылар ретінде емес, жеңгетайларша қойып отырғанына көзің жете түседі. Олар шындықты анықтауды емес, қайта оны көлегейлеуді көздеп отыр.

Шынында да, мына жағдайға ой жүгіртіп көріңіз. Либералдар «бірігуді» партиялардың қосылуы деп түсіне ме? Әсте олай түсінбейді. Прокопович мырза да, «Русские Ведомости» де, «Речь» те олай түсінбейміз деп бір ауыздан мәлімдеп отыр.

Демек, бірігу дегенді Пуришкевичтен Гучковқа дейінгі оңшылдарға қарсы бірлескен қимылдар деп түсіне ме? Осылай болу керек сияқты!

Осындай бірлескен қимылдарды «солшылдардан» біреу-міреу бекерге шығара ма? — деген сұрақ туады.

Ешкім бекерге шығармайды. Бұл жұрттың бәріне белгілі.

Оңшылдарға қарсы дауыс беру туралы либералдармен келісім жасау дегеніміздің өзі демократтар мен либералдардың сайлауда «бірігуі» деген сөз. Либералдар неменеге наразы? «Солшылдардың» келісімді әбден анық және нақты мойындап отырғаны жөнінде олар неге үндемейді? Солшылдармен, демократтармен, марксистермен келісім жасасу туралы *нақ либералдардың* айқын, анық, дәл, ресми түрде ештеңе *айтпаған* фактісі жөнінде олар неге бетінен басып үндемей кетіп отыр? Олар сайлау тактикасы туралы әңгіме ете отырып, «солшыл октябристермен» блок жасасуға болады деп тапқан кадет конференциясының белгілі шешімі туралы неге бір ауыз сөз *айтпай отыр?*

Фактілер анық, мырзалар, сондықтан ешқандай жалтарудың бұл арада көмегі болмайды. Нақ солшылдар, нақ марксистер оңшылдарға қарсы либералдармен (оның ішінде кадеттермен де, прогрессистермен де) келісім жасасуды айқын, дәл және ресми түрде *жақтап* шықты. Солшылдар жөнінде *нақ кадеттер* әбден дәл және ресми жауап беруден жалтарды!

Прокопович мырза бұл фактілерді өте жақсы біледі, сондықтан да оның ақиқатты бұрмалауы, марксистердің дәл шешімі туралы және кадеттердің жалтарғыштығы туралы үндемеуі мүлде кешірілмейтін нәрсе.

Бұл үндемеушілік неден туған? Мұның өзі бейне бір біз «өзіміздің барлық күш-жігерімізді көбінесе оппозицияға қарсы күресуге жұмсайтындығымыз» жөнінде «Речьтен» келтірілген сөздерден айқын көрінеді.

«Речьтің» сөз саптауынша, одан сөзсіз мынадай қорытынды шығады: либералдармен бірігу үшін демократтар оппозицияға қарсы күресуге «барлық күш-жігерін жұмсауға» *тиіс емес.* Мұны ашық айтсаңыздаршы, мырзалар! Өздеріңіздің шарттарыңызды дәл, ресми түрде қойыңыздар! Сіздердің бейшаралықтарыңыз сол — сіздер мұны істей *алмайсыздар.* Егер сіздер осындай шартты тұжырымдауға әрекет етіп көрсеңіздер, жұрттың бәрі қарқылдап күлер еді. Мұндай шартты қойып, сіздер өздеріңізді өздеріңіз теріске шығарар едіңіздер, өйткені сіздер бәріңіз либералдар мен демократтардың (марксистер туралы айтпағанның өзінде) арасындағы *«терең алауыздықтарды»* бір ауыздан мойындадыңыздар.

Ал алауыздықтар бар екен, ол алауыздықтар терең екен, онда күрестен қалайша құтылуға болады?

Либерализмнің жалғандығының өзі де сонда, ол, бір жағынан, қосылуды теріске шығарады, терең алауыздықтарды мойындайды, «партиялардың әрқайсысының программасының негізгі ережелерінен бас тартудың» («Русские Ведомости») мүмкін еместігін атап көрсетеді, ал, екінші жағынан, «оппозицияға қарсы күресу» жөнінде *шағынады!!*

Алайда мәселені жақыннан қарастырып көрейік. Біріншіден, «Речь» сөз етіп отырған газеттер мен журналдардың өздерінің *барлық* күш-жігерін *көбінесе* оппозицияға қарсы күресуге жұмсап отырғаны рас па? Жоқ, бұл мүлде бекер. Демократтардың *барлық* күш-жігерін *көбінесе* оңшылдарға қарсы күресуге бағыттамаған бірде-бір мәселені либералдар көрсете алмайды!! Кімде-кім бұл сөздерді тексергісі келсе, тәжірибе жасасын. Айталық, марксистердің кез келген газетінің кез келген үш номерін қатарынан алып қараңыз. Үш саяси мәселені мысалға алып, өздеріңіздің таңдап алған мәселелеріңіз бойынша, өздеріңіздің таңдап алған газеттеріңіздің номерлерінде марксистердің күресі көбінесе кімге

қарсы «бағытталғанын» *документті* мәліметтермен салыстырыңыз!

Сіздер осы қарапайым, жалпыға түсінікті тәжірибені істемейсіздер, либерал мырзалар, өйткені мұндай тәжірибенің *қай-қайсысы да* сіздердің пікірлеріңіздің дұрыс еместігін көрсетеді.

Ол ол ма. Екінші және ерекше маңызды пікір сіздерге одан да гөрі дәлелдірек қарсы шығып отыр. Жалпы алғанда демократтар және әсіресе марксистер либералдарға қарсы өз күресін *қалай қойып отыр?* Олар оны былай, тек қана былай қойып отыр: либералдардың атына айтылған әрбір, үзілді-кесілді және сөзсіз әрбір кінәлауда немесе айыптауда оңшылдарға қарсы айтылған *онан да гөрі батыл* кінәлау, *онан да гөрі ауыр* айыптау өзінен өзі бар.

Істің мәні, міне, осында, мәселенің түйіні, міне, осында! Біздің ойымызды бірнеше мысал айқын түсіндіреді.

Біз либералдарды, кадеттерді контрреволюцияшылсыңдар деп айыптаймыз. Біздің осы сияқты айыптауларымыздың онан да гөрі үлкен күшпен оңшылдарға тимеген *біреуін* болса да бізге көрсетіңізші.

Біз либералдарды «ұлтшылдық», «империализм» жөнінде айыптаймыз. Біздің осы сияқты айыптауларымыздың оңшылдарға қарсы онан да гөрі үлкен күшпен бағытталмаған біреуін болса да бізге көрсетіңізші.

Біз либералдарды олардың бұқара қозғалысынан қорқатындығы үшін кінәладық. Несі бар? Біздің газеттерден осындай айыптаудың оңшылдарға да қарсы бағытталмаған тұжырымын сіздер таба аласыз ба?

Біз либералдарды олардың жұмысшыларға қарсы «қимыл жасауға» қабілетті, «белгілі» орта ғасырлық мекемелерді қорғайтындығы үшін кінәладық. *Бұл жөнінде* либералдарды айыптау дегеніміз *осы арқылы* дәл осы жөнінде, бұдан да үлкен нәрсе жөнінде барлық оңшылдарды айыптау деген сөз.

Бұл мысалдардың санын керегінше көбейте беруге болады. Жұмысшы демократиясының либералдарды тек қана олардың оңшылдарға жақындығы үшін, олардың оңшылдарға қарсы күресінің тұрлаусыздығы мен *жал-*

ғандығы үшін, олардың жартыкештігі үшін айыптайтынын, *соңысымен,* оңшылдарды енді «жарты күнә» үшін емес, «тұтас күнә» үшін айыптайтынын сіздер қашан болсын, қай жерден болсын түгел табасыздар.

Демократтар мен марксистердің «либералдарға қарсы күресі» — *оңшылдарға қарсы күрестен* гөрі неғұрлым терең, неғұрлым дәйекті, неғұрлым мазмұнды күрес, бұқараның неғұрлым көзін ашып, оны топтастыратын күрес. Істің жайы, міне, осылай болып отыр, мырзалар!

Және, бұл жөнінде ешқандай күмән қалдырмау үшін, біздің либералдарға қарсы күресіміздің мағынасы мен мәнін қисынсыз бұрмалауды болдырмау үшін, мысалы, «біртұтас реакциялық көпшілік» туралы (яғни либералдар мен оңшылдарды реакциялық блок, реакциялық көпшілік деген бір саяси ұғымға қосу туралы) қисынсыз теорияны болдырмау үшін біз өзіміздің ресми мәлімдемелерімізде либералдарға қарсы күрестен гөрі оңшылдарга қарсы күрес туралы әрқашан да *басқаша* айтамыз.

Білімді либералдың қай-қайсысы сияқты Прокопович мырза да мұны тамаша біледі. Ол, мысалы, түрлі партиялардың әлеуметтік, таптық табиғатын біздің анықтауымызда оңшылдарда орта ғасырлықтың, либералдарда буржуазиялықтың әрқашан баса көрсетілетінін біледі. Мұның өзі «екі үлкен айырмашылық». Орта ғасырлықты тіпті капитализм шеңберінде қала отырып-ақ жоюға болады (жою керек те). Буржуазиялықты бұл шеңберде жоюга болмайды, бірақ буржуазиялық помещиктен буржуазиялық шаруаға, буржуазиялық либералдан буржуазиялық демократқа, буржуазиялық жартылай бостандықтан буржуазиялық толық бостандыққа «арқа сүйеуге» болады (керек те). Россияның басынан кешіріп отырған кезеңінде либерализмді біздің сынауымыз, яғни осы кезеңнің ең таяудағы және кезектегі міндеттерінің тұрғысынан бағыттап отырған сынымыз дәл осындай арқа сүйеуде, тек осындай арқа сүйеуде болып отыр.

Мысалы, Прокопович мырзаның мына сөзін алыңыз: «Халық бұқарасының саяси өмірінің дұрыс жағдайла-

рын жасау — қазіргі уақытта солшылдарды да, оппозицияны да біріктіретін ең таяудағы мақсат осы».

Бұл сөзден өткен мазмұнсыз, бос, алдамшы ештеме жоқ. Бұл сөзге октябрист те, епті «ұлтшыл» да қол қояды, өйткені ол айқын ештеме бермейді. Бұл — бос уәде, жалаң тақпақ, өз ойларын дипломатиялық түрде жасыру. Бірақ егер көптеген басқа либералдар сияқты Прокопович мырзаға да тіл өз ойларын жасыру үшін берілген болса, онда біз өз борышымызды орындауға: осында жасырылып отырған нәрсені ашуға тырысып көрейік. Сақтық үшін қарапайым, ұсақ мысал алайық.

Екі палаталы система саяси өмірдің дұрыс шарты болып табыла ма? Біздің ойымызша, олай емес. Прогрессистер мен кадеттер дұрыс шарты деп ойлайды. Либералдарды осындай көзқарастары үшін біз демократизмге қарсы деп, контрреволюцияшыл деп айыптаймыз. Сондықтан біз либералдарға қарсы осындай айыптауды тұжырымдағанымызда, біз осы арқылы барлық оңшылдарды одан да бетер айыптаймыз.

Онан соң, бұл арада «солшылдар мен оппозицияның бірігуін» не деуге болады?—деген сұрақ туады. Біз осы алауыздыққа бола оңшылға қарсы либералмен бірігуден бас тартамыз ба? Жоқ, тіпті де бас тартпаймыз. Либералдардың бұл мәселе жөніндегі және саяси бостандықтың барлық осындай, *анағұрлым маңыздырақ* мәселелері жөніндегі контрреволюциялық көзқарастары бізге көптен, егер ерте болмаса, 1905 жылдан белгілі, бірақ біз сөйткенмен де 1912 жылы да былай деп қайталаймыз: қайта дауысқа қоюда да, сайлаудың екінші сатысында да оңшылдарға қарсы либералдармен келісім жасасуға болады. Өйткені буржуазиялық монархиялық либерализм, оның бүкіл жартыкештігіне қарамастан, крепостниктік реакциядан мүлде басқаша. Бұл айырмашылықты пайдаланбау жұмысшы саясатының мүлде жаманы болар еді.

Алайда ілгері барайық. *Қалай* пайдалану керек? «Солшылдар мен оппозицияның бірігуі» *қандай* шарттармен мүмкін болмақ? Либерал бұл сұраққа былай деп жауап береді: егер солшылдар оппозицияға қарсы таймастан күрес жүргізіп жатса, онда бірігу туралы

сөз етудің де керегі жоқ. Сөйтіп либерал өзінің ойын былай түсіндіреді: талап неғұрлым шағын болса, келісушілердің шеңбері соғұрлым кең, бірігу соғұрлым толық, бұл талапты жүзеге асыруға қабілетті күш соғұрлым көп болады; екі палаталы системасы бар (және демократизмнен... мұны қалай жұқалап айтуға болар екен?.. басқа да шамалы шегінулері бар) «жөндем» конституцияны барлық демократтар да, барлық либералдар да жақтайтын болады; бұл оте коп; ал егер «таза» демократизм деп қасаратын болса, онда прогрессистер шығып қалады, көптеген кадеттерді де «сыртқа тебесіз», сөйтіп «конституциялық элементтерді» ыдырату және әлсірету келіп шығады.

Либерал осылай пайымдайды. Ал біз басқаша пайымдаймыз. Бұқараның саналылығынсыз жақсылыққа қарай ешқандай өзгерістер болуы мүмкін емес. Бұл біздің негізгі пікіріміз. Либерал жоғарыдағыларға қарайды, ал біз «төмендегілерге» қараймыз. Екі палаталы системаның зиянын түсіндіруден бас тартсақ, немесе бұл мәселе жөніндегі антидемократиялық көзқарастар атаулыға қарсы «күресті» сәл де болса әлсіретсек, біз өзімізге либерал помещикті, көпесті, адвокатты, профессорды «тартамыз» — бұлардың бәрі Пуришкевичтің бір туған тумалары, сондықтан Пуришкевичтерге қарсы елеулі ештеңе істей алмайды. Оларды «тартып», біз бұқараны өзімізден алыстатып аламыз — бұқара үшін демократизм дипломатиялық жарнама емес, бояма сөз емес, етене төл іс, өмір мен өлім мәселесі болып табылады, осы бұқара екі палаталы системаны жақтаушыларға сепуден қалады, міне, осы мағынада алғанда да; — екі палаталы системаға шабуылды әлсірету бұқара саналылығының жеткіліксіздігін көрсетеді, ал бұқараның саналылығы болмаса, ұйқы басып, табансыз болса жақсылыққа қарай *ешқандай* өзгерістердің болуы мүмкін емес, осы мағынада алғанда да біз бұқараны өзімізден алыстатып аламыз.

Либералдарға қарсы өз айтыстарыңыз арқылы сіздер солшылдар мен оппозицияны айырасыздар деседі бізге кадеттер мен Прокопович мырзалар. Біз былай деп жауап береміз: дәйекті демократизмнің сыртқа тебетіндері

мейлінше солқылдақ, сенімсіз, пуришкевичшілдікке неғұрлым төзетін либералдар; олар ат төбеліндей ғана; ал дәйекті демократизм қазір жаңа өмірге, «дұрыс саяси өмірге» ояна бастаған миллиондарды тартады, оның үстіне біз «дұрыс саяси өмір» деген сөзден Прокопович мырзаның түсінетін нәрсесінен мүлде басқа, тіпті де басқа нәрсені түсінеміз.

Екі палаталы системаның орнына мысал үшін жерге орналастыру комиссияларының құрамын алуға болар еді: кадеттер жобалап отырғанындай, ықпал етудің үштен бірін помещиктерге, екіншісін—шаруаларға, үшіншісін—чиновниктерге беру керек пе немесе *әбден* демократиялық сайлау правосы болып, сайлау мүлде еркін болуға тиіс пе? Бұл пункт бойынша «халық бұқарасының саяси өмірінің дұрыс жағдайлары» дегеннен нені түсіну керек, Прокопович мырза, ә! Бұл мәселе жөніндегі дәйекті демократизм арқылы біз кімді сыртқа тебеміз, кімді өзімізге тартамыз?

«Барлық прогресшіл партияларға ортақ, саяси бостандықты жүзеге асыруды талап ететін бір пункт қазір программалардың барлық басқа пункттерінің бәрінен үстем болып отыр» дегенді айтып «Русские Ведомости» бізге қарсы болмай-ақ қойсын. Осы пункт *үстемдік етіп* отырғандықтан да — бұл мүлде талассыз нәрсе, бұл қасиетті ақиқат — нақ осы себепті нағыз қалың бұқараның, сан миллиондаған адамдардың жартылай бостандықты бостандықтан айыра алуы қажет және саяси демократизмнің аграрлық өзгерістер демократизмімен бөлінбес байланысын түсінуі қажет.

Бұқараның мүдделілігі, саналылығы, сергектігі, пәрмеңділігі, батылдығы, дербестігі болмайынша қай салада болсын мүлде ештеңе істелуі мүмкін емес.

«Невская Звезда» № 12,
10 июнь, 1912 ж.
Қол қойған: В. И.

«Невская Звезда» газетінің текстi бойынша, мына жинақтың текстімен салыстырылып басылып отыр: «Марксизм және жойымпаздық», II бөлім, СПБ., 1914

КАПИТАЛИЗМ ЖӘНЕ «ПАРЛАМЕНТ»

Бізде демократизмнің ақиқаттары буржуазияшыл демократтардың естерінен жиі шығып кетіп жүрген мына жағдайды бүркемеуге тиіс: өкілдік мекемелер капиталистік елдерде капиталдың мемлекеттік өкіметке ықпал етуінің өзінше бір үлгідегі формаларын сөзсіз туғызады. Бізде парламент жоқ,— бірақ либералдар арасында парламенттік кеңселік, барлық буржуазиялық депутаттар арасында *парламенттік азғындық* бізде керегінше бар.

Егер жұмысшылар өкілдік мекемелерді жұмысшы табының санасын, топтасқандығын, шындығын, пәрменділігін дамыту *үшін* пайдалануға үйренгісі келсе, онда бұл ақиқатты жақсы ұғынып алуға тиіс. Пролетариатқа дұшпан әлеуметтік күштердің бәрі—«бюрократия», жер иеленушілік, капитал — осы өкілдік мекемелерді жұмысшыларға *қарсы* қазірдің өзінде пайдаланып отыр. Жұмысшы табының дербес мүдделерін және оның дербес дамуын қорғауға үйрену үшін ол күштердің қалай пайдаланып отырғанын білу керек.

III Дума отандық машина жасаушыларға сыйлық беруге ұйғарды. Қандай отандық машина жасаушыларға?— Россияда «істеушілерге»!

Ал қарап көрсеңіз — дәл шетелдік капиталистер өз заводтарын Россияға көшіріп әкелген болып шығады. Баж салықтары жоғары,— пайда ұшан-теңіз — сондықтан да шетелдік капитал Россия *ішіне* қоныс аударып жатыр. Американ тресі — миллионер-капиталистер ода-

ғы —мысалы, Москва түбінде, Люберцыда ауыл шаруашылық машиналарының аса үлкен заводын салды. Ал Харьковта капиталист Мельгозе, ал Бердянскіде капиталист Джон Гриевз ауыл шаруашылық машиналарын жасап жатыр. Осы кәсіпкерлерде «шын орыстық», «отандық» нәрсенің қандай көп екені рас емес пе?

Бірақ, әлбетте, орыс капиталистерінің жан-жақты көмегі болмаса, олар Россияда мүлде іс істей *алмаған* болар еді. Жең ұшынан жалғаспай болмайды. Американ, ағылшын, неміс капиталистері орыс капиталистерінің көмегімен пайда жинап отыр, ал орыс капиталистеріне де өте жақсы сыбаға тиеді. Мысалы, Лена алтын кенін немесе Уралдағы кен-өнеркәсіп орындарын алайық. Мұнда шетел және орыс капиталистері қаншама миллиондарды бөлісіп алды!

Өнеркәсіп иелері мырзалар үшін Дума бұл арада өте пайдалы. Думада да, Мемлекеттік советте де капиталистердің толып жатқан өкілдері бар, оның үстіне біздің заманымызда капиталсыз помещик те түк емес қой. Капиталистердің де, помещиктердің де «сыйлықтар» *(өздеріне өздері беретін)* туралы, баж қорғанышы (яғни өздеріне өздері беретін сыйлықтардың екінші түрі) туралы, концессиялар (өздеріне өздері беретін сыйлықтардың үшінші түрі) туралы және *ұшы-қиырсыз* тағы басқалар туралы заңдарды өткізу үшін Дума сияқты дайын аппараты бар.

Либералдық «Скептик» бұл туралы либералдық «Речьте» тәп-тәуір жазды. «Ұлтшылдарға» (Гриевздер, Мельгозелер, Эльвортилер сияқты мырзалардың және басқа да компаниялардың «отандық» машина жасауын көтермелеу үшін өздеріне өздері «сыйлықтар» тағайындады) қарсы елжірей жазғаны соншалық, мені де аздап скептицизмге еліктірді.

Иә, «ұлтшылдарды» либерал «Скептик» мырза тәптәуір әшкерелеп отыр. Бірақ ол кадеттер туралы неге үндемейді? Мысалы, Головин концессияны алып алсам деп жүргенде *Думаның депутаты* және Думаның бұрынғы председателі болғанының оған осы пайдалы және кірісті кәсіпте қалайша жәрдемі болмады екен?

Маклаков «тагиевтік» қаламақыны қылғып салғанда, Думаның депутаты болғаны оған осыншалық «тиімді» істерді алуды қалайша жеңілдетпеді екен?[132]

Ал депутат атағының және осы атақ беретін тиімді, қолайлы жағдайдың көмегімен өз әрекеттерін кеңейткен, өз «байланыстарын» нығайтқан, өз «істерін» ыңғайлаған кадет помещиктер, копестер, капиталистер, финансистер, адвокаттар, епшілдер тағы қанша десеңізші?

Ал егер Дума депутаттары жасаған және Дума депутаттарының қатысуымен болған финанс операциялары туралы анкет жүргізсе қайтер еді?

Солай-ау, бірақ барлық капиталистік елдерде «коммерциялық құпияны» қорғау үшін, *бірде-бір* «парламенттің» мұндай анкетке рұқсат етпеуі үшін шаралар қолданылған.

Алайда бұл мәселе жөніндегі көп нәрселер жұмысшы депутаттарға белгілі екені күмәнсыз, сондықтан егер еңбектеніп, іздестірсе, мәліметтер жинаса, материалдар теріп алса, газеттерден іздесе, биржадан сұрап білсе, т. с. істесе, онда Думаның депутаттары жасаған және осындай депутаттардың қатысуымен болған *іс* операциялары туралы барынша тағлым аларлық және өте пайдалы «анкетті» өзіміз де жүргізуімізге болады.

Европа парламенттерінде мұндай операциялар жалпыға белгілі, сондықтан жұмысшылар оларды епшілдердің аттарымен қоса үнемі әшкерелеп отырады —бұл халыққа сабақ болады.

«Невская Звезда» № 13,
17 июнь, 1912 ж.
Қол қойған: Не-либеральный скептик

«Невская Звезда» газетінің текстi бойынша басылып отыр

САЙЛАУ ЖӘНЕ ОППОЗИЦИЯ

Марксистер сайлау жөніндегі өздерінің принципті көзқарасын әлдеқашан-ақ анықтады. Пуришкевичтен Гучковқа дейінгі оңшыл партиялар, либералдық-монархиялық буржуазия (кадеттер мен прогрессистер) және демократия (жұмысшы және буржуазиялық демократия, яғни трудовиктер) — сайлауда тартысушы негізгі *үш* лагерь осы. Бұл лагерьлердің арасындағы негізгі айырмашылық: олар түрлі таптардың өкілдері, олар бүкіл программасымен және тактикасымен ерекшеленеді. Осы лагерьлердің әрқайсысының саясатының принципті негізін айқын түсініп алғанда ғана сайлау науқаны жөнінде дұрыс практикалық қорытындылар жасауға болады.

Марксистер осыдан жарты жылдай бұрын осы қағидаларды* толық белгілегеннен бері бұл қағидалардың дұрыстығы либералдық оппозицияның сөйлеген сөздері арқылы ерекше айқын расталып отыр. Біздің «оң жақтағы көршілеріміз бен дұшпандарымыз», біздің көзқарастарымызға мүлде қосылмаса да, біздің ол көзқарастарымыздың дұрыстығына мақтарлық ыждаһатпен жақсы дәлелдеме берді. Мынандай *заңды* жариялауға болады: кадеттің саяси қызметі мен саяси көзқарастарының дамуы марксистердің көзқарастарының дұрыстығын тамаша дәлелдеп отыр. Немесе басқаша айтқанда: кадет сөйлей бастағанда, оның либерал жұмысшы

---

* Қараңыз: осы том, 42—47-беттер. *Ред.*

саясатшыларының көзқарасын бағзы бір марксистен кем теріске шығармайтынына сенімді болыңыздар.

Міне, сондықтан, сөз арасында айта кетейік, кадет саясатына зер сала қарау жұмысшыларға екі жақты пайдалы: біріншіден, либерал буржуаны жақсы білесің, ал екіншіден, жұмысшы табының кейбір жақтаушыларының қателерін айқынырақ көруді үйренесің.

«Русские Ведомостиде» жасалған сайлау алдындағы маңызды мәлімдемелер жөнінде *«Речьтің»* таяудағы жазған пікірлері, сірә, нақ осы екі жақты пайда келтіретін болар. Бұл — байырғы «экономист», яғни 1897—1902 жылдар заманының оппортунисі Акимов мырзаның (Вл. Махновецтің) мәлімдемелері. Бұл мәлімдемелер «прогрестік блокты» тікелей қорғайды; өзін социал-демократпын деп атағысы келетін Акимов мырза бұл блоктың «платформасын» (айтпақшы: жарияланбаған платформасын!) «социал-демократия үшін әбден жарамды» деп есептейді.

Либералдық жұмысшы саясаты — «құбыжық» деп толып жатқан саяси сәбилер (Парижден Красноярскіге дейін) және кәнігі дипломаттар (Венадан Вильноға дейін)[133] бізге айтып келді және осы кезге дейін айтып отыр. Ал Акимов мырзаға қараңыздаршы, сүйікті оппоненттер! Либералдық жұмысшы саясатының айқын пішінін сіздер, сірә, бұл жерде теріске шығара алмассыздар. Акимов — «уникум», яғни жалғыз, өз тумысында жеке-дара, теңдесі жоқ некен-саяқ кездесетін адам деп айтуларыңызға болмас. Өйткені Акимов мырзада тамаша қасиеттер қаншалық көп болғанмен, ол жалғыз емес; бұлай деу тура жалған айту болар еді. Ол Прокопович мырзадан кейін сөйледі және соған қосылды. Ол өзіне көп тараған либералдық орган — өз сөзін талай жерге таратагын қолайлы мінбе тапты. Ол өзіне либерал журналистердің арасынан «жақсы баспасөз» тапты. Жоқ, жоқ, ол жалғыз емес. Мейлі ол ешқандай топтың адамы болудан әлдеқашаннан-ақ қала берсін. Мейлі оның социал-демократ атағын иелену правосы мүлде жалған-ақ болсын. Бірақ ол — саяси *бағыттың* өкілі; ол бағыттың негізі бар, ол өмір сүріп отыр және, жиі

жасырынғанмен, сәл саяси сергушілік болса-ақ *әрдайым* сыртқа шығады.

«Речь» Акимов мырзаның пікірлерінің «байыпты реализмін әбден әділ деп табады», оның «социал-демократтар қазіргі уақытта өздерінің саяси міндеттерінің бір бөлегін—халықтың айтарлықтай қалың, саяси жағынан күшті топтарынан өзіне қолдау табатын бөлегін ұсынуға тиіс» деген пікірін ерекше сүйсіне атап көрсетеді.

Бұған «Речь» қуанбағанда қайтсін? «Наша Заряның» ескерту үстіне ескертуді қаптатып, ізін жасырып, әлдеқашан оңып кеткен бейне маркстік сөзсымақтар айтып мардымсып, мың мәртебе тәлімсіп, бұлтаққа салып айтып отырған нәрсесін Акимов мырза төтесінен, дөрекілеу, қалай болса солай, ақ ниетті аңқаулықпен... қойып қалады.

Ресми жағынан «Наша Заря» мен «Невский Голостың» Акимов мырза үшін жауапкершілік атаулыны қабылдамауға, әрине, толық мүмкіншілігі бар. Бірақ істің егжей-тегжейін біле бермейтін және егжей-тегжейіне көңіл аудара бермейтін қалың оқушы жұртшылық іс жүзінде бұл жойымпаздық басылымдардан нақ «акимовшылдықты» түсінеді, тек соны ғана түсінеді. Прогрессистердің ісін «бүлдірмеу керек»,— деп жазды Мартов. Прогрессистердің бейпартиялылығы партиялардың қай-қайсысына да оның дербестігін сақтауын (қағаз жүзінде) жеңілдететіндігін, әрине, ескертпей қалмайтын Акимов «міндеттердің» *прогрессистер* қолдайтын «бөлегін ұсыну керек» деп жазады. Прогрессистерге ұнайтынынан гөрі міндеттердің *үлкен бөлегін ұсыну* — олардың ісін «бүлдіру» деген сөз: Мартов ұранының нақтылы саяси күрес ашып берген, Акимовтың өзі жақсы білетін *тобыр* ашып берген сыры осы.

Кадеттер мен прогрессистер, Акимовтың пікірі бойынша,—«халықтың қалың және саяси жағынан күшті топтары». Мұның өзі нағыз либералдық өтірік, бұл өтірік жайында «Невская Звезда» либералдарға қарсы маркстік айтыстың сипаты мен маңызы туралы мақалада* жақында жазған-ды. Ал шындығында, тұтас алған-

* Қараңыз: осы том, 398—405-беттер. *Ред.*

да, кадеттерді де, прогрессистерді де, көптеген басқаларды да қамтитын либералдық-монархиялық буржуазия— халықтың өте аз және бір ғажабы саяси жағынан мықты емес тобы.

Буржуазия ешқашан халықтың қалың тобы бола алмайды. Буржуазия саяси жағынан бірқатар капиталистік елдерде күшті бола алады және күшті болып отыр— тек Пруссияда, тек Россияда күшті болмай отыр. Мұндағы оның таңдаңарлық, ғажап, адам нанғысыз дерлік саяси дәрменсіздігінің даусыз себебі — бұл буржуазия реакциядан гөрі революциядан әлдеқайда қатты қорқады. Саяси дәрменсіздік осыдан келіп сөзсіз туады. Сондықтан буржуазияның «саяси күші» туралы әр түрлі пікірлер, Россиядағы істің жағдайының осы *негізгі* ерекшелігін орағытып кететін бұл пікірлер, түбірімен жалған, сондықтан да мүлде түкке тұрғысыз.

Акимов мырза нағыз ашық және баяу либерал ретінде былай деп жазды: кадет және прогрессист мырзалар, біз сіздерді күш деп есептейміз ғой, сіздердің платформаңызды (бұл платформа жоқ болса да!) біз әбден қабылдаймыз, біз өзіміз қазіргі уақытта міндеттердің сіздер қолдайтын *бөлегін* ұсынып отырмыз, сіздерден бір нәрсені — «(прогрессистік) блоктың тізімдеріне социал-демократтардың да енгізілуін» сұраймыз. Осылай, дәл осылай деп жазды Акимов! Мен бәріне келісемін,— тек либералдық тізімге енгізсеңіз болғаны!

«Речьтің» тіпті соншалық шағын өтінішті *қабылдамауы* оның тарапынан тіпті де кең пейілділік болмады. Әңгіме үшінші июнь сайлаушылары туралы болып отыр ғой,— деп ескертеді Акимовқа кадеттер. Ал *олардың* арасында социал-демократтар деген немене? «Сөз болмай отырған ірі қалаларды қоспағанда»—ноль. Сондықтан кадеттік ресми орган момақан да тіл алғыш Акимовқа кішіпейілдік білдіріп былай деп үйретеді: «шет аймақтарды қоспағанда, олардың (социал-демократтардың) өз кандидатураларын ұсыну есебін емес, халықты езушілердің қара блогын прогресшіл блоктың жеңуі жөніндегі пікірлерді барлық жерде дерлік басшылыққа алуына тура келеді».

Либералдық жұмысшы саясатшысының құлшылықпен созған қолын либерал дөрекі түрде қайырып тастады! Ірі қалаларда күрестен бас тартқаны үшін берілген лайықты сыйлық осы. Ірі қалалардың бізге тиесілі болатын себебі біз күштіміз,— деседі кадеттер,— ал қалған Россияның бізге тиесілі болатын себебі — үшінші июньшілдер күшті және олардың бізге оппозиция монополиясын қамтамасыз ететін үшінші июнь заңы күшті.

Жауап жаман емес. Акимов алган сабақ — қатал болса да пайдалы сабақ.

«Невская Звезда» № 11,
24 июнь, 1912 ж.
Қол қойған: К. Ф.

«Невская Звезда» газетінің текстi бойынша басылып отыр

ПЕТЕРБУРГТЕГІ САЙЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Газеттер IV Мемлекеттік думаның шақырылу мерзімі туралы және оның сайлау уақыты туралы мәселе билеуші топтарда біраз күмән туғызды деп хабарлайды. Біреулері Мемлекеттік думаның шақырылуын январьға дейін қалдыруды жақтады, екіншілері октябрьде шақырылуын жақтады. Қазір мәселе екінші пікірдің пайдасына шешілген деседі.

Демек, сайлау тіпті жақын,— оған бар болғаны 7—9 апта қалып отыр. Бүкіл сайлау жұмысында күш-жігерді *он еселеп* күшейту туралы ойлауға тура келеді.

Менің осы мақалада арнаулы бір мәселеге тоқтағым келеді; алайда бұл мәселе жұмысшы демократиясы үшін өте-мөте мәнді және жалпы маңызды болып отыр. Бұл — Петербург сайлауының ролі туралы мәселе.

Петербургтегі 2-қалалық курия бойынша сайлау IV Мемлекеттік дума сайлауы жөніндегі *бүкіл* сайлау науқанының өзекті пункті болып табылады.

Азды-көпті болса да біршама жолға қойылған жұмысшы баспасөзі тек Петербургте ғана бар; бұл баспасөз өзіне қарсы бүкіл жанталасқан қудалауларға, айыптарға және редакторларын қамауға алуларға қарамастан, өз жағдайының бүкіл осалдығына қарамастан, цензураның өзіне бүкіл қысым жасауына қарамастан жұмысшы демократиясының көзқарастарын шамалап көрсете алады.

Күнделікті баспасөз болмайынша, сайлау қараңғы іс болып қалады және бұқараның саяси жағынан көзін

Цѣна 5 коп.

№ 15. НЕВСКАЯ № 15.

ЗВѢЗДА

Годъ изданія первый.

№ 15 Воскресенье 1-го Іюля 1912 г. № 15

Поступилъ въ продажу „Спутникъ Избирателя".

ЗАВѢТЫ

Значеніе выборовъ въ Петербургѣ.

Сравненіе столыпинской и народнической аграрной программы.

Уроки классовой борьбы.

«Невская Звезда» газетінің 1912 ж. 1 июльдегі 15-номерінің бірінші беті, мұнда В. И. Лениннің «Петербургтегі сайлаудың маңызы» және «Столыпиндік және халықшылдық аграрлық программаларды салыстыру» деген мақалалары бар

Кішірейтілген

ашу жөнінде сайлаудың маңызы кем дегенде жарты есе төмендейді.

Сондықтан Петербург сайлауы адам айтқысыз ауыр орыс жағдайларында жұмысшы демократиясына салмағы түскен сайлау науқанының *үлгісі* боларлық маңыз алады. Жұрттың бәріне *көрінетіндей* басқаша сайлау науқанын жұмысшылар еш жерде өткізе алмайды. Жұмысшы куриясында сайлаудың, әрине, мейлінше зор маңызы бар, бірақ жұмысшылар мұнда халықтың басқа таптарымен кездесе алмайды, сондықтан жалпы алғанда бүкіл демократияға басшылық болу *үшін* алдыңғы қатарлы, пролетарлық демократия әзірлеген *жалпы халықтық* талаптарды, *жалпы саясаттың* міндеттері жөніндегі көзқарастарды *жеткілікті* кең өрістете алмайды.

Петербургтегі сайлау— төте сайлау. Сондықтан мұнда сайлау алдындағы күрес басқа жерлердегіден гөрі анағұрлым анығырақ, айқынырақ, неғұрлым партиялық түрде өрістей алады. Басқа ірі қалалардың да Петербург сияқты зор маңызы болар еді, бірақ астанадағыдан *да гөрі* провинцияда әкімшілік қысымның күшті екені соншалық — жұмысшы демократиясының өзіне жол салуы, өзін тыңдатуы қиын.

Ақырында, Петербургте 2-курияда күрес либералдар мен демократия арасында өрістеуге тиіс. Кадеттер 2-курияны *өзінің* меншігі деп есептейді. Милюков, Родичев және Кутлер Петербургтің өкілдері болып отыр.

Демократияшыл сайлаушылардың едәуір қалың бұқарасынан либералдардың осылай өкіл болуын дұрыс деп мойындауға мүлде болмайтынын айтпаса да болады. II Думаның сайлауы қалалық демократияшыл сайлаушылардың арасында кадеттердің «үстемдігі» берік болудан өте алшақ жатқанын көрсетті. Егер ол кезде Дан мен К^0 сияқты меньшевиктер жұмысшылардың сайлау науқанын жікке бөлмеген болса және осынысымен халықшылдар арасында істің табысты болуына мейлінше зиянды қобалжулар мен ауытқулар туғызбаған болса, Петербургтің озінде II Думаның сайлауында «солшыл блок», яғни жұмысшы демократиясы мен

буржуазиялық демократияның (халықшылдардың) блогы жеңе *алуы* былай тұрсын, *бәлкім, тіпті* жеңген де болар еді. Тіпті «социалист-революционерлердің» өздері кадеттермен блок жасасуды қорғап, II Думаның сайлауында нақ соңғы кезеңге дейін меньшевиктерге ергенін еске түсіру жеткілікті!

Қазіргі сайлау заңы бойынша қайта дауысқа қою мүмкін болады, сондықтан бірінші сатыда ешқандай блоктардың керегі жоқ және жол беруге болмайды.

Петербургте күрес жұмысшы демократиясы мен либералдардың арасында болғалы отыр. Халықшылдардың дербес бой көрсетерліктей күші бола қояр ма екен: олар біздің жойымпаздардың бағытына еріп, өздерін өздері тым-ақ ыждаһаттанып «жойды». Сондықтан жұмысшы демократтарын буржуазиялық демократияның (трудовиктер мен халықшылдардың) қолдауы күмәнсыз дерлік қамтамасыз етілген, сайлаудың бірінші сатысында болмағанмен, қайткенде де қайта дауысқа қоюда қамтамасыз етілген.

Либералдардың Питерден өз көсемі Милюков мырзасы бар. Олардың көпшілік болуы осы кезге дейін ірі көпшілік болды. Либералдық-монархиялық буржуазияның оларға беретін ақша қаржылары да, күнделікті екі газет түріндегі үгіт құралы да, іс жүзінде төзуге болатын de facto жария етілген дерлік ұйымы да,—осылардың бәрі кадеттерге зор артықшылық береді.

Жұмысшылар жағында—жұмысшы бұқарасы, дәйекті және адал демократизм, жігер және социализм ісі мен жұмысшы демократиясына берілгендік бар. Жұмысшылар *осы* күштерге сүйеніп, күнделікті жұмысшы газеті болса, жеңіп шыға *алады.* Жұмысшылардың Петербургтен болатын депутаттық орындар үшін күресі IV Думаның бүкіл сайлау науқанында сөзсіз зор және *бүкіл россиялық* маңыз алады.

Бүкіл оппозицияның «бірігуі» туралы сөз етуді сүюшілер — прогрессистер мен кадеттерден бастап, сақжалтарғыш жойымпаз Мартовқа және жосықсыз-қарапайымдау Прокопович пен Акимовқа дейін — осылардың бәрі Петербургтегі сайлау туралы мәселені орағытып кетуге немесе тасада қалдыруға тырысып

отыр. Олар саяси орталықты орағытып кетеді, сөйтіп, былайша айтқанда, саяси шет түкпірлерге ынталана барады. Олар сайлаудың екінші сатысында, яғни сайлау науқанының негізгі, басты, шешуші бөлімі аяқталып қойған кезде ненің орынды болатыны туралы көп, қызу, әдемі сөз етеді,— сөйте тұра олар Петербург туралы, кадеттер дендеп алған, енді олардан *жеңіп алып,* демократияға қайтару керек болып отырған Петербург туралы «түк үндемейді».

Петербургтен демократияның депутаттары 1905 жылғы 11 декабрь заңы бойынша да болған жоқ, 1907 жылғы 3 июнь заңы бойынша да болған жоқ, сондықтан қайтару керек деген сөз үйлеспейтіндей болып көрінеді. Бірақ Петербург Россиядағы бүкіл азаттық қозғалысының бүкіл барысы бойынша демократияға тиесілі, сондықтан оның дамуының белгілі бір сатысында үшінші июнь сайлау заңының *тіпті* сұмдық биік бөгетінің өзі «демократиялық тасқынды» тежеп тұра алмайды.

2-курия сайлаушыларының көпшілігі халықтың демократиялық топтарынан екені күмәнсыз. Кадеттер оларды соңына ерткенде, өздерін, либералдық-монархиялық буржуазиялық партияны, демократия деп көрсетіп, оларды *тура алдап* ертіп отыр. Дүние жүзіндегі *барлық* либералдар бүкіл парламент атаулының сайлауында осындай алдауды қолданып келді және қолданып отыр. Сондықтан барлық елдердің жұмысшы партиялары өз табыстарын өлшегенде, былайша айтқанда, ұсақ буржуазиялық демократияны либералдардың ықпалынан босатып алуға өз шамаларының қаншалықты келгеніне қарап өлшейді.

Бұл міндетті орыс марксистері де өздеріне айқын, анық, қатты қоюға тиіс. Сондықтан олар үлкен қалалар туралы өздерінің белгілі январь шешімдерінде тура былай деді: қаражүздік қауіптің көрінеу жоқтығынан, мұнда либералдарға қарсы *тек* демократтармен *ғана* блоктар жасасуға болады*. Бұл шешім «тоқ етерін» айтады. Ол сайлау тактикасының ең маңызды мәселелері-

---

* Қараңыз: осы том, 152—154-беттер. *Ред.*

ніц біріне тура жауап береді. Ол *бүкіл* сайлау науқанының *рухын,* бағытын, сипатын анықтап береді.

Кадеттерді «қалалық демократияның» «өкілдері» деп пайымдауды сүйетін жойымпаздар, қайта, үлкен қате жасайды. Мұндай сөздер мәселені *бұрмалайды:* сайлауда *либералдардың* демократтарды жеңіп шығуы, либералдардың демократияшыл сайлаушылар *жөніндегі* сайлаудағы жымысқы әрекеттері осылайша кадеттердің «демократизмінің» дәлелдері деп көрсетіледі. Нағыз буржуазиялық демократтар, ал көбіне-көп социал-демократтар түрлі демократиялық топтарды бұларға рухы жағынан *жат* саяси партиялардың ықпалынан босатып алғанға дейін, *анти*демократиялық партиялар әлгі топтарды жылдар бойы өздерінің жетегінде ұстап келген ондаған мысалдар болғанын Европа білмейтін сияқты.

Петербургтегі сайлау күресі либералдар мен жұмысшы демократиясы арасындағы Россияның бүкіл азаттық қозғалысына гегемония үшін күрес болып табылады.

Былайша айтқанда, Петербург сайлауының осы айрықша маңызды ролі бізді екі практикалық қорытындыға алып келеді. Кімге көп берілсе, содан көп талап етіледі. Петербург жұмысшыларының Петербургте 2-қалалық курияда сайлау науқанын бүкіл Россияның *күллі* жұмысшы демократиясы атынан жүргізуіне тура келеді. Ұлы және қиын істің салмағы соларға түсіп отыр. Олар үлгі көрсетеді. Олар инициативаны, жігер мен табандылықты мейлінше күшейтуге тиіс. Олар күнделікті жұмысшы газеті жөнінде осыны істеді. Олар тамаша басталған істі сайлауда да жалғастыруға тиіс.

Бүкіл Россияның назары Петербургтегі сайлау күресіне бағытталып отыр. Сондықтан бүкіл Россияның *көмегі* де осыған бағытталуға тиіс. Россияның барлық түкпірінен нағыз әр алуан көмек болмайынша, Петербург жұмысшылары «дұшпанды» жалғыз жеңе алмайды.

«Невская Звезда» № 15,
1 июль, 1912 ж.
Қол қойған: Ф. Ф.

«Невская Звезда» газетінің текстi бойынша басылып отыр

СТОЛЫПИНДІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚШЫЛДЫҚ АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММАЛАРДЫ САЛЫСТЫРУ

Біз мұның алдындағы мақалаларда (қараңыз: «Невская Звезда», №№ 3 және 6) Европалық Россиядағы жер иеленушілік жөніндегі негізгі мәліметтерді келтіріп, Россиядағы аграрлық мәселенің мәнін суреттегенбіз*. *Жер иеленушіліктегі* орта ғасырлықты жою—бұл мән, міне, осыған тіреледі.

Бүкіл дүние жүзінде және бізде, Россияда үстем болып отырған капитализм мен помещиктік болсын, үлесті-шаруалы болсын, орта ғасырлық *жер иеленушіліктің* арасындағы қайшылық — ымыраға келмейтін қайшылық. Ескі, орта гасырлық жер иеленушілік сөзсіз қиратылуға тиіс және осы қирату неғұрлым үзілді-кесілді, аяусыз, батылырақ болса, Россияның бүкіл дамуы үшін соғұрлым жақсы, капитализмнің *үстіне,* ұшы-қиырсыз орта ғасырлық қалдықтар қазір жаншып, езіп отырған жұмысшылар мен шаруалар үшін соғұрлым жақсы.

Осындай жағдайда столыпиндік және халықшылдық аграрлық программаларды қалай салыстыруға болады?— деген сұрақ туады. Бірі екіншісі жөнінде барып тұрған қарама-қарсылық болып табылмай ма?

Иә, бірақ бұл қарама-қарсылық столыпиндік және халықшылдық аграрлық программалардың арасындағы бір негізгі ұқсастықты жоймайды. Атап айтқанда: ескі жер иеленушілікті *қирату* қажеттігін олардың *екеуі де*

* Қараңыз: осы том, 292—295 және 339—344-беттер. *Ред.*

мойындайды. Ескіні қирату керек, әрі тезірек, әрі батылырақ қирату керек,—деседі столыпиндік «жерге орналастырудың» қайраткерлері,— бірақ қиратудың барлық ауыртпалығы неғұрлым күйзелген, неғұрлым бақытсыз шаруалардың көпшілігіне түсетіндей етіп қирату керек. Бұдан помещиктер ештеме жолғалтпауға тиіс. Егер олар өз жерлерінің біразынан қалай да айырылатын болса, онда ол жерлерді помещиктердің тек қапа ерікті келісуі бойынша және помещиктердің тұрғысынан «әділетті» баға бойынша иеліктен айыру керек. Ауқатты шаруаларды қолдау керек, ал «әлсіз» көпшіліктің күйзелуіне қарайлайтын түк те жоқ.

Столыпиндік аграрлық программаның мәні осындай. Бұл программаны Столыпинге жүктеген Біріккен дворяндар советі реакционерлердің — ділмәрлардың емес, іс адамдарының—нағыз өкілі ретінде әрекет етті. Біріккен дворяндар советі күштілерге сенім артқанда өзінің таптық мүдделеріне әбден берілген болатын. Шынында да, шаруаларға қарсы бір ғана полицейлік, бір ғана бюрократиялық қорғаныстың жеткіліксіз екені бесінші жылдан кейін айқын болды.

Біріккен дворяндар советі өзіне одақтастарды тағы қайдан іздей алатын еді? Ауқатты шаруалардың, «кулактардың», «қанаушылардың» болмашы азшылығы арасынан ғана іздей алатын. Деревняда оның басқа одақтастар табуына мүмкіндік болмады. Міне, сондықтан өз жағына «жаңа помещиктерді» тарту үшін реакционерлер *бүкіл деревняны* солардың тежеусіз тонаптталауына беруден тайынбады.

Сөзсіз қирату керек екен, онда *үлестік* жер иеленушілікті *біздің* пайдамызға және *жаңа помещиктердің* пайдасына қиратайық — Біріккен дворяндар советінің Столыпинге бұйырған аграрлық саясатының мәні осы.

Бірақ, таза теориялық тұрғыдан айтқанда, батылдығы одан кем емес және бұдан анағұрлым батыл қирату *екінші жағынан* да мүмкін екенін мойындау қажет. Таяқтың екі басы бар. Мысалы, егер 30 000 помещиктің қолындағы 70 миллион десятина жер өздерінің 75 миллион десятина жерлерінің үстіне 10 000 000 шаруа үйінің қолына көшсе, егер бұл екі жерді де *бірге қосып*

араластырып жіберіп, сонан соң ауқатты және орта шаруаларға (кедейлердің жерді жыртуға, себуге, тыңайтуға, күтуге бәрібір ештемесі жоқ қой) бөлініп берілген болса, онда мұндай өзгерістің нәтижесі қандай болар еді?

Осы мәселені таза экономикалық тұрғыдан қойып көріңіз, осы принципті мүмкіншілікті бүкіл дүние жүзіндегі капиталистік шаруашылықтың жалпы жағдайларының тұрғысынан алып қараңыз. Онда біз жорамалдаған өзгерістің нәтижесі *орта ғасырлық* жер иеленушілікті Столыпин программасындағыдан гөрі *неғұрлым дәйекті,* неғұрлым батыл, неғұрлым аяусыз кирату болатындығын көресіз.

Неге дәл орта ғасырлық, тек орта ғасырлық жер иеленушілікті қиратады? Неге десеңіз, істің шын мәнінде, *капиталистік* жер иеленушілік жердің бір қолдан бір қолға көшуінің ешқайсысы арқылы, тіпті барлық жердің мемлекет қолына (саяси экономия ғылымында жерді «национализациялау» деп аталатын) көшуінің ешқайсысы арқылы жойыл*майды.* Капиталистік жер иеленушілік дегеніміз капиталы бар адамның және рынокқа бәрінен жақсы бейімделетін адамның жерді иемденуі болып табылады. Жер кімге тиісті меншік болса да, ескі помещикке тиісті ме, мемлекетке тиісті ме әлде үлесті шаруаға тиісті ме,— бәрібір жерді әрқашан арендалай алатын *қожайынның* қолына түспей қалмайды. Аренда жер иеленушіліктің нағыз әр түрлі формалары тұсында *барлық* капиталистік елдерде өсіп отыр. Бүкіл қоғамдық өндіріске рынок үстемдік етіп отыр екен, яғни бұл өндіріс капиталистік өндіріс болып қалып отыр екен, ешқандай тыйым салу капиталистің, капиталы бар және рынокты жетік білетін қожайынның жерді өз қолына алуына кедергі жасай алмайды.

Ол ол ма. Таза капитализм үшін, рынокқа мейлінше толық, еркін, «сайма-сай» бейімделу үшін жерге меншік болудан гөрі жерді арендалау *тіпті қолайлырақ.* Неге? Неге десеңіз жерге жеке меншік болу оның бір қолдан бір қолға көшуін *қиындатады,* жер пайдаланудың рынок жағдайларына бейімделуін *тежейді,* жерді белгілі бір семьяның немесе адамның және оның мұра-

герлерінің, олар жаман қожайындар болса да солардың қолында *баянды етеді.* Аренда — неғұрлым икемді форма; оның тұсында жерді пайдаланудың рынокқа бейімделуі бәрінен оңай, бәрінен жеңіл, бәрінен тезірек болады.

Сондықтан, айта кететін нәрсе, Англия да басқа капиталистік елдерден ерекше ел болып табылмайды, қайта капитализм тұрғысынан қарағанда Маркстің мұны өзінің Родбертусты сынауында көрсеткеніндей[134], анағұрлым кемелденген аграрлық құрылыс болып табылады. Ал Англияның аграрлық құрылысы қандай? Жаңа, еркін, таза капиталистік аренда жағдайындағы ескі жер иеленушілік, лендлордизм.

Ал егер осы лендлордизм лендлордтарсыз өмір сүрсе ше, яғни егер жер лендлордтардың меншігі болмай, мемлекеттікі болса ше? Мұның өзі, капитализм тұрғысынан алып қарағанда, *онан сайын* кемелденген аграрлық құрылыс болар еді, жер иеленушіліктің рынокқа бейімделуінің неғұрлым көбірек еркіндігі бар, шаруашылық объектісі ретінде жерді пайдаға асыруға неғұрлым көбірек жеңілдігі бар, капиталистік жер иеленушілік атаулыға тән тап күресі, неғұрлым еркін, кең, айқын, анық тап күресі бар аграрлық құрылыс болған болар еді.

Міне, сондықтан белгілі бір ел дүние жүзілік капитализмнен неғұрлым көп артта қалса, ол елдің көршілерін қуып жетуге неғұрлым көбірек күш салуына тура келсе, ол өзінің «кеселін», орта ғасырлық жер иеленушілік пен кіріптарлық ұсақ шаруашылықтың кеселін неғұрлым «асқындырып» жіберсе, бұл ел үшін оның жер иеленушілік қатынастарының *бәрін,* оның барлық аграрлық болмысын *түбірінен* қирату неғұрлым барынша қажет болса,— мұндай елде егінші халықтың арасында жерді национализациялаудың неше түрлі идеялары мен жоспарларының тууы және кең тарауы соғұрлым табиғи бола түседі.

Бесінші жылдың да, алғашқы екі Думаның да күмәнсыз дәлелдегені,— ал үшінші Думаның жанама түрде, өзінің «шаруа» (помещиктік електен өткізілген) депутаттары арқылы растағаны мынау: орыс егінші халқы-

ның арасында жерді национализациялаудың неше түрлі идеялары мен жоспарлары мейлінше кең тараған. Бұл идеяларды мақұлдаудан немесе жамандаудан бұрын өзіңе мынадай сұрақ қойған жөн: олардың кең тараған *себебі не,* оларды *қандай* шаруашылық қажеттілік туғызды?

Бұл идеяларды олардың ішкі тұтастығы, сындарлылығы немесе теориялық жағынан дұрыстығы тұрғысынан сынау жеткіліксіз. Оларды сынағанда бұл идеяларда бейнеленген, кейде қаншалықты «шәлкес», теріс, «бұрмаланған» түрде болса да бейнеленген шаруашылық қажеттіліктің тұрғысынан сынау қажет.

XX ғасырдың бас кезінде орыс шаруалары ішінде жерді национализациялау идеяларын туғызған шаруашылық қажеттілік — ескі жер иеленушілікті күрт қирату қажеттілігі. Бүкіл жерді «теңгерме бөлу» идеялары — *теңгермешілік* идеялары, крепостниктіктің қалдықтарына қарсы күрестен қажетті түрде туған және 30 000 «кенже-крепостникте» 70 миллион десятина, ал 10 000 000 кіріптар шаруада 75 миллион десятина жер болып отырған жағдайда жерге *сөзсіз* қолданылатын идеялар.

Бірінші жердің екінші жер дәрежесіне көшуінде немесе, дұрысырагы, екінші жердің иелерінің қолына көшуінде утопиялық ештеме жоқ. Рынок үстем болып тұрған жердегі қожайындардың арасында теңдік болуы туралы арман ету ғана утопиялық нәрсе, капитализм тұсында барлық «еркек, әйел азаматтардың» (оның ішінде шаруашылығы жоқтардың) «жерге *праволы* болуы» туралы арман ету утопиялық нәрсе. Бірақ *бұл* идеялардың утопиялылығы *іс жүзінде* ол идеялардың астарында жатқан нәрсенің мейлінше дәл, нақты шындығын бізге ұмыттырмауға тиіс.

Жер иеленушіліктің *барлық* орта ғасырлық айырмашылықтарын — помещиктік, үлесті, т. т. жер иеленушілікті — жоюда утопиялық ештеме жоқ. Жер жөніндегі ескі қатынастардан қол үзуде утопиялық ештеме жоқ. Қайта, атап айтқанда, капитализмнің дамуы *осындай* қол үзуді барынша қатты талап етеді. Капитализм тұ-

сында жерді «теңгерме бөлудің» де, оны «социализациялаудың» да болуы *мүмкін емес*. Бұл — утопия.

Капитализм тұсында жерді национализациялау экономикалық жағынан әбден мүмкін, ал оның *нақтылы* маңызы қайткен күнде де, яғни национализациялау қалай жүргізілсе де, кім жүргізсе де, қандай жағдайларда жүргізілсе де, баянды және ұзақ уақытқа жүргізілсін немесе баянсыз және қысқа уақытқа жүргізілсін,— қайткен күнде де оның нақтылы маңызы орыс жер иеленушілігіндегі және орыс аграрлық болмысындағы барлық орта ғасырлықты барынша жою болған болар еді, жерді *жаңаша* пайдалану мен жер иеленушілікті дүние жүзілік рыноктың жаңа жағдайларына анағұрлым *еркін* түрде бейімдеу болған болар еді.

Солшыл халықшылдар жоспарының бүкіл жерді барлық еркек, әйел азаматтарға тең бөлу формасында болса да жүзеге асырылуын бір минут көз алдымызға елестетіп көрейік. Капитализм тұсында бұлай бөлу — барып тұрған қисынсыздық. Бұл бөліс капитализм тұсында бір жыл да тұрақтамас еді, тұрақтай да алмас еді. Бірақ бұл — оның нәтижелері ноль немесе минус болған болар еді дегендік пе?

Тіпті де олай дегендік емес! Оның нәтижелері зор *плюс* болар еді — әсте солшыл халықшылдар күтіп отырған плюс емес, бірақ өте нақтылы плюс болар еді. Бұл плюс мынада болған болар еді: жер иеленушіліктің қазіргі сословиелік және дәрежелік формаларының арасындағы айырмашылықтардың қандайы болса да қиратылған болар еді. Мұның өзі бүкіл халық шаруашылығы үшін, капитализм үшін, пролетариат үшін зор ұтыс болар еді, өйткені Россияның дамуы үшін біздің ескі, осы замангы жер иеленушіліктен бетер зиянды ештеме жоқ. Помещиктік жер иеленушілік те, үлесті жер иеленушілік те — жер иеленушіліктің *барып тұрған* крепостниктік формалары.

Олардың теңгерме түрде қайта бөлісі тұрақтай алмас еді, бірақ *ескіге оралу* мүмкін болмас еді! Бір рет қиратылған межелерді «жаңғыртудың» ешқайсысы қайта туғыза алмас еді. Жерді пайдаланудың рыноктың *жаңа* талаптарына сәйкес келетін *жаңа* межелерінің, шек-

терінің, формаларының қалыптасуына дүние жүзінде ешқандай саяси күш кедергі жасай алмас еді.

II Думада бір солшыл халықшылдың «жердің қоршауын алу керек» дегені бар еді. Ол бұдан «жерді теңгерме түрде пайдалану» шығады деп ойлады. Ол қателесті. Бірақ оның *сөздері арқылы* — тарихтың тәлкегі осындай!— неғұрлым дәйекті және жүректі, радикал *буржуа* сойледі, бұл буржуа біздің «үлесті», «дворяндық», «шіркеулік», тағысын тағы сондай жер иеленушіліктің *ескі,* орта ғасырлық «қоршауларының» қисынсыздығын сезеді, жерді *жаңаша* бөлу үшін осы қоршаулардың *бәрін қирату* қажеттігін сезеді. Тек мұның өзі халықшылдың арман етіп отырғанындай «жан басына» болмайды, *капитал бойынша,* рыноктың *мәжбүр етуінше* болады.

Халықшылдардың жасампаздық жоспарлары — утопия. Бірақ олардың жасампаздық жоспарларында орта ғасырлық жөнінде қиратушы элемент бар. Ал бұл элемент тіпті де утопия емес. Бұл — нағыз нақты шындық. Бұл — капитализм мен пролетариаттың тұрғысынан қарағанда нағыз дәйекті және прогрестік шындық.

Өз көзқарастарымызды қысқаша қорытайық. Столыпиндік аграрлық программа мен халықшылдық аграрлық программаның нақтылы ұқсастығы мынада: мұның *екеуі де* ескі, орта ғасырлық жер иеленушілікті түбірімен *қиратуды* көздейді. Мұның өзі өте жақсы. Ол қираудан басқа түкке жарамайды. Бұдан да гөрі дәйекті және батыл қирату қажет екенін дәлелдеудің орнына — қиратқаны үшін Столыпинді кінәлайтын *«Речь»* пен *«Русские Ведомостидегі»* кадеттер *бәрінен де гөрі* реакцияшыл. Біз келесі мақалада: столыпиндік қиратудың кіріптарлықты және жұмыспен өтеуді жоя *алмайтынын,* ал халықшылдық қиратудың бұларды жоя *алатынын* көреміз*.

Біз әзірге столыпиндік қиратудың әбден нақтылы бірден-бір нәтижесі 30 миллион адамның ашығуы болып отырғанын атап корсетеміз. Әлі кім біледі, столы-

* Қараңыз: Шығармалар, 18-том, 247—253-беттер. *Ред.*

пиндік қирату бұдан да батылырақ қирату ісін *қалай жүзеге* асыруды орыс халқына үйретіп шықпас па екен. Ол бұған үйретіп отырғаны күмәнсыз. Үйретіп шыға ала ма,— мұны тірі болсақ көрерміз.

«Невская Звезда» № 15,
1 июль, 1912 ж.
Қол қойған: Р. С.

«Невская Звезда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РСДРП ІШІНДЕГІ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ПАРТИЯНЫҢ ТАЯУДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ

РСДРП өршеленген контрреволюцияның сұрапыл ауыр жылдарын басынан кешірді, ал қазіргі уақытта өз ұйымын қалпына келтіру, өз күштерін нығайту және 1905 жылы самодержавиеге күшті соққылар берген, болашақ революцияда оны талқандайтын россиялық пролетариатқа басқарушылық ықпалын нығайту жөнінде дұрыс жолда болып отыр.

Ауыр 1908—1911 жылдар жікке бөліну жылдары болды; 1906 жылы біздің партиямызға кіріп, оппортунист-меньшевиктерге қарсы біздермен, большевиктермен бірге болған Польша мен Литва социал-демократиясының қазіргі Бас басқармасы РСДРП-дан нақ осы уақытта бөлініп кетті.

Польшаның социал-демократ жұмысшылары қазіргі Бас басқарманың РСДРП-дан осы бөлініп кетуін сын көзімен бағалауға тиіс. Сондықтан Польша мен Литва социал-демократиясының *Варшава комитетінің* партия ішіндегі жіктің себептерін және қазіргі Бас басқарманың бұл ретте атқарған өкінішті ролін «Жұмысшы Газетінде»[135] қысқаша түсіндіріп, бүкіл Россияның социал-демократиялық пролетариатының таяудағы міндеттерін көрсету жөніндегі ұсынысын мен бар ықыласыммен қабылдаймын.

I

Большевиктер мен меньшевиктердің арасындағы 1905 жылғы революция кезіндегі алауыздықтар поляк жұмысшы жолдастарға белгілі. Польша мен Литва социал-

демократиясының, мәселен, Роза Люксембург сияқты бірқатар көрнекті өкілдері әуелі, 1904 жылы, меньшевиктер жағында болды, бірақ революция кешікпей меньшевиктердің оппортунизмін айқын дәлелдеп, олардың қатесін ашты.

1908—1911 жылдардағы контрреволюция Россия тарихында жаңа кезең туғызды. Ескі самодержавие буржуазиялық монархияға қарай тағы бір адым жылжыды. Помещиктер мен ірі буржуазияның Думасы пайда болды. Патша өкіметі крепостниктік сипатынан әлі айырылған жоқ, бірақ ол буржуазиялық аграрлық саясатты жүргізді; бұл саясаттың мақсаты миллиондаған шаруаларды құлақ естімеген күйзеліске ұшыратып, қыру арқылы жерді жеке меншіктенуді мүмкіндігінше тезірек орнықтыру болды. Буржуазиялық либерализм контрреволюция жағына шұғыл бет бұрып, серттен тайғандардың нағыз ойранын жасады.

Жалпы алғанда интеллигенция арасында бұрып-соңды болмаған жік пен қым-қиғаштық үстем болды. Пролетариат революция үшін өш алушы патша өкіметі тарапынан қудаланды және оған ренегаттар тарапынан қаптаған жала жабылды.

РСДРП-ның міндеті — жұмыстың *жаңа* жағдайларына *бейімделе отырып,* жұмысшы табының *революциялық* социал-демократиялық партиясын сақтап қалу болды.

Бұл міндетті орындау жөніндегі алғашқы қадамдардың өзі-ақ РСДРП ішіндегі антипролетарлық жаңа ағымдарды — партияның *өмір сүруінің* өзіне кесел келтіретін ағымдарды ашты. Бұл ағымдар біздегі контрреволюцияның тарихи жағдайынан туған еді. Бұл буржуазиялық ағымдар — *жойымпаздық пен шақырымпаздық.*

Буржуазиялық қашқындықтың толқыны еліктіріп әкеткен жойымпаздар революциядан безді. Олар өздеріне 3 (16) июньдегі бейне «конституциялық» үкіметтік режимнен бірден-бір жария негіз іздеп, оны конституциялық жолмен жаңғыртуды уағыздап, құпия партияны біржолата жауып қойды. «Ашық жұмысшы партиясы» және *конституциялық реформалар* ұрандары —

олардың саясатының мәні осы. Мұның өзі социал-демократиялық саясат емес, либералдық-жұмысшы саясаты болды.

Жойымпаздарды социал-демократиялық жұмысшы партияларының ішіндегі батыс европалық оппортунистермен салыстыру (Тышканың ықпалымен қазіргі Бас басқарма осылай істеп отыр) — әншейін кісі күлерлік іс екені айқын. Біздегі жойымпаздар партияны оның құпия, яғни қазіргі формасында мойындамай, *жаңа* жария партия ұйымдастырып жатыр. Мұның өзі партия ішіндегі ағым емес, партиядан бөліну. Жойымпаздардың партиядан ашық безуі және оны бүлдіруі меньшевиктердің өздерінің тарапынан қатаң тойтарыс беруді туғызды. Россиядағы меньшевик жұмысшылар жойымпаздарға ерген *жоқ,* ал шетелде меньшевик Плеханов «партияшыл» меньшевиктердің (жойымпаздарға қарсылардың) басшысы болды. Плеханов жойымпаздардың *жаңа* партия *ұйымдастырып жатқанын* қазір баспасөзде ашық және айқын мойындады [136].

Поляк жұмысшыларын хабардар ету үшін мынаны қосайық: шетелде «Голос Социал-Демократа» (Мартов, Дан, Аксельрод және басқа «голосшылдар»); Россияда — «Наша Заря» (Потресов, Левицкий, Череванин және басқалар) жойымпаздардың басты-басты органдары болып табылады. «Шақырымпаздар» (III Думадан социал-демократ депутаттарды «шақырып алу» деген сөзден шыққан) революциялық социал-демократиялық жұмыс үшін Дума мінбесін және барлық «жария мүмкіндіктерді» пайдалану қажеттігін түсінбей, III Думаға бойкот жасады. 1905 жылғы революциялық тактиканың ұрандарын олар мазмұнсыз бос сөзге айналдырды. III Думаға бойкот жасау — тіпті социал-демократиялық орыс бойкотшыларының өз дегендеріне қарсы оларды анархизм жолына бастайтын қисынсыздық екенін тәжірибе ұзамай көрсетті. Егер 1907 жылдың жазында большевиктердің көпшілігі бойкотты жақтаған болса, ал 1908 жылдың көктемінде-ақ олар тәжірибенің сабағын түсіне білді, сөйтіп Петербург пен Москвада «шақырымпаздардың» үгітіне мейлінше қатты тойтарыс берді. Россиядағы осы толық жеңілістен кейін шақырымпаз-

дар мен олардың қорғаушылары мүлде дәрменсіз «Вперед» топсымағы түрінде (Луначарский, Алексинский және басқалар) шетелде өлмешінің күнін көрді.

Россиядағы ұйымдардың көпшілігінің әлсіздігі салдарынан, шетелдік топтардың Россиядағы жұмыстан қол үзгендігі салдарынан бұл топтардың көпшілігі мүлде ешқандай тәртіпті мойындамай, органға басшылық етуге, кітапшалар мен прокламациялар шығаруға Россиядағы ешқандай ұйымнан мандаты болмай-ақ, партияны әбден «емін-еркін» бүлдіріп, ыдыратқанын қоспасақ та болады. Түрлі принципті көзқарастары бар шағын топтардан басқа мүлде принципсіз жекелеген шағын топтар — әдетте болатынындай — туып отырды, бұлар партияны «ымыраластырған» және «біріктірген» болып, делдалдықпен, ұсақ-түйек дипломатиямен, әзәзілдікпен саяси пайда табуға тырысып отырды. Венадағы «Правда» газетімен қоса Троцкий және Бас басқармасымен қоса Тышка осындай істің эккі шеберлері болды.

II

РСДРП алдына партияны қалай қалпына келтіру керек деген мәселе қойылды.

Партияны *жойғысы* келгендермен де, Дума мен жария мүмкіндіктерге бойкот жасағандармен де *бірге* партияны қалпына келтіруге болмайтындығы айқын еді; не осы буржуазиялық саясатты жүргізуші шетелдік шағын топтар Россиядағы ұйымдардың, топтар мен үйірмелердің басым көпшілігіне бағынып, бұл саясаттан бас тартуға тиіс еді, немесе Россия бұл шетелдік шағын топтарға *қарамастан* партияны қалпына келтіруге тиіс еді.

1910 жылғы январьда ақырғы рет РСДРП Орталық Комитетінің пленум мәжілісі болды; бұл мәжіліс социал-демократиядан бөлініп кетіп отырған жойымпаздар мен шақырымпаздарды партия жұмысының жолына бағыттап, оларды сақтап қалуға әрекет жасады. Бұл екі уклонның екеуінің де қисынсыздығы мен социал-демократиялық еместігінің айқын болғандығы соншалық — оларды қорғауға *ешкім* бел байлай алмады. Бұл ағым-

дардың *буржуазиялық* ағымдар екені, олардан безу ғана партияның қалпына келуіне жағдай жасай алатыны *бір ауыздан* мойындалды.

Бірақ бір ауызды шешім жеткіліксіз, өйткені одан кейін бірыңғай қимыл тумай отыр. Ал жойымпаздар мен шақырымпаздар, Орталық Комитет пленумының шешімдеріне қарамастан, өздерінің бүлдіру жұмысын әлсіреткен жоқ, қайта *күшейтті*. Сонымен партияның Орталық Органы большевиктер мен поляктардың басшылығымен бір жарым жыл бойы (январь 1910 ж.— июнь 1911 ж.) *партия үшін* күресті, ал меньшевик Плеханов жойымпаздарға қарсы күресте күш салып жәрдемдесті.

Жойымпаздар, впередшілдер, Троцкий жәпе Бунд партияға *қарсы* бар күшін салып «жұмыс істеді». Латыштар жойымпаздар жағына жиі шығып, ауытқыды.

Жойымпаздар өздерінің бүлдіру жұмысын партияның Орталық Комитетін жоюға дейін жеткізді! Пленум Россияда Орталық Комитетті қалпына келтіріп, жаңа мүшелерді кооптациялауды ұйғарды,— бірақ жойымпаздар құпия партияны да, құпия Орталық Комитетті де «зиянды» деп жариялап, тіпті бірде-бір мәжіліске келуге келіспеді. Осыдан кейін жойымпаздарды батыс европалық оппортунистермен әзәзілдік ойлағаннан басқа мақсатпен салыстыру мүмкін бе?

Партия Орталық Комитетсіз қалды. Партияның құлауы сөзсіз болды. Оны тек *россиялық* ұйымдар, яғни Россияда жұмыс істеп отырған ұйымдар ғана қалпына келтіре алатын болды. Міне, осы арада Тышканың мүләйімсіген-әзәзілдік саясаты мейлінше айқын көрінді; ол Бас басқармада неғұрлым принципті саясатты жақтаушылар жөнінде көпшілік дауысты пайдаланып, Бас басқарманы РСДРП-дан қол үзуге дейін, оны партия мен партияның жойымпаздары *арасында* қалуға дейін жеткізді.

Поляк социал-демократиялық қозғалысына зиян келтіретін осы саясатты түсіну үшін әуелі біздің партиядағы *идеялық* күрес саласынан бір факт келтірейік.

Біздің жоғарыда көрсеткеніміздей, Орталық Комитеттің пленумы жойымпаздықты бір ауыздан айыптады.

Бірақ ең маңызды қарардың бір бөлімі (оның 1-параграфы дейтіні) тура қарама-қарсы мағынада редакцияланған; ол жойымпаздарға қолайлы болды. Бұл параграфта социал-демократия қазіргі уақытта, яғни контрреволюция уақытында халықаралық социал-демократияның әдістерін *алғаш рет* толық қолданады деген пікір білдірілген. Ренегаттық теорияларға саңлау қалдыратын бұл параграфты жойымпаздар мен партияның арасында айла жасауға тырысқан Тышка ұсынды. Әрине, жойымпаздар Тышканың «жеңуіне» жәрдемдесіп, бұл параграфты қызу қолдады; большевиктердің — «ымырашылдар» (яғни іс жүзінде троцкистер) тобы дейтін бір бөлегі де жойымпаздар жағына ойысты.

Пленумнан кейін Плеханов бұл пунктті (оның авторы кім екенін білмей) оның «босаңдығы», тұрлаусыздығы, интегралдығы үшін тамаша және қатты сықақ етті [137]. Плехановтан кейін мен мақала жазып, Тышканың «ымырашылдармен» және жойымпаздармен жасаған одағына қарсы өзімнің нәтижесіз күресім туралы айтып бердім*.

Бас басқарманың толып жатқан әдебиетшілерінің *бірде-біреуі* екі жыл бойы бұл параграфты қорғау жөнінде *бір ауыз сөз* айтқан жоқ.

Тышканың айла жасауы партияның көзқарастарын тек қана жойымпаздық тұрғыдан бұрмалауға әкеліп соқты.

Мұндай саясаттың ұйымдық мәселедегі нәтижелері бұдан да гөрі қайғылы.

Орталық Комитет жоқ. Партияны Россиядағы ұйымдардың конференциясы ғана қалпына келтіре алады. Бірақ конференцияны қалай шақыру керек? Сөз жоқ, партияны жойып отырғандармен *бірлесіп емес, оларсыз* шақыру керек.

Тышка партияны «біріктіру» жөнінде оны жойып отырғандармен тәсіл жасап, амалдап, әрекет етіп отыр. Әуелі Тышка «ымырашылдардың» шағын тобымен бірге (өзінің баспа шығармаларына Россиядағы бірде-бір ұйымнан тұтас бір жыл бойына бірде-бір заказ алмаған

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 293—299-беттер. *Ред.*

мүлде дәрменсіз шетелдік шағын топ) большевиктерге қосылады, конференцияның шақырылуын *бақылауды* өзіне алады, оны шақырушы агенттерге ақша береді, бұл агенттерді жер-жерге жібереді, мұнымен бірге олар партияны «біріктіреді» деп сендіреді (бұл сендіру жойымпаздардың да, біздердің де шек-сілемізді қатырды).

Бұл агенттер өзінің сапарын *Киевтен,* меньшевиктік ұйымнан бастайды; бұл ұйымның даусыз меньшевиктік ұйым екені сонша — мұны тіпті біздің кәнігі жауларымыз, Троцкий мен латыштар да баспасөзде мойындады. Жойымпаздар біздің конференцияға жанталаса шабуыл жасап отырғандықтан поляк жұмысшылары мынаны білуге тиіс: конференцияны шақыру жөніндегі Россиялық ұйымдастыру комиссиясы нақ жоғарыда көрсетілген ұйымның қатысуымен құрылды (1911 жылғы октябрьде). Нақ осы ұйымның (Киевтің) делегаты конференцияда мандат комиссиясының председателі болды! [138]

Россиялық ұйымдастыру комиссиясында большевиктердің және біраз «партияшыл» (яғни жойымпаздыққа қарсы) меньшевиктердің көпшілік болып отырғаны айқын. Басқа шағын топтардың мұнда өкілдері болмады, өйткені олар — Россияда байланысы жоқ тек шетелдік жалған нәрселер.

Сонда барып Тышка бірігу жөнінде жойымпаздармен әрекет ету арқылы араға жүріп, әзәзілдік жасауға мүмкіндік болмағанына опығып, Россиялық ұйымдастыру комиссиясынан кетті де, *үш рет* шақырғанға қарамастан конференцияға келмеді.

Мұның орнына ол басқа (жойымпаздық) конференцияны шақыру мәселесі жөніндегі *жойымпаздардың* кеңесіне [139] қатысты, бірақ... онда жойымпаздар бар деп одан кетіп қалды!! Мұндай «ымыраластырушы» — комедиант емес пе?*

---

* «Форвертсте» Бас басқарма Троцкийді жойымпаздардың агенті деп атайды, ал «Қызыл Туда» [140] Поляк социалистік партиясының жойымпаздық «солшылдарымен» былай тұрсын, тіпті Польшадағы жойымпаздық Бундпен де бірігудің мүмкін еместігін дәлелдейді!! Ал Тышка РСДРП-ны орыс жойымпаздарымен біріктіруге уәде етіп отыр.

III

РСДРП-ның январь конференциясы россиялық ұйымдардың көпшілігін: Петербургті, Москваны, Волганы, Кавказды, Оңтүстікті, Батыс өлкесін біріктірді. Конференция жойымпаздардың («Наша Заря») өздерін партиядан тыс қойғандығын анықтады. Конференция өз әрекеттерімен партияны ыдыратып отырған шетелдік шағын топтар үшін жауапкершілік атаулыны өзінен алды.

Конференция өзінің 23 мәжілісінде тактиканың барлық мәселелерін егжей-тегжейлі қарады, Орталық Органның және барлық басқарушы партия орындарының мұның алдындағы 4 жылғы жұмысы рухында көптеген шешімдер қабылдады. Конференция жоғарғы партиялық орын деп заңдастырылып, Орталық Комитетті сайлады.

Жойымпаздар және олармен бірге дәрменсіз шетелдік шағын топтардың бәрі партия конференциясына өршелене шабуыл жасап отыр,— бұл әбден түсінікті. Конференция оларды айыптады. Әрбір айыпталған адамның 24 сағат бойы өзінің судьяларын даттауға правосы бар.

Бірақ басқа Орталық Комитет те, басқа социал-демократиялық партия да Россияда *жоқ*. Тышка мен Бас басқарма осы конференциядан бас тартып, партияны жойымпаздармен «біріктірудің» (делдалдардың қатысуымен) мүмкіндігі бар деп поляк жұмысшыларын сендіріп, жұмысшыларды алдап отыр. Осы алдаудың салдарынан поляк жұмысшылары орыс жолдастарымен кеңесу мүмкіншілігінен, апрель мен май күндеріндегі революциялық өрлеу сияқты, сонымен бірге IV Думаның сайлауы сияқты соншалық маңызды кезеңде тактика мен ұрандарды бірігіп талқылау мүмкіншілігінен айырылды.

Орыс пролетариатының арасында революциялық өрлеудің күшейіп отырғаны айқын. Осы күшеюге жәрдемдесу, құпия ұйымды нығайту, қозғалысқа дұрыс революциялық ұрандар беру, жойымпаз-жарияшылдардың оппортунизміне тойтарыс беру, жария ұйымдарға жойымпаздыққа қарсы рух беру және IV Думаның сайла-

уын осы бағытта өткізу — РСДРП-ның қазіргі уақытта іс жүзінде атқарып отырған таяудағы міндеттері осы; бұл міндеттер жөніндегі теориялық позиция Бүкіл россиялық январь конференциясында белгіленген болатын.

Поляк революцияшыл социал-демократ жұмысшылары өз жұмысының бағыты бойынша біздермен бірге келе жатыр. Сөйтіп, қазіргі Бас басқарманың принципті ауытқуларына қарамастан, Польша пролетариаты біздермен, РСДРП-мен, ұйымдық жағынан да біріге алатындығына сенім білдіре келіп, осымен аяқтаймын.

«Gazeta Robotnicza» № 15—16, 16 июль, 1912 ж.
Қол қойған: N. Lenin

Орыс тілінде бірінші рет 1930 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3-басылуларында басылған, XVI том

«Gazeta Robotnicza»-ның тексті бойынша басылып отыр
Орысшасы полякшадан аударылған

ЖОЙЫМПАЗДАРҒА ЖАУАП [141]

«Невский Голостағы» жойымпаздар Петербургтегі жұмысшы сайлауының бірлігін *бұзу* үшін жанталасып отыр. Мұны олар істей алмас. «Бірлік» туралы екі жүзділік даурығулар... *(жойымпаздар тарапынан!!)* ешкімді алдай алмайды.

Жұмысшы демократиясының бірлігі қамтамасыз етілген.

Жұмысшылар жұмысшы демократиясын жойып отырғандарға, тек оны... либералдық жұмысшы саясатының ашық «партиясымен» алмастыруды уәде етіп отырғандарға ермейді. Саналы жұмысшылардың тілейтіні — бірлікке зиян тигізіп, жойымпаздардың интеллигенттік жікшілдік үйірмелерімен «келісім жасау» емес, жұмысшы бұқарасының бірлігі. *«Правданың»* [142] да басшылыққа алатыны осы ұран.

«Ашықтығы» үшін мақтанбайтын нәрсені *қайдан* «іздеп табуға» болады деп *ашық* сұрайтын жойымпаздардың лайықсыз қылықтары біздерді абыржытпайды... Мырзалар, өздеріңіздің «ашық» платформаңызды ойлап шығара беріңіздер, өздеріңіздің жаңа, «ашық» партияңызды құра беріңіздер, жолдарыңыз болсын!

P. S. Осында көтерілген мәселе жөнінде маған дереу немесе мүмкіндігінше тезірек жауап берілуін қатты өтініп сұраймын. *Үндемеуге болмайды.* Егер бұл туралы үндемесек, онда бар нәрсені бүлдіруге және *солшыл* жұ-

мысшылардың наразылығын туғызуға болады. Жойымпаздарға тойтарыс беру қажет. Бұл жұмыстың *к і м ү ш і н* (жойымпаздар үшін емес пе?) екенін жасырып, сайлауды жүргізуге *болмайды*. Егер *б ә р і н* шиеленістіріп, «сол жақтағыны» бүлдіргіңіз келмесе, осы «жойымпаздарға жауапты» басыңыз. Баспай *қоятын* болсаңыз осы листокты *кідіртпей* маған қайтарыңыз. Бұл маған *ө т е қ а ж е т!*

1912 ж. июльде жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ШВЕЙЦАРИЯДА

Швейцарияны жергілікті социалистер «малайлар республикасы» деп атайды. Трактирлік кәсіп әлдеқашаннан-ақ ең маңызды салалардың бірі болған ұсақ буржуазиялық ел тау ішінде жазғы серуендер жасауға миллиондаған қаржылар шашатын бай арамтамақтарға тым-ақ тәуелді болып келді. Турист-байдың алдында құрша жорғалайтын ұсақ қожайынсымақ,—Швейцария буржуасының соңғы кезге дейін неғұрлым көп тараған типі, міне, осындай болды.

Қазір жағдай өзгеріп отыр. Швейцарияда ірі өнеркәсіп өркендеуде. Электр энергиясын тікелей алу үшін сарқырамалар мен тау өзендерін пайдалану осы өнеркәсіптік өрлеуде үлкен роль атқарады. Өнеркәсіпке керекті тас көмірдің орнына жүретін судың осы құлап ағу күшін көбінесе «ақ көмір» деп атайды.

Швейцарияның индустриялануы, яғни онда индустрияның, ірі өнеркәсіптің дамуы жұмысшы қозғалысының бұрынғы тоқырауын жойды. Капиталдың еңбекпен күресі шиеленісе түсуде. Швейцарияның кейбір жұмысшы одақтарында бұрын жиі үстем болып келген ұйқы басқан мещандық рух жоғалып, өз күшін білетін, саналы, ұйымдасқан пролетариаттың жауынгерлік ниет-пиғылымен алмасып отыр.

Швейцария жұмысшылары өздерінің республикасының буржуазиялық республика екендігі, бұл да капиталистік елдердің барлығында бірдей бар жалдама құлдықты қорғайтын республика екендігі жөнінде ешбір

алданбайды. Бірақ сонымен қатар Швейцария жұмысшылары өздерінің республикалық мекемелерінің бостандығын қалың жұмысшы бұқарасының көзін ашып, ұйымдастыру үшін пайдалануды тамаша үйренді.

Бұл жұмыстың жемістері 12 июльде (ескіше 29 июньде) Цюрихта болған жаппай стачка кезінде айқын көрінді.

Оқиға былай болды. Малярлар мен слесарьлар Цюрихта бірнеше аптадан бері ереуіл жасап, еңбек ақыны арттыруға, жұмыс күнін қысқартуға ұмтылды. Қожайындар ызаланып, стачкашылардың табандылығын күйретуге ұйғарды. Буржуазиялық республика үкіметі капиталистердің алдында жанын салып, оларга көмекке келді, сөйтіп ереуілші-шетелдіктерді *қуа* бастады! (Швейцарияда шетелден келген жұмысшылар, әсіресе итальяндар көп істейді). Бірақ бұл дөрекі зорлық-зомбылық жәрдем етпеді. Жұмысшылар ынтымақты болды.

Осыдан кейін капиталистер мынадай амал қолданды. Гамбургте (Германия) Людвиг Кохтың ерекше фирмасы бар; бұл фирма штрейкбрехерлер тауып берумен шұғылданады. Цюрих капиталистері — ойнамаңыз, патриоттар мен республикашылдар! — осы фирма арқылы штрейкбрехерлер алдырды; бұлардың ішінде Германияда жеңгетайлық үшін, төбелестер, т. с. үшін сотталған неше түрлі қылмысты типтер көрер көзге болды. Осы азғындарды немесе алтын ротаны (люмпен-пролетарларды) капиталистер револьверлермен жабдықтады. Осы штрейкбрехерлердің ұяттан безген бандасы жұмысшы кварталының трактирлерін аралап жүріп көз көріп, құлақ естімеген бұзықтықтар істеді. Бұзықтарды қуу үшін жұмысшылар топ болып жиналғанда, олардың біреуі ереуілші-жұмысшыны *атып тастаған.*

Жұмысшылардың шыдамы таусылды. Кісі өлтірушіні ұрып жықты. Бұзықтардың жүгенсіздіктері туралы Цюрихтың қалалық думасына сұрақ түсіру ұйғарылды. Ал қалалық басқарма капиталистерді қорғап, стачкалық күзеттерге тыйым салғанда, жұмысшылар *бір күндік жаппай стачка* арқылы наразылық білдіруді ұйғарды.

Кәсіптік одақтардың бәрі стачканы бір ауыздан жақтады. Тек баспаханашылардың болмауы күйінішті болды. Олар стачкаға қарсы шықты, ал Цюрихтың барлық жұмысшы ұйымдарының 425 өкілінің жиналысы баспаханашылардың бұл шешімін «масқаралық!» деген қатты айқаймен қарсы алды. Саяси ұйымдардың көсемдері қарсы бола тұрса да (Швейцарияның мещан, оппортунист көсемдерінің ескі рухы!), стачка жасауға ұйғарылды.

Капиталистер мен әкімшіліктің бейбіт стачканы болдырмауға тырысатынын білген жұмысшылар: «соғыс болған соң соғыстағыша болсын» деген даналық қағида бойынша қимылдады. Соғыста шабуылдың *қашан* болатынын дұшпанға хабарламайды. Жұмысшылар стачка сейсенбіде немесе сәрсенбіде болады деп бейсенбі күні әдейі мәлімдеме жасады, ал іс жүзінде стачка *жұмаға* белгіленді. Капиталистер мен әкімшілік аңдаусызда қамсыз қалды.

Стачка тамаша болып шықты. Таңертеңнен бастап неміс және итальян тілдерінде 30 000 листок таратылды. 2000-дай стачкашы трамвай парктерін қолына алды. Барлығы тоқтады. Қала жым-жырт болды. Жұма — Цюрихта базар күні, бірақ қалада тіршілік белгісі байқалмады. Стачкалық комитет ішімдік ішуге (барлық спирт ішімдіктеріне) тыйым салды, ал жұмысшылар бұл шешімді қатаң сақтады.

Күндізгі сағат 2-де бұқаралық зор демонстрация болды. Сөздер аяқталғаннан кейін жұрт бейбіт, өлең-жырсыз тарасты.

Жұмысшыларды зорлық-зомбылыққа итермелейміз деп үміттенген үкімет пен капиталистер өздерінің сәтсіздікке ұшырағанын көріп, қазір құтырынғандықтан тура аласұрып отыр. Бүкіл Цюрих кантонында стачкалық күзеттер былай тұрсын, тіпті ашық далада жиналыстар мен демонстрациялар жасауға да ерекше указбен тыйым салынды. Полиция Цюрихта Халық үйін басып алып, бірқатар жұмысшы көсемдерін тұтқынға алды. Капиталистер жаппай стачка үшін өш алып, үш күндік локаут жариялады.

Жұмысшылар сабырлылық етуде, арақ пен шарапқа бойкот жасауды қатаң сақтауда, олар өзара: «байлар жыл бойы дем алғанда, жұмысшы адам жылына неге үш күн дем алмасқа» деседі.

«Правда» № 63, 12 июль, 1912 ж.
Қол қойған: Б. Ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ҚЫТАЙДАҒЫ ДЕМОКРАТИЯ ЖӘНЕ ХАЛЫҚШЫЛДЫҚ

Қытай республикасының уақытша президенті Сунь Ят-сеннің Брюссельдегі социалистік «Le Peuple»[143] газетінен біз алып отырған мақаласы біздер, орыстар үшін, өте-мөте айрықша қызғылықты.

Көлденеңнен көрінгіш деген мәтел бар. Сунь Ят-сен өте-мөте назар аударарлық «көлденең» куә, өйткені европалық білім алған адам бола тұра, ол, сірә, Россиямен мүлдем таныс емес болуы керек. Өздерінде республиканы жеңіп алған жауынгер де жеңімпаз Қытай демократиясының осы европалық білім алған өкілі,— Россияға, орыс тәжірибесіне, орыс әдебиетіне мүлде қарамастан — біздің алдымызға таза орыс мәселелерін қойып отыр. Қытайдың алдыңғы қатарлы демократы дәл орыстың өзі секілді пайымдайды. Оның орыс халықшылына барынша ұқсастығы соншалық, негізгі пікірлері мен бірқатар жеке сөздерін толық ұқсас деуге болады.

Көлденеңнен көрінгіш. Қытайдың ұлы демократиясының платформасы — өйткені Сунь Ят-сеннің мақаласы нақ осындай платформа болып табылады — Азияның қазіргі буржуазиялық революцияларында демократизм мен халықшылдықтың ара қатынасы туралы мәселені дүние жүзілік жаңа оқиғалардың тұрғысынан тағы да қарап шығуға бізді мәжбүр етеді және соған қолайлы желеу тауып беріп отыр. Бұл Россияның 1905 жылдан басталған революциялық заманында оның алдына қойылған ең елеулі мәселелердің бірі. Ал мұның өзі Рос-

сияның ғана емес, бүкіл Азияның алдына да қойылып отырған ең елеулі мәселенің бірі екендігі Қытай республикасының уақытша президентінің платформасынан көрініп отыр, әсіресе осы платформаны Россиядағы, Түркиядағы, Персиядағы, Қытайдағы революциялық оқиғалардың дамуымен салыстырғанда айқын көрінеді. Өте көп және өте маңызды тұрғылардан алғанда Россия, күмән жоқ, азиялық мемлекеттердің бірі және оның үстіне ең жабайы, орта ғасырлық, масқара артта қалған азиялық мемлекеттердің бірі болып табылады.

Орыстың буржуазиялық демократиясы — оның әрідегі және жеке-дара жаршысы дворян Герценнен бастап, оның бұқаралық өкілдеріне дейін, 1905 жылғы Шаруалар одағының мүшелеріне дейін, 1906—1912 жылдардағы алғашқы үш Думаның трудовик-депутаттарына дейін — халықшылдық түске боялған. Енді біз Қытайдың буржуазиялық демократиясы әбден біртектес халықшылдық түске боялғанын көріп отырмыз. Қазір бүкіл дүние жүзілік капиталистік цивилизацияның ағынына біржолата тартылып отырған жүздеген миллион адамдардың терең революциялық қозғалысы туғызған идеялардың «әлеуметтік маңызы» неде екенін Сунь Ят-сеннің мысалы негізінде қарап көрелік.

Сунь Ят-сен платформасының әрбір жолы жауынгер, шынайы демократизмге толы. «Нәсілдік» революцияның жеткіліксіз екенін ол толық түсінген. Мұнда бейсаясаттықтың немесе ең болмаса саяси бостандықты елемеушіліктің, ең болмаса Қытай самодержавиесі Қытай «әлеуметтік реформасымен», Қытай конституциялық өзгерістерімен және т. с. үйлесе алар-ау деп ойлаудың ешбір нышаны жоқ. Республиканы талап еткен тұтас демократизм. Бұқараның жағдайы туралы, бұқаралық күрес туралы мәселені турасынан қоюшылықты, еңбекшілерге және қаналушыларға жалынды тілектестікті, олардың ісінің ақтығына, олардың күшіне сенгендікті көреміз.

Біз нағыз ұлы халықтың, өзінің ғасырлар бойы құлдықта келе жатқанына қайғырып қана қоймай, бостандық пен теңдікті тек арман етіп қана қоймай, сонымен бірге Қытайды ғасырлар бойы езіп келгендерге қарсы

күресе де білетін халықтың нағыз ұлы идеологиясын көріп отырмыз.

Анайы, өлексе, азиаттық Қытайдағы республиканың уақытша президентін Европадағы, Америкадағы, мәдениеті озық елдердегі республикалардың әр түрлі президенттерімен салыстыру өзінен өзі ойға оралады. *Ондағы* республикалардың президенттері — кілең әккілер, буржуазияның, буржуазия дегенде түгелдей іріп-шіріген, басынан аяғына дейін ласқа, қанға былғанған, падишахтар мен богдыхандардың қанына емес, прогресс жолында, цивилизация жолында стачка жасағаны үшін атылған жұмысшылардың қанына былғанған буржуазияның агенттері немесе солардың қолдарындағы қуыршақтар. Ондағы президенттер — өзінің жастық шағындағы мұраттарының бәрінен баяғыда-ақ безген, азғындаудың шегіне жеткен, миллионерлерге, миллиардерлерге, буржуазияланған феодалдарға және т. б. өздерін бүтіндей сатқан буржуазияның өкілдері.

Мұндағы, республиканың азиялық уақытша президенті — ылдиға қарай емес, өрге қарай басатын, болашақтан қорықпайтын, қайта болашаққа сенетін және сол үшін жанқиярлықпен күресетін тапқа тән,— ескілікке жаны қас, өзінің артықшылықтарын сақтап қалу үшін ескілікті қорғауға және оны қайта орнатуға жармаспайтын, қайта ескіліктің өлексе болған, тірі дегеннің бәрін тұншықтыратын шіріндісін лақтырып тастай алатын тапқа тән ізгілік пен қаһармандық қанына сіңген революцияшыл демократ.

Бұл қалай? Бұл материалистік Батыс іріп-шіріп, жарық сәуле тек мистикалық, діншіл Шығыстан ғана түсіп отыр деген сөз емес пе? Жоқ, қайта дәл керісінше. Мұның мәнісі — Шығыс Батыстың жолына біржола түсті, жаңадан *әлденеше жүздеген миллион* адамдар мұнан былай Батыс жетіп тынған мұраттар жолындағы күреске қатысады деген сөз. Батыстың буржуазиясы іріп-шіріді, енді оның қарсы алдында оның көрін қазушы — пролетариат тұр. Ал Азияда адал ниетті, жауынгер, дәйекті демократияның өкілі бола алатын, Франциядағы XVIII ғасырдың аяғындағы ұлы уағызшылар

мен ұлы қайраткерлердің лайықты жолдасы боларлық буржуазия *әлі* бар.

Тарихи прогресшіл іске әлі де қабілеті бар осы азиялық буржуазияның басты өкілі немесе оның басты әлеуметтік тірегі — шаруа. Бұл шаруамен қатар тұрғап қазірдің өзінде либерал буржуазия бар, оның Юань Ши-кай сияқты қайраткерлері опасыздық жасауға бәрінен бейім: кеше олар богдыханнан қорқушы еді, оның алдында құрдай жорғалаушы еді; кейін,— революциялық демократияның күшін көргенде, оның жеңетінін сезген кезде,— олар богдыханға опасыздық істеді, ал ертең олар қайсыбір ескі немесе жаңа «конституциялық» богдыханмен келісім жасасуға бола демократтарға опасыздық істейді.

Еңбекшілер бұқарасын жігерлендіретін, оларды небір кереметтер жасауға қабілетті ететін және Сунь Ят-сен платформасының әрбір сөзінен көрініп отырған биік те шынайы демократиялық өрлеу болмайынша, қытай халқының ғасырлар бойы келе жатқан құлдықтан шын азаттық алуы мүмкін болмас еді.

Бірақ жауынгер демократизмнің бұл идеологиясы қытай халықшылында, біріншіден, социалистік армандармен, Қытай үшін капитализм жолына соқпай өту, капитализмнің алдын алу үмітімен ұштасып отырады, ал екіншіден, радикалдық аграрлық реформаның жоспарымен және соны уағыздаумен ұштасып отырады. Нақ осы соңғы идеялық-саяси екі ағым *халықшылдықты* — бұл ұғымның ерекше мағынасындағы, яғни демократизмнен айрықша, демократизмге қосымша халықшылдықты туғызатын элемент болып табылады.

Бұл ағымдардың шығу тегі және олардың мәні қандай?

Бұқараның рухани және революциялық зор өрлеуі болмайынша, Қытай демократиясы Қытайдағы ескі тәртіпті құлатып, республиканы жеңіп ала алмайтын еді. Мұндай өрлеу еңбекші бұқараның жағдайына барынша шынайы тілектестіктің болуын, оларды езушілерге және қанаушыларға ең қатал өшпенділіктің болуын керек етеді және соны тудырады. Ал осы өрлеуді бастарынан кешіріп отырғандықтан алдыңғы қатарлы қытайлар,

барлық қытайлар өздерінің азаттық идеяларын алған Европа мен Америкада қазірдің өзінде буржуазия*дан* құтылу, яғни социализм кезекке қойылып отыр. Қытай демократтарының социализмге тілектестігі, олардың *субъективтік* социализмі қалайда осыдан келіп туады.

Олар субъективтік жағынан социалистер, өйткені олар бұқараның езілуіне және қаналуына қарсы. Бірақ Қытайдың, артта қалған, егінші, жартылай феодалдық елдің *объективтік* жағдайлары жарты миллиард дерлік халықтың өмірінде бұл езудің және бұл қанаудың тек белгілі бір, тарихи-өзгеше түрін, атап айтқанда феодализмді кезекке қойып отыр. Феодализм егіншілік тұрмыстың және натуралды шаруашылықтың үстемдігіне негізделген; Қытай шаруасын феодалдық жолмен қанаудың негізі шаруаны белгілі бір формада жерге *тәуелді етіп қою* болып келді; бұл қанауды саяси тұрғыдан көрсетушілер — системаның басы ретінде, богдыханмен барлығы бірге және әрқайсысы онымен жеке біріккен феодалдар болды.

Міне, бақсақ, Қытай демократының субъективтік-социалистік ойлары мен программаларынан іс жүзінде *бір ғана* «қозғалмайтын меншіктің» «барлық праволық негіздерін өзгерту» программасы, *бір ғана* феодалдық қанауды жою программасы келіп туады екен.

Сунь Ят-сеннің халықшылдығының, оның буржуазиялық-демократиялық аграрлық өзгерістер жөніндегі прогресшіл, жауынгер, революциялық программасының және оның бейне социалистік теориясының *мәні,* міне, осында.

Егер бұл теорияны доктрина тұрғысынан қарасақ, ол теория — ұсақ буржуазиялық «социалист»-реакционердің теориясы. Өйткені Қытайда капитализмнің «алдын алуға» болады, артта қалғандығы салдарынан Қытайда «әлеуметтік революция» жасау жеңіл болады және т. с. деу мүлдем реакциялық қиял. Сөйтіп Сунь Ят-сен өмірдің өзі мойындататын нәрсені мойындап,— атап айтқанда: «Қытай алып өнеркәсіптік» (яғни капиталистік) «дамудың қарсаңында тұр» деп, Қытайда «сауда» (яғни капитализм) «аса зор көлемде өршиді» деп, «50 жылдан кейін бізде толып жатқан Шанхайлар

болады» деп, яғни капиталистік байлықтың және пролетарлық мұқтаждық пен қайыршылықтың миллиондаған халқы бар орталықтары болатынын мойындап, былайша айтқанда, теңдесі жоқ кіршіксіз сәбилік аңқаулықпен өзінің реакциялық халықшылдық теориясының күл-талқанын шығарады.

Бірақ ойға оралатын сұрақ сол,— мәселенің барлық түйіні де сонда, қырналған және бар мазмұнынан жұрдай болған либералдық квазимарксизмнің екінің бірінде *алдында* тоқталып қалып отыратын барынша назар аударарлық пункт те сол,— Сунь Ят-сен нағыз реакциялық аграрлық программаны өзінің реакциялық экономикалық теориясын негізге алып қоргай ма?

Істің мәні сол қорғамайтынында болып отыр. Қытайдағы қоғамдық қатынастардың диалектикасының өзі де сонда, Қытай демократтары Европадағы социализмге шын ниетімен тілектес бола отырып, оны реакциялық теорияға айналдырды және капитализмнің «алдын алу» туралы осы реакциялық теорияның *негізінде нағыз капиталистік,* мейлінше капиталистік аграрлық программаны жүргізіп отыр!

Шынында, мақаланың басында Сунь Ят-сеннің соншалықты әсірелеп және көмескілеп айтқан «экономикалық революциясы» неге келіп тіреледі?

Рентаны мемлекетке беруге, яғни Генри Джорджтың рухындағы қайдағы бір бірыңғай салық арқылы жерді национализациялауға барып тіреледі. Сунь Ят-сен ұсынып, уағыздап отырған «экономикалық революцияда» тіпті бұдан басқа *нақтылы* ештеңе жоқ.

Шаруалар тұратын қиыр түкпірдегі жер мен Шанхайдағы жердің құны арасындағы айырма — рента мөлшерінің айырмасы. Жердің құны — капиталданған рента. Жер «құнының өсуін» «халық меншігі» болатындай ету — рентаны, яғни жерді меншіктенуді мемлекетке беру немесе басқаша айтқанда: жерді национализациялау деген сөз.

Капитализм шеңберінде мұндай реформа мүмкін бе? Мүмкін ғана емес, сонымен бірге осының өзі неғұрлым таза, барынша дәйекті, мүлтіксіз жетілген капитализм болып табылады. Маркс мұны «Философия қайыршы-

лығында» көрсетті, «Капиталдың» III томында толық дәлелдеді және «Қосымша құн теорияларында» [144] Родбертуспен айтысында ерекше айқын дамытты.

Жерді национализациялау жалғыз ғана дифференциалдық рентаны қалдырып, абсолюттік рентаны жоюға мүмкіншілік береді. Орта ғасырлық монополияларды және орта ғасырлық қатынастарды егіншіліктен неғұрлым көбірек жою, жер саудасының айналымына неғұрлым еркіндік беру, егіншіліктің рынокқа бейімделуін неғұрлым жеңілдете түсу — Маркстің ілімі бойынша, жерді национализациялау дегеніміз, міне, осы. Халықшылдықтың егіншіліктегі «капитализммен күресу» үшін жүргізіп отырған аграрлық программасының толық іске асуы егіншіліктегі капитализмді *неғұрлым* жедел дамыту болып шығар еді — тарихтың тәлкегі, міне, осынысында.

Азияның ең артта қалған шаруалық елдерінің бірінде жер жөніндегі ең озық буржуазиялық-демократиялық программалардың таралуы қандай экономикалық қажеттіліктен туып отыр? Феодализмді оның түрлері мен көріністерінің күллісін талқандау қажеттілігінен туып отыр.

Қытай Европадан және Жапониядан неғұрлым көбірек артта қалған сайын оның бөлшектену және ұлттық ыдырау қаупі соғұрлым күшейе берді. Революцияшыл халық бұқарасының саясат саласында Қытай республикасын құра алатын, аграрлық салада — жерді национализациялау арқылы неғұрлым жедел капиталистік прогресті қамтамасыз ете алатын ерлігі ғана Қытайды «жаңарта» алатын еді.

Бұл қолдан келе ме, келсе қандай мөлшерде келеді,— ол басқа мәселе. Түрлі елдер өздерінің буржуазиялық революциясында саяси және аграрлық демократизмнің түрлі сатыларын жүзеге асырды, асырғанда мейлінше әрқилы орайластыру жолымен жүзеге асырды. Мәселені халықаралық жағдай және Қытайдағы қоғамдық күштердің арасалмағы шешеді. Богдыхан, сірә, феодалдарды, бюрократияны, қытай дін басыларын біріктіріп, қайта жаңғыртуды әзірлейтін болар. Либералдық-монархиялық буржуазиядан либералдық-республикалық

буржуазия болуға зорға үлгерген (көпке бара қояр ма екен?) буржуазияның өкілі Юань Ши-кай монархия мен революция арасында амалдау саясатын жүргізеді. Сунь Ят-сен өкілі болып отырған революцияшыл буржуазиялық демократияның Қытайды «жаңарту» жолын саяси және аграрлық реформалар ісінде шаруалар бұқарасының барынша талапкерлігін, табандылығын, батылдығын арттыруынан іздеуі дұрыс.

Ақырында, Қытайда Шанхайлардың саны өсетін болғандықтан, Қытай пролетариаты да өседі. Ол, сірә, Қытайдың белгілі бір социал-демократиялық жұмысшы партиясын құратын болар, бұл партия Сунь Ят-сеннің ұсақ буржуазиялық утопиялары мен реакциялық көзқарастарын сынай отырып, сірә, оның саяси және аграрлық программасының революциялық-демократиялық ұйтқысын қамқорлықпен бөліп алып, қорғайтын, дамытатын болар.

«Невская Звезда» № 17,
15 июль, 1912 ж.
Қол қойған: Вл. Ильин

«Невская Звезда» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ИТАЛЬЯН СОЦИАЛИСТЕРІНІҢ СЪЕЗІ

Итальян социалистік партиясының Реджио қаласында (Эмилиа провинциясы) болған XIII съезі жуырда аяқталды.

Итальян социалистік партиясындағы ішкі күрес соңғы жылдары ерекше шиеленіскен сипат алды. Әуелгіде негізгі екі бағыт: революционерлер мен реформистер болды. Біріншілері қозғалыстың пролетарлық сипатын қорғап, оппортунизмнің, яғни баяулық рухының, буржуазиямен мәмлеге келудің, жұмысшы қозғалысының түпкі (социалистік) мақсаттарынан бас тартудың барлық көріністерімен күресті. Тап күресі — бұл бағыттың аса маңызды принципі, көзқарастарының негізі осы.

Реформистер реформа үшін, яғни саяси және экономикалық жағдайды біраз жақсарту үшін күресте қозғалыстың социалистік сипатын үнемі ұмытып отырды, буржуазиямен блоктар мен одақтар жасасуды социалистің буржуазиялық министрлікке кіруіне дейін, дәйекті-республикалық сенімдерден бас тартуға дейін (монархиялық Италияда республикалық насихат өздігінен алғанда заңға қарсы насихат болып есептелмейді), «отарлық саясатты», отарлар басып алу саясатын, байырғы халықтарды езу, талау және қыру саясатын, т. т. жақтауға дейін барып қорғап отырды.

Белгілі бір түрде социалистік партиялардың *бәрінде* бар осы негізгі екі бағыт Италияда тағы бір екі әсіре бағытты бөліп шығарды; бұлар социализмнен мүлде ау-

лақ кетті, сондықтан социалистік жұмысшы партиясынан бөлінуге әкеліп соқтырды. Осы социалистік емес әсіре бағыттардың бірі—бұл бір кезде Италияда «сәнге» айналған *синдикализм.* Синдикалистер анархизмге бой ұрды, революциялық бос сөзге салынды, жұмысшы күресінің тәртібін бұзды, социалистердің парламенттік мінбені пайдалануынан бас тартты немесе осындай бас тартуды қорғады.

Анархистердің ықпалы барлық жерде әлсіз, сөйтіп жұмысшы қозғалысы бұл дерттен тез арылуда.

Итальян синдикалистері (олардың көсемі Артуро Лабриола бас болып) қазіргі уақыттың өзінде социалистік партиядан *тыс* қалып отыр. Олардың жұмысшы қозғалысындағы ролі мардымсыз. Басқа елдердегі сияқты, Италиядағы революционер-марксистер де пролетарлық қозғалысты ірітуші анархистік пиғылдар мен бағыттарға бір түйір де кеңшілік жасамайды.

Либералдық жұмысшы саясатына әбден ойысып, либералдардың лагеріне біржолата кетіп, буржуазия жағына өтіп жатқан әсіре оңшыл реформистерге келгенде реформистер онша табанды емес. Сондықтан жұмысшы ісіне осы опасыздық жасаушылардың социалистік партиядан бөлінуі революционер-марксистердің *барлық* реформистерге қарсы өте-мөте қатаң күресінсіз болатын кезі аз. Мәселен, оппортунист және реформист Мильеран буржуазиямен мәмлеге келуге біржолата бет бұрып, буржуазиялық министрлікке кіргенде Францияда осылай болды.

Италияда да мәселе осылай болып отыр. Реформистер солшыл реформистер (Турати бастаған) және оңшыл реформистер (олардың басшысы Биссолати) болып екіге бөлінді. Реджио-Эмилиадағы съезд осы бөлінудің соңғы актісі болды.

Съезде үш бағыт болды: 1) революционерлер (олардың партиядағы өздерінің жақтаушыларының саны бойынша съезде 12 жарым мыңдай дауысы болды); 2) солшыл реформистер (9 мыңдай) және 3) оңшыл реформистер (2 мыңдай). Революционерлер Биссолатиді және тағы да үш әсіре оңшыл реформисті партиядан шығаруды ұсынды. Солшыл реформистердің де үштен

бірі оларды шығаруды жақтады, бірақ неғұрлым «жеңіл-желпі» дәлелмен шығаруды жақтады, ал үштен екісі шығаруға қарсы болды, жай кінәлап қана қоюды жақтады.

Революционерлер, келтірілген цифрлардан көрініп отырғанындай, көпшілік болып, жеңіп шықты да, Биссолати мен K^0 партиядан шығарылды.

Биссолатидің өзін партиядан қууға мәжбүр еткен көзқарастары мен әрекеттерінің мәнісі неде еді? Биссолати партияның көнтеген шешімдеріне қарамастан, буржуазиялық министрлікті қолдауда ол өзі «портфельсіз министр» дерлік дәрежеге дейін жетті (яғни министр болмай-ақ, өзін буржуазиялық министрліктің пікірлесі және оған қатысушы ретінде ұстады).

Итальян социалистері қатаң ұстанып отырған республикалық көзқарастарға қарамастан, Биссолати корольде болып, онымен келіс сөздер жүргізіп, Квириналға сапар шегумен болды! Кісі өлтіретін жетілдірілген қару-жарақтардың көмегімен Триполиде африкалық байырғы халықты буржуазиялық арсыздықпен талау мен қырып-жоюдың жиіркенішті ісі деп, Италияның Түркияға қарсы қазіргі соғысын *бүкіл* партия үзілді-кесілді айыптаса да, Биссолати бұл соғысты қорғауға дейін барды.

Биссолати мен K^0 партиядан шығарылғанның артынша *барлық* оңшыл реформистер партиядан шығып, *өз* партиясын құрды да, оны «социалистік реформистік партия» деп атады. Осы жарнаманың ар жағында *іс жүзінде* либералдық-монархиялық «жұмысшы» саясатшыларының «партиясы» бүркемеленіп тұр.

Жікке бөліну — ауыр, дертті оқиға. Бірақ ол кейде қажет болады, сондықтан мұндай жағдайларда дәрменсіздік атаулы, «көңілшектік» (біздің отандасымыз Балабанованың Реджиода қолданған сөзі) атаулы қылмыс болып табылады. Жұмысшылардың көсемдері періште емес, әулие емес, батыр емес, жұрттың бәрі сияқты адамдар. Олар да қателеседі. Партия оларды түзетеді. Неміс жұмысшы партиясының тіпті Бебель сияқты ұлы көсемдердің де оппортунистік қателерін түзетуіне тура келген.

Бірақ егер қатені қасарысып жақтаса, егер қатені қорғау үшін партияның барлық шешімдерін, пролетарлық армияның бүкіл тәртібін аяққа басатын топ құрылатын болса, онда жікке бөліну қажет. Сондықтан итальян социалистік пролетариатының партиясы өзінің арасынан синдикалистер мен оңшыл реформистерді аластап, дұрыс жолға түсті.

«Правда» № 66, 15 июль, 1912 ж.
Қол қойған: П.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РОССИЯЛЫҚ «СӨЗ БОСТАНДЫҒЫ»

Қарапайым тілде «Новое Время» деп аталатын «Не бұйырасыз» газеті өзіне лайық серігі «Петербургские Ведомостидің»[145] Иваново-Вознесенскіден алған корреспонденциясын көшіріп басып отыр.

«Біздің фабрикалық қалада көше-көшеде айтылатын жаман сөздер,— деп жазады газетке,— адамша сөйлеуді ығыстырып шығарды. Фабрика жұмысшылары балағаттасады, арбакештер, тәп-тәуір киінген адамдар, қызмет міндеттерін атқарып отырып городовойлар да жаман сөздер айтады».

Ал «Новое Время» мінез-құлықтың осындай көріністері жөнінде былай деп түйеді:

«Ешқандай тежеусіз сөз бостандығы туралы ең батыл социал-демократиялық тілектер жүзеге асырылып отырған бақытты жұмысшы қаласы».

Рас емес пе, осы арсыздық әрекет қандай сабақ боларлық десеңізші?

Үкіметке адал қызмет ететін газеттің редактор мырзалары, нақ үкіметке неғұрлым жақын оңшыл партиялардың III Думада жаман сөздер жөніндегі сөз бостандығын «жүзеге асырғанын» кім білмейді? Пуришкевич, Марков сияқты мырзалардың және *олардың* әріптестерінің осы арқылы бүкіл Россияға әйгілі болғанын кім білмейді?

«Новое Время» аңдамай, шынында да, аңдамай іс істеп отыр! Ол өзінің жарамсақтық ролін ептірек орындай

алатын еді... Олай болмай, үкіметке қалтқысыз берілген газетте Думада Пуришкевич пен К⁰ қандай «сөз бостандығын» қолданатыны және Думадағы социал-демократ депутаттардың қандай «сөз бостандығын» қолданатыны туралы кенет ескерту шыға келеді.

Пуришкевичтердің помещиктік Думадағы сөз бостандығы және жұмысшылар жиналыстарындағы сөз бостандығы... Өзінің арсыз жарамсақтығында оспадарсыз «Новое Время» сайлау алдындағы жақсы тақырыпты қозғады!

«Правда» № 66, 15 июль, 1912 ж.
Қол қойған: В.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

П. Б. АКСЕЛЬРОД ЖОЙЫМПАЗДАРДЫ ҚАЛАЙ ӘШКЕРЕЛЕЙДІ

I

Марксистер арасында оппортунистік ағымды дамытуда П. Б. Аксельродтың бірегей роль атқаруына тура келді. Мысалы, Аксельрод кезінде «жұмысшы съезі» идеясымен аз дауryққан жоқ. Оның уағызы жұмысшылардың біразын тартып, еліктіріп әкетті. Бірақ бұл уағыз неғұрлым кең болған сайын, мәселе нақтылы жүзеге асуға неғұрлым жақындаған сайын, бүкіл әрекеттің *ойдан шығарылған* сипаты соғұрлым айқынырақ бола түсті. Әрекет өз-өзінен быт-шыт болды. Большевиктердің талай рет атап айтқанын тәжірибе растады: Аксельродтың «идеялары» — оппортунистік интеллигенцияның ойдан шығарғаны, таптық және саяси қатаң күресті қалай «орағытып өту» туралы арман.

Қазір жұмысшы баспасы мен «фракциялық емес» жұмысшы газеті идеясы жөнінде дәлме-дәл осындай тарих қайталанды. Жойымпаздардың таяуда ғана осы идеяны қалай дәріптегені Петербург жұмысшыларының қайсысының есінде жоқ? олар жұмысшыларды жұмысшы демократиясы ішіндегі күресті «орағытып өту» туралы қиялмен қалай еліктірді? Олар либералдық жұмысшы саясаты туралы мәселені (наубайшылардың шешімін[146] еске алыңыз) орағытып өтуге болмайды деп, фракциялық емес газетке жұмысшылардың бақылау жасауы туралы алып-қашпа сөздер — демагогия ғана деп түсіндіргені үшін «Звездаға» ашуланып қарсы шығып қалай күлкі болды?

Енді, міне, Аксельрод жойымпаздық «Невский Голостың» 6-номерінде өз достарының демагогиясын тамаша әшкерелеледі — әшкерелеуге мәжбүр болды. Демагогия дегеніміз орындалмайтын уәделер беру. Кең жұмысшы съезі туралы, ашық жұмысшы баспасы туралы, фракциялық емес жұмысшы газеті туралы пікір қызықты. Бірақ істің бүкіл мәні мынада: бұл қызықты нәрселер жалпы саяси бостандық үшін, жұмысшы демократиясы ішінде марксизмнің жеңуі үшін, т. т. үшін алдын ала табан тірескен, қиын күрес *болмайынша орындалмайды*. Демагогиялық уәделерді беру оңай. Бірақ өмір олардың орындалмайтынын тез көрсетіп, «құр қиялдардың» оппортунизмін әшкерелейді.

Аксельрод «Невский Голостың» 6-номерінде: мен және менің достарым — «партияның прогресшіл өкілдеріміз», ал бізге қарсылар — «реакцияшыл өкілдер» деп сендіру сияқты бостан-бос тым көп ділмәрсиді. Әлбетте, Аксельродқа бұлай деп ойлау, жойымпаздарға — оны басу өте ұнамды. Бірақ бұл ділмәрсуы тым-ақ құнсыз! «Прогресшілміз» деп өзін-өзі мақтағанша... алауыздықтардың мәні мен маңызын *түсіндірген* жақсы емес пе?

«Фракциялық емес социал-демократиялық (тырнақшасыз, шын социал-демократиялық) орган туралы пікір қазіргі уақытта утопия болып табылады және утопия болғанда социал-демократияның туы астында пролетариаттың партиялық-саяси дамуы мен ұйымдық бірігуінің мүдделеріне объективті түрде қайшы келетін утопия болып табылады. Табиғатты есіктен қусаң,— ол терезеден және саңлаудан кіреді».

Аксельрод осылай деп жазады. Бұл тым-ақ тәп-тәуір пікірлер. Бұл негізінде әбден дұрыс. Мұның өзі Аксельродтың қазір айыптап отырған нақ осы пікірін кеше ғана жұмысшы бұқарасына жайған Аксельродтың достары — жойымпаздардың айтқаны мүлде теріс болғанын көрсетеді. Тек орындалмайтын уәделер беруден біз «прогресшілдікті» көре алмадық...

«Бізде ұйымдық жағынан қалыптасқан фракциялар жоқ деуге болады,— деп жазады Аксельрод;— олардың орнына түрлі үйірмелер мен топсымақтар бар, бұлардың біреулері аздыкөпті болса да тиянақты саяси, тактикалық және ұйымдық көзқарастарды ұстайды, ал басқалары бастаңқылардың аяқтарына оралғы болып, әр жаққа ауытқып жүр».

Сөйлемнің бірінші бөлімі онша дұрыс емес. Аксельрод ұйымдық жағынан *толық* қалыптасқан, қазіргі күнде қаншалық дәрежеде мүмкін болса, соншалық дәрежеде қалыптасқан бірдеме бар екенін өте жақсы біледі. Бірақ екінші бөлімі дұрыс — шынында, аяққа оралғы болып, ауытқып жүрген топсымақтар көп. Оқиғалардың барысы арқылы мәжбүр болғандықтан осы шындықты айтып, Аксельрод тағы да өз достарын әшкерелеп отыр. Ауытқушы топсымақтардың нақ бояма, қағаз жүзіндегі «бірігуі» арқылы дәл қазір Аксельрод достарының маңғазданып отырғанын кім білмейді? Олар барлық жойымпаздардың ауытқушылардың бәрімен осы жалған «бірігуін» «Невский Голостың» нақ сол 6-номерінде уәде етіп отырған жоқ па?

«Араздықтардың өзекті пункті және шығатын басты көзі болып отырғаны,— деп жалғастырады Аксельрод,— бір жағынан, түрлі партиялық топтардың жаңа, ашық социал-демократиялық жұмысшы қозғалысына (ашық *партияға* емес пе, құрметті П. Б. Аксельрод? Ажырасудың мәнін бұрмалау жақсы емес!) әр түрлі қарауы, ал екінші жағынан — орыс социал-демократиясының таяудағы саяси міндеттері саласындағы және саяси тактикасындағы елеулі алауыздықтар. Бұл екі категорияның екеуінің де мәселелері нақ қазір, жаңа қоғамдық-саяси қозғалыс басталып отырғанда, ерекше күшті, көкейтесті мәселелер болып отыр. Нақ осы мәселелер жөнінде орыс социал-демократиясы басты-басты екі лагерьге бөлінді. Жобаланып отырған жұмысшы органы осы бір-біріне қарама-қарсы екі лагерьдің арасында бейтарап позиция ұстай ала ма және принцип жағынан мұндай позиция болуы мүмкін бе?— деген сұрақ туады. Тегінде, мүмкін емес...»

Әбден дұрыс қорытынды. Аксельрод бейтарап және фракциялық емес орган туралы күні кеше шу көтерген өз достарын ғана емес, сонымен қатар *бейтарап* топсымақтармен өзінің бүгін «келісетіндігін», «бірігетіндігін», топтасатындығын, т. с. айтып аңқау адамдарды сендіріп жүргендерді де тамаша талқандады.

Басты-басты лагерьлер, шынында, екеу. Олардың біреуі ұйымдық жағынан толық қалыптасқан. Оның Аксельрод тізіп өткен мәселелердің бәріне берген жауаптары әбден ресми, дәл, анық жауаптар, кейбір әдебиетшілердің бытыранды және сөздері әрқилы мақалаларына ұқсамайды. Ал екінші лагерьде, атап

айтқанда, Аксельрод кіретін жойымпаздық лагерьде ұйымдық қалыптасу да (мұның орнына ашық жұмысшы *партиясы* туралы бос уәделер ғана, 1906—1907 жылдардағы жұмысшы съезінен де бетер мүмкін емес ашық жұмысшы саяси қоғамдары туралы бос сөздер ғана бар),— Аксельродтың өзі тізіп өткен мәселелерге тиянақты, дәл жауаптар да көрінеу көзге жоқ (тиянақты жауаптардың орнына Ежовтың, Левицкийдің, Кленовтың, Чацкийдің және басқалардың әдебиетшілік жаттығулары ғана бар).

«...Баспалық және әдеби жұмысшы тобы қимылдың нақтылы программасымен шығуға, мысалы, сайлау науқанына байланысты мәселелер жөнінде болса да нақтылы позиция ұстауға, бұл науқанда жұмысшылардың алдына белгілі бір міндеттер мен ұрандар қоюға және түрлі саяси партиялар жөніндегі белгілі бір тактиканы жақтап шығуға бел байласымен-ақ, баспалық серіктік өзінің басылымына принцип жағынан пролетарлық саяси органның сипатын бергісі келісімен-ақ, деймін мен, ол орыс социал-демократиясын толғандырып, бөлшектеп отырған нағыз толғағы жеткен мәселелер мен алауыздықтарға тікелей душар болады. Ал онда, осы серіктіктің мүшелері бұл мәселелер жөнінде алдын ала мәмлелесіп алмаса және өзара келісіп алмаса — ол серіктіктің өзі әлгіндей жанжалдардың жаңа көзі болып шығуы мүмкін».

Аксельрод жойымпаздарды өте дұрыс және өте жақсы талқандап отыр. «Серіктікке» керек нәрсе «Наша Заря» мен «Невский Голосқа» онан да гөрі керек. *Толғағы жеткен мәселелер мен алауыздықтар* жөнінде олар нәге *мәмлеге* келмейді? Ең болмаса Аксельрод тізіп өткен ең маңызды мәселелерге (түрлі партияларға көзқарас, міндеттер, ұрандар, тактика) олар неге *дәл жауап* бермейді?

«Дәрігерім, әуелі өзің айығып ал». Аксельродтың *жұмысшыларға* «толғағы жеткен мәселелерге» айқын және дәл жауаптардың қажеттігін жақсы түсіндіргені соншалық, «Наша Заря» мен «Невский Голостың» (ал мүмкін, тек Невскийдің... ғана емес шығар) *әдебиетшілері* Аксельродтың сөздеріне құлақ асуға тиіс. «Толғағы жеткен мәселелерге» дәл және айқын жауаптар бермей кетуге *болмайды*, мақалалармен шектеліп қалуға болмайды — мұның өзі үйірмешілдік болады!— Дәл,

ресми, ойластырылған, нақтылы *шешімдер* керек. *Қимылдардың нақтылы программасы туралы, міндеттер мен ұрандар,* т. т. туралы Аксельрод босқа айтып отырған жоқ — және тамаша айтып отыр!

Айта кететін нәрсе, жойымпаздардың жойымпаздар деп аталатын себебінің өзі олар ескіні лақтырып тастағанымен, жаңаны бермейді. Ашық партия пайдалы, ал ашық саяси қоғамдар қажет деп,— бұл туралы барлық жойымпаздар құлағымыздың етін жеді. Бірақ бұл сөздер әлі аз ғой, ал жойымпаздардың істеген *ісі* жоқ, жоқ үстіне жоқ. Атап айтқанда Аксельродтың жұмысшылардан талап етіп отырғанының өзі жоқ!

«Невский Голостың» сызықтан төмен басылған фельетонында Аксельрод *сызықтың үстіндегі,* газеттің редакциялық бөліміндегі жойымпаздарды тамаша әшкерелейтін материал берді. Аксельродтың фельетонын құнттап оқысаңыз, онда сіз жойымпаздардың сайлау платформасы жөніндегі «келісім» туралы, «біртұтас» платформа, т. т. туралы айқай-шуларының алдау, өзін-өзі алдау екенін көресіз.

«Невская Звезданың» 16-номерінде ««Звезданы» жақтаушы» бұл алдауды әшкерелеп берген болатын. Бірақ Аксельродтың әшкерелеуі, бұл әшкерелеу Аксельродтан шығып отырғандықтан, одан да терең, одан да бағалы.

Біз *біртұтас* платформаны әбден жақтаймыз — атап айтқанда, ««Звезданы» жақтаушының» әділін айтып көрсетіп отырғанындай, большевиктер мен партияшыл-меньшевиктердің әлдеқашан қабылдап, қолданып отырған платформасын жақтаймыз. Біз *біртұтас* сайлау науқанын әбден жақтаймыз, жақтағанда — нақ осы платформада, осы шешімдердің негізінде, *барлық* «толғағы жеткен мәселелерге» нақтылы және дәл жауап беру негізінде жақтаймыз.

Жойымпаздар «бірлік» туралы айқай-шу көтергенде, олар жетілмеген жұмысшыларды сөздің жаңғырығымен еліктіруге әрекеттеніп бағады. «Бірлік» жақсы, «фракциялық емес органдар» сүйкімдірек! Бірақ *тіпті* Аксельродты оқып көріңіз, оның өзі сізге фракциясыздықтың *мүмкін еместігін,* мұның өзі утопия екенін,— жұ-

мысшы демократиясында *екі лагерьдің* бар екенін,— бұл лагерьлердің *қарама-қарсы* лагерьлер екенін түсіндіреді.

Сонда ше? Жойымпаздар өз көзқарастарын *бүркемелеу үшін* «платформаны» қорғамақ болып отыр ма?— буржуазияның сондай жақсы көретін *дипломатиялық* платформасын қорғамақ болып отыр ма? — «толғағы жеткен мәселелерге» ешқандай жауаптар беремін демейтін, «жай», «тек» «Думаға өткізумен» айналысатын платформаны қорғамақ болып отыр ма?

Мұның өзі принципсіздіктің шегі болған болар еді. Бұған жұмысшылар ешқашан бармайды. Мұндай платформалар, олар қаншалық «ашық» болғанымен, бір күн де тұрақтай алмайды.

Жоқ. Өзін-өзі алдаушылық жетерліктей болды. Жойымпаздардың көсемі Аксельродтың өзі де бұл жолы тура мойындаған шындыққа тіке қарайтын уақыт жетті. Егер, сіздер, жойымпаз мырзалар, «өз» платформаңызды жақтай бергілеріңіз келсе (бірақ сіздер осы кезге дейін ол платформаны берген жоқсыздар, ал сайлауға дейінгі 6 апта ішінде жазып шығарылатын платформаларға біз сенбейміз!),— егер сіздер «өз» тактикаңызды жақтай бергілеріңіз келсе (бірақ сіздер осы кезге дейін ол тактиканы еш жерде дәл, ресми түрде, партиялық түрде баяндаған жоқсыздар!),— онда өздеріңізден көріңіздер. Онда *сіздер — қазірдің өзінде* болып отырған бірлікті бұзушыларсыздар. Онда осы бұзушылық жөніндегі жауапкершіліктің *бәрі сіздерге* түседі.

Жоқ. Өзін-өзі алдаушылық жетерліктей болды. Жойымпаздардың «бірлік» туралы айқай-шуы — әншейін көз бояушылық. Жұмысшылардың өздеріне қарсы екенін жақсы біле отырып, жойымпаздар өздерінің жеке бой көрсетулерінің өздерін қандай толық, құри жеңілуге ұшырататынын соншалық тамаша біледі. Сондықтан олар, әйтеуір Думаға сайласа болар деп, нені болса да уәде етуге әзір.

Бұлай етуге болмайды. Тек буржуалар ғана осылай істейді. Жұмысшы демократиясы сайлауға дейін *жылдар бойы* жүргізіліп келген және сайлауда тек жүзінші рет *қайталанатын* программаларға, шешімдерге, такти-

қаға, ұрандарға ғана сенеді. Ал кімде-кім *бұл шешімдерсіз,* тек сайлау үшін, ешнәрсені көрсетпейтін «платформаларды» жазып шығаратын болса, ол ешқандай сенімге тұрмайды.

Аксельродтың фельетоны — өзін-өзі алдаудан арылу үшін, «жаңа», «ашық», «жалпы» платформалардың түрлі шығарушыларын үйрету үшін пайдалы нәрсе.

II

Аксельродтың біз «Невская Звезданың» 18-номерінде сөз еткен мақаласының соңы енді «Наша Заряда» шығып отыр. Жалпы алғанда, оның соңы біздің берген бағамызды толығынан растады, сондықтан біз тек мынаны қайталай аламыз: Аксельродтың мақаласы — өзін-өзі алдаудан арылу үшін, жойымпаздықтың шын жаратылысын ашып алу үшін, қазір кейбір үйірмелерде соншалық көп, соншалық бос әурешілікпен айтылып жүрген атышулы «фракциясыздықтың» бүтіндей бос нәрсе екендігіне баға беру үшін пайдалы нәрсе.

Аксельрод қазір жойымпаздармен одақ жасап отырған (берік пе?) Троцкийді айрықша айқын және дәлелді түрде талқандап отыр. «Прогресшіл элементтердің...»,— деп жазады Аксельрод, ол жойымпаздарды партияшыл прогрессистер деп, ал біздерді — партиялылықтың реакционерлері деп атап өзін жұбатып отыр,— «...дербес фракцияға идеялық және ұйымдық жағынан бірігуі, оқиғалардың қазіргі жағдайында, олардың тікелей борышы, шұғыл міндеті болып табылады». «Партия ішіндегі жағдай осындай болып отырғанда «фракциясыздықты» бірден-бір құтқарушы құрал ретінде сөз қылу — қауіп төнгенде басын құмға тығатын түйеқұс сияқты болу деген сөз, социал-демократиядағы шын жағдай жөнінде өзіңді және басқаларды алдау деген сөз...» («Наша Заря» № 6, 15-бет).

Байғұс Троцкий! Жойымпаздардың адал досын және «Наша Заряның» қызметкерін П. Б. Аксельродтың бұлай талқандауы тура рақымсыздық әрі қайырымсыздық. Біздің енді не күтуіміз керек? Троцкий фракцияшыл Аксельродқа қарсы қаһарлы мақала жаза ма, әлде Мар-

тов, дағды бойынша, сөгіліп бара жатқан нәрсені толып жатқан пластырь-ескертулер арқылы желімдеп, ымырашыл Троцкийді фракцияшыл Аксельродпен ымыраластыра ма?

Осыдан кейін енді Троцкийдің, латыш, еврей болар-болмас марксистерінің, т. т. Аксельродпен жасаған атышулы блогы* туралы әзілсіз сөз қылуға бола ма?

Аксельродтың мақаласында көңіл қойып талдауға татырлық бір пункт бар, ол атап айтқанда: біздің социал-демократиялық қозғалыстың «европалануы» туралы пункт. Бірақ бұл пунктке көшуден бұрын жойымпаздардың тәсілдерінің бірі туралы бірер сөз айту қажет.

Аксельрод мақаласының беттерінің бірі (16-бет) жалпы алғанда жойымпаздарға қарсыларға, әсіресе осы жолдарды жазып отырған адамға қарсы айтылған ең күшті, ызалы, әдейі жинап алынған даттама сөздердің жиынтығы болып табылады. Егер біреулердің мұндай балағаттаған сөздерді әдейі пайдаланып отырғандығына, екінші біреулердің оған қысылатынына айғақ болатын документ жүзіндегі мәліметтер болмаған болса, онда бұл даттама сөздерге мүлде жауап бермесе де болар еді (Аксельродтың жағдайында балағаттап, қарғыс айтудан басқа ештеме қалмай отыр).

Мысалы, «солшыл» халықшылдардың көсемі Чернов демократиядан либерализмге сырғып түсіп отыр деген Каменевтің дәлелдеріне *жауап ретінде* Чернов мырза «Заветыда» [147] жойымпаздардан және жойымпаздарға қарсылардан неғұрлым даттама сөздерді топтап жинап алып, осы жөнінде мырс-мырс күледі. Чернов мырзаның тәсілінің жиіркеніштің тәсіл екендігі соншалық — оны шектен шыққан деп көрсетіп, соқпай өтіп кете беру жеткілікті.

Социал-демократиялық қозғалыс ішіндегі топтардың бірде-бір принципті күресі *әлемде еш жерде* бірқатар жеке және ұйымдық дау-жанжалдарсыз болған емес. Әдейі «дау-жанжалдық» сөздерді іріктеп алу — пасық-

---

* Аксельродтың мақаласына 17 май 1912 жыл деп белгі қойылған — бұл «фракциясыздықтың» туы астында жойымпаздарға қарсылармен күресу үшін троцкистер мен жойымпаздардың салтанатты түрде блок жасасқанынан *бес ай* өткеннен кейін!

тардың ісі. «Тілектестерден» шыққан жүйкесі тозған дилетанттар ғана бұл дау-жанжалдарға қысылып,—ондағының бәрі өсек-аяң! деп,— олардан түңіле немесе менсінбей бойын аулақ сала алады. Жұмысшы қозғалысына ықтияттап көңіл қойған адамдар — жұмысшы қозғалысының ұлы қайраткерлерінің тарихи ролін зерттей отырып болса да,— *идеялар* күресінің, ағымдар күресінің «дау-жанжалдық» жағын принциптік жағынан ажыратуға әрқашан үйренеді,— бұған үйренуге болады және үйрену керек. Адамның аты адам, маркстік және анархистік (Маркс пен Бакунин), гедшілдік және жоресшілдік [148], лассальшылдық және эйзенахшылдық, т. т. ағымдардың тарихи соқтығысулары «дау-жанжалдық» материалсыз, «өсек-аяңдарсыз» болған емес.

Мың да бір арамдық, т. с. жөнінде айыптауларды «сол заманнан» әдейі жинайтын әдебиетші-пасықтар қазір де бар. Бірақ жеке топтар жікке бөлінгенде, өмірдің эмиграиттық жағдайында, т. с. жанталасқан өсек-аяңдық дау-жанжалдар формасын алмай қалмайтын алауыздықтардың идеялық *негіздерін* ашушы байсалды социал-демократтар бар.

Сондықтан оқушылар бізді өз мақаласының мейлінше даттаған сөздер бар жерлерінде Аксельродтың меңзеп отырған—тек меңзеп отырған—мәліметтерін зерттеуден біреу-міреуді «үркіткісі» келіп отыр деп ойлап қалмасын. Мүлде керісінше. Социал-демократиялық қозғалыс туралы кімде-кім барлық нәрсені білгісі келсе, біз оны осы мәліметтерді зерттеуге *шақырамыз*. Бұл мәліметтер *толық* түрінде шетелде бар, қызу айыптаулар ғана емес, сонымен қатар документтер де, бейтарап адамдардың куәлік жауаптары да бар. Бұл документтерді және осы жауаптарды зерттеу жойымпаздар мен жойымпаздарға қарсылардың арасында толық бітім жасау жөнінде 1910 жылдың январында жасалған әрекеттің *неліктен* сәті түспеді деген сұраққа жауап береді.

Аксельродтың мақаласындағы мейлінше назар аударарлық және неғұрлым принципті жерлердің бірі төмендегі болып табылады:

«... Фракциялық негізде қалыптасу және топтасу партиялық реформаны, немесе, дұрысырақ айтқанда... (тыңдаңыз!)... революцияны жақтаушылардың тікелей міндеті, кейінге қалдыруды күтпейтін ісі болып табылады, өйткені олар тек осындай жолмен ғана орыс социал-демократиясының сипатын, оның революцияға дейінгі заманда қалыптасып, революциялық заманда бұдан әрі дамығанындай етіп, европаландыру, яғни түбірінен өзгерту міндетін және орыс социал-демократиясын европалық социал-демократияның партиялық құрылысына тірек болып отырған негіздерге сүйеніп ұйымдастыру міндетін орындай алады».

Сонымен, жойымпаздар — партиялық революцияның жақтаушылары. Аксельродтың осы сирек кездесетін шыншйы мәлімдемесі атап көрсетуге тұрарлық: күйіншті шындық «бізді дәріптейтін» алдаудан пайдалырақ, дипломатиялық бұлтару мен ескертулерден бағалырақ. Партиялық революцияны жасасаңызшы, құрметті П. Б. Аксельрод! Сіз және сіздің достарыңыз таяуда ғана Португалияда «революция» (республикаға қарсы) жасауға әрекет еткен «революционерлерден» [149] гөрі үлкен табысқа жете алар ма екенсіздер көрейік.

Бірақ келтірілген пайымдаудағы басты нәрсе — атышулы «европаландыру»; бұл туралы Дан да, Мартов та, Троцкий де, Левицкий де, барлық жойымпаздар да нешe саққа жүгіртіп айтып жүр. Олардың оппортунизмінің басты түйіндерінің бірі осында.

«Орыс социал-демократиясының сипатын европаландыру, яғни түбірінен өзгерту...» Бұл сөздерді ойланып көріңіз. Социал-демократия *атаулының* «сипаты» және ол сипаттың *түбірінен* өзгеруі немен айқындалады?— Белгілі бір елдің жалпы экономикалық және саяси жағдайларымен айқындалатыны күмәнсыз. Осы жағдайлар *түбірінен* өзгергенде *ғана* белгілі бір халықтың социал-демократиясының сипатының түбірінен өзгеруі мүмкін екені күмәнсыз.

Мұның бәрі әбден белгілі, әбден талассыз ақиқаттар. Бірақ нақ осы әбден белгілі ақиқаттардың өзі Аксельродтың оппортунистік қатесін әшкерелеп отыр! Оның қырсығының өзі сол — ол орыс саяси жағдайларының әлі болмаған *түбірінен* өзгеруі жолындағы қажырлы және қатаң күресті «орыс социал-демократиясы

сипатының» *түбірінен* өзгеруі туралы армандау арқылы *орағытып өткісі* келеді.

Европаландыру туралы құштарлана әңгімелей отырып (жойымпаздар кадеттік сөзсымақты да, кадеттік пікірді де қабылдады),— осы бұлдыр сөз арқылы саяси бостандықтың берік негіздерінің дәл ұғымын көлеңкелеп отырған және «конституциялық оппозицияны» *«желеу» етіп* отырған кадеттер сияқты, жойымпаздар да өз желеуін өздері ермек етіп отырған елде конституция *әлі жоқ* болса да, «европеизмнің» негіздері *әлі жоқ* болса да, олар үшін *алда әлі де* қажырлы күрес *керек* болса да, «европалық социал-демократияны» *желеу* етіп отыр.

Басына цилиндр киіп алып өзін европалықпын деп ойлайтын жалаңаш жабайы адам кісі күлерліктей-ақ болады. Буржуазияны жақтаушы Милюков III Думада: «бізде, құдайға шүкір, конституция бар» деп сендіргенде,— және жұмысшыларды жақтаушы Аксельрод басына «мен — европалық социал-демократпын» деген жазуы бар цилиндр кигенде нақ сол жабайы адамды еске түсіреді. Бұлардың екеуі де, Милюков та, Аксельрод та өздерінің аңқаулығымен күлкі болып отыр. Бұлардың екеуі де — оппортунистер, өйткені «европеизм» туралы қиялшыл сөздер арқылы олар европеизмнің *негіздерін* қамтамасыз ету жолындағы қажырлы күрес *үшін* белгілі бір таптың европалық емес жағдайда өзін қалай ұстауы керек екендігі туралы қиын да маңызды мәселені орағытып кетіп отыр.

Қиялшыл сөздер арқылы нақтылы және маңызды істі нақ орағытып кету болып отырғанын дәл Аксельрод өз мақаласымен *дәлелдеді.* Троцкий жұмысшы газеттеріне жұмысшылар тарапынан «бақылау жасаудың сайланып қойылатын коллективтік органы» ретінде *«баспасөз комиссиясын»* құру жөнінде әбден европалық — тіпті әбден, әбден европалық — жобаны әзірледі (Аксельрод мақаласының 18-беті). Троцкий, бәлкім, бұл арада «европалық социал-демократтармен» тіпті ақылдасып, олардан сыйлық ретінде бата алған да болу керек, ол бұған ерекше елігіп жүр.

Троцкий екі ай шамасы «бақылау жасаудың сайланып қойылатын коллективтік органдары» туралы жалпы жұрт күлкі қылған өзінің хаттары арқылы барлық петербургтік социал-демократтарды мезі қылды; міне, осы екі айдай күткен «европалық социал-демократ» Аксельрод, ақырында, Троцкийді аяп, оған «баспасөз комиссиясының» түкке керегі жоқтығын, оның мүмкін еместігін, оның орнына жұмысшылардың жойымпаздық «Живое Деломен» *«келісім»* жасауы керек екенін түсіндірді (Аксельрод мақаласының 18 және 19-беттері)!!

Мұның өзі — кішкентай мысал; өкінішке орай, біз осымен шектелуге мәжбүр болып отырмыз. Бірақ бұл мысал өте ерекше мысал. Троцкийдің «баспасөз комиссиясы» жөніндегі «европалық» жоспарынан шыққан адам күлерлік нәтиже барлық жойымпаздардың «ашық жұмысшы партиясы», немесе «жұмысшылардың жария саяси қоғамдары» жөніндегі және «коалициялар бостандығы жолындағы күрес» «науқаны», т. т. жөніндегі «европалық» жоспарларынан да шығып отыр.

Троцкийдің «баспасөз комиссиясы», «барлық қалыптасқан жұмысшы ұйымдарының» тарапынан жұмысшы газетіне «бақылау жасаудың сайланып қойылатын коллективтік органы» т. т. жөніндегі «европалық» жоспарларынан *бар* шыққаны: «жұмысшы баспасын» жариялышылдарша желеу ету жұмысшыларға ерекше сабақ болды, ал іс жүзінде жойымпаздарда «баспасөз комиссиясынан» *да,* жұмысшы баспасөзінен *де* ештеңе *шықпады!* Фактілер осындай.

«Баспасөз комиссиясы» — Россиядағы жұмысшы қозғалысының европалық емес қиын жағдайларын орағытып, айрықша-жақсы европалық жоспар ойлап шығарып, осындай жоспарды ойлап шығарғаны жөнінде өзінің «европеизмімен» бүкіл дүние жүзіне мақтанған оппортунистік интеллигенттің қиялы болды.

Жойымпаздардың бұл күйінішті жағдайы кездейсоқ емес, болмай қоймайтын жағдай. Олардың «европалық» жоспарлары жүзеге асуға жақындаса-ақ, мұның өзі — бос әуре екені, оппортунистік интеллигенттердің ойдан шығарған нәрсесі екені бірден-ақ байқалады.

Жұмысшы съезі жөнінде де, «баспасөз комиссиясы» жөнінде де, жұмысшылардың жария саяси қоғамы жөнінде де (шатасқан ескертулер істі ешбір жақсартпайды, Мартов «Наша Заряның» 5-номерінде осы «жоспарды» әлгіндей ескертулер арқылы «сақтап» қалып отыр), коалициялар бостандығы жолындағы күрес науқаны жөнінде де осылай болды.

Жойымпаздар «европеизм» дегенде Европаның басты-басты мемлекеттеріндегі социал-демократтардың *1871 жылдан кейінгі,* яғни нақ буржуазиялық революциялардың бүкіл тарихи заманы біткен дәуірдегі, саяси бостандықтың *негіздері* берік және ұзақ уақытқа қалыптасқан дәуірдегі іс-әрекетінің жағдайларын атайды. Бұл мемлекеттерде социал-демократияның «сипатының өзгеруі», біріншіден, саяси жағдайлардың түбірінен өзгеруінен *кейін,* белгілі бір конституциялық уклад біршама әбден берік орныққаннан кейін болды; ал екіншіден, бұл өзгеріс белгілі бір дәуір үшін тек уақытша өзгеріс болды (ал бұл дәуір, нақ соңғы уақытта, Европаның мейлінше сақ социал-демократтарының жалпы мойындауы бойынша, өзінің ақырына жуықтап келеді).

Әбден нығайған буржуазиялық конституционализмнің осындай жағдайларында, мысалы, коалициялар бостандығы жолындағы немесе жалпыға бірдей сайлау правосы жолындағы, жалпы алғанда *конституциялық реформалар* жолындағы науқан — белгілі бір жағдайларда жұмысшы табының науқаны, шын мәніндегі саяси науқан, конституциялық реформалар жолындағы шын мәніндегі күрес бола алатын еді.

Ал бізде оппортунистік интеллигенттер мұндай «европалық» науқандардың ұрандарын европалық конституционализмнің *ең қарапайым* негіздерінен жұрдай *негізге* көшіреді, сөйтіп әдетте осы негіздерді орнатудың *алдында болатын* өзгеше тарихи эволюцияны *орағытып* кетуге тырысады.

Біздің өздерін «европалық социал-демократтар» етіп көрсеткісі келетін Аксельродтың және оның достарының реформизмінің Биссолатидің, осы нағыз европалықтың, реформизмінен ерекшелігі *сол* — Биссолати шын үстемдік етуші либерал буржуазияның шынымен

жасап отырған (белгілі бір қысқартулармен) *реформалары үшін* тап күресінің және дәйекті маркстік теория мен практиканың принциптерін құрбан етеді. Аксельрод болса дәрменсіз, байыпсыз, қиялшыл либералдардың тек бостан-бос мылжыңдап отырған *реформалары үшін,* нақ сол Биссолати құрбан етіп отырған нәрсені құрбан етеді.

Елдің дамуы либералдардың жасқаншақтығынан, олардың ымырашыл, жартыкеш ұрандарынан аттап өткен кезде ғана бізде Россияда либерал буржуазия шын күш болады. Барлық жерде осылай болған-ды. Либералдарға *қарамастан* демократия жеңгенде ғана либералдар өкімет болды.

«Невская Звезда» №№ 18 және 19, 22 және 29 июль, 1912 ж.
Қол қойған: В. И.

«Невская Звезда» газетінің текстi бойынша, мына жинақтың текстімен салыстырылып басылып отыр: «Марксизм және жойымпаздық», II бөлім, СПБ., 1914

ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ [150]

Күнделікті жұмысшы газетін жолға қойып, Петербург жұмысшылары,— асырып айтқандық болмас,—ірі тарихи іс істеді. Жұмысшы демократиясы адам айтқысыз қиын жағдайларда топтасып, өзін нығайтты. Әлбетте, жұмысшы демократиялық баспасөзінің *тұрақтылығы* туралы бізде әңгіме етуге болмайды. Жұмысшы газеттерінің қандай қуғындарға ұшырайтыны жұрттың бәріне өте жақсы мәлім.

Бірақ осының бәріне қарамастан, «Правданың» құрылуы орыс жұмысшыларының саналылығының, жігері мен топтасқандығының тамаша дәлелі болады.

Өткенге көз жүгіртіп, орыс жұмысшыларының *өз* баспасөзін құру жөніндегі жарты жылдық жұмысының кейбір қорытындыларына қарау пайдалы. Петербург жұмысшы топтарының өз баспасөзіміз болса деген мүддесі осы жылдың дәл январынан бастап түпкілікті анықталды, жұмысшы жұртшылығына қатысы бар барлық сарындағы органдарда күнделікті жұмысшы газеті туралы бірқатар мақала шықты.

I

Россияда күнделікті жұмысшы баспасөзін *кімнің* және *қалай* құрғандығы туралы мәліметтер, бағымызға қарай, біршама толық түрде бар. Бұл — күнделікті жұмысшы газетіне *қаржы жинау* туралы мәліметтер.

Годъ изданія первый.

ПРАВДА

ЕЖЕДНЕВНАЯ РАБОЧАЯ ГАЗЕТА.

№ 80. Среда, 1 Августа 1912 г. ЦѢНА 2 коп.

= ПРОСВѢЩЕНІЕ. =

„Бюллетень Конторщика".

„Больное мѣсто".

Итоги полугодовой работы.

III.

Средства больничныхъ кассъ.

ОБЗОРЪ ПЕЧАТИ.

Биржа труда.

«Правда» газетінің 1912 жылғы 1 августағы 80-номерінің бірінші беті, мұнда В. И. Лениннің «Жарты жылдық жұмыстың қорытындылары» деген мақаласының жалғасы басылған

Кішірейтілген

«Правданы» құру үшін жиналған қаржылардан бастайық. Бізде 1 январьдан 30 июньге дейін, тура жарты жылға, «Звезданың», «Невская Звезданың» және «Правданың» есептері бар. Жариялылық бұл есептердің әбден дұрыстығын қамтамасыз етті: кездейсоқ қателер мүдделі адамдардың көрсетулері бойынша дереу түзетілді.

Біздер үшін ең маңызды және қызықты нәрсе — жиналған қаржылардың жалпы сомасы емес, оларды *берушілердің құрамы.* Егер, мысалы, «Невская Звезда» 3-номерінде күнделікті жұмысшы газетіне жиналған қаржылардың 4288 сом 84 тиын болған (22 апрельден бастап, «Правданың» шыққан күні, тіке осы газеттің өзіне түскен қаржыларды есептемегенде, январьдан 5 майға дейінгі) жалпы жиынтығын берсе,— онда біздің алдымызға бірден мынадай мәселе қойылады. Осы соманы құруда жұмысшылар мен жұмысшы топтарының өздері қандай роль атқарды? Бұл сома тілектестердің ірі жарналарынан құралды ма? Немесе мұнда жұмысшы баспасөзі жөнінде жұмысшылардың өздері тікелей, нақтылы мүдделілік көрсетіп, *көптеген* жұмысшы топтарының жарналарынан ірі сома құрады ма?

Жұмысшылардың *өздерінің* бастамасы, жігері тұрғысынан алып қарағанда, айталық, ондаған «тілектестердің» жинаған 1000 сомынан гөрі, жұмысшылардың 30 тобы жинаған 100 сомы әлдеқайда маңыздырақ. Жұмысшылардың кішкентай заводтық және фабрикалық үйірмелері жинаған *тиын-тебенге* негізделген газет тілектес интеллигенция қосқан ондаған, жүздеген сомға негізделген газеттен гөрі әлденеше есе көрнектірек, берігірек, *байсалдырақ* ұйымдастырылады (финанс тұрғысынан қарағанда да, және — *бәрінен де маңыздырағы*— жұмысшы демократиясының дамуы тұрғысынан қарағанда да солай).

Осы негізгі және ең мәнді мәселе жөнінде дәл мәліметтер болу үшін біз жиналған қаржы туралы жоғарыда көрсетілген үш газетте басылған мәліметтерге мынадай есеп жасадық. Біз жұмысшылардың немесе қызметшілердің *топтары* берді деп көрсетілген қаржыларды *ғана* бөліп шығардық.

Біздің қазір көңіл аударып отырғанымыз — жұмысшылардың *өздері* жинаған қаржылар ғана, оның үстіне, бір қаржы жинаушыға, бәлкім, әлдеқалай кездесіп қалып идеялық жағынан, яғни өз көзқарастары, сенімдері бойынша онымен байланысты болмай-ақ берген жеке адамдардың емес, ақша беруге бола ма, *кімге* беру керек, қандай мақсатқа беру керек деп, күмән жоқ, алдын ала *талқылаған* нақ жұмысшы *топтарының* жиған қаржысы.

«Звезданың», «Невская Звезданың» және «Правданың» күнделікті жұмысшы газетіне ақша берген нақ жұмысшылардың немесе қызметшілердің *тобы* деп көрсетілген әрбір хабары жұмысшылардың өздерінің *бір жолғы топтасып жинағаны* деп қабылданды.

Ал 1912 жылдың бірінші жартысында жұмысшылардың осындай топтасып жинауы қанша болып шықты?

Топтасып жинауы бес жүз төрт!

Жұмысшылар *өз* газетін құрып, оны қолдауға біресе бір күндік табысын бөліп, біресе бір мезгілдік жарналар жинап, біресе осы жарналарды дүркін-дүркін қайталап, жарты мыңнан астам рет топтасып жарналар жинады. Жеке жұмысшылар мен тілектес адамдардан басқа *504 жұмысшы тобы* өз газетін құруға өте белсене қатысты; бұл сан жұмысшы *бұқарасы* ішінде жұмысшы газетіне,— әйтеуір бір жұмысшы газетіне емес, нақ демократиялық жұмысшы газетіне — терең, саналы түрде ұмтылушылық басталғанын күмәнсыз көрсетеді. Бұқарада мұндай саналылық пен белсенділік іс жүзінде бар болып отырғанда, ешқандай қиыншылық, ешқандай кедергілер қорқынышты емес. Жұмысшы бұқарасының саналылығы, белсенділігі мен мүдделілігі қайткенде де жеңбей қоймайтын қиыншылықтар мен кедергілер жоқ және болуы да мүмкін емес.

Осы 504 топтасып жинау ай-айға былайша бөлінеді [477-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]:

Айта кететін нәрсе — *бетбұрыс күндері* ретінде апрель — май күндерінің бүкіл маңызы осы шағын кестеден айқын көрінеді. Қараңғылықтан жарыққа, селқостықтан белсенділікке, жеке адамның қимылынан бұқараның қимылына бет бұру.

1912 жылғы	январьда		14
»	»	февральда	18
»	»	мартта	76
»	»	апрельде	227
»	»	майда	135
»	»	июньде	34
		Жарты жылдағы барлығы	504

Январь мен февральда жұмысшылардың топтасып қаржы жинауы әлі тіпті болмашы ғана. Істің енді-енді ғана туып келе жатқаны көрініп тұр. Ал мартта айтарлықтай, едәуір өрлеу бар. Бір айдың ішінде жұмысшылардың 76 рет топтасып қаржы жинауы — мұның өзі қалай болғанда да жұмысшылар арасындағы елеулі қозғалысты, бұқараның, қаржы берулерден қорықпай, қайткен күнде де өз дегеніне жетуге қажырлы ұмтылуын көрсетеді. Мұның өзі жұмысшы бұқарасының өзінің жеке күшіне және бүкіл істің қойылысына, ұйымдастырылып отырған газеттің бағытына, тағысын-тағыларға кәміл сенетінін көрсетеді. Мартта күнделікті жұмысшы газеті әлі жоқ болатын: демек, жұмысшы топтары ақша жинап, оны «Звездаға», былайша айтқанда, несиеге берген.

Апрельде мәселені шешіп берген бірден *зор* өрлеу болды. Бір ай ішінде жұмысшылардың топтасып қаржы жинауы 227 рет болған,— орташа алғанда бір күнге жеті реттен артық қаржы жинау келеді! Бөгет қиратылды, күнделікті жұмысшы газеті қамтамасыз етілді. Әрбір топтасып қаржы жинау бес тиындар мен он тиындардың жиынтығын ғана көрсетпейді, оның үстіне одан да гөрі анағұрлым маңызды нәрсені көрсетеді: жұмысшы газетін өзінің тікелей қатысуымен қолдау, тарату, бағыттау, құру жөнінде *топтардың* бірлескен, бұқаралық жігерінің жиынтығын, берік шешімін көрсетеді.

Мынандай сұрақ тууы мүмкін: апрельде 22 апрельден *кейін*, яғни «Правда» шыққаннан кейін жиналған қаржы басым болған жоқ па? Жоқ. «Звездада» 22 апрельге *дейін 188 рет топтасып қаржы жиналғаны* туралы есептер басылған. «Правдада» 22 апрельден бастап айдың аяғына дейін 39 рет топтасып қаржы жиналға-

ны туралы есептер басылған. Демек, апрельдің 21 күні ішінде, «Правда» шыққанға дейін, орта есеппен бір күнге *9 реттен қаржы жинаудан* келеді, ал апрельдің соңғы тоғыз күнінде бір күнге тек 4 реттен топтасып қаржы жинаудан келеді.

Бұдан келіп маңызды екі қорытынды шығады:

Біріншіден, жұмысшылар нақ «Правда» шыққанға *дейін* мейлінше көбірек күш салған. «Неспеге» беріп, «Звездаға» сенім көрсетіп, жұмысшылар өз дегеніне қалайда жетуге бел байлағандығын білдірді.

Екіншіден, жұмысшылардың *дәл апрельдегі өрлеуінің* жұмысшы газеті «Правданы» құрғандығы осыдан көрініп отыр. Жұмысшы қозғалысының жалпы өрлеуінің (тар-цехтық, тар-кәсіптік формада емес, оның *жалпы халықтық* кең өріспен өрлеуінің) және Петербург жұмысшы демократиясының күнделікті органы құрылуының арасында мейлінше тығыз байланыс бар екендігіне күмән болмауға тиіс. Бізге кәсіптік басылымдар жеткіліксіз, бізге өзіміздің саяси газетіміз керек — апрель күндерінде бұқарада, міне, осындай сана бекіді; бізге керегі кез келген саяси жұмысшы газеті емес, нақ алдыңғы қатарлы жұмысшы демократиясының газеті керек; бізге газет біздің жұмысшы күресіне көмектесу үшін ғана емес, сонымен бірге бүкіл халыққа үлгі, шам-шырақ беру үшін де керек.

Май айында өрлеу өзін әлі өте күшті дәрежеде көрсетті. Топтасып қаржы жинау саны орташа алғанда бір күнде төртеуден артық. Бір жағынан, бұл арада апрель-майдың жалпы өрлеуі көрініп отыр. Екінші жағынан, күнделікті газет қазірдің өзінде шыға бастағанымен, алғашқы кезде оның жағдайы ерекше қиын екенін, топтасып қолдаудың ерекше қажет екенін жұмысшы бұқарасы түсінеді.

Июньде топтасып қаржы жинау саны марттағыдан гөрі төмен түседі. Әлбетте, күнделікті жұмысшы газеті шыққаннан *кейін* газетке көмектесудің *басқа бір* формасы туып, шешуші маңыз алғанын, атап айтқанда: оған жазылуды және газетті жолдастардың, таныстардың, жерлестердің т. т. арасында таратуды еске алу керек. «Правданың» барлық сапалы достары оған өздері

жазылумен шектелмейді, газетті үлгі үшін, таныстыру үшін басқа фабрикаларға, көрші пәтерлерге, үйлерге, деревняға, т. т. таратып, жіберіп отырады. Бір өкініштісі, біз топтасып көмек көрсетудің *мұндай түрінің* толық статистикасын ала алмаймыз.

II

Жұмысшылардың осы 504 рет топтасып қаржы жинауы *қалалар* мен фабрикасы бар жерлер бойынша қалай бөлінетінін қарастыру өте-мөте тағлым аларлық. Күнделікті жұмысшы газетін құру жөніндегі үндеуге жұмысшылар Россияның қандай жерлерінде және қандай жігермен үн қосты?

Бағымызға қарай, бұл туралы мәліметтер жұмысшылардың топтасып қаржы жинауының барлығы жөнінде бар; бұл жайында «Звездада», «Невская Звездада» және «Правдада» есептер басылды.

Бұл мәліметтерді бір жерге қосқанда, біз Петербург жұмысшы газетін құру ісінде сөзсіз бастамашы болып отырған Петербургті ең алдымен бөліп алуға тиіспіз;— одан соң келетін 14 қала мен фабрикалы мекендер бар, бұлардан бір жұмысшы тобынан *гөрі артығырақ топтан* қаржы түсті және, ақырында, саны 35 қалған барлық қалалардан жарты жыл бойына жұмысшылардың тек бір-бір ғана тобынан қаржы түсті. Мынадай жағдайды көреміз:

	Барлық топтасып қаржы жинау
Петербург	412
2—12 рет топтасып қаржы жиналған 14 қала	57
1 » » » » 35 »	35
50 қала бойынша жиыны	504

Бұдан көрініп отырған нәрсе — күнделікті жұмысшы газетін құруға белгілі бір дәрежеде Россия *түгелдей дерлік* белсеніп қатысқан. Егер жұмысшылардың демо-

кратиялық баспасөзін провинцияда таратуда қандай қиыншылықтар кездесетінін еске алатын болсақ, онда Петербург жұмысшыларының шақыруына жарты жыл ішінде үн қосқан қалалардың *саны көптігіне* таңдану керек.

Астананы қоспағанда, Россияның 49 қаласы бойынша* жұмысшылардың *тоқсан екі рет* топтасып қаржы жинауы — мұның өзі, ең болмағанда, бастама үшін өте үлкен сан. Бұл арада кездейсоқ, немқұрайды, селқос жәрдемшілер туралы сөз де болмауға тиіс: бұлар—пролетариат бұқарасының бүкіл Россияда бытырап жатқан, бірақ жұмысшы демократиясына саналы тілектестік біріктірген өкілдері екендігі күмәнсыз.

Мынаны көрсетіп өтейік: провинциялық қалалардың алдында тұрған Киев — топтасып қаржы жинау 12, бұдан кейін Екатеринослав — 8, сонан соң барып қана төртінші орында Москва келеді —6. Москваның және бүкілауданның бұл артта қалушылығы Росссияның барлық аудандары бойынша мына жиынтық мәліметтерден бұдан да айқынырақ көрінеді:

1912 ж. январь — июнь айларындағы жарты жыл ішінде күнделікті жұмысшы газетіне жұмысшылардың топтасып қаржы жинауының саны

Петербург және оның төңірегі	415
Оңтүстік	51
Москва және оның ауданы	13
Солтүстік пен Батыс	12
Урал мен Поволжье	6
Кавказ, Сибирь, Финляндия	7
Россия бойынша барлығы	504

Бұл мәліметтерді төмендегі түрде көрсетуге болады.

Россияда жұмысшы демократиясының жандануы тұрғысынан алғанда, пролетарлық Петербург қазірдің

* Қалалар мен мекенді орындардың толық тізбесі мынадай. **СПБ. төңірегі:** Кронштадт, Колпино, Сестрорецк. **Оңтүстік:** Харьков — топтасып қаржы жинау—4, Екатеринослав—8, Ананьев—2, Луганск—3, Херсон, Дондағы Ростов, Павлоград. Полтава, Киев — 12, Астрахань — 4, Чернигов, Юзовка — 3, Минаково, Щербин. руднигі, Рыков руднигі, Белгород, Елисаветград, Екатеринодар, Мариуполь—2, Нижне-Днепровск, Нахичевань. **Москва ауданы:** Родники— 2, Рязань, Тула — 2, Бежецк — 2. **Солтүстік:** Архангельск— 5, Вологда. **Батыс:** Двинск, Вильно, Гомель, Рига, Либава, Мюльграбен. **Урал:** Пермь,

өзінде оянып, өзінің даңқты міндетін орындауда. Оңтүстік оянып келеді. Ал Москва-анамыз, қалған Россиямен бірге, әлі ұйқыда. Оның да енді ояна бастайтын уақыты жетті.

Бүкіл Москва ауданының артта қалушылығы оны басқа *провинциялық* аудандармен салыстырудан айқындалады. Москвадан гөрі Оңтүстік Петербургтен қашық, көп қашық. Сонда да болса, Москва ауданындағыдан гөрі өнеркәсіп жұмысшыларының *саны кем* бола тұрса да, оңтүстік жұмысшылардың топтасып қаржы жинауының саны жағынан бұл ауданнан *төрт есе дерлік* асып түседі.

Москва, сірә, тіпті Урал мен Поволжьеден де кейін қалып қойды, өйткені Москва мен оның ауданындағы жұмысшылардың саны Урал мен Поволжье жұмысшыларының санынан екі есе емес, әлденеше есе артып түседі. Алайда Урал мен Поволжьеде 6 рет топтасып қаржы жинау болып отырғанда Москвада ауданын қоса алғанда бар болғаны 13 рет топтасып қаржы жинау болып отыр.

Әрине, Москваның және оның ауданының артта қалғанына, сірә, ерекше екі жағдай әсер еткен болу керек. Біріншіден, мұнда тоқыма өнеркәсібі басым. Ал бұл өнеркәсіпте конъюнктура яғни рынок үшін және өндірістің азды-көпті жандануы үшін жағдай, мысалы, металлургия саласындағыдан гөрі нашар болды. Сондықтан тоқымашылар стачкаларға азырақ қатысты, саясатқа және жұмысшы демократиясына азырақ көңіл аударды. Екіншіден, Москва ауданында меңіреу түкпірлерге салынған бытыраңқы фабрикалар көп; үлкен қаладан гөрі бұларға газеттің жетуі қиынырақ.

Бірақ қайткен күнде де келтірілген мәліметтерден біздердің бәріміз үшін күмәнсыз бір сабақ туады. Москвада жұмысшы газетін таратуға барынша жіті назар аударылуға тиіс. Москваның артта қалушылығына төзу мүмкін емес. Москвасыз Петербург — сыңары жоқ жал-

---

Кыштым, Миньяр, Оренбург. **Поволжье:** Сормово, Балаково селосы. **Кавказ:** Баку — 2, Грозный, Тифлис. **Сибирь:** Тюмень және Благовещенск. **Финляндия:** Гельсингфорс.

ғыз қолмен бірдей екенін әрбір саналы жұмысшы түсінеді.

Москвада және оның ауданында Россияның фабрика-завод жұмысшыларының *басым* көпшілігі шоғырланған. Мысалы, 1905 жылы мұнда, үкіметтің өзінің статистикасы бойынша, 567 мың фабрика-завод жұмысшысы болды, яғни Россия бойынша олардың барлық санының (1 660 мың) *үштен бірінен артығырақ* және Петербург округіндегіден (298 мың) анағұрлым көп. Сондықтан жұмысшы газетінің оқушылары мен достарының саны жағынан, жұмысшы демократиясының саналы өкілдерінің саны жағынан Москва ауданы *бірінші* орында тұруға тиіс. Әрине, Москваның *өзіне тән* күнделікті жұмысшы газеті болуға тиіс.

Ал әзірге Петербург оған көмектесуге тиіс. «Правданың» оқушылары өздеріне және өз достарына күнде ертеңгісін: «жұмысшылар, москвалықтарды есте ұстаңыздар!» деп айтуға тиіс.

III

Келтірілген мәліметтер тағы бір, өте маңызды және практикалық көкейтесті тұрғыдан алғанда өзіне біздің көңілімізді аударуға тиіс. Саяси газет—қазіргі заманғы қоғамның қайсы бір табының болсын жалпы алғанда елдің саяси өміріне қатысуының, ал жекелеп алғанда сайлау науқанына қатысуының да негізгі шарттарының бірі болып табылатынын әркім түсінеді.

Сонымен, жалпы алғанда жұмысшыларға да газет керек, атап айтқанда IV Дума сайлауын өткізу үшін керек. Жұмысшылар III Думадан да, IV Думадан да ешбір жақсылық күте алмайтынын өте жақсы біледі; бірақ біз сайлауға қатысуға тиіспіз, біріншіден, сайлау кезінде, партиялық күрес және бүкіл саяси өмір жанданатын кезде, *бұқара* қайткенде де *саясатқа үйренетін* кезде, жұмысшы бұқарасын топтастыру және саяси тұрғыдан көзін ашу үшін, ал екіншіден, өзіміздің жұмысшы депутаттарымызды Думаға өткізу үшін қатысуға тиіспіз. Егер бұл депутаттар нағыз жұмысшы демократтар болса, егер олар бұқарамен байланысты болса, ал бұқара оларды бағыттап, тексеріп үйренсе, жұмыс-

шы депутаттар тіпті мейлінше қара, нағыз помещиктік Думада да жұмысшы ісіне көп пайда *келтірді* және көп пайда келтіре алады.

1912 жылдың бірінші жартысында Россиядағы саяси партиялардың *бәрі* партиялық күштерді сайлау алдында *мобилизациялау* деп аталатын нәрсені бастап, шын мәнісінде, *қазір* оны *аяқтады*. Мобилизация — әскери сөз. Оның мәнісі: әскерді жауынгерлік әзірлікке келтіру. Соғыс алдында әскердің жауынгерлік әзірлікке келтірілетіні, запастағылардың шақырылатыны, қару-жарақ пен соғыс снарядтарының үлестірілетіні сияқты,— сайлау алдында да барлық партиялар өз жұмысына қорытынды жасайды, партияның көзқарастары мен ұрандары жөніндегі өз шешімдерін қостайды, өз күштерін жинайды, барлық басқа партиялармен күреске әзірленеді.

Бұл жұмыс, қайталап айтамыз, шынында, қазірдің өзінде аяқталды. Сайлауға дейін *бірнеше апта* қалды; осы уақыттың ішінде сайлаушыларға, бұқараға ықпалды күшейту үшін күш салуға болады, күш салу керек те, бірақ егер партияның өзі (әрбір таптың партиясы) жарты жыл бойына әзірленбеген болса, онда енді оған ештеме жәрдем етпейді, қазірдің өзінде ол сайлауда *ноль* болып шығып отыр.

Міне, сондықтан біздің статистикамыз қамтитын жарты жыл — IV Думаның сайлауы алдында жұмысшы күштерін *үзілді-кесілді* мобилизациялаудың жарты жылы. Бұл жарты жыл — жұмысшы демократиясының барлық күштерін мобилизациялаудың жарты жылы; бұл, әлбетте,— тек думалық күрес жөнінде ғана емес, бірақ біз әзір өз назарымызды дәл осы соңғыға аударып отырмыз.

Бұл арада «Невская Звезданың» 16-номерінде және «Правданың» 61-номерінде таяуда қозғалған бір мәселе туады. Бұл—Петербургте, 1912 жылдың январынан бастап, «Живое Дело» мен «Невский Голос» газеттерін шығарушы жойымпаздар дейтіндер туралы мәселе. Жойымпаздар, өздерінің жеке газеттері болғандықтан, сайлауда жұмысшы демократиясының «бірлігі» үшін өздерімен, жойымпаздармен, «келісімге келу» қажет

деседі, бұлай болмаған күнде «қос кандидатура» болу елесімен қорқытады[151].

Бұл қорқыту әрекеттерінің нәтижесі, сірә, осы кезге дейін өте шамалы болған болу керек.

Ал бұл әбден түсінікті. Жойымпаздар және либералдық жұмысшы саясатын жүзеге асырушылар деп әділ аталған адамдармен елеулі түрде қалай санасуға болады?

Бірақ, мүмкін, бұл интеллигенттер тобының қате, социал-демократиялық емес, көзқарастарына еріп отырған жұмысшылар дегенмен көп болар? Онда бұл жұмысшыларға ерекше назар аудару керек емес пе екен? Бұл сұраққа жауап беру үшін біздің қазір объективті, ашық және әбден дәл мәліметтеріміз бар. 1912 жылдың бүкіл бірінші жартысы бойына жойымпаздардың «Правдаға», «Невская Звездаға», «Звездаға» және жалпы жойымпаздарға қарсылардың бәріне шабуыл жасау жөнінде айрықша көп жігер жұмсағаны мәлім.

Ал жойымпаздардың жұмысшылар арасында қандай табысы болды? Бұған күнделікті жұмысшы газетіне жиналған, жойымпаздық газеттер — «Живое Дело» мен «Невский Голос» жариялап келген қаржылар айғақ болады. Жойымпаздар күнделікті газеттің қажеттігін өте ерте, 1910 жылдан болмаған күнде, 1911 жылдан бастап мойындап келді, сөйтіп бұл идеяны өз жақтаушыларының арасында бар күшін салып уағыздап келді. 1912 жылғы 20 январьдан шыға бастаған «Живое Дело» газеті осы мақсат үшін өзі алып отырған қаржылары туралы есептерді 1912 жылдың февралынан баса бастады.

Бұл қаржылардан (бұлар 1912 жылдың бірінші жартысы ішінде 139 сом 27 тиын болды), біз мұны жойымпаздық емес газеттер үшін қалай істесек дәл солай етіп, жұмысшылардың *топтасып қаржы жинауын* бөліп аламыз. «Живое Делоның» барлық 16 номеріне және «Невский Голостың» бес номеріне («Невский Голостың 6-номері июльде барып шықты) қорытынды жасаймыз,— тіпті «Живое Делоның» өзін қолдауға жиналған қаржыларды да қосамыз (біз жойымпаздық емес газеттерден мұндай қаржылар туралы мәліметтерді алмасақ

та). Жұмысшылардың жарты жыл ішіндегі топтасып қаржы жинауының жалпы саны туралы мынадай мәліметтерді көреміз:

1912 жылдың 1-жарты жылы ішінде күнделікті жұмысшы газетіне жұмысшылардың топтасып қаржы жинауының саны

	Жойымпаздық емес газеттерге	Жойымпаздық газеттерге
Январь	14	0
Февраль	18	0
Март	76	7
Апрель	227	8
Май	133	0
Июнь	34	0
Барлығы	504	15

Сонымен, интеллигент жойымпаздардың үйірмесі жанталаса күш салып *жарты жыл* бойына *бар болғаны 15 жұмысшы тобының* қолдауын қамтамасыз ете алды!

1912 жылғы январь айынан бері жойымпаздардың бұдан артық күйрей жеңілуі болды деп ойлауға бола ма? Біздің алдымызда тұрғандар—интеллигент жойымпаздардың жартылай либералдық журнал мен газетті шығаруға қабілетті, бірақ азды-көпті елеулі пролетарлық бұқаралық тіректен мүлде құр алақан үйірмесінің дәл өзі екенінің бұдан гөрі дәлірек дәлелдемесі бола қояр ма екен?

Жұмысшылардың топтасып жинаған қаржыларының жойымпаздарға түскендерінің аудандар бойынша бөлінуі туралы тағы бір мәліметтер мынадай [486-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]:

Сонымен, жарты жыл уақыттың ішінде жойымпаздардың оңтүстіктегі жеңілісі тіпті Петербургтегіден де гөрі күштірек.

Жұмысшы статистикасының қарама-қарсы бағыттардағы газеттерде тұтас жарты жыл бойына ашық басылған осы дәл мәліметтері «жойымпаздық» туралы мәселені біржола шешіп береді. Жойымпаздыққа қарсыларды

1912 жылдың 1-жарты жылы ішінде күнделікті жұмысшы газетіне жұмысшылардың топтасып қаржы жинауының саны

	Жойымпаздық емес газеттерге	Жойымпаздық газеттерге
Петербург және оның төңірегі	415	10
Оңтүстік	51	1
Москва және оның ауданы	13	2
Солтүстік пен Батыс	12	1
Урал мен Поволжье	6	0
Кавказ, Сибирь және Финляндия	7	1
Барлығы	504	15*

қаншама даттап, оларға қаншалықты жала жапқанмен, бірақ жұмысшылардың топтасып қаржы жинаулары туралы дәл мәліметтерді теріске шығаруға болмайды.

Жойымпаздардың «қос кандидатура» туралы қорқытуын «Невская Звезданың» да, «Правданың» да елеулі нәрсе деп неге ескермегені енді әбден түсінікті. Жарты жыл бойындағы ашық күресте өздерінің нольден артықтығы шамалы екенін көрсеткен адамдардың қорқытуын елеулі нәрсе деп ескеру кісі күлерлік болар еді. Жойымпаздықты қорғаушылардың бәрі «Живое Дело» мен «Невский Голоста» бірікті. Сөйтіп олардың бәрі бірігіп жарты жыл ішінде өз жағына он бес жұмысшы тобын тартты!

Жойымпаздық — жұмысшы қозғалысында түк емес; ол тек либерал интеллигенцияның арасында ғана күшті.

IV

Жұмысшылардың жинаған түрлі қаржылары туралы «Правдада» басылған мәліметтер, жалпы айтқанда, өте-мөте қызықты материал болып табылады. Біз бұл арада жұмысшы қозғалысының және орыс жұмысшы демократтары өмірінің мейлінше әр түрлі жақтары бойынша бірінші рет барынша дәлме-дәл мәліметтер алып

* Москва — 2, Нахичевань, Новониколаевск мен Архангельск бір-бірден.

отырмыз. Бұл мәліметтерді қарастыруға біз әлі талай рет ораламыз деп сенеміз.

Ал қазір, жұмысшылардың күнделікті газетке топтасып жинаған қаржылары туралы мәліметтерге шолу жасауды аяқтай келіп, біз бір практикалық қорытындыны көрсете кетуге тиістіміз.

Жұмысшылар *өз* баспасөзі үшін «Звезда» мен «Правдаға» топтасып 504 рет жарна берген. Өзінің жұмысшы баспасөзін құрып, оны қолдаудан басқа ешқандай мақсатты жұмысшылар мүлде көздеген жоқ. Дәл сондықтан жарты жыл ішіндегі осы мәліметтердің қарапайым шындық ақпары Россиядағы жұмысшы демократиясы өмірінің тамаша бағалы суретін жасап берді. Бірлесіп жиналған, «пәленде́й фабриканың жұмысшылар тобынан» деген белгі қойылған бес тиын мен он тиын жұмысшылардың ниет-пиғылы туралы да, олардың саналылығы, топтасқандығы, жұмысшы ісіне ден қойғыштығы туралы да пікір айтуға мүмкіншілік берді.

Міне, сондықтан жұмысшылардың осылай топтасып қаржы жинау дәстүрін, апрель-май өрлеуі орнатқан дәстүрін бұдан әрі жалғастыру, дамыту, кеңейту сөзсіз керек,— және қаржылар туралы «Правдада» үнемі болып келген есептер сияқты есептер, әлбетте, қажет.

Жұмысшы баспасөзінің беріктігі тұрғысынан да,— жұмысшы демократиясының жалпы мүдделерінің тұрғысынан да,— бұл дәстүрдің зор маңызы бар.

Жұмысшы баспасөзін дамытып, оны берігірек ету керек. Бұған ақша керек. Жұмысшылар арасында қаржыларды үнемі және жаппай жинаған жағдайда ғана қажырлы еңбек арқылы Россияда жұмысшы газеттерін қанағаттанарлық түрде жолға қоюға болады. Америкада бір жұмысшы газеті бар («Парасатқа Шақыру»[152]); бұл газеттің *жарты миллионнан аса* жазылушылары бар. Бізге белгілі бір мәтелді өзгертіп: өзінің американ бауырын қуып жетіп, басып озуға сенбейтін орыс жұмысшысы жаман жұмысшы дер едік.

Бірақ істің финанс жағы емес, басқа жағы анағұрлым, әлдеқайда маңыздырақ. Айталық, фабриканың түрлі бөлімдерінің жүз жұмысшысының әрқайсысы жалақы алғанда жұмысшы газетіне *бір тиыннан* тө-

лейді делік. Айына барлығы екі сом болады. Айталық, екінші жағынан, жақсы табыс табатын он жұмысшы әлдеқалай кездесіп, бірден он сом жинады делік.

Бірінші екі сом екінші он сомнан қымбат. Мұның әрбір жұмысшыға айқындығы сонша, бұл жерде ұзақ түсіндіріп жататын ештеме жоқ.

Әрбір жалақы алғанда *әрбір* жұмысшының жұмысшы газетіне *бір тиыннан* төлеуін әдетке айналдыру керек. Газетке жазылу өз ретімен жүре берсін, осы кезге дейін төлеп келгеніндей, кімде-кім артық төлей алса төлей берсін. Бірақ ең маңызды нәрсе,— оның үстіне, *«жұмысшы газетіне тиын берілсін»* деген дәстүрді қалыптастырып, тарату керек.

Бұл қаржы жинаудың бүкіл маңызы мынада: ол қаржы үзіліссіз, әрбір жалақы алғанда дұрыс жиналсын және осы үнемі қаржы жинауға жұмысшылар барған сайын көбірек қатыстырылсын. Есептерді жай ғана былай деп басуға болады: «мұнша тиын» — демек пәленқдей фабриканың мұнша жұмысшысы жұмысшы газетіне жарна төледі,— ал сонан соң, неғұрлым ірі жарналар болатын болса, былай басуға болады: «мұның үстіне мұнша жұмысшы мұнша берді».

Егер *жұмысшы газетіне тиын берудің* осы дәстүрі орнығатын болса, онда орыс жұмысшылары өз газеттерін таяуда тиісті дәрежеге қояды. Жұмысшы газеті неғұрлым әр түрлі материалды, жексенбілік қосымшаларды, тағы сондайларды көп беруге тиіс; оның Думада да, Россияның барлық қалаларында да, шетелдегі ірі қалаларда да өз тілшілері болуға тиіс. Жұмысшы газеті *үнемі* дамып, жақсарып отыруға тиіс,— ал мұның өзі мүмкіндігінше жұмысшылардың неғұрлым көбі өз баспасөз органдарына үнемі қаржы жинап отырмайынша мүмкін емес.

Жұмысшы тиыны туралы мәліметтердің ай сайынғы ақпары Россияның барлық түкпірлері жұмысшыларының жайбарақаттық пен самарқаулықты қалай серпіп тастап жатқанын, парасатты мәдени өмірге,— бұл сөздің әншейін сырт көздік және либералдық мағынасында емес,— олардың қалай ояныи келе жатқанын жұрттың бәріне көрсететін болады. Жұмысшы демократиясына

ден қоюдың қалай өсіп келе жатқанын, Москваның да, барлық үлкен қалалардың да өз жұмысшы газеттері болатын уақыттың қалай жақындап келе жатқанын анық көруге болады.

Буржуазиялық «Копейканың»[153] бізде үстемдік етуі жетер! Принципсіз жалдаптық газетсымақтың үстемдігі жетерліктей болды. Жұмысшылардың бірігіп жинаған қаржыларының қандай зор табысқа жеткізе алатынын Петербург жұмысшылары айналдырған жарты жыл ішінде көрсетті. Олардың үлгісі, олардың бастамасы босқа кетпесін. *Жұмысшы газетіне жұмысшы тиыны* деген дәстүр өрістеп, нығая түссін!

1912 ж. 12—14 (25—27) июльде жазылған

1912 ж. 29 және 31 июльде, 1 және 2 августа «Правда» газетінде 78, 79, 80 және 81 номерлерінде басылған
Қол қойған: Статистик

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

РСДРП ІШІНДЕГІ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙ ЖӨНІНДЕ [154]

1912 ж. 17 (30) июль мен 20 август (2 сентябрь) аралығында жазылған; постскриптум — 2(15) сентябрьде жазылған; бастапқы постскриптум—20 және 24 август (2 және 6 сентябрь) аралығында жазылған

«Zur gegenwartigen Sachlage in der sozialdemokratischen Arbeiterpartei Rußlands» деген атпен 1912 ж. Лейпцигте жеке кітапша болып басылған

Орыс тілінде бірінші рет 1924 ж. Н. Лениннің (В. Ульяновтың) Шығармалар жинағында басылған, XII том, I бөлім; бастапқы постскриптум—1948 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 4-басылуында басылған, 18-том

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр
Орысшасы немісшеден аударылған;
бастапқы постскриптум қолжазба бойынша басылып отыр

РСДРП ішіндегі аршалысқан күрес пен түбірлі алауыздықтар туралы хабарларды неміс жолдастардың жиі оқып тұруына тура келеді. Өкінішке орай, мұндай хабарлар жекелеген эмиграанттық топтардың арасынан шығады; көпшілігінде бұл хабарларды қазіргі кезеңде Россиядағы істердің шын жағдайымен не мүлдем таныс емес адамдар немесе бір жақты партиялық-саяси түсіндірулер арқылы неміс жолдастарды әдейі адастырғысы келетін адамдар береді. Осындай әрбір эмиграанттық топтың өзінің «бағыты» бар, ал шындығында бұл топ күрес жүргізіп отырған орыс жұмысшы партиясымен қандай да болсын нақты байланысын жоғалтқан адамдардан немесе тіпті ешқашан байланысы болмаған адамдардан тұрады. Осындай «хабаршылардың» бірі, өкінішке орай, «Vorwärts»-тің сеніміне ие болып алыпты. Герман социал-демократиялық жұмысшы партиясының Орталық Органы өзінің бірқатар мақалаларында орыс партиясы жөніндегі көз көріп, құлақ естімеген жаланың—әлгі хабаршының қаламынан құйылған және бейне «объективті» деректерден шығып отырған тәрізді жаланың тасқынына орын берді.

Шындығында, бұл деректер мейлінше «субъективті» және мейлінше жалған деректер болды. «Vorwärts» біздің *іс жүзіндегі түзетуімізді* баспағандықтан, біз ««Vorwärts»-тегі аноним және РСДРП ішіндегі істердің жайы»* деген атпен жеке кітапша шығаруға мәжбүр

* Қараңыз: осы том, 223—237-беттер. *Ред.*

болдық, бұл кітапша бірнеше жүз дана болып шықты да, азды-көпті елеулі деген барлық неміс партия ұйымдарының басқармаларына және партия баспасөзінің ең маңызды органдарының редакцияларына жіберілді.

Бұл кітапшаның нағыз шындық материалдарына «Vorwärts» *бірде-бір қарсылық* жасай алмады, сөйтіп оны үн-түнсіз мойындады.

Өзіміздің неміс партиялық жолдастарымыздың өздеріне жетіп жатқан кейбір хабарлардың анық-қанығына жетуіне мүмкіндік беру үшін біз бұл жерде РСДРП Орталық Комитетінің Герман социал-демократиялық партиясы Басқармасына жіберген хатын келтіріп отырмыз. Латыштар сайлау науқанына материалдық қолдау жасау туралы мәселе бойынша он бір «орталықтың» жалпы кеңесін ұйымдастыру жөнінде Басқармаға ұсыныс енгізді, осыдан кейін Басқарма жаңағы орталықтардың осы мәселеге көзқарасын сұрады. Бұл хат Орталық Комитеттің жауабы болып табылады, онда былай делінген:

30 июль, 1912 ж.*

ГЕРМАН СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫНЫҢ БАСҚАРМАСЫНА

Құрметті жолдастар!

Біз жуырда Латыш социал-демократиясының шетелдегі комитетінің 24 июньде сіздерге жіберген хатының көшірмесін алдық. Біз бұл латыштардың таңданарлық жоспарын сіздерге түсіндіріп жатуды артық деп санадық, өйткені мән-жайға қанық бірде-бір адам бұл жоспарға мән бере қоймас деген пікірде болдық. Алайда сіздердің 22 июльде бізге жазған хатыңыздан сіздердің бұл жоспарды қабылдамақшы болып отырғандарыңызды біліп таң қалдық. Бұл бізді үзілді-кесілді қарсы шығуға мәжбүр етеді, сол қарсылығымызды сіздерге жолдап та отырмыз. Басқарманың бұл ниеті объективті жағынан алғанда, біздің партияның (РСДРП) ішінде жік туғызуға және бізге дұшпан, жаңа партияның құры-

* Бұл хат мұнда азын-аулақ стилистикалық өзгерістермен келтіріліп отыр.

луына жәрдемдесу әрекетінен басқа түк те емес. Бұл — осы уақытқа дейін бүкіл Интернационалда естілмеген іс. Біз мұны неміс жолдастарға толық түсіндіреміз.

1912 ЖЫЛҒЫ ЯНВАРЬДАН БЕРГІ РСДРП ІШІНДЕГІ ЖАҒДАЙ

1912 жылы январь айында РСДРП Бүкіл россиялық конференциясы болды, ол Петербург, Москва, Москва округі, Қазан, Саратов, Тифлис, Баку, Николаев, Киев, Екатеринослав, Вильно және Двинск ұйымдарының делегаттарынан құралды. Бұл конференция партияны қалпына келтірді, жойымпаздар жойған Орталық Комитеттің орнына жаңа Орталық Комитет сайлады, сонымен қатар конференция бұл жойымпаздарды партиядан тыс деп жариялауға мәжбүр болды (««Vorwärts»-тегі аноним және РСДРП ішіндегі істердің жайы» деген кітапшаны қараңыз, бұл кітапша Басқармаға жіберілген болатын; онда жойымпаздардың, ұлттық ұйымдар: поляктардың, латыштардың, Бундтың және шетелдік топтардың наразылықтары жөнінде ескертілген болатын).

Сонымен қатар жаңа конференция шақыру үшін, жойымпаздар және олардың достары атағанындай «жалпы партиялық конференцияны» шақыру үшін Ұйымдастыру комитетін құру мақсатымен январьда кеңес болды.

Латыштар 24 июньде Басқармаға жазған хатында бұл «Ұйымдастыру комитетін» төмендегі ұйымдар мен бағыттар: Бунд, латыш социал-демократтары, Кавказ облыстық комитеті, меньшевиктердің «Голос Социал-Демократасы», Вена «Правдасы» және «Вперед» тобы құрады деп сендіреді.

Сонымен, бір жағында, конференцияда орыс ұйымдары, яғни Россияда жұмыс істейтін ұйымдар сайлаған РСДРП Орталық Комитеті (мұны қарсы жақтағылар лениндік бағыт деп атайды); екінші жағында — Ұйымдастыру комитеті деп аталатын, «жалпыға бірдей» партиялық конференция шақыруды уәде етіп отырған комитет.

ОСЫ КЕЗГЕ ДЕЙІН БЕЙТАРАП БОЛЫП КЕЛГЕН ОРЫС СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ ДЕЙТІНГЕ КӨЗҚАРАСЫ ҚАЛАЙ?

Меньшевиктердің ең бір белгілісі, жойымпаздардың партияны жоюына қарсы батыл күрескен Плеханов шақырғанға қарамастан январьдағы партия конференциясына келмеді. 1912 жылы апрель айында ол Ұйымдастыру комитетінің өкілімен өзінің жазысқан хаттарын жариялады (оның «Дневник Социал-Демократасының» 16-номерін қараңыз).

Плеханов Ұйымдастыру комитеті дейтінге қатысудан бас тартты, ол мұны Бунд конференцияны қазіргі бар партия ұйымдарынан шақырып отырған жоқ, *«құрылтай» конференциясын, яғни жаңа партияны құруға тиісті конференцияны* шақырып отыр деп түсіндірді. Ұйымдастыру комитетін шынында бір ғана өздері қолдап отырған инициативалық топтар дегендер, Плехановтың айтуынша,— партияға жатпайтын және жаңа партияны құрғысы келетін жойымпаздық топтар болып табылады. «Жаңа конференцияны жойымпаздар шақырып отыр»,—деп жазады Плеханов 1912 жылы апрельде.

Енді, міне, июльде осы Ұйымдастыру комитеті «Листогының» 3-номері шықты. Мұнда Плехановқа жауап ретінде бір ауыз сөз де, үн де жоқ. Латыштардың,— латыштар дегенде, «лениндік» Орталық Комитет Ұйымдастыру комитетінің хаттарына жауап бермейді деп шағым етіп отырған латыштардың — Басқармаға қалай хабарлап отырғанын осыдан көруге болады.

Партияның, байырғы партияның Орталық Комитетінің, осы кезге дейін бейтарап болып келген Плехановтың айтуынша, жаңа партия құрып жатқандарға жауап бермеуі шынымен-ақ соншама таңырқарлық нәрсе ме? Ұйымдастыру комитеті өзінің жаңа партия құрмайтындығын және байырғы партияны жоймайтындығын, ең алдымен, бейтарап Плехановқа дәлелдеуі керек.

Ұйымдастыру комитетіне қатысушы латыштар, жойымпаздардың осы Ұйымдастыру комитетінің партияға қарсы жарты жыл бойындағы күресінен кейін, 24 июньде Басқармаға жүгінгенде бұл күрестің нәтижесін фактілермен, документтермен көрсетуге тиіс еді; мұның

орнына латыштар Басқармаға **жойымпаздардың Потемкин деревняларын** көрсетіп отыр.

Латыштар Басқармаға Россия социал-демократиясының он бір «ұйымдық» орталығын, ұйымдары мен фракцияларын шақыруды ұсынды. Дәл осылай болды (латыштардың Басқармаға жазған 24 июньдегі хатының 4-бетін қараңыз).

Осы кезге дейін бүкіл дүние жүзінде партиялар жергілікті ұйымдардан құралып келді; бұларды бір орталық мекеме біріктіреді. Бірақ орыс және латыш жойымпаздары 1912 жылы үлкен жаңалық ашты.— Енді бұдан былай партияны «орталықтардан, ұйымдардан және фракциялардан» құруға болады екен.

Латыштық-жойымпаздық ең жаңа сайлау геометриясы бойынша, 11 ұйымдық орталыққа, ұйымдарға және фракцияларға жататындар: біріншіден Ұйымдастыру комитеті және екіншіден, *осы Ұйымдастыру комитетін құратын* 6 фракция немесе ұйымдар немесе орталықтар. Латыштардың хатында нақ осылай делінген: «2-ден 7-ге дейінгі пункттер Ұйымдастыру комитетін құрады».

Сонымен партияны жоюшы интеллигенттік топтар, азып-тозған жерлердегі аристократтар тәрізді, *үш еселік* сайлау правосын алады:

1) Кавказ облыстық комитеті — жалған ұйым;

2) тағы да сол — Париж «Голосы» атынан, «Голостың» Кавказдан алған тұрақты мандаты болмаса да;

3) тағы да сол — «Ұйымдастыру комитеті» атынан.

Біздің айтарымыз сол, қос кандидатуралар туралы мәселені, яғни мардымсыз шетелдік топтармен бірігіп жік туғызбақ болған жойымпаздардың әрекеті туралы мәселені талқылау жөніндегі пікірге орыс жұмысшылары ашынғандықпен, жиреніштен қарап қабылдамай тастайды, оның үстіне бұл топтар тек іріткі салушы интеллигенттер болғандықтан да осылай етеді.

Біздің үзілді-кесілді айтарымыз сол, партияға қарсы күрес жүргізіп жатқан шетелдік топтардың тіпті бірдебірі өздерінің органдарын шығару үшін немесе өздерінің листоктарын жариялау үшін соңғы жарты жылдың ішінде Россия ұйымдарының ешбіреуінен де мандат

алған жоқ. Латыштар Басқармаға керісінше дәлелдегісі келеді; онда бұлар орыс баспасөзінде 22 июльге дейін болған сондай мандаттың ең болмағанда біреуін болса да көрсетсінші.

«Голос Социал-Демократа» Россия ұйымдарының қайсысының болса да органы емес.

Троцкийдің Венадағы «Правдасы» да Россия ұйымдарының қандайының болсын органы емес. Бұдан үш жыл бұрын «Правда» украиндық «Спилканың» [155] (Оңтүстік Россия) органы болатын, бірақ «Спилка» өзінің мандатын әлдеқашан жойған.

«Вперед» те, Плеханов та, «партияшыл-большевиктер» де Россиядағы қандай да бір ұйымның партиялық органдары болып саналарлық ешқандай органдар шығармайды.

Шындығында жоқ топтарға сүйену өте оңай. «Тілектестік» хат-хабар басу да қиын емес.— Бірақ Россияда жұмыс істейтін ұйымның органын ең болмағанда жарты жыл болса да жүргізу үшін тұрақты байланыс керек, жергілікті жерлердегі жұмысшы бұқарасының толық сенімі керек, тактикалық көзқарастардың бірлігі болу керек, ал бұл ұзақ уақыт бірлесіп жұмыс істеудің нәтижесінде ғана болуы мүмкін. Латыш және Бунд іріткі салушылары партияға қарсы жұмылдырып отырған шетелдік топсымақтарға осылардың бәрі де жетіспей отыр.

P. P. S. жөнінде қысқа айтамыз. Бұл өзі *социал-демократиялық* ұйым *емес*. Ол СДРП-да *ешқашан* болған емес. Оны тарту үшін бір ғана негіз бар, атап айтқанда: ол социал-демократиялық болуға және жойымпаздарға қосылуға «уәде беріп отыр»! — Іріткі салушылар үшін және жік туғызуды сүйетіндер үшін, әлбетте, осының өзі жетіп жатыр! Егер бірігіп талқылауға P. P. S.-ты қатыстыру керек болатын болса, онда Дума сайлауына қатысып отырған социалист-революционерлерді, сионист-социалистерді, латыш эсер одағын және сол сияқты «бағыттарды» да неге тартпасқа?

III ДУМАДАҒЫ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ФРАКЦИЯ

Ұйымдық орталықтардың санына Басқарма шетелдік топсымақтарды кіргізді, ал оған керісінше *Думадағы социал-демократиялық фракцияны шақырмады.* Адам сенгісіз болғанымен бұл факт. Біздің шетелдік жолдастарды Троцкий және К°-ның қалайша адастырып отырғанын білу орыс жұмысшыларына пайдалы болады. Латыштар 24 июньдегі хатында Басқармаға былай деп жазады:

«Думадағы социал-демократиялық фракцияға келетін болсақ, онда сайлау науқанына материалдық жәрдем беру жайындағы мәселеде араға жүруші ретінде ол туралы сөз болуға да тиіс емес, өйткені Дума сессиясы аяқталып келеді, ал сонымен бірге Думадағы фракция өзінің уәкілдігінен айрылады» (әлдеқәше рет аталып өткен хаттың 2-беті).

Бұл не біле тұра алдағандық, не Россиядағы сайлау туралы Брюссель латыштарының қаншалықты хабардар екендігін жеткілікті түрде айқын сипаттайтын шексіз саяси надандық.

Хат 24 июньде жазылған. III Дума 9 июньде, яғни жаңаша 22 июньде ресми түрде белгісіз уақытқа таратылып жіберілді,— бірақ барлық депутаттар, оның ішінде социал-демократтар да өздерінің уәкілдігін сақтап қалды. Соңғылар *осы кезге дейін Дума депутаттары* болып табылады — бұл Россиядағы сауатты жұмысшылардың қайсысына болса да белгілі. Бірақ бұл партияға жала жабушы шетелдік жалақорларға белгісіз.

Россиядағы бірден-бір жария социал-демократтар, елдің қай жерінде болса да, бірден-бір ресми ұйым болып отырғандар — III Думадағы нақ осы социал-демократиялық фракцияның мүшелері ғана.

Жойымпаздардың бәрі де бұл фракцияны жек көреді. Жойымпаздардың газетсымақтары («Наша Заря») фракцияны сөгіп даттайды, үйіп-төгіп жала жабады, шетелдік іріткі салушылардың бәрі ол туралы өсек таратады. Не себепті? Оның себебі, қашанда партияшыл-меньшевиктер басым болып келген фракцияның көпшілігі жойымпаздарға қарсы үнемі батыл күресті және

Петербургте оларды мүлдем зиянсыз етіп тастауға көмектесті.

Біз «... аноним және т. т.» деген кітапшада бір мәнді фактіні жарияладық. Оган қарсы ешкім бір ауыз сөз айта алмады. Фракцияның тек *екі* мүшесі ғана жойымпаздар газеттеріне үнемі жазып тұрады. Жойымпаздарға қарсы газеттерге фракцияның *сегіз* мүшесі үзбей жазады*.

Ал латыштар мен Троцкий болса Басқармаға бірлігін сақтап қалғап осы бірдеп-бір бүкіл россиялық коллективті кеңестен шығаруды ұсынады! — Егер латыштар, тіпті 24 июньде Россиядағы барлық жұмысшыларға белгілі болған нәрсені білмегендіктен адасқан болса, онда олар 22 июльге дейін, яғни тұтас бір ай өткенге дейін қатесін түзетуге неге тырыспады? Қателесушілер үшін өте-мөте пайдалы қателер болады.

Басқарманы алдаған латыштар мен жойымпаздардың ниеті, Россиядағы партия көпшілігіне қарамастан, Думадағы социал-демократиялық фракцияның көпшілігіне қарамастан, шетелдік жалған топсымақтар блогының көмегімен жойымпаздардың кандидаттарын тақып, неміс жұмысшыларынан алдап ақша алуға келіп саяды.— Ұзақ сөздердің (латыштардың, бундшылдардың, Троцкий және К^{0}-ның) қысқаша мәні осындай.

Бірақ бұл алдау жазаланбай қалмайды.

ПАРТИЯ ЫҚПАЛЫМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА ЖОЙЫМПАЗДАРДЫҢ ЫҚПАЛЫ ТУРАЛЫ РЕСМИ ТЕКСЕРУГЕ КЕЛЕТІН МӘЛІМЕТТЕР

Жойымпаздарға тілектес жалған, жасырын «ұйымдар» туралы бос сөздерге мүлдем сенуге болмайтындығын парасатты адамның қайсысы болса да түсінеді.

Біз жойымпаздардың Россиядағы ұйымдарының бәрі — жалған ұйымдар деп мәлімдейміз.

Россияның социал-демократиялық топтарындағы істердің жайы туралы өзінің қолында дәлме-дәл мәліметтері жоқ адамның ақиқатты анықтауы қиын. Бірақ егер

* Қараңыз: осы том, 235—236-беттер. *Ред.*

сөзге сенбей, документтер бойынша ақиқатты іздейтін болса, олардың мәнін тексеретін болса, онда ақиқатты ол да табуы мүмкін. Тексеруге болатын жалпыға белгілі бірінші фактіні біз бұрын келтірдік те — ол Думадағы социал-демократиялық фракция күшінің жойымпаздар мен жойымпаздарға қарсылардың арасында бөлінуі.

Ал қазірде, жойымпаздардың партияға қарсы жарты жыл күресуінен кейін, әбден объективті және одан да гөрі неғұрлым сенімді мынадай фактілер бар.

Латыштар 24 июньдегі хатында (5—6-беттерінде) Петербургтегі маркстік жария газеттер жайлы айтады. Олар меньшевиктік бағытты («Голос Социал-Демократаның» бағытын) жүргізіп отырған «Живое Дело» мен «Невский Голосты» атайды және бұларга «Звезда» мен Петербургтегі «Правда» (мұны Троцкийдің Венадагы жойымпаздық «Правдасымен» шатастырмау керек) газеттерін қарама-қарсы қояды; латыштардың мәлімдеуінше бұлар *«Ленин тобының билігіндегі және соның басшылығындағы»* газеттер.

Бұл айтқандары мейлі орынсыз-ақ болсын, дегенмен латыштар бұл жерде өз еркінен тыс жойымпаздарға қарсы елеулі факті келтіріп отыр.

Егер «ашық партия»— жойымпаздардың тек либералдық бос сөзі болса, онда Думада және баспасөз бетінде жүргізіліп отырган ашық *жұмыс* — маркстік насихаттың басты жұмысы. Жойымпаздардың және жойымпаздарға қарсылардың күшін объективті түрде дәлелдейтін фактілерді осы жерден, тек осы жерден ғана табуға болады.

Латыштардың атағандарынан басқа ешқандай жалпы россиялық саяси орган жоқ. Жойымпаздарда — «Живое Дело» мен «Невский Голос», жойымпаздарға қарсыларда — «Звезда», кейіннен «Невская Звезда» мен (Петербургтегі) «Правда» бар. Россияда баспасөзде де, қоғамдық бұқаралық аренада да ешқандай басқа бағыттар мен фракциялар жоқ; латыштар атаған шетелдік топтардың бәрі өңкей нольдер.

Енді біздің алдымызда екі бағыттың жарты жылдық жұмысының нәтижелері тұр.

Осы жарты жылдың ішінде (1912 жылғы январь — июнь) Россия партияларының бәрі де сайлау әзірлігін бастап, қазірдің өзінде аяқтап отыр. Енді сайлауға дейін 6 немесе 8 апта ғана уақыт қалды. Сайлау тізімдерінің көпшілігі қазірдің өзінде жасалып бітті. Сайлаудың іс жүзінде немен тынатыны нақ осы жарты жылдық әзірліктің негізінде осы күннің өзінде-ақ алдын ала шешіліп отыр.

Латыштардың тізбесіндегі 1—7 «пункттер» жойымпаздарды жақтады (Ұйымдастыру комитеті, Бунд, латыш социал-демократиясы, «Голос», Вена «Правдасы», Кавказ облыстық комитеті, «Вперед»), жойымпаздарға қарсыларды — орыс ұйымдарын, яғни Россияда жұмыс істеуші ұйымдарды біріктіріп отырған Орталық Комитет (жойымпаздардың мәлімдеуінше жалғыз ғана «лениндік бағыт») жақтады.

Сонымен, бұл екеуі не тындырды екен, соны көрелік.

Жойымпаздар Петербургте 1912 жылдың 1 январынан 30 июніне дейін (еекіше) «Живое Дело» газетінің 16 номерін және «Невский Голос» газетінің 5 номерін, барлығы 21 номер шығарды.

Жойымпаздарға қарсылар сол жарты жылда «Звезда» газетінің 33 номерін, «Невская Звезда» газетінің 14 номерін және «Правда» газетінің 53 номерін, барлығы 100 номер шығарды.

21 ге қарсы 100.

Россиядағы жойымпаздар мен партияның арасындағы күштердің ара салмағы осындай. Газеттер туралы мәліметтер — ашық мәліметтер; оны кім болса да тексере алады және дәлелдей алады.

Газеттердің тираж жагдайы қандай күйде? Жойымпаздар 30 000 дана шығарды дейді латыштар. Бұл көбейтіліп айтылмаған-ақ делік. Жойымпаздарға қарсы газеттер жөнінде Гаазе жолдастың және басқа мүшелердің көрген адамының Басқармаға атаған цифры 60 000 дана. Бұл ара салмақ жойымпаздардың ықпалын партияның ықпалымен салыстырғанда 1:10 етіп шығарады.

Тираж туралы мәліметтер жарияланбаған, сондықтан ол мәліметтер өсіре көрсетілген болып көрінуі мүмкін

болса, онда неғұрлым маңызды, неғұрлым сенімді басқа мәліметтер жарияланды.

Бұл мәліметтер — жойымпаздардың және партияның Россиядағы жұмысшы бұқарасымен байланысы туралы мәліметтер.

ЖОЙЫМПАЗДАРДЫҢ ЖӘНЕ ПАРТИЯНЫҢ РОССИЯДАҒЫ ЖҰМЫСШЫ БҰҚАРАСЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ ТУРАЛЫ АШЫҚ, ТЕКСЕРУГЕ КЕЛЕТІН МӘЛІМЕТТЕР

Газеттердің шығарылған номерлерінің саны мен тиражы туралы мәліметтер жойымпаздарға қарағанда партияның басым екенін әлі толық дәлелдемейді. Газеттерді либерал интеллигенттердің кіші-гірім топтары да шығара алады. «Жұмысшыларга іш тартатын» газеттердің қандайы болсын немесе радикалдық сарындағы тіпті либерал газеттің өзі Россияда көптеген оқушыларды қашан да таба алады. Бұл газеттерді жұмысшылардан басқа либералдар, сондай-ақ ұсақ буржуазияшыл демократтар да оқиды.

Алайда, жойымпаздардың және партияның Россиядағы жұмысшы бұқарасымен байланысын анағұрлым оңай және айқын дәлелдейтін фактілер бар.

Бұл — жұмысшы баспасөзін шығару үшін жұмсалатын ақша қаржысы туралы мәліметтер.

Жұмысшы газетін шығаруға қаржы жинау үшін Россияда жұмысшылар арасында көп уақыттан бері үгіт жүргізіліп келеді. Мұндай газет болмайынша сайлауға қатысу деген бос нәрсе дерлік болып шығатыны жұрттың бәріне түсінікті болды. Газет — сайлау науқанының басты қаруы, бұқара арасында маркстік үгіт жүргізудің басты құралы.

Бірақ газет үшін ақшаны қайдан табуға болады?

Жұмысшылар арасынан қаржы жинауды ұйымдастыру керек. Бұл қаржылар қор құрайды және белгілі бір топтың байланысының күшін көрсетеді. Қаржы жинау бұл топтардың беделін, жұмысшылардың ол топтарға қаншалықты сенетінін, олардың пролетариат бұқарасына шын ықпалын көрсетеді.

Сөйтіп, жұмысшы газетіне осындай қаржы жинау Петербургте 1912 жылдың басында ашылды. Жарты жыл, 1 январьдан 30 июньге дейінгі уақыт,— жеткілікті мерзім. Жиналған қаржы туралы мәліметтер жойымпаздардың да, жойымпаздарға қарсылардың да жоғарыда аталған барлық газеттеріне жарияланып отырды.

Жарты жыл ішіндегі осы мәліметтерден шығатын қорытындылар — Россиядағы жойымпаздар мен партия күштерінің ара салмағы туралы сұраққа ашық, толық, объективті, кесімді жауап болатын ең жақсы материал. Сондықтан біз қосымшада күнделікті жұмысшы газетіне қаржы жинау жөнінде жоғарыда аталған бес газеттің бәрінде жарты жыл ішінде жарияланған барлық ақша есептерінің толық аудармасын келтіріп отырмыз.

Бұл арада біз тек қорытылған мәліметтерді келтіреміз.

Жойымпаздарға қарсылардың газеттерінде жарты жылдың ішінде жұмысшылар топтары арасында 504 рет жиналған қаржы туралы есептер жарияланды, яғни қаржы жинау ісін жүргізген жұмысшылар топтарының тура аттары келтірілген қаржылар туралы есептер жарияланды. Бұлай қаржы жинау орыстың 50 қаласы мен фабрикалы поселкесінде жүргізілді.

Осы жарты жыл ішінде, 1912 жылдың 1 январынан 30 июніне дейін, жойымпаздардың газеттерінде жұмысшылар топтарының арасында 15 рет қаржы жиналғаны туралы есептер жарияланды. Бұл қаржы жинау ісі 5 орыс қаласында жүргізілген*.

Бұл дәл есептер мынадай [505-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]:

Партияға қарсы жарты жыл күрестен кейін жойымпаздар мүлдем қиратылды.

Жойымпаздар Россия социал-демократиялық жұмысшы қозғалысында мүлдем ноль болып отыр. Мұны жо-

* Жойымпаздардың таратып жүрген өсек-аяңына қарама-қарсы 12 000 маркадан артық болып шыққан нақ осы жиналған қаржы, мұнымен бірге неміс жолдастардың бұрынғы берген көмегі Россиядағы біздің социал-демократиялық баспасөзіміздің негізгі қорын жасады. Социал-демократиялық түрліше газеттерде жарты жыл ішінде жарияланған ақша жинау туралы есептердің бәрінің тексте айтылған толық аудармасы Басқармаға, Бақылау комиссиясына және Бебельге жіберілген болатын.

Күнделікті жұмысшы газетіне жұмысшы топтарының 1912 ж. 1 январьдан 30 июньге дейін жинаған қаржылары:

	Жойымпаздардың газеттерінде	Жойымпаздарға қарсылардың газеттерінде
Январь	0	14
Февраль	0	18
Март	7	76
Апрель	8	227
Май	0	135
Июнь	0	34
	15	504

Тағы да сол: Россияның басты-басты аудандарында

Петербург	10	415
Оңтүстік Россия	1	51
Москва	2	13
Солтүстік және Батыс Россия	1	12
Урал және Волга	0	6
Кавказ, Сибирь, Финляндия	1	7
	15	504

гарыда келтірілген мәліметтер дәлелдейді, мұны кім болса да тексере алады. Троцкий мен жойымпаздардың мақтанғанына қарама-қарсы, бүтіндей жарты жыл ішінде Россияда жарияланған фактілер осындай.

Троцкий «Живое Делоның» қызметкері екендігін айта кету керек. Бұдан әрі, латыштардың өздері 24 июньдегі хатында алты топтың бәрі де — соның ішінде Троцкий, меньшевиктік «Голос», «Живое Дело» мен «Невский Голос» газеттерінің басшылары — Ұйымдастыру комитеті деп аталатын комитетті құратынын мойындайды. Сондықтан біздің мәліметтеріміз тек жойымпаздар ғана емес, олардың шетелдегі маңғазсыған достары да Россиядағы социал-демократиялық жұмысшы қозғалысында өңкей ноль болып отырғанын дәлелдейді.

Орта есеппен алғанда, Россиядағы отыз жұмысшы тобының ішінде оларды бір ғана жұмысшы тобы жақтайды.

Біз бұл жерде Петербургтегі барлық социал-демократиялық газеттердің адрестерін және шығатын күндерін келтіреміз.

Жойымпаздар:

1. «Живое Дело». Петербург, Б. Московская, 16. 1 номері 1912 ж. 20 январьда шыққан, 16-шы және ақырғы номері 1912 ж. 28 апрельде шыққан (жабылған).

2. «Невский Голос». Петербург, Колокольная, 3. 1-номері 1912 ж. 20 майда шыққан, 5-номері 1912 ж. 28 июньде шықты (осы кезге дейін —1912 ж. 29 июліне дейін бар).

Жойымпаздарға қарсылар:

3. «Звезда». Петербург, Разъезжая, 10, 14-пәтер. 1 (37)-номері 1912 ж. 6 январьда шықты, 33 (69)-номері 1912 ж. 22 апрельде шықты (жабылған).

4. «Невская Звезда». Петербург, Николаевская, 33, 57-пәтер. 1-номері 1912 ж. 26 февральда, 2-номері 1912 ж. 3 майда, 14-номері 1912 ж. 24 июньде шықты (осы кезге дейін бар).

5. «Правда». Петербург, Николаевская, 37, 18-пәтер. 1-номері — 1912 ж. 22 апрельде, 53-номері 1912 ж. 30 июньде шықты (осы кезге дейін бар).

ҚОРЫТЫНДЫ

Алдағы Дума сайлауында РСДРП кандидаттарын көзқарастары мен бағыттарына қарамастан жергілікті партия ұйымдары белгілейді. Социал-демократ жұмысшылардың азшылығы барлық жерде де көпшілікке бағынуға тиіс.

Атышулы қос кандидатуралар дегеніңіз — шетелдегі жолдастардың үрейін алуды және ақша табуды көздеген әншейін бос сөз.

Атышулы он «бағыттың» өзінің *он* кандидатурасымен жұртты қорқытуы және әрбір кандидат үшін шетелден ақша сұрауы ғана қалып еді.

Қос кандидатура болмайды. Жойымпаздардың әлсіздігі соншалық, екінші кандидатураларын ұсынуға олар-

дың шамасы мүлде келмейді. Партияға опасыздық еткен ат төбеліндей жойымпаздар тобымен біз ешқандай келіс сөз жүргізбейміз. Россияда Орталық Комитет болсын, жергілікті ұйымдар болсын жойымпаздарға мән беріп отырған жоқ. Мысалы, Петербургтегі соңғы оқиғаларға назар аударыңыздар. Жойымпаздар «Невский Голос» газетінде (6-номерінде) Петербургте олармен (жойымпаздармен) сайлау науқанын өткізу жөнінде кеңес болып өтті деп хабарлаған. «Невская Звезда» да (16-номерінде), «Правда» да (61-номерінде) 21 және 23 июльде бұл кеңеске өздерінің өкілдерін жіберген *жоқпыз* деп хабарлады; мұның үстіне, кеңеске қатысушының бірі «Невская Звездада» жұмысшылар бүкіл Россияда РСДРП-ның январь конференциясының шешімдерін жүзеге асыра береді деп мәлімдеді.

«Социал-демократиялық сайлау науқанында әр түрлі бағыттардың бірігуі,— деп мәлімдеді ол жойымпаздарды сөз қыла отырып,— мүлде ақылға сыймайтын нәрсе» («Невская Звезда» 1912 жылғы 8 (21) июльдегі 16-номері).

Дүние жүзінде ешқандай ақша көмегі Россия жұмысшыларын жойымпаздарға тілектес ете алмайды. Бірақ Басқарманың ақшасымен екінші жалған кандидатураларды әр жерде-ақ ұсыну мүмкін екендігі өзінен өзі түсінікті. Мұндай ретте ондай кандидатуралар үшін, іс жүзінде неміс Басқармасының кандидатуралары болатын кандидатуралар үшін, жауаптылық, әрине, Басқармаға түседі. *Жойымпаздарға берілетін ақша күнделікті газеті болмай отырған жойымпаздардың бәсекелесуші орган құруына қызмет етеді. Бұл ақша ұзақ жылдық күресте өзінің түкке тұрмайтындығын дәлелдегендердің жікшілдік іс ұйымдастыруы үшін жұмсалады, ақша жан-жаққа жүріп-тұру және т. б. үшін, жаңа партия құру үшін жұмсалады.*— Егер Басқарма нақ осы уақытта жойымпаздарға белгілі бір жолмен көмектескісі келсе, онда ол туысқан неміс партиясын қаншама құрметтей отырсақ

та, бізді Интернационалға шағым беруге мәжбүр етеді. Онда Басқарманың ақша жәрдемі арқылы бізде жікшілдікке дем беруге, қос кандидатуралар туғызуға және осы өлексені — талқандалған жойымпаздарды тірілтуге өзінің даяр екендігін көрсеткендігін біз Венадағы халықаралық конгреске[156] *документ жүзінде дәлелдеп береміз.* Егер неміс жолдастар РСДРП-ға жәрдемдескісі келсе, олар ақшаны жаңа партия ұйымдастырушыларға емес, байырғы партияның Орталық Комитетіне берулері тиіс.

РСДРП Орталық Комитеті

Шақырылмақшы кеңесті Басқарма болдырмай қойғаннан кейін бізге ол: «қашан жұрттың бәрі бірлесіп отырып, ақшаны алу және бөлу уәкілдігі берілген мекемені, жұрттың бәрі бірдей сенетін мекемені бізге (Басқармаға) көрсеткенге дейін Россиядағы партия топтарының бірде-біріне сайлау күресін жүргізу үшін ақша бере алмаймыз» дегенді хабарлады.

Шындығында Басқарманың бұл жалған бейтараптығының мәнісі мынада: шетелдік топсымақтардың және жойымпаздар «конференциясының» Россиядағы жұмысшы партиясына жапқан жаласының салдарынан Басқарма Россиядағы жұмысшы партиясын қолдаудан бас тартып отыр.

Жоғарыда айтылған ескертпелерге қосымша ретінде тағы да мына төмендегілерді қосуды өзіміздің міндетіміз деп санаймыз.

Жария өмір сүріп, маркстік рухта басшылық алып отырған россиялық газеттер қазіргі уақытта партияның үгіт жұмысын жүргізуіне байланысты орыс социал-демократиялық жұмысшы бұқарасы үшін ең маңызды ашық рупор болып табылады.

Шетелде шығатын, Россия үшін құпия газеттер, қозғалысты теориялық жағынан баяндау үшін олардың *принципті* маңызы күмәнсыз мейлінше зор бола тұрса да, *істің мәнісіне келгенде* бұл газеттердің маңызы жоғарыда аталған газеттердің маңызындай бола алмайды. Мұндай газеттерді шетелдегі азын-аулақ бытыраңқы

орыс эмигранттар топтары оп-оңай және кейде үстірт ойлап құра салатындығы белгілі нәрсе; бұл газеттер осы топтардың арасында да әйтеуір өлмешінің күнін өткізеді және партияның орыс мүшелерінің қолына тимейді деуге болады. Сондықтан істің мәнісіне келгенде бұлардың Россиядағы партия өмірі үшін қандай да болсын елеулі маңызы бар деп тануға болмайды.

Жойымпаздарға қарсы газеттердің жарты жылдық күресінен кейін (1912 жылдың январынан июнь айына дейін) — жойымпаздардың *жалғыз ғана* органы бар — ол «Невский Голос». Бұл газет саяси орган ретінде өмір сүруін тоқтатты деуге болады; бір жарым айдың ішінде (июньнен августың ортасына дейін) тек *екі* (6 және 7) номері шықты. Егер газет жұмысшы бұқарасымен тығыз байланыс жасауы арқылы өмірлік күш алып отырмаса, онда мұндай газеттердің бірде бірі Россияда *барлық* жұмысшы газеттеріне қарсы, тіпті көптеген әбден баяу либералдық газеттерге қарсы да өршіп тұрған полициялық қуғын-сүргінге төтеп бере алмайтыны анық.

Саяси маңызы зор және тікелей көкейтесті маңызы бар осындай жұмысшы газеттері қазірде: апта сайын шығып тұратын «Невская Звезда» мен күнделікті «Правда» газеті болып табылады. Бұл газеттердің екеуі де Петербургте шығады; латыш социал-демократиясының арасындағы біздің *саяси қарсыластарымыз* ол газеттерге «Ленин тобының» органдары деп жирене атақ тағады. Бұл «Ленин тобы» шындығында орыс социал-демократ жұмысшыларының басым көпшілігін қамтитындығы жоғарыда келтірілген және қашанда ашық тексеруге болатын *объективті* мәліметтерден біздің неміс жолдастарымызға айқын болуға тиіс.

Жойымпаздардың және осыларға тілектес топтар мен топсымақтардың арасынан тарайтын хабарлардың бәрінің *сенімге ие боларлықтай түк правосы жоқ* екендігі осыдан-ақ әбден түсінікті. Осы топсымақтардың және бұлармен бірге *орыс* қозғалысымен тікелей байланысы мүлдем жоқ еврей (Бунд) және латыш социал-демократтарының барлық «бағыттардың» шақырылған не-

месе бейне бір шақырылмақшы болған жалпы конференциясы [157] туралы таратқан хабарларының бәрі шіпшикі өтірік болып шықты. Конференция тіпті шынымен болған күнде де, мұндай конференцияның қандайы болсын орыс пролетариатының күресінде *қандай да болсын елеулі роль* атқармайды. Демек, егер сөзді қатты айтуға бел байласақ, асылына келгенде,— бұл арада алаяқтық бар.

Осы мәселеге мұнан да гөрі көбірек қатысы бар, саяси маңызы сөзсіз зор фактілерді партияда бар неміс жолдастарымызға баяндап беру үшін біз қорытындыда жойымпаздардың лидерлерінің бірі Аксельродтың ай сайын шығып тұратын «Наша Заряның» соңғы кітапшасында шыққан мақаласынан бірнеше үзінді келтірейік.

Аксельрод былай деп жазады:

««Фракциялық емес» социал-демократиялық... орган туралы пікір қазіргі уақытта утопия болып табылады және утопия болғанда... партиялық-саяси дамудың мүдделеріне қайшы келетін утопия болады... Бізде ұйымдық жағынан қалыптасқан фракциялар жоқ деуге болады; олардың орнына түрлі үйірмелер мен топсымақтар бар, бұлардың біреулері азды-көпті болса да тиянақты саяси, тактикалық және ұйымдық көзқарастарды ұстайды, ал басқалары бастапқылардың аяқтарына оралғы болып, әр жаққа ауытқып жүр... Партия ішіндегі араздықтардың өзекті пункті және шығатын басты көзі болып отырғаны, бір жағынан, түрлі партиялық топтардың жаңа, ашық, социал-демократиялық жұмысшы қозғалысына әр түрлі қарауы, ал екінші жағынан,— орыс социал-демократиясының таяудағы саяси міндеттері саласындағы және саяси тактикасындағы елеулі алауыздықтар. Бұл екі категорияның екеуінің де мәселелері... нақ қазір... ерекше күшті, көкейтесті мәселелер болып отыр... Нақ осы мәселелер жөнінде орыс социал-демократиясы басты-басты екі лагерьге бөлінді... Жобаланып отырған (Петербургтегі жұмысшылардың кейбіреулері және шетелдегі интеллигенттердің көпшілігі жобалап отырған) жұмысшы органы осы бір-біріне қарсы екі лагерьдің арасында бейтарап позицияны ұстай ала ма және принцип жағынан мұндай позиция болуы мүмкін бе?— деген сұрақ туады. Сірә, мүмкін емес... Партия ішіндегі істің жайы осындай болып отырғанда, бар пәледен құтқаратын бірден-бір амал ретінде, «фракциялық еместік» туралы сөз қозғау — мұның мәнісі... социал-демократияның ішіндегі істің шын жайы жөнінде өзін де, басқаны да алдау деген сөз... Фракциялық негізде қалыптасу және топтасу партиялық реформаны немесе, дұрысырақ айтқанда, революцияны» (партия

ішіндегі) «жақтаушылардың тікелей міндеті және кейінге қалдыруды күтпейтін ісі болып табылады».

Соңғы сөздерінде Аксельрод, шамасы, жойымпаздар туралы айтып отыр... Партияда бар неміс жолдастарымызға біз: егер, оларға «фракциялықтан тыс» деген туралы немесе жойымпаздардың қатысуымен өтетін — фракциялық емес конференция туралы әр жақтан айта беретін болса, онда біз оларға мәселені жақсы түсіну үшін герман социал-демократиялық баспасөзіне Аксельродтың жоғарыда аталған мақаласын түгел аударуды талап етіңіздер деп қана кеңес береміз. Сонда кейбір ертегілер туралы дұрыс түсінік алуға болады.

РСДРП Орталық Органы «Социал-Демократ» редакциясы

Құпия! Социал-демократиялық партиялардың ұйымдасқан мүшелері үшін ғана!

«РСДРП ІШІНДЕГІ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙ ЖӨНІНДЕ» ДЕГЕН КІТАПШАҒА

ПОСТСКРИПТУМ

Бүгін, 1912 ж. 15 сентябрьде, біз Париж арқылы Басқарманың төмендегі хатын алдық, бұл хат Басқарманың ашық шығып сөйлеуге қорқатын, жауапкерліксіз, жеке «хабаршыларына» қарсы шыққанымызда, біздің айтқанымыздың қандай дұрыс болғандығын германдық жолдастарға ерекше айқын корсете алады.

Партия Басқармасы осы айдың 10-ында былай деп жазады:

Берлин, 10 сентябрь 1912.

Қымбатты Кузнецов жолдас!

Мемлекеттік думаның сайлауы кезінде социал-демократиялық топтардың бәрі келісімге келген сайлау округтеріне, былайша айтқанда мына төмендегі округтер жатады деген рас па, бізге Сіздің осыны хабарлауыңызды өтінеміз:

Екатеринослав, Харьков, Москва қаласы және Москва губерниясы, Дон облысы және Одесса қаласы. Сізден өтінерім, осы мәліметтерді мына адреске мүмкіндігінше тезірек жіберіңіз: Г. Мюллер, *Хемниц*.

Егер біз 17 сентябрьге дейін ешқандай хабар ала алмасақ, онда жоғарыдағы хабарды шын екен деп есептейміз.

Партиялық сәлеммен *Г. Мюллер*

Бұл хатқа біз төмендегідей жауап жібердік:

Германия социал-демократиялық партиясының Басқармасына.

Қымбатты жолдастар! Басқармаға хабарланғанның бәрінің өтірікке негізделгендігі, мұның бәрі жойымпаздардың ойдан шығарғандары екені өзінен өзі түсінікті. Бұл ертегіні Басқармаға тек латыштардың, бундшылдардың ғана немесе жуырда ғана «өздерінің» конференциясын жапқан, мұны «партия конференциясы» деп атағысы келген, бірақ шындығында жойымпаздар конференциясы болған, Троцкийді жақтаушылардың ғана жеткізуі мүмкін екендігін сеніммен айта аламыз. Шын екендігін дәлелдеуге болмайтын нәрседен ештеңе айтпау үшін, және өзіміздің ұйымдастыру мәселесіндегі жазысқан хаттарымыздан цитаттар келтірмеу үшін бұл арада Петербургте жарияланған бір документті көрсетумен ғана тынамыз.

Петербургтегі күнделікті маркстік «Правда» газетінің 1912 жылғы 28 августағы (жаңаша 10 сентябрьдегі) 102-номерінде Харьковтың ең үлкен заводының біреуінен жіберілген және әдейі Дума сайлауына арналған хат жарияланды. Бұл хатта «жойымпаздар кандидаттарының фамилиялары *әзір жарияланған жоқ»* және осы соңғылар *«жұмысшы партиясының қажеттігін теріске шығарады»* («Правда» № 102, 4-бет, 1-бағана) деп тура әрі ашық айтылған.

Бір ғана осының өзінен латыштар, бундшылдар, Троцкийді жақтаушылар және солар тәрізді барлық жеке хабаршылар қандай арсыздықпен өздерін алдап жүргенін неміс жолдастар көре алады. Олардың бәрі де, әрине, сондай-ақ кавказдықтар да, жалған «ұйымдардың» атынан, бары-жоғын не Партия басқармасы, не басқа біреулер дәлелдей алмайтын және тексере де алмайтын «ұйымдардың» атынан ақша алғысы келген, істің өзі осыған барып тірелетіні анық.

Герман партиясы — егер ол Россиядағы партиялық істер жайында адасып, өзіне кір келтіргісі келмейтін болса — өзінің социал-демократиялық күнделік 90 газеті бола отырып, РСДРП туралы шынымен-ақ дискуссия аша алмайтын болғаны ма, күндізгі жарыққа шықпай, жасырынып жүрген хабаршылардың бәрін өз қолдарын қойдырып, документтерін қолдарына ұстатып бой көрсетуге шынымен мәжбүр ете алмағаны ма?

Қалай дегенмен Россия, орталық Африкадай, шалғайда жатқан жоқ қой, сондықтан герман социал-демократиялық жұмысшылары көп қиналмай-ақ ақиқатқа жетер еді, сондай-ақ ол осынысы арқылы Басқарманың германдық мүшелерін *тексеруге келмейтін,* біреулер айтқан ертегілерді тыңдаудан құтқарған болар еді.

РСДРП Орталық Комитетінің тапсыруы бойынша
Н. Ленин

«РСДРП ІШІНДЕГІ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙ ЖӨНІНДЕ» ДЕГЕН КІТАПШАҒА АЛҒАШҚЫ ПОСТСКРИПТУМ

Жоғарыда жазылған сөздер теруге беріліп қойылғаннан кейін, ескіше 17 августа Петербургте шыққан «Невский Голостың» 7-номерін алдық. Демек, жойымпаздардың газеті *1 $^{1}/_{2}$ ай үзілістен* кейін қайта шыға бастаған. (Бұл апталық газеттің бұдан бұрынғы номері, 6-номері ескіше 5 июльде шыққан.)

«Невский Голостың» 7-номерінің өзінде басылған мәліметтер Россиядағы жойымпаздардың *іс жүзіндегі* мәніне біздің Орталық Комитеттің Vorstand-қа* жазған, хатында берілген бағаны өте жақсы дәлелдейді.

Расында да, июльдің бас кезінде газет тоқталып қалған. Жойымпаздардың және олардың достарының барлық күші бұл газетті қайта шығаруға бағытталғаны өзінен-өзі түсінікті. *Бір жарым ай* (июль және августың жартысы) *ішіндегі* бұл күш салудың нәтижелері туралы «Невский Голостың» *өзі* 7-номерінде былай деп хабарлайды:

> «Газет конторына *газеттің қаражатын күшейту үшін* келіп түскені:
>
> *Июль.* 14 адамнан 25 сомнан түсті (И. Ф., П., Г., М. И., К., Л., К. Ф., Л., Б., Вш., Льв., Вл., В. П., Москвадағы Б.—дан); Р. арқылы — 50 сом; М — ядан 11 сом; Шх.—11 сом; 8 адамнан —10 сомнан (Э., И., Ис., Ш., Рф., Авг., Об., П. О.); Х. И.—ден—

* — Герман социал-демократиялық партиясының Басқармасына. *Ред.*

8 сом; С. — тен — 7 сом; Х. — дан — 5 сом; Б. Б.— 5 сом; Ф. — дан — 6 сом; М., Б. — 5 сом; Либавадан — 5 сом; Гмп. — 3 сом. Барлығы 546 сом.

Август. Вульфсоннан (Цюрих) — 10 сом; тағы да содан — 3 сом 57 тиын; Бензиадан (Цюрих) — 15 сом; Г — ойдан (Кишин.) — 20 сом; Аз — вадан (Астрахань) — 3 сом; Сп — агодан (Богородск) — 15 сом; В. В. — 6 сом; Е. Е. Ф.—59 сом; Дуббельннен С. арқылы — 20 сом; Москвадан Б. — дан — 25 сом; Е. Л. — дан — 10 сом; Л. Л.—12 сом; М. Гр.— 3 сом; Моск. иниц. топтан — 35 сом; Б. Б. — 5 сом; Б.— 5 сом; Петерг. Станциясындағы Ан. Конст.— дан Л. Л. арқылы — 6 сом; Париждегі достар тобынан 8 сом 54 тиын; Павлоградтағы Б.— дан — 20 сом. Барлығы 281 сом 11 тиын».

Жойымпаздардың өздері басып шығарған есеп осындай. Олардың бір жарым ай ішіндегі жұмысының және олардың *бұқарамен байланысының* сипаты мынадай:

Барлық жиналғаны .... *827 сом 11 тиын*

Оның ішінде	
Москвадағы инициативалық топ	35 сом —
Париждегі достар тобы	8 сом 54 т.
Жеке адамдардың жеке жарналары:	
35 жарнаның сомасы	708 сом
15 » »	75 сом 57 т.
Барлығы	827 сом 11 т.

«Инициативалық топтар» дегеніңіз *жойымпаздардың* топтары екендігі жұрттың бәріне мәлім және мұны Плеханов 1912 жылы апрельде-ақ баспа жүзінде мәлімдеген болатын («Дневник Социал-Демократа» № 16).

Сөйтіп, жойымпаздардың органдары тоқтап қалған ең қиын сәтте оларға көмектескендер,

Россиядағы жойымпаздардың *бір* тобы.
Париждегі достардың *бір* тобы
жарнасы орта есеппен 20 сомнан келетін 35 ауқат-

гы адам (әрқайсысына 40 маркадан астам келеді).
жарнасы орта есеппен 5 сомнан келетін 15 жеке адам (әрқайсысына 10 маркадан астам келеді).

Біздің Орталық Комитет орыс жұмысшы қозғалысында жойымпаздар мүлдем ноль деп айтуға праволы емес пе?

Жойымпаздар «Кавказ облыстық комитетін» дәлел етеді. $1^1/_2$ айдың ішінде Кавказдағы *бірде-бір жұмысшы тобынан* олар бірде-бір жарна жинаған жоқ.

Жойымпаздар Бундтың және латыш социал-демократиялық ұйымының көмегін пайдаланғысы келеді. Бундтан да, латыштардан да *бірде-бір* жұмысшы тобынан олар $1^1/_2$ айдың ішінде бірде-бір жарна жинаған жоқ.

Жойымпаздарга қарсылардың Петербургтегі күнделікті органы «Правда» газетінде сол $1^1/_2$ айдың ішінде (июль—14 август) — Россияның әр алуан жерлерінен, оның ішінде мұнай кәсіпшіліктерінің жұмысшыларынан (Терек облысындағы Грозный кәсіпшіліктері) («Правданың» 60-номері) және Либавадағы еврей жұмысшыларынан («Правданың» 67-номері) жиналған *жұмысшылардың 41 рет топтасып қаржы жинауы* туралы есептер басылған. Біз жұмысшылардың бұл көмегі «Кавказ облыстық комитетінің», латыштардың және Бундтың құрғақ сөздері мен декламацияларынан гөрі байсалдырақ қой деп ойлап отырмыз.

Дүние жүзіндегі ешбір көмек және латыштармен, Бундпен, тағы сол сияқтылармен жасалған ешбір «конференция» орыс жұмысшы қозғалысындағы жойымпаздық *нольді* бірге айналдырмайды.

Неміс жолдастар РСДРП-ның жағдайы туралы *документтерді* жинап, оларды тексеру жөніндегі онша ауыр соқпайтын еңбекті өз мойнына алсын — қалай дегенмен Россия кез келген «аңшылық әңгімелерді» айта беруге болатын орталық Африка емес қой. Сірә, неміс жолдастар мұндай, gelinde gesagt*, оғаш жағдайды тыйғысы

* — жұмсартып айтқанда. *Ред.*

келетін болар, итальяндық, шведтік және басқа да қай социализм туралы болса да өздерін ашық басылатын документтер арқылы хабарлап отырғанда, ал орыс социализмі туралы беталды айтылатын ертегілер мен өсектер арқылы хабарлайтын жағдайды жойғысы келетін болар.

КАПИТАЛИЗМ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ ТҰТЫНУЫ

Таяуда француздың «Ғылыми Шолу»[158] журналы әр түрлі елдердегі *маргарин* өндірісі туралы мәліметтерді жариялады. Бұл мәліметтер капитализм дамыған сайын халықтың ішіп-жемінің нашарлауы жөнінде әлдеқашан-ақ байқалған фактіні тағы да бір рет еске түсірді.

Жұртқа мәлім, маргарин деп ерекше әдіспен ұқсатылған майды атайды (майдан стеарин ажыратылады). Бұл маргариннен жасанды май — маргарин майы дайындалады.

Басты-басты европалық елдерде маргарин өндірісі өте жоғары мөлшерге жетті. Германия жылына $12^1/_2$ миллион пұт маргарин шығарады, Англия — $7^1/_2$ миллион пұт шығарады, т. т.

Маргарин нағыз майдан арзан. Капиталистік елдердегі халықтың орасан көпшілігінің нағыз май сатып алуға шамасы келмейді. Жұмысшылардың табысты аз табатындығы сонша, олардың арзан, төмен сортты, жасанды азық-түліктерді сатып алуына тура келеді. Ал негізгі тұтынушы — жұмысшылар ғой. Жұмысшылар миллиондап, капиталистер жүздеп есептеледі. Міне, сондықтан арзан, жасанды азық-түлік өндірісі күн санап емес, сағат санап өсуде — сонымен қатар ат төбеліндей миллионерлердің адам естіп көрмеген сән-салтанаты өсуде.

Буржуазияның байлығы өсуде. Пролетариаттың және күйзеліп отырған ұсақ қожайынсымақтар, шаруалар,

қолөнершілер, ұсақ саудагерлер бұқарасының жоқшылығы мен мұқтаждығы өсуде.

Таңданарлық бір жай — маргариннің тұтынылуы әсіресе сиыр майын көп және жақсы сапада өндіруде ерекше даңқы шығып жүрген елдерде басқаның бәрінен де гөрі жоғары. Маргариннің қаншалықты көп тұтынылатынын білу үшін ел ішінде өндірілетін маргариннің бүкіл мөлшерін (сырттан әкелінетінін қосып, сыртқа шығарылатынын алып тастап) тұрғын халықтың санына бөлу керек.

Бақсақ, маргарин тұтынудың көптігі жағынан алғанда бірінші орында Дания тұрған көрінеді — тұрғын адамның әрқайсысына жылына 16,4 килограмм (пұт шамасы) маргариннен келеді. Одан кейін Норвегия — 15 қадақ, Германия — $7^1/_2$ қадақ, т. т.

Дания — май өндіру жөнінде ең бай ел. Данияның майы, нағыз сары майы, ең жақсы майдың бірі болып есептеледі. Дүние жүзіндегі ең үлкен және ең бай қала — Лондон (төңірегіндегі мекендермен қосқанда 6 миллионға таяу халқы бар) бәрінен де гөрі Данияның майын жақсы көріп алады және ол үшін ең жоғары баға төлейді.

Данияның ауқатты шаруалары, ал бәрінен де гөрі Дания капиталистері май саудасынан ақшаны күреп алады. Ал сөйте тұрып Дания — жасанды майды, маргаринді тұтыну жөнінде дүние жүзіндегі бірінші ел!

Мұны қалай түсіндіру керек?

Мұны түсіндіру өте оңай. Қай капиталистік елдің болса да халқы сияқты, Дания халқының да орасан көпшілігі — жұмысшылар мен дәулетсіз шаруалар. Олардың нағыз майды сатып алуға шамасы келмейді. Данияда тіпті орта шаруалардың өзі, ақшаға мұқтаж болғандықтан, өздерінің шаруашылығында өндірілген сиыр майын шетелге сатып, өздері арзан маргарин сатып алады. Дания капиталистерінің байлығы өссе, — Дания жұмысшылары мен шаруаларының қайыршылығы мен мұқтаждығы өсуде.

Бізде Россияда да нақ осындай болып отыр. Бұдан көп бұрын, қырық жылдай уақыт бұрын, деревняларда сыр жасайтын кәсіпорындар мен артельдер құру сәнге

айналған кезде, демократ-жазушы Энгельгардт: шаруалар ақшаға мұқтаж болғандықтан, сүт пен майын сатады, ал балалары ашығып, өліп жатады деп көрсеткен болатын.

Сонан бері жұрт бұл жағдайды талай рет көрсетіп келді. Сыр өндірісі өсуде, сатуға арналған сүт өндірісі өсуде, азғана ауқатты шаруалар мен көпестер баюда,— ал кедейлер онан бетер кедейленуде. Кедей шаруалардың балалары сүтсіз қалып, қаптап қырылып жатады. Россияда балалар өлімі адам айтқысыз көп.

Сүт көбіне сыр жасайтын заводтарға өткізіліп отырады, ал шаруалар *қаймағы алынған сүтті* қайырып алып, оны тамаққа жаратады.

Байларға — өндіріс пен сауданың өсуінен табыс түседі, ал жұмысшылар мен шаруаларға — маргарин мен қаймағы алынған сүт қалады. Либерал және жарамсақ оқымыстылардың соншама күш салып боямалап отырған капиталистік шындығы осындай.

«Правда» № 70, 20 июль, 1912 ж.
Қол қойған: Б. Б.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЛИБЕРАЛДАР МЕН КЛЕРИКАЛДАР

Дін басылары IV Думаға қаптап енгісі келіп жүр.

Дін басыларының бұлай саяси аренаға шығуына қалай қарау керек?

Дін басыларының саяси өмірге қатыспауы керек деген көзқараста демократия ешуақытта да тұра алмайды. Бұл — барып тұрған реакцияшыл көзқарас болады. Мұндай көзқарас тек мезі еткен екі жүзділікке ғана әкеліп соғады және онан басқа ешнәрсеге әкеліп соқпайды. Халықтың белгілі бір тобын немесе бір бөлегін саясаттан және тап күресінен шеттететін шаралардың ешқайсысы да өмірде ешбір мүмкін бола алмайды, жүзеге де аспайды.

Бебель мен неміс социал-демократтарының Германияда иезуиттердің үгітіне бостандық болуын жақтағандығын еске түсірейік. Біз иезуиттердің үгітіне «тыйым салу» туралы либералдық сылдыр сөздерге қарсымыз,— деді социал-демократтар. Біз иезуиттерден қорықпаймыз. Иезуиттердің үгіт жүргізуге *толық бостандығы* бола берсін,— бірақ біздерге де, социал-демократтарға да, толық үгіт бостандығын қамтамасыз етсін. Бебель мен неміс социал-демократтары осылайша пайымдаған болатын.

Россиядағы жұмысшы демократтар күрескенде әсте де дін басыларының саяси өмірге қатысуына бостандық болуына қарсы емес, сайлау (және барлық басқадай) правосын помещиктердің немесе дін басыларының, тағы басқалардың пайдасына қарай бұрмалауға қарсы

күреседі. Біз тап күресі тұрғысындамыз және саясатқа таптың, сословиенің, жыныстың, халықтың қай қайсысының болса да, халықтың қай жігінің немесе қай тобының болса да қатысуына толық бостандық болуын талап етеміз.

Бұл мәселе жөнінде либералдардың пайымдауы дұрыс емес, демократиялық емес. Мәселен, князь Трубецкой, «Речьтің» қол шапалақтауымен, таяуда былай деп жазды:

«Шіркеудің саяси құралга айналуы оның іштей бүлінуі арқылы болатын нәрсе». Дін басыларының Думаға қаптап ену жобасын ол «антихристиандық және шіркеуге қарсылық» деп атады.

Бұл жалған. Бұл екі жүзділік. Бұл — барып тұрған реакциялық көзқарас.

Трубецкой және басқа либералдар өздерінің клерикализмге қарсы күресінде демократиялық *емес* көзқарасты ұстанады. Олар дін басыларының саяси күреске қатыспауы керек дегенді желеу етіп, олардың неғұрлым бүркемеленген (сондықтан да анағұрлым зиянды) қатысуын жақтайды.

Жұмысшы демократиясы — саяси күрестің жұрттың барлығы үшін, оның ішінде дін басылары үшін де еркін болуын жақтайды. Біз дін басыларының сайлау күресіне, Думаға және басқаларға қатысуына қарсы емеспіз, біз *тек* дін басыларына орта ғасырлық артықшылықтар берілуіне қарсымыз. Біз клерикализмнен қорықпаймыз, біз олармен — еркін және жұрттың бәріне бірдей мінбеде — таласуға әбден бармыз. Дін басылары саясатқа әрқашан *бүркемелі түрде* қатысып келді; егер дін басылары саясатқа *ашық түрде* қатысатын болса, халық үшін бұдан пайдадан басқа, үлкен пайдадан басқа, ешнәрсе болмайды.

«Правда» № 74, 25 июль, 1912 ж.
Қол қойған: Мирянин

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

КАДЕТТЕР ЖӘНЕ ДЕМОКРАТИЯ

«Біз былайша ойлауға дағдыланғанбыз,— деп жазады «Речьтің» бас мақаласын жазушы,— марксистер кадеттер дегенде демократиялық партия деген мән барын адамды ренжітетін «буржуазиялық» (яғни: буржуазиялық-демократиялық) деген қосымша қосып болса да мойындайды».

Маркстік әдебиетті оқитын «білімді адамдардың» тарапынан мұнан асқан түпсіз саяси надандық болады деп ойлау қиын. Кейде әдейі надан болғансып көрінуге ішкі есебі мәжбүр етіп отырған жоқ па екен?— деген сұрақ еріксіз туады.

Кадеттердің демократтар *емес*, либералдық-монархиялық буржуазия екендігін біз 1906 жылдан бастап жүздеген, мыңдаған рет түсіндірдік. Россияның жер-жерлеріндегі марксистердің саяси білімі бар әрбір адамға белгілі болған ресми шешімдері мұны 1907 жылдың көктемінде дәлелдеді және жұрттың бәріне естірте былай деді: кадеттер — либералдық-монархиялық буржуазияның партиясы болып табылады, олардың демократизмі «екі жүзді» нәрсе, кадеттердің соңынан ұсақ буржуазияның бір бөлегі «тек дәстүр (әдеттегі нәрсеге, ескілікке деген соқыр сенім) бойынша ғана және *либералдардың тура алдауымен*»[159] еріп келеді.

Бұл пікірлер сол уақыттан бері жүздеген және мыңдаған рет қайталанып және дамытылып келді.

Ал кадеттер, ешнәрсені сезбегенсіп, марксистер бізді демократия санатына қосады деп «ойлауға дағдылан-

ғанбыз» деп сендірмек болады! Расында да: естігісі келмейтін адам кереңнен де жаман деген осы.

Либералдардың консерваторлардан (қаражүздіктерден) өзгешелігі сол, олар буржуазияның мүдделерін жақтайды, ал буржуазияға прогресс және азды-көпті тәртіпке салынған праволық құрылыс *қажет*, заңдылықтың, конституцияның сақталуы, біршама саяси бостандықтың қамтамасыз етілуі *қажет*.

Бірақ бұл прогресшіл буржуазия реакциядан гөрі демократиядан және бұқара қозғалысынан қатты қорқады. Либералдардың ескілікке жол беруге, онымен келісімге келуге, ескіліктің көптеген негізгі тіректерін қорғауға мәңгі-бақи тырысуы осыдан келіп шығады. Ал мұның бәрі либерализмнің барынша дәрменсіздігіне, оның жалтақтығына, жартыкештігіне, өмір бойы ауытқуына әкеліп соғады.

Демократия халықтың қалың бұқарасының өкілі болып табылады. Демократ бұқараның қозғалысынан қорықпайды, оған сенеді. Россиядағы демократия дегеніміз — трудовиктер және жалпы солшыл «халықшылдар». Марксистер оларды *буржуазиялық* демократия деп атағанда әсте де «ренжіту» үшін атамайды, бұлай деп атайтын себебі, жерді қайта бөлудің ешқайсысы да, мемлекетті демократизм жағына қарай өзгертудің ешқайсысы да капиталдың үстемдігін, буржуазиялық құрылыстың үстемдігін *әлі жоймайды*.

Жұмысшы демократтардың саясаты айқын. Біз оңшылдарға қарсы либералдармен келісім жасасуды сайлаудың тек екінші сатысында ғана және демократтармен бірігіп либералдарды жеңуге мүмкіншілік болмаған жерде ғана мойындаймыз. Буржуазиялық демократтар өзінің демократизміне шын беріліп отырғанда ғана біз барлық буржуазиялық демократтармен қатар тұрып күресеміз.

«Правда» № 75, 26 июль, 1912 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЛИБЕРАЛДАРДЫҢ ЖОРЫҒЫ

Либералдар қимылға келіп «Правдаға» жабыла қысым жасады. Петербургте дербес сайлау науқанын жүргізуге бел байлағаны үшін жұмысшы газетіне қарсы кадеттік «Речьтің» бас мақалаларын жазушылар, бейпартиялық-прогрессистер Прокопович пен Р. Бланк мырзалар, «Запросы Жизниде» оқ жаудырды.

««Невская Звезда» мен «Правданың» тырысуларынан мүлде түк шықпайды,— деп сендірмек болады «Запросы Жизни».— Жұмысшылар өте аз қатысып отырған Петербург қалалық куриясында жұмысшы партиясы кандидатының жеңіп шығуына олар шындап сене алушы ма еді!»

Либералдық пайымдаулардың үлгісі, міне, осындай, тоғышарлықтан әлі де болса көтеріле алмаған, толық саналы саясатқа ден қоймаған сайлаушыны қорқыту амалы, міне, осындай.

Сайлауда қаражүздік жеңіп кетеді деп либералдардың тікелей қорқытқан кезі де болған. Ал қазір дөрекі өтірік «ешнәрсе бітіре алмайды». Петербургтегі сайлауда ешқандай, тіпті сәл де болса қаражүздік қауіп жоғын жұрттың бәрі біледі. Сондықтан енді, міне, «жұмысшылар жеңеді деп сенетін түк жоқ» деген сияқты басқадай қорқыту қолданылады.

Жоқ, либерал мырзалар, жалпы демократияшыл сайлаушы — әсіресе жұмысшы — өткен ауыр бес жылдың ішінде көп нәрсені басынан кешірді, көп нәрсені қайта ойланды, көп нәрсеге үйренді. Мұндай қорқытумен сіздер ешнәрсеге жете алмайсыздар.

Дүние жүзінде ешбір жерде жұмысшылар үлкен қалаларда *өзінің* сайлау науқанын бастағанда, оларға күшті либералдық партиялар *қарсы тұрмай* қалған емес. Ұсақ қызметші адамдардың, приказчиктердің, қолөнершілердің, ұсақ саудагерлердің және тағы басқалардың бұқарасына ықпал етуді жұмысшы демократиясы дүние жүзінде ешбір жерде либералдардан табан тірескен күрессіз қаратып алып көрген емес.

Кімде-кім Петербург жұмысшыларының қазірден-ақ мұндай күресті жүргізе бастауына (дұрысырақ айтқанда: 1906, 1907, 1909 жылдары басталған күресті жалғастыруына) қарсы болса, ол адам демократ деген атты бекерге иемденеді,— ол адам іс жүзінде либералдардың құлы болып қала береді.

Қазірде Петербургтегі сайлауға мың-мыңдаған жаңа демократияшыл сайлаушылар қатысады.

Өзінің күнделікті жұмысшы газетін жолға қойып, Петербург жұмысшыларының тындырған ұлы ісі сайлау күресінде бұдан да зор табыстарға жетеді деп күтуімізге барлық негіз бере алады.

Өзінің жұмысшы газетінің көмегімен өз өмірін жақсарту жолындағы күреске үйрене отырып, бірігіп саяси қимыл жасауға дағдылана отырып, жұмысшы демократиясы шешетін жалпы халықтық ұлы міндеттерді түсінуге дағдылана отырып, ескі сайлаушылардың ішінен мыңдаған адамдар жаңа, неғұрлым саналы саяси өмірге оянып келеді.

Петербургте либералдарды жеңуге мүмкіншілік бар. Ал либералдардың беймазалығы мен ұрысқақтық әрекеттері, олардың қорқытулары мен жекулері демократиялық Петербургтің жеңіске қарай дұрыс жолмен келе жатырмыз деген сеніміне тек жаңа сенім қоса түседі.

«Правда» № 77, 28 июль, 1912 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

ШЕТЕЛДЕГІ БОЛЬШЕВИКТІК ТОПТАРДЫҢ КЕҢЕСІНДЕ ПАРТИЯ ІШІНДЕГІ ІСТЕРДІҢ ЖАЙЫ ТУРАЛЫ ЖАСАЛАТЫН БАЯНДАМАНЫҢ ТЕЗИСТЕРІ

Партия ішіндегі істердің жайы туралы тезистер

1. Бастама пункт: контрреволюциялық заманның объективті жағдайлары.
2. Plenum және «ымырашылдық». Жойымпаздық пен шақырымпаздық.
3. Пленумнан кейінгі жыл. «Күшті 2 фракцияның блогы»[160].
4. Жойымпаздар мен шақырымпаздардың пленумнан кейінгі қылығы.
5. «Шарт» және оның құрамды 2 бөлігі: саяси және «ақшаға қатысты» бөліктері[161].
6. XII. 1910—VI. 1911.[162] «Орталық Комитетке күштеп алып келу».
7. «Цекистердің Парижде болған кеңесі». Шығу жолы: россиялық конференция.

   3 фракцияның блогы. «Уәделер» және орындалуы[163].
8. I. 1910 бастап большевиктерге қарсы көпшіліктің екі кезеңі: ымырашылдар+жойымпаздар (1910); ымырашылдар және поляктар ($^1/_2$ 1911)[164].
9. Россиялық ұйымдастыру комиссиясы versus* шетелдегі топсымақтар. Большевиктік-поляктық блоктың «қалдығы» ма екен?

---

* — қарсы. *Ред.*

10. Шетелдегілерді «оқшаулау» + немесе —?
11. Партияны құру үшін фракция.
    1) Михаил + Юрий + Роман.
    2) Шетелде пленум шақыру
    XII—VI.
    3) Россиялық конференция.

1911 ж. кеш дегенде 14 (27) декабрьде жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

САЯСИ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ БАЯНДАМАНЫҢ КОНСПЕКТІ [165]

Саяси жағдай

1. Егіннің шықпауы — және ашаршылық. «Азық-түлік» науқаны — Лидвалиада[166].

2. Столыпиннің «аграрлық реформасы»: буржуазиялық шарапты крепостниктік торсықтарға құю. Бұлар жыртылып жатыр.

3. XII. 1908 столыпиндік реформа туралы[167] және жойымпаздар мен впередшілдердің түсінбеуі.

4. Интенданттық процестер: ұрлап-жырлауда.

5. Ұқыпсыздық және тәртіпсіздіктер.

— Кадеттік және октябристік баспасөз. С.-Петербургтен Москваға дейін ұшу, жүк автомобильдерінің жүріп өтуі, темір жолдар салу, орыс өнеркәсібі шетел рыногында, халыққа білім беру және Кассоның «сыпырғышы» — — — бәрі, бәрі барлық жерде уһілеу, аһылау, өкіну.

6. Буржуазия буржуазиялық құрылысты көксейді. Буржуазия «теріні (мехты) суға салмай-ақ жуып алғысы» келеді.

7. Революция — бірден-бір құрал. Қорқыныш, жек көрушілік, сенбеушілік — ағымға қарай емес.

8. «Ағымға қарай емес». Революция жолында. Жұмысшы табы және революция. Саяси жағдайды қорытындылап, революция жолындағы партиялық үгіт пен насихаттың (атап айтқанда IV Дума алдындағы) барлық мазмұнын *анықтайтын* ұран. («Жалпыға бірдей сайлау правосы» ***емес.)*** etc.

Егіннің шықпауы
Интенданттық процестер
Персия
Кассо және талқандау
Еврейлер және «сауданы национализациялау»

Жұмысшы табы және революция

1. Жұрттың бәрі айтып жүрген «жандану» дегеніміз революцияның жаңадан өрлеуінің белгісі.

2. Бұрынғы революцияға көзқарас: ашу-ыза, қорқыныш, жек көрушілік,—қорқақтық, сенімі аздық, қажырсыздық — жұмысшы табының көзқарасы («сіздерге бесінші жыл тағы болады»).

3. Жұмысшы табының жаңа жағдайдағы қызметінің міндеттері

(α) > бұқараның саналылығы (δ)
(β) > капитализмнің дамуы (α)
(γ) > буржуазияның дұшпандығы (β)
(δ) > жаулардың бірігуі (γ)

4. Үгіт пен насихаттың сипаты.
Құпия партия керек емес
Революцияны насихаттау керек емес (гегемония емес)
etc. etc. | жойымпаздық |.

Социал-демократияда буржуазиялық контрреволюцияшылдықтың көрінісі.

5. «Алақанда»=III Дума, Ролі (кадеттердің.)

1911 жылдың аяғында жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

РСДРП БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ VI (ПРАГА) КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ

1

«КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ШАҚЫРУ ЖӨНІНДЕГІ РОССИЯЛЫҚ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ» ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫНА [168]

Мұның өзі алғыс айтуға *байланысты емес.*

Мұның өзі мандат комиссиясына қатысты.

«Алғыс айту» дегеннің орнына атқарылған істің орасан зор маңызы бар екендігін (салтанатты түрде) *м о й ы н д а у* деп жазуға және жағдайлардың қиыншылығын *ашып жазуға* кеңес беремін.

1912 ж. кеш дегенде 5 (18) январьда жазылған

Бірінші рет 1941 ж. «Пролетарская Революция» журналының 1-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

2

КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ЗАҢДАСТЫРУ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗДІҢ КОНСПЕКТІ

1. Ыдырау және Орталық Комитеттің жоқтығы.
2. Жергілікті ұйымдардың партияны қалпына келтіру жөніндегі инициативасы.

IV Думаның сайлауы. 3. Практикалық жұмыстың шұғыл міндеттері партияны қалпына келтіру міндетін ерекше күшейтіп отыр.

4. *Барлығы тегіс* шақырылды, тек қана партияға көмектескісі келмегендер жоқ.
5. Россияда жұмыс істейтін ұйымдардың бәрінің өкілдері бар.

— — Толық праволы орталық мекемелер құрып, барлық жерде партия ұйымдары мен партиялық жұмысты қалпына келтіру ісіне көмектесуге міндетті партияның жоғарғы органы ретінде конференцияны заңдастыру.

---

1) Ұлттық ұйымдар 3—4 рет шақырылды
— — (1) орыс ұйымдарынан бөлінуге
ұлттық ұйымдар түгелдей кінәлы деп белгіленді;

2) тікелей жойымпаздық (бундшылдық) мүдделерді ішінара қолдау;
партияның болуы, не болмауы керек пе деген осы мәселеде дәрменсіз ауытқушылық;

3) қозғалыстың аса маңызды орталықтарындағы күллі жұмысты атқаратын орыс ұйымдары осы жұмыстан және партияны қалпына келтіруден бой тартса, мұның өзі барып тұрған қисынсыздық болар еді.

---

4 (1) үш жыл болған жоқ;
(2) екі жарым жыл бойы қажеттілікті мойындап, дайындалдық;
(3) барлығы түгелдей хабардар етіліп, шақырылды және қатысуға мүмкіндік берілді;
(4) Россиялық ұйымдастыру комиссиясының төңірегіне 20 орыс ұйымы топтасты.

1912 ж. кеш дегенде 5 (18) январьда жазылған

Бірінші рет 1937 ж. 18 январьда «Правда» газетінің 18-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

3

ПАРТИЯНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ УСТАВЫНА ЕНГІЗІЛЕТІН ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ЖОБАСЫ *

Ұйымдық устав

§ 1 — сол өзі.

§ 2 — уақытша шара түрінде (1908 ж. XII қарарына сәйкес) кооптацияға жол берілетіндігі туралы қосылсын.

§ 3 — сол өзі.

§ 4 — сол өзі.

§ 5 — сол өзі.

§ 6 — сол өзі.

§ 7 — сол өзі.

§ 8 — *бәрі алынып тасталсын.* Орталық Комитетке + жергілікті жерлерге ерік берілсін.

§ 9 — 1000 сайлаушының орнына — 30 немесе 50 делінсін және пропорциялық өкілдік (уақытша) жойылсын.

Ескерту. 1912 жылғы конференция істің шұғыл жағдайына байланысты *партияның жоғарғы органы* болып заңдастырылды (конференция туралы қарарды қара)**.

1912 ж. кеш дегенде 11 (24) январьда жазылған

Бірінші рет 1941 ж. «Пролетарская Революция» журналының 1-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 168-бет. *Ред.*

** Қолжазбада бұл абзац сызылып тасталған. *Ред.*

4

«ПАРТИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ СИПАТЫ ЖӘНЕ ҰЙЫМДЫҚ ФОРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ» ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫНА *

Басталуында (α) 1908 ж. XII қарарды қуаттау немесе оның дұрыстығын үш жылғы *тәжірибенің* дәлелдегені; (β) жергілікті социал-демократиялық күштер жұмысының бізде 1878—1890 жылдардағы неміс типіне[169] *жақындайтын* партия типін құрып жатқанын мойындау қосып жазылсын. Осы жолмен *бұдан әрі де* жүре беру керек | мұның өзі 1-параграфтың *орнына.* |

5-тезисте *қалыптастыру* деген сөз алынып тасталсын және «кеңейту» дегеннің орнына *нығайту* делінсін.

§ 7 — 1908 ж. XII сияқты абайлаңқырап айтылсын.

§ 9 — былайша баяндалсын: айталық, саяси үгіт мағынасында да, революциялық күреске басшылық ету үшін де, түрлі қоғамдардағы *барлық құпия ұйымдар мен құпия ұяларды байланыстыру үшін де* дұрыс және жиі шығып тұратын құпия социал-демократиялық газетті үздіксіз таратып тұру ерекше маңызды.

1912 ж. 11 (24) январьда жазылған

Бірінші рет 1941 ж. «Пролетарская Революция» журналының 1-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 157—158-беттер. *Ред.*

5

«ПЕТИЦИЯЛЫҚ НАУҚАН» ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ *

Петициялық науқан туралы қарар

Тақырыптар:

1) бұқарамен байланысы жоқ әдебиетшілердің ойлап шығарғаны, бұл бұқарадан шық[қан] [емес];

2) айқын [ұрандар] болмай, [бұқара] арасында үгіт жүргізбей, [бұқара тарапынан] ынта-ықылассыз босқа қол қоя салу;

3) петицияның тексті мен сипаты қанағаттанғысыз;

4) жағдай бүкіл халық [үшін] бостандықтың жалпы қарапайым шарттарын алға қойып отырғанда бірен-саран талаптарды бөліп алушылық;

5) сәтсіздікке ұшырау: 1300 қол қойылған. Киев, Екатеринослав, Кавказ etc. қолдамады;

6) пролетарлық митингтерге ұмтылушылық бұқараға баратын «[жол]ды» жойымпаздар іздегісі келіп отырған *жерден* іздемеу *керектігін* көрсетті.

Қорытынды:

Сәтсіздікті біржола сәтсіздікке ұшырау деп мойындау.

[Заманның] нақты жағдайлары жөніндегі петицияларды үгіттің [жарамдылығы] өте аз құралдарының бірі деп мойындау.

Жалпы [саяси] талаптарға және бұқара арасында революциялық үгіт жүргізуге *байланысты* [коалициялар] бостандығы үшін үгіт жүргізуге шақыру.

---

* Документтің қолжазбасы ішінара бүлінген. Шаршы жақшаға алынған сөздер қабылданған қарардың мағынасы бойынша және тексті бойынша қалпына келтірілген. *Ред.*

Қарардың жобасы

Былай деп мойындалсын:

1) басталған... «петициялық науқан» [деп] аталатынды жойымпаздық бағыттағы [бір топ петербургтік әдебиетшілер] бастаған-ды, бірақ ол науқан тіпті де [бұқара күресінің] жемісі болған жоқ, жұмысшы ұйымдарының немесе алдыңғы қатарлы жұмысшылардың белсенді бастамасымен байланысты болған жоқ...;

2) петицияның [сипаты жөнінен де], сондай-ақ жалпы саяси жағдайлар тұрғысынан алғанда да аталған [науқан] бұқара ынта қоймайтын [қағазға] [таза формальды түрде] және босқа қол қоя салуға [сөзсіз айналды]; петицияны баспасөзде де, жиналыстарда да... талқылауға жұмысшылардың өздері кеңінен қатысқан [жоқ];

3) жұрт арасына таратылған әлгі петиция және жойымпаздардың оған берген түсініктемелері не[ғұрлым] алдыңғы қатарлы және неғұрлым революцияшыл бір тап үшін керек саяси бостандық талабын бөліп алып, бұл талапты [бүкіл халықтың] саяси бостандығының [жалпы] қарапайым жағдайларынан сы[рт] қояды, сөйтіп бүкіл халықтың к[өсемі]... пролетариаттың патша өкіметіне қарсы күресінің міндеттерін бұрмалайды және «науқанды» [сәтсіздікке] ұшыратады;

4) бұл [петициялық науқанның] тағдыры [бүкіл] бастаманың терістігін, ж[ұмысшы бұқарасынан] қол үзгендігін айқын дәлелдеді: петиция не бары 1300 дауыс жинады, [оның бер жағында] барлық партия ұйымдарында, оның ішінде [Кавказда], Екатеринославта, Киевте және тіпті жойымпаздарға іш тартушы ұйымдарда... петициялық науқан, б[ұқара] көрінеу қолдамаған науқан, ешқандай қолдаушылық [мүлде кездестірген жоқ], сондай-ақ бұл [науқанды Думадағы біздің социал-демократиялық фракция да] қолдаған жоқ.

1912 ж. кеш дегенде 17 (30) январьда жазылған

Бірінші рет 1941 ж. «Пролетарская Революция» журналының 1-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«РОССИЯ ПРОЛЕТАРИАТЫНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ӨРЛЕУІ» ДЕГЕН РЕФЕРАТТЫҢ ЖОСПАРЫ [170]

1. Лена оқиғалары және Россиядағы бірінші май. Бұқаралық стачкалар және олардың ролі.
2. Революциялық өрлеудің заңдылығы, оның нышандары мен перспективалары.
3. Қазіргі заманғы революцияларда бұқаралық стачканың маңызы. 1905 жылдың тәжірибесі.
4. Либерализм мен демократия жаңа революцияның алдында.
5. Кадеттер «революциялық ниет-пиғылдарға» неге соғыс жариялады және «Россияда жаңа революцияның қажеттігі» туралы пікірді неге айыптады?
6. Қазіргі революциялық өрлеудің жаңа жағдайы. Саяси партиялар, III Дума, сайлау. Шаруалар және жаңа демократиялық интеллигенция.
7. «Коалициялар бостандығы» және халық революциясының ұрандары — республика үшін күрес, 8 сағаттық жұмыс күні үшін, барлық помещиктік жерді конфискелеу үшін күрес.

Реферат туралы РСДРП Шетелдік ұйымының Париж секциясы шығарған хабарландыруда 1912 ж. 13 июньнен (жаңаша) ертерек басылған

Хабарландырудың тексті бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИННІҢ
ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(Декабрь, 1911— июль, 1912)

РСДРП БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ VI (ПРАГА) КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА ЖАСАЛҒАН «ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢ ЖӘНЕ ПАРТИЯНЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ» БАЯНДАМА, СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

В. И. Ленин «Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы» баяндаманы конференцияда 1912 жылғы 6 және 12 (19 және 25) январь аралығында жасаған. Баяндама туралы деректер мына естеліктерде бар: Н. А. Семашко: «Ленин қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы баяндама жасады. Мұның өзі конференцияның бағытын, партияның құрылуы мен міндеттерін айқындауға тиіс болған негізгі мәселе еді» (Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. 1-бөлім. М., 1956, 432—433-беттер) және Е. П. Онуфриев: «...Бұл Лениннің қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы баяндамасының тезистері еді, ол баяндама бірнеше күннен кейін конференцияда жасалған-ды» (Е. Онуфриев. Ленинмен кездесулер. М., 1959, 16-бет).

Лениннің конференцияда жасаған басқа да баяндамалары мен сөйлеген сөздері туралы деректер РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясының жекелеген мәжілістерінің қысқаша протокол жазбасында бар; бұл жазба КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

«ҰСАҚ АЙЛА (БЛАНКҚА ЖАУАП)», «ӨШПЕС ҮМІТ»

В. И. Ленин бұл мақалалар жайында «Невская Звезда» газетінің редакциясына 1912 жылғы 11 (24) июльде жазған хатында былай деп жазды: «...Оның үстіне, егер сіздер мақалаларды баспасаңыздар, тіпті жауап та бермесеңіздер, кері қайтарып та жібермесеңіздер (мәселен, менің мақалаларым: Бланкқа жауап — *маңызды!* «Өшпес үміт» және *басқа бірсыпыралары!!)*, онда тегінде сіздер қызметкерлерді қуып шығасыздар» (Шығармалар, 35-том, 19-бет) және «Правда» газетінің редакциясына 1912 жылғы 20 июльде (2 августа) жазған хатында былай деп жазды: «Сіз «Невская Звездаға» мынаны хабарлаудан да бас тартпассыз деп сенемін: мен өзімнің Бланкқа жауап

берген мақаламды («Ұсақ айла») 18-номерде басылмаса, қайтарып жіберуді сөзсіз талап етемін. Онда мен оны қалайда журналға бастырамын» (Шығармалар, 35-том, 30-бет).

9 НОЯБРЬ ТУРАЛЫ МАҚАЛА (ТІЛШІНІҢ ЖАУАБЫ)

В. И. Ленин 1912 жылғы 19 июльде (1 августа) «Правда» газетінің редакциясына былай деп жазды: «...9. XI жөніндегі (тілшінің жауабы) мақала туралы көптен бері жауап алған жоқпын» (бұл да сонда, 25-бет).

«САЙЛАУ ПЛАТФОРМАСЫ ТУРАЛЫ»

В. И. Ленин 1912 жылғы июльде «Правда» газетінің редакциясына жазған хатында бұл мақаланы жібергенін хабарлап, оны «Правдада» жариялау қажеттігін көрсетті (қараңыз: Шығармалар, 35-том, 22—23-беттер). Ленин 19 июльдегі (1 августағы) хатында былай деп жазды: «Сіз былай деп жазғанда, сірә, секретарь ретінде редакция атынан да жазатын шығарсыз: «редакция сіздің хатыңызды *жойымпаздарға көзқарас жөнінде де* принцип жағынан әбден қолайлы деп есептейді»» (бұл да сонда, 24-бет). Лениннің хатына жауап беріп, «Правда» редакциясы 30 июльде (12 августа) былай деп хабарлады: ««Сайлау платформасы туралы» мақала басылады, бірақ біраз уақыттан кейін. Айтпақшы, біз оған, былайша айтқанда, «техникалық» жағынан даярлануға тиіспіз, өйткені бұл мақала формасы жағынан цензуралық шектен мүлде шығып кетіп жатыр» (««Звезда» мен «Правда» заманынан», III кітап, М.—П., 1923, 240-бет).

Мақала «Правдада» шыққан жоқ.

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН БАСЫЛЫМДАР МЕН ЕҢБЕКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

«СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТ» ГАЗЕТІ

№ 25—21 (8) декабрь, 1911 ж.
№ 26—8 май (25 апрель), 1912 ж.
№ 27—17 (4) июнь, 1912 ж.

«РАБОЧАЯ ГАЗЕТА»

№ 7—22 декабрь, 1911 ж. (4 январь, 1912 ж.)
№ 8—17 (30) март, 1912 ж.

«ПРОСВЕЩЕНИЕ» ЖУРНАЛЫ

№ 1— декабрь, 1911 ж.
№ 2— январь, 1912 ж.
№ 3—4— февраль — март, 1912 ж.
№ 5—7— апрель — июнь, 1912 ж.

«РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ 1912 ЖЫЛҒЫ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ»

Paris, Орталық Комитеттің басылымы, 1912

Кітапша 1912 жылы февральда басылып шықты. В. И. Лениннің кітапшаны редакциялағаны туралы деректер КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы документтерде бар.

«САЙЛАУШЫҒА КӨМЕКШІ (БІЗДІҢ САЙЛАУ ЗАҢЫМЫЗ)» Спб., 1912

Кітапша 1912 жылғы июньде жарыққа шықты. В. И. Ленин бұл кітапшаның материалдарын құрастырып, редакциялады. 1912 жылғы мартта «Звезда» газетінің редакциясына жазған хатында Ленин 1907 жылғы 3 (16) июньдегі сайлау заңы туралы кітаптарды және кітапшаны құрастыруға, редакциялауға керекті басқа материалдарды өзіне жіберуді сұраған (қараңыз: Шығармалар, 17-том, 510-бет). Ленин 1912 жылғы 9 (22) апрельде «Звезда» газетінің редакциясына жазған хатында былай деп хабарлады: «...Бүгін «Сайлаушыға көмекші» үшін жаңа материал жіберіп отырмын. Мұнда бәрі дерлік айтылған, екі күннен кейін тағы да осыдан екі мақала жіберіледі, одан соң Тверьден бюджет туралы мақала аласыздар» (Шығармалар, 35-том, 13-бет).

В. И. ЛЕНИН ЖАЗҒАН БОЛУЫ ЫҚТИМАЛ ЕҢБЕКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

«САЙЛАУ ЖӘНЕ ПАРТИЯЛАР»

Мақала «П. П.» деген қол қойылып, 1912 жылғы 22 майда (4 июньде) «Правда» газетінің 19-номерінде жарияланған. В. И. Лениннің жұртқа белгілі бірнеше мақаласына, атап айтқанда, оның «Правдадағы» бірінші мақаласы — газеттің 13 және 14-номерлерінде басылған «Трудовиктер және жұмысшы демократиясы» деген мақалаға, «Либерализм және демократия», «Швейцарияда» (қараңыз: осы том, 296—301, 263—273, 440—443-беттер және Шығармалар, 18-том, 311—313-беттер) деген мақалаларына осылай деп қол қойылған.

«Сайлау және партиялар» деген мақала IV Мемлекеттік думаның сайлау науқаны мәселелеріне арналған. Дәл сол күні «Невская Звезда» газетінде Лениннің әлгі тақырыпқа арналған «Сайлау алдындағы мобилизацияның кейбір қорытындылары» (қараңыз, осы том, 345—350-беттер) деген мақаласы жарияланған, ал бұл мақалада негізгі принципті мәселелер жөнінде, сондай-ақ белгілі бір фактілерді баяндау жөнінде тексті жағынан сәйкес келушілік бар. Мақалада сөз болған мәселелер — Дума сайлауында партиялардың бөлінуі туралы және үш лагерьдің: оңшыл, либералдық және демократиялық лагерьлердің бар екені туралы, жұмысшылар мен шаруалардың таптық санасын көтеру үшін сайлаудың маңызы туралы мәселелер мазмұны жағынан Лениннің осы кезеңде жазған мақалаларымен сәйкес келеді, ол мақалалар: «Саяси партиялар үшінші Думаның 5 жылы ішінде», «IV Думаның сайлау науқаны және революциялық социал-демократияның міндеттері», «Россиядағы саяси партиялар» (қараңыз: бұл да сонда, 185—191, 274—279, 305—318-беттер). Мұның өзі мақаланы Ленин жазған деп жорамалдауға негіз болады.

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] Бүкіл россиялық партия конференциясын шақыру жөніндегі *Россиялық ұйымдастыру комиссиясы* (РҰК) РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің 1911 жылғы июнь кеңесінің шешімі бойынша құрылды. Комиссия сентябрьдің аяғында жергілікті партия ұйымдары өкілдерінің кеңесінде құрылып, РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясы ашылғанға дейін жұмыс істеді. Кеңес конференция шақыру жөніндегі Шетелдік ұйымдастыру комиссиясының (ШҰК) уәкілі Г. К. Орджоникидзенің басшылығымен Бакуде ашылды. Оған Баку, Тифлис, Екатеринбург, Киев және Екатеринослав партия ұйымдарынан өкілдер қатысты. Делегаттардың арасында С. Г. Шаумян, С. С. Спандарян, И. И. Шварц болды; Е. Д. Стасова және басқалары кеңесші дауыспен қатысты. Бірінші мәжілісте Шетелдік ұйымдастыру комиссиясы уәкілінің есебі тыңдалып, жергілікті жерлердің баяндамалары талқыланды. Кеңес конференция шақыру жөніндегі Россиялық ұйымдастыру комиссиясын құру туралы қарар қабылдады. Қарарда кеңеске астыртын жағдайда жұмыс істейтін партия ұйымдарының бәрін дерлік қатыстыру үшін барлық шаралар қолданылғаны атап көрсетілді. Қарар партия конференциясын партия ұйымдарын біріктірудің және «партиялық қайта көркеюдің кең даңғыл жолына шығудың...» бірден-бір құралы деп таныды.

Полицияның қуғынына және ашылып қалу қаупіне байланысты (кеңес ашылған күннің ертеңіне Шаумян тұтқынға алынды) мәжілістер Тифлиске көшірілді. Екінші мәжілісте Россиялық ұйымдастыру комиссиясының Шетелдік ұйымдастыру комиссиясымен және Шетелдік техникалық комиссиямен (ШТК) өзара қарым-қатынастары туралы мәселе талқыланды. Кеңес қабылдаған қарарда былай делінді: Шетелдік ұйымдастыру комиссиясы конференцияны әзірлеу және шақыру жөніндегі бүкіл жұмысты өз міндетіне алып отырған Россиялық ұйымдастыру комиссиясына бағынуға тиіс. Шетелдік ұйымдастыру комиссиясына және Шетелдік техни-

калық комиссияға Россиялық ұйымдастыру комиссиясының айтуынсыз әдебиет жүзінде және басқа жолмен қандай да болсын пікір білдіруге, сондай-ақ партияның ақшасын жұмсауға жол беруге болмайтындығы атап көрсетілді. Конференцияға сайлау тәртібі белгіленді және бұдан былайғы жұмыс жоспары жасалды. Кеңес жария ұйымдардың конференциядағы өкілдігі туралы қарар қабылдады. Россиялық ұйымдастыру комиссиясы құпия РСДРП-ны мойындайтын және онымен идеялық байланыс орнатуға ұмтылатын жария жұмысшы ұйымдарының бәрін конференцияға өз өкілдерін делегат етіп жіберуге шақырды. Олардың конференциядағы праволарына келетін болсақ, онда бұл туралы мәселені конференцияның өзінің шешуіне қалдырды. «Ұлттық ұйымдар туралы» қарарында Россиялық ұйымдастыру комиссиясы ұлттық ұйымдарға өз өкілдерін Россиялық ұйымдастыру комиссиясына жіберу, сондай-ақ конференцияға делегаттар сайлауға кірісу жөнінде ұсыныс жасауға қаулы етті.

Россиялық ұйымдастыру комиссиясының үшінші мәжілісінде жергілікті партия ұйымдарына арналған үндеудің жобасы талқыланып, қабылданды.

Россиялық ұйымдастыру комиссиясының мәжілістері туралы есепті Г. К. Орджоникидзе 1911 жылғы 8 (21) декабрьде «Социал-Демократ» газетінің 25-номерінде жариялады. Россиялық ұйымдастыру комиссиясының қарарларымен бірге үндеу Тифлисте 1000 дана жеке листок болып басылып, жергілікті және шетелдік ұйымдарға жіберілді.

Россиялық ұйымдастыру комиссиясы жұмысының алғашқы нәтижелерін бағалай келіп, Ленин былай деп жазды: «*Төрт* жылға созылған бейберекеттік пен ауа жайылушылықтан кейін... орыс социал-демократиялық орталығы тұңғыш рет жиналды. Осы орталықтан партияға арналған листок Россияда тұңғыш рет шықты... Ту көтерілді; бүкіл Россиядағы жұмысшы үйірмелері осы туға ден қоя бастады, сондықтан бұл туды енді ешбір контрреволюциялық шабуыл құлата алмайды!» (осы том, 7, 8-беттер).

1911 жылдың аяқ шенінде Россиялық ұйымдастыру комиссиясының төңірегіне 20-дан астам жергілікті ұйымдар: Петербург, Москва, Баку, Тифлис, Киев, Екатеринослав, Екатеринбург, Саратов, Қазан, Николаев, Вильно ұйымдары және басқалары топтасты. Россиялық ұйымдастыру комиссиясы 1912 жылғы январьда болып өткен РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясын шақыру жөнінде зор ұйымдастыру және насихат жұмысын жүргізді. Россиялық ұйымдастыру комиссиясының қызметі туралы айрықша қарарда (қараңыз: бұл да сонда, 145-бет) конференция, Лениннің ұсынысы бойынша, Россиядағы барлық партия ұйымдарын топтастыру және партияны қайта құру жөнінде Россиялық ұйымдастыру комиссиясының жүргізген жұмысының аса зор маңызын атап көрсетті.— *1.*

[2] *Шақырымпаздық* — большевиктердің арасында туған оппортунистік ағым, оны А. Богданов басқарды. Революцияшыл сөздерді бүркемеленіп, шақырымпаздар (А. Богдановпен қоса топқа Г. А. Алексинский, С. Вольский, А. В. Луначарский, М. Н. Лядов және басқалары кірді) социал-демократ депутаттарды III Мемлекеттік думадан кері шақырып алуды және жария ұйымдардағы жұмысты тоқтатуды талап етті. Реакция жағдайында партия тек қана құпия жұмыс жүргізуге тиіс дей отырып, шақырымпаздар Думаға, жұмысшылардың кәсіптік одақтарына, кооператив ұйымдарына және басқа бұқаралық жария және жартылай жария ұйымдарға қатысудан бас тартты, сөйтіп бүкіл партиялық жұмысты құпия ұйым шеңберінде шоғырландыру қажет деп есептеді. Шақырымпаздықтың бір түрі ультиматизм болды. Ультиматистердің шақырымпаздардан тек форма жағынан ғана өзгешелігі болды. Олар Думадағы социал-демократиялық фракцияға партияның Орталық Комитетінің шешімдеріне фракцияның сөзсіз бағынатыны туралы ультиматум қоюды, ал мұны орындамаған жағдайда социал-демократиялық депутаттарды Думадан кері шақырып алуды ұсынды. Ультиматизм іс жүзінде бүркемеленген, жасырынған шақырымпаздық болды. Ленин ультиматистерді «ұялшақ шақырымпаздар» деп атады.

Шақырымпаздар партияға орасан зор зиян келтірді. Олардың саясаты партияны бұқарадан қол үзуге, оны жаңа революциялық өрлеу үшін күш жинай алмайтын сектанттық ұйымға айналдыруға бастады. Ленин шақырымпаздарды «өңін айналдырған жойымпаздар» ретінде әшкерелеп, шақырымпаздыққа бітіспес соғыс жариялады. «Шақырымпаздық — большевизм *емес,* қайта оның ең қаскөй саяси дұшпаны ғана ойлап шығара алатын ең нашар саяси карикатурасы»,— деп жазды Ленин (Шығармалар толық жинағы, 17-том, 402-бет).

Шақырымпаздарға қарсы күрес 1908 жылдың көктемінен басталды. 1908 жылғы март—апрельде III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның бес айғы жұмысының қорытындыларын талқылаған кезде Москваның кейбір аудандарында шақырымпаздық қараралар қабылданды. Май айында Москва жалпы қалалық конференциясында шақырымпаздардың қарарына 18 дауыс қарсы болып, 14 дауыс жақтап шығып қабылданбай қалды. Москва партия конференциясының материалдары 1908 жылғы 4 (17) июньде «Пролетарий» газетінің 31-номерінде жарияланды. Лениннің ұсынысы бойынша осы номерден бастап газетте Думаға және Думадағы социал-демократиялық фракцияға көзқарас туралы мәселе жөнінде айтыс басталды. Баспасөз бетіндегі айтыспен қатар партия ұйымдарында шақырымпаздарға қарсы күрес жүргізілді. 1908 жылдың күзінде Жалпы россиялық V конференцияға делегаттар сайлаған кезде Петербург ұйы-

мында ультиматист-шақырымпаздар айрықша платформа жасап, онысын Петербург комитетінің кеңейтілген мәжілісіне қарар ретінде ұсынды. Қарар партия ұйымдары арасында кең қолдау таппады. Конференцияда шақырымпаздар өз платформасын ұсынып ашық шығуға батылы бармады; олар өз жақтастарының болмашы тобын ғана құра алды.

Конференциядан кейін, Лениннің талап етуі бойынша, шақырымпаздардың платформасы «Пролетарий» газетіне басылды. Газеттің сол номерінде басылған «Большевизмге карикатура» деген мақаласында Ленин бұл платформаны кең көлемде сынға алды. Ленин шақырымпаздардың көзқарастарының бүкіл дәйексіздігін, принципсіздігін, марксизмге дұшпандығын ашып берді. Лениннің «Екі хат жайында», ««Кезектегі мәселелер жөнінде» деген мақала жайында», «Жойымпаздықты жою», «Шақырымпаздықты және құдай жасампаздықты жақтаушылардың фракциясы туралы» деген және басқа мақалалары да шақырымпаздықты сынауға арналған.

Шақырымпаздар лидерлерінің бір бөлегі (Богданов, Луначарский) жойымпаз-меньшевиктермен (Валентинов, Юшкевич) бірге баспасөз бетінде марксизмнің теориялық негіздеріне — диалектикалық және тарихи материализмге шабуыл жасады. Луначарский құдай жасампаздықты — жаңа дін жасау, социализмді дінмен ұштастыру қажеттігін уағыздай бастады.

1909 жылдың көктемінде шақырымпаздар, ультиматистер мен құдай жасампаздар Капри аралында антипартиялық мектеп ұйымдастыру жөнінде инициативалық топ (Богданов, Алексинский, Луначарский және басқалары) құрды. Іс жүзінде бұл мектеп антипартиялық фракцияның орталығы болды. 1909 жылғы июньде «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының Кеңесі «РСДРП ішіндегі белгілі бір ағым болып табылатын большевизмнің шақырымпаздықпен және ультиматизммен ешбір қатысы жоқ» деген шешім қабылдап, большевиктерді революциялық марксизмнен бұл ауытқушылықтарға қарсы барынша үзілді-кесілді күрес жүргізуге шақырды. Шақырымпаздықтың дем берушісі Богданов большевиктердің қатарынан шығарылды.

Кейінірек «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген еңбегінде Ленин былай деп жазды: большевиктер революция жеңіліске ұшырағаннан кейін дұрыс шегініп, өз қатарын сақтап қала алды, оның себебі «шегіну керек екенін, шегіне білу керек екенін, нағыз реакцияшыл парламенттерде, нағыз реакцияшыл кәсіподақтық, кооперативтік, қауіпсіздендіру және сондай ұйымдарда міндетті түрде жария жұмыс істеп үйрену керек екенін түсінгісі келмеген сөзуар революционерлерді аямай әшкерелеп, қуып шығып отырды» (Шығармалар, 31-том, 12—13-беттер).—*2.*

[3] «Бірігу пленумы» деген атпен мәлім болған *РСДРП Орталық Комитетінің пленумы* 1910 жылғы 2—23 январьда (15 январь — 5 февральда) Парижде болды.

Партияны және оның бірлігін нығайтудың жолдары мен әдістері туралы мәселе 1909 жылы күзде айрықша күшті қойылды. 1909 жылғы ноябрьде В. И. Ленин «Пролетарийдің кеңейтілген редакциясы Кеңесінің шешіміне сәйкес жойымпаздар мен шақырымпаздарға қарсы бірлесіп күрес жүргізу үшін большевиктердің партияшыл-меньшевиктермен жақындасу, блок құру жоспарын ұсынды. Лениндік жоспарға қарама-қарсы, ымырашылдар Г. Е. Зиновьев, Л. Б. Каменев пен А. И. Рыков большевиктерді голосшыл-меньшевиктермен (жойымпаздармен) және троцкистермен біріктіруге күш салды, мұның өзі іс жүзінде большевиктік партияны жойғандық болар еді. Орталық Комитеттің мүшелері И. Ф. Дубровинский мен В. П. Ногин де ымырашылдық ауытқу пиғылында болды. Партия ішінде және Россияда қалыптасқан жағдай партиялық күштерді біріктіруге байланысты мәселелерді шешуді қатты талап етіп отырғандықтан, большевиктер 1909 жылғы 1 (14) ноябрьде Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына ең таяудағы уақытта партияның Орталық Комитетінің пленумын шақыру қажеттігі туралы мәлімдеме жолдады.

Орталық Комитеттің январь пленумының жұмысына барлық фракциялар мен топтардың өкілдері, сондай-ақ ұлттық социал-демократиялық ұйымдардың өкілдері қатынасты. Пленумда ымырашылдар көпшілік болды.

Ленин пленумда оппортунистер мен ымырашылдарға қарсы табанды күрес жүргізді, жойымпаздық пен шақырымпаздықты батыл айыптауға күш салып, большевиктердің партияшыл-меньшевиктермен жақындасу бағытын жүргізді. Пленумдағы жағдайды сипаттай келіп, Ленин кейінірек А. М. Горькийге былай деп жазды: «үш апта әуре-сарсаң болдық, барлық нервілеріміз қажып бітті, жүз мың шайтан басқыр!» (Шығармалар, 34-том, 428-бет).

Пленумның күн тәртібінде мынадай мәселелер болды: 1) Орталық Комитеттің Орыс бюросының есебі; 2) Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының есебі; 3) Орталық Орган редакциясының есебі; 4) Ұлттық социал-демократиялық партиялардың орталық комитеттерінің есептері; 5) Партия ішіндегі істің жайы; 6) Кезекті партия конференциясын шақыру туралы; 7) РСДРП Орталық Комитетінің уставы және басқа мәселелер.

Негізгі мәселені — партия ішіндегі істің жайы туралы мәселені талқылаған кезде пленумда впередшілдермен блок құрған, троцкистер қолдаған голосшыл-меньшевиктер жойымпаздық пен шақырымпаздықты қорғауға тырысты. Алайда ымырашылдар мен ұлттық ұйымдардың өкілдері голосшыл-меньшевиктердің, впередшілдердің және троцкистердің қысымымен «Партия ішіндегі істің жайы туралы» қарарда жойымпаздар мен шақырымпаздарды өз атымен атамауға ке-

лісім бергеніне қарамастан, пленум, Лениннің қатты талап етуі бойынша, жойымпаздық пен шақырымпаздықты айыптады, бұл ағымдардың қауіптілігін және оларға қарсы күресу қажеттігін мойындады.

Кейінірек Ленин январь пленумының маңызына баға бере келіп, былай деп атап көрсетті: пленум РСДРП V (1908 ж. Жалпы россиялық) конференциясының қарарын дамыта келіп, жойымпаздық пен шақырымпаздық дегеніміз пролетариатқа буржуазиялық ықпалдың көрінісі деп қаулы алып, партияның контрреволюция дәуіріндегі тактикалық бағытын түпкілікті белгілеп берді. Пленум сондай-ақ сол кездегі тарихи дәуірдегі партияның идеялық-саяси міндеттеріне байланысты партияның нағыз бірлігін орнату қажеттігі туралы мәселені алға қойды.

Сонымен бірге Ленин пленумның ымырашылдық шешімдерін қатты айыптады. Ымырашылдар Троцкиймен одақтасып алып, Ленинге қарсы келіп, партияның орталық мекемелеріне партияшыл-меньшевиктерді емес, голосшыл-меньшевиктерді (жойымпаздарды) өткізді. Пленум Троцкийдің газеті — веналық «Правдаға» қаржы беріп тұру және оның редакциясына Орталық Комитеттің өкілін енгізу жөнінде қаулы алды. «Вперед» тобы партияның баспа тобы деп танылды. Большевиктік орталық таратылып, «Пролетарий» газетін шығару тоқтатылды; большевиктер өз мүлкінің біразын Орталық Комитетке берді, ал қалғанын олар бөгде адамдарға, сақтаушылар дейтіндерге (К. Каутский, Ф. Меринг, К. Цеткин) берді, бергенде де оны бұлар екі жыл мерзімнің ішінде Орталық Комитетке тапсырады, соның өзінде егер голосшыл-меньшевиктер өздерінің фракциялық орталығын жойып, өздерінің фракциялық органын шығаруды тоқтатқан жағдайда ғана тапсырады деген шартпен берді. «Фракциялық орталықтар туралы» шешімінде пленум «партия мен партиялық бірліктің мүдделері *«Голос Социал-Демократа»* газетін таяудағы болашақта жабуды талап етеді» деп атап көрсетті. Алайда, Лениннің жазғанындай, пленум голосшылдар (жойымпаздар) мен впередшілдердің өзіміздің фракцияларымызды таратамыз, фракциялық басылымдарымызды шығаруды тоқтатамыз деген сөз жүзіндегі уәделерімен ғана шектелді. Пленумның ымырашылдық шешімдері жойымпаздар мен шақырымпаздардың отына май құйып, партияға үлкен зиян келтірді.

Голосшыл-меньшевиктер, впередшілдер және троцкистер пленумның шешімдеріне бағынудан бас тартты. «Голос Социал-Демократа» жабылмады. Жойымпаздар Россияда өздерінің «Наша Заря» атты органын жария шығара бастап, оған голосшылдар қатысып отырды. «Вперед» тобы өзінің жікшілдік әрекетін тоқтатпады. Троцкистік «Правданың» редакциясы Орталық Комитеттің бақылауына бағынудан бас тартты. Жойымпаз-меньшевиктер партияның орталық меке-

мелеріне кіріп алып, олардың қызметін және жергілікті партия ұйымдарының жұмысын жолға қоюға бөгет жасады.

Осыған байланысты 1910 жылдың күзінде большевиктер январь пленумында фракциялар қабылдаған келісімге өздерінің мойынсұнуды қажет деп таппайтынын мәлімдеді. Большевиктер өз органы — «Рабочая газетаны» шығара бастады. Олар жаңа пленум шақыруға күш салып, Орталық Комитеттің қарамағына шарт қойып берген мүлкі мен ақша қаражатын өздеріне қайтарып беруді талап етті.

Январь пленумының протоколдары табылған жоқ. Пленумның жұмысы, онда жойымпаздарға, впередшілдерге, троцкистерге және ымырашылдарға қарсы жүргізілген күрес В. И. Лениннің «Публицистің заметкалары» деген мақаласында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 257—330-беттер) егжей-тегжейлі баяндалған.— *2.*

[4] *«Дискуссионный Листок»* («Айтыс Листогы») — РСДРП-ның Орталық Органы «Социал-Демократтың» қосымшасы; РСДРП Орталық Комитетінің 1910 жылгы январь пленумының қаулысы бойынша 1910 жылғы 6 (19) марттан 1911 жылғы 29 апрельге (12 майға) дейін Парижде шығып тұрды. Үш номері шықты. Редакцияның құрамына большевиктерден, меньшевиктерден, ультиматистерден, бундшылдардан, плехановшылдардан, поляк социал-демократиясы мен Латыш өлкесінің социал-демократиясынан өкілдер енді. «Дискуссионный Листокта» В. И. Лениннің «Публицистің заметкалары», «Россиядағы партия ішіндегі күрестің тарихи мәні», «Жарияшылдың жойымпаздыққа қарсы адаммен әңгімесі» деген мақалалары (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 257—330, 389—409-беттер; 20-том, 252—263-беттер) жарияланды.—*2.*

[5] *Впередшілдер, «Вперед» тобы* — шақырымпаздардың, ультиматистердің және құдай жасампаздардың антипартиялық тобы; А. Богданов пен Г. А. Алексинскийдің инициативасы бойынша 1909 жылғы декабрьде, шақырымпаздық-ультиматистік фракциялық орталық — Капридегі мектеп тарап кеткеннен кейін құрылды; 1910—1911 жылдары Женевада шығып тұрған осы аттас баспасөз органы болды.

Впередшілдердің большевиктерге қарсы күресі өте-мөте принципсіз болды әрі күрес құралдарын таңдап-талғап жатпады. 1910 жылғы январь пленумында впередшілдер голосшыл-жойымпаздармен және троцкистермен тығыз бірлесіп қимыл жасады. Пленумнан өз тобын «партияның баспа тобы» деп мойындатып алып және Орталық Комитеттен оны шығаруға қаржы бөлгізіп алып, впередшілдер пленумнан кейін пленум шешімдерін шақырымпаздық-ультиматистік тұрғыдан қатты сынға алып, пленум шешімдеріне бағынудан бас тартты. Прага партия конференциясынан кейін вперед-

шілдер конференция шешімдеріне қарсы күресте жойымпаз-меньшевиктермен және троцкистермен бірікті.

«Вперед» тобының антипартиялық әрі антимарксттік принципсіз әрекеттері онан жұмысшыларды бездірді. «Бұл топтың,— деп жазды Ленин,— ықпалы әрқашан өте мардымсыз болды, сондықтан ол Россиядан қол үзген және дәрменсіз әр түрлі шетелдік топтармен келісімпаздықтың арқасында ғана амалдап тіршілік етті» (осы том, 231-бет). Жұмысшы қозғалысында тірегі болмаған «Вперед» тобы 1913—1914 жылдары іс жүзінде ыдырап кетті; формальдық жағынан ол 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін өмір сүруін тоқтатты.— *З.*

[6] *«Социал-Демократ»*— РСДРП-ның Орталық Органы, құпия газет; 1908 жылғы февральдан 1917 жылғы январьға дейін шығып тұрды. Большевиктер дайындап, Вильнода жеке меншікті баспаханада ішінара басылып та қойған бірінші номерін патша охранкасы конфискеледі. Көп кешікпей Петербургте газетті шығаруға екінші әрекет жасалды. Басылып қойған тиражының дені тағы да жандармдардың қолына түсті. Бұдан кейін газетті шығару ісі шетелге көшірілді: 2—32-номерлері (февраль, 1909— декабрь, 1913) Парижде, 33—58-номерлері (ноябрь, 1914— январь, 1917) Женевада басылып шықты. Барлығы 58 номері шықты, соның бесеуінің қосымшасы болды.

«Социал-Демократтың» редакциясы V (Лондон) съезде сайланған РСДРП Орталық Комитетінің шешіміне сәйкес большевиктердің, меньшевиктердің және поляк социал-демократтарының өкілдерінен құралды. Іс жүзінде газеттің басшысы В. И. Ленин болды. Оның мақалалары «Социал-Демократтың» негізгі арқауы болды. Газетте В. И. Лениннің 80-нен астам мақаласы мен заметкасы жарияланды.

«Социал-Демократ» редакциясының ішінде В. И. Ленин дәйекті большевиктік бағыт үшін, жойымпаз-меньшевиктерге қарсы күрес жүргізді. Редакцияның бір бөлігі (Каменев пен Зиновьев) лениндік бағытты іске асыртпай тастауға тырысып, жойымпаздарға ымырашылдық жасады. Редакцияның мүшелері меньшевиктер — Мартов пен Дан Орталық Органның редакциясындағы жұмысқа іріткі сала отырып, сонымен бірге «Голос Социал-Демократада» жойымпаздықты ашық қорғады; олар Орталық Органға партияшыл-меньшевиктердің қатысуына бөгет жасады. Лениннің жойымпаздарға қарсы бітіспес күресі нәтижесінде Мартов пен Дан 1911 жылғы июньде редакцияның құрамынан кетті. 1911 жылғы декабрьден бастап «Социал-Демократты» В. И. Ленин редакциялады.

Реакцияның қиын-қыстау жылдарында және революциялық қозғалыстың жаңадан өрлеуі дәуірінде большевиктердің жойымпаздарға, троцкистерге, шақырымпаздарға қарсы, құпия маркстік партияны сақтау, оның бірлігін нығайту, оның

бұқарамен байланысын нығайту жолындағы күресінде «Социал-Демократтың» орасан зор маңызы болды.

Большевиктік партияның Орталық Органы болған «Социал-Демократ» бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында соғыс, бейбітшілік және революция мәселелері жөніндегі большевиктік ұрандарды насихаттау ісінде айрықша маңызды роль атқарды. Газет беттерінде В. И. Лениннің «Европа Құрама Штаттары ұраны туралы» деген мақаласы жарияланды; бұл мақаласында ол социализмнің әуелі аздаған, тіпті жеке алған бір капиталистік елде жеңу мүмкіндігі туралы қорытындыны тұңғыш рет тұжырымдады. «Социал-Демократтың» Россияға таралуы, оның аса маңызды мақалаларының жергілікті большевиктік газеттерде көшіріліп басылуы Россия пролетариатын саяси жағынан ағартып, оған интернационалдық тәрбие беруге, бұқараны революцияға әзірлеуге көмектесті.

«Социал-Демократтың» бірінші дүние жүзілік соғыс дәуірінде сіңірген еңбегін жоғары бағалай келіп, В. И. Ленин кейініректе: «халықаралық социалистік революция идеяларының дамуын және революцияның 1917 жылғы 25 октябрьдегі бірінші жеңісін *түсінгісі* келетін саналы жұмысшылардың бірде-бірі» (Шығармалар, 27-том, 212-бет) онда басылған мақалаларды зерттемей тұра алмайды деп жазды.— *4.*

7 *«Рабочая Газета»* («Жұмысшы Газеті») — большевиктердің кеңінен танымал болған құпия органы; 1910 жылғы 30 октябрьден (12 ноябрьден) 1912 жылғы 30 июльге (12 августқа) дейін Парижде дүркін-дүркін шығып тұрды; 9 номері шықты. «Рабочая Газетаны» шығарудың инициаторы В. И. Ленин болды. Оны шығару туралы мәселе ресми түрде Копенгагендегі халықаралық социалистік конгресс кезінде (август 1910) РСДРП өкілдерінің — большевиктердің, партияшыл-меньшевиктердің, Думадағы социал-демократиялық фракция өкілдерінің және басқалардың кеңесінде шешілген болатын. Кеңеске В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, А. М. Коллонтай, А. В. Луначарский, Н. Г. Полетаев, И. П. Покровский және басқалары қатысты.

Ленин «Рабочая Газетаға» басшылық етіп, оны редакциялады. Газетке С. И. Гопнер, П. А. Джапаридзе, Н. А. Семашко, С. Г. Шаумян және басқа большевиктер, сондай-ақ партияшыл-меньшевиктер қатысты. Редакцияның секретары Н. К. Крупская болды. А. М. Горький газетке зор материалдық жәрдем көрсетіп отырды. Шетелдегі большевиктік топтарда «Рабочая Газетаға» жәрдем беру үйірмелері құрылып, олар газетке едәуір материалдық қолдау жасап, оны Россияға жөнелтуге көмек көрсетіп отырды. «Рабочая Газета» жойымпаз-меньшевиктерге, шақырымпаздар мен троцкистерге қарсы құпия маркстік партияны сақтау және нығайту жолында күрес жүргізді, революциялық тактиканы қорғады, Россияның жұмысшы табын жаңа революцияға идеялық жағы-

нан әзірледі. Газет Россиядағы партия тұрмысының және халықаралық социалистік қозғалыстың мәселелерін кеңінен баяндап жазды. «Рабочая Газетада» Лениннің 14 мақаласы, соның ішінде «Революцияның сабақтары», «Демонстрациялардың басталуы», «Толстой және пролетарлық күрес», «Иван Васильевич Бабушкин», «Крепостниктік праволың құлауының елу жылдығы», «IV Дума сайлауы қарсаңында» деген мақалалары басылды. Газет Россиядағы жұмысшылар арасында барынша кеңінен тарады; оның тиражы 6 мың данаға жетіп жүрді. Жұмысшылар ақша жинап, газетті материалдық жағынан қолдап отырды және оған белсене қатысты. «Партия тұрмысы», «Жер-жерден хаттар» бөлімдерінде газет жұмысшылардың, жергілікті партия ұйымдарының хаттары мен корреспонденцияларын үнемі басып отырды.

«Рабочая Газета» РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясын (январь, 1912) әзірлеу жөнінде үлкен жұмыс атқарды. Конференция «Рабочая Газетаның» партияны және партиялылықты батыл және дәйекті түрде қорғағанын атап көрсетіп, оны РСДРП Орталық Комитетінің ресми органы деп жариялады.— *4.*

[8] Бұл арада большевиктік органдар — «Звезда» газеті мен «Мысль» журналы айтылып отыр.

«Звезда» («Жұлдыз») — большевиктік жария газет; 1910 жылғы 16 (29) декабрьден 1912 жылғы 22 апрельге (5 майға) дейін Петербургте шығып тұрды. Бастапқы кезде газет аптасына бір рет шығып келді; 1912 жылғы 21 январьдан (3 февральдан) бастап аптасына екі рет, ал 8 (21) марттан былай — аптасына үш рет шығатын болды. «Звезданың» тікелей жалғасы «Невская Звезда» газеті болды; бұл газет «Звезданың» жиі-жиі конфискеленс беруіне байланысты шығарылған болатын. «Звезданың» тиражы бастап шығара бастаған кезде 7—10 мың дана болды. 1912 жылғы Лена күндерінде газеттің тиражы 50—60 мың данаға жетті.

Россияда революциялық қозғалыстың жандана бастауына байланысты жария маркстік баспасөзді қайта шығару туралы мәселе қатты қойылды. 1910 жылдың күзінде Копенгагенде болған Халықаралық социалистік конгресс өтіп жатқан кезде В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның мүшесі большевик Н. Г. Полетаев және басқалары қатысқан кеңес болды. Кеңесте Россияда жария орган шығару және оған партияшыл-меньшевиктерді қатыстыру туралы келісімге қол жетті. Осы уағдаласу негізінде «Звезда» редакциясының құрамына В. Д. Бонч-Бруевич (большевиктерден), Н. И. Иорданский (партияшыл-меньшевиктерден) және И. П. Покровский (III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракциядан) кірді. Газетті шығару ісін жолға қоюда Н. Г. Полетаев үлкен роль атқарды. «Звезда» бұл дәуірде Думадағы социал-

демократиялық фракцияның органы болып есептелді. 1911 жылғы 11(24) июньде 25-номеріне келгенде газеттің шығарылуы уақытша тоқтатылды. 1911 жылғы октябрьде «Звезда» редакцияның өзгерген құрамымен, партияшыл-меньшевиктердің қатысуынсыз қайтадан шыға бастады.

«Звездаға» В. И. Ленин идеялық басшылық жасап отырды; ол редакция мүшелерімен хат жазысып, олардың жұмысына бағыт беріп отырды, әсіресе «Звезда» шыға бастаған алғашқы кезеңде оның қателіктерін сынға алып, газеттің ұстамды маркстік бағыт ұстауы үшін күрес жүргізді. «Звезда» мен «Невская Звездада» В. Ильин, В. Ф., Вильям Фрей, Ф. Л-ко, К. Т., Т., Б. К., М. Ш., П. П., Р. Силин, Р. С., Б. Г., Не-либеральный скептик, К. Ф., Ф. Ф., М. М. және басқадай қол қойылып В. И. Лениннің 50-ге жуық мақаласы жарияланды.

«Звездада» Н. Н. Батурин, Н. Г. Полетаев, К. С. Еремеев, М. С. Ольминский зор редакциялық әрі ұйымдастыру жұмысын жүргізді. В. Д. Бонч-Бруевич, Демьян Бедный және басқалары газетке белсене ат салысты. «Звездада» Г. В. Плехановтың бірқатар мақалалары басылды. Ленин А. М. Горькийді «Звездаға» қатысуға тартты.

Лениннің басшылығымен «Звезда» айбынды маркстік газетке айналды. Газет революциялық марксизм принциптерін қорғап, насихаттады, жойымпаздық пен шақырымпаздыққа қарсы, маркстік партияны ныгайту үшін, жұмысшы табы мен шаруалардың революциялық одағы үшін күрес жүргізді, большевиктердің IV Мемлекеттік думаның сайлауындағы сайлау платформасын қорғады. «Звезда» Думадағы социал-демократиялық фракция мүшелерінің сөйлеген сөздерін және фракцияның Думаға түсірген сұрақтарын басып отырды. Газет РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясының шешімдерін іске асыру жолында белсене күрес жүргізді.

«Звезда» фабрикалар мен заводтардың жұмысшыларымен тұрақты тығыз байланыс орнатты; жұмысшы қозғалысы бөлімінде газет жұмысшылардың ең көкейтесті мұқтаждарына үн қосып отырды. «Звезда» Россияның жұмысшылары арасында үлкен беделге ие болды. 1912 жылдың көктемінде жұмысшы қозғалысының өрлеуіне байланысты «Звезданың» ролі өте-мөте күшейді. Әсіресе жұмысшы хроникасы бөлімі ұлғайды, онда Лена оқиғаларына үн қосқан материалдар басылды. Газетте Россияның түрлі қалаларынан ереуілдер, демонстрациялар мен митингілер туралы толып жатқан хабарлар жарияланып отырды, жұмысшылардың «Звездаға» жолдаған хаттары, жұмысшылардың жиналыстарында Ленадағы атуға қарсы наразылық білдіріп қабылданған қарарлар басылды.

Газеттің редакциясына патша үкіметі тарапынан үнемі қудалау жағдайында жұмыс істеуге тура келді: газет номерлері конфискеленді, айып салынды, газетті шығаруға тыйым

салынды, редакторлары тұтқынға алынды. 1912 жылғы Лена күндерінде «Звезданың» әрбір номері конфискеленіп отырды, бірақ тиражының бір бөлегін конфискелегенге дейін жұмысшылар арасына таратып үлгеріп жүрді.

«Звезда» газеті күн сайын шықпады және ол пролетариаттың алдыңғы қатарлы топтарына арналған еді. Күнделікті большевиктік бұқаралық газет шығару қажет болды. «Звезда» осындай орган құру идеясын насихаттауда үлкен роль атқарды. Күн сайын шығатын жұмысшы газеті қорына «Звезда» редакциясы ашқан қаржы жинау ісі жұмысшылар бұқарасы арасында қызу қолдау тапты. «Звезда» жұмысшылардың үн қосуы туралы өз оқушыларына үнемі хабарлап, жаңа баспасөз органын шығару қорына түскен ақшаның сомасы туралы есептерді жариялап отырды. «Звезда» газеті бұқаралық жария большевиктік «Правда» газетін шығару ісін әзірледі.

«Мысль» («Ой») — ай сайын шығып тұрған большевиктік жария философиялық және қоғамдық-экономикалық журнал; 1910 жылғы декабрьден 1911 жылғы апрельге дейін Москвада шығып тұрды; барлығы бес номері шықты. Журналдың бірінші номері 3000 дана тиражбен шықты. Журнал В. И. Лениннің инициативасы бойынша жойымпаздық жария органдарға қарсы күресті күшейту үшін және алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен интеллигенттерді марксизм рухында тәрбиелеу үшін құрылды. Ленин журналға шетелден басшылық етті, редакциямен үнемі хат жазысып тұрды. «Мысльдің» бірінші номерін алғаннан кейін Ленин 1910 жылғы 21 декабрьде (1911 жылғы 3 январьда) А. М. Горькийге былай деп жазды: «Құттықтаңыз — Москвадағы *біздің*, маркстік журнал. Бүгін біз сондай қуанышқа бөлендік» (Шығармалар, 34-том, 448-бет).

Журналдың алғашқы төрт номерінде Лениннің «Россиядағы стачкалар статистикасы туралы», ««Ескертімпаз» сабаздар», «Біздің жойғыштар (Потресов мырза мен В. Базаров туралы)», «Мереке жайында», «Өкіметтің әлеуметтік құрылымы, перспективалар және жойымпаздық туралы», және «Айтыс заметкалар» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 411—443-беттер; 20-том, 97—103, 122—143, 173—182, 200—223, 224—227-беттер) деген мақалалары басылды. Журналға В. В. Воровский, М. С. Ольминский, И. И. Скворцов-Степанов етене араласып отырды. Оған сондай-ақ партияшыл-меньшевиктер — Г. В. Плеханов, Ш. Раппопорт және басқалары да қатысып жүрді. «Мысльдің» соңғы, бесінші номері конфискеленді, ал журналдың өзі жабылды. Көп кешікпей Петербургте «Просвещение» журналы шыға бастады, ол іс жүзінде «Мысльдің» жалғасы болды.— *4*.

[9] *«Наша Заря»* («Біздің Таң») — жойымпаз-меньшевиктердің ай сайын шығып тұрған жария журналы; 1910 жылғы ян-

варьдан 1914 жылғы сентябрьге дейін Петербургте шығып тұрды. Журналға А. Н. Потресов басшылық етті, оған Ф. И. Дан, С. О. Цедербаум (В. Ежов) және басқалары ат салысты. Россиядағы жойымпаздардың орталығы «Наша Заряның» төңірегінде қалыптасты. 1912 жылы болған РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясының қарарында былай деп атап көрсетілді: «Социал-демократияның «Наша Заря» мен «Дело Жизни» журналдарының төңірегіне топтасқан бір бөлегі бүкіл партия пролетариатқа буржуазиялық ықпал жасаудың нәтижесі деп таныған ағымды ашық қорғап шықты» (осы том, 166-бет).—*5.*

[10] *Құдай жасампаздар,* құдай жасампаздық — марксизмге дұшпан діни-философиялық ағым; бұл ағым Столыпин реакциясы дәуірінде, 1905—1907 жылдардағы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін марксизмнен шеттеп кеткен партиялық интеллигенттердің бір бөлегі арасында туған болатын. Құдай жасампаздар (А. В. Луначарский, В. Базаров және басқалары) марксизмді дінмен ымыраластыруға тырысып, жаңа, «социалистік» дін жасауды уағыздады. Бір кезде оларға А. М. Горький де қосылып жүрді.

«Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының 1909 жылғы 8—17 (21—30) июньде болған кеңесі құдай жасампаздықты айыптап, арнайы қарарында «большевиктік фракцияның ғылыми социализмді бұл тәрізді бұрмалаушылықпен ешқандай да қатысы жоқ» деп мәлімдеді («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет Пленумдарының қарарлары мен шешімдері», «Қазақстан» баспасы, 1-том, 1971, 300-бет). Ленин «Материализм және эмпириокритицизм» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 18-том) деген кітабында және 1908 жылғы февраль-апрельде, 1913 жылғы ноябрь-декабрьде Горькийге жазған хаттарында құдай жасампаздықтың реакциялық мәнін ашып берді.— *5.*

[11] Бұл арада *«Голос Социал-Демократа»* («Социал-Демократ Үні») газеті — меньшевиктердің шетелдік органы айтылып отыр; 1908 жылғы февральдан 1911 жылғы декабрьге дейін әуелі Женевада, одан кейін Парижде шығып тұрды. Газеттің редакторлары П. Б. Аксельрод, Ф. И. Дан, Л. Мартов, А. Мартынов және Г. В. Плеханов болды. «Голос Социал-Демократа» бірінші номерінен бастап-ақ жойымпаздардың антипартиялық әрекетін ақтап, оларды қорғап шықты. Плеханов газеттің жойымпаздық позициясын сөгіп, редакциядан шығып кеткеннен кейін «Голос Социал-Демократа» біржола жойымпаздардың идеялық орталығы ретінде айқындалып алды.— *5.*

[12] *ОКШБ*-ны (Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы) РСДРП Орталық Комитетінің пленумы 1908 жылғы августа Орталық Комитеттің Орыс бюросына бағынатын шетелдегі жалпы

партиялық өкілдігі бар мекеме (құрамында үш адам болды) ретінде құрды. Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының міндетіне Россияда жұмыс жүргізетін Орталық Комитетпен және Орталық Комитеттің шетелде жұмыс істейтін мүшелерімен үнемі байланыс жасап отыру, РСДРП-ға жәрдемдесетін шетелдік топтардың және олардың Орталық бюросының қызметіне бақылау жасау, шетелдік ұйымдардың Орталық Комитеттің кассасына аударған ақшаларын қабылдау және Орталық Комитеттің пайдасына ақша жинауды ұйымдастыру кірді. РСДРП-ға жәрдемдесетін шетелдік топтардың бәрін біріктіру және оларды бірыңғай жалпы партиялық басшылыққа бағындыру мақсатымен Орталық Комитеттің август (1908) пленумы Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына осы топтардың арнаулы съезін шақыруды тапсырды. Бірақ Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы жойымпаз-меньшевиктер өздеріне қаратып алған Шетелдік топтардың орталық бюросының қасарысып қарсылық көрсетуі салдарынан 1909 жылдың өн бойында съезд шақыра алмады. Орталық Комитеттің 1910 жылғы январь пленумы Орталық Комитеттің Шетелдік бюросын қайта құрып, партияның жалпы істеріне басшылық етудегі оның ролін шектеді, Орталық Комитеттің Орыс бюросының уәкілдіктерін тиісінше күшейтті. Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының құрамы 5 адам болып белгіленді, оның үшеуі ұлттық ұйымдардың орталық комитеттерінің өкілдері болды. Орталық Комитеттің Шетелдік бюросына мыналар кірді: большевиктерден — А. И. Любимов, меньшевиктерден — Б. И. Горев (Гольдман), поляк социал-демократтарынан — Я. Тышка, бундшылдардан — Ионов (Ф. М. Койген) және латыш социал-демократтарынан — Я. А. Берзин кірді. Көп кешікпей Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының құрамы өзгерді: оған большевиктерден Н. А. Семашко (Александров), бундшылдардан — М. И. Либер және латыш социал-демократтарынан — Шварц (Ю. Элиас) кірді; соңғы екеуі — жойымпаздар еді. Сөйтіп Орталық Комитеттің Шетелдік бюросында тұрақты жойымпаздық көпшілік қалыптасты, ол партияның орталық мекемелерінің жұмысына қайткенде іріткі салуға тырысып отырды. Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының антипартиялық позициясы әсіресе Орталық Комитеттің пленумын үнемі шақыртпай тастап отыруынан ерекше айқын көрінді; Орталық Комитеттің январь пленумының шешімдерін жойымпаздардың орындамауына байланысты большевиктер Орталық Комитеттің пленумын шақыртуға күш салған болатын. Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының жойымпаздық тактикасы большевиктердің өкілі Семашконың 1911 жылғы майда оның құрамынан шығатыны туралы арыз беруге мәжбүр болуына әкеліп соқты.

РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің 1911 жылғы июньде Парижде шақырылған кеңесі Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының саяси бағытын айыптаған шешім шығар-

ды. Кеңестің қарарында былай делінген: Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы бірқатар жағдайларда, мәселен, РСДРП-ның шетелдік топтарын біріктіру туралы, Орталық Комитеттің пленумын шақыру туралы, Россиядағы жария социал-демократиялық басылымдарды қолдау туралы мәселеде және басқа да көптеген мәселелер жөнінде 1910 жылғы пленумның қаулыларын бұзып, антипартиялық, фракцияшылдық саясат жолына түсті. Кеңес Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының антипартиялық әрекеттерін сөгіп, оның бұдан әрі болу-болмауы туралы мәселені РСДРП Орталық Комитетінің ең таяуда болатын пленумының шешуіне тапсырды.

1911 жылғы ноябрьде Орталық Комитеттің Шетелдік бюросынан поляк социал-демократиясының өкілі, ал онан соң латыш социал-демократиясының өкілі де кері шақырып алынды. 1912 жылғы январьда Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы өзін таратылды деп жариялады.— *5.*

[13] Бұл жөнінде В. И. Лениннің ««Сақтаушылардың» аралық сотының қорытындылары» деген мақаласын қараңыз (осы том, 39—41-беттер).— *5.*

[14] *РСДРП Орталық Комитетінің шетелдегі мүшелерінің кеңесі* 1911 жылғы 28 май — 4 июньде (10—17 июньде) Парижде болды. Кеңес В. И. Лениннің инициативасы бойынша әзірленіп, шақырылды. Кеңеске әзірлік 1911 жылғы апрельде басталды. Кеңес Орталық Комитеттің пленумын шақыру, іс жүзінде басшы орталық мекемелері болмай қалған партия тап болған ауыр дағдарысты жою жөнінде шаралар қолдануға тиіс болды; жойымпаз-меньшевиктер партияның басшы орталық мекемелерінің жұмысына іріткі салып отырды. 1911 жылғы майдың бірінші жартысында большевиктер Орталық Комитеттің Шетелдік бюросындағы өз өкілі Н. А. Семашко арқылы шетелде Орталық Комитеттің пленумын дереу шақыру қажеттігі туралы Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының алдына мәселе қойды. Орталық Комитеттің 1910 жылғы январь пленумы қабылдаған Орталық Комитеттің уставында Орыс бюросы мүшелерінің тең жартысынан астамы ұсталып қалған жағдайда Орталық Комитеттің пленумын шақыруға тікелей міндеттейтін пункттің болғанына қарамастан, Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы большевиктердің ұсынысын бұрынғысындай қабылдамады. 1911 жылғы 14 (27) майда Семашко Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының құрамынан шықты. Нақ сол күні Орталық Комитеттің мүшелері мен мүшелікке кандидаттары болып табылатын большевиктер мен поляк социал-демократтары атынан шетелде тұратын цекистерге кеңеске қатысуға шақыру жіберілді.

Кеңес 1911 жылғы 28 майда (10 июньде) ашылды. Оған большевиктер, поляк және латыш социал-демократиясының

өкілдері, бір голосшыл және бір бундшыл қатысты. Латыш социал-демократиясының өкілі М. В. Озолин өз Орталық Комитетінің қаулысына сәйкес кеңеске кеңесші дауыспен қатысатынын мәлімдеді. Бундшыл М. И. Либер Бундтың Орталық Комитетінен оның атынан өкіл болу үшін алған уәкілдігім жоқ деп мәлімдеді.

Бірінші мәжілісте-ақ кеңесті заңдастыру туралы мәселе жөнінде қызу күрес басталып кетті. Өзінің сөзінде Ленин партияда қалыптасқан жағдайға байланысты кеңесті қайсыбір мәселелер жөнінде тілек білдіруге ғана емес, сонымен бірге партия үшін міндетті болатын шешімдер қабылдауға да праволы деп мойындауды ұсынды. Голосшыл Б. И. Горев (Гольдман) пен бундшыл Либер Орталық Комитеттің пленумын шақыру және жалпы партиялық конференцияны әзірлеу жөнінде қайсыбір практикалық шаралар қолдануға кеңестің правосы жоқ дегенді дәлелдеуге тырысты. Кеңес өзін заңдастыру туралы қарар қабылдап, оған сәйкес кеңес Орталық Комитетті қайта құру туралы мәселені күн тәртібіне қойғаннан кейін Горев кеңеске қатысушыларды «билікті басып алдыңдар» деп айыптап, одан кетіп қалды.

Кеңес Орталық Комитеттің пленумын шақыру туралы мәселені талқылады. Пленумға қатысуға правосы бар адамдардың құрамы туралы мәселені талқылаған кезде Ленин: меньшевиктер И. А. Исувтың (Михаил), К. М. Ермолаевтың (Роман) және П. А. Бронштейннің (Юрий) столыпиндік «жұмысшы» партиясын ұйымдастырушылар ретінде пленумға қатысуға правосы жоқ, ал оларды қорғаған бундшыл Либер осынысы арқылы бұлардың көмекшісі болып табылады деп мәлімдеді. Лениннің мәлімдемесіне наразылық белгісі ретінде Либер кеңестен кетіп қалды. Ленин кеңестің құрамын «үш топтың, большевиктердің, поляктар мен «ымырашылдардың» блогы» ретінде сипаттады (осы том, 5-бет).

Кеңес шетелде Орталық Комитеттің пленумын ең таяудағы уақытқа шақыру туралы шешім қабылдап, бұл мақсат үшін комиссия бөлді.

IV Мемлекеттік думаның алда болатын сайлауына байланысты кеңес партияның сайлау науқанындағы тактикасын белгілеу және сайлау платформасының жобасын жасау жөнінде шаралар белгіледі.

Кеңестің күн тәртібіндегі негізгі мәселе партия конференциясын шақыру туралы мәселе болды. Бұл мәселе бойынша қабылданған шешімде: IV Дума сайлауының жақындауы және жұмысшы қозғалысының жандануы, сондай-ақ ішкі партиялық жағдай конференция шақыруды шұғыл керек етіп отыр деп атап көрсетілді. Орталық Комитеттің пленумын дереу шақырудың мүмкін болмауына байланысты кеңес конференция шақыру инициативасын өз қолына алып, конференцияны әзірлеу жөніндегі Ұйымдастыру комиссиясын құрды. Кеңес Лениннің конференцияны әзірлеу жөніндегі практикалық жұмысты жүргізу үшін орыс коллегиясын

құру туралы ұсынысын қабылдады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 20-том, 294-бет). Кеңестің шешімі Ұйымдастыру комиссиясында бірлесіп жұмыс жүргізу үшін шетелдік партия ұйымдарын шақыруды көздеді. Ленин антипартиялық топтардың — голосшылдар мен впередшілдердің өкілдерін Ұйымдастыру комиссиясына шақыруға қарсы наразылық мәлімдеме енгізді (қараңыз: бұл да сонда, 295-бет).

Кеңес Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының антипартиялық, фракцияшылдық саясатын сөгіп, бұл бюроның болу-болмауы туралы мәселені Орталық Комитет пленумының шешіміне беру туралы қаулы алды. Қарардың соңғы бөлімін дауысқа қойған кезде Ленин қалыс қалды, өйткені ол Орталық Комитеттің Шетелдік бюросын дереу қайта құруды талап еткен болатын. Кеңес Орталық Комитет мүшелері мен мүшелікке кандидаттардың кеңеске қатысушы тобына бағынатын Техникалық комиссия құрды.

Кеңестен кейін «Хабарлама» деген тақырыппен шығарылған айрықша листокта кеңесті шақыру жағдайлары, оның құрамы мен мақсаттары баяндалды. Сол листокта кеңестің қарарлары да басылды.

Орталық Комитет мүшелерінің 1911 жылғы июнь кеңесі партия күштерін жинаудағы, оларды голосшыл-жойымпаздарға, впередшілдер мен троцкистерге қарсы, партияны нығайту жолында күресу үшін біріктірудегі маңызды қадам болды. Кеңестің шешімдері жергілікті партия ұйымдарын топтастырып, нығайтуға көмектесті. Жалпы партиялық конференцияны әзірлеу үшін Россияға тәжірибелі партия қызметкерлері — большевиктер: Г. К. Орджоникидзе (Серго), Б. А. Бреслав (Захар), И. И. Шварц (Семен) жіберілді. Кеңестің шешімдерін 1911 жылғы сентябрьге қарай РСДРП Киев, Екатеринослав, Баку және Ростов комитеттері мен Тифлис сайлаулы басшы үйірмесі, РСДРП Петербург ұйымының қалалық ауданының топтары өкілдерінің жиналысы, Уралдың бірқатар қалаларының социал-демократиялық ұйымдары және басқа ұйымдар мақұлдады. 1911 жылғы сентябрьде конференцияны шақыру жөніндегі Россиялық ұйымдастыру комиссиясы (РҰК) құрылды.— *6.*

[15] *Техникалық комиссия* (Шетелдік техникалық комиссия, ТК) РСДРП Орталық Комитеті мүшелерінің июнь кеңесінің 1911 жылғы 1 (14) июньдегі мәжілісінде партия баспасына, транспортқа, тағы басқаларға байланысты техникалық функцияларды орындау үшін құрылған болатын. Орталық Комитеттің пленумына дейінгі аралықтағы уақытша орган ретінде Техникалық комиссия Орталық Комитеттің июнь кеңесіне қатысқан мүшелері тобына бағынды. Комиссияға большевиктерден, ымырашылдардан және поляк социал-демократиясынан бір-бірден өкіл енді. Комиссияның ымырашыл көпшілігі — М. К. Владимиров және оны қолдаған В. Л. Ледер — партия конференциясын шақыру қорына арналған ақшаны

Шетелдік ұйымдастыру комиссиясына беруді, сондай-ақ большевиктік «Звезда» газетін шығаруға бөлінген ақшаны беруді бөгей берді, партияның Орталық Органы — «Социал-Демократ» газетін шығаруға бөгет жасауға тырысты. Техникалық комиссия өз органы — «Информациялық Бюллетеньде» Ленин мен большевиктерге тиісті. Комиссияның 19 октябрьдегі (1 ноябрьдегі) мәжілісінде Россиялық ұйымдастыру комиссиясының «Хабары» мен қарарларын талқылаған кезде большевиктердің өкілі М. Ф. Владимирский Россиялық ұйымдастыру комиссиясының шешімдеріне бағыну туралы ұсыныс енгізді. Ұсыныс қабылданбады, осыған байланысты Владимирский комиссиядан шықты да, большевиктер комиссиямен байланыс атаулыны үзді.

Жалпы партиялық конференция шақыру жөніндегі *Шетелдік ұйымдастыру комиссиясын* (ШҰК) Орталық Комитет мүшелерінің июнь кеңесі 1911 жылғы 1 (14) июньде большевиктердің, ымырашылдар мен поляк социал-демократтарының өкілдерінен құрған болатын. Комиссияға қатысуға шақырылған басқа шетелдік ұйымдар мен топтар өз өкілдерін жібермеді. Шетелдік ұйымдастыру комиссиясы жалпы партиялық конференцияны әзірлеу жөнінде жұмыс жүргізу үшін Россияға партия қызметкерлерінің бір тобын, соның ішінде өз уәкілі Г. К. Орджоникидзені жіберді және Россиялық ұйымдастыру комиссиясын (РҰК) сайлауға кірісуге шақырған «Барлық социал-демократиялық партия ұйымдарына, топтары мен үйірмелеріне» атты үндеу шығарды. Алайда Шетелдік ұйымдастыру комиссиясында ол құрылған кезден бастап-ақ ымырашылдар мен оларды қолдаған поляк социал-демократиясының өкілдері көпшілік болып алған болатын. Ымырашыл көпшілік Шетелдік ұйымдастыру комиссиясына өз өкілдерін жіберуден бас тартқан впередшілдермен және Троцкиймен келіс сөз жүргізуді жалғастыра беруді жақтаған принципсіз бағыт ұстады. Өздерінің басылымдарында ымырашылдар большевиктерді фракцияшылдар деп айыптады. Шетелдік ұйымдастыру комиссиясындағы өздерінің басымдығын пайдаланып, олар Россияға партия ақшасын жіберуді кідіртіп, конференцияны әзірлеуге бөгет жасады.

Большевиктердің кеңінен өрістеткен жұмысының нәтижесінде Россиялық ұйымдастыру комиссиясы құрылды. Октябрьдің аяғында Шетелдік ұйымдастыру комиссиясында Россиялық ұйымдастыру комиссиясының өзін заңдастыру туралы «Хабары» мен қарарлары талқыланды; бұларға сәйкес конференцияны шақыру жөніндегі барлық уәкілдікті Россиялық ұйымдастыру комиссиясы міндетіне алды, ал Ұйымдастыру және Техникалық комиссиялар Россиялық ұйымдастыру комиссиясына бағынуға тиіс болды. Шетелдік ұйымдастыру комиссиясының ымырашыл көпшілігі бұл шешімдерге бағынудан бас тартқаннан кейін большевиктердің

өкілдері одан кетіп қалды. 30 октябрьде (12 ноябрьде) Шетелдік ұйымдастыру комиссиясының мәжілісінде Россиялық ұйымдастыру комиссиясының жұмысы туралы Парижге келген Орджоникидзе баяндама жасады, осыдан кейін Шетелдік ұйымдастыру комиссиясы Россиялық ұйымдастыру комиссиясының басшылық ролін мойындауға мәжбүр болды. Алайда көп кешікпей Шетелдік ұйымдастыру комиссиясы Россиялық ұйымдастыру комиссиясына қарсы ашық күрес жолына түсті. 20 ноябрьде (3 декабрьде) ол «Россиялық ұйымдастыру комиссиясына ашық хат» атты листовка шығарды; мұнда Россиялық ұйымдастыру комиссиясын фракцияшыл деп айыптады. 1911 жылғы 8 (21) декабрьде «Социал-Демократ» газетінің 25-номерінде басылған «Редакцияға хатта» Орджоникидзе Шетелдік ұйымдастыру комиссиясының антипартиялық әрекеттерін әшкереледі. 1912 жылғы январьда болған жалпы партиялық конференцияны шақыру жөніндегі бүкіл жұмысты Россиядағы құпия партия ұйымдарын өз төңірегіне топтастырған Россиялық ұйымдастыру комиссиясы жүргізді.— *6.*

[16] *Партияшыл-меньшевиктер* — реакция жылдарында жойымпаздарға қарсы шыққан Г. В. Плеханов бастаған меньшевиктердің бір тобы. 1908 жылғы декабрьде Плеханов жойымпаздық «Голос Социал-Демократа» газетінің редакциясынан шықты да, 1909 жылы жойымпаздарға қарсы күресу үшін «Дневник Социал-Демократаны» қайтадан шығара бастады. Меньшевизм позициясында қала тұрып, плехановшылдар сонымен бірге құпия партия ұйымын сақтауды және нығайтуды жақтады, осы мақсатпен большевиктермен блок жасасуға барды. 1909 жылы партияшыл-меньшевиктер топтары Парижде, Женевада, Сан-Ремода, Ниццада және басқа қалаларда құрылды. Петербургте, Москвада, Екатеринославта, Харьковта, Киевте, Бакуде көптеген меньшевик-жұмысшылар жойымпаздарға қарсы шығып, құпия РСДРП-ны қайта құруды жақтады.

Ленин большевиктерді партияшыл-меньшевиктермен жақындасуға шақыра отырып, «ешқандай идеялық ымыраға бармай-ақ, партия бағыты *шеңберіндегі* тактикалық және басқа алауыздықтарды ешқандай көмескілеместен» (Шығармалар толық жинағы, 19-том, 159-бет), жойымпаздарға қарсы, партия үшін күрес негізінде олармен келісім жасау мүмкіндігін атап көрсетті. Партияшыл-меньшевиктер большевиктермен бірге жергілікті партия комитеттеріне қатысып жүрді, большевиктік басылымдарға: «Рабочая Газетаға», «Звездаға», партияның Орталық Органы — «Социал-Демократқа» мақала жазып тұрды. Россиядағы меньшевик-жұмысшылардың көпшілігі қолдаған плехановшылдармен жақындасудың лениндік тактикасы большевиктердің жария жұмысшы ұйымдарындағы ықпалын ұлғайтып, олардан жойымпаздарды ығыстырып шығаруына көмектесті.

1911 жылдың аяғында Плеханов большевиктермен арадағы блокты бұзды. РСДРП-дағы «фракцияшылдықпен» және жікшілдікпен күресу дегенді бетке ұстап, ол большевиктерді оппортунистермен ымыраластыруға тырысты. 1912 жылы плехановшылдар троцкистермен, бундшылдармен және жойымпаздармен бірге РСДРП Прага конференциясының шешімдеріне қарсы шықты.— *6*.

[17] *«Отклики Бунда»* («Бунд үні») — Бундтың Шетелдік комитетінің мерзімді емес органы; 1909 жылғы марттан 1911 жылғы февральға дейін Женевада шығып тұрды. Бес номері шықты.— *6*.

[18] *«Правда»* («Шындық») (веналық) — троцкистердің фракцияшылдық газеті; 1908—1912 жылдары шығып тұрды. Алғашқы үш номері Львовта басылды, одан кейінгі шығарылуы Венаға (Австрия) көшірілді; барлығы 25 номері шықты. «Спилка» атты украин одағының органы ретінде шыққан алғашқы екі номерін айтпағанда, газет Россияның қайсыбір партия ұйымының атынан шыққан жоқ, В. И. Лениннің сөзімен айтқанда, «жекеше кәсіп» болды. Газеттің редакторы Л. Д. Троцкий болды. «Фракцияшыл емес» дегенді жамылып, газет алғашқы номерлерінен бастап-ақ жойымпаздық пен шақырымпаздықты қорғап, большевизмге қарсы шықты; революционерлер мен оппортунистердің бір партияда ынтымақтасуының центристік «теориясын» уағыздады. Орталық Комитеттің 1910 жылғы январь пленумынан кейін газет ашық жойымпаздық позиция ұстады; антипартиялық шақырымпаздық-ультиматистік «Вперед» тобын қолдады.

1912 жылы Троцкий мен оның газеті антипартиялық Август блогының инициаторлары мен басты ұйымдастырушылары болды.— *6*.

[19] *Баку партия ұйымы* реакция дәуірінде және жаңа революциялық өрлеу жылдарында ең белсенді жергілікті ұйымдардың бірі болды. 1911 жылдың бас кезінде құпия РСДРП-ны қайта құру, шақырымпаздық пен жойымпаздыққа қарсы күрес жүргізу негізінде Баку большевиктік комитеті «меньшевиктік басшы коллективпен» (партияшыл-меньшевиктермен) бірікті. Сөйтіп РСДРП біріккен Баку комитеті құрылды. Баку ұйымы Орталық Комитет мүшелерінің 1911 жылғы июнь кеңесінің бүкіл россиялық партия конференциясын шақыру туралы шешімдерін қолдады және Россиялық ұйымдастыру комиссиясын құруға белсене қатысты.

Киев социал-демократиялық ұйымы реакция жылдарында үзіліссіз дерлік жұмыс жүргізді; 1910—1911 жылдары большевиктер партияшыл-меньшевиктермен бірлесіп жұмыс істеді. Киев ұйымы Орталық Комитет мүшелерінің 1911 жылғы июнь кеңесінің партия конференциясын шақыру туралы шешімін және конференцияны шақыру жөніндегі Россиялық

ұйымдастыру комиссиясын құру идеясын бірінші болып қолдап, Киев комитеті мүшелерінің бірін Шетелдік ұйымдастыру комиссиясының өкіліне көмекке бөлді.— *6.*

[20] Бұл арада Россиялық ұйымдастыру комиссиясының 1911 жылғы ноябрьде жеке листок болып басылып шыққан «Хабары» мен қарарлары айтылып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», «Қазақстан» баспасы, 1-том, 1971, 334—339-беттер).— *7.*

[21] Бұл арада Г. К. Орджоникидзенің «Социал-Демократ» газетінің редакциясына жолдаған хаты айтылып отыр; бұл хат газеттің 1911 жылғы 8 (21) декабрьдегі 25-номерінде Н. деп қол қойылып жарияланған болатын.—*9.*

[22] *Орталық Комитеттің Орыс бюросы* Россияда 1908 жылдан жұмыс жүргізген Орталық Комитет мүшелері коллегиясының жалпы жиналысында сайланды. Бюро Орталық Комитеттің жалпы жиналыстары аралығындағы уақытта орыс коллегиясының барлық істеріне басшылық етті. 1910—1911 жылдары, Орталық Комитеттің 1910 жылғы январь пленумынан кейін, Орыс бюросының құрамында Орталық Комитеттің мынадай большевик мүшелері мен мүшелікке кандидаттары болды: И. П. Гольденберг (Мешковский), И. Ф. Дубровинский (Иннокентий), олар тұтқынға алынғаннан кейін В. П. Ногин (Макар) мен Г. Д. Лейтейзен (Линдов). Орталық Комитеттің мүшелері мен мүшелікке кандидаттар болған жойымпаз-меньшевиктер бюрода жұмыс істеуден шеттеп кетті, ал И. А. Исув (Михаил), П. А. Бронштейн (Юрий) және К. М. Ермолаев (Роман) оның жұмысына қатысудан бас тартып қана коймай, сонымен бірге Орталық Комитеттің болуының өзі зиянды деп есептейтінін мәлімдеді. Бюроның Россиялық коллегия шақырмақ болған әрекеттерінің бәрі сәтсіздікпен аяқталды.

1911 жылғы мартта, Ногин мен Лейтейзен тұтқынға алынғаннан кейін, Орталық Комитеттің Орыс бюросы өмір сүруін тоқтатты. Ленин Орыс бюросының Россиядағы жұмысты жолға қойып, Орталық Комитеттің Россиялық коллегиясын шақырмақ болған әрекеттерін жақсы бағалай отырып, сонымен бірге бюро мүшелерінің ымырашылдық позициясын қатты сынға алды.

РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясында қайтадан Орыс бюросы құрылды. Оның құрамына Орталық Комитеттің мүшелері: Г. К. Орджоникидзе, Я. М. Свердлов, С. С. Спандарян, И. В. Сталин; Орталық Комитеттің мүшелігіне кандидаттар: М. И. Калинин, Е. Д. Стасова және басқалары кірді.— *10.*

[23] *Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы жанындағы кеңес* 1911 жылғы августа Бернде (Cafe' Bubenberg-те) болды. Ке-

кеңесте Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының жойымпаз көпшілігінің мүшелері Либер, Горев және Шварцпен қатар Троцкий (веналық «Правда»), Дан («Голос Социал-Демократа»), Лудис (Латыш өлкесі социал-демократиясының Шетелдік комитеті), Бундтың Шетелдік комитетінен тағы сол Либер қатысты. Шақыру алған Я. Тышка кеңеске қатысқан жоқ. «Рабочая Газетаның» редакциясы ғана емес, сонымен бірге Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының Бас басқармасы, сондай-ақ «Дневник Социал-Демократаның» редакциясы мен «Вперед» тобы да бұл кеңеске қатысудан бас тартты. Россияда Ұйымдастыру комитетін құру туралы мәселе жөнінде, Техникалық комиссия мен Ұйымдастыру комиссиясына көзқарас туралы және басқа мәселелер жөнінде кеңес қабылдаған қарарлар партияның РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясын әзірлеу жөніндегі жұмысына қарсы бағытталды да, ешқандай практикалық нәтижелер бермеді.

1911 жылдың күзінде Либер жойымпаздық Кавказ облыстық комитетінің өкілімен бірге қарарларды жақтатып қол қойғызып алмақ болып Латыш өлкесі социал-демократиясының Шетелдік комитеті тұрған Брюссельге («Z қаласына») аттанды.— *10.*

[24] Бұл арада әңгіме шақырымпаз А. В. Соколов (С. Вольский) туралы болып отыр.— *10.*

[25] *Закавказье (Кавказ) облыстық комитеті*—кавказдық жойымпаз-меньшевиктердің фракцияшылдық орталығы. Комитет 1908 жылғы февральда Закавказье социал-демократиялық ұйымдарының V съезінде сайланды. Съезге 15 меньшевик пен 1 большевик қатысты. Облыстық комитет сатқындық, антипартиялық жұмыс жүргізді. Комитет ешқандай сайлау жүргізбей, партия ұйымдарының ерік-тілегімен санаспай, РСДРП V (1908 жылғы Жалпы россиялық) конференциясына П. Б. Аксельродты, Ф. И. Данды және Н. В. Рамишвилиді делегаттар етіп тағайындады. Өзін жұмысшылардың өкілі етіп көрсеткен бұл жойымпаздық ұйым іс жүзінде жойымпаздардың Шетелдік орталығы мен Троцкийдің тірегі болды. 1912 жылы комитет Троцкий құрған антипартиялық Август блогына кірді.— *11.*

[26] Бұл арада В. И. Ленин 1908 жылғы 21—27 декабрьде (1909 жылғы 3—9 январьда) Парижде болған *РСДРП Жалпы россиялық V конференциясын* айтып отыр. Конференцияға шешуші дауыспен 16 делегат қатысты, соның ішінде 5 большевик (2-і Орталық-өнеркәсіпті облыстан, 2-і — Петербург, 1-і — Урал ұйымынан), Кавказ облыстық комитетінің мандаты бойынша 3 меньшевик, 5 поляк социал-демократы мен 3 бундшыл болды. Тікелей Россияда жұмыс істеген большевик делегаттар РСДРП-ның аса ірі партия ұйымдарынан өкіл бо-

лып келді. Неше түрлі бұрмалау әрекеттері арқылы мандат алған меньшевиктік делегация шетелде тұрған және Россиядағы партиялық жұмыспен байланысы жоқ адамдардан құралды. Поляк социал-демократиясының делегациясы конференцияда большевиктерді қолдады. Бундшылдар көптеген мәселелер жөнінде жойымпаз-меньшевиктердің соңынан ерді.

Конференцияның күн тәртібінде мына мәселелер болды: 1) РСДРП Орталық Комитетінің, Поляк социал-демократиясы Орталық Комитетінің, Бунд Орталық Комитетінің, Петербург ұйымының, Москва және Орталық-өнеркәсіпті облыстық, Урал, Кавказ ұйымдарының есептері; 2) Қазіргі саяси жағдай және партияның міндеттері; 3) Думадағы социал-демократиялық фракция туралы; 4) Өзгерген саяси жағдайларға байланысты ұйымдық мәселелер; 5) Жергілікті жерлерде ұлттық ұйымдармен бірігу; 6) Шетелдегі жұмыстар.

Конференцияда большевиктер барлық мәселелер жөнінде жойымпаз-меньшевиктер мен оларды жақтаушыларға қарсы ымырасыз күрес жүргізді. Конференция жойымпаздықты оппортунистік ағым ретінде қатты сөгіп, партияны жоюға тырысқан әрекеттерге қарсы барынша үзілді-кесілді идеялық әрі ұйымдық күрес жүргізуге шақырды.

Лениннің «Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы» баяндамасы конференцияның жұмысында өзекті орын алды. Большевиктер бұл мәселеге үлкен маңыз берді, өйткені конференция партияның реакция жылдарындағы жұмысының ауыр жағдайларына сәйкес келетін тактикалық бағытты белгілеп беруге тиіс болды. Меньшевиктердің бұл мәселені конференцияның күн тәртібінен алып тастауға тырысқан әрекеті іске аспай қалды. Конференция Ленин ұсынған қарарды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 17-том, 357—360-беттер) болмашы өзгерістермен қабылдады.

Большевиктер енгізген «Думадағы социал-демократиялық фракция туралы» қарарда фракцияның қызметі сынға алынып, оның нақты міндеттері көрсетілді. Меньшевиктер конференцияның шешімдерінде Думадағы фракцияның қателіктерін атап көрсетуге қарсы болып, партияның Орталық Комитетінің фракция жөніндегі вето правосына қарсы шықты. Бұл арада олар өздерінің парламенттегі фракцияларының қателіктерін сынауды съездер мен конференциялардың шешімдеріне енгізбейтін батыс европалық социалистік партиялардың тәжірибесін тілге тиек етті. Меньшевиктердің социал-демократияның парламенттік қызметі туралы мәселедегі тактикасы партияға парламенттік фракцияның шылауы деп қарап келген II Интернационалдың оппортунистік лидерлерінің позициясына әбден үйлес болды.

Думадағы фракцияға көзқарас жөніндегі лениндік бағытқа шақырымпаздар да қарсы шықты. А. В. Соколов (С. Вольский): Россияда Думадағы социал-демократиялық фракцияның жұмыс істеуі үшін жағдай жоқ деп мәлімдеді, қарарда

оның қателіктерін атап көрсетуге де қарсы болып, оларды «объективтік жағдайлардан» туған деп есептеді.

Ленин өз сөзінде шақырымпаздарды «өңін айналдырған жойымпаздар» деп өлтіре әшкерелеп, Думадағы фракция жөніндегі қорытындыларының бүкіл айырмашылығына қарамастан, жойымпаздардың да, шақырымпаздардың да ортақ оппортунистік негізі бар екенін көрсетіп берді. Конференция большевиктік қарар қабылдады. Бұл қарардың текстіне «Бюджетке дауыс беру туралы мәселе жөнінде Думадағы социал-демократиялық фракцияға практикалық нұсқаулардың» Ленин жазған екінші нұсқасы ішінара кірді және Ленин жазған ««Думадағы социал-демократиялық фракция туралы» қарарға қосымша» толық енгізілді (қараңыз: бұл да сонда, 364—365, 366-беттер).

Ұйымдық мәселені талқылаған кезде большевиктер қарардың өздері ұсынған жобасында құпия партия ұйымдарын құруға және нығайтуға партия ерекше көңіл бөлуге тиіс, бұқара арасында жұмыс жүргізу үшін алуан түрлі жария қоғамдардың кең желісін пайдалануға тиіс деп көрсетті. Меньшевиктер іс жүзінде құпия партияны жоюға және революциялық жұмыс атаулыны тоқтатуға күш салды.

Ұйымдық мәселе бойынша сөйлеген сөзінде Ленин жойымпаз-меньшевиктердің қарарын және олардың реакция жылдарында партиядан қашып кеткен адамдарды қалай да ақтауға тырысқан әрекеттерін қатты сынға алды.

Конференция Ленин ұсынған «Ұйымдық мәселе жөніндегі комиссияға арналған директиваларды» (бұл да сонда, 361-бет) қабылдап, қарар дайындайтын комиссия құрды. Комиссия, одан соң конференция да қарардың большевиктік жобасын қабылдады.

Конференция қабылдаған жергілікті жерлердегі ұлттық ұйымдарды біріктіру туралы қарарда партия қатарындағы жұмысшыларды ұлттық белгісі бойынша бөлуге күш салған бундшылдар қорғаған федерализм принципі үзілді-кесілді қабылданбай тасталды. Орталық Комитеттің жұмысы туралы мәселені талқылаған кезде меньшевиктер Орталық Комитеттің тұрағын Россияға көшіруді және Орталық Комитеттің Шетелдік бюросын таратуды ұсынды. Қарардың жойымпаздық жобалары қабылданбай тасталды. Конференция Орталық Комитеттің жұмысы туралы қарар қабылдады, онда «Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы формасында шетелде жалпы партиялық өкілдік болуы пайдалы әрі қажетті» деп таныды. Орталық Орган туралы мәселе бойынша большевиктердің қарары қабылданды; меньшевиктердің Орталық Органды шығаруды Россияға көшіру туралы ұсынысы қабылданбай тасталды.

Конференцияда большевиктер жойымпаз-меньшевиктерге қарсы күресте үлкен жеңіске жетті. Сонымен бірге конференцияның шешімдері шақырымпаздарға да соққы берді. Партия конференция қабылдаған шешімдерді реакция жыл-

дарында басшылыққа алып отырды. Конференцияның маңызын бағалай келіп, Ленин былай деп жазды: «РСДРП-ның жақында өткен Жалпы россиялық конференциясы партияны жолға шығарады және ол контрреволюция жеңгеннен кейінгі орыс жұмысшы қозғалысының дамуындағы бет бұрыс кезең болып табылуы мүмкін» (бұл да сонда, 388-бет).—11.

[27] II Мемлекеттік думадағы социал-демократ депутаттардың ісі бойынша сот процесі туралы В. И. Лениннің «II Думадағы социал-демократиялық фракция туралы. Бүкіл істің баяндалуы» (Шығармалар толық жинағы, 20-том, 416—421-беттер) деген мақаласын қараңыз. III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның түсірген сұрағы Дума мәжілісінде 1911 жылғы 15 (28) ноябрьде талқыланды және бұдан кейін тағы да үш рет құпия түрде талқыланды; түсірілген сұрақ комиссияның қарауына берілді де, онда қабылданбай тасталды.— *13.*

[28] *К.-д.* (кадеттер) — Россиядағы либерал-монархиялық буржуазияның жетекші партиясы — конституциялық-демократиялық партияның мүшелері. Кадеттер партиясы 1905 жылғы октябрьде құрылды; оның құрамына буржуазия өкілдері, помещиктерден шыққан земство қайраткерлері мен буржуазия интеллигенттері кірді. Кадеттердің көрнекті қайраткерлері П. Н. Милюков, С. А. Муромцев, В. А. Маклаков, А. И. Шингарев, П. Б. Струве, Ф. И. Родичев және басқалары болды. Еңбекшілер бұқарасын алдау үшін кадеттер өздеріне «халық бостандығы партиясы» деген жалған ат қойып алды, іс жүзінде олар конституциялық монархия талабынан әрі барған жоқ. Кадеттер өздерінің басты мақсаты революциялық қозғалысқа қарсы күрес жүргізу деп есептеді де, өкімет билігін патшамен және крепостник-помещиктермен бөлісуге тырысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында кадеттер патша үкіметінің басқыншылық сыртқы саясатын белсене қолдады. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы дәуірінде олар монархияны құтқарып қалуға тырысты. Буржуазиялық Уақытша үкіметте басшы орындарға ие болып алған кадеттер халыққа қарсы, американ-ағылшын-француз империалистеріне жағымды контрреволюциялық саясат жүргізді. Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін кадеттер Совет өкіметінің бітіспес жаулары болып әрекет етті, барлық қарулы контрреволюциялық қимылдар мен интервенттердің жорықтарына қатысып отырды. Интервенттер мен ақ гвардияшылар талқандалғаннан кейін эмиграцияда тұрған кадеттер өздерінің антисоветтік контрреволюциялық әрекетін тоқтатпады.

«Патша ағзамның оппозициясы» деген сөз тіркесін шығарған кадеттер партиясының лидері — П. Н. Милюков. 1909 жылғы 19 июньде (2 июльде) Лондонның лорд-мэрінде болған таңертеңгілік қонақасыда сөйлеген сөзінде Милюков бы-

лай деп мәлімдеді: «...Россияда бюджетті бақылайтын заң шығарушы палата бар тұрғанда орыс оппозициясы патша ағзамға оппозиция емес, патша ағзамның оппозициясы болып қала береді» («Речь» № 167, 21 июнь (4 июль) 1909 жыл).— *13.*

[29] *Прогрессистер* — орыстың либерал-монархиялық буржуазиясының саяси тобы; бұл топ Мемлекеттік думалардың сайлауы кезінде және Думалардың өзінде түрлі буржуазиялық-помещиктік партиялар мен топтардан шыққан элементтерді «бейпартиялық» желеуімен біріктіруге тырысты.

III Мемлекеттік думада прогрессистер фракция құрып, оған «бейбіт жаңарту» және «демократиялық реформалар» партияларының өкілдері кірді. Жаңа революциялық дүмпуден қорқу прогрессистерді патша үкіметінің «шектен шығушылықтарын» сынға алуға итермеледі; олардың пікірінше, патша үкіметі өзінің кеңшілік жасамауы арқылы солшыл, революциялық күштердің қызметі үшін негіз жасаған. 1912 жылы IV Мемлекеттік думаның сайлауы кезінде прогрессистер кадеттермен блок жасасты, сойтіп өздерінің жалған бейпартиялығы арқылы «буржуазиялық үшінші июнь сайлаушысының» (осы том, 348-бет) даусын қағып алуға кадеттерге көмектесті.

1912 жылғы ноябрьде прогрессистер мынадай программа ұсынып, дербес саяси партия болып қалыптасты: баяу тар цензілі конституция, ұсақ реформалар жүргізу, жауапты министрлік, яғни Дума алдында жауапты үкімет құру, революциялық қозғалысты басып-жаншу. В. И. Ленин прогрессистерді өзінің құрамы жағынан да, өзінің идеологиясы жағынан да — *«октябристердің кадеттермен қосындысы»* деп атап көрсетіп, прогрессистер партиясының программасын национал-либералдық программа деп сипаттады. «Бұл,— деп жазды ол,— Германияда да көріп отырғанымыздай — «нағыз» капиталистік буржуазияның партиясы болады» (Шығармалар, 18-том, 518, 455-беттер).

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында прогрессистер партиясы әскери басшылықты ауыстыруды, өнеркәсіпті майдан мұқтажына жұмылдыруды және орыс буржуазиясынан өкілдер қатысқан «жауапты министрлік құруды» талап етіп, өз қызметін жандандырды. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін партияның кейбір лидерлері буржуазиялық Уақытша үкіметке қатысты. Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісінен кейін прогрессистер партиясы Совет өкіметіне қарсы белсене күрес жүргізді.

Прогрессистер лидерлерінің арасында Москваның белгілі фабриканттары П. П. Рябушинский, А. И. Коновалов, помещик И. Н. Ефремов және басқалары болды. Прогрессистер түрлі уақыттарда өздерінің саяси органдарын: «Московский Еженедельник» журналын, «Слово», «Русская Молва» және «Утро России» газеттерін шығарып тұрды.— *13.*

[30] *«Голос Москвы»* («Москва Үні») — күнделікті газет, октябристердің органы; 1906 жылдан 1915 жылға дейін Москвада шығып тұрды.— *13.*

[31] *«Дело Жизни»* («Өмір Ісі») — жария журнал, жойымпаз-меньшевиктердің органы; 1911 жылғы январь — октябрьде Петербургте шығып тұрды. 9 номері шықты.— *14.*

[32] *«Речь»* («Тіл») — күнделікті газет, кадеттер партиясының орталық органы; 1906 жылғы 23 февральдан (8 марттан) Петербургте шығып тұрды; газетті іс жүзінде редакциялаған П. Н. Милюков пен И. В. Гессен болды, газет жұмысына М. М. Винавер, П. Д. Долгоруков, П. Б. Струве және басқалары барынша жақын араласты. 1917 жылғы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет газетті жапты. Кейінірек (1918 жылғы августқа дейін) газет «Наша Речь», «Свободная Речь», «Век», «Новая Речь», «Наш Век» деген аттармен шығып тұрды.— 14.

[33] РСДРП Бесінші (1908 ж. Жалпы россиялық) конференциясының «Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы» қарарынан цитат алынып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», «Қазақстан» баспасы, 1-том, 1971, 272-бет).—*15.*

[34] *«Экономизм»* — XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басындағы Россия социал-демократиясындағы оппортунистік ағым, халықаралық оппортунизмнің бір түрі. Экономистердің баспасөз органдары — «Рабочая Мысль» газеті (1897—1902) және «Рабочее Дело» журналы (1899—1902) болды. Ленин орыс бернштейншілдері деп атаған «экономистердің» программалық документі 1899 жылы Е. Д. Кускова жазған «Credo» дейтін болды.

«Экономистер» жұмысшы табының міндеттерін жалақыны арттыру, еңбек жағдайларын жақсарту, т. б. жолындағы экономикалық күреспен шектеді, саяси күрес либерал буржуазияның ісі деп пайымдады. Олар жұмысшы табы партиясының басшылық ролін бекерге шығарып, партия тек қана қозғалыстың стихиялық процесін аңдап, оқиғаларды тізіп отырушы ғана болуға тиіс деп есептеді. Жұмысшы қозғалысының стихиялығы алдында бас иген «экономистер» революциялық теорияның, саналылықтың маңызын кемітті, социалистік идеология стихиялық жұмысшы қозғалысынан туа алады деп пайымдады; олар жұмысшы қозғалысына социалистік сананы сырттан, маркстік партияның енгізуі қажеттігін бекерге шығарды да, осынысымен буржуазиялық идеологияға жол ашты. «Экономистер» социал-демократиялық қозғалыстағы бытыраңқылық пен майдагерлікті қорғады, жұ-

мысшы табының бір орталыққа бағынатын партиясын құру қажеттігіне қарсы шықты. «Экономизм» жұмысшы табын таптық революциялық жолдан тайдырып, оны буржуазияның саяси шылауына айналдыру қаупін туғызды.

Лениннің «Россия социал-демократтарының наразылығы» («Credo»-ға қарсы бағытталған, Сибирьде айдауда жүрген кезінде 1899 ж. жазылып, айдауда жүрген он жеті марксист қол қойған), «Орыс социал-демократиясындағы шегіншектеу бағыты», ««Profession de foi» жөнінде», «Экономизмді қорғаушылармен әңгіме» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189, 260—297, 337—348-беттер; 5-том, 392—400-беттер) деген шығармалары «экономистердің» көзқарастарын жан-жақты сынауға арналған. Ленин «Не істеу керек?» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 1—211-беттер) деген кітабында «экономизмді» идеялық жағынан талқандау ісін аяқтап шықты. Лениндік «Искра» «экономизмге» қарсы күресте үлкен роль атқарды.— *16*.

[35] Қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», «Қазақстан» баспасы, 1-том, 1971, 229—231-беттер.— *16*.

[36] *Октябристер* — Россияда патшаның 1905 жылғы 17 октябрьдегі манифесі жарияланғаннан кейін құрылған «17 октябрь одағы» партиясының мүшелері. Бұл ірі буржуазияның және шаруашылығын капиталистік тұрғыда жүргізетін помещиктердің мүдделерін білдіріп, соларды қорғаған контрреволюциялық партия болды; оны белгілі өнеркәсіп иесі және Москвадағы үйлер иесі А. И. Гучков пен ірі помещик М. В. Родзянко басқарды. Октябристер патша өкіметінің ішкі және сыртқы саясатын толық қолдап отырды.—*17*.

[37] *«Будущее» («L'Avenir») («Болашақ»)* — либералдық-буржуазиялық газет; Парижде 1911 жылғы 22 октябрьден 1914 жылғы 4 январьға дейін (жаңаша) В. Л. Бурцевтің редакциялауымен орыс тілінде шығып тұрды (кейбір материалдары француз тілінде басылды). Газетке меньшевиктер мен эсерлер жазып тұрды.— *18*.

[38] *I Мемлекеттік дума* (Витте Думасы деп аталған) Министрлер советінің председателі С. Ю. Виттенің жасап шығарған ережесі бойынша 1906 жылғы 27 апрельде (10 майда) шақырылды.

Бүкіл россиялық октябрь стачкасы (1905) патшаны 17 октябрь манифесін шығаруға мәжбүр етті, мұнда революция жайпап кеткен кеңесші Булыгин Думасынан өзгеше заң шығару функциялары бар Мемлекеттік дума шақырылатыны туралы жарияланды. Патша үкіметі жаңа Думаны шақыру арқылы революциялық қозғалысқа жік салып, оны әлсіретпек болды, елдің дамуын бейбіт конституциялық-монархиялық

жолға түсірмекші болды. Конституциялық уәделер бере отырып, үкімет сонымен қатар Мемлекеттік думаны ұйымдастырғанда оның құрамы үкіметке жағымды болуын қамтамасыз етерліктей формаларды іздестіріп жатты. Дума сайлауы жөніндегі 1905 жылғы 11 (24) декабрьдегі және 1906 жылғы 20 февральдағы (5 марттағы) заңдар осыған бағытталды.

I Мемлекеттік думаның сайлауы 1906 жылғы февраль-мартта өтті. Большевиктер сайлауға бойкот жариялады. Бойкот Мемлекеттік думаның беделін едәуір түсіріп, халықтың бір бөлігінің оған деген сенімін әлсіретті, алайда сайлауды болғызбай тастаудың сәті түспеді. Бойкоттың сәтсіз болуының негізгі себебі Думаны шақыруды болғызбай тастай алатын бұқаралық революциялық өрлеудің болмағандығы еді. Меньшевиктердің іріткі салушылық нұсқаулары мен шаруалардың конституция жөніндегі жалған үміттерінің күштілігі де бойкоттың сәтсіздікке ұшырауына себепші болды. Ал, Дума қалай дегенмен де шақырылған соң Ленин оны революциялық үгіт пен насихат мақсаттарына, Думаны халық өкілдігін өрескел бұзушылық екендігін әшкерелеу мақсаттарына пайдалану міндетін алға қойды.

I Мемлекеттік думаға 478 депутат сайланды, олардың ішінде: кадеттер —179, автономистер —63 (бұған Поляк колосының, украин, эстон, латыш, литван және басқа да буржуазиялық-ұлттық топтардың мүшелері кірді), октябристер —16, партияда жоқтар —105, трудовиктер —97 және социал-демократтар —18 болды. Сонымен, Думадағы орындардың үштен бір бөлігінен астамы кадеттерге тиді.

Мемлекеттік думаның мәжілістерінде талқыланған мәселелердің ішінде адамның жеке басыныңісіне қол сұқпаушылық туралы, өлім жазасын жою туралы, ар-ождан және жиналыстар бостандығы туралы, азаматтардың тең праволылығы туралы және басқа мәселелер болды. Алайда осы мәселелер туралы көбінесе кадеттер енгізген заң жобалары шын мәнісіне келгенде «сөз бостандығына да *қарсы*, жиналыстар бостандығына да *қарсы* және басқа жақсы нәрселерге де қарсы каторгалық заң жобалары» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 13-том, 316-бет) болды.

Мемлекеттік думада аграрлық мәселе өзекті орын алды. Думада негізгі екі аграрлық программа: 42 депутат қол қойған кадеттердің заң жобасы және «104-тің жобасы» деген атпен белгілі трудовиктердің заң жобасы ұсынылды. Трудовиктерге қарама-қарсы, кадеттер көбінесе шаруалардың құрал-саймандарымен өңделетін немесе арендаға берілетін помещиктік жерлерді ғана «әділ баға бойынша» ақы төлеп иеліктен айыруға болады дей отырып, помещиктік жер иеленуді сақтап қалуға тырысты.

1906 жылғы 8 (21) июльде патша үкіметі I Мемлекеттік думаны таратып жіберді.

II Мемлекеттік дума 1907 жылғы 20 февральда (5 мартта) жиналды. Дума сайлауы төте, тең сайлау болмады және әскери-далалық соттар мен жазалау жағдайында өтті. Осыған қарамастан, екінші Дума өзінің құрамы жағынан бірінші Думаға қарағанда солшылдау болды. Мұның себебі партиялардың жіктелуі бірінші Дума кезіндегіден гөрі неғұрлым айқын да қатаң болды, бұқараның таптық сана-сезімі өсті, сондай-ақ большевиктер сайлауға қатысты.

Думаның құрамы, бір жағынан, солшыл партиялардың — социал-демократтар мен халықшылдық топтардың, екінші жағынан, кадеттер есебінен оңшылдардың күшейгендігін көрсетті. II Мемлекеттік дума мүшелерінің саяси топтар бойынша бөлінуі мынадай болды: оңшылдар, яғни монархистер мен октябристер—54, кадеттер мен бұларға жақындар—99, ұлттар өкілдері—76, партияда жоқтар—50, казактар тобы—17, халықтық социалистер — 16, эсерлер — 37, трудовиктер — 104, социал-демократтар — 65. Алайда өзінің құрамы жағынан неғұрлым солшыл болған екінші Дума революцияның бәсеңдеуі себебінен бірінші Думадан гөрі әлсіздеу болды.

II Мемлекеттік думадағы оңшыл партиялар барлық мәселелер жөнінде самодержавиелік үкіметтің саясатын сөзсіз қолдады. Екінші Дума қарсаңында өзінің контрреволюцияшылдығын біржола көрсеткен кадеттер самодержавиемен мәмлеге келу позициясын ұстады.

II Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияда меньшевиктер басым болды. Кадеттермен блок болуды жақтаған және халық арасындағы конституциялық жалған үміттерді қолдаған меньшевиктердің оппортунистік тактикасы фракция жұмысына салқынын тигізді. Ленин Думадағы социал-демократиялық фракцияның қателерін қатаң сынады, Россия социал-демократиясының көпшілігі мен оның Думадағы өкілдігінің көзқарастары арасындағы сәйкессіздікті атап көрсетті. Большевиктер Думаны патша өкіметін және контрреволюциялық буржуазияның сатқындық ролін әшкерелеу үшін, партияның революциялық программасын жариялап, насихаттау үшін, шаруаларды либералдардың ықпалынан құтқарып алып, Думада жұмысшы табы мен шаруалар өкілдерінің революциялық блогын құру үшін керекті мінбе ретінде пайдаланды. Большевиктердің бағыты парламенттік мекемелердегі пролетариат өкілдерінің іс-әрекетіндегі жаңа, революциялық-маркстік бағыт болды. Ал меньшевиктер болса, Думада кадеттерді қолдаудың оппортунистік тактикасын жүргізді. «I және II Думалардың *бүкіл* тарихы, — деп жазды Ленин кейініректе,— либералдардың шаруаларға қарсы және социал-демократтарға қарсы күресіне толы. Большевизм мен меньшевизмнің күресі либералдарды қолдау жолындағы күрес ретінде, либералдардың шаруаларға гегемондығын құлату жолындағы күрес ретінде осы тарихпен *тығыз* байланысты» (Шығармалар толық жинағы, 19-том, 394-бет).

Бірінші Думадағы сияқты, екінші Мемлекеттік думада да талқыланған өзекті мәселе аграрлық мәселе болды. Басқа мәселелердің ішінде Дума өз мәжілістерінде бюджетті, ашаршылыққа ұшырағандар мен жұмыссыздарға көмек мәселелерін, амнистия туралы мәселені талқылады.

1907 жылдың ортасына қарай, жұмысшылар мен шаруалардың патша өкіметін жеңуге күші жетпегендігі айқын болған кезде, патша үкіметі Думаны қуып таратып жіберуді ұйғарды. Патша охранкасының жәрдемімен П. А. Столыпин арандату әрекетін ұйымдастырып, Думадағы социал-демократиялық фракцияға социал-демократиялық жауынгерлік ұйыммен және социал-демократиялық әскери ұйыммен байланысты деп және мемлекетке қарсы заговор әзірледі деп айып тақты. 1 (14) июньде Столыпин Думаның жабық мәжілісінде бүкіл социал-демократиялық фракцияны Думадан дереу аластауды және 16 социал-демократ депутатты тұтқынға алуға Думаның келісім беруін талап етті. Кадеттер социал-демократиялық фракцияның басшыларын тұтқынға алуға келісті, ал фракцияның қалған мүшелері туралы мәселені Дума комиссиясына беруді ұсынды. Осының өзі Думаны қуып таратып жіберу үшін және сайлау системасын өзгерту үшін себеп болды. 1907 жылғы 3 (16) июньге қараған түні Думадағы социал-демократиялық фракция тұтқынға алынды, ал 3 (16) июньде II Мемлекеттік дума патша указымен таратылды.

III Мемлекеттік дума 1907 жылғы 1 (14) ноябрьден 1912 жылғы 9 (22) июньге дейін жұмыс істеді (барлығы бес сессиясы болды). Үшінші июньдегі сайлау заңы негізінде сайланған III Дума өзінің таптық табиғаты мен партиялық құрамы жағынан қаражүздік-октябристік Дума болды; ол патша үкіметінің Россияның революциялық күштері жөнінде зорлық және жазалау шараларын қолданудың контрреволюциялық саясатын жүзеге асыруда үкіметтің елгезек құралы болды.

Думаның бірінші сессиясы ашылар алдында онда 11 саяси партия мен топтың өкілдері болды, олардың ішінде: оңшылдар (әсіре оңшылдар, ұлтшылдар мен баяу оңшылдар) — 147 депутат, октябристер — 154, поляк-литван-белорус тобы — 7, Поляк колосы — 11, прогрестік топ — 28, мұсылмандар тобы — 8, кадеттер — 54, Еңбек тобы — 14, социал-демократтар — 19 депутат болды.

Думада бірде-бір партия басым көпшілік бола алмады, мұның өзі помещиктер мен буржуазия арасында амалдап отырудың бонапарттық саясатын жүргізген патша үкіметінің мақсаттарына сай келді. III Думада екі контрреволюциялық көпшілік — қаражүздік-октябристік және октябристік-кадеттік көпшілік қалыптасты. Мұның біріншісі Столыпиннің жұмысшы, аграрлық және ұлттық мәселелерде

патша үкіметінің саясатын жүргізуін қамтамасыз етті. Екінші көпшілік Россияда парламенттік өмір нормалары іске асырылып отыр деген елес туғызды, ұсақ жеңілдіктер жасау — реформалар жүргізу арқылы бұқараның назарын революциядан басқа жаққа аударуға жәрдем етті.

III Мемлекеттік дума сыртқы және ішкі саясаттың барлық мәселелері жөнінде реакциялық үшінші июнь режимін толығынан қолдады, полицияға, жандармдарға, земство бастықтарына, соттарға, түрмелерге, қасиетті синодқа ақшаны аямай жұмсады.

III Думаның реакциялық ролі жұмысшылар жөнінде заң шығарудан ерекше айқын көрінді. Думаның реакцияшыл көпшілігі жұмысшыларды қауіпсіздендіру жөніндегі бірнеше заң жобасын үш жыл бойы тығып тастады. Тек 1911 жылы ғана, революциялық қозғалыстың жаңадан өрлеуінің ықпалымен Дума бұл заң жобаларын бекітті. Бірақ бұл жобалардың әбден күзелгені соншалық, олар 1903 жылғы заңға қарағанда қауіпсіздендіру шарттарын жақсартқан жоқ, қайта нашарлатты, 13 миллион жалдама еңбек адамының ішінен тек 2,5 миллион жұмысшы ғана қауіпсіздендіруге ілікті.

Думаның жұмысшы комиссиясы 1912 жылғы 5 (18) мартта стачкалар бостандығы туралы заң жобасын қабылдамай тастады, тіпті оны Думаның мәжілістерінде талқылауға да жібермеді.

III Думаның реакцияшыл көпшілігі патша үкіметінің орыстандыру саясатын қолдады, ұлттық араздықты қоздырды. Сыртқы саясат саласында III Дума Балқан мемлекеттерінің істеріне белсене қол сұғуды жақтады, реакциялық, панславяндық пиғылдарды қолдады, соғыс кредиттерін көбейтуге күш салып отырды. Дума 1906 жылғы 9(22) ноябрьдегі указдың негізінде қабылданған аграрлық заңды 1910 жылы мақұлдап, столыпиндік аграрлық заңдарды толығынан қолдады. Дума шаруа депутаттарының жері жоқ және жері аз шаруаларға жер беру жөніндегі жобаларының бәрін қабылдамай тастап, оларды өз мәжілістерінде талқылауға жібермей қойды.

III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракция жұмыс жүргізу жағдайының өте ауырлығына, құрамының аз болуына және бірқатар қателіктерге жол бергеніне қарамастан, өз ішінде большевик депутаттардың болуы арқасында III Думаның халыққа қарсы саясатын әшкерелеу жөнінде, Дума мінбесін пайдалану арқылы да, сондай-ақ Думадан тыс жұмыс жүргізу арқылы да Россия пролетариаты мен шаруаларына саяси тәрбие беру жөнінде үлкен жұмыс істеді.— *21.*

[39] Бұл арада әңгіме 1905 жылғы 17 октябрьдегі патша манифесі туралы болып отыр, ол Бүкіл россиялық октябрь саяси стачкасының шыңына жете өрлеген күндерінде жарияланған бо-

латын. Манифесте патша «азаматтық бостандықтар» мен «заң шығарушы» Дума беремін деп уәде етті. Манифест самодержавиенің саяси айла-шарғысы болды, оның мәні уақыт ұту, революциялық күштерді бөлшектеу, стачканы болғызбай тастап, революцияны басып-жаныштау еді. Манифест революцияның патша өкіметінен тартып алған жеңілдігі болды, бірақ бұл жеңілдік либералдар мен меньшевиктердің айтқанындай революцияның тағдырын әсте де шешпеді. Большевиктер манифестің шын мән-мазмұнын әшкерелеп берді. 1905 жылғы 18 (31) октябрьде РСДРП Орталық Комитеті «Орыс халқына!» деген үндеу шығарып, онда патша манифесінің бүкіл жалғандығын түсіндірді және күресті жүргізе беруге шақырды. «Ереуіл бізге әлі де қажет,— делінді үндеуде,— керек болғанда бізді құр қағазбен жұбатуға болмайтындығын, сіздердің шын мәніндегі правоға, нағыз күшке ие болғыларыңыз келетіндігін жаулардың көріп білуі үшін керек» («Большевиктік ұйымдардың 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы листовкалары», I бөлім, М., 1956, 185-бет).

17 октябрьдегі манифест туралы В. И. Лениннің «Революцияның бірінші жеңісі» және «Түйін шешілуге жақын» деген еңбектерін қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 12-том, 28—36, 74—84-беттер.)— *21.*

40 *«Пролетарий»* — большевиктік құпия газет. В. И. Лениннің редакциялауымен 1906 жылғы 21 августан (3 сентябрьден) 1909 жылғы 28 ноябрьге (11 декабрьге) дейін шығып тұрды; 50 номері шықты. Редакцияның жұмысына М. Ф. Владимирский, В. В. Воровский, И. Ф. Дубровинский, А. В. Луначарский белсене қатысты; газетті шығарудың техникалық жұмысын А. Г. Шлихтер, Е. С. Шлихтер және басқалары жүргізді. Газеттің алғашқы жиырма номері Выборгте баспаға әзірленіп, сонда терілді (жіберілген матрицадан басып шығару ісі Петербургте ұйымдастырылды; құпиялық сақтау мақсатымен газетте ол Москвада шығарылады деп көрсетілді). Сонан соң, Россияда құпия орган басып шығару жағдайларының тым нашарлап кетуі салдарынан РСДРП Петербург және Москва комитеттерінің шешіміне сәйкес «Пролетарийдің» редакциясы газет шығару ісін шетелге көшірді (21—40-номерлері Женевада, 41—50-номерлері Парижде шығарылды).

Іс жүзінде «Пролетарий» большевиктердің Орталық Органы болды. «Пролетарий» редакциясындағы негізгі жұмыстың бәрін Ленин жүргізді. Газеттің көптеген номерлерінде Лениннің бірнешеден мақаласы бар. «Пролетарийде» Лениннің жұмысшы табының революциялық күресінің аса маңызды мәселелері жөнінде 100-ден астам мақаласы мен заметкасы жарияланды. Газетте тактикалық және жалпы саяси мәселелер кеңінен жазылды, онда РСДРП Орталық Комитетінің қызметі туралы есептер, конференциялардың және Орталық Ко-

митет пленумдарының шешімдері, Орталық Комитеттің партия қызметінің әр түрлі мәселелері жөніндегі хаттары және бірқатар басқа да документтер жарияланып отырды. Газеттің 46-номеріне берілген қосымшада «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының 1909 жылғы 8—17 (21—30) июньде Парижде болған кеңесі туралы хабар, сондай-ақ сол кеңестің қарарлары басылды. Газет жергілікті партия ұйымдарымен тығыз байланысты болды.

Столыпин реакциясы жылдарында «Пролетарий» большевиктік ұйымдарды сақтап, нығайтуда, жойымпаздарға, шақырымпаздарға, ультиматистер мен құдай жасампаздарға қарсы күресте аса көрнекті роль атқарды. РСДРП Орталық Комитетінің 1910 жылғы январь пленумының шешімдеріне сәйкес газетті шығару тоқтатылды.— *22.*

[41] III Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның мүшесі А. А. Войлошников 1911 жылғы 2 (15) декабрьде Думаның 35-мәжілісінде әскери міндеттілік туралы уставты өзгерту жөніндегі заң жобасын талқылау кезінде патша армиясын полициялық армия деп атап, тұрақты армияны бүкіл халықты қаруландырумен ауыстыруға шақырды. Осы сөзі үшін Думаның председателі Войлошниковты 5 мәжіліске қатыстырмауды ұсынды. Нақ сол мәжілісте Войлошников екінші рет сөз сөйлегеннен кейін оны мәжілістерге қатыстырмау мерзімі 15 мәжіліске дейін ұзартылды. Кадеттер председательдің бірінші ұсынысын жақтап дауыс берді.— *25.*

[42] Қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», «Қазақстан» баспасы, 1-том, 1971, 269-бет.— *27.*

[43] *«Жұмысшы съезі»* дейтінді шақыру жөнінде П. Б. Аксельрод ұсынған және басқа да меньшевиктер қолдаған идеяның мәнісі мынада болды: әр түрлі жұмысшы ұйымдары өкілдерінің съезін шақырып, сонда құрамына социал-демократтар, эсерлер мен анархистер кіретін жария «кең көлемдегі жұмысшы партиясын» құру еді. Іс жүзінде мұның өзі РСДРП-ны жою және оны партиялық емес ұйыммен алмастыру болып шығар еді. РСДРП V съезі «жұмысшы съезін» шақырудың меньшевиктік идеясын батыл айыптап, ол съезді жақтаған үгітті пролетариаттың таптық сана-сезімін дамыту үшін зиянды деп тапты. Большевиктермен бірге поляк және латыш социал-демократтары да «жұмысшы съезіне» қарсы күресті. «Жұмысшы съезін» шақыру жөніндегі меньшевиктік идеяны сынауды В. И. Лениннің мына еңбектерінен қараңыз: «Революциялық ортадағы тоғышарлық», «Меньшевизмнің дағдарысы», «Интеллигенцияның үстемдігіне қарсы интеллигенттік жауынгерлер», «Ашуға булығып абыржу (Жұмысшы съезі туралы мәселе жөнінде)» (Шы-

ғармалар толық жинағы, 14-том, 47—59, 162—188-беттер, 15-том, 186—190, 191—205-беттер).— *31.*

[44] *«Петициялық науқан»* — Петербург жойымпаздарының 1910 жылғы декабрьде құрастырған «петициясының» төңірегінде жойымпаздар мен Троцкий көтерген үгіттік айғай-шу. «Петицияны» — одақтар құру, жиналыс өткізу, стачкалар жасау бостандығы туралы өтінішті — жұмысшылардың атынан III Мемлекеттік думаға жіберу ұйғарылған еді. Жұмысшыларға қол қойдыру үшін «петиция» кәсіпорындарға жіберілген. Алайда «петициялық науқан» жұмысшылар бұқарасы арасында табысқа жете алмады, не бары 1300 ғана адам қол қойды. Большевиктер жойымпаздардың «петициялық науқанының» мәнісін әшкереледі. РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясының ««Петициялық науқан» туралы» қарары большевиктердің көзқарасын негіздеп берді (қараңыз: осы том, 164—165-беттер).— *35.*

[45] Ленин бұл арада Петербург шақырымпаздарының РСДРП бесінші (1908 ж. Жалпы россиялық) конференциясының алдында болған Петербург комитетінің кеңейтілген мәжілісіне ұсынған қарарын айтып отыр. Қарар «Пролетарийдің» 1909 жылғы 4 (17) апрельдегі 44-номеріне берілген қосымшада басылды. Ленин нақ сол қосымшада, «Большевизмге карикатура» деген мақаласында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 17-том, 430—443-беттер) бұл документке сын тұрғысынан талдау жасады.— *36.*

[46] Лениннің, Каменев пен Зиновьевтің қолдары қойылған.— *40.*

Трудовиктер (Еңбек тобы) — Россияның Мемлекеттік думаларындағы ұсақ буржуазияшыл демократтар тобы; бұл топ шаруалардан және халықшылдық пиғылдағы интеллигенттерден құралды. Трудовиктер фракциясы 1906 жылғы апрельде I Мемлекеттік думаның шаруалар депутаттарынан құрылды.

Трудовиктер сословиелік және ұлттық шектеулердің бәрін жою, земстволық және қалалық өзін өзі басқаруды демократияландыру, Мемлекеттік дума сайлауы үшін жалпыға бірдей сайлау правосын жүзеге асыру талабын қойды. Трудовиктердің аграрлық программасы жерді пайдаланудың халықшылдық «теңгерме» принциптеріне негізделді: қазыналық, уделдік, кабинеттік, монастырьлік жерлерден, сондай-ақ егер иеліктегі жер мөлшері белгіленген еңбек нормасынан асып түсетін болса, жеке меншіктегі жерлерден де жалпы халықтық қор жасау; иеліктен алынатын жеке меншіктегі жерлер үшін ақы төлеу көзделді. В. И. Ленин 1906 жылы былай деп атап көрсетті: әдеттегі трудовик — шаруа, ол «монархиямен мәмлеге келуден, буржуазиялық құрылыс шеңберінде *өзінің* ұлтарақтай жерінде тыныштыққа ұмтылудан қаш-

пайды, бірақ қазіргі уақытта оның басты күші жер үшін помещиктермен күресуге, демократия үшін крепостниктік мемлекетпен күресуге жұмсалып отыр» (Шығармалар толық жинағы, 14-том, 27-бет).

Мемлекеттік думада трудовиктер кадеттер мен социал-демократтар арасында ауытқумен болды. Бұл ауытқулар ұсақ қожайындардың — шаруалардың таптық табиғатының өзінен туды. Трудовиктер белгілі бір дәрежеде шаруалар бұқарасының өкілдері болғандығы себепті большевиктер патша өкіметі мен кадеттерге қарсы ортақ күрес үшін Думада кейбір мәселелер жөнінде трудовиктермен келісімге келу тактикасын жүргізді. 1917 жылы Еңбек тобы «халықтық социалистер» партиясымен бірікті де, буржуазиялық Уақытша үкіметті белсене қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін трудовиктер буржуазиялық контрреволюция жағына шықты.— *44.*

[48] *«Вехи»*— кадеттердің корнекті публицистері, контрреволюциялық либерал буржуазияның өкілдері Н. А. Бердяевтің, С. Н. Булгаковтың, М. О. Гершензонның, А. С. Изгоевтің, Б. А. Кистяковскийдің, П. Б. Струвенің және С. Л. Франктің мақалаларының жинағы; 1909 жылғы көктемде Москвада шықты. Орыс интеллигенциясына арналған мақалаларында «вехишілдер» Россиядағы азаттық қозғалысының революциялық-демократиялық дәстүрлерін, В. Г. Белинскийдің, Н. А. Добролюбовтың, Н. Г. Чернышевскийдің, Д. И. Писаревтің көзқарастары мен қызметтерін қаралауға тырысты; олар 1905 жылғы революциялық қозғалысты даттады, «өзінің найзалары мен түрмелері арқылы» буржуазияны «халық қаһарынан» құтқарып қалғаны үшін патша үкіметіне алғыс айтты. В. И. Ленин ««Вехи» туралы» деген мақаласында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 19-том, 179—188-беттер) кадет қаражүздікшілерінің жинағына сын тұрғысынан талдау жасап, саяси баға берді. «Вехидің» философиядағы және публицистикадағы программасын қаражүздік «Московские Ведомости» газетінің программасымен салыстыра келіп, Ленин ол жинақты *«либералдық ренегаттықтың энциклопедиясы»,* «демократияға реакциялық тұрғыдан бастан-аяқ күйе жағудың дәл өзі» деп атады. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде «Вехи» жинағының Ленин көптеген белгілер салған данасы сақтаулы.— *46.*

[49] Бұл арада II Думаны тарату туралы және сайлау заңындағы өзгерістер туралы 1907 жылғы 3 (16) июньдегі патша манифесі айтылып отыр. Жаңа сайлау заңы помещиктер мен сауда-өнеркәсіп буржуазиясының Думадағы өкілдігін әлдеқайда көбейтті де, шаруалар мен жұмысшылардың онсыз да аз өкілдерін бірнеше есе азайтып жіберді. Мұның өзі 1905 жылғы 17 (30) октябрьдегі манифест пен 1906 жылғы Негіз-

гі заңды өрескел бұзғандық еді, бұлар бойынша үкімет Мемлекеттік дума мақұлдамайынша, заңдар шығара алмайтын-ды.

Жаңа Ереже бойынша жер иеленушілер куриясында 230 адамнан бір сайламшы, бірінші разрядты қалалық курияда 1 мың адамнан, екінші разрядты қалалық курияда — 15 мың адамнан, шаруалар куриясында — 60 мың адамнан, жұмысшы куриясында — 125 мың адамнан бір сайламшы сайланатын болды. Помещиктер мен буржуазия барлық сайламшылардың 65 процентін, шаруалар — 22 процентін (бұрын 42% еді), жұмысшылар — 2 процентін (бұрын 4% еді) сайлады. Заң азиялық Россияның байырғы халқын, Астрахань және Ставрополь губернияларының түркі тілдес халықтарын сайлау праволарынан айырды, Польша мен Кавказ халықтарының өкілдігін екі есе қысқартты. Орыс тілін білмейтін адамдар бүкіл Россия бойынша сайлау праволарынан айырылды. Осы заңның негізінде сайланған және 1907 жылғы 1 (14) ноябрьде жиналған III Дума өзінің құрамы жағынан қаражүздік-октябристік дума болды.

Үшінші июньдегі мемлекеттік төңкеріс столыпиндік реакция дәуірінің бастамасы болды.— *49.*

50 Шаруалар депутаттарының (партияда жоқтар мен еңшылдар) III Мемлекеттік думаға ұсынған жер жөніндегі жобасына В. И. Ленин «Жаңа аграрлық саясат» және «III Думадағы аграрлық жарыс сөздер» деген мақалаларында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 16-том, 454—458-беттер және 17-том, 338—354-беттер) баға берді.— *53.*

51 *Шетелдегі большевиктік топтардың кеңесі* 1911 жылғы 14—17 (27—30) декабрьде Парижде болып, В. И. Лениннің басшылық етуімен өтті. Кеңес большевиктік «Рабочая Газетаға» жәрдем көрсететін Париж үйірмесінің инициативасы бойынша шақырылды. Кеңестің мақсаты—шетелдегі большевиктік күштерді топтастыру және Бүкіл россиялық партия конференциясын шақыру ісіне жәрдемдесу болды. Кеңеске Париждің, Нансидің, Цюрихтың, Давостың, Женеваның, Льеждің, Берннің, Бремен мен Берлиннің большевиктік топтарынан шешуші дауыспен 11 делегат қатысты. Тулузаның, Лозаннаның, Лондонның, Брюссельдің, Антверпеннің, Копенгагеннің, Ниццаның және басқа қалалардың большевиктері техникалық және материалдық қиыншылықтарға байланысты өз өкілдерін жібере алмады. Большевиктердің кейбір топтары кеңеске өздерінің жазбаша толық баяндамаларын жібере алды. Кеңестің күн тәртібінде мынадай мәселелер болды: 1) Ұйымдастыру бюросының және жергілікті жерлерден келген делегаттардың есебі; 2) Партия ішіндегі істердің жайы туралы; 3) Шетелдегі істердің жайы және әр түрлі ағымдарға көзқарас туралы; 4) Ұйымдық мәселелер; 5) Шет-

елдегі жұмыстың міндеттері туралы; 6) Конференцияға көзқарас; 7) Әр түрлі мәселелер.

В. И. Ленин кеңесті құттықтау сөз сөйлеп ашты. Ол партия ішіндегі істердің жайы туралы баяндама жасады (баяндаманың тезистерін осы томнан қараңыз, 529—530-беттер). Сонан соң Н. А. Семашко мен М. Ф. Владимирскийдің шетелдегі істердің жайы туралы баяндамалары тыңдалды. Қарардың Ленин енгізген жобасы кеңестің үш баяндама бойынша қабылдаған жалпы қарарының негізіне алынды. Кеңес голосшылдар мен впередшілдердің партиядан біржолата бөлініп кеткенін, олардың толық күйреуге ұшырағанын атап айтты және Орталық Комитет мүшелерінің июнь кеңесінің партия конференциясын шақыру жөніндегі шараларын мақұлдады. Кеңес Россиялық ұйымдастыру комиссиясын және ол шақыратын конференцияны қолдау туралы Ленин ұсынған қарарды қабылдады.

Кеңес жойымпаздармен келісімге келуге жол бермей, шын мәнісінде партия бағытын жүргізу негізінде РСДРП Шетелдік ұйымын (жергілікті жерлерде секциялары болатын етіп) құру туралы қаулы етті. Кеңес Шетелдік ұйымның комитетін сайлады; Лениннің ұсынысы бойынша топтармен келісу үшін және біржолата бекіту үшін РСДРП Шетелдік ұйымы уставының жобасы Шетелдік ұйым комитетіне берілді.

Кеңес шетелдегі большевиктік топтарды біртұтас ұйымға біріктірді, Россиялық ұйымдастыру комиссиясының құрылуын мақұлдады және «оны барлық күшті жұмсап қолдау партияның әрбір мүшесінің борышы» деп мәлімдеді. Кеңестің «Хабары» мен қарарларын РСДРП Шетелдік ұйымының комитеті 1912 жылғы 12 январьда (жаңаша) жеке листок етіп бастырып шығарды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», «Қазақстан» баспасы, 1-том, 1971, 340—349-беттер).— *69.*

[52] *РСДРП Шетелдік ұйымының уставы туралы ұсынысты* шетелдегі большевиктік топтардың 1911 жылғы 16 (29) декабрьде Парижде болған кеңесінде Шетелдік ұйым уставының жобасын кеңестің өзінде егжей-тегжейлі талқылау керек пе немесе топтармен келісу үшін және түпкілікті бекіту үшін оны Шетелдік ұйым комитетіне беру керек пе деген мәселе қаралған кезде В. И. Ленин қойған болатын. Лениннің ұсынысы 8 дауыспен қабылданды, бір дауыс қарсы болды.— *74.*

[53] *Конференция шақыру жөніндегі Россиялық ұйымдастыру комиссиясы туралы* Ленин ұсынған *қарар* шетелдегі большевиктік топтардың Парижде болған кеңесінің соңғы мәжілісінде 1911 жылғы 17 (30) декабрьде бір ауыздан қабылданды. Қарар РСДРП Шетелдік ұйымы комитетінің «Хабарында» мынандай түсініктемемен жарияланды: «Россиялық ұйым-

дастыру комиссиясын және ол шақыратын конференцияны бар жігермен қолдау қажеттігін кеңес барлық партиялық жолдастарға ерекше қарарда ескертті» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», «Қазақстан» баспасы, 1-том, 1971, 348-бет).— *75.*

[54] *Тартарен* — Альфонс Доденың «Тарасконнан шыққан Тартареннің бастан кешкен ғажайыптары» деген шығармасының кейіпкері.— *82.*

[55] РСДРП V (Лондон) съезінің «Пролетарлық емес партияларға көзқарас туралы» қарарын қараңыз («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», «Қазақстан» баспасы, 1-том, 1971, 229—231-беттер).— *96.*

[56] *Лассальшылдар мен эйзенахшылдар* — герман жұмысшы қозғалысындағы XIX ғасырдың 60 жылдары мен 70-жылдардың бас кезінде болған екі партия, бұл екеуінің арасында көбінесе тактика мәселелері жөнінде және ең алдымен сол жылдардағы Германияның саяси өміріндегі ең шиеленіскен мәселе: Германияны қайта қосу жолдары туралы мәселе жөнінде кескілескен күрес болды.

Лассальшылдар — немістің ұсақ буржуазияшыл социалисі Ф. Лассальдың жақтастары мен ізбасарлары, Жалпы герман жұмысшы одағының мүшелері, бұл одақ 1863 жылы жұмысшы қоғамдарының Лейпцигтегі съезінде жұмысшы табын өз ықпалына бағындырмақ болған буржуазиялық прогрессистерге қарсы құрылған болатын. Одақтың бірінші президенті Лассаль болды, ол одақтың программасын және тактикасының негіздерін тұжырымдап берді. Жалпыға бірдей сайлау правосы үшін күрес Одақтың саяси программасы деп, жұмысшылардың мемлекет қаржыландырып отыратын өндіргіш ассоциацияларын құру оның экономикалық программасы деп жарияланды. Пруссияның гегемониясына икемделген Лассаль және оның жақтастары өздерінің практикалық қызметінде Бисмарктың ұлы державалық саясатын қолдады; «объективтік жағынан алғанда,— деп жазды Ф. Энгельс 1865 жылғы 27 январьда К. Маркске,— мұның өзі оңбағандық және пруссактардың пайдасына бола бүкіл жұмысшы қозғалысына сатқындық жасау болды» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIII том, 1932, 232-бет). К. Маркс пен Ф. Энгельс герман жұмысшы қозғалысындағы оппортунистік ағым ретінде лассальшылдықтың теориясын, тактикасы мен ұйымдық принциптерін талай рет қатты сынға алды.

Эйзенахшылдар — Германияның Социал-демократиялық жұмысшы партиясының мүшелері, бұл партия Эйзенахтағы құрылтай съезінде 1869 жылы құрылған. К. Маркс пен

Ф. Энгельстің идеялық ықпалында болған А. Бебель мен В. Либкнехт эйзенахшылдардың көсемдері болды. Эйзенахшылдардың программасында Германияның Социал-демократиялық жұмысшы партиясы өзін «Жұмысшылардың халықаралық серіктігінің секциясы деп есептейді және оның талап-ниеттеріне қосылады» деп көрсетілген. Маркс пен Энгельстің үнемі ақыл-кеңес беріп және сынап отыруының нәтижесінде эйзенахшылдар лассальшылдық Жалпы герман жұмысшы одағына қарағанда неғұрлым дәйекті революциялық саясат жүргізді; атап айтқанда, Германияны қайта қосу мәселелерінде олар «пруссактікке, бисмаркшілдікке, ұлтшылдыққа аз да болса кеңшіліктер жасауға қарсы күресіп, демократиялық және пролетарлық жолды» қорғады (В. И. Ленин. Шығармалар, 19-том, 292-бет).

Жұмысшы қозғалысы өрлеуінің және үкімет тарапынан жазалау шараларының күшеюінің ықпалымен бұл екі партия 1875 жылы Готада болған съезде Германияның Социалистік біртұтас жұмысшы партиясы (кейіннен — Германияның Социал-демократиялық партиясы) болып бірікті.— *100.*

[57] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар. Қазақ мемл. баспасы, 1958, 119—121-беттер.— *100.*

[58] *«Обская Жизнь»* («Обь Өмірі») — либералдық-буржуазиялық бағыттағы күнделікті газет, Ново-Николаевскіде (Новосибирск) 1909—1912 жылдары шығып тұрды.— *102.*

[59] Бұл арада «бейбіт жаңарту» партиясы — ірі буржуазия мен помещиктердің конституциялық-монархиялық ұйымы айтылып отыр; I Мемлекеттік дума таратылғаннан кейін 1906 жылы біржола қалыптасты. Партия «солшыл» октябристер мен оңшыл кадеттерді біріктірді. Бейбіт жаңартушылардың лидерлері П. А. Гейден, Н. Н. Львов, П. П. Рябушинский, М. А. Стахович, Е. Н. және Г. Н. Трубецкойлар, Д. Н. Шипов және басқалар болды. Өзінің программасы жөнінен партия октябристерге жақын болды; сауда-өнеркәсіп буржуазиясының және шаруашылығын капиталистік жолмен жүргізетін помещиктердің мүделерін қорғады. Ленин «бейбіт жаңарту» партиясын «бейбіт тонау партиясы» деп атады, өйткені оның іс-әрекеті «миллиондаған «мужиктердің» табан ет, маңдай теріне Россияның ақ сүйек дворяндарының *праволарын* әйтеуір бір амалын тауып сенімдірек,ептірек, шеберірек, ішкі жағынан берігірек, сырт жағынан байқаусыз етіп қорғап қалуға...» (Шығармалар толық жинағы, 16-том, 46-бет) бағытталды. III Мемлекеттік думада «бейбіт жаңарту» партиясы «демократиялық реформалар» партиясы дейтінмен бірге «прогрессистер» фракциясына бірікті.— *107.*

[60] *«Русские Ведомости»* («Орыс Ведомостары») — газет; 1863 жылдан Москвада шығып тұрды, біртоға-либерал интелли-

генцияның көзқарастарын білдірді. 80—90-жылдарда газетке демократиялық лагерьдегі жазушылар (В. Г. Короленко, М. Е. Салтыков-Щедрин, Г. И. Успенский және басқалары) қатысып тұрды, либерал халықшылдардың шығармалары басылып жүрді. 1905 жылдан газет кадеттер партиясының оң қанатының органы болды. «Русские Ведомости», деп атап көрсетті Ленин, *«оңшыл* кадетизмді халықшылдық сарынмен» (Шығармалар, 19-том, 120-бет) ерекше ұштастырды. 1918 жылы «Русские Ведомости» басқа да контрреволюциялық газеттермен бірге жабылды.— *108.*

[61] *«Новое Время»* («Жаңа Заман») — күнделікті газет; 1868 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шығып тұрды; әр түрлі бастырушылардың қолында болды да, өзінің саяси бағытын талай рет өзгертті. Бастапқы кезде баяу-либералдық бағыт ұстаған газет 1876 жылы бастырушысы А. С. Суворин болғаннан кейін реакцияшыл дворяндар мен чиновниктік-бюрократтық топтардың органына айналды. 1905 жылдан — қаражүздікшілердің органы. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін газет буржуазиялық Уақытша үкіметтің контрреволюциялық саясатын қолдап, большевиктерге өршелене жала жапты. Газетті Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет 1917 жылғы 26 октябрьде (8 ноябрьде) жауып тастады. В. И. Ленин «Новое Времяны» сатқын газеттердің үлгісі деп атады. ««Нововремяшылдық» дегеніміз,— деп жазды ол,— шегінушілік, ренегаттық, жағымпаздық деген түсініктермен бір мағыналы сөз болды» (Шығармалар, 18-том, 276-бет).— *109.*

[62] *«Россия»* — реакциялық, қаражүздік сипаттағы күнделікті газет; Петербургте 1905 жылғы ноябрьден 1914 жылғы апрельге дейін шығып тұрды. 1906 жылдан — ішкі істер министрлігінің органы. Газет үкіметтің ішкі істер министрінің қарамағына берген құпия («рептильді») қорынан қаржыландырылып тұрды. В. И. Ленин «Россияны» «полициялық-сатқын газетсымақ» деп атады.— *115.*

[63] *Охранка туралы түскен сұрақ* («Министрлер советінің председателі П. А. Столыпиннің өлтірілуі жөнінде») III Мемлекеттік думаның мәжілісінде 1911 жылғы 15 (28) октябрьде талқыланды. Осы мәселе жөніндегі сұрақты бір жағынан октябристер мен ұлтшылдардың фракциялары, екінші жағынан социал-демократиялық фракция енгізді.

Ашаршылық туралы сұрақты («егіннің шықпай қалуынан зардап шеккен губерниялардың халқына азық-түлік көмегін көрсету жөнінде тиісті шаралардың қолданылмауы жөнінде») трудовиктер енгізіп, Думаның 1911 жылғы 15 (28) октябрьдегі мәжілісінде қабылданды.

«Мемлекеттік тәртіп пен қоғамдық тыныштықты қорғау жөніндегі шаралар туралы 1881 ж. 14 августа ұлы мәртебелі патша ағзам бекіткен Ережелердің қолданылу мерзімін ұзарту жөнінде» Думадағы кадеттер фракциясының 54 мүшесі қол қойып енгізген *сұрақ* 1911 жылғы 17 (30) октябрьде талқыланды.— *115.*

64 Ленин бұл арада «Қолданылып жүрген заңның шаруалардың жер иеленуі мен жерді пайдалануына қатысты кейбір қаулыларын толықтыру туралы» Столыпин әзірлеген 1906 жылғы 9 (22) ноябрьдегі указды айтып отыр; бұл указ Мемлекеттік дума мен Мемлекеттік совет арқылы өткеннен кейін 1910 жылғы 14 июнь заңы деп аталатын болды. 1906 жылғы 15 (28) ноябрьде «Үлесті жерлерді кепілге алу арқылы Шаруалардың жер банкісінің несиелер беруі туралы» указ да шығарылды. Бұл указдар бойынша шаруаларға олардың үлесті жерлерін жеке меншігіне бекітіп беру правосы және қауымнан отрубтар мен хуторларға бөлініп шығу правосы берілді. Хуторға немесе отрубқа бөлініп шығушылар жер алуға керекті қаржыны Шаруалар банкінен ала алатын болды. Столыпиндік аграрлық заңдардың көздеген мақсаты жерге помещиктік меншікті сақтап және қауымды зорлықпен бұза отырып, кулактар арқылы деревняда самодержавиенің жаңа әлеуметтік тірегін жасау еді.

Столыпиндік аграрлық саясат крепостник-помещиктердің билігін, меншігі мен артықшылықтарын сақтай отырып, ауыл шаруашылығының капиталистік эволюциясының неғұрлым азапты, «пруссиялық» жолмен жүруін тездетті, шаруалардың негізгі бұқарасын күштеп экспроприациялауды күшейтті, кедейлердің үлесті жерлерін мүлде арзанға сатып алу мүмкіндігін алған шаруалар буржуазиясының дамуын тездетті.

Ленин 1906 жылғы столыпиндік аграрлық заңды (және 1910 жылғы 14(27) июньде шығарылған заңды) крепостниктік самодержавиені буржуазиялық монархияға айналдыру жолындағы 1861 жылғы реформадан кейінгі екінші қадам деп атады. «Столыпиннің ескі тәртіптің және ескі крепостниктік егіншіліктің «өмірін ұзартуы» мынада болып отыр,— деп жазды Ленин,— тағы да бір және оның бер жағында *соңғы* тығын ашылып отыр, бүкіл помещиктік жер иелігін экспроприацияламай-ақ ашуға болатын тығын ашылып отыр» (Шығармалар, 18-том, 249-бет). Үкімет шаруалардың қауымдардан бөлініп шығуын барынша насихаттағандығына қарамастан, Европалық Россияда 9 жылдың ішінде (1907 жылдан 1915 жылға дейін) тек $2^1/_2$ миллионға жуық шаруа үйлері ғана қауымдардан шықты. Қауымдардан бөлініп шығу правосын ең алдымен село буржуазиясы пайдаланды, сөйтіп ол осындай жолмен өз шаруашылығын нығайтуға мүмкіндік алды. Кедейлердің бір бөлегі де қауымдардан шықты, шыққанда өздерінің үлесті жерлерін сатып, деревнядан біржо-

лата қол үзу үшін шықты. Мұқтаждық жаныштаған ұсақ шаруа шаруашылығы бұрынғысынша қайыршы және артта қалған күйінде қала берді.

Столыпиндік аграрлық саясат барлық шаруалар мен помещиктер арасындағы негізгі қайшылықты жоймай, шаруалар бұқарасының онан әрі күйзелуіне, кулактар мен деревня кедейлері арасындағы таптық қайшылықтардың шиеленісуіне әкеліп соқты.— *129.*

[65] *РСДРП Бүкіл россиялық алтыншы (Прага) конференциясы* 1912 жылғы 5—17 (18—30) январьда Прагада болды. Конференцияның мәжілістері Халық үйінде, чех социал-демократиялық газеті редакциясының үйінде өтті.

Конференцияда 20-дан астам партия ұйымдарының өкілдері болды. Петербургтен, Москвадан, Орталық-өнеркәсіпті облыстан, Саратовтан, Тифлистен, Бакуден, Николаевтан, Қазаннан, Киевтен, Екатеринославтан, Двинск мен Вильнодан делегаттар қатысты. Полицияның қуғындауы мен басқа да қиыншылықтар Екатеринбург, Тюмень, Уфа, Самара, Нижний Новгород, Сормово, Луганск, Дондағы Ростов, Барнаул және басқа да жерлердің партия ұйымдары делегаттарының конференцияға келуіне бөгет жасады. Бұл ұйымдар конференцияға қосылатындығы туралы жазбаша мәлімдемелер жіберді. Конференцияға Орталық Орган — «Социал-Демократ» газеті редакциясының, «Рабочая Газета» редакциясының, Шетелдік ұйым комитетінің, РСДРП Орталық Комитеті транспорт тобының өкілдері қатысты. Екі партияшыл-меньшевиктен басқа делегаттардың құрамы большевиктер болды.

Конференция делегаттарының арасында Тифлис ұйымынан — Г. К. Орджоникидзе, Бакуден — С. С. Спандарян, Петербургтен — Е. П. Онуфриев, Москвадан — Ф. И. Голощекин болды. Шетелдік ұйым комитетінен Н. А. Семашко, Орталық Комитеттің транспорт тобынан И. А. Пятницкий өкіл болды.

В. И. Ленин конференцияға Орталық Орган редакциясының атынан қатысты.

Конференцияның күн тәртібінде мынадай мәселелер тұрды: 1) Баяндамалар (Россиялық ұйымдастыру комиссиясының баяндамасы, жергілікті жерлерден баяндамалар, Орталық Органның баяндамасы, т. б.); 2) Конференцияны заңдастыру; 3) Қазіргі кезең және партияның міндеттері; 4) IV Мемлекеттік думаның сайлауы; 5) Дума фракциясы; 6) Жұмысшыларды мемлекеттік қауіпсіздендіру; 7) Стачкалық қозғалыс және кәсіптік одақтар; 8) «Петициялық науқан»; 9) Жойымпаздық туралы; 10) Социал-демократтардың ашаршылықпен күресудегі міндеттері; 11) Партиялық әдебиет; 12) Ұйымдық мәселелер; 13) Шетелдегі партия жұмысы; 14) Сайлау; 15) Әр түрлі мәселелер. Барлығы 23 мәжіліс болды.

Конференцияны Ленин басқарды. Ол конференцияны ашқан кезде, конференцияны заңдастыру туралы мәселе жөнінде сөз сөйледі, қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы, Халықаралық социалистік бюроның жұмысы туралы баяндамалар жасады, хабарламалар жасап сөз сөйледі, сондай-ақ Орталық Органның жұмысы туралы, социал-демократияның ашаршылықпен күресудегі міндеттері туралы, ұйымдық мәселе жөнінде, шетелдегі партия ұйымының жұмысы туралы және басқа да мәселелер бойынша жарыс сөзде сөйледі, жергілікті жерлерден болған баяндамаларды жазып отырды. Ленин конференцияның күн тәртібіндегі барлық аса маңызды мәселелер бойынша қарарлардың жобаларының авторы болды. Конференция қабылдаған қарарларды ол мұқият редакциялап шықты. Конференцияның протоколдары осы күнге дейін табылған жоқ. Кейбір мәжілістердің сақталып қалған протокол жазбалары тым үзік-үзік және толық емес.

Конференцияның бірінші мәжілісінде конференцияны шақыру жөніндегі Россиялық ұйымдастыру комиссиясының (РҰК) жұмысы туралы Г. К. Орджоникидзенің баяндамасы тыңдалды. Лениннің ұсынысы бойынша конференция өзінің қарарында Россиядағы барлық партия ұйымдарын топтастыру және партияны қалпына келтіру жөнінде Россиялық ұйымдастыру комиссиясының істеген жұмысының орасан зор маңызы бар екенін атап көрсетті (осы томның 145-бетін қараңыз). Конференцияға Россияда жұмыс істеп отырған партия ұйымдарының бәрінің дерлік өкілдерінің қатысып отыруына байланысты конференция ерекше қарарда былай деп мәлімдеді: конференция «партияның жоғарғы органы болып табылатын РСДРП жалпы партиялық конференциясы деп заңдастырылады». Прага конференциясы іс жүзінде партия съезінің ролін атқарды.

Конференция ұлттық орталықтардан делегаттар болмағандығы туралы мәселе жөнінде арнаулы қарар қабылдады. Ұлттық социал-демократиялық ұйымдар конференцияға бірнеше рет шақырылды, бірақ олардың басшы органдары: Бунд Орталық Комитеті, Польша мен Литва социал-демократиясының Бас басқармасы, Латыш өлкесі социал-демократиясының Орталық Комитеті конференцияның жұмысына қатысқысы келмегендерімен қоймай, конференцияны мойындамау жөнінде науқан жүргізді. Конференция ұлттық социал-демократиялық ұйымдар өкілдерінің келмегендігі үшін бүкіл жауапкершілікті олардың орталықтарына жүктеді. Конференция РСДРП Орталық Комитетіне ұлттық ұйымдармен қалыпты қатынастар орнатуға үнемі ұмтылып отыруды тапсырды және «барлық кедергілерге қарамастан, Россияның барлық ұлттарының социал-демократ жұмысшылары пролетарлық іс үшін және жұмысшы табының барлық жауларына қарсы қол ұстасып, ынтымақтаса күресетін болады» (бұл да сонда, 148-бет) деген сенім білдірді.

Лениннің «Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы» баяндамасында және конференцияның қарарында елдегі саяси жағдайға терең талдау жасалып, бұқараның революциялық көңіл ауанының өсіп отырғаны көрсетілді. Конференция шаруаларды өз соңынан ертіп отырған пролетариаттың өкімет билігін жеңіп алу міндеті бұрынғысынша Россиядағы демократиялық төңкерістің міндеті болып қала береді деп атап көрсетті.

Конференция жергілікті орындардың баяндамаларын талқылады. Ол жергілікті жерлердегі партиялық жұмыс құпия партия ұйымдары мен топтарын қорғап, нығайту рухында, жойымпаздыққа қарсы күрес рухында жүргізіліп отырғанын атап көрсетті. Конференция жұмысшылардың жария бұқаралық ұйымдарындағы социал-демократиялық жұмысты күшейту қажеттігін айтты.

Партияны оппортунистерден тазарту конференцияның аса маңызды ісі болды. Оның «Жойымпаздық туралы және жойымпаздар тобы туралы», «Шетелдегі партия ұйымы туралы» қабылдаған қарарларының орасан зор принциптік және практикалық маңызы болды. Жойымпаздар екі жария журналдың — «Наша Заря» мен «Дело Жизнидің» төңірегіне топтасты. Конференция ««Наша Заря» мен «Дело Жизни» тобы өз қылығымен өзін партиядан біржолата тыс қойды» деп мәлімдеді. Жойымпаздар РСДРП-дан шығарылды. Конференция шетелдегі антипартиялық топтардың — голосшыл-меньшевиктердің, впередшілдердің, троцкистердің іс-әрекетін айыптады. Конференция шетелде партияға жәрдемдесу жөнінде Орталық Комитеттің бақылауымен және оның басшылығымен жұмыс жүргізетін біртұтас партия ұйымының болуын сөзсіз қажет деп тапты және «социал-демократиялық жұмыстың орыс орталығына, яғни Орталық Комитетке бағынбайтын және Россиямен Орталық Комитеттен тыс ерекше қатынастар жасау арқылы жұмысқа іріткі салатын» шетелдік топтарды «РСДРП атымен пайдалана алмайды» деп көрсетті. Бұл қарарлар Россияда маркстік партияның бірлігін нығайтуда орасан зор роль атқарды.

IV Мемлекеттік думаның сайлау науқанына қатысу туралы мәселе конференцияның жұмысында үлкен орын алды. Конференция партияның сайлаудағы және социал-демократиялық фракцияның Думаның өзіндегі негізгі міндеті социалистік таптық насихат жүргізу және жұмысшы табын ұйымдастыру болды деп атап көрсетті. Партияның Дума сайлауындағы басты-басты сайлау ұрандары деп конференция программа-минимумның негізгі талаптарын: демократиялық республика; 8 сағаттық жұмыс күні; бүкіл помещиктік жерді конфискелеу талаптарын ұсынды.

Конференция күн тәртібінің екі пунктін: ұйымдық мәселелер мен стачкалық қозғалыс және кәсіптік одақтар туралы мәселені біріктірді. Осы екі пункт бойынша жалпы қарар — «Партия жұмысының сипаты және ұйымдық фор-

малары туралы» қарар шығарылды. Ұйымдық мәселе жөнінде сөйлеген сөзінде Ленин ұйымдық жұмыстың қазіргі кезең ұсынып отырған формаларының өзіндік ерекшелігін көрсетті. Икемді, оралымды, құрамы жағынан шағын партия ұяларын құру, деді Ленин, жария жұмыстың әрбір саласында партия бағытын жүргізуді қамтамасыз етуге тиіс, бүкіл жария жұмысқа партиялылық рухын енгізуге тиіс. Ленин партия ұйымдарының жария жұмыстың барлық түрлерін, ең алдымен Дума фракциясының, кәсіподақтар мен жария жұмысшы қоғамдарының жұмысын шебер пайдалана білудің маңыздылығын атап көрсетті. Лениннің ұйымдық мәселе жөнінде сөйлеген сөзінде айтылған ұсыныстардың бәрі конференция қабылдаған қарарға енді.

Партияның ашаршылықпен күресудегі міндеттері туралы қарарда партия ұйымдары ашаршылықтың патша өкіметінің саясатымен байланысты болып отырғанын шаруаларға түсіндіруге тиіс және бұқараның белсенділігін патша монархиясына қарсы ұйымдасқан күреске бағыттауға тиіс деп көрсетілді.

Конференция 1907 жылы партияның V (Лондон) съезінде қабылданған партияның ұйымдық уставына өзгерістер енгізудің Ленин ұсынған жобасын бекітті. Конференцияда «Социал-Демократ» газеті партияның Орталық Органы болып бекітілді. Ленин Орталық Органның редакциясына сайланды. Конференция «Рабочая Газетаның» партия мен партиялылық үшін күрес ісіндегі сіңірген еңбегін атап көрсетті, жергілікті партия ұйымдарын оған жан-жақты көмек көрсетіп отыруға шақырды және «Рабочая Газетаны» партияның Орталық Комитетінің ресми органы деп жариялады.

Халықаралық социалистік бюро туралы баяндамасында және делегаттардың сұрақтарына берген жауаптарында Ленин Халықаралық социалистік бюроның жұмысын жан-жақты баяндап берді. Ол герман социал-демократиясындағы істердің жайына, революцияшыл социал-демократтар мен реформистер арасындағы күреске ерекше тоқталды. Ленин былай деді: сырт қарағанда біртұтас герман социал-демократиясының ішінде түрлі ағымдар өсіп шығып, олар «сыртқа шығуға ұмтылуда» және реформистер мен революцияшыл социал-демократтар арасында дау-жанжал болуы даусыз деді. Ол Халықаралық социалистік бюродағы неміс делегациясының кейбір мүшелерінің оппортунистік қылықтарын қатты сынады.

Конференция халықаралық мәселелер жөнінде бірсыпыра маңызды қарарлар қабылдады. Ол қытай халқының Азияға бостандық әкелетін және европалық буржуазияның үстемдігін шайқалтатын революциялық күресінің дүние жүзілік маңызын атап көрсетті; патша өкіметі мен ағылшын империализмінің Персия (Иран) жөніндегі зорлықшыл саясатына қарсы наразылық білдірді; орыс патша өкіметі мен контрреволюцияшыл буржуазияға қарсы күресте Россия мен Фин-

ляндия жұмысшылары міндеттерінің бірлігін атап көрсетті. Конференция делегаттары герман социал-демократиясының рейхстаг сайлауында ірі жеңіске жетуіне байланысты оған құттықтау жолдады; конференцияның ұсынысы бойынша оны Ленин жазды. Конференцияның бұл шешімдерінен пролетарлық интернационализм принциптері айқын көрінді.

Прага конференциясында партияның Орталық Комитеті сайланды. Орталық Комитеттің құрамына Ленин, Ф. И. Голощекин, Г. К. Орджоникидзе, С. С. Спандарян және басқалары кірді. Конференция Орталық Комитетке кооптациялау правосын берді. Орталық Комитеттің конференция өтіп жатқан күндері болған бірінші мәжілісінде Орталық Комитет мүшелерінің құрамына И. В. Сталин кооптацияланды. Орталық Комитет мүшелерінен біреу-міреу тұтқынға алына қалатындай болса деп А. С. Бубнов, М. И. Калинин, Е. Д. Стасова, С. Г. Шаумян Орталық Комитеттің мүшелігіне кандидаттар болып бекітілді. Кейінірек Орталық Комитеттің құрамына Г. И. Петровский мен Я. М. Свердлов енгізілді. Россиядағы революциялық жұмысқа басшылық жасау үшін практикалық орталық — Орталық Комитеттің Орыс бюросы құрылды. Ленин РСДРП-ның Халықаралық социалистік бюродағы өкілі болып сайланды.

РСДРП Прага конференциясы большевиктер партиясын, жаңа түрпатты партияны құруда орасан зор роль атқарды. Ол большевиктердің меньшевиктерге қарсы күресінің тұтас бір тарихи кезеңінің қорытындысын шығарды, большевиктердің жеңісін баянды етті. Жойымпаз-меньшевиктер партиядан қуылды. Конференция шешімдерінің негізінде жергілікті жерлердегі партия ұйымдары топтасты. Конференция партияны жалпы россиялық ұйым ретінде нығайтты. Ол партияның революциялық жаңа өрлеу жағдайындағы саяси бағыты мен тактикасын белгілеп берді. Оппортунистерден арылып алған большевиктер партиясы халық бұқарасының революциялық күресінің жаңадан қуатты өрлеуін басқарды. Прага конференциясының халықаралық зор маңызы болды. Ол II Интернационал партияларының революцияшыл элементтеріне оппортунизмге қарсы батыл күрестің үлгісін көрсетті, бұл күресті оппортунистерден ұйымдық жағынан толық қол үзуге дейін жеткізді.— *133.*

[66] Қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», «Қазақстан» баспасы, 1-том, 1971, 371-бет.— *143.*

[67] *Бунд* («Литвадағы, Польшадағы және Россиядағы жалпы еврейлік жұмысшы одағы») 1897 жылы еврей социал-демократиялық топтарының құрылтай съезінде Вильнода ұйымдастырылды; негізінен алғанда Россияның батыс облыстарындағы еврей қолөнершілерінің жартылай пролетарлық

элементтерін біріктірді. РСДРП I съезінде (1898) Бунд «тек еврей пролетариатына арнайы қатысы бар мәселелерде ғана дербес болатын автономиялы ұйым ретінде» РСДРП құрамына енді («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қаулылары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 14-бет).

Бунд Россия жұмысшы қозғалысында ұлтшылдық пен сепаратизмді таратушы болды. 1901 жылғы апрельде Бундтың IV съезі РСДРП-мен арадағы РСДРП I съезі белгілеген ұйымдық қатынастарды өзгерту жөнінде қаулы алды. Бундтың съезі өзінің қарарында: съезд РСДРП-ны ұлттық ұйымдардың федерациялық бірлестігі деп қарайды, сондықтан Бунд оған федерациялық бөлік ретінде кіруге тиісті деп мәлімдеді.

РСДРП II съезінде, Бундтың оны еврей пролетариатының бірден-бір өкілі деп тану жөніндегі талабы съезде қабылданбай қалғаннан кейін, Бунд партиядан шықты. 1906 жылы, партияның IV (Бірігу) съезі шешімінің негізінде Бунд РСДРП құрамына қайтадан енді.

РСДРП ішінде бундшылдар партияның оппортунистік қанатын («экономистерді», меньшевиктерді, жойымпаздарды) үнемі қолдап отырды, большевиктер мен большевизмге қарсы күрес жүргізді. Ұлттардың өзін-өзі билеу правосы туралы большевиктердің программалық талабына Бунд мәдени-ұлттық автономия талабын қарсы қойды. Столыпин реакциясы және революцияның жаңадан өрлеуі жылдарында Бунд жойымпаздық позиция ұстады, антипартиялық Август блогын құруға белсене қатысты. 1914—1918 жылдардағы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде бундшылдар социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылы Бунд буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады, Октябрь социалистік революциясының жауларын жақтап күресті. Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында Бундтың басшылары контрреволюция күштерімен біржолата жымдасып кетті. Мұнымен қатар Бундтың қатардағы мүшелері арасында Совет өкіметімен ынтымақтасу жағына қарай ұмтылған бет бұрыс байқалды. 1921 жылғы мартта Бунд өзін өзі таратты, оның мүшелерінің біразы жалпы негізде РКП(б)-ға қабылданды.— *147*.

[68] *Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы* (ПКмЛСД) — поляк жұмысшы табының революциялық партиясы, 1893 жылы әуелі Польша Корольдігі социал-демократиясы ретінде, ал 1900 жылғы августан бастап, Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиялық ұйымдарының съезінен кейін, осы кезде поляк социал-демократтары мен литван социал-демократтарының бір бөлегі қосылғаннан кейін, Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы (ПКмЛСД) деп атала бастады. Бұл партияның сіңірген еңбегі сол, ол поляк жұмысшы қозғалысын орыс жұмысшы

қозғалысымен одақтасуға бағыттады және ұлтшылдыққа қарсы күресті.

1905—1907 жылдардағы революция дәуірінде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы большевиктік партияның ұрандарына үндес келетін ұрандар үшін күресті, либерал буржуазия жөнінде ымырасыз позиция ұстады. Сонымен қатар Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының бірқатар қателері де болды: ол социалистік революцияның лениндік теориясын түсінбеді, партияның демократиялық революциядағы басшылық ролін ұғынбады, жұмысшы табының одақтасы ретіндегі шаруалардың ролін және ұлт-азаттық қозғалысының маңызын жете бағаламады. В. И. Ленин Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының қате көзқарастарын сынай отырып, сонымен бірге оның Польшадағы революциялық қозғалысқа сіңірген еңбегін де атап көрсетті. Ол поляк социал-демократтары «Польшада бірінші рет таза пролетарлық партия құрды, поляк және орыс жұмысшысының өздерінің таптық күресінде өте тығыз одақ жасауының орасан зор маңызды принципін жариялады» (Шығармалар, 20-том, 448-бет) деп атап көрсетті. 1906 жылы РСДРП IV (Бірігу) съезінде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы территориялық ұйым ретінде РСДРП құрамына қабылданды.

1905—1907 жылдардағы революция жеңілгеннен кейін Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясында ішкі партиялық мәселелер жөнінде алауыздықтар байқалды, 1912 жылдың бас кезінде бұл алауыздықтар поляк социал-демократиясының Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Бас басқармасын жақтаушылар («зажондашылдар» деп аталатындар) болып, бұлар жойымпаздар жөнінде ымырашылдық бағыт ұстады және бір кезде РСДРП-дағы большевиктерге қарсы ағымдарды іс жүзінде қолдады және Варшава мен Лодзь партия ұйымдарына сүйенген топ («розламшылдар» деп аталатындар) болып жіктелуіне әкеліп соқтырды, бұл кейінгі топ большевиктермен байланыс жасап, РСДРП Орталық Комитетінің бағытын қолдады.

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы шетел империалистерін қолдауды жақтап шыққан пилсудскийшілдер мен эндектерге қарсы белсене күрес жүргізді және тұтас алғанда большевиктердің позициясына жақын позиция ұстады. Алайда Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы кейбір қателер де жіберді, центристер мен ымырашылдарға қарсы дәйекті күрес жүргізбеді.

Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Ұлы Октябрь социалистік революциясын құттықтап, Польшада пролетарлық революцияның жеңіп шығуы жолындағы күресті өрістетті. 1918 жылғы декабрьде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы және Поляк социалистік партия-

сы-«солшылдардың» Бірігу съезінде бұл екі партия бірігіп, Польша Коммунистік жұмысшы партиясын құрды.— *147*.

[69] *Эсерлер* (социалист-революционерлер) — Россиядағы ұсақ буржуазиялық партия; әр түрлі халықшылдық топтар мен үйірмелердің («Социалист-революционерлер одағы», Социалист-революционерлер партиясы, тағы басқалар) бірігуі нәтижесінде 1901 жылдың аяғы — 1902 жылдың басында пайда болды. Оның ресми органдары «Революционная Россия» (1900—1905) газеті мен «Вестник Русской Революциии» (1901—1905) журналы болды. Эсерлер пролетариат пен ұсақ меншік иелерінің арасындағы таптық айырмашылықтарды көрмеді, шаруалардың ішіндегі таптық жіктеліс пен қайшылықтарды бүркемеледі, пролетариаттың революциядағы басшылық ролін теріске шығарды. Эсерлердің көзқарастары халықшылдық пен ревизионизм идеяларының эклектикалық қойыртпағы болды; Лениннің сөзімен айтқанда, эсерлер «халықшылдықтың жыртық-тесігін марксизмді сәнге айналған оппортунистік «сынаудың» жамауларымен» бітеуге тырысты (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 308-бет). Эсерлер самодержавиеге қарсы күрестің негізгі әдісі деп уағыздаған жеке террор тактикасы революциялық қозғалысқа үлкен зиян келтірді, бұқараны революциялық күреске ұйымдастыру ісін қиындатты.

Эсерлердің аграрлық программасы жерге жеке меншікті жоюды және жерді қауымдардың қарамағына беруді, «еңбек негізін» және жерді «теңгерме» пайдалануды енгізуді, сондай-ақ кооперацияны дамытуды көздеді. Эсерлер «жерді социализациялау» деп атаған бұл программада шын мәнісінде социалистік ештеңе жоқ еді. Эсерлердің программасын талдай келіп, В. И. Ленин ортақ жерде товар өндірісі мен жеке меншікті шаруашылықтың сақталуы капитал үстемдігін жоймайтындығын, еңбекші шаруаларды қанау мен күйзелістен құтқармайтынын көрсетті; капитализм жағдайында кооперация да ұсақ шаруалар үшін құтқарушы құрал бола алмайды, өйткені ол село буржуазиясын байытуға қызмет етеді. Мұнымен бірге Ленин жерді теңгерме пайдалану талабының социалистік талап болмағанымен, реакциялық помещиктік жер иемденуге қарсы бағытталғандықтан тарихи прогрестік революциялық-демократиялық сипаты болғанын атап көрсетті.

Большевиктер партиясы эсерлердің социалист деген атты бүркемеленбекші болған әрекеттерін әшкереледі, шаруаларға ықпал ету үшін эсерлерге қарсы табанды күрес жүргізді, олардың жеке террор тактикасының жұмысшы қозғалысы үшін зиянды екендігін ашып берді. Сонымен қатар большевиктер патша өкіметіне қарсы күресте белгілі бір жағдайларда эсерлермен уақытша келісімдер жасауға да барды.

Шаруалардың таптық жағынан бір текті болмауы эсерлер партиясында саяси және идеялық тұрақсыздық пен ұйым-

дық жағынан ауа жайылушылықтың орын алуына, олардың либерал буржуазия мен пролетариат арасында үнемі ауытқып отыруына себепші болды. Бірінші орыс революциясы жылдарында-ақ эсерлер партиясынан оң қанаты бөлініп шығып, жария Халықтық-социалистік еңбек партиясын (энестер) құрды, ол өзінің көзқарастары жөнінен кадеттерге жақын болды, ал сол қанаты жартылай анархистік «максималистер» одағы болып қалыптасты. Столыпин реакциясы дәуірінде эсерлер партиясы толық идеялық және ұйымдық құлдырауды басынан кешті. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында эсерлердің көпшілігі социал-шовинизм позициясында болды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясының жеңісінен кейін эсерлер меньшевиктермен және кадеттермен бірге контрреволюциялық буржуазиялық-помещиктік Уақытша үкіметтің басты тірегі болды, ал партияның лидерлері (Керенский, Авксентьев, Чернов) оның құрамына кірді. Эсерлер партиясы шаруалардың помещиктік жер иемденуді жою жөніндегі талабын қолдаудан бас тартты, жерге помещиктік меншікті сақтауды жақтады; Уақытша үкіметтің эсер министрлері помещик жерлерін басып алып жатқан шаруаларға қарсы жазалаушы отрядтар жіберіп отырды.

1917 жылғы ноябрьдің аяқ кезінде эсерлердің сол қанаты солшыл эсерлердің дербес партиясын құрды. Шаруалар бұқарасының арасында өз ықпалын сақтап қалуға тырысып, солшыл эсерлер формальды түрде Совет өкіметін мойындады және большевиктермен келісімге келді, бірақ көп кешікпей Совет өкіметіне қарсы күрес жолына түсті.

Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында эсерлер контрреволюциялық бүлдіру жұмысын жүргізіп, интервенттер мен ақ гвардияшылдарды белсене қолдады, контрреволюциялық заговорларға қатысты, Совет мемлекеті мен Коммунистік партияның қайраткерлеріне қарсы террорлық қастандықтар ұйымдастырды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін эсерлер елдің ішінде және ақ гвардиялық эмиграция қосынында Совет мемлекетіне қарсы дұшпандық әрекеттерін онан әрі жүргізе берді.— *153.*

70 Бұл арада әңгіме «Социал-Демократ» газеті туралы болып отыр (6-ескертуді қараңыз).— *167.*

71 Бұл арада әңгіме *РСДРП Шетелдік ұйымының комитетін* (ШҰК) бекіту туралы болып отыр, ол 1911 жылғы декабрьде шетелдегі большевиктік топтардың Париждегі кеңесінде сайланған болатын. Бұл кеңес РСДРП Шетелдік ұйымын «жойымпаз-голосшылдармен тікелей немесе жанамалай келісім жасасудың қандайынан болса да бас тарту негізінде», «шын мәнісінде партиялық бағыт жүргізу негізінде» құру жөнінде қаулы етті. Кеңестің қарарында былай деп көрсетілді:

«РСДРП Шетелдік ұйымын құра отырып және осы ұйымның комитетін сайлай отырып, кеңес жергілікті жерлердің бәрінде осы Шетелдік ұйымның бөлімдері құрылсын деп қаулы етеді және Россиялық ұйымдастыру комиссиясын, Орталық Орган мен «Рабочая Газетаны» қолдауға келісетін партияшылдардың бәрін осы бөлімдерге тарту қажет деп есептейді» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 347—348-беттер). Кеңес сайлаған Шетелдік ұйым комитетіне Н. А. Семашко, М. Ф. Владимирский, Инесса Арманд және басқалары кірді. Шетелдік ұйым комитетінің жұмысы В. И. Лениннің басшылығымен жүргізілді.

РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясы Шетелдік ұйым комитетін бекіте отырып, барлық шетелдік антипартиялық топтардың іс-әрекетін айыптады және шетелде жұмысты Орталық Комитеттің бақылауымен және басшылығымен жүргізетін біртұтас партия ұйымының болуын сөзсіз қажет деп тапты.

Шетелдік ұйым комитеті партия күштерін топтастыруда, жойымпаз-меньшевиктерге, ымырашылдарға, троцкистерге және басқа да оппортунистерге қарсы күресте маңызды роль атқарды. Шетелдік ұйым комитеті Россиядағы маңызды-маңызды оқиғалардың бәріне, партиялық жұмысқа және орыс революциялық қозғалысына басшылық ету жөніндегі шараларға үн қосып отырды, сондай-ақ Орталық Комитеттің шетелде партиялық әдебиет шығаруына көмектесті.

1912 жылғы июльде Ленин Швейцария жұмысшыларына былай деп жазды: Бүкіл россиялық партия конференциясы «1912 жылғы январьдағы арнаулы қарарда *шетелдік жеке орыс топтары үшін жауапты болушылық атаулының бәрін өз мойнынан алды»,* «біздің партияның Орталық Комитеті *осы уақытқа дейін* шетелдегі тек *бір ғана* орыс социал-демократиялық ұйымын — атап айтқанда *Шетелдік ұйымдар комитетін* және *оның Цюрихтік секциясын бекітті»* (Шығармалар, 18-том, 244-бет).

Шетелдік ұйым комитеті 1917 жылы өз қызметін тоқтатты.—*170.*

[72] Герман рейхстагына сайлау науқаны 1912 жылғы январьда герман социал-демократиясының зор жеңісімен аяқталды. Ол рейхстагқа 110 социал-демократты өткізе алды, бұларды жақтап $4^1/_2$ миллион дауыс берілді.

РСДРП атынан герман социал-демократиясына жолданған құттықтау «Vorwärts» газетінің 1912 жылғы 27 январьдағы 22-номерінде басылды.— *171.*

[73] *«Живое Дело»* («Нақты іс») — жойымпаз-меньшевиктердің әрапталық жария газеті; 1912 жылғы 20 январьдан (2 февральдан) 28 апрельге (11 майға) дейін Петербургте шығып

тұрды. 16 номері шықты. Газетке Л. Мартов, Ф. Дан, П. Аксельрод және басқалары қатысып тұрды. В. И. Ленин «Живое Делоны» «либералдық жұмысшы саясатының органы» деп бағалады.— *173.*

Мемлекеттік думаның сайлауы туралы ереже бойынша қайта дауысқа қоюы бар төте сайлау болатын бес үлкен қаланың қатарына Петербург, Москва, Рига, Киев пен Одесса кірді.— *176.*

[75] *«Голос Земли»* («Жер Үні») — либерал-буржуазиялық бағыттағы күнделікті газет; 1912 жылғы 10 (23) январьдан 10 (23) мартқа дейін Петербургте шығып тұрды.

«Русское Слово» («Орыс Сөзі») — күнделікті газет; 1895 жылдан Москвада шығып тұрды (бірінші, сынақ номері 1894 ж. шықты); И. Д. Сытин шығарды. Формальдық жағынан бейпартиялық болған газет орыс буржуазиясының мүдделерін баяу либералдық позициялардан қорғады. Газетке информация кең көлемде беріліп тұрды. Бұл—елдегі барлық ірі қалаларға және дүние жүзі астаналарының көбіне өз тілшілерін жіберген Россиядағы тұңғыш газет болды.

1917 жылғы ноябрьде антисоветтік жалақорлық хабарлар басқаны үшін газет жабылды. 1918 жылғы январьдан бастап газет біраз уақыт бойы «Новое Слово» және «Наше Слово» деген аттармен шықты, 1918 жылгы июльде газет біржола жабылды.

«Киевская Мысль» («Киев Ойы») — буржуазиялық-демократиялық бағыттағы күнделікті газет; 1906 жылдан 1918 жылға дейін Киевте шығып тұрды. 1915 жылға дейін газет әрапталық суретті қосымшаларымен бірге шығып келді; 1917 жылдан — ертеңгі және кешкі басылымдарымен бірге шығып тұрды.— *178.*

[76] *«Возрождение»* («Жаңару») — жойымпаз-меньшевиктердің жария журналы; 1908 жылғы декабрьден 1910 жылғы июльге дейін әуелі айына бір рет, ал 1910 жылдан бастап — айына екі рет Москвада шығып тұрды. Журналға Ф. Дан, Л. Мартов, А. Мартынов және басқалары қатысты.— *181.*

[77] *«Русская Мысль»* («Орыс Ой-пікірі») — ай сайын шығып тұрған әдеби-саяси журнал; 1880 жылдан 1918 жылға дейін Москвада шығып тұрды; 1905 жылға дейін—либерал-халықшылдық бағытта болды (1885 жылға дейінгі редакторы В. М. Лавров). 90-жылдары өз беттерінде кей-кейде марксистердің мақалаларын басып жүрді. Бұл кезде «Русская Мысльде» прогресшіл жазушылар: А. М. Горький, В. Г. Короленко, Д. Н. Мамин-Сибиряк, Г. И. Успенский, А. П. Чехов және басқалары өз шығармаларын бастырып тұрды. 1905 жылғы революциядан кейін — кадет партиясының оң қанатының органы; П. Б. Струвенің редакциялауымен шығып тұрды.

Журнал ұлтшылдықты, «вехишілдікті», попшылдықты уағыздады, помещиктік меншікті қорғады.— *181.*

[78] М. Е. Салтыков-Щедриннің шығармаларындағы кейіпкерлер. Орнынан түскен елкезбе әкім *Твердоонто,*— «Шетелде» деген очерктер сериясынан. *Угрюм-Бурчеев* — қала бастығының сатиралық образы; М. Е. Салтыков-Щедрин «Бір қаланың тарихы» деген шығармасында жасаған бұл образ реакционерлердің, топас, өресі төмен сановниктердің жек көрінішті бейнесіне айналды.— *190.*

[79] *Халықаралық социалистік бюро* (ХСБ) — II Интернационалдың тұрақты атқарушы-информациялық органы; барлық елдердің социалистік партияларының өкілдерінен Халықаралық социалистік бюро құру туралы шешім II Интернационалдың Париж конгресінде (1900 жылғы сентябрь) қабылданған болатын. Орыс социал-демократтарының Халықаралық социалистік бюродағы өкілдері болып Г. В. Плеханов пен Б. Н. Кричевский сайланды. 1905 жылдан РСДРП-дан өкіл ретінде Халықаралық социалистік бюроға В. И. Ленин кірді. 1912 жылы Бүкіл россиялық VI (Прага) партия конференциясы В. И. Ленинді РСДРП-ның Халықаралық социалистік бюродағы өкілі етіп қайтадан сайлады.

Лениннің Халықаралық социалистік бюроға Бүкіл россиялық конференцияның болып өткенін ресми хабарлау ретіндегі баяндамасын Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисманс 1912 жылғы 18 мартта (жаңаша) барлық социалистік партияларға жіберді. Хабар Халықаралық социалистік бюроның № 4 нұсқау-хатымен социалистік партияларға олардың өз баспасөз органдарында жариялауын өтініп жіберілді. Бұл хабар Бельгия жұмысшы партиясының орталық органы «Le Peuple»-де («Халық») 1912 жылғы 23 мартта, герман социал-демократиясының орталық органы «Vorwärts»-тің («Алға») 72-номерінде, 1912 жылғы 26 мартта (№ 1 Қосымша) жарияланды. «Vorwärts» газеті конференция туралы хабарды Троцкийдің жалақорлық түсініктемелерімен қоса жариялады (бұл жөнінде Лениннің ««Vorwärts»-тегі аноним және РСДРП ішіндегі істердің жайы» деген мақаласын қараңыз — осы том, 222—237-беттер).— *192.*

[80] *«РСДРП-ның сайлау платформасын»* В. И. Ленин 1912 жылғы марттың басында Парижде жазды. Платформаның негізіне РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясының шешімдері алынды. Сайлау платформасын Орталық Комитет бекітіп, Россияда (Тифлисте) Орталық Комитеттің атынан жеке листовка болып шығарылды. Листовка 18 пунктке, соның ішінде ірі-ірі пролетарлық орталықтарға жеткізілді. Листовкадан көшіріліп, Россияда басып шығарылған сайлау платформасы «Социал-Демократ» газетінің 26-номеріне қосымша түрінде жарияланды. Сайлау платформасы револю-

ция үшін күреске шақырған айбынды программалық документ болды. Ленин партияның сайлау платформасына айрықша маңыз беріп, жойымпаздардың «сайлау үшін» жария, оппортунистік платформа ұсынуға тырысқан әрекеттерін әшкереледі. Бұл жөнінде Лениннің «IV Думаның сайлауы қарсаңында», «Реформистердің платформасы және революцияшыл социал-демократтардың платформасы» деген мақалаларын қараңыз (Шығармалар, 18-том, 235—240, 385—394-беттер).

«РСДРП-ның сайлау платформасы» атты листовканың көшірілген данасын «Звезда» газетінің редакциясына жолдай отырып, Ленин оған мынадай қосымша сөздер жазып жіберді: «Осы платформа *жұрттың бәрін,* әсіресе платформаны *жазушыларды тек хабардар ету* үшін жіберіліп отыр. Орталық Комитет бекітіп, басып шығарған платформа *барда* (Россияда бұл туралы листок *қазірдің өзінде шықты,* бірақ бізде *бір ғана* данасы бар, біз оны жібере алмаймыз; сондықтан оны көшіріп, көшірмесін жіберіп отырмыз) платформалар *жазуды қоятын* уақыт жетті» (Шығармалар, 17-том, 503-бет).— *195.*

[81] Бұл арада патша үкіметінің 1906 жылғы 4 (17) марттағы екі указы — қоғамдар мен одақтар туралы және жиналыстар туралы уақытша ережелер айтылып отыр. Указдар бойынша қоғамдар, одақтар құруға және жиналыстар шақыруға рұқсат етілді, бірақ сонымен бірге указдарды іс жүзінде жоққа сайған бірқатар кедергілер қойылды. Ішкі істер министріне өз қалауы бойынша қоғамдар мен одақтарды жауып қана қоймай, сонымен бірге жаңаларын тіркемей қоюға да право берілді.— *198.*

[82] Жойымпаздарға қарсы бағытталған *«Картаңды аш»* деген мақаланы Ленин 1912 жылғы мартта IV Мемлекеттік думаның сайлау науқанында партияның ұстайтын тактикасы туралы мәселелерге байланысты Парижде жазды. Мақала большевиктік «Звезда» газетіне арналып жазылған еді, бірақ ол кезде басылмады. Мақалаға қоса газет редакциясына арналып, «Postscriptum» деп белгі соғылған хат жазылды. Мақаланың мазмұнына тікелей байланысы жоқ болғандықтан, бұл хат В. И. Ленин хаттарының тиісті томына енеді.— *205.*

[83] Монако князьдігі — Жерорта теңізінің жағалауындағы, Франциямен шекаралас жатқан кішкене мемлекет; негізінен алғанда Монте-Карло қаласындағы ойын-сауық үйінен түсетін табыспен күн көреді. *«Монако князьдігінің тілі»* деген сөз тіркесі — қызба ойыншылардың тілі деген сөз.— *205.*

[84] *«Жизнь»* («Өмір») — жария қоғамдық-саяси журнал, жойымпаз-меньшевиктердің органы, 1910 жылғы август пен сентябрьде Москвада шығып тұрды. Барлығы 2 номері шықты.— *206.*

[85] 1912 жылғы февральда III Мемлекеттік думаға Иркутск губерниясынан депутат жойымпаз-меньшевик Т. О. Белоусов Думадағы социал-демократиялық фракцияға фракцияның құрамынан шығатыны туралы арыз берді. Социал-демократиялық фракция Белоусовтың өз депутаттық уәкілдіктерінен дереу босауын бір ауыздан жақтады. Фракцияның шешімі 1912 жылғы 23 февральда «Звезда» газетінің 12-номерінде басылды. Белоусов екі күн өткеннен кейін «Речь» газетіне хат жазып, фракциядан өзінің кетіп қалғанын ақтауға тырысып, фракцияның ісі-әрекетіне тиісті; бұл хатты «Живое Дело» газеті көшіріп басты. Белоусовтың Думадан кетуі туралы мәселе 1912 жылғы 29 февральда (13 мартта) Иркутск биржа комитетінің мәжілісінде талқыланды. Сауда мен өнеркәсіп өкілдері Белоусовтан Мемлекеттік думаның мүшесі деген атақтан бас тартпауды өтінді. Белоусов «қолдап, сенім көрсеткені үшін» комитетке алғыс айтты. Ленин өз мақаласын жазған кезде Белоусовтың Иркутск биржа комитетімен жазысқан хаты оған белгісіз болатын. «Звезданың» редакциясы Лениннің мақаласын баса отырып, оқушыларға әлгі жазысқан хаттың мазмұнын хабарлады.

«Звездада» Лениннің мақаласы шыққаннан кейін Белоусов фракцияға жаңа арыз жазып, революциялық социал-демократияның атына айтпаған жаман сөзі қалмады.— *210.*

[86] В. И. Ленин *««Vorwärts»-тегі аноним және РСДРП* ішіндегі істердің *жайы»* («Der Anonymus aus dem «Vorwärts» und die Sachlage in der sozialdemokratischen Arbeiterpartei Rußlands») деген кітапшаны 1912 жылғы мартта жазды; бұл кітапша Троцкийдің «Vorwärts» газетінде (герман социал-демократиясының орталық органында) Прага партия конференциясы мен оның шешімдеріне қарсы аты-жөнін айтпай жалақорлықпен жазған мақаласына жауап болып табылады. «Vorwärts»-тегі неміс оппортунистері Троцкийдің жаласына Лениннің қайтарған жауабын басудан бас тартты. Прага конференциясының маңызы туралы неміс жұмысшыларын дұрыс хабардар ету үшін «Социал-Демократтың» редакциясы Лениннің жауабын неміс тілінде басты да, жеке кітапша етіп шығарды. Кітапша 600 адреске—неміс социал-демократиялық басылымдарының редакцияларына, жергілікті комитеттерге, кітапханаларға жіберілді. Троцкийдің «Vorwärts»-тегі мақаласын сипаттай келіп, Ленин былай деп жазды: ««Vorwärts»-тің аноним хабарлаушысының мақалаларынан ибасыз мақтаншақтықтың және сылдыр сөзді суайттықтың иісі аңқып тұрғандығы сонша, жойымпаздардың бұл мақалаларға берген заказының тәжірибелі адамның қолына түскендігіне күмән қалдырмайды» (осы том, 280-бет).

Лениннің еңбегі Прага конференциясының шешімдерін қорғауда және Троцкийдің конференцияға қарсы жалаларын әшкерелеуде үлкен роль атқарды.— *223.*

[87] *«Vorwärts»* («Алға») — күнделікті газет, Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы; бұл газет 1884 жылдан бері шығып келген «Berliner Volksblatt» («Берлин Халық Газеті») газетінің жалғасы ретінде партияның Галледе болған съезінің қаулысы бойынша «Vorwärts. Berliner Volksblatt» деген атпен 1891 жылдан Берлинде шығып тұрды. Газет беттерінде Ф. Энгельс оппортунизм көріністері атаулыға қарсы күрес жүргізді. 90-жылдардың екінші жартысынан былай қарай, Энгельс қайтыс болғаннан кейін, «Vorwärts»-тің редакциясы партияның оң қанатының қолына түсіп, оппортунистердің мақалаларын үнемі басып отырды. РСДРП-дағы оппортунизм мен ревизионизмге қарсы күресті әдейі бұрмалап бейнелей отырып, «Vorwärts», «экономистерді», ал партия жікке бөлінгеннен кейін — меньшевиктерді қолдап отырды. Реакция жылдарында «Vorwärts» Троцкийдің жалақорлық мақалаларын басты, Лениннің, большевиктердің теріске шығарған жауаптар беруіне және партия ішіндегі істің жайын объективтік тұрғыдан бағалауына мүмкіндік бермеді. Бірінші дүние жүзілік соғыс дәуірінде «Vorwärts» социал-шовинизм позициясында болды; Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік насихат жүргізді. 1933 жылға дейін Берлинде шығып тұрды.— *225.*

[88] Бұл арада Бундтың Шетелдік комитеті, «Вперед» тобы, «Голос Социал-Демократа», Троцкийдің веналық «Правдасы», партияшыл-меньшевиктер, ымырашылдар өкілдерінің 1912 жылғы 12 мартта (жаңаша) Парижде болған кеңесінде қабылданған антипартиялық, жалақорлық қарар айтылып отыр. Қарар РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясына және оның шешімдеріне қарсы бағытталған еді. Кеңес бұл қарарды Халықаралық социалистік бюроға, герман, француз және Австрия социалистік партияларының Орталық Комитеттері мен орталық органдарына, сондай-ақ «сақтаушыларға» хабарлауға қаулы етті. Жеке листок болып шығарылған қарар веналық «Правдада» және Бундтың «Информационный Листогының» 4-номерінде басылды. Бұл қарар жөнінде Ленин РСДРП Орталық Комитетінің Халықаралық социалистік бюродағы өкілі ретінде ресми наразылық мәлімдеме және Халықаралық социалистік бюроның секретары Гюисмансқа хат жазды (қараңыз осы том, 238—242-беттер және Шығармалар, 35-том, 9—10-беттер).— *225.*

[89] *«Дневник Социал-Демократа»* («Социал-Демократ Күнделігі») — 1905 жылғы марттан 1912 жылғы апрельге дейін (ұзақ үзілістермен) Женевада Г. В. Плеханов шығарып тұрған мерзімді емес орган. 16 номері шықты. Ол 1916 жылы Петроградта қайтадан шығарыла бастады, бірақ не бары бір номері шықты.

Алғашқы сегіз номерінде (1905—1906) Плеханов әсіре оңшыл меньшевиктік, оппортунистік көзқарастарды уағызда-

ды, социал-демократияның либерал буржуазиямен блогын қорғап, пролетариаттың шаруалармен одағын теріске шығарды, декабрь қарулы көтерілісін сөкті.

1909—1912 жылдары «Дневник Социал-Демократаның» 9—16-номерлерінде Плеханов жойымпаз-меньшевиктерге қарсы шығып, құпия партия ұйымдарының болуын қорғады. Алайда тактиканың негізгі мәселелері жөнінде ол меньшевиктік позицияларда қала берді. «Дневник Социал-Демократаның» 1916 жылы шыққан 1-номерінде Г. В. Плехановтың социал-шовинистік көзқарастары айқын көрінді.— *225.*

[90] *«Sozialistische Monatshefte»* («Социалистік Әрайлық») — журнал, неміс оппортунистерінің басты органы және халықаралық ревизионизм органдарының бірі. 1897 жылдан 1933 жылға дейін Берлинде шығып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) социал-шовинистік позиция ұстады.— *228.*

[91] *Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы* 1904 жылғы июньде партияның I съезінде құрылды. Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясының 1905 жылғы июньде болған II съезінде партияның программасы қабылданды.

IV (Бірігу) съезінде (1906) территориялық ұйым ретінде РСДРП-ның құрамына кірді. Съезден кейін Латыш өлкесінің социал-демократиясы деп атала бастады. Революциялық жаңа өрлеу жылдарында латыш социал-демократиясының Орталық Комитеті жойымпаздар жөнінде ымырашылдық позиция ұстады, оның өкілі 1912 жылғы антипартиялық август конференциясына қатысты.— *228.*

[92] Бұл арада әңгіме РСДРП Бесінші (1908 ж. Жалпы россиялық) конференциясының «Жергілікті жерлердегі ұлттың ұйымдарды біріктіру туралы» қарары жайында болып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», «Қазақстан» баспасы, 1971, 1-том, 278-бет).— *229.*

[93] *Социалистерге қарсы ерекше заңды* Бисмарк үкіметі Германияда 1878 жылы жұмысшы және социалистік қозғалысқа қарсы күресу үшін енгізген болатын. Бұл заң бойынша социал-демократиялық партияның барлық ұйымдарына, бұқаралық жұмысшы ұйымдарына, жұмысшы баспасөзіне тыйым салынды; социалистік әдебиет конфискеленді; социал-демократтар қудаланып, жер аударылды. Алайда қуғын-сүргінге салу социал-демократиялық партияның сағын сындыра алмады; партияның қызметі астыртын өмір сүру жағдайына бейімделіп қайта құрылды: шетелде партияның орталық органы — «Социал-Демократ» газеті шығарылып, партия съездері мерзімінде (1880, 1883 және 1887) шақырылып тұрды;

Германияда, астыртын жағдайда, социал-демократиялық ұйымдар мен топтар жедел түрде қайта құрыла берді; бұларды астыртын Орталық Комитет басқарды. Сонымен бірге партия бұқарамен байланысты нығайту үшін жария мүмкіндіктерді де кеңінен пайдаланды, оның ықпалы үздіксіз өсе берді: рейхстаг сайлауында социал-демократтарды жақтап берілген дауыстар 1878 жылдан 1890 жылға дейін үш еседен астам өсті. К. Маркс пен Ф. Энгельс неміс социал-демократтарына орасан зор көмек көрсетті. 1890 жылы барған сайын күшейе түскен бұқаралық жұмысшы қозғалысының тегеурінімен социалистерге қарсы ерекше заң жойылды.— *231.*

[94] *«Просвещение»* («Ағарту») — ай сайын шығатын большевиктік теориялық жария журнал; 1911 жылғы декабрьден 1914 жылғы июньге дейін Петербургте шығып тұрды. Журнал Москвада шығып тұрған большевиктік «Мысль» журналын патша үкіметі жауып тастағаннан кейін соның орнына В. И. Лениннің инициативасы бойынша құрылды. Журналға В. В. Воровский, А. И. Ульянова-Елизарова, Н. К. Крупская, В. М. Молотов, М. С. Ольминский, И. В. Сталин, М. А. Савельев қатысып отырды. Ленин «Просвещениенің» беллетристика бөліміне басшылық ету үшін А. М. Горькийді тартты. Журналдың тиражы 5 мың данаға жетті. Ленин Парижде, онан соң Краков пен Поронинода жүріп «Просвещениеге» басшылық етті, мақалаларды редакциялады, редакция коллегиясының мүшелерімен үнемі хат жазысып отырды. Журналда Лениннің «Сайлау науқанының принципті мәселелері», «Марксизмнің үш негізі және құрамдас үш бөлімі», «Ұлт мәселесі жөніндегі сын заметкалар», «Ұлттардың өзін-өзі билеу правосы туралы», «Бірлік жөніндегі байбаламды бүркеніп, бірлікті бұзушылық туралы», «Буржуазиялық интеллигенцияның жұмысшыларға қарсы күресінің тәсілдері» атты және басқа бірқатар еңбектері жарияланды.

Журнал оппортунистерді — жойымпаздарды, шақырымпаздарды, троцкистерді, сондай-ақ буржуазияшыл ұлтшылдарды әшкереледі, жұмысшы табының жаңа революциялық өрлеу жағдайындағы күресін баяндап жазып отырды, IV Мемлекеттік думаның сайлау науқанындағы большевиктік ұрандарды насихаттады; журнал II Интернационал партияларындағы ревизионизм мен центризмге қарсы шықты, халықаралық жұмысшы қозғалысына шолу жасап отырды. Журнал Россияның алдыңғы қатарлы жұмысшыларына маркстік интернационалистік тәрбие беруде аса көрнекті роль атқарды.

Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында «Просвещение» журналын патша үкіметі жауып тастады. 1917 жылдың күзінде журнал қайтадан шыға бастады, бірақ бір ғана (қос) номері шықты, онда Лениннің «Большевиктер мемлекеттік өкіметті ұстап тұра ала ма?» және «Партия программасын қайта қарау жөнінде» деген еңбектері басылды.— *235.*

[95] *Копенгагендегі Халықаралық социалистік конгресс* (II Интернационалдың VIII конгресі) 1910 жылғы 28 августан 3 сентябрьге дейін болып өтті. Конгреске 896 делегат қатысты; олар Европа, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Оңтүстік Африка және Австралия елдерінен өкіл болып келді. Австрия, Англия, Германия және Франциямен бірдей дәрежеде Россияның конгресте 20 дауысы болды: соның ішінде социал-демократтардың 10 дауысы (литван және армян социал-демократтарын қосқанда), эсерлердің 7 дауысы, кәсіподақтардың 3 дауысы болды. Конгресте РСДРП атынан В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, А. М. Коллонтай, А. В. Луначарский және басқалары болды. Жекелеген мәселелерді алдын ала талқылап, қарарлар әзірлеу үшін бес комиссия құрылды; олар: кооперативтік комиссия; кәсіподақтар, халықаралық ынтымақтастық туралы және Австриядағы кәсіподақтар қозғалысының бірлігі туралы; соғысқа қарсы күресу туралы; жұмысшылар туралы заң және жұмыссыздық туралы мәселе; түрлі қарарлар әзірлеу жөніндегі, соның ішінде социалистік бірлік туралы, өлім жазасы туралы, Финляндия, Аргентина, Персия, т. т. туралы қарарлар әзірлеу жөніндегі комиссиялар.

Ленин конгрестің негізгі комиссияларының бірі — кооперативтік комиссияға енді. Комиссияның жұмысы туралы және пролетариаттың революциялық күресінде кооперативтердің атқаратын ролі мен міндеттері туралы мәселе жөнінде конгресте өріс алған күрес туралы және кооперативтер мен социалистік партиялардың арасындағы қарым-қатынастар туралы қарар қабылданды; Ленин бұл қарарда «пролетарлық кооперативтердің міндеттерін негізінен алғанда Интернационалдың дұрыс анықтағанын» (Шығармалар толық жинағы, 19-том, 385-бет) атап көрсетті.

Соғысқа қарсы күресу туралы мәселе жөніндегі «Аралық соттар және қарусыздану» атты қарарда конгресс Штутгарт конгресінің (1907) «Милитаризм және халықаралық жанжалдар» атты қарарын қостады; бұл қарарға В. И. Ленин мен Р. Люксембург ұсынып, барлық елдердің социалистерінен соғыс тудырған экономикалық және саяси дағдарысты буржуазияны құлату үшін пайдалануды талап еткен түзету енген болатын. Копенгаген конгресінің қарары сондай-ақ социалистік партияларды және олардың парламенттердегі өкілдерін өз үкіметтерінен қару-жарақты азайтуды, мемлекеттер арасындағы жанжалдарды аралық сот арқылы шешуді талап етуге міндеттеді, барлық елдердің жұмысшыларын соғыс қаупіне қарсы наразылықтар ұйымдастыруға шақырды.

Халықаралық майданда революцияшыл марксистерді топтастыру мақсатымен Ленин конгресс кезінде оған қатысқан солшыл социал-демократтармен кеңес өткізді. «Европалық соғыс және европалық социализм» деген кітапшаның (кітапша жазылмады) жоспарында Ленин кеңеске қатысушыларды тізіп шыққан: Франциядан Ж. Гед пен Ш. Раппопорт;

Бельгиядан — де-Брукер; Германиядан — Р. Люксембург пен Э. Вурм; Польшадан — Ю. Мархлевский (Карский); Испаниядан — П. Иглесиас; Австриядан — А. Браун; Россиядан — В. И. Ленин, Г. В. Плеханов және басқалары қатысты (Лениннің XIV жинағы, 22-бет).— *236.*

[96] В. И. Лениннің хатын Халықаралық социалистік бюро 1912 жылғы 12 апрельде (жаңаша) 7-номерлі нұсқау-хатында баспасөзде жариялауды ұсынып, барлық социалистік партияларға жіберді.— *238.*

[97] *1905 жылғы 11 (24) декабрьдегі кадеттік сайлау заңы* — I Мемлекеттік думаның сайлауы жөніндегі сайлау заңы; бұл заңды патша үкіметі Москва қарулы көтерілісі қызып тұрған кезде шығарған болатын; заң сайлау праволары ұлғайтылды деген желеу ғана туғызды.

«Кеңесші» Булыгин думасы туралы ережеден өзгеше, жаңа заң «заң шығарушы» Дума құруды көздеді. Бұрын белгіленген курияларға—жер иеленушілер (помещиктер), қалалық (буржуазия) және шаруалар курияларына—жұмысшы куриясы қосылды және қалалық куриядан сайланатын сайламшылардың жалпы санын сақтай отырып, қалалық сайлаушылардың құрамы біраз ұлғайды. Сайлау жалпыға бірдей сайлау болмады. Әйелдер, ұсақ кәсіпорындардағы 2 миллионнан астам жұмысшы-еркектер, көшпелі халықтар, әскери қызметшілер, 25 жасқа дейінгі жастар дауыс беру правосынан айырылды. Сайлау тең сайлау болмады: жер иеленушілер куриясының 2 мың сайлаушысына, қалалық курияның 7 мың, шаруа куриясының 30 мың, жұмысшы куриясының 90 мың сайлаушысына 1 сайламшыдан келді, яғни помещиктің 1 дауысы қалалық буржуазияның 3 дауысына, шаруалардың 15 дауысына және жұмысшылардың 45 дауысына теңестірілді. Жұмысшы куриясынан баратын сайламшылар Мемлекеттік думадағы барлық сайламшылардың не бары 4 проценті ғана болды. Сайлау правосы фабрика-завод кәсіпорындары мен кен өнеркәсібінде істейтін жұмысшыларға ғана берілді. Жұмысшы куриясы бойынша сайлауға кемінде 50 жұмысшысы бар кәсіпорындардың жұмысшылары жіберілді. 50-ден 1000-ға дейін жұмысшысы бар кәсіпорындар бір уәкіл жіберетін болды. Ірі кәсіпорындар әрбір мың адамнан бір уәкіл жіберді. Сайлау төте болмай, көп сатылы болды. Жұмысшылар үшін үш сатылы, ал шаруалар үшін төрт сатылы сайлау жүйесі белгіленді. Іс жүзінде сайлау жасырын сайлау болмады.

1905 жылғы 11 (24) декабрьдегі сайлау заңын Ленин «халық өкілдігін мейлінше дөрекі түрде боямалау» (Шығармалар толық жинағы, 12-том, 212-бет) деп санады, өйткені сайлау заңы Думада помещиктер мен капиталистердің орасан басым болуын қамтамасыз етті.— *264.*

[98] *«Запросы Жизни»* («Өмір Тілектері») — апталық журнал; 1909—1912 жылдары Петербургте шығып тұрды. Журналға кадеттер, «халықтық социалистер» мен жойымпаз-меньшевиктер қатысты. Ленин бұл журналды «жойымпаздық-трудовиктік-вехишілдік» журнал деп атады.— *268*.

[99] Бұл арада Сибирьдегі Лена алтын кендерінде 1912 жылғы 4 (17) апрельде қарусыз жұмысшыларды атып қыру айтылып отыр.

Бұл кен орындарының қожайындары ағылшын капиталистері, ал олардың сыбайластары — орыс капиталистері, патша әулетінің мүшелері мен патша сановниктері болған еді. Кен орындарының иелері жыл сайын 7 миллион сомға жеткізіп пайда тауып отырды. Меңіреу тайгада, Сибирь темір жолынан 2 мың километр дерлік шалғайда жатып капиталистер мен олардың қол шоқпарлары ерекше озбырлық жасады: жұмысшылардың каторгалық еңбегіне мейлінше мардымсыз ақы төледі, шіріп кеткен тағамдар берді, олардың әйелдері мен балаларын қорлады. Қыспақ пен қорлыққа шыдай алмаған Лена кен орындарының жұмысшылары 1912 жылғы марттың бас кезінде ереуіл жасады. Кен орындарында 1911 жылдың күзінде қалыптасқан большевиктік топ ереуілге басшылық етті. 1912 жылғы 4 (17) мартта Орталық ереуіл комитеті сайланып, онда большевиктер басшылық орын алды. Әкімшіліктің алдына қойылатын талаптар программасы талдап жасалды: 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу, жалақыны 10—30 процент арттыру, айыптарды жою, медициналық жәрдем ұйымдастыру, азық-түлікпен жабдықтауды және пәтер үй жағдайын жақсарту және басқалар. Лена алтын өнеркәсібі серіктігінің (Лензото) басқармасы бұл талаптарды қабылдамай тастап, ереуілге шыққан жұмысшыларды жұмыстан қууды, оларға қарызға азық-түлік беруді тоқтатуды және оларды кен орындарының казармаларынан шығарып тастауды ұйғарды, мұның өзі жұмысшылар мен олардың семьяларын аштан өлуге душар ететін еді. Жұмысшылар полицияның жұртты далаға шығарып тастауына жол бермеді. Ереуіл жасаушылар табандылық көрсетіп, арандатуға ермей, қорқытып-үркітуден сескенбеді. Ереуіл бейбіт әрі ұйымдасқан сипатта болды.

Қоғамның ықпалды ағылшын және орыс акционерлерінің талап етуі бойынша патшалық өкімет орындары Россияның жұмысшыларын қорқытып алмақ болып, ереуіл жасаушыларды қарудың күшімен жазалауды ұйғарды. Апрельдің 3-нен 4-не (16-нан 17-не) қараған түні полиция департаментінің бұйрығы бойынша Орталық ереуіл комитеті мүшелерінің біразы тұтқынға алынды. Бұған жауап ретінде 4 (17) апрельде 3 мыңға тарта жұмысшылар прокурор тұратын Надеждинск кен орнына қарай ағылып, өкімет орындарының заңсыз әрекеттері жөнінде шағым және қамауға алынғандарды босатуды сұрап арыз бермек болды. Жандарм ротмистрі

Трещенковтың бұйрығы бойынша солдаттар жұмысшыларға оқ жаудырды. 270 адам өліп, 250 адам жараланды.

Ленадағы қанды қырғын туралы хабар Россияның жұмысшы табын сілтідей тұндырды. Бүкіл елде көше демонстрациялары, митингілер мен наразылық білдіру ереуілдері болып жатты. Думадағы социал-демократиялық фракция Ленадағы қырғын жөнінде патша үкіметіне сұрақ түсірді. Патша министрі Макаровтың бұл сұраққа: «Солай болды, алдағы уақытта да солай бола береді!» — деген арсыз жауабы жұмысшылардың ашу-ызасын күшейте түсті. Лена қырғынына қарсы наразылық білдірген стачкаларға 300 мыңға тарта жұмысшы қатысты. Бұл стачкалар бірінші май стачкаларына барып ұласты; бұларға 400 мыңға дейін жұмысшы қатысты. «Лена қырғыны,— деп атап көрсетті В. И. Ленин,— бұқараның революциялық ниет-пиғылының бұқараның революциялық өрлеуіне айналуына түрткі болды» (осы том, 377-бет).— *274.*

[100] *«Русское Богатство»* («Орыс Байлығы») — 1876 жылдан 1918 жылға дейін Петербургте шығып тұрған әрайлық журнал. 90-жылдардың басынан былай қарай Н. К. Михайловский бастаған либерал халықшылдардың қолына көшті. «Русское Богатствоның» төңірегіне кейіннен эсерлер, «халықтық социалистер» партияларының және Мемлекеттік думалардағы еңбек топтарының көрнекті мүшелері болған публицистер топтасты. 1906 жылы журнал жартылай кадеттік Халықтық-социалистік еңбек партиясының (энестердің) органына айналды.— *274.*

[101] *«Современник»* («Замандас») — әрайлық әдеби-саяси журнал; 1911—1915 жылдары Петербургте шығып тұрды. Журналдың төңірегіне жойымпаз-меньшевиктер, эсерлер, «халықтық социалистер» және солшыл либералдар топтасты. Журналдың жұмысшылар бұқарасымен ешқандай байланысы болмады. 1914 жылы Ленин «Современниктің» бағытын «халықшылдықтың марксизммен қосындысы» (Шығармалар, 20-том, 302-бет) деп сипаттады. Журнал шыға бастаған кезде онда А. В. Амфитеатров көрнекті роль атқарды, 1913—1915 жылдары журналға Н. Суханов (Н. Н. Гиммер) басшылық етті. «Современник» қызметкерлерінің тізімінде Ф. И. Дан, Е. Д. Кускова, А. В. Луначарский, Л. Мартов, Г. В. Плеханов, С. Н. Прокопович, В. М. Чернов және басқалары көрсетілді.— *274.*

[102] Бұл арада әңгіме Россия империясының қылмысты істер жөніндегі заңының 129-статьясы туралы болып отыр; бұл статья бойынша жұрт алдында патша үкіметіне қарсы бағытталған сөз сөйлегені және осындай шығармалар таратқаны үшін каторгаға жер аударуға дейін қатаң жаза белгіленген болатын.— *277.*

[103] Ленин бұл арада *«ашық жұмысшы қозғалысының социал-демократиялық қайраткерлерінің инициативалық топтарын»* айтып отыр; бұл топтарды жойымпаз-меньшевиктер 1910 жылдың аяғында құпия партия ұйымдарына қарсы құрған еді. Жойымпаздар «инициативалық топтарды» өздері уағыздап жүрген жаңа, кең көлемдегі жария партияның, үшінші июнь, столыпиндік режимнің шеңберіне икемделетін партияның ұялары деп қарады. Жойымпаздар Петербургте, Москвада, Екатеринослав пен Константиновкада (Донбасс) «инициативалық топтар» құра алды. Олар жұмысшы табымен байланысы жоқ шағын интеллигенттік топсымақтар болды. Олар жұмысшылардың стачкалық күресі мен революциялық демонстрацияларына қарсы шықты, IV Мемлекеттік думаның сайлауында большевиктерге қарсы күрес жүргізді. Жойымпаздар шетелде шығарып тұрған «Голос Социал-Демократа» мен жойымпаздардың Россиядағы жария органдары — «Наша Заря» мен «Дело Жизни» «инициативалық топтардың» басшы орталықтары болды.— *277.*

[104] Бұл арада жойымпаздардың — Бунд, Кавказ облыстық комитеті және Латыш өлкесі социал-демократиясының Орталық Комитеті өкілдерінің кеңесінде 1912 жылғы январьда құрылған Ұйымдастыру комитеті айтылып отыр. Ұйымдастыру комитетінің жұмысына ұлттық социал-демократиялық ұйымдардан басқа веналық «Правда» мен «Голос Социал-Демократаның» редакциялары, «Вперед» тобы, жойымпаздардың петербургтік «инициативалық тобының» өкілдері белсене атсалысты. Ұйымдастыру комитетінің іс жүзіндегі басшысы Троцкий болды. Ұйымдастыру комитеті 1912 жылғы антипартиялық август конференциясын шақыру жөніндегі ресми орган болды.— *281.*

[105] *«За Партию»* («Партия үшін») — партияшыл- меньшевиктер мен ымырашылдардың листогы; 1912 жылғы 16 (29) апрельден 1914 жылғы февральға дейін Парижде мезгіл-мезгіл шығып тұрды. Бес номері шықты. Басылымға Г. В. Плеханов, С. А. Лозовский, А. И. Любимов және басқалары қатысты. Листок көбінесе шетелде таратылып, негізінен алғанда плехановшылдардың париждік тобының көзқарасын білдірді.— *282.*

[106] *Шаруалар одағы* (Бүкіл россиялық шаруалар одағы) — 1905 жылы пайда болған революциялық-демократиялық ұйым. Шаруалар одағын құрудың инициаторлары Москва губерниясының шаруалары болды. 1905 жылы 31 июльде — 1 августа (13—14 августа) Москвада құрылтай съезі шақырылып, ол Бүкіл россиялық шаруалар одағының негізін салды. 1905 жылы 6—10 (19—23) ноябрьде Шаруалар одағының екінші съезі болды. Осы съездерде Одақтың программасы мен тактикасы талдап жасалды. Шаруалар одағы саяси бостандықты және дереу құрылтай жиналысын шақыруды талап

етті, І Мемлекеттік думаға бойкот жасау тактикасын ұстады. Одақтың аграрлық программасы жерге жеке меншікті жою, монастырьлік, шіркеулік, уделдік, кабинеттік және мемлекеттік жерлерді шаруаларға төлем ақысыз беру талабын қойды. Эсерлер мен либералдардың ықпалында болған Шаруалар одағы ұсақ буржуазиялық жартыкештік, солқылдақтық және тартыншақтық көрсетіп отырды. Одақ жерге помещиктік меншікті жоюды талап ете отырып, помещиктерге ішінара ақы төлеуге келісті. Лениннің сөзімен айтқанда, оның өзі «әрине, шаруалардың бірсыпыра соқыр сенімдерін қостайтын еді, шаруаның ұсақ буржуазиялық жалған үміттеріне кеңгіш еді (біздің социалист-революционерлердің де оларға кеңгіштігі сияқты), бірақ ол бұқараның сөзсіз «тиянақты», нақты ұйымы, өзінің негізінде сөзсіз революциялық, күрестің нағыз революциялық әдістерін қолдана алатын... ұйымы» болды (Шығармалар толық жинағы, 12-том, 351-бет). Шаруалар одағы өз қызметінің алғашқы қадамдарынан бастап-ақ полицияның қудалауына ұшырады. 1907 жылдың басында Одақ өмір сүруін тоқтатты.— *287.*

107 *«Колокол»* («Қоңырау») — саяси журнал, «Vivos voco!» («Тірілерді шақырамын!») деген ұранмен шығып тұрды. Герцен құрған Еркін орыс баспаханасында 1857 жылғы 1 июльден 1865 жылғы апрельге дейін Лондонда және 1865 жылғы майдан 1867 жылғы июльге дейін Женевада А. И. Герцен мен Н. П. Огарев шығарып тұрды; ай сайын, ал біраз уақыт айына екі реттен шығып тұрды. 245 номері шықты. 1868 жылы журнал француз тілінде шықты (15-номерін шығарудың сәті түсті), кейбір номерлеріне орыс тілінде қосымшалар басылды. «Колокол» 2500 данаға тарта тиражбен басылып, бүкіл Россияға кең таралды. Самодержавиенің озбырлығын, чиновниктердің жыртқыштығы мен қазынаны ұрлауын, помещиктердің шаруаларды аяусыз қанауын әшкерелей отырып, «Колокол» революциялық ұрандар тастады және бұқараның патша үкіметі мен үстем таптарға қарсы күреске шығуға оянуына көмектесті.

«Колокол» Россияда жұмысшы баспасөзі пайда болғанға дейінгі цензурасыз революциялық баспасөздің көш басы болды, жалпы демократиялық және революциялық қозғалысты дамытуда, самодержавие мен крепостниктікке қарсы күресте маңызды роль атқарды.— *288.*

108 *«Полярная Звезда»* («Темірқазық») — әдеби-саяси жинақ; 1855—1862 жылдары Лондонда, Герцен құрған Еркін орыс баспаханасында шығып тұрды, жинақтың соңғы кітабы 1868 жылы Женевада шығарылды. Барлығы 8 кітабы шықты. Жинақтың алғашқы үш кітабын А. И. Герцен, келесі кітаптарын — А. И. Герцен мен Н. П. Огарев шығарды. Жинақтың атының өзімен, сондай-ақ мұқабасына дарға асылған бес декабристің бейнесін салған суретпен Герцен өзінің декабрис-

термен революциялық сабақтастығын атап көрсеткен еді (декабристер А. А. Бестужев пен К. Ф. Рылеев 1823—1825 жылдары сол «Полярная Звезда» деген атпен альманах шығарып тұрған болатын). Герцен «Полярная Звездаға» «цензурасыз шығатын, тек қана орыс азаттығы мәселесіне және Россияға еркін ой-пікір үлгісін таратуға арналған орыстың мерзімді басылымы» (Шығармалар, 7-том, 1958, 40-бет) деген анықтама берді.

«Полярная Звездада» декабристер туралы қыруар материалдар, А. С. Пушкиннің, К. Ф. Рылеевтің, М. Ю. Лермонтовтың цензура тыйым салған өлеңдері, В. Г. Белинскийдің Н. В. Гогольге хаты, Герценнің мақалалары және оның «Өткендегілер мен ойлар» атты мемуары, Огаревтің мақалалары мен өлеңдері және басқа материалдар басылды. «Полярная Звезда» орыстың алдыңғы қатарлы әдебиеті мен қоғамдық ойының дамуында айтарлықтай роль атқарды.— *288.*

109 Бұл арада Қазан губерниясының Спасск уезіндегі Бездна селосындағы шаруалар көтерілісі айтылып отыр. Крепостниктік правоны жою туралы манифест пен оны жою шарттары туралы 1861 жылғы 19 февральдағы Ережелердің жариялануы өз үміттерінен алданып қалған шаруаларды түңілдірій, олардың ашу-ызасын туғызды. Олар Ережелердің жарияланған текстінің шындығына сенбеді, сөйтіп помещиктер мен чиновниктер нағыз Манифест пен Ережелерді жасырып отыр деп есептеді. 1861 жылдың көктемінде бірқатар губернияларда шаруалардың толқулары болды. Бездна селосы шаруаларының бас көтеруі ең ірі бой көрсету болды. Қозғалысқа Безднаның жас шаруасы Антон Петров басшылық етті. Ол оқи алатын еді де, Ережелерді зерттеп оқығаннан кейін селоластарына «нағыз еркіндікті» таптым деп жариялады. «Нағыз еркіндік» жайындағы лақап көршілес селоларға да жетті. Петровтың шақыруы бойынша шаруалар барщинаға барудан, помещиктерге оброк төлеуден бас тартты, үлесті жер мен міндеткерліктердің мөлшері белгіленуге тиісті болатын «уставтық грамоталарға» қол қоюдан бас тартты, помещиктердің қамбаларындағы астықты тартып алды. Толқу Қазан губерниясының Спасск, Чистополь, Лаишев уездерінің және Самара, Симбирск губернияларының көршілес уездерінің 75-тен астам селосын қамтыды. Безднадағы көтеріліс қаталдықпен басып-жаншылды. 1861 жылғы 12 (24) апрельде генерал Апраксиннің бұйрығы бойынша 4 мың қарусыз шаруалар тобына оқ жаудырылды. Қазан әскери губернаторының ішкі істер министріне жолдаған ресми баяндауына қарағанда, 91 адам өлген және жарадан қайтыс болған, 350-ден астам адам жараланған. 19 апрельде (1 майда) Антон Петров атылды. Әскери сотқа тартылған 16 шаруаның 5-і дүре соғуға және түрлі мерзімдерге түрмеде отыруға кесілді. Безднадағы трагедияға орыс қоғамының алдыңғы қатарлы топтары барынша назар аударды. А. И. Герцен «Ко-

локолда» Безднадағы трагедияны егжей-тегжейлі баяндап жазды.— *290.*

[110] *«Халық еркі»* — халықшыл-террористердің құпия саяси ұйымы; бұл ұйым халықшылдық «Жер және ерік» ұйымының жікке бөлінуі нәтижесінде 1879 жылы августа пайда болды. «Халық еркін» Атқару комитеті басқарды, оның құрамына А. И. Желябов, С. Л. Перовская, А. Д. Михайлов, М. Ф. Фроленко, Н. А. Морозов, В. Н. Фигнер, А. А. Квятковский және басқалар кірді. Халық ерікшілері халықшылдық утопиялық социализм позициясында болса да, самодержавиені құлатуды және саяси бостандықты жеңіп алуды аса маңызды міндет деп санап, саяси күрес жолына түсті. Олардың программасы жалпыға бірдей сайлау правосы негізінде сайланған «тұрақты халық өкілдігін» ұйымдастыруды, демократиялық бостандықтар жариялауды, жерді халыққа беруді және заводтар мен фабрикаларды жұмысшылардың қолына берудің шараларын дайындауды көздеді. «Халық ерікшілері,— деп жазды В. И. Ленин,— саяси күреске көшу арқылы бір адым ілгері басты, бірақ олар мұны социализммен байланыстыра алмады» (Шығармалар толық жинағы, 9-том, 191-бет).

Халық ерікшілері патша самодержавиесіне қарсы қаһармандық күрес жүргізді, бірақ «белсенді» батырлар мен «енжар» тобыр жөніндегі қате теорияға сүйеніп, қоғамды қайта құруды халықтың қатысуынсыз, өз күштерімен, жеке террор, үкіметті қорқыту, оған іріткі салу арқылы жүзеге асырмақшы болды. 1881 жылғы 1 марттан (II Александр өлтірілгеннен) кейін үкімет қатал қудалау, атып-асу және арандату әрекеттері арқылы «Халық еркі» ұйымын талқандады. Халық ерікшілерінің 80-жылдар бойы «Халық еркін» қайта құруға ұмтылған көптеген әрекеттері нәтижесіз болды. Мәселен, 1886 жылы «Халық еркінің» дәстүрін ұстаған А. И. Ульянов (В. И. Лениннің ағасы) пен П. Я. Шевырев бастаған топ пайда болды. 1887 жылы III Александрды өлтіру әрекеті сәтсіз аяқталғаннан кейін топ ашылып, оған белсене қатысушылар дарға асылды.

В. И. Ленин халық ерікшілерінің қате, утопиялық программасын және жеке террор тактикасын сынай отырып, «Халық еркі» мүшелерінің патша өкіметіне қарсы жанқиярлық күресін аса үлкен ізетпен атады, олардың астыртын жұмыс жүргізу техникасын және қатаң түрде бір орталыққа бағындырылған ұйымын жоғары бағалады.— *291.*

[111] *Трудовиктердің конференциясы* 1912 жылғы марттың аяғында Петербургте болды; конференция негізінен алғанда IV Мемлекеттік думаның сайлау науқаны мәселелеріне арналды. Лениннің «Либерализм және демократия» (қараңыз: осы том, 263—273-беттер) атты мақаласында конференцияның шешімдеріне баға берілген.— *301.*

[112] *«Орыс халқы одағы»*— монархистердің барып тұрған реакциялық қаражүздік ұйымы; революциялық қозғалыспен күресу үшін Петербургте 1905 жылы октябрьде құрылды. «Одақ» реакцияшыл помещиктерді, ірі үйлер иелерін, купестерді, полиция шеніндегілерді, дін басыларын, қала мещандарын, кулактарды, азғындаған және қылмыскер элементтерді біріктірді. «Одақты» басқарғандар: В. А. Бобринский, А. И. Дубровин, П. А. Крушеван, Н. Е. Марков 2-ші, В. М. Пуришкевич және басқалар. «Русское Знамя», «Объединение» және «Гроза» газеттері «Одақтың» баспасөз органдары болды. Россияның көптеген қалаларында «Одақтың» бөлімшелері ашылды.

«Одақ» патша самодержавиесінің мызғымауын, жартылай крепостниктік помещиктік шаруашылықтың, дворяндардың артықшылықтарының сақталуын қорғады. Оның программалық ұраны крепостниктік право заманындағы «православие, самодержавие, халықтық» деген монархиялық ұлтшылдық ұран еді. «Одақ» революцияға қарсы күрестің басты әдісі етіп ойран салуды және кісі өлтіруді таңдап алды. Оның мүшелері полицияның жәрдемімен және жол беруімен алдыңғы қатарлы революцияшыл жұмысшылар мен демократиялық ниеттегі интеллигенция өкілдерін ашықтан-ашық, қаймығу-қорқусыз ұрып-соқты, қалтарыстан тұрып өлтіріп кетіп жүрді, митингіге қатысушыларды қуып таратты, оларға оқ атты, еврей ойрандарын ұйымдастырып, орыс емес ұлттарды өршелене қудалады.

II Дума қуып таратылған соң «Одақ» 2 ұйымға: III Думаны контрреволюциялық мақсаттарға пайдалануды көздеген, Пуришкевич бастаған «Михаил Архангел палатасына» және бұрынғы атын сақтап, ашық террор тактикасын одан әрі жүргізген, Дубровин бастаған «Орыс халқы одағына» бөлінді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде бұл қаражүздік ұйымдардың екеуі де жойылды. Октябрь социалистік революциясынан кейін бұл ұйымдардың бұрынғы мүшелері Совет өкіметіне қарсы контрреволюциялық бүліктер мен заговорларға белсене қатысты.— *307.*

[113] *«Русское Знамя»* («Орыс Туы») — қаражүздік газет, «Орыс халқы одағының» органы; 1905 жылғы ноябрьден 1917 жылға дейін Петербургте шығып тұрды.— *307.*

[114] *«Свет»* («Жарық») — күнделікті буржуазиялық-ұлтшыл газет; 1882 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шығарылды.— *308.*

[115] *Біріккен дворяндар советі* — крепостник-помещиктердің контрреволюциялық ұйымы, 1906 жылы майда губерниялық дворяндар қоғамдары уәкілдерінің бірінші съезінде құрылып, 1917 жылдың октябріне дейін өмір сүрді. Ұйымның негізгі мақсаты самодержавиелік құрылысты, ірі помещиктік

жер иеленуді және дворяндардың артықшылықтарын қорғау болды. Біріккен дворяндар Советін басқарғандар: граф А. А. Бобринский, князь Н. Ф. Касаткин-Ростовский, граф Д. А. Олсуфьев, В. М. Пуришкевич және басқалар. Ленин Біріккен дворяндар Советін «біріккен крепостниктер советі» деп атады. Біріккен дворяндар Советі іс жүзінде үкіметті крепостниктердің мүдделерін қорғауға бағытталған заң шығару шараларын жасауға мәжбүр етіп отырған жартылай үкіметтік органдарға айналды. Біріккен дворяндар Советі мүшелерінің бірсыпырасы Мемлекеттік советке және қаражүздік ұйымдардың басшы орталықтарына енді.— *309.*

[116] *«Халықтық социалистер»* (энестер) — ұсақ буржуазиялық Халықтық-социалистік еңбек партиясының мүшелері, бұл партия 1906 жылы социалист-революционерлер (эсерлер) партиясының оң қанатынан бөлініп шықты. Энестер кадеттермен блок жасасуды жақтады. Ленин оларды кадеттер мен эсерлер арасында ауытқып жүрген «социал-кадеттер», «мещан оппортунистер», «эсер меньшевиктер» деп атады, бұл партияның «кадеттерден айырмашылығы өте аз, өйткені республиканы да, барлық жерді талап етуді де программадан шығарып тастап отыр» (Шығармалар толық жинағы, 14-том, 26-бет) деп атап көрсетті. Партияны А. В. Пешехонов, Н. Ф. Анненский, В. А. Мякотин және басқалар басқарды. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін «халықтық социалистер» партиясы трудовиктермен қосылды, буржуазиялық Уақытша үкіметтің қызметін белсене қолдап, оның құрамына өзінің өкілдерін жіберді. Октябрь социалистік революциясынан кейін энестер Совет өкіметіне қарсы контрреволюциялық заговорларға және қарулы қимылдарға қатысты. Шетел соғыс интервенциясы және азамат соғысы дәуірінде партия өзінің өмір сүруін тоқтатты.— *314.*

[117] *«Горнозаводское Дело»* («Кен-завод Ісі») — журнал; 1910 жылдан 1918 жылға дейін Харьковта Россияның Оңтүстігінің кен өнеркәсібі иелері съезінің советі шығарып тұрды.

«Нефтяное Дело» («Мұнай Ісі») — журнал; 1899 жылдан 1920 жылға дейін Бакуде мұнай өнеркәсібі иелері съезінің советі шығарып тұрды.

«Промышленность и Торговля» («Өнеркәсіп және Сауда») — журнал; өнеркәсіп пен сауда өкілдері съездерінің советі 1908 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шығарып тұрды.

«Известия Российского Общества Винокуренных Заводчиков» («Шарап қайнату Заводтары иелерінің Россиялық Қоғамының Хабарлары») — журнал; 1908 жылдан 1915 жылға дейін Петербургте Шарап қайнату заводтары иелерінің россиялық қоғамының басқармасы шығарып тұрды.— *324.*

118 *Кит Китыч* немесе *Тит Титыч* — А. Н. Островскийдің «Шелек жалаған тұтылар» деген пьесасының кейіпкері. Білімсіз, дөрекі, топас ұрдажықтың жинақы образы.— *334.*

119 *«Невская Звезда»* («Нева Жұлдызы») — большевиктік жария газет; 1912 жылғы 26 февральдан (10 марттан) 5 (18) октябрьге дейін Петербургте шығып тұрды. 27 номері шықты. «Невская Звезда» бастапқы кезде «Звезда» газетімен қатар шықты да, ол жабыла қалған немесе конфискеленген жағдайда «Звезданың» орнын басуға тиіс болды; 1912 жылғы 22 апрельден (5 майдан) кейін жабылып қалған «Звезданың» орнына шықты. Газеттің редакциясында Н. Н. Батурин, В. М. Молотов, М. С. Ольминский және басқалары жұмыс істеді. В. И. Ленин шетелден газетке идеялық басшылық жасап отырды. «Невская Звездада» Лениннің 20 мақаласы және жұмысшылардың 360-тан астам корреспонденциясы жарияланды. Үкімет газетті үнемі қудалап отырды: газеттің 27 номерінің 9-ы конфискеленді, 2-іне айып салынды, редакторлары талай рет сотқа тартылды.

«Невская Звезда» меньшевиктерді, троцкистерді, буржуазиялық либералдарды және революцияның басқа да жауларын әшкерелеуде маңызды роль атқарды. Ленин оны «саяси маңызы зор және тікелей көкейтесті маңызы бар» жұмысшы газеті (осы том, 509-бет) деп атады.— *340.*

120 *«Теңдеме жерлерді өңдеу»*— реформадан кейінгі Россияда шаруалардың жұмыспен өтеуінің және помещиктің жерін кіріптарлық арендаға алуының бір формасы. Жұмыспен өтеудің мұндай формасы тұсында шаруа ақша үшін, қыста алған қарызы үшін немесе арендаға алған жері үшін помещикке өз құрал-сайманымен және өз күш-көліктерімен «теңдеме жер» өңдеп беруге, яғни жаздық егістен бір десятина, күздік егістен бір десятина өңдеп беруге, кейде бір десятина шабындық шауып беруге міндеттенетін.— *341.*

121 *«Утро России»* («Россия Таңы»)—күнделікті газет; 1907 жылғы сентябрьден 1918 жылғы апрельге дейін (1908 жылы шықпады) Москвада шығып тұрды. Өзін «партиялық емес демократиялық басылым» деп атаған газет іс жүзінде орыс империалистік буржуазиясының мүдделерін білдірді. Газет прогрессистердің органы болып, оны Рябушинскийлер банкі қаржыландырып отырды. 1918 жылғы апрельдің бас кезінде Совет өкіметіне қарсы жала жауып, мақалалар басқаны үшін газет жабылды. Осыдан кейін, 1918 жылғы апрельдің ортасынан июльге дейін ол «Заря России» деген атпен шығып тұрды.— *349.*

122 *«Невский Голос»* («Нева Үні») — жойымпаз-меньшевиктердің әрапталық жария газеті; 1912 жылғы 20 майдан (2 июньнен) 31 августқа (13 сентябрьге) дейін Петербургте шығып

тұрды. Барлығы 9 номері шықты. Д. Ф. Костров «Живое Дело» газетінің орнына шығарып тұрды. Газетке П. Б. Аксельрод, Л. Мартов, А. Мартынов, Ю. Чацкий және басқалары қатысты.— *356.*

123 *«Революциялық өрлеу»* атты мақала 1912 жылғы июньнің бас кезінде, В. И. Ленин РСДРП Шетелдік ұйымының Париж секциясының мәжілісінде 1912 жылғы 26 апрельде (9 майда) Россиядағы оқиғалар туралы баяндама және 31 майда (13 июньде) «Россия пролетариатының революциялық өрлеуі» деген реферат оқығаннан кейін барып жарияланды. РСДРП Шетелдік ұйымының Париж секциясы бастырып шығарған баспасөз бетіндегі хабарландыруда рефераттың осы мақаланың негізгі қағидаларына сай келетін толық жоспары берілген. Бұл жоспар осы томда, «Дайындық материалдар» бөлімінде басылып отыр (540-бетті қараңыз).— *375.*

124 В. И. Ленин айтып отырған прокламация Петербургте басылып, 1912 жылғы 1 майдың алдында заводтарда таратылған болатын. Прокламация жұмысшыларды 1 май күні Нева проспектісінде РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясы ұсынған ұрандар негізінде митингілер мен демонстрациялар ұйымдастыруға шақырды. Ол ұрандар мынадай еді: «Құрылтай жиналысы. 8 сағаттық жұмыс күні. Помещик жерлерін конфискелеу». Прокламация мынадай айбынды ұрандармен аяқталды: «Патша үкіметі жойылсын. 3 июньдегі самодержавиелік конституция жойылсын. Демократиялық республика жасасын. Социализм жасасын». Прокламацияға қол қойғандар: «СПБ.-ның барлық ұйымдасқан жұмысшылары өкілдерінің жиналысы»: ««Бірігу» социал-демократиялық тобы», «Орталық қалалық социал-демократиялық топ», Социал-революционер жұмысшылардың тобы, «СПБ. социал-демократ жұмысшыларының тобы», «Май комитеттерінің өкілдері».

1912 жылғы 4 (17) июньде прокламацияның толық тексті «Социал-Демократ» газетінің 27-номерінде, хроника бөлімінде көшіріліп басылды.— *378.*

125 *«St.-Petersburger Zeitung»* («С.-Петербург Газеті») — 1727—1914 жылдары неміс тілінде күн сайын шығып тұрған газет.— *381.*

126 *«Осылай болды — солай бола береді»* — 1912 жылғы 11 (24) апрельде Мемлекеттік думаның мәжілісінде Лена қырғынына байланысты социал-демократиялық фракцияның түсірген сұрағына ішкі істер министрі Макаровтың қайтарған жауабында айтқан сөзі.— *382.*

127 В. И. Ленин жойымпаздардың Ұйымдастыру комитетінің Поляк социалистік партиясы (ППС) — «солшылдарды» жойым-

паздық август конференциясына шақыру туралы шешімін айтып отыр.

ППС — Поляк социалистік партиясы (Polska Partia Socjalistyczna) — 1892 жылы құрылған реформистік ұлтшыл партия. Тәуелсіз Польша үшін күрес ұранымен әрекет жасаған, Пилсудский және оның жақтастары басқарған Поляк социалистік партиясы поляк жұмысшылары арасында сепаратистік, ұлтшылдық насихат жүргізді, сөйтіп олардың назарын самодержавие мен капитализмге қарсы орыс жұмысшыларымен бірлесіп күресуден басқа жаққа бұруға тырысты.

Поляк социалистік партиясының бүкіл тарихы бойына қатардағы жұмысшылардың ықпалымен партия ішінде солшыл топтар туып отырды. Кейінірек олардың кейбіреуі поляк жұмысшы қозғалысының революциялық қанатына қосылды.

1906 жылы Поляк социалистік партиясы Поляк социалистік партиясы — «солшылдар» және оңшыл, шовинистік Поляк социалистік партиясы — «оңшылдар» («революциялық фракция») делінетін екі жікке бөлінді.

Поляк социалистік партиясы — «солшылдар» большевиктер партиясының, сондай-ақ ПКмЛСД-ның (Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы) ықпалымен біртіндеп дәйекті революциялық позицияға көше бастады.

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Поляк социалистік партиясы — «солшылдардың» көпшілік бөлегі интернационалистік позицияда болды; ол 1918 жылғы декабрьде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясымен бірікті. Біріккен партиялар Польша Коммунистік жұмысшы партиясын құрды (Польша Коммунистік партиясы 1925 жылға дейін осылай аталды).

Оңшыл Поляк социалистік партиясы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде национал-шовинизм саясатын жүргізе берді; ол Галиция территориясында поляк легиондарын ұйымдастырды, бұл легиондар Австрия-Германия империализмі жағында соғысты. Поляк буржуазиялық мемлекеті құрылғаннан кейін оңшыл Поляк социалистік партиясы 1919 жылы бұрынырақта Германия мен Австрия басып алған Польша территориясындағы Поляк социалистік партиясының бөліктерімен бірігіп, қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталды. Үкімет басына келген соң ол өкімет билігінің поляк буржуазиясының қолына көшуіне жәрдемдесті, ұдайы антикоммунистік насихат жүргізді және Совет еліне қарсы агрессия саясатын, Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны басып алу және қанау саясатын қолдады. Поляк социалистік партиясының мұндай саясатпен келіспеген жекелеген топтары Польша Коммунистік партиясына қосылып отырды.

Пилсудскийдің фашистік төңкерісінен (1926 жылғы май) кейін Поляк социалистік партиясы формальды түрде парламенттік оппозицияда болды, бірақ іс жүзінде фашистік режимге қарсы белсенді күрес жүргізген жоқ, антикоммунистік және антисоветтік насихатты одан әрі жүргізе берді. Бұл

жылдары Поляк социалистік партиясының солшыл элементтері бірқатар науқандарда біртұтас майдан тактикасын қолдап, поляк коммунистерімен ынтымақтаса әрекет жасады.

Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде Поляк социалистік партиясы тағы да жікке бөлінді. Оның «Wolność, Równość, Niepodległość («Бостандық, Теңдік, Тәуелсіздік») деп аталған реакциялық, шовинистік бөлегі Лондондағы реакциялық поляк эмиграпттық «үкіметіне» қатысты. Поляк социалистік партиясының өзін «Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы» (ПСЖП) деп атаған екінші, солшыл бөлегі 1942 жылы құрылған Поляк жұмысшы партиясының (ППР) ықпалымен гитлершіл оккупанттарға қарсы күрестің халықтық майданына қосылып, Польшаны фашистік құлдықтан азат ету жолында күрес жүргізді, сөйтіп СССР-мен достық байланыс орнату позициясына көшті.

1944 жылы, Польшаның шығыс бөлегі неміс оккупациясынан азат етіліп, Поляк ұлт-азаттық комитеті құрылғаннан кейін, Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталды да, Поляк жұмысшы партиясымен бірге халықтық-демократиялық Польшаны орнатуға қатысты. 1948 жылы декабрьде Поляк жұмысшы партиясы мен Поляк социалистік партиясы бірігіп, Польша біріккен жұмысшы партиясын (ПБЖП) құрды.— *393.*

[128] *«Сионист-социалистер»* — 1904 жылы құрылған ұсақ буржуазиялық еврей ұлтшылдық ұйымы — Сионистік-социалистік жұмысшы партиясының мүшелері. Сионист-социалистер еврей пролетариатының басты міндеті өзінің меншікті территориясы болу үшін және өзінің ұлттық мемлекетін құру үшін күресу болып табылады деп есептеді. Олар еврей буржуазиясымен таптық ынтымақты уағыздады, еврей жұмысшыларын орыс және халықаралық пролетариаттың революциялық қозғалысынан оқшаулауды көздеді, түрлі ұлттардың жұмысшылары арасында дұшпандық сезім туғызуға тырысты. Сионист-социалистердің ұлтшылдық әрекеті еврей жұмысшыларының таптық санасын күңгірттеді, жұмысшы қозғалысына үлкен зиян келтірді. Халықаралық социалистік бюро 1908 жылғы октябрьде сионист-социалистерден іргесін аулақ салды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Сионистік-социалистік жұмысшы партиясы Социалистік еврей жұмысшы партиясымен («СЕЖП») Біріккен еврей социалистік жұмысшы партиясына бірікті.— *393.*

[129] 1900 жылдың күзінде шетелде құрылған *«Латыш социал-демократиялық одағы»* өзінің талаптары жөнінен орыс эсерлеріне жақын болды да, едәуір дәрежеде ұлтшылдық тенденцияларға бой ұрды. 1905 жылы «Одақ» шаруалардың бір бөлегі арасында біраз ықпалға ие болды, бірақ көп кешікпей

оны Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы ығыстырып шығарды. Бұдан былайғы жерде «Одақтың» азды-көпті елеулі дерліктей ролі болмады.— *393.*

[130] 1906 жылы 10—25 апрельде (23 апрель—8 майда) Стокгольмде болған РСДРП Төртінші (Бірігу) съезінде РСДРП-ның Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясымен және Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясымен бірігуі туралы мәселе шешілді. Олар РСДРП құрамына сол территориядағы барлық ұлттардың пролетариаты арасында жұмыс жүргізетін территориялық ұйымдар ретінде кірді (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», «Қазақстан» баспасы, 1-том, 1971, 192—195-беттер).— *393.*

[131] Қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», «Қазақстан» баспасы, 1-том, 1971, 279-бет.— *394.*

[132] Бұл арада әңгіме мына фактілер туралы болып отыр: 1910 жылғы октябрьде III Мемлекеттік думаның мүшесі Ф. А. Головин депутаттық міндеттерді атқаруды қоятынын мәлімдеп, біраз уақыттан кейін темір жол концессиясына белсене қатынасты.

1912 жылғы мартта III Думаның мүшесі В. А. Маклаков өзінің депутаттық атағына қарамастан Тагиев дегеннің ісі бойынша қорғаушы болып сөйлеген. Бакудің ірі мұнай өнеркәсіп иесі болған ол өз қызметшісі инженер Бебутовты азаптағаны үшін айыпталған еді.— *408.*

[133] Бұл арада *«саяси сәбилер»* деп Россияда және шетелде шағын топтары болған ымырашыл-большевиктер айтылып отыр; *«кәнігі дипломаттар»* дегенде троцкистік веналық «Правданың» жойымпаздық топсымағы мен Бундтың лидерлері айтылып отыр.— *410.*

[134] Қараңыз: К. Маркс. «Қосымша құн теориялары («Капиталдың» IV томы)», II бөлім, 1957, 229—232-беттер. Маркстің бұл қағидаларын Ленин «Россиядағы XIX ғасырдың аяқ кезіндегі аграрлық мәселе» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 17-том, 59—148-беттер) деген еңбегінде баяндап, түсіндіреді.— *424.*

[135] *«Жұмысшы Газеті»* («Gazeta Robotnicza») — Польша мен Литва социал-демократиясы Варшава комитетінің құпия органы; 1906 жылғы май — октябрьде шығып тұрды, Г. Каменскийдің редакциялауымен 14 номері шықты, содан кейін газетті шығару тоқтатылды. 1912 жылы жікке бөлінгеннен кейін поляк социал-демократиясында екі Варшава комитеті

пайда болды да, «Жұмысшы Газеті» деген атпен екі орган шығарылды: біреуін — Бас басқарманың жақтаушылары Варшавада (июль, 1911—июль, 1913), екіншісін оппозициялық Варшава комитеті Краковта (июль, 1911—февраль, 1915) шығарды. Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясындағы жіктеліс туралы В. И. Лениннің «Поляк социал-демократиясындағы жіктеліс» деген мақаласын қараңыз (Шығармалар, 18-том, 494—499-беттер).— *429*.

[136] Бұл арада Г. В. Плехановтың 1912 жылғы апрельде «Дневник Социал-Демократаның» 16-номерінде жарияланған «РСДРП конференциясын шақыру туралы мәселе жөнінде» деген мақаласы айтылып отыр (сондай-ақ қараңыз: Г. В. Плеханов. Шығармалар, XIX том, 1927, 395—407-беттер).

Мақалада «Дневник Социал-Демократа» редакциясының жойымпаздық Ұйымдастыру комитетінің уәкілімен жазысқан хаттарынан алынған документтер келтірілген; Плеханов пен оның партияшыл-меньшевиктер тобына ол Ұйымдастыру комитетіне қосылыңдар деп қояр да коймай ұсынған болатын. Плеханов өзінің жауаптарында шақырылмақшы август конференциясының жойымпаздық сипатын ашып көрсетіп, Ұйымдастыру комитетінің жұмысына қатысудан бас тартты.— *431*.

[137] Бұл арада Г. В. Плехановтың 1910 жылғы мартта «Дневник Социал-Демократаның» 11-номерінде жарияланған «Біздің Орталық Комитеттің соңғы пленум жиналысы» атты мақаласы айтылып отыр (сондай-ақ қараңыз: Г. В. Плеханов. Шығармалар, XIX том, 1927, 99—121-беттер).— *434*.

[138] РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясында мандат комиссиясының председателі Киев ұйымынан делегат, партияшыл-меньшевик В. Шварцман болды.— *435*.

[139] Бұл арада 1912 жылы январьдың орта шенінде Россияда болған жойымпаздар кеңесі айтылып отыр. Кеңес Бунд пен Латыш өлкесі социал-демократиясы Орталық Комитетінің инициативасы бойынша шақырылды. Кеңес «ұлттық социал-демократиялық ұйымдардың кеңесі» деген атпен мәлім. Кеңеске Латыш социал-демократиясынан 2 өкіл, Бундтан 2 өкіл, Кавказ облыстық комитетінен 1 өкіл және Польша мен Литва социал-демократиясынан 1 өкіл (соңғы өкіл екінші мәжілісте ғана болды) қатысты. Бұл кеңесте 1912 жылғы троцкистік-жойымпаздық август конференциясын шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитеті құрылды.— *435*.

[140] *«Қызыл Ту»* («Czerwony Sztandar») — құпия газет, Польша мен Литва социал-демократиясының Бас басқармасының органы; 1902 жылдан 1918 жылға дейін (Цюрих — Краков —

Варшава — Берлин) шығып тұрды; 1914 жылдан 1917 жылға дейін газетті шығару уақытша тоқтатылды. Барлығы 195 номері шықты.— *435.*

[141] *«Жойымпаздарға жауап»* атты заметканы Ленин «Правдаға» арнап жазған болатын, редакция оны 1912 жылғы 11 (24) июльде алды.— *438.*

[142] *«Правда»* («Шындық») — күн сайын шығып тұратын большевиктік жария газет; бірінші номері 1912 жылғы 22 апрельде (5 майда) Петербургте шықты.

Күнделікті бұқаралық жұмысшы газетін шығару қажеттігі туралы шешім РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясы жұмысының барысында қабылданған болатын. «Правданы» шығару ісін әзірлеуде «Звезда» газеті үлкен роль атқарды; «Звезда» 1911 жылдың аяғынан бастап күнделікті жұмысшы газетін ұйымдастыру жолындағы науқанды кеңінен өрістетті. «Звезда» Петербург жұмысшыларының осындай газет шығаруды ұсынып, оны өз ықтиярымен жарна төлеу арқылы ұстауға әзірлігін білдірген көптеген хаттары мен мақалаларын жариялады. Петербургтің алдыңғы қатарлы жұмысшыларының инициативасы Россияның барлық жұмысшылары тарапынан қызу қолдау тапты.

«Правда» Лена қырғынына байланысты бүкіл елде бұқаралық саяси стачкалар кең өріс алған жаңа революциялық өрлеу жағдайында жарыққа шықты. «Жұмысшылардың *дәл апрельдегі өрлеуі,*— деп жазды В. И. Ленин,— жұмысшы газеті «Правданы» құрды» (осы том, 478-бет).

Газет жұмысшылардың өздері жинаған қаржымен шығарылып тұрды; ол 40 мыңға тарта дана болып таратылды, жекелеген номерлерінің тиражы 60 мыңға жеткізілді. Күнделікті жұмысшы газетін жолға қоюды Ленин Петербург жұмысшыларының атқарған ұлы тарихи ісі деп сипаттады.

Ленин «Правдаға» идеялық басшылық етті, күн сайын дерлік газетке мақала жазып тұрды, оның редакциясына нұсқаулар беріп отырды. Ол газеттің айбынды, революциялық рухта жүргізілуіне күш салды, принципті мәселелерде жеткілікті айқындығы жоқ мақалалар басқаны үшін редакцияны сынға алып отырды. «Правдада» Лениннің 270-тен аса мақаласы мен заметкасы жарияланып, буларға әр түрлі бүркеншік аттармен қол қойылды: В. Ильин, В. Фрей, К. Т. В. И., И., Правдист, Статистик, Читатель, М. Н. және басқалар.

«Правда» редакциясының түрлі уақытта мүшелері және оның белсенді қызметкерлері болғандар: Н. Н. Батурин, Демьян Бедный, А. И. Ульянова-Елизарова, К. С. Еремеев, М. И. Калинин, Н. К. Крупская, С. В. Малышев, Л. Р. және В. Р. Менжинскийлер, В. М. Молотов, В. И. Невский, М. С. Ольминский, Н. И. Подвойский, Н. Г. Полетаев, М. А. Савельев, К. Н. Самойлова, Я. М. Свердлов, Н. А. Скрыпник,

И. В. Сталин, П. И. Стучка және басқалары. Газетке IV Мемлекеттік думаның большевик депутаттары белсене қатысып отырды. А. М. Горький «Правдада» өз шығармаларын бастырды.

«Правда» партияны халықтың қалың бұқарасымен күнбе-күн байланыстырып отырды. Газеттің төңірегіне жұмысшы тілшілерінің қыруар армиясы топтасты. Газеттің әрбір номерінде жұмысшылардың ондаған корреспонденциялары басылды. Екі жылдан астам уақыттың ішінде жұмысшылардың 17 мыңнан астам корреспонденциясы жарияланды. Газет еңбекшілердің праволықсыздығы туралы жазды, жұмысшылардың экономикалық мұқтаждығының мысалдарын келтірді, стачкалар мен ереуілдердің барысын баяндап, партияның өрлеп келе жатқан революциялық қозғалысқа басшылық ету жөніндегі саясатын жүргізді, бұқараны пролетарлық ынтымақтастық, пролетарлық интернационализм рухында тәрбиеледі. «Правда» жұмысшылар арасында зор беделге ие болды. Газетте патшалық Россиядағы шаруалардың жағдайын баяндап жазуға едәуір орын берілді. Газетте «Шаруа бөлімі» болды. «Правданың» беттерінде Ленин алда болатын революциядағы пролетариаттың гегемониясы жолында, жұмысшы табы мен шаруалардың одағы жолында дәйекті күрес жүргізді, либерал буржуазияның контрреволюцияшылдығын әшкереледі. Газет IV Мемлекеттік думаның сайлауы жөніндегі сайлау науқанында маңызды роль атқарды.

1912 жылғы декабрьдің аяқ шенінде (ескіше) «Правда» редакциясының жұмысы туралы мәселе РСДРП Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізген Краков кеңесінде арнайы талқыланды. Кеңес В. И. Ленин жазған ««Правда» газетінің редакциясын қайта құру және оның жұмысы туралы» қарар қабылдап, онда редакцияның жұмысын жақсарту жөнінде шаралар белгіленді.

«Правданың» редакциясына партияның ұйымдастыру жұмысының едәуір бөлегі шоғырландырылды. Мұнда жергілікті партия ұяларының өкілдерімен кездесулер өткізілді, фабрикалар мен заводтардағы партиялық жұмыс туралы деректер осында келіп жатты, партияның Петербург комитеті мен Орталық Комитетінің партиялық директивалары осыдан беріліп жатты.

«Правда» полицияның үнемі қудалауына ұшырап отырды. Шыға бастаған алғашқы жылдың өзінде-ақ оның редакторларына қарсы 36 сот ісі қозғалды. Ал бас-аяғын қосқанда редакторлар $47^1/_2$ ай түрмеге отырып шықты. Осы уақыттың ішінде газеттің 41 номері конфискеленді. Патша үкіметі газетті сегіз рет жапты, бірақ ол: «Рабочая Правда», «Северная Правда», «Правда Труда», «За Правду», «Пролетарская «Правда», «Путь Правды», «Рабочий», «Трудовая Правда» деген басқа аттармен шыға берді. Осындай қиын жағдайда большевиктер екі жылдан астам уақыттың ішінде «Правда-

ның» 636 номерін шығара алды. 1914 жылғы 8 (21) июльде газет жабылып қалды.

«Правданы» шығару ісі тек 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін ғана қайта басталды. 1917 жылғы 5 (18) марттан «Правда» РСДРП Орталық Комитеті мен Петербург комитетінің органы ретінде шыға бастады. 5 (18) апрельде, шетелден қайтып оралғаннан кейін В. И. Ленин редакцияның құрамына кіріп, «Правдаға» басшылық етті. 1917 жылғы июль — октябрьде контрреволюциялық буржуазиялық Уақытша үкімет қудалаған «Правда» өзінің атын талай рет өзгертіп, «Листок «Правды»», «Пролетарий», «Рабочий», «Рабочий Путь» деген аттармен шығып тұрды. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін, 1917 жылғы 27 октябрьден (9 ноябрьден) партияның Орталық Органы өзінің «Правда» деген бұрынғы атымен шыға бастады.

Большевиктік партия мен революцияның тарихында «Правданың» маңызы өте-мөте зор. Газет партияның саясатын жүзеге асыру жолындағы күресте коллективтік насихатшы, үгітші және ұйымдастырушы болды. Ол партиялық үшін күрестің қызу ортасында болып, жойымпаз-меньшевиктерге, шақырымпаздарға, троцкистерге қарсы батыл күрес жүргізді, олардың сатқындық ролін әшкереледі.

«Правда» халықаралық оппортунизм мен центризмге қарсы күрес жүргізді. Газет жұмысшыларды революциялық марксизм рухында тәрбиеледі. Газет партияның айтарлықтай өсуіне, оның қатарын топтастырып, бұқарамен байланысын нығайтуға көмектесті. «Правданың» жұмысы нәтижесінде бұқаралық большевиктік партияның берік негізі қаланды. «Правда» тәрбиелеген алдыңғы қатарлы жұмысшылар ұрпағы кейін Ұлы Октябрь социалистік революциясында және социализм құрылысында аса көрнекті роль атқарды.

«Правда» большевиктік баспасөздің тарихынан аса маңызды орын алады. Ол тұңғыш жария бұқаралық жұмысшы газеті болып, Россия жұмысшы табы мен халықаралық пролетариаттың баспасөзін дамытудағы жаңа кезеңді бастап берді. 1914 жылдан бастап «Правданың» бірінші номері шыққан күн жұмысшы баспасөзінің мерекесі күніне айналды.

«Жарты жылдық жұмыстың қорытындылары», «Жұмысшылар мен «Правда»», «Жұмысшы табы мен жұмысшы баспасөзі», «Брюссель кеңесінде РСДРП Орталық Комитетінің жасайтын баяндамасы және ондағы Орталық Комитет делегациясына берілген жетекші нұсқаулар», «Жұмысшы баспасөзі күнінің қорытындылары жөнінде», ««Правданың» он жылдық мерекесіне» және басқа мақалаларында Ленин «Правдаға» баға берген (қараңыз: осы том, 472—489-беттер; Шығармалар, 18-том, 302—304-беттер, 20-том, 374—382, 517—560, 574—582, 33-том, 345—348-беттер).— *438*.

[143] *«Le Peuple»* («Халық») — күн сайын шығып тұратын газет, Бельгия жұмысшы партиясының орталық органы; 1885 жылдан бері Брюссельде шығады; қазіргі уақытта — Бельгия социалистік партиясының органы.— *444*.

[144] Бұл арада К. Маркстің мына еңбектері айтылып отыр: «Философия қайыршылығы. Прудон мырзаның «Қайыршылық философиясына» жауап» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 168—178-беттер); «Капитал», III том, 1 және 2 бөлім, III кітап, 1955, 662—686-беттер және «Қосымша құн теориялары («Капиталдың» IV томы)», II бөлім, 1957, 142—154-беттер.— *450*.

[145] *«С.-Петербургские Ведомости»* («С.-Петербург Ведомостары») —газет; 1703 жылдан бастап шыққан «Ведомости» атты тұңғыш орыс газетінің жалғасы ретінде Петербургте 1728 жылдан бастап шықты; 1728 жылдан 1874 жылға дейін «С.-Петербургские Ведомости» Ғылым академиясының жанынан, 1875 жылдан бастап,— халық ағарту министрлігінің жанынан шығып тұрды. Газет 1917 жылдың аяғына дейін шықты.— *456*.

[146] Бұл арада Петербургтегі наубайшылар одағы басқармасының қарары айтылып отыр; бұл қарарда жойымпаздарға қарсы күнделікті жұмысшы газетін шығару талабы қойылған болатын. Басқарма алдағы уақытта «Правданың» шығатынын құптап, одақтың барлық мүшелерін газеттің пайдасына ақша жинауды ұйымдастыруға шақырды. Қарар туралы хабар 1912 жылғы 8 апрельде «Звезданың» 27-номерінде жарияланды.— *458*.

[147] *«Заветы»* («Өсиеттер») — эсерлік бағыттағы жария әрайлық әдеби-саяси журнал; 1912 жылғы апрельден 1914 жылғы июльге дейін Петербургте шығып тұрды. Журналға Р. В. Иванов-Разумник, Б. В. Савинков, Н. Суханов, В. М. Чернов және басқалары қатысты.— *465*.

[148] *Гедшілдік ағым* — XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басындағы француз социалистік қозғалысындағы революциялық маркстік ағым, оны Ж. Гед пен П. Лафарг басқарды. 1882 жылы, Франция жұмысшы партиясы Сент-Этьенн конгресінде жікке бөлінгеннен кейін, гедшілдер дербес партия құрып, өздерінің ескі атын сақтап қалды. Гедшілдер партияның 1880 жылы қабылданған, теориялық бөлегін К. Маркс жазған Гавр программасынан айнығаң жоқ, пролетариаттың дербес революциялық саясатын қорғады. Францияның өнеркәсіп орталықтарында олардың ықпалы зор болды, жұмысшы табының алдыңғы қатарлы элементтерін біріктірді.

1901 жылы Ж. Гед бастаған революциялық тап күресін жақтаушылар Франция социалистік партиясына бірікті (оның мүшелері де көсемінің есімімен — гедшілдер деп атал-

ды). 1905 жылы гедшілдер реформистік Француз социалистік партиясымен бірікті. 1914—1918 жылдардағы империалистік соғыс кезінде Біріккен француз социалистік партиясының басшылары (Гед, Самба және басқалар) жұмысшы табының ісіне опасыздық жасап, социал-шовинизм позициясына көшті.

Жоресшілдік ағым — француз социалистік қозғалысындағы Ж. Жорес бастаған оңшыл, реформистік ағым. «Сын еркіндігі» талабын желеу етіп, жоресшілдер марксизмнің негізгі қағидаларына ревизия жасады, пролетариаттың буржуазиямен таптық ынтымағын уағыздады. 1902 жылы олар реформистік позицияда тұрған Француз социалистік партиясын құрды.— *466.*

149 Бұл арада Португалия монархистерінің монархияны қалпына келтіру мақсатымен 1912 жылдың жазында бүлік ұйымдастыруға тырысқан әрекеті айтылып отыр. Бүлік басып-жаншылған болатын.— *467.*

150 *«Жарты жылдық жұмыстың қорытындылары»* атты мақала 1912 жылғы июльдің бірінші жартысында жазылған. Осы мақаланы жариялау жөнінде Лениннің «Правда» редакциясымен жазысқан хаттары сақтаулы. 1912 жылғы 15 немесе 16 (28 немесе 29) июльде Ленин редакцияға хатында былай деп жазды: «Сізге «Жарты жылдық жұмыстың кейбір қорытындылары» деген мақаланы жіберіп отырмын. Бұл орасан үлкен мақаланы *неліктен «П р а в д а ғ а»* жіберіп отырғанымды Сіз осының мазмұнынан көресіз. Мұны майда әріптермен теріп, фельетон етіп торт күн басуға болар еді. 4 мақаланың әрқайсысына жеке-жеке ат қоюға болар еді (мысалы: I. 1912 ж. ай сайын жұмысшылардың газетке жинағаны.— II. Аудандар бойынша жұмысшылардың газетке жинағаны.— III. Жойымпаздық газеттер мен жойымпаз *емес* газеттерге жұмысшылардың жинағаны.— IV. Жұмысшы газетіне берген жұмысшының тиыны).

Түгелдей «Правдаға» арналған және «Правданың» **оқушыларына бағытталған** бұл мақаланың өте-мөте осы газетте басылуын тілер едім. Цензуралық кедергілер бола қоймас деп ойлаймын. Цензуралық жөндеулерге мен, әрине, қарсы емеспін, *бірақ III тараудың түсіп қалуына қарсымын.*

Егерде Сіз, әлдеқалай, бұл мақаланы *«Правдаға»* қабылдамасаңыз және егер Сіздің коллегаларыңыз оны *«Невская Звездаға»* (мақала бұған онша лайықты емес) қабылдамай тастаса, мен мұны, қаншама жанға батса да, журналдардың біріне бастырам. Қалай болған күнде де, мүмкін қадерінше тезірек жауап беруіңізді немесе бұл мақаланы өзіме қайтаруыңызды өтінемін» (Шығармалар, 43-том, 262—263-беттер). Мақала «Правдада» Лениннің ұсынғанындай болып басылды.— *472.*

[151] Бұл арада Ленин жойымпаз-меньшевиктердің IV Мемлекеттік думаның сайлауына жұмысшы куриясы бойынша большевик кандидаттарға қарама-қарсы өз кандидаттарымызды ұсынамыз деп қоқан-лоққы жасағанын айтып отыр. Осы мақалада, сондай-ақ өзінің бұдан кейінгі еңбектерінде де — «РСДРП ішіндегі қазіргі жағдай жөнінде» (қараңыз: осы том, 491—517-беттер), «IV Думаны сайлау қарсаңында» (Шығармалар, 18-том, 235-бет) — Ленин «қос кандидатуралар» туралы айтылып жүрген алып қашты сөздердің жұмысшы қозғалысынан қол үзген интеллигенттер үйірмесінен шығып жүрген қоқан-лоққы жасау әрекеттері ғана екенін атап көрсетті. Жұмысшы куриясы бойынша сайлаудың практикасы мұны толық растап берді.— *484.*

[152] *«Парасатқа Шақыру»* («Appeal to Reason») — американ социалистерінің газеті; 1895 жылы Канзас штатындағы (АҚШ) Жирард қаласында құрылды. Американ социалистік партиясымен ресми байланысы болмаған газет социалистік идеяларды насихаттап, жұмысшылар арасында кеңінен танымал болды. Газетке американ социалисі Ю. Дебс араласып жүрді.— *487.*

[153] *«Газета-Копейка»* («Газет-Тиын») — жоқты-барды жаза беретін күнделікті буржуазиялық газет; 1908 жылғы 19 июньнен (2 июльден) Петербургте шығып тұрды. 1918 жылы жабылды.— *489.*

[154] *«РСДРП ішіндегі қазіргі жағдай жөнінде»* деген кітапшаны Ленин 1912 жылғы июль — августа Краковта, Латыш өлкесі социал-демократиясы Шетелдік комитетінің шетелдік 11 партиялық «орталық» пен «топтың» өкілдерінен кеңес шақыру туралы ұсынысы жөнінде Герман социал-демократиялық партиясы Басқармасының РСДРП Орталық Комитетінен сұрау салуына байланысты жазды; бұл кеңестің мақсаты IV Мемлекеттік думаның сайлауында социал-демократияның «бірлікке жетуі» және Герман социал-демократиясы Басқармасының Россиядағы сайлау науқанына материалдық жағынан қызмет көрсетуге бөлген ақшасын бөлу болды. Латыш социал-демократиясының Шетелдік комитеті 1912 жылғы 24 июньдегі хатында Герман социал-демократиялық партиясының Басқармасына Ұйымдастыру комитетінің, Бундтың, Латыш социал-демократиясы Орталық Комитетінің, Кавказ облыстық комитетінің, «Голос Социал-Демократа», веналық «Правда» редакцияларының, «Вперед» тобының, «Дневник Социал-Демократа» редакциясының, партияшыл-большевиктердің, Польша мен Литва социал-демократиясы Бас басқармасының және РСДРП Орталық Комитетінің өкілдерінен құралған кеңес шақыруды ұсынды. Герман социал-демократиялық партиясының Басқармасы 22 июльде осы жоба жөніндегі өз көзқарасын білдіруді, сөйтіп 5 сентябрьге қарай

Берлинге өз өкілдерін жіберуді ұсынып, әлгі хатты ілгеріде аталған ұйымдарға жіберді.

РСДРП Орталық Комитетінің 17 (30) июльде В. И. Ленин жазып, осы кітапшаның негізгі мазмұны болып отырған хаты Герман социал-демократиялық партиясы Басқармасының ұсынысына берілген жауап еді. РСДРП Орталық Комитеті кеңеске қатысудан бас тартты; кеңес болмады. IV Думаның сайлау науқанына бөлінген ақшаның біразын Басқарма жойымпаздық Ұйымдастыру комитеті мен Кавказ облыстық комитетінің, Бундтың және Латыш социал-демократиялық партиясы Орталық Комитетінің қарауына берді, сөйтіп большевиктерге қарсы жойымпаздарды қолдады. 1912 жылғы сентябрьде Орталық Комитеттің Ленин жазған кіріспесі, соңғы сөзі және постскриптумы бар хаты Лейпцигте неміс тілінде «Zur gegenwärtigen Sachlage in der sozialdemokratischen Arbeiterpartei Rußlands» атты жеке кітапша болып басылды. «РСДРП ішіндегі қазіргі жағдай жөнінде» деген кітапшаны «Социал-Демократтың» редакциясы Герман социал-демократиялық партиясының облыстық және округтік орталықтарына, партияның 1912 жылғы сентябрьде болған Хемниц съезінің делегаттарына және Германиядағы аса ірі социал-демократиялық газеттердің редакцияларына жіберді. Ленин бұл еңбегінде Герман социал-демократиялық партиясы Басқармасының оппортунистік позициясын әшкерелеп, РСДРП-дағы істің шын жағдайын көрсетті және большевиктік баспасөз бен жойымпаздық баспасөздің таралуы туралы, жұмысшылар арасында партиялық газеттер мен жойымпаздардың газеттеріне жиналған ақша туралы деректерге сүйене келіп, «жойымпаздар Россия социал-демократиялық жұмысшы қозғалысында мүлдем ноль болып отыр» (осы том, 504-бет) деген қорытынды жасады.— *491.*

155 *«Спилка»* («Украин социал-демократиялық одағы») ұсақ буржуазиялық, ұлтшылдық Революциялық-украин партиясынан (РУП) бөлініп шығып, 1904 жылдың аяғында пайда болды; автономиялық облыстық ұйым правосында РСДРП құрамына кірді. РСДРП-дағы ішкі партиялық күресте меньшевиктерге жанасты. Реакция дәуірінде «Спилка» тарап кетті. 1912 жылы «Спилканың» бытыраңқы шағын топтары болды. Бұл кезде оның мүшелерінің көпшілігі буржуазияшыл ұлтшылдарға айналды. Троцкийдің жойымпаздық «Правда» газеті (веналық) «Спилканың» органы ретінде 1908 жылдың октябрі мен декабрінде ғана шықты (алғашқы екі номері).— *498.*

156 II Интернационалдың кезекті (IX) халықаралық социалистік конгресі 1913 жылдың күзінде Венада шақырылмақ болған еді. Бірақ 1912 жылы Балқанда соғыстың басталып кетуіне және дүние жүзілік соғыс қаупінің төнгеніне байланысты Халықаралық социалистік бюро 1912 жылғы 24—25 ноябрьде Базельде шұғыл түрде төтенше конгресс шақырды.— *508.*

[157] Бұл арада әңгіме жойымпаздардың август конференциясы дейтінді әзірлеу туралы болып отыр. Конференция 1912 жылғы августа Венада болды; онда ұйымдастырушысы Троцкий болған антипартиялық Август блогы құрылды. Конференцияға Бундтың, Кавказ облыстық комитетінің, Латыш өлкесі социал-демократиясының және жойымпаздық, троцкистік, шақырымпаздық шетелдік топсымақтардың: «Голос Социал-Демократа» редакциясының, Троцкийдің веналық «Правдасы» редакциясының және «Вперед» тобының өкілдері қатысты. Россиядан жойымпаздардың петербургтік және москвалық «инициативалық топтары», Красноярск ұйымы, «Севастополь социал-демократиялық әскери ұйымы», жойымпаздық «Наша Заря» және «Невский Голос» басылымдарының редакциялары делегаттар жіберді, конференцияға «Спилканың» Шетелдік комитетінің де өкілі қатысты. Делегаттардың басым көпшілігі шетелде тұрған және Россия жұмысшы табынан қол үзген, жергілікті партиялық жұмыспен тікелей байланысы жоқ адамдардан құралды.

Конференция социал-демократиялық тактиканың барлық мәселелері жөнінде антипартиялық, жойымпаздық шешімдер қабылдады және құпия партияның болуына қарсы шықты. Конференция демократиялық республика ұранын сайлау платформасынан алып тастап, оның орнына жалпыға бірдей сайлау правосы және толық билігі бар Дума ұранын енгізді; конференция помещиктердің жерін шаруалардың пайдасы үшін конфискелеу ұранын қабылдамай тастап, III Мемлекеттік думаның аграрлық заңын қайта қарау талабын қойды; ол ұлттардың өзін-өзі билеу правосының орнына партия съездерінің шешімдерінде ұлтшылдықтың көрінісі деп айыпталған мәдени-ұлттық автономия талабын қойды. Конференция сайлау тактикасы туралы мәселе жөнінде либерал буржуазиялық партиялардың жалпыға бірдей сайлау правосы мен коалиция бостандығын қорғауға міндеттенген кандидаттарын қолдауға болады деп тапты. Конференцияда қабылданған платформа көрінеу оппортунистік сипатта болды. Ленин «Реформистердің платформасы және революцияшыл социал-демократтардың платформасы» (Шығармалар, 18-том, 385—394-беттер) деген мақаласында платформаға баға берді.

Жойымпаздардың Россияда өздерінің центристік, жойымпаздық партиясын құруға тырысқан әрекетін жұмысшылар қолдамады. Жойымпаздар Орталық Комитет сайлай алмай, Ұйымдастыру комитетін құрумен шектелді. Неше түрлі элементтерден құралған антибольшевиктік блок конференцияның өзінде-ақ ыдырай бастады; ал конференцияның басты міндеті антибольшевиктік блок құру болған еді. Конференцияның аяғына қарамай-ақ одан впередшіл кетіп қалды, көп кешікпей латыш социал-демократтары, онан соң — басқа да қатысушылары конференциядан кетіп қалды. Август блогы большевиктердің соққысына шыдай алмай бір жыл — бір жа-

рым жылдан кейін-ақ іс жүзінде ыдырап кетті. Август блогының ыдырауы туралы В. И. Лениннің ««Август блогының» ыдырауы», ««Августық» жалғандықты әшкерелеу», «Бірлік жөніндегі айқаймен бүркеніп, бірлікті бұзу туралы» деген мақалаларын қараңыз (Шығармалар, 20-том, 155—158, 181—184, 333—357-беттер).— *510.*

[158] *«Ғылыми Шолу»* («La Revue Scientifique») — журнал; 1863 жылдан бері Парижде шығып тұрды.— *518.*

[159] Ленин РСДРП V (Лондон) съезінің «Пролетарлық емес партияларға көзқарас туралы» қарарынан (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», «Қазақстан» баспасы, 1-том, 1971, 230-бет) цитат келтіріп отыр.— *523.*

[160] Бұл арада ленинші-большевиктер мен партияшыл-меньшевиктердің (плехановшылдардың) уақытша блогы айтылып отыр (16-ескертуді қараңыз).— *529.*

[161] Бұл арада әңгіме РСДРП Орталық Комитетінің 1910 жылғы январь пленумы туралы болып отыр. Большевиктердің шарты мынадай екі бөлімнен: 1) өздерінің ұйымдық орталығын тарату туралы, «Пролетарий» газетін шығаруды тоқтату туралы және ақшалай қаржының бір бөлегін «сақтаушы бөгде адамға» шарт қойып беру туралы «Большевиктердің декларациясынан» және 2) пленумның «Фракциялық орталықтар туралы» және меньшевиктер мен басқа да фракциялар бірігу шарттарын, яғни жойымпаздық пен шақырымпаздыққа қарсы күресу шартын орындамаған жағдайда большевиктердің «сақтаушыларға» берген ақшалай қаржысын олардың өздеріне қайтарып беру шарттары туралы қаулыларынан құралды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», «Қазақстан» баспасы, 1-том, 1971, 322—323-беттер).— *529.*

[162] *«Декабрь, 1910— июнь, 1911»* деген мерзімдермен белгіленген кезең В. И. Лениннің және басқа да большевиктердің 1910 жылы 22 ноябрьде (5 декабрьде) меньшевиктер, впередшілдер, т. б. шартты және Орталық Комитеттің 1910 жылғы январь пленумының шешімдерін орындамағандықтан, «сақтаушыларға» берілген ақшалай қаржыны большевиктерге қайтарып беру туралы мәселені шешу үшін Орталық Комитеттің пленумын шақыруды талап етіп, РСДРП Орталық Комитетінің Шетелдік бюросына мәлімдеме беруінен бастап Орталық Комитет мүшелерінің 1911 жылғы 28 май —4 июньдегі (10—17 июньдегі) Париждегі кеңесімен бітетін кезең болып табылады (14-ескертуді қараңыз).— *529.*

[163] Бұл арада Ленин Орталық Комитет мүшелерінің 1911 жылғы июньде Парижде болған кеңесін айтып отыр; ол кеңесте большевиктер, ымырашылдар мен поляк социал-демократтары *(«үш фракцияның блогы»)* шетелде Орталық Комитеттің пленумын және партия конференциясын шақыру туралы шешімдер қабылдады, сондай-ақ конференцияны шақыратын Ұйымдастыру комиссиясы мен Техникалық комиссияны құрды. Большевиктер партияшыл-меньшевиктермен бірге бұл шешімдерді («уәделерді») орындады, ал ымырашылдар мен поляк социал-демократтары бұған қарсылық жасады; олар кеңестен кейін көп кешікпей Ұйымдастыру комиссиясы мен Техникалық комиссияда кеңес шешімдерінің орындалуына қарсы күрес жүргізді.— *529.*

[164] *«Большевиктерге қарсы көпшілік»* кезеңдерінің біріншісі — бұл РСДРП Орталық Комитетінің январь пленумынан (1910) кейінгі кезең; бұл кезде Орталық Комитеттің ымырашыл мүшелері Орталық Комитеттің Орыс бюросындағы практикалық жұмысқа жойымпаз-меньшевиктерді (П. А. Бронштейнді, К. М. Ермолаевты, И. А. Исувты және басқаларын) тартпақ болып босқа әуреленді, осы арқылы жойымпаздардың отына май құйып, жұмысқа барынша бөгет жасады. Бұл кезең Орталық Комитеттің төрт мүшесінің — И. П. Гольденбергтің, И. Ф. Дубровинскийдің, Г. Д. Лейтейзеннің және В. П. Ногиннің тұтқынға алынуымен тынды. Екінші кезең — Орталық Комитет мүшелерінің 1911 жылғы июнь кеңесінен кейінгі кезең; бұл кезде конференцияны шақыру жөніндегі Шетелдік ұйымдастыру комиссиясы мен Техникалық комиссияда большевиктерге қарсы ымырашылдар мен поляк социал-демократтары бірікті.— *529.*

[165] В. И. Лениннің саяси жағдай туралы баяндаманы нақты қашан және қандай жағдайда жасағаны анықталған жоқ.— *531.*

[166] *Лидвалиада* — ірі аферист әрі алыпсатар Э. Лидваль мен ішкі істер министрінің орынбасары В. И. Гурконың ісі. Лидваль Гурконың көмегімен Россияның аштық жайлаған губернияларына 1906 жылғы октябрь — декабрь ішінде 10 миллион пұт қара бидай жеткізіп беру жөнінде үкіметпен келісім жасасты. Гуркодан аванс ретінде едәуір сомада мемлекет қаржысын алып алған Лидваль 1906 жылғы декабрьдің ортасына дейін темір жолдар бойына лересі астықтың жалпы мөлшерінің $^1/_{10}$ бөлегінен де кемін ғана тасып жеткізді. Аштықты пайдаланып қазынаны ұрлау мен алыпсатарлықты әшкерелеу жұртшылыққа кеңінен мәлім болып, патша үкіметін істі сотқа дейін апаруға мәжбүр етті. Алайда бұл сот ісінің Гурконы қызметтен алғаннан басқа ешқандай зардабы болған жоқ.— *531.*

[167] Бұл арада әңгіме РСДРП Бесінші (1908 ж. Жалпы россиялық) конференциясының «Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы» қарары жайында болып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», «Қазақстан» баспасы, 1-том, 1971, 269—272-беттер).— *531.*

[168] В. И. Ленин бұл ескертпені Россиядағы барлық партия ұйымдарын топтастыру және РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясын шақыру жөнінде атқарған жұмысы үшін Россиялық ұйымдастыру комиссиясына алғыс айту және конференцияда оның өкіліне шешуші дауыс беру туралы ұсынысқа байланысты жазған (осы томның 145-бетін қараңыз).— *533.*

[169] Бұл арада социалистерге қарсы ерекше заң дәуіріндегі Германияның құпия социал-демократиялық партиясы айтылып отыр (93-ескертуді қараңыз).— *537.*

[170] Бұл рефераттың жоспары РСДРП Шетелдік ұйымының Париж секциясы шығарған хабарландырудың текстінде басылды. Хабарландыруда былай делінген еді:

«1912 ж. 13 июньде, бейсенбі күні
Alcazar залында, 190, Avenue de Choisy, 190

Ленин жолдастың

«Россия пролетариатының революциялық өрлеуі»
деген тақырыпта

рефераты болады».

Жоспарда тізімге келтірілген мәселелер Лениннің 1912 жылғы бірқатар еңбектерінде, әсіресе оның «Революциялық өрлеу» атты мақаласында (осы томның 375—383-беттерін қараңыз) баяндалған.

Хабарландырудың тексті 1955 жылы «Исторический Архив» журналының 2-номерінде қайта басылды.— *540.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

Аграрный проект кадетов во II Государственной думе — қараңыз: Проект главных оснований закона о земельном обеспечении земледельческого населения, внесенный во II Государственную думу кадетами.

Аграрный законопроект 43-х крестьян в III Государственной думе—қараңыз: Земельный проект умеренно-правых крестьянских депутатов, внесенный в III Государственную думу.

Акимов В. П. К выборам в Государственную думу. (Письмо в редакцию).— «Русские Ведомости», М., 1912, № 135, 13 июня, стр. 2.— *410, 411, 412, 413.*

Аксельрод, П. Б. На очередные темы. (Из писем П. Б. Аксельрода к друзьям).— «Наша Заря», Спб., 1912, № 6, стр. 8—20.— *464—465, 466—471, 510—511.*

· *На очередные темы.* (Из писем П. Б. Аксельрода к друзьям).— «Невский Голос», Спб., 1912, № 6, 5 июля, стр. 2—3.— *458—462, 463—464.*

[*Анкета по исследованию общественных организаций торгово-промышленного класса в России*].—В кн.: [Ерманский, О. А.]. Представительные организации торгово-промышленного класса в России. По данным анкеты, произведенной XI (промышленно-экономическим) отделом Императорского русского технического общества. (Оттиск из «Записок Императорского Русского Технического Общества» за 1912 год). Спб., 1912, стр.—17—26. Перед загл. кн. авт.: А. О. Гушка.— *319, 320—321, 322—326, 328—330, 333.*

Антоний Волынский. Открытое письмо авторам сборника «Вехи». 1 мая 1909 г.— «Слово», Спб., 1909, № 791, 10 (23) мая, стр. 3.— *314.*

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер, мақалалар және документтер жұлдызшамен белгіленді; бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

— 1911, № 15, октябрь. Второе приложение к № 15 «Дневника Социал-Демократа», стр. 1.— *233, 241—242.*

— 1912, № 16, апрель, стр. 1—11.— *225—226, 281—282, 395—396, 431—432, 495—496, 515.*

Ежегодник газеты «Речь» на 1912 год. Изд. ред. газ. «Речь». Спб., б. г. VI, 712, 44 стр. (Бесплатное приложение к газете «Речь»).— *185—191.*

Ерманский, О. А. К характеристике российской крупной буржуазии.— «Наша Заря», Спб., 1912, № 1—2, стр. 47—59; № 3, стр. 21—31.— *333—336, 337—338.*

— *Представительные организации торгово-промышленного класса в России.* По данным анкеты, произведенной XI (промышленно-экономическим) отделом Императорского русского технического общества. (Оттиск из «Записок Императорского Русского Технического Общества» за 1912 год). Спб., 1912. [3], 208 стр.; III л. картогр. Перед загл. кн. авт.: А. О. Гушка.— *319—334.*

«Живое Дело», Спб.— *182, 193, 205, 206, 235—236, 249, 278, 280, 282, 316, 385, 469, 483—484, 487, 501, 505—506.*

— 1912, №№ 1—3, 20 января — 1 февраля.— *173.*

— 1912, №№ 1—16, 20 января — 28 апреля.— *483—484, 502—504.*

— 1912, № 1, 20 января. 4 стр.— *483—484, 505—506.*

— 1912, № 2, 27 января, стр. 2.— *173—177, 200—201, 249—251, 253—254, 277—278, 349—350.*

— 1912, № 3, 1 февраля, стр. 1.— *173—175, 176—177, 249—251, 277—278, 349—350.*

— 1912, № 7, 2 марта, стр. 1, 2, 3.— *178—180, 184, 210, 213—214, 215.*

*— 1912, № 8, 9 марта. 4 стр.— *205—209, 235—236, 249—250, 251—256, 257—258.*

*— 1912, № 10, 21 марта, стр. 1.— *246—247.*

— 1912, № 16, 28 апреля. 4 стр.— *505—506.*

«Жизнь», М.— *205.*

За объединение — против раскола.— «Живое Дело», Спб., 1912, № 7, 2 марта, стр. 1.— *178—180.*

«За Партию», Paris, 1912, № 1, 16 (29) апреля, стр. 1.— *282.*

«Листок Организационного Комитета по Созыву Общепартийной Конференции», Bruxelles, 1912, № 3, 19 (6) июля. 7 стр.— *496.*

**Лондонский съезд Российской соц.-демокр. раб. партии (состоявшийся в 1907 г.).* Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Paris, 1909. 486 стр. (РСДРП).— *16, 95—96, 153, 156, 168—169, 523.*

Манифест. 17 (30) октября 1905 г.— «Правительственный Вестник», Спб., 1905, № 222, 18 (31) октября, стр. 1.— *197—199.*

Маркс, К. Капитал. Критика политической экономии, т. III, ч. 1—2. 1894 г.— *449—450.*

— *Нищета философии.* Ответ на «Философию нищеты» г-на Прудона. Первая половина 1847 г.— *449—450.*

— *Письмо Ф. Лассалю.* 19 апреля 1859 г.— *99.*

— *Теории прибавочной стоимости (IV том «Капитала»).* Январь 1862 г.— июль 1863 г.— *424, 449—450.*

Мартов, Л. Бороться ли с реакцией?— «Живое Дело», Спб., 1912, № 8, 9 марта, стр. 1.— *205—207, 208—209, 249—252, 253—255, 256—258.*

— *«Вместе бить!»*— («L'Avenir») («Будущее»), Paris, 1911, № 5, 19 novembre, p. 1—2.— *18.*

— *К выборам.* Против реакции.— «Живое Дело», Спб., 1912, № 2, 27 января, стр. 2.— *173, 174—177, 200—201, 249—250, 253—254, 277—278, 349—350.*

— *О том, как можно быть неправым на оба фронта.*— «Наша Заря», Спб., 1912, № 5, стр. 33—42.— *469.*

— *Опасные симптомы.* (К выходу Т. О. Белоусова из думской фракции).— «Наша Заря», Спб., 1912, № 4, стр. 3—11.— *395.*

— *Основные положения платформы.*— «Наша Заря», Спб., 1911, № 7—8, стр. 42—54.— *84—85, 87—89, 91—95, 100—105.*

— *Политическое обозрение.* Перед выборами.— «Наша Заря», Спб., 1912, № 3, стр. 67—76.— *411.*

Местные организации о решениях конференции.— «Рабочая Газета», [Париж], 1912, № 8, 17 (30) марта, стр. 2.— *238.*

Милюков, П. Н. Политические партии в Г[осударственной] думе за пять лет.— В кн.: Ежегодник газеты «Речь» на 1912 год. Изд. ред. газ. «Речь». Спб., б. г., стр. 77—96. (Бесплатное приложение к газете «Речь»).— *185—191.*

[*Орджоникидзе, Г. К.*] *Письмо в редакцию.*— «Социал-Демократ», [Париж], 1911, № 25, 8 (21) декабря, стр. 9. Подпись: Н.— *9—10.*

[*Основные положения законопроекта об организации местных комитетов по аграрному вопросу, внесенные в I Государственную думу 35 членами Трудовой группы*].— В кн.: Стенографические отчеты [Государственной думы]. 1906 год. Сессия первая. Т. I. Заседания 1—18 (с 27 апреля по 30 мая). Спб., гос. тип., 1906, стр. 672—673. (Государственная дума).— *312—313, 348—349.*

От редакции.— «Невская Звезда», Спб., 1912, № 16, 8 июля, стр. 2.— *507.*

От редакции.— «Правда», Спб., 1912, № 61, 10 июля, стр. 2.— *483—484, 507.*

От редакции. По поводу статьи Н. Троцкого.— «Наша Заря», Спб., 1911, № 11, стр. 128—132.— *180.*

От редакции. [По поводу статьи О. А. Ерманского «К характеристике российской крупной буржуазии»].— «Наша Заря», Спб., 1912, № 3, стр. 79.— *335, 336—338.*

«Отечественные Записки», Спб., 1845, т. XXXIX, [кн. 4, апрель], стр. 81—104, в отд.: II.— *285—286.*

«Отклики Бунда», [Женева].— *6.*

Отчет [*о взносах в фонд газеты «Правда»*].— «Правда», Спб., 1912, № 60, 8 июля, стр. 3.— *516.*

Париж, 29 апреля. [Передовая].— «За Партию», Paris, 1912, № 1, 16 (29) апреля, стр. 1.— *282.*

Петрункевич, И. И. Историческая «справка» «Голоса Москвы» и историческая правда.— «Речь», Спб., 1911, № 287 (1883), 19 октября (1 ноября), стр. 2.— *110—112, 113—114.*

— [*Письмо в редакцию*].— «Речь», Спб., 1911, № 295 (1891), 27 октября (9 ноября), стр. 6—7.— *111—114.*

Печать.— «Речь», Спб., 1911, № 266 (1862), 28 сентября (11 октября), стр. 2.— *108.*

Печать.— «Речь», Спб., 1912, № 88 (2042), 1 (14) апреля, стр. 2.— *271, 272.*

Печать.— «Речь», Спб., 1912, № 93 (2047), 6 (19) апреля, стр. 2.— *349—350.*

Печать.— «Речь», Спб., 1912, № 126 (2080), 10 (23) мая, стр. 2.— *398, 399, 400—401.*

Печать.— «Речь», Спб., 1912, № 132 (2086), 17 (30) мая, стр. 2.— *355, 379.*

Письмо в редакцию.— «Невская Звезда», Спб., 1912, № 16, 8 июля, стр. 2. Подпись: Сторонник «Звезды».— *462, 482—484, 507.*

[*Плеханов, Г. В.*] *Вечная память!*— «Дневник Социал-Демократа», [Женева], 1911, № 15, октябрь. Второе приложение к № 15 «Дневника Социал-Демократа», стр. 1. Подпись: Г. П.— *233, 241.*

— *К вопросу о созвании конференции РСДРП*.— «Дневник Социал-Демократа», [Женева], 1912, № 16, апрель, стр. 1—11.— *225—226, 281, 395, 396, 431, 495—496, 515.*

— *О пустяках особенно о г. Потресове*.— «Социал-Демократ», [Париж], 1910, № 13, 26 апреля (9 мая), стр. 3—6.— *181, 230—231, 232—233.*

— *Последнее пленарное собрание нашего Центрального Комитета*.— «Дневник Социал-Демократа», [Женева], 1910, № 11, март, стр. 1—20.— *433—434.*

По поводу полемики гр. Витте и А. И. Гучкова.— «Новое Время», Спб., 1911, № 12785, 15 (28) октября, стр. 3.— *109.*

Положение дел в партии. [Резолюция, принятая на пленуме ЦК РСДРП в январе 1910 г.].— «Социал-Демократ» [Париж], 1910, № 11, 26 (13) февраля, стр. 10.— *4, 143, 166, 232, 240, 432—434.*

Положение о выборах в Государственную думу.— В кн.: Справочник 1910 г. Вып. 2. Спб., гос. тип., 1910, стр. 257—372. (Государственная дума. III созыв — 3-я сессия).— *62, 174, 249.*

Положение о выборах в Государственную думу. (Свод законов, т. I, ч. 2, изд. 1907 г. и по прод. 1910 г.). С разъяснениями правительствующего Сената и министерства внутренних дел. Изд. мин. вн. дел. Спб., 1912. [1], 268 стр.— *257—258.*

Положение о выборах в Государственную думу, [*утвержденное 3 июня 1907 г.*]. С разъяснениями правительствующего Сената и министерства внутренних дел. Спб., сенатская тип., 1907. 188 стр.; 2 схемы. (Изд. м-ва внутр. дел).— *48—49, 53—54, 55—57, 58—59, 61—62, 152—154, 174, 193, 220, 250—251, 252—254, 256—259, 265, 267, 308—309, 311—312, 325—326, 412, 418—420.*

«Русское Слово», М.— *178, 179.*

Салтыков-Щедрин, М. Е. Дневник провинциала в Петербурге.— 83—84.

— *Убежище Монрепо.— 131—132.*

С.-Петербург, 25 октября. [Передовая].— «Речь», Спб., 1911, № 293 (1889), 25 октября (7 ноября), стр. 1—2.— *46.*

С.-Петербург, 21 марта. [Передовая].— «Речь», Спб., 1912, № 79 (2033), 21 марта (3 апреля), стр. 1.— *243, 245—247, 261—262, 275, 313—314, 350.*

С.-Петербург, 28 марта. [Передовая].— «Речь», Спб., 1912, № 84 (2038), 28 марта (10 апреля), стр. 1—2.— *264, 266—267.*

С.-Петербург, 16 июня. [Передовая].— «Речь», Спб., 1912, № 162 (2116), 16 (29) июня, стр. 1.— *410—413.*

С.-Петербург, 19 июля. [Передовая].— «Речь», Спб., 1912, № 195 (2149), 19 июля (1 августа), стр. 1.— *523.*

«С.-Петербургские Ведомости», 1908, № 24, 29 января (11 февраля), стр. 2.— *52—53, 55—56, 98—99, 132, 220, 424.*

— 1912, № 152, 7 (20) июля, стр. 4.— *456.*

«Свет», Спб.— *308.*

Свод отчетов фабричных инспекторов за 1905 год. Спб., тип. Киршбаума, 1908. XXV, 117 стр. (М. Т. и П. Отдел промышленности).— *481—482.*

Северянин, А. 11 лет... и все то же самое!— «Русские Ведомости», М., 1912, № 110, 15 мая, стр. 3.— *355, 379.*

Скептик. Теория и практика.— «Речь», Спб., 1912, № 106 (2060), 19 апреля (2 мая), стр. 2.— *407.*

«Слово», Спб., 1909, № 791, 10 (23) мая, стр. 3.— *313—314.*

«Современник», Спб.— *274.*

[*Сообщение о совместных совещаниях большевиков, меньшевиков-партийцев и ликвидаторов по вопросу о подготовке проведения выборов в IV Государственную думу*].— «Невский Голос», Спб., 1912, № 6, 5 июля, стр. 3, в отд.: Избирательная кампания.— *507.*

(«L'Avenir») («Будущее»), Paris.— *18, 25, 387.*

— 1911, N 5, 19 novembre, p. 1—2.— *18.*

— 1911, N 9, 17 decembre, p. 2.— *25.*

— 1912, N 32, 26 mai, p. 3.— *387.*

«Gazeta Robotnicza», Warszawa.— *429.*

Cunow, H. Die revolutionäre Zeitungsliteratur Frankreichs während der Jahre 1789—94. Ein Beitrag zur Geschichte der französischen Klassen- und Parteikämpfe gegen Ende des 18. Jahrhunderts. Berlin, Buchh. Vorwärts, 1908. II, 328 S.— *16—17.*

«Czerwony Sztandar», Warszawa, 1912, N 187, czerwcu, s. 9—10.— *435—436.*

Jellinek, G. Die Erklärung der Menschen- und Bürgerrechte. Ein Beitrag zur modernen Verfassungsgeschichte. 2., erweiterte Aufl. Leipzig, Duncker u. Humblot, 1904. XI, 65 S. (Staats und völkerrechtliche Abhandlungen. Begründet von G. Jellinek u. G. Meyer, hrsg. von G. Jellinek u. G. Anschütz).— *125—126.*

Lassalle, F. [*Brief an K. Marx und F. Engels.* 27. Mai 1859].— In: Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. IV. Briefe von F. Lassalle an K. Marx und F. Engels. 1849 bis 1862. Stuttgart, Dietz, 1902, S. 153—171.— *100.*

*[*Lenin, V. I.*] *Der Anonymus aus dem «Vorwärts» und die Sachlage in der sozialdemokratischen Arbeiterpartei Rußlands.* [Paris, «Ideal», 1912]. 12 S.— *280—281, 493—495, 499—500.*

— *Zur gegenwärtigen Sachlage in der sozialdemokratischen Arbeiterpartei Rußlands.* Dargestellt von der Redaktion des Zentralorgans (Sozialdemokrat) der sozialdemokratischen Arbeiterpartei Rußlands. [Leipzig], Druck der Leipziger Buchdruckerei A. G., 1912. 16 S.— *510—512, 514.*

«Le Peuple», Bruxelles.— *444.*

Politische Wochenschau.— «St.-Petersburger Zeitung», 1912, Nr. 126, 6 (19) Mai. 1. Beiblatt, S. [1].— *380—382.*

«Revue Scientifique», Paris, 1912, N 1, 6 juillet, p. 24.— *518—520.*

[*Roubanovitch, I. A.*] *Le 1-er Mai en Russie.*— («L'Avenir») («Будущее»), Paris, 1912, N 32, 26 mai, p. 3.— *387.*

«St.-Petersburger Zeitung», 1912, Nr. 126, 6 (19) Mai. 1. Beiblatt, S. [1].— *380—382.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиялары көрсетілген.

партиялық Август блогына қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — центрист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды; эмиграцияда жүріп Советтік Россияға қарсы қарулы интервенция жасауды жақтады.— *10, 231, 431, 458—471, 510—511.*

II Александр (Романов) (1818—1881) — орыс императоры (1855—1881).— *288, 289, 335.*

Александров, М. С.— қараңыз: Ольминский, М. С.

Алексинский, Г. А. (1879 ж. туған) — өзінің саяси қызметінің бас кезінде — социал-демократ. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде большевиктерге жақындасып жүрді. II Мемлекеттік думаның депутаты болды. Реакция жылдарында — шақырымпаз, Капридегі (Италия) фракциялық мектептің лекторы, антипартиялық «Вперед» тобын ұйымдастырушылардың бірі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — барып тұрған социал-шовинист, бірсыпыра буржуазиялық газеттерге қатысып тұрды. 1917 жылы Плехановтың «Бірлік» тобына кіріп, контрреволюциялық позиция ұстады. 1917 жылдың июлінде әскери контрразведкамен бірлесіп жалған документтер жасап, В. И. Ленин мен большевиктерге жала жапты. 1918 жылдың апрелінде шетелге қашып кетті. 1920 жылы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Жоғарғы революциялық трибуналы контрреволюциялық «Тактикалық орталық» ұйымының ісі бойынша сырттай соттап, Советтік Россияға келу правосынан айырды. Эмиграцияда әсіре реакция лагеріне қосылды.— *231, 432.*

Андреев, Н. Н.— қараңыз: Николин, Н.

Андрейчук, М. С. (1866 жылы туған) — ауқатты шаруа; Волынь губерниясынан III Мемлекеттік думаның депутаты; партияда жоқ. Думада азық-түлік, балық аулау жөніндегі және басқа комиссияларға сайланды.— *132.*

Антоний Волынский (Храповицкий, А. П.) (1863—1936) — барып тұрған қаражүздік, орыс православие шіркеуінің әсіре оңшыл бағытының басшысы, патша өкіметінің реакциялық саясатын жүргізушілердің аса көрнектілерінің бірі. 1902 жылдан Волынь епископы, кейінірек — Харьков архиепископы болды. Азамат соғысы мен шетел соғыс интервенциясы кезінде Деникинмен ынтымақ жасады. Контрреволюция талқандалғаннан кейін шетелге қашып кетіп, онда монархияшыл эмиграция лидерлерінің бірі болды.— *314.*

Аракчеев, А. А. (1769—1834) — патша самодержавиесінің ең реакцияшыл өкілдерінің бірі, граф, I Александр тұсында әскери

министр, дорекілігімен және қаталдығымен көзге түсті, Россияның ішкі және сыртқы саясатына аса зор ықпал жасап отырды. Реакциялық полицейлік озбырлықтың, ұрдажық соғысқұмарлықтың, тыңшылықтың, парақорлықтың, параға сатып алушылықтың және қатыгез қазымыр формалистиканың — «аракчеевтік» режим дейтіннің тұтас бір дәуірі Аракчеевтің есімімен байланысты.— *284.*

Астраханцев, Е. П. (1875 жылы туған) — социал-демократ, Ижевск қару-жарақ заводының слесары. 1907 жылы Вятка губерниясынан III Мемлекеттік думаға сайланды. Социал-демократиялық фракцияға кірді, меньшевиктерге қосылды; жойымпаздардың «Живое Дело» газетіне қатысып жүрді.— *50, 236.*

Б

Бакунин, М. А. (1814—1876) — халықшылдық пен анархизм идеологтарының бірі. 1840 жылдан шетелде тұрды, Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысты. I Интернационалға кірді, онда марксизмнің барып тұрған жауы ретінде әрекет етті.

Бакунин пролетариат диктатурасын да қоса мемлекет атаулыны теріске шығарды, пролетариаттың бүкіл дүние жүзіліктарихи ролін түсінбеді, жұмысшы табының тәуелсіз саяси партиясын құруға ашық қарсы шығып, жұмысшылардың саяси қызметке қатысудан тартынуы туралы доктринаны қорғады. К. Маркс пен Ф. Энгельс Бакунинге қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізді, жұмысшы қозғалысымен сыйыспайтын ұсақ буржуазиялық секанттық болып табылатын бакунизмнің реакциялық мәнін әшкереледі. Жікшілдік әрекеті үшін Бакунин 1872 жылы Интернационалдан шығарылды.— *286, 466.*

Балабанова, А. И. (1878 жылы туған) — социал-демократ. 1897 жылы шетелге кетіп, онда «Орыс социал-демократтарының одағына» қосылды. РСДРП II съезінен кейін — меньшевик. Италия социалистік партиясында елеулі роль атқарды: оның орталық органы «Avanti!» («Алға!») редакциясына кірді, Италия социалистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі және оның Халықаралық социалистік бюродағы өкілі болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде центристік позиция ұстады; Циммервальд және Кинталь конференцияларының жұмысына қатысты, Циммервальд бірлестігіне кірді. 1917 жылы Россияға келді; большевиктер партиясына кірді. Коминтерннің бірінші конгресіне кеңесші дауыспен қатысты. Бұрынғы меньшевиктік позициясын ұстауына байланысты 1924 жылы Балабанова РКП(б) қатарынан шығарылды.— *454.*

Бебель (Bebel), *Август* (1840—1913) — герман социал-демократиясының және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса

жариялады, «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк емес» деген оппортунистік формуланы ұсынды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинистік позиция ұстады. Бернштейн кейінгі жылдарда империалистік буржуазияның саясатын қолдай берді, Октябрь социалистік революциясына және Совет мемлекетіне қарсы шықты.— *78.*

Бирон, Э. И. (1690—1772) — Анна Ивановна патшалық құрған дәуірде оған жағып дегенін жүргізген адам, Курляндияның ұсақ дворяндарынан шыққан. Ресми қызметі және орыс азаматы болмай-ақ, Россияның ішкі саясатына және ішінара сыртқы саясатына үлкен ықпал жасаған. Елде террорлық режим орнатып, мемлекеттік аппаратты немістендіру саясатын жүргізді, өз жағдайын орыс қазынасын тонау үшін, пара алып, алыпсатарлық жасау үшін пайдаланды. Анна Ивановна өлгеннен кейін біраз уақыт мемлекеттің регенті болды; 1740 жылы сарай төңкерісінің нәтижесінде орнынан түсірілді.— *284.*

Биссолати (Bissolati), *Леонида* (1857—1920) — Италия социалистік партиясын құрушылардың және оның әсіре оңшыл реформистік қанаты лидерлерінің бірі. 1896—1904 және 1908—1910 жылдары социалистік партияның орталық органы «Avanti!»-дің («Алға!») редакторы болды. 1897 жылдан — парламент мүшесі. 1912 жылы Италия социалистік партиясынан шығарылғаннан кейін «социал-реформистік партия» құрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист, Италияның Антанта жағында соғысқа қатысуын жақтаушы. 1916—1918 жылдары портфельсіз министр ретінде үкіметке кірді.— *236, 453—454, 470—471.*

Бланк, Р. М. (Р. Б.) (1866 жылы туған) — публицист, мамандығы бойынша химик. Орыс либерал буржуазиясының органы «Освобождение» журналында қызмет етті, редакция құрамына кірді, сонан соң іс жүзінде «Наша Жизнь» газетінің редакторы болды, солшыл кадеттік «Товарищ» газетіне ат салысты. Кадеттердің, халықтық социалистер мен жойымпаз-меньшевиктердің журналы «Запросы Жизнидің» редакторы болды. В. И. Ленин Бланкты кадеттік саясаттың барып тұрған жақтаушысы деп сипаттап, оның көзқарастарының контрреволюциялық мәнін әшкереледі.— *268, 275, 348—350, 525.*

Богданов, А. (Малиновский, А. А., Максимов, Н.) (1873—1928) — социал-демократ, философ, социолог, экономист, білімі жөнінен дәрігер. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында шақырымпаздарды басқарды, антипартиялық «Вперед» тобының лидері болды. Философия мәселелерінде өз системасын — «эмпириомонизмді» (субъективтік-идеалистік махистік философияның бір түрін) құруға тырысты; Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбегінде бұл системаны қатты сынға

алды. «Пролетарий» газетінің кеңейтілген редакциясының 1909 жылы июньде болған кеңесінде Богданов большевиктер қатарынан шығарылды. Октябрь социалистік революциясынан кейін «Пролеткультті» ұйымдастырушылардың және оның басшыларының бірі болды. 1926 жылдан — өзі құрған Қан құю институтының директоры.— *78, 231.*

Брентано (Brentano), *Луйо* (1844—1931) — немістің буржуазияшыл экономисі, 1896 жылдан Мюнхен университетінде саяси экономия профессоры; тап күресінен бас тартуды уағыздаған және реформистік кәсіподақтар ұйымдастыру арқылы, фабрикалық заң шығару арқылы капиталистік қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтарды шешу, жұмысшылар мен капиталистердің мүдделерін жарастыру мүмкіндігін уағыздаған «катедер-социализмнің» басты өкілдерінің бірі. Аграрлық мәселеде егіншіліктегі ұсақ шаруашылықтың тұрақтылығы жөніндегі реакциялық «теорияны» және жалған ғылыми буржуазиялық «топырақ құнарлылығының кеми беру заңын» қорғады. Өмірінің соңғы жылдарында — империализмнің ашықтан-ашық жаршысы.— *333.*

Бронштейн, П. А.— қараңыз: Чацкий, Ю.

Булгарин, Ф. В. (1789—1859) — реакцияшыл журналист, жазушы. 1825 жылдан — жартылай ресми «Северная Пчела» газетін шығарушы және оның редакторы. Өзінің очерктерінде, романдарында, әдеби-сын мақалаларында патшаға құлшылық ету идеяларын уағыздады. I Николайдың саяси полициясының сенген адамы болды, домалақ хаттар жазумен және сол замандағы прогресшіл журналдар мен алдыңғы қатарлы жазушыларға жала жабумен шұғылданды.— *280.*

Бурбондар — 1589 жылдан 1792 жылға дейін, 1814—1815 және 1815—1830 жылдары Францияда билік жүргізген король әулеті— *92.*

Буренин, В. П. (1841—1926) реакцияшыл публицист және әдебиетші. 1876 жылдан «Новое Время» газетінің редакциясына кірді, «нововремяшылдардың» сатқын әдеби тобын басқарды. В. И. Ленин айтыстың ар-ұятсыз әдістерін көрсету үшін Бурениннің есімін жиі қолданды.— *280.*

Бурцев, В. Л. (1862—1936) — 80-жылдардағы революциялық қозғалысқа қатысты, халық ерікшілеріне жақын болды. Тұтқынға алынғаннан кейін шетелге қашып кетіп, онда революциялық қозғалыстың документтерін жинап, жариялаумен шұғылданды. «Былое» журналын шығарып тұрды. Бірінші орыс революциясы алдында эсерлерге жақын болды, революция жеңілгеннен кейін кадеттерді қолдады. 1911 жылдың октябрінен 1914 жылдың январына дейін — либерал-буржуазиялық «Будущее» газетінің редакторы. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — барып тұрған

шовинист, патша өкіметіне қарсы оппозицияда болу атаулыдан бас тартты. Россияға қайтып келгеннен кейін большевиктерге қарсы шығып, контрреволюция жағында әрекет жасады. Октябрь социалистік революциясынан кейін шетелге эмиграцияға кетіп, СССР-ге қарсы күресу үшін ақ гвардиялық-монархистік ұйымдар құруға қатысты.— *18, 378.*

В

Варский, Адольф (Варшавский, А. С.) (1868—1937) — поляк революциялық қозғалысының ең байырғы және көрнекті қайраткерлерінің бірі. 80-жылдардың аяқ кезінде «Поляк жұмысшылары одағын» ұйымдастырушылардың бірі болды, Польша Корольдігі социал-демократиясын (1900 жылдан Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясын) құруға белсене қатысты. РСДРП IV (Бірігу) съезінің делегаты. Съезден кейін РСДРП Орталық Комитетінің құрамына кірді. Партияның V съезінде Орталық Комитетке мүше болып сайланды. 1909—1910 жылдары РСДРП Орталық Органы — «Социал-Демократ» газеті редакциясының құрамына кірді. В. И. Ленин бұл дәуірде Варскийді «тәжірибелі әдебиетші, ақылды марксист және тамаша жолдас» (Шығармалар, 36-том, 145-бет) деп сипаттады. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — интернационалист. 1917 жылы Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының басшылығы құрамына кірді. Польша Коммунистік жұмысшы партиясын құрушылардың бірі және оның Орталық Комитетінің мүшесі, поляк сеймінің депутаты болып сайланды, сеймнің коммунистік фракциясының председателі болды. 1929 жылы СССР-ге эмиграцияға келді; Маркс — Энгельс — Ленин институтында жұмыс істеп, поляк жұмысшы қозғалысының тарихын зерттеумен шұғылданды.— *236.*

Витте, С. Ю. (1849—1915) — патшалық Россияның «әскери-феодалдық империализмінің» мүдделерін білдіруші мемлекет қайраткері, самодержавиені жапып сала жақтады, либерал буржуазияға азын-аулақ жеңілдіктер жасау арқылы және халыққа қатаң жазалар қолдану арқылы монархияны сақтап қалуға тырысты; 1905—1907 жылдардағы революцияны басып-жаныштауды ұйымдастырушылардың бірі. Қатынас жолдары министрі (1892 жылғы февраль — август), финанс министрі (1892—1903), Министрлер советінің председателі (октябрь, 1905 — апрель, 1906) болып тұрғанда Витте финанс, баж салығы саясаты, темір жол құрылысы, фабрикалық заңдар шығару салаларында жүргізген шаралары арқылы, шетел капиталының енуін барынша көтермелеуі арқылы Россияда капитализмнің дамуына және оның империалистік державаларға тәуелділігінің күшеюіне себепші болды. «Министр-маклер», «биржа агенті»— деп сипаттады оны В. И. Ленин.— *106—109, 112—114.*

Г

Гаазе (Haase), *Гуго* (1863—1919) — герман социал-демократиясы лидерлерінің бірі, центрист. 1911 жылы Герман социал-демократиялық партиясы басқармасының председателі болып сайланды. 1897—1907 және 1912—1918 жылдары рейхстаг депутаты. 1912 жылдан — рейхстагтағы социал-демократиялық фракцияның председателі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде центристік позицияларда болды. 1917 жылы Каутскиймен бірлесіп, Германияның тәуелсіз социал-демократиялық партиясын құрды. Ленин Гаазені және неміс «тәуелсіздер» партиясының басқа да лидерлерін «малай жандар, доктринерлер, қорқақтар, буржуазияның жігерсіз жәрдемшілері және реформистер» (Шығармалар, 29-том, 565-бет) деп атады. Германияда 1918 жылы болған Ноябрь революциясы кезінде Гаазе революциялық қозғалысты басып-жаншу саясатын жүргізген Халық уәкілдерінің советі дейтіннің құрамына кірді.— *502.*

Гайдаров, И. И. (1879 жылы туған) — инженер, Дағыстан облысы мен Закаталье округінен III Мемлекеттік думаның депутаты. Думаның мұсылман тобына кірді. Біраз уақыт социал-демократиялық фракцияның да мүшесі болды. Думада жер, жұмысшы мәселесі жөніндегі, қатынас жолдары және басқа комиссияларға сайланды.— *371.*

Гегель (Hegel), *Георг Вильгельм Фридрих* (1770—1831) — немістің аса ірі философы — объективтік идеалист, неміс буржуазиясының идеологы. Диалектикалық материализмнің теориялық негіздерінің бірі болған диалектиканы терең және жан-жақты талдап жасауы Гегельдің сіңірген тарихи еңбегі болды. Алайда Гегель диалектикасының идеалистік сипаты болды. Бұл диалектика Гегельдің консервативтік, метафизикалық системасымен тығыз байланысты еді. Өзінің әлеуметтік-саяси көзқарастары жағынан Гегель конституциялық монархияны жақтаушы болды.

Гегельдің негізгі шығармалары: «Рух феноменологиясы», «Логика ғылымы», «Философиялық ғылымдар энциклопедиясы» және басқалар.— *285.*

Гегечкори, Е. П. (1879 жылы туған) — меньшевик. Кутаиси губерниясынан III Мемлекеттік думаның депутаты, Думадағы социал-демократиялық фракция лидерлерінің бірі. 1917 жылғы ноябрьден — Закавказье контрреволюциялық үкіметінің (Закавказье комиссариатының) председателі, сонан кейін Грузияның меньшевиктік үкіметінің сыртқы істер министрі және үкімет председателінің орынбасары. 1921 жылы Грузияда Совет өкіметі орнағаннан кейін — ақ эмигрант.— *118, 236.*

Герцен, А. И. (1812—1870) — орыстың ұлы революционер-демократы, философ-материалист, публицист және жазушы;

«орыс», «шаруа» социализмінің негізін салушы. Герцен азаттық қозғалысына декабристердің дәстүрін ілгері жалғастырушы дворян революционері болып аяқ басты. 1829—1833 жылдары Москва университетінде болған кезінде XVIII ғасырдағы революцияшыл ойшылдар мен социалист-утопистердің саяси және теориялық ілімдерін оқып-үйренуші алдыңғы қатарлы, революциялық ниеттегі жастардың үйірмесін басқарды. 1834 жылы үйірменің басқа мүшелерімен бірге тұтқынға алынып, 1835 жылы Пермьге, одан кейін Вяткаға, Владимирге және Новгородқа жер аударылды. 1842 жылы айдаудан қайтып келгеннен кейін Москвада тұрды. Оның осы уақытта жазған «Ғылымдағы дилетантизм», «Табиғатты зерттеу туралы хаттар» деген философиялық еңбектері орыстың материалистік философиясын дамытуда маңызды роль атқарды. 1847 жылдың январында патша үкіметінің қуғындауына байланысты Герцен эмиграцияға кетті. 1852 жылы Лондонда орыс баспаханасын құрып, шетелде орыстың еркін баспасөзінің негізін салды. Революциялық бірнеше прокламация, кітапшалар мен мақалалар шығарғаннан кейін 1855 жылы «Полярная Звезда» альманағын, ал 1857 жылы Н. П. Огаревпен бірге — «Колоколды» шығара бастады.

Герценнің орыс азаттық қозғалысының тарихындағы роліне В. И. Ленин «Герценді еске түсіру» деген мақаласында (осы томның 284—291-беттерін қараңыз) баға берді.— *277, 284—291, 445.*

Герценштейн, М. Я. (1859—1906) — буржуазияшыл экономист, Москва ауыл шаруашылық институтының профессоры, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі, оның аграрлық мәселе жөніндегі теоретигі. І Мемлекеттік думаның депутаты. Дума таратылғаннан кейін Финляндияда қаражүздіктер өлтірді.— *127—128, 311.*

Головин, Ф. А. (1867 жылы туған) — земство қайраткері, кадет. 1898 жылдан 1907 жылға дейін Москва губерниялық земство басқармасының мүшесі, кейін оның председателі. Кадеттер партиясын ұйымдастырушылардың бірі. II Мемлекеттік думаның председателі және III Мемлекеттік думаның депутаты болды. Ірі темір жол концессиясына қатысушы. 1917 жылғы мартта — буржуазиялық Уақытша үкіметтің сарай министрлігі жөніндегі комиссары.— *345—346, 407.*

Гольдман, М. И.— қараңыз: Либер, М. И.

Горев, Б. И. (Гольдман, Б. И., Игорев) (1874 жылы туған) — социал-демократ. 1905 жылы — РСДРП Петербург комитетінің мүшесі, большевик. 1907 жылы меньшевиктерге қосылды. V (Лондон) съезде меньшевиктерден РСДРП Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланды. Жойымпаз-меньшевиктердің органдарына: «Голос Социал-Демократа» газеті мен «Наша Заря» журналына қатысып тұрды. 1910—1911 жылдары—

Орталық Комитеттің Шетелдік бюросының мүшесі және оның секретары. 1912 жылдың августында жойымпаздардың Венада Троцкий шақырған антипартиялық конференциясына қатысып, онда Ұйымдастыру комитетіне сайланды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — қорғампаз, меньшевиктік Орталық Комитеттің мүшесі. 1920 жылдың августында меньшевиктік ұйымнан өзінің шығатынын мәлімдеді. Кейін жоғары оқу орындарында оқытушылық жұмыста болды.— *40—41, 232—233, 396.*

Гриевз, Джон Эдуард — 1884 жылы Таврия губерниясының Бердянск қаласында ауыл шаруашылық машиналары заводын құрған ағылшын азаматы.— *407.*

Гурвич, Ф. И.— қараңыз: Дан, Ф. И.

Гуревич, Э. Л. (Смирнов, Е.) (1865 жылы туған) — социал-демократ, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, жойымпаз-меньшевиктердің «Наша Заря» журналын ұйымдастырушылардың бірі және оның қызметкері.— *278.*

Гучков, А. И. (1862—1936) — ірі капиталист, октябристер партиясын ұйымдастырушы және оның лидері. 1905—1907 жылдардағы революция дәуірінде революциялық қозғалысқа қарсы шығып, үкіметтің жұмысшы табы мен шаруаларға аяусыз жазалар қолдану саясатын қолдады. 1910—1911 жылдары — III Мемлекеттік думаның председателі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Орталық соғыс-өнеркәсіп комитетінің председателі және Қорғаныс жөніндегі ерекше кеңестің мүшесі болды. 1917 жылы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында соғыс және теңіз министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы белсене күрес жүргізді, ақ эмигрант.— *28, 55, 106—108, 114, 188—275, 337, 399, 409.*

Гушка, А. О.— қараңыз: Ерманский, А.

Гюисманс (Huysmans), *Камиль* (1871—1968) — Бельгия жұмысшы қозғалысының ең байырғы қайраткерлерінің бірі; филология профессоры, журналист. 1904—1919 жылдарда — II Интернационалдың Халықаралық социалистік бюросының секретары, центристік позиция ұстады. Бельгия үкіметінің құрамына бірнеше рет кірді, 1946—1947 жылдарда—премьер-министр. 1910 жылдан — парламент депутаты; 1936—1939, 1954—1959 жылдарда — депутаттар палатасының председателі. Соңғы жылдарда социалистік партиялардың КПСС-пен байланыс орнатуын, халықаралық жұмысшы қозғалысының бірлігін жақтаған пікірлер айтты.— *238—242.*

Д

Дан (Гурвич), Ф. И. (1871—1947) — меньшевиктер лидерлерінің бірі. РСДРП-ның IV (Бірігу), V (Лондон) съездеріне және бірқатар конференцияларына қатысты. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында шетелде жойымпаздар тобын басқарды, жойымпаздық «Голос Социал-Демократа» газетін редакциялады. Бірінші дүние жүзілік соғыс уақытында — қорғампаз. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару комитетінің және бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті. 1922 жылдың басында Совет мемлекетінің бітіспес жауы ретінде шетелге қуылды.— *10, 28, 30, 85—86, 88, 94, 98—99, 173, 182, 230, 249—250, 256, 275, 277, 349, 418, 431, 467.*

Джордж (George), *Генри* (1839—1897) — американ ұсақ буржуазияшыл экономисі және публицисі. Джорджға берілген сипаттаманы Маркстің 1881 жылғы 20 июньде Зоргеге жазған хатынан және «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген еңбектің Америкада басылуына Энгельстің жазған алғы сөзінен (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 137—140-беттер; XVI том, I бөлім, 1937, 286—288-беттер) қараңыз.— *449.*

Дзюбинский, В. И. (1860—1927) — трудовик. Халық еркіншілдігі қозғалысына қатысты. Тобольск губерниясынан III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты; Думада Еңбек тобы лидерлерінің бірі болды.— *119—124.*

Добролюбов, Н. А. (1836—1861) — орыстың ұлы революцияшыл демократы, аса көрнекті әдебиет сыншысы және философ-материалист, Н. Г. Чернышевскийдің ең жақын досы және серігі. 1857 жылдың күзінен Добролюбов «Современник» журналының сын-библиография бөлімінің меңгерушісі болды, кейіннен журналдың «Свисток» атты сатиралық бөлімін де басқарды. Самодержавие мен крепостниктік тәртіптің бітіспес жауы, самодержавиелік үкіметке қарсы халық көтерілісін жақтаушы болды. А. И. Герценмен, В. Г. Белинскиймен және Н. Г. Чернышевскиймен қатар Россиядағы революциялық социал-демократияның із ашары болды.— *277, 288.*

Долгоруков, Павел Дм. (1866—1930) — князь, ірі помещик, кадет. 1893—1906 жылдарда — Москва губерниясында уездік дворяндар жетекшісі. Кадеттер партиясын құрушылардың бірі, 1905—1911 жылдары оның Орталық Комитетінің председателі; II Мемлекеттік думадағы кадеттер фракциясының председателі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметіне

қарсы ақ гвардиялық заговорларға белсене қатысушы. Контрреволюциялық әрекеті үшін сотталды.— *97—98.*

Дубровин, А. И. (1855—1918) — қаражүздік «Орыс халқы одағының» ұйымдастырушысы және басшысы, мамандығы бойынша дәрігер. 1905—1907 жылдарда — еврейлерді ойрандау мен террорлық әрекеттерге дем беруші және ұйымдастырушы. Қаражүздік антисемиттік «Русское Знамя» газетін редакциялады. 1910 жылы «Орыс халқы одағы» жікке бөлінгеннен кейін «Одақтың» өз ықпалында қалған бөлегін басқара берді.— *307.*

Думбадзе, И. А. (1851—1916) — патша армиясының генералы, қаражүздік, Кавказдағы орыстандыру саясатын жақтаушы. 1906 жылы Ялта қаласының бас бастығы болып тағайындалды, қаланы өзінің вотчинасына айналдырды, халыққа озбырлық жасады, сот істеріне қол сұқты. 1910 жылы қызметтен босатылды, бірақ көп ұзамай Ялтаның қала бастығы болып қайта тағайындалды.— *127—128.*

Дурново, П. Н. (1844—1915) — патшалық Россияның ең реакцияшыл мемлекет қайраткерлерінің бірі. 1884—1893 жылдарда полиция департаментінің директоры болды; 1900—1905 жылдарда — ішкі істер министрінің орынбасары. 1905 жылғы октябрьде ішкі істер министрі болып тағайындалды, бірінші орыс революциясын басып-жаншу үшін қатал шаралар қолданды, қаражүздік ұйымдардың ойран жасауына дем беріп отырды. 1906 жылдан — Мемлекеттік советтің мүшесі.— *107, 108, 111, 114.*

Е

Егоров, Н. М. (1871 жылы туған) — жұмысшы, Пермь губерниясынан III Мемлекеттік думаның депутаты. Социал-демократиялық фракцияға кірді. Большевиктік жария «Звезда» газетіне жазып тұрды, кейін троцкистерге қосылды. 1913 жылы — жойымпаздардың «Луч» газетінің тұрақты қызметкері. 1917 жылы «аудан аралықшылар» тобына кірді.— *51, 236.*

Ежов, В.— қараңыз: Цедербаум, С. О.

Еллинек (Jellinek), *Георг* (1851—1911) — немістің буржуазияшыл право теоретигі және мемлекет жөніндегі зерттеушісі, Базель университетінің, одан кейін Гейдельберг университетінің профессоры. Империализм жолына түсу дәуірінде капиталистік меншік правосына барынша кепілдік алуға ұмтылған неміс буржуазиясының мүдделерін білдірді. «Осы заманғы мемлекеттің правосы», «Адам мен азамат праволарының декларациясы», «Субъективтік жалпы праволар жүйесі» деген және басқа еңбектердің авторы.— *126.*

З

жойымпаздық басқа басылымдарға қатысып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — қорғампаз. 1917 жылы меньшевиктердің Москва комитетінің мүшесі болды, Москва Советінің Атқару комитетіне және бірінші сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің құрамына кірді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Еңбек музейінде жұмыс істеді.—*5, 143, 166, 240, 530.*

К

Кавелин, К. Д. (1818—1885) — тарихшы және юрист, Москва университетінің (1844—1848) және Петербург университетінің (1857—1861) профессоры, дворяндық-буржуазиялық либерализмнің өкілі. «Современникке», «Отечественные Запискиге» және «Вестник Европыға» қатысып тұрды. 1861 жылғы «шаруалар» реформасын әзірлеу және жүргізу кезінде революциялық-демократиялық қозғалысқа қарсы шықты, самодержавиенің реакциялық саясатын мақұлдады.— *289.*

Каменев, Л. Б. (Розенфельд, Л. Б., Ю. К.) (1883—1936).— партияда 1901 жылдан болды. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Реакция жылдарында жойымпаздар, шақырымпаздар және троцкистер жөнінде ымырашылдық позиция ұстады. 1915 жылы, қамауға алынған кезінде, патша соты алдында империалистік соғыста патша үкіметінің жеңілуін көздейтін большевиктік ұраннан безіп шықты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін партияның социалистік революция жасауға алған бағытына және В. И. Лениннің Апрель тезистеріне қарсы шықты. 1917 жылы октябрьде Зиновьевпен бірге жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде Орталық Комитеттің қарулы көтеріліс туралы шешіміне өзінің келіспейтіндігі туралы мәлімдеме жариялады, сөйтіп буржуазиялық Уақытша үкіметке партияның жоспарларын білдіріп қойды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің председателі, Москва Советінің председателі, Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары; Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі болды. Партияның лениндік саясатына бірнеше рет қарсы шықты: 1917 жылғы ноябрьде меньшевиктер мен эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады, 1925 жылы «жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі, 1926 жылы — антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блок лидерлерінің бірі. 1927 жылы ВКП (б) XV съезі оны троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде партиядан шығарды. 1928 жылы өз қателіктерін мойындағанын мәлімдеп, партияға қайта алынды, алайда антипартиялық әрекетін тоқтатпады, сондықтан 1932 жылы ВКП(б)-дан қайта шығарылды. 1933 жылы партияға қайтадан алынды. 1934 жылы антипартиялық әрекеті үшін партиядан үшінші рет шығарылды.— *113, 465.*

Капустин, М. Я. (1847—1920) — октябрист, мамандығы бойынша дәрігер. II және III Мемлекеттік думалардың депутаты; III Думада председательдің орынбасары болып сайланды.— *60.*

Караваев, А. Л. (1855—1908) — Шаруалар одағының көрнекті қайраткерлерінің бірі, земство дәрігері. Екатеринослав қаласынан II Мемлекеттік думаға сайланды, онда трудовиктер фракциясын басқарды; аграрлық комиссияның мүшесі болды. Шаруалар мәселесі жөніндегі бірқатар кітапшалардың («Партия мен шаруалар Мемлекеттік думада», «Үкіметтің жер жөніндегі уәделері және шаруалар депутаттарының талаптары», «Жер жөніндегі жаңа заңдар») авторы. Екатеринославта қаражүздіктер өлтірді.—*311.*

Караулов, В. А. (1854—1910) — кадет, мамандығы бойынша юрист. Енисей губерниясынан III Мемлекеттік думаның депутаты; Лениннің жазғанындай, Думада «аузынан екі жүзділік бос сөз түспейтін нағыз пасық контрреволюцияшыл кадеттердің арасынан... алдыңғы орындардың бірін» алды (Шығармалар толық жинағы, 20-том, 106-бет).—*46, 314.*

Кассо, Л. А. (1865—1914) — барып тұрған реакционер, ірі помещик, Харьков университетінің, одан кейін Москва университетінің азаматтық право профессоры. 1910 жылдан 1914 жылға дейін халық ағарту министрі болды. Әсіре реакцияшыл саясат жүргізді, жаңа университеттердің ашылуына кедергі жасады, студенттердің одақтары мен жиналыстарына тыйым салды, революцияшыл студенттер мен прогресшіл профессорларды қатаң жазалады. Кассо орта мектептер, сондай-ақ бастауыш мектептер жөнінде де осындай саясат жүргізді (ата-аналар комитеттерін жою, мектептен тыс жерде бақылап жүру, халық мұғалімдерін тікелей инспекцияның тағайындауы, т. с.)— *531, 532.*

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясының және II Интернационал лидерлерінің бірі, алғашқы кезде марксист, кейінірек марксизмнің ренегаты, оппортунизмнің ең қауіпті және зиянды түрі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы. Герман социал-демократиясының теориялық журналы «Die Neue Zeit»-тің («Жаңа Заман») редакторы.

Социалистік қозғалысқа 1874 жылдан қатыса бастады. Бұл кезде оның көзқарасы лассальшылдықтың, жаңа мальтусшілдіктің және анархизмнің қойыртпағы болатын. 1881 жылы К. Маркспен және Ф. Энгельспен танысып, олардың ықпалымен марксизмге көшті, алайда сол кездің өзінде-ақ оппортунизм жағына қарай ауытқушылық көрсетті; К. Маркс пен Ф. Энгельс бұл үшін оны қатты сынады. 80—90-жылдары маркстік теория мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер: «Карл Маркстің экономикалық ілімі», «Аграрлық мәселе» және басқаларын жазды, бұл еңбектер, оларда жіберілген қателерге қарамастан, маркс-

измді насихаттауда игі роль атқарды. Кейінірек, революциялық қозғалыс кеңінен өрістеген кезеңде, оппортунизм позициясына көшті. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Каутский социал-шовинизм позицияларында болып, онысын интернационализм туралы сылдыр сөздермен бүркемеледі. Әсіре империализм теориясының авторы. Октябрь социалистік революциясынан кейін пролетарлық революция мен жұмысшы табының диктатурасына, Совет өкіметіне қарсы шықты.

В. И. Ленин өзінің «II Интернационалдың күйреуі», «Империализм — капитализмнің жоғарғы сатысы», «Мемлекет және революция», «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген және басқа бірқатар шығармаларында каутскийшілдікті өлтіре сынады.— *40.*

Келеповский, С. И. (1873 жылы туған) — помещик. Херсон губерниясынан II және III Мемлекеттік думалардың депутаты. Думада оңшылдар фракциясына кірді. Губерниялық және уездік земство мүшесі, бітістіруші судья болды.— *131.*

Кленов — қараңыз: Левицкий, В. О.

Ковалевский, М. М. (1851—1916) — тарихшы, буржуазиялық-либералдық бағыттағы саяси қайраткер. 1880 жылдан — Москва университетінің профессоры. Харьков губерниясынан I Мемлекеттік думаның депутаты болды; кейінірек — Мемлекеттік советтің мүшесі. Кадеттерден гөрі оңшылырақ болған демократиялық реформалар партиясын құрушылардың бірі болды. 1906—1907 жылдары «Страна» газетін шығарып тұрды, 1909 жылдан «Вестник Европы» журналының иесі және редакторы болды, «Запросы Жизни» журналын шығаруға қатысты.

Мына еңбектердің авторы: «Қауымдық жер иелену, оның ыдырау себептері, барысы және салдары», «Семьяның және меншіктің шығуы мен дамуының очеркі», «Қазіргі демократияның шығуы», «Социология» және басқалар.— *268.*

Коган, О. А.— қараңыз: Ерманский, А.

Койген, Ф. М.— қараңыз: Ионов.

Коковцов В. Н. (1853—1943) — патшалық Россиядағы көрнекті мемлекет қайраткерлерінің бірі. 1904 жылдан 1914 жылға дейін (1905—1906 жылдары аз-кем үзіліспен) — финанс министрі, ал 1911 жылдан бастап, Столыпин өлтірілгеннен кейін, Министрлер советі председателінің қызметін де қоса атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — ірі банк епшілі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант.— *129, 345, 349.*

Колюбакин, А. М. (1868—1915) — помещик, земство қайраткері, кадет. III Мемлекеттік думаның депутаты. Кадеттердің

парламенттік фракциясы комитетінің секретары болды, кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі.— *246.*

Крестовников, Г. А. (1855 жылы туған) — октябрист, ірі өнеркәсіп иесі және биржашы. Москва көпестік банк басқармасы мен Москва биржа қоғамының председателі. 1906 жылы сауда-өнеркәсіп буржуазиясынан Мемлекеттік советтің мүшесі болып сайланды.— *328—329.*

Кривошеин, А. В. (1858—1923) — патша чиновнигі. 1905 жылдан — жерге орналастыру және егіншілік істерін бас басқарушының орынбасары, ал одан кейін бас басқарушы, Столыпиннің аграрлық саясатын белсене жүзеге асырды. Министрлер советі мен Мемлекеттік советтің мүшесі, финанс министрінің орынбасары болды. Октябрь революциясынан кейін «оңшыл орталық» дейтіннің — ірі буржуазия мен помещиктердің контрреволюциялық ұйымының басшыларының бірі. 1920 жылы Қырымда ақ гвардиялық үкіметті басқарды. Врангель әскері талқандалғаннан кейін шетелге қашып кетті.— *369.*

Кропотов, А. Е. (1874 жылы туған) — шаруа, трудовик. Вятка губерниясынан III Мемлекеттік думаның депутаты. Думада жер жөніндегі комиссияның мүшесі болды.— *123.*

Крыжановский, С. Е. (1861 жылы туған) — патша чиновнигі. 1885 жылы юстиция министрлігінде, кейінірек — ішкі істер министрлігінде істеді. 1906 жылы ішкі істер министрінің орынбасары болып тағайындалды. Реакциялық заң жобаларының, атап айтқанда 1907 жылғы 3 июнь сайлау заңының авторы ретінде белгілі. 1907 жылдан — сенатор, 1911 жылдан — мемлекеттік секретарь, ал 1917 жылдың январынан — Мемлекеттік советтің мүшесі.— *187.*

Кузнецов, Г. С. (1881 жылы туған) — жұмысшы, меньшевик. Екатеринослав губерниясынан III Мемлекеттік думаның депутаты, социал-демократиялық фракцияға кірді. Жұмысшы мәселесі жөніндегі комиссияның мүшесі.— *21—24, 236.*

Кузьминский, А. М. (1843—1917) — помещик, сенатор. 1881 жылы Петербург округтік сотының председателі болып, ал одан кейін Петербург сот палатасының прокуроры болып тағайындалды. 1900 жылдан — қылмыстық шағым департаментінің сенаторы. Армян — татар қырғынына байланысты Баку мен Баку губерниясында, ал одан кейін еврейлерге жасалған ойранға байланысты Одессада ревизия жүргізді.— *366.*

Куломзин, А. Н. (1838—1924) — патша чиновнигі, экономист. 1891 жылы Сибирь темір жолы комитетінің іс басқарушысы болып тағайындалды. Қоныс аудару мәселесіне байланысты Сибирьге сапар шекті; оның сапары туралы есеп 1896 жылы жеке

кітапша болып шықты. 1915—1916 жылдары — Мемлекеттік советтің председателі. «Англиядағы жер жөніндегі алым», «Россиядағы және Батыстағы темір жол құрылысы», «XVIII ғасырдағы Россиядағы мемлекеттік кірістер мен шығыстар» деген және басқа еңбектердің авторы.—*361.*

Кунов (Cunow), *Генрих* (1862—1936) — немістің оңшыл социал-демократы, тарихшы, социолог және этнограф, профессор. 1917 жылдан 1923 жылға дейін — Герман социал-демократиялық партиясының органы «Die Neue Zeit»-тің редакторы. Алғашқыда марксистерге қосылып жүрді, кейіннен ревизионист және марксизмді бұрмалаушы болды. Ленин оны «империализм мен аннексиялардың неміс апологеті» (Шығармалар, 22-том, 283-бет) деп атады.— *17.*

Кутлер, Н. Н. (1859—1924) — кадеттер партиясының көрнекті қайраткері; финанс министрлігінде істеді, тікелей салық департаментінің директоры болды, кейінірек — егіншілік пен жерге орналастыру министрі. Петербургтен II және III Мемлекеттік думалардың депутаты, кадеттердің аграрлық программасының жобасы авторларының бірі.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Финанс халық комиссариатында істеді.— *130, 141, 417.*

Л

Лабриола (Labriola), *Артуро* (1873 жылы туған) — итальян саяси қайраткері, юрист және экономист; Италиядағы синдикалистік қозғалыс лидерлерінің бірі. Синдикализм теориясы жөніндегі бірқатар кітаптардың авторы, бұл кітаптарында ол өзінің «революциялық синдикализм» дейтін программасын марксизмді «жөндей отырып», марксизмге бейімдеуге тырысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде шовинистік позицияларда болды. 1920—1921 жылдарда — еңбек министрі. 1926—1939 жылдары эмиграцияда болды; фашизмге қарсы шықты. 1948—1953 жылдары — сенатор. 1949 жылы итальян үкіметі агрессияшыл Солтүстік Атлантика пактына қол қойғаннан кейін Лабриола бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысына қосылды. 1950 жылы Бүкіл дүние жүзілік Бейбітшілік Советіне сайланды.— *453.*

Ланде, А. С.— қараңыз: Изгоев, А. С.

Ларин, Ю. (Лурье, М. А.) (1882—1932) — социал-демократ, меньшевик. «Жұмысшы съезін» шақыру жөніндегі оппортунистік идеяны қолдады. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздар лидерлерінің бірі. 1912 жылы Троцкий құрған антипартиялық Август блогына қатысты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды. 1917

жылы августа большевиктік партияға алынды. Октябрь социалистік революциясынан кейін совет және шаруашылық ұйымдарында жұмыс істеді.— *28, 30, 31, 36, 87—88, 89, 91, 94, 101, 181—182, 184, 209, 230, 335—336, 394.*

Лассаль (Lassalle), *Фердинанд* (1825—1864) — неміскің ұсақ буржуазияшыл социалисі, неміс жұмысшы қозғалысындағы оппортунизм түрлерінің бірі — лассальшылдықтың негізін қалаушы. Жалпы герман жұмысшы одағын (1863) құрушылардың бірі болды. Одақтың құрылуының жұмысшы қозғалысы үшін игі маңызы болды, алайда Одақтың президенті болып сайланған Лассаль Одақты оппортунистік жолға бастады. Лассальшылдар жалпыға бірдей сайлау правосы үшін жария үгіт жүргізу арқылы, юнкерлік мемлекет қаржыландырып отыратын өндірістік ассоциациялар құру арқылы «ерікті халықтық мемлекет» құруға жетуді көздеді. Лассаль реакциялық Пруссияның гегемондығымен Германияны «жоғарыдан» біріктіру саясатын қолдады. Лассальшылдардың оппортунистік саясаты I Интернационалдың жұмысына және Германияда шын мәніндегі жұмысшы партиясын құруға кедергі жасады, жұмысшылардың таптық санасын қалыптастыруға бөгет болды.

Лассальшылдардың теориялық және саяси көзқарастарын марксизм-ленинизм классиктері қатты сынға алды (қараңыз: К. Маркс. «Гота программасына сын»; В. И. Ленин. «Мемлекет және революция» және басқа шығармалар).— *100.*

Левицкий, В. О. (Цедербаум, В. О., Кленов) (1883 жылы туған) — социал-демократ, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздық лидерлерінің бірі; меньшевиктік орталыққа кірді, партияны жою туралы «Ашық хатқа» қол қоюшы меньшевиктердің бірі болды; «Наша Заря» журналын редакциялады, «Голос Социал-Демократаға», «Возрождениеге» және басқа меньшевиктік-жойымпаздық мерзімді басылымдарға жазып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — социал-шовинист, қорғампаздардың әсіре оңшыл тобын қолдады. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды, Совет өкіметіне қарсы белсене күресті; 1920 жылы контрреволюциялық «Тактикалық орталықтың» ісі жөнінде сотқа тартылды. Кейінірек әдеби жұмыспен шұғылданды.— *78, 87—88, 92, 104, 181—182, 183, 206, 209, 230, 278, 384, 385, 394—395, 431, 461, 467.*

Ледер, В. Л. (1882—1938) — поляк жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің бірі. 1900 жылдан Польша мен Литва социал-демократиясының мүшесі. 1904 жылы Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының Варшава комитетіне, ал 1905 жылы — Шетелдік комитетіне кірді. 1905 жылдан 1911 жылға дейін — Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Бас басқармасының мүшесі. Бірнеше рет қамауға алынды. 1908 жылы үкіметтің қуғындауына байланысты эми-

рамына кірді. Реакция жылдарында марксизмнен шеттеп, антипартиялық «Вперед» тобына қатысты, марксизмді дінмен жалғастыруды талап етті. В. И. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбегінде Луначарскийдің көзқарастарының қателігін ашып, оларды мықтап сынады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Луначарский интернационализм позициясында тұрды. 1917 жылдың бас кезінде «аудан аралықшылар» тобына кіріп, сол топпен бірге РСДРП VI съезінде партияға алынды. Октябрь социалистік революциясынан кейін, 1929 жылға дейін — халық ағарту комиссары, одан кейін СССР Орталық Атқару Комитеті жанындағы Ғылыми комитеттің председателі. 1933 жылы августа СССР-дің Испаниядағы уәкілетті өкілі болып тағайындалды. Өнер мен әдебиет жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *10, 72, 78, 85, 231, 432.*

Лунин, А. Л. (1867 жылы туған) — кадет, шыққан тегі шаруа. Қазан губерниясынан III Мемлекеттік думаның депутаты.— *60.*

Лурье, М. А.— қараңыз: Ларин, Ю.

Львов, Г. Е. (1861—1925) — князь, ірі помещик, земство қайраткері, кадет. I Мемлекеттік думаның мүшесі, Қиыр Шығыста қоныс аударушыларды орналастыру және ашыққандарға көмек көрсету жөніндегі жалпы земстволық ұйымның басшысы болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — Бүкіл россиялық земство одағының председателі, ал одан кейін — империалистік буржуазия мен помещиктердің ұйымдары — земстволар мен қалалардың біріккен одағы председательдерінің бірі. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — марттан июльге дейін — Уақытша үкіметтің Министрлер советінің председателі және ішкі істер министрі. 1917 жылғы июль күндерінде Петроград жұмысшылары мен солдаттарын қанға бояп жазалаудың инициаторларының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант; Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын ұйымдастыруға қатысты.— *370—371.*

Львов, Н. Н. (Львов 1-ші) (1867—1944) —помещик; В. И. Лениннің берген анықтамасы бойынша — «контрреволюцияшыл дворянсымақ», «сатқын кадеттің үлгісі». «Азаттық одағын» құрушылардың бірі. Кадет партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. Кейінірек — «бейбіт жаңарту» партиясын құрушылардың бірі. I, III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты. III және IV Думаларда «прогрессистер» лидерлерінің бірі ретінде әрекет жасады. 1917 жылы — помещиктер одағы басшыларының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ гвардияшыл журналист, кейінірек — ақ эмигрант.— *131, 276.*

Любимов, А. И. (Марк) (1879—1919) — социал-демократ, революциялық қозғалысқа 1898 жылдан қатысты. 1910 жылы — Ор-

талық Комитеттің Шетелдік бюросының мүшесі, Париждегі ымырашылдар тобын (1911—1914) құрушылардың бірі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — эсіре қорғампаз. 1917 жылы Плехановтың «Бірлік» тобына кірді.— *5.*

Люксембург (Luxemburg), *Роза* (1871—1919) — халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, II Интернационалдың сол қанаты лидерлерінің бірі. Революциялық қызметін 80-жылдардың екінші жартысынан бастады, Польша социал-демократиялық партиясын құрушылардың және оның басшыларының бірі болды, поляк жұмысшы қозғалысы қатарындағы ұлтшылдыққа қарсы шықты. 1897 жылдан герман социал-демократиялық қозғалысына белсене қатысты, бернштейншілдік пен мильеранизмге қарсы күрес жүргізді. Люксембург бірінші орыс революциясына қатысты. (Варшавада), 1907 жылы РСДРП V (Лондон) съезінің жұмысына қатысып, онда большевиктерді қолдады. Бірінші дүние жүзілік соғыстың ең басынан бастап интернационалистік позиция ұстады. Германияда «Интернационал» тобын құрудың инициаторларының бірі болды, бұл топ кейіннен «Спартак» тобы, ал одан соң «Спартак одағы» болып аталды. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін Германия Коммунистік партиясының Құрылтай съезіне басшылық етіп қатысты. 1919 жылғы январьда тұтқынға алынып, Шейдеман үкіметінің бұйрығы бойынша өлтірілді. Ленин Р. Люксембургті жоғары бағалады, оның бірқатар мәселелер жөніндегі қателіктерін талай рет сынады, сөйтіп оның дұрыс позиция ұстауына көмектесті.— *430.*

М

М — л — қараңыз: Исув, И. А.

Макаров, А. А. (1857—1919) — патшалық Россияның реакцияшыл мемлекет қайраткері. 1906 жылы ішкі істер министрінің орынбасары болып тағайындалды. 1907 жылдан — сенатор және полиция реформасы жөніндегі комиссияның председателі. Столыпин өлтірілгеннен кейін, 1911—1912 жылдарда — ішкі істер министрі және жандармдардың шефі. 1912 жылғы апрельде Лена оқиғалары жөнінде Мемлекеттік думада сөз сөйлеп, онда жұмысшыларды атуға айыптыларды ақтай келіп, былай деді: «Осылай болып келді және алдағы уақытта да осылай бола бермек». 1916 жылы — юстиция министрі.— *197, 382—383.*

Маклаков, В. А. (1870—1957) — оңшыл кадет, помещик, мамандығы бойынша адвокат, көптеген саяси процестерде сөз сөйледі. Москвадан II, III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты, кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан

XII съезінде партияға алынды, К. Маркс пен Ф. Энгельс Институтында жұмыс істеді; 1924 жылдан — «Коммунистический Интернационал» журналы редакциясының мүшесі.— *230—231, 277.*

Маслов, П. П. (1867—1946) — экономист, социал-демократ, аграрлық мәселе жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы, бұл еңбектерінде ол марксизмді ревизиялауға әрекет жасады. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды; жерді муниципализациялау жөніндегі меньшевиктік программаны ұсынды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін саяси қызметтен шеттеп, педагогтық және ғылыми жұмыспен шұғылданды. 1929 жылдан — СССР Ғылым академиясының толық мүшесі.— *78.*

Махновец, В. П.— қараңыз: Акимов, В. П.

Мельгозе, Э. И.— 1874 жылы Харьковта ауыл шаруашылығы машиналары заводын құрған неміс азаматы.— *407.*

Меринг (Mehring), *Франц* (1846—1919) — Германия жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, герман социал-демократиясының сол қанатының лидерлері мен теоретиктерінің бірі. Партияның теориялық органы — «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналы редакторларының бірі болды; кейінірек «Leipziger Volkszeitung»-ті («Лейпциг Халық Газеті») редакциялады. Меринг II Интернационал қатарындағы оппортунизм мен ревизионизмге белсене қарсы шықты, каутскийшілдікті айыптады, бірақ оппортунистерден ұйымдық жағынан қол үзуден қорыққан герман солшылдарының қателіктеріне ортақтасты. Интернационализмді дәйекті түрде қорғады, Октябрь социалистік революциясын құттықтады. Революциялық «Спартак одағы» басшыларының бірі болды, Германия Коммунистік партиясын құруда көрнекті роль атқарды.— *39.*

Миклашевский, М. П.— қараңыз: Неведомский, М.

Мильеран (Millerand), *Александр Этьенн* (1859—1943) — француз саяси қайраткері; 80-жылдарда — ұсақ буржуазияшыл радикал; 90-жылдары социалистерге қосылды, француз социалистік қозғалысында оппортунистік бағытты басқарды. 1899 жылы Вальдек-Руссоның реакциялық буржуазиялық үкіметіне кіріп, онда Париж Коммунасын жаныштаған жендет генерал Галифемен істес болды. В. И. Ленин мильеранизмді пролетариат мүдделеріне сатқындық жасау ретінде, ревизионизмнің іс жүзіндегі көрінісі ретінде әшкерелеп, оның әлеуметтік тамырларын ашты.
1904 жылы социалистік партиядан шығарылғаннан кейін Мильеран бұрынғы социалистермен бірге (Бриан, Вивиани) «тәуелсіз социалистер» тобын құрды. 1909—1910, 1912—1913, 1914—1915 жылдары әр түрлі министрлік қызметтерде болды.

П

Петражицкий, Л. И. (1867—1931) — кадеттер партиясы лидерлерінің бірі, юрист және социолог. 1899 жылдан — Петербург университетінің профессоры. I Мемлекеттік думаның депутаты; «Правоның» және «Вестник Праваның» редакторларының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Польшаға эмиграцияға кетті; 1930 жылы Варшава университетінің профессоры болды. Бірқатар юридикалық еңбектердің авторы.— *111.*

Петров, А. (Сидоров, А. П.) (1824 (?)—1861)—Қазан губерниясы Спасск уезіндегі Бездна селосының крепостной шаруасы; Бездна шаруаларының 1861 жылғы «шаруалар реформасына» қарсы наразылығы болып табылған көтерілісін басқарды. Петров шаруаларды помещиктер мен чиновниктерге бағынбауға, міндеткерліктерден және уставтық грамоталарға қол қоюдан бас тартуға, помещик жерлерін басып алуға шақырды. Көтеріліс басып-жаншылғаннан кейін Петров әскери-дала сотының үкімі бойынша атылды.— *290—291.*

*Петров, К. М. (*Петров 3-ші) (1877 жылы туған) — трудовик. мамандығы бойынша әріп теруші. Пермь губерниясынан III Мемлекеттік думаның депутаты; Еңбек тобы фракциясының секретары. Думада қала, жұмысшы мәселесі жөніндегі, бюджет және басқа комиссияларға сайланды.— *52, 119, 123—125, 252.*

Петрункевич, И. И. (1844—1928) — помещик, земство қайраткері, кадет. 1904 жылы либерал-монархиялық «Азаттық одағының» председателі болды. Кадеттер партиясын құрушылардың бірі, оның Орталық Комитетінің председателі, партияның орталық органы — «Речь» газетін шығарушы. I Мемлекеттік думаның мүшесі болды. Петрункевичтің қоғамдық қызметі либерал буржуазияның самодержавие алдында саяси тұрғыдан жағымпазданып, құрдай жорғалаушылығының кәдуілгі көрінісі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант.— *109, 110—112, 114.*

Пикер, А. С.— қараңыз: Мартынов, А.

Плеханов, Г. В. (1856—1918) — орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы. 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымын — «Еңбекті азат ету» тобын құрды. Плеханов халықшылдыққа қарсы күресті, халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ревизионизмге қарсы шықты. 900-жылдардың бас кезінде «Искра» газеті мен «Заря» журналының редакциясына кірді.

1883 жылдан 1903 жылға дейін Плеханов дүниеге материалистік көзқарасты қорғап, насихаттауда үлкен роль атқарған

Р

Трубецкой, Е. Н. (1863—1920) — князь, орыс буржуазиялық либерализмі идеологтарының бірі, философ-идеалист. Киев университетінде, одан кейін Москва университетінде право философиясының профессоры болды. 1906 жылға дейін — кадет. 1906 жылдан — конституциялық-монархиялық «бейбіт жаңарту» партиясын ұйымдастырушылардың бірі. Патша өкіметінің 1905—1907 жылдардағы революцияны тұншықтыруында, елде столыпиндік режимді орнатуда көрнекті роль атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — Россия империализмі идеологтарының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, белсенді деникиншіл.— *106, 107—111, 112, 113—114, 522.*

Труфанов, С. М.— қараңыз: Илиодор.

Турати (Turati), *Филиппо* (1857—1932) — итальян жұмысшы қозғалысының қайраткері, Италия социалистік партиясын (1892) ұйымдастырушылардың бірі, оның оң, реформистік канатының лидері. 1896 жылы парламентке сайланып, онда социалист-реформистер тобын басқарды. Пролетариаттың буржуазиямен таптық ынтымағы саясатын жүргізді; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде центристік позицияларда болды. Октябрь социалистік революциясына дұшпандықпен қарады. Италия социалистік партиясы жікке бөлінгеннен кейін (1922) реформистік Унитарлық социалистік партияны басқарды. 1926 жылы фашистік Италиядан Францияға эмиграцияға кетті.— *453.*

Тургенев, И. С. (1818—1883) — орыстың ұлы жазушысы, орыс әдеби тілін дамытуға көп еңбек еткен адам. Тургенев өз шығармаларында орыстың қоғамдық өміріне тән қайшылықтарды көрсетті. Тургеневтің крепостниктік тәртіпке қарсы асқан наразылығы баяу-либералдық талаптармен ұштасып жатты. Лениннің айтуынша, «Тургенев Добролюбов пен Чернышевскийдің мужиктік демократизмінен жиреніп, монархиялық және дворяндық орташа конституцияға тартты...» (Шығармалар, 27-том, 267-бет).— *289.*

Тышка (Tyszka), *Ян (Иогихес, Лео)* (1867—1919) — поляк және неміс жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері. Польша Корольдігі социал-демократиясын (1900 жылдан — Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы) құрушылардың бірі және осы партияның Бас басқармасының мүшесі болды. Халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ревизионизмге қарсы күрес жүргізді, ұлтшылдыққа қарсы шықты, поляк және орыс пролетариатының бірлескен күресінің қажеттігін қорғады. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты. РСДРП V (Лондон) съезінің жұмысына қатысып, онда Орталық Комитеттің құрамына сайланды. Реакция жылдарында Тышка жойымпаздарды айыптай отырып, алайда бірқатар жағдайларда олар жөнінде

Х

Хвостов, А. Н. (1872—1918) — ірі помещик. Москваның округтік соты прокурорының орынбасары, Туланың вице-губернаторы, ал одан кейін Вологданың және Нижегородтың губернаторы болды. Өзінің қаражүздікшіл сөздері арқылы кеңінен әйгілі болды. Орел губерниясынан IV Мемлекеттік думаның мүшесі. Оңшылдар фракциясы бюросының лидері және председателі. 1915 жылдан 1916 жылға дейін — ішкі істер министрі және жандармдар корпусының шефі.— *197.*

Храповицкий, А. П.— қараңыз: Антоний Волынский.

Ц

Цедербаум, В. О.— қараңыз: Левицкий, В. О.

Цедербаум, С. О. (Ежов, В.) (1879—1939) — социал-демократ, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — белсенді жойымпаз, жойымпаз-меньшевиктердің газеттері мен журналдарына қатысты, жойымпаздардың петербургтік «инициативалық тобы» лидерлерінің бірі болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде—қорғампаз. 1917 жылы меньшевиктік «Вперед» газетіне жазып тұрды.— *67, 209, 356—359, 391—392, 461.*

Цедербаум, Ю. О.— қараңыз: Мартов, Л.

Церетели — князь, дворяндар жетекшісі, Кутаиси уезінің таудағы Кикнавалети қыстағы туралы ішкі істер министріне берілген баяндаманың авторы.— *366.*

Цеткин (Zetkin), *Клара* (1857—1933) — герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Германия Коммунистік партиясын құрушылардың бірі, талантты жазушы, жалынды шешен және трибун. Герман социал-демократиясының сол қанатында болып, Цеткин Р. Люксембургпен, Ф. Мерингпен және К. Либкнехтпен бірге Бернштейнге және басқа да оппортунистерге қарсы күреске белсене қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында революциялық интернационализм позицияларында болды, социал-шовинизмге қарсы шықты. 1916 жылы «Интернационал» тобына, ал одан кейін «Спартак одағына» кірді. 1919 жылдан — Германия Коммунистік партиясының мүшесі; партияның Орталық Комитетіне сайланды. Коммунистік Интернационалдың III конгресінде Коминтерннің Атқару Комитетіне сайланды, оның халықаралық әйелдер секретариатын басқарды. 1924 жылдан — революция күрескерлеріне көмек берудің Халықаралық ұйымы (МОПР) Атқару Комитетінің үзбестен председателі болды.— *39—40, 169.*

Ч

налы Россияның революцияшыл күштерінің үні болды. Чернышевский 1861 жылғы «шаруалар реформасының» крепостниктік сипатын ашу-ызамен әшкереледі, шаруаларды көтеріліске шақырды. 1862 жылы оны патша үкіметі қамауға алып, Петропавловск қамалына қамады, ол мұнда екі жылдай болды, ал одан кейін жеті жылға каторгалық жұмысқа және өмір бойы Сибирьде тұруға кесілді. Чернышевский айдауда 20 жылдан астам болды. Ол өмірінің ақырғы күндеріне дейін әлеуметтік теңсіздікке қарсы, саяси және экономикалық езгінің барлық көріністеріне қарсы жалынды күрескер болып қалды.

Чернышевский саяси экономия, тарих, этика, эстетика саласында бірқатар тамаша шығармалар жазды. Оның әдеби-сын шығармалары орыс әдебиеті мен өнерінің дамуына аса зор ықпалын тигізді. Россиядағы және шетелдегі революционерлердің талай ұрпағы Чернышевскийдің «Не істеу керек?» романынан тәлім-тәрбие алды.— *288--290, 291.*

Чхеидзе, Н. С. (1864—1926) — меньшевиктер лидерлерінің бірі. Тифлис губерниясынан III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты, IV Думадағы меньшевиктік фракцияны басқарды. Ленин Чхеидзені Думада «оппортунистерді қорғаштап, оларға қызмет ете білетіндігін» көрсеткен «партия төңірегінде жүрген социал-демократ» деп атады. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — центрист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде — Мемлекеттік думаның Уақытша комитетінің мүшесі, қорғампаз. Чхеидзе Жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінің председателі, бірінші сайланған Орталық Атқару Комитетінің председателі болды, буржуазиялық Уақытша үкіметті белсене қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін—Грузия Құрылтай жиналысының — контрреволюциялық меньшевиктік үкіметтің — председателі. 1921 жылы, Грузияда Совет өкіметі орнағаннан кейін, Парижге эмиграцияға кетті.— *236, 363—368.*

Ш

Шварц (Элиас, К. Я.) (1886—1963) — латыш социал-демократы, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. 1909—1913 жылдарда — Латыш өлкесі социал-демократиясының Шетелдік комитетінің мүшесі, 1911 жылдан Латыш социал-демократиясының жойымпаздық Орталық Комитетінің РСДРП Орталық Комитетінің Шетелдік бюросындағы өкілі болды. 1910—1914 жылдары «Zihņa» («Күрес») газетінің редакциясына кірді, 1912 жылғы августа жойымпаздардың Венада Троцкий шақырған антипартиялық конференциясына қатысты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Жұмысшы, солдат және жерсіздер депутаттары Советі Атқару Комитетінің мүшесі. Буржуазиялық

Халықтық Советтің (1918—1920), Құрылтай жиналысының мүшесі болды, I, II және III сеймдердің депутаты.— *5.*

Шингарев, А. И. (1869—1918) — кадет, земство қайраткері, мамандығы бойынша дәрігер. 1907 жылдан — кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. Воронеж губерниясынан II және III Мемлекеттік думалардың, ал Петербургтен IV Думаның депутаты; кадеттердің Думадағы фракциясы лидерлерінің бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында егіншілік министрі және оның екінші құрамында финанс министрі.— *124—125, 348.*

Шипов, Д. Н. (1851—1920) — ірі помещик, земство қозғалысының көрнекті қайраткері, октябристер партиясын ұйымдастырушылардың бірі және оның Орталық Комитетінің председателі. 1906 жылы «17 октябрь одағынан» шығып, «бейбіт жаңарту» партиясы лидерлерінің бірі болды; сол жылы Мемлекеттік советтің мүшесі болып сайланды. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды, контрреволюциялық ақ гвардиялық «Ұлттық орталық» ұйымы басшыларының бірі болды.— *106—107, 110.*

Шубинской, Н. П. (1853 жылы туған) — помещик, октябрист. 1900 жылдан — Москва қалалық думасының депутаты. Калязин уезі дворяндарының жетекшісі болды. Тверь губерниясынан III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты.— *345—346.*

Шурканов, В. Е. (1876 жылы туған) — жұмысшы, Харьков губерниясынан III Мемлекеттік думаның депутаты. Социал-демократиялық фракцияның мүшесі. Большевиктік «Звезда» газеті мен жойымпаздық «Живое Дело» газетіне жазып тұрды. Кейіннен анықталғанындай, 1913 жылдан охранка бөлімінің жасырын қызметкері болған.— *236.*

Щ

Щегловитов, И. Г. (1861—1918) — ірі помещик, барып тұрған реакционер. 1906 жылдан 1915 жылға дейін — юстиция министрі. Сотты полициялық өкіметтің нұсқауларына ашықтан-ашық бағындырып, қаражүздік саясат жүргізді. Әскери-дала соттарын енгізудің, үшінші июнь мемлекеттік төңкерісінің, II және IV Мемлекеттік думалардың социал-демократ мүшелерін соттаудың, Бейлис ісінің, тағы сондайлардың инициаторларының бірі болды. 1917 жылы — Мемлекеттік советтің председателі.—*31.*

Э

Элиас, К. Я.— қараңыз: Шварц.

Энгельгардт, А. Н. (1832—1893) — публицист, халықшыл, өзінің қоғамдық-агрономиялық қызметімен және Смоленск губер-

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(Декабрь, 1911— июль, 1912)

1911

Декабрь, 1911— июль, 1912. Ленин Парижде тұрады, содан кейін 1912 жылғы июньде Краковқа көшіп барады. РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясын әзірлеуге және оның жұмысына басшылық етеді, РСДРП-ның Орталық Органы — «Социал-Демократ» газетін редакциялайды, жария большевиктік «Правда» газетін шығаруды ұйымдастырады және оның жұмысына ұдайы басшылық етеді, Россиядағы партия ұйымдарының жұмысына бағыт береді, IV Мемлекеттік думаның сайлауы жөніндегі сайлау науқанына идеялық басшылық етеді.

8 (21) декабрь. Лениннің «Партия дағдарысының шешілуі», «Ұрандар туралы, Думадағы және Думадан тыс социал-демократиялық жұмыстың қойылысы туралы», «Либерал буржуазияның агентурасы», «Столыпиндік «жұмысшы» партиясының лагерінен», «Троцкийдің дипломатиясы туралы және партияшылдардың бір платформасы туралы» және ««Сақтаушылардың» аралық сотының қорытындылары» атты мақалалары «Социал-Демократ» газетінің 25-номерінде жарияланады.

10 (23) декабрь. Лениннің «Ескі мен жаңа» атты мақаласы «Звезда» газетінің 33-номерінде жарияланады.

10 (23) декабрь — 1912 жылғы 6 (19) январь. Лениннің «IV Мемлекеттік думаның сайлау науқаны» деп жалпы ат қойылған мақалалары «Звезда» газетінің 33, 34, 36-номерлерінде (1911) және 1-номерінде (1912) басылады.

Кеш дегенде 14 (27) декабрь. Ленин шетелдегі большевиктік топтардың кеңесіне әзірленеді: партия ішіндегі істердің жайы туралы баяндаманың тезистерін жазумен шұғылданады, баяндама бойынша қарардың жобасын жазады.

14—17 (27—30) декабрь. Ленин Парижде шетелдегі большевиктік топтардың кеңесіне басшылық етеді.

14 (27) декабрь. Ленин кеңесті құттықтау соз сөйлеп ашады, партия ішіндегі істердің жайы туралы баяндама жасайды.

15 (28) декабрь. Ленин кеңесте жарыс сөзге шығып сөйлейді және өз баяндамасы бойынша қорытынды сөз сөйлейді.

16—17 (29—30) декабрь. Ленин партия ішіндегі істердің жайы туралы мәселе бойынша қарардың соңғы текстін жасау жөніндегі жарыс сөзге қатысады. Кеңес Шетелдік ұйым комитетін сайлайды және Лениннің ұсынысы бойынша Шетелдік ұйым комитетіне уставты түпкілікті талдап жасауды және оны бекітуді тапсырады.

Ленин Шетелдік ұйым комитеті өкілінің «Рабочая Газетаның» редакциясына қатысуы туралы мәселені талқылаған кезде сөз сөйлейді.

Ленин Россиялық ұйымдастыру комиссиясын (РҰК) және шақырылатын партия конференциясын қолдау туралы мәселе жөнінде жарыс сөзге шығып сөйлейді. Кеңес Ленин жазған қарарды қабылдайды.

Ленин ұлттық социал-демократиялық ұйымдар өкілдерінің партия конференциясын шақыруға көзқарасы туралы мәселе жөнінде кеңесте соз сөйлейді. Ленин қойған мәселелер РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясының «Жалпы партиялық конференцияда ұлттық орталықтардан делегаттардың болмағандығы туралы» қарарында бейнеленді.

17 (30) декабрьден ертерек. Петербургте большевиктік жария «Просвещение» журналының 1-номері шығып, онда Лениннің «Сайлау науқанының принципті мәселелері» (мақаланың соңы 1912 жылғы январьда «Просвещениенің» 2-номерінде жарияланды), «Конституциялық-демократиялық партияның министрлермен келіс сөздері ту-

ралы әшкерелеулердің басы» және «Үш сұрақ» атты мақалалары басылды.

19 декабрьден (1912 ж. 1 январьдан) ертерек. — Ленин Лейпцигтегі И. А. Пятницкийге жазған хатында Прага конференциясына баратын москвалық делегаттың тұтқынға алынуы мүмкін деген жорамал айтып, басқа өкілді сайлау ісін ұйымдастыруды өтінеді.

22 декабрь (1912 ж. 4 январь). — Лениннің «Ашаршылық және қара Дума» атты мақаласы «Рабочая Газетаның» 7-номерінде жарияланады.

Жылдың аяғы. — Ленин саяси жағдай туралы баяндаманың конспектісін жазады (баяндаманың қандай жағдайда және қай жерде жасалғаны анықталған жоқ).

Декабрь — 1912 жылғы 5 (18) январьға дейін. — Ленин РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясын әзірлеуге басшылық етеді.

1912

5 (18) январьдан ертерек. — Ленин Прага конференциясына қатысатын бір топ делегаттармен әңгімелеседі.

5—17 (18—30) январь. — Ленин РСДРП Бүкіл россиялық VI (Прага) конференциясына басшылық етеді; мәжілістерде председательдік етеді, күніне бірнеше рет сөз сөйлейді, күн тәртібіндегі барлық аса маңызды мәселелер бойынша қарарлардың жобаларын жазады, конференцияның қарарларын редакциялайды.

Кеш дегенде 5 (18) январь. — Ленин конференцияны шақыру жөніндегі Россиялық ұйымдастыру комиссиясының жұмысы туралы қарардың жобасына ескертпелер жасайды; конференцияны заңдастыру туралы сөйлейтін сөзінің конспектісін және осы мәселе жөніндегі қарардың жобасын жазады.

5 (18) январь. — Ленин конференцияны ашқан кезде және оны заңдастыру туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.

5 және 6 (18 және 19) январь. — Ленин конференцияны заңдастыру туралы қарар жобасының 1-пункті бойынша түзетулер жөнінде сөз сөйлейді.

5 және 17 (18 және 30) январь аралығында.	Ленин жойымпаздық туралы және жойымпаздар тобы туралы қарардың жобасын жазады; конференция қарардың жобасын қабылдайды.
6, 7 және 10 (19, 20 және 23) январь.	Ленин конференцияның бес мәжілісінде жергілікті жерлердің баяндамаларынан ескертпелер жазып алып отырады.
6 және 12 (19 және 25) январь аралығында.	Ленин «Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы» баяндама жасайды.
7 (20) январь.	Ленин конференцияның бесінші мәжілісінде Орталық Орган — «Социал-Демократ» газетінің жұмысы туралы сөз сөйлейді және Халықаралық социалистік бюроның жұмысы туралы баяндама жасайды; делегаттардың сұрақтарына жауап береді және жергілікті жерлердің баяндамалары бойынша қарарды талқылаған кезде жарыс сөзге шығып сөйлейді.
	Ленин конференцияның алтыншы мәжілісінде Халықаралық социалистік бюроның жұмысы туралы өзі жасаған баяндама бойынша жарыс сөзде екі рет шығып сөйлейді.
8 (21) январь.	Ленин конференцияның сегізінші мәжілісінде социал-демократтардың ашаршылықпен күресудегі міндеттері туралы мәселе бойынша жарыс сөзге шығып сөйлейді. Бұл мәселе бойынша қарардың Ленин жазған жобасын конференция қабылдайды.
9 және 13 (22 және 26) январь аралығында.	Ленин конференцияның тапсыруы бойынша герман социал-демократиясының герман рейхстагының сайлауында жеңіске жетуіне байланысты оған құттықтау жазады. Құттықтау 1912 жылғы 27 январьда «Vorwärts» газетінің 22-номерінде жарияланады.
10 (23) январь.	Ленин конференцияның он бірінші мәжілісінде шетелдегі партия жұмысы туралы мәселе бойынша жарыс сөзге шығып сөйлейді.
Кеш дегенде 11 (24) январь.	Ленин партияның ұйымдық уставына енгізілетін өзгерістердің жобасын жазады.
11 (24) январь.	Ленин конференцияның он екінші мәжілісінде ұйымдық мәселе бойынша сөз сөйлейді.

	Ленин «Партия жұмысының сипаты және ұйымдық формалары туралы» қарарға түзетулер енгізеді. Конференция партияның ұйымдық уставына енгізілетін өзгерістердің Ленин ұсынған жобасын бекітеді.
12 (25) январь.	Қазіргі кезең және партияның міндеттері туралы қарардың Ленин жазған жобасы конференцияның он бесінші мәжілісінде қабылданады.
12 және 17 (25 және 30) январь аралығында.	Прага конференциясы Ленинді Орталық Комитеттің, Орталық Органның құрамына және РСДРП Орталық Комитетінің Халықаралық социалистік бюродағы өкілі етіп сайлайды.
Кеш дегенде 17 (30) январь.	Ленин ««Петициялық науқан» туралы» қарардың жобасын жазумен шұғылданады.
17 (30) январь.	Ленин конференцияда қорытынды сөз сөйлейді.
19 январь (1 февраль).	Ленин Лейпцигте III Мемлекеттік думаның социал-демократ депутаттарымен кездесіп, оларға Прага конференциясының шешімдерін хабарлайды.
Январьдың аяғы.	Ленин Лейпцигте Л. Н. Толстой туралы реферат оқиды. Ленин бұрынғы «сақтаушылардан», Прага конференциясының шешіміне сәйкес, партияға тиесілі ақшаны алу үшін Лейпцигтен Берлинге барады. Ленин Берлинге барғанында В. В. Адоратскийдікіне түседі; Рейнгардтың драма театрына барады.
Февральдың басы.	Ленин Парижде Финляндиядан келген А. В. Шотманмен Финляндия социал-демократиялық ұйымы туралы әңгімелеседі.
19 февраль (3 март).	Лениннің «Либералдық жұмысшы саясатының органы» атты мақаласы «Звезда» газетінің 11-номерінде жарияланады.
26 февраль (10 март).	Ленин Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисмансқа жазған хатында (француз тілінде) РСДРП Бүкіл россиялық VI конференциясы туралы баяндаманы жі-

бергенін, баяндаманы Халықаралық социалистік бюроның нұсқау-хатында жариялағысы келетінін, өзінің РСДРП-ның Халықаралық социалистік бюродағы өкілі болып сайланғанын хабарлайды.

28 февраль (12 март).	Ленин Берндегі (Швейцария) Г. Л. Шкловскийге жолдаған хатында Швейцарияның барлық қалаларында Прага конференциясының қорытындылары жөнінде реферат оқу қажеттігі туралы жазады, аяқталған конференцияның құрамы мен жұмыс барысы туралы, Россияда партия ұйымдарын конференцияның шешімдерімен таныстыру жөніндегі жұмыстың кең өрістеп отырғаны туралы, жойымпаздармен ажырасу туралы, Бунд пен латыш социал-демократиясының жойымпаздармен бірге конференция шақырмақ ниеті туралы, Думадағы социал-демократиялық фракцияның позициясы туралы хабарлайды.
29 февраль (13 март).	Ленин Берндегі Г. Л. Шкловскийге оның Прага конференциясы туралы рефератына байланысты хат жазады; Парижде жойымпаздардың жиналысы болғанын және онда Прага конференциясының шешімдеріне қарсы қарар қабылданғанын хабарлайды, жойымпаздардың бірігуі мүмкін емес деп сенім білдіреді.
Февраль.	Ленин «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының 1912 жылғы Бүкіл россиялық конференциясы» атты кітапшаны редакциялайды. Кітапшаны 1912 жылғы февральда Парижде РСДРП Орталық Комитеті бастырып шығарды. Ленин Капри аралындағы (Италия) А. М. Горькийге жазған хатында Прага конференциясының қарарларын жіберуге уәде береді, Бірінші май листогын жазуды өтінеді; «Звезда» газетін шығаруға байланысты қиыншылықтарды хабарлайды.
Февраль — март.	Ленин Капри аралындағы А. М. Горькийге жолдаған хатында оған Прага конференциясының қарарларын жібергенін хабарлайды, «Звезда» газеті туралы жазып, Горькийдің осы газетте басылған «Ертегілеріне» тамаша баға береді; жойымпаздардың «Живое Дело»

	газетіне сипаттама беріп, Н. А. Рожковтың қылығын қатты сөгеді.
2 (15) марттан кешірек.	Ленин «Бірігуге қарсы — жойымпаздармен бірге» атты мақала жазады. Мақала 1912 жылғы мартта «Просвещение» журналының 3—4-номерлерінде жарияланған.
4 (17) март.	Лениннің «Саяси партиялар үшінші Думаның 5 жылы ішінде» атты мақаласы «Звезда» газетінің 14-номерінде жарияланады.
5 (18) март.	Лениннің РСДРП Бүкіл россиялық конференциясы туралы Халықаралық социалистік бюроға баяндамасын Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисманс партиялық баспасөзде жариялау үшін № 4 нұсқау-хатпен социалистік партияларға жібереді.
Марттың басы.	Ленин «РСДРП-ның сайлау платформасын» жазады. Платформа 1912 жылғы мартта Россияда жеке листовка болып, ал апрельде шетелде «Социал-Демократ» газетінің 26-номеріне «Қосымша» түрінде басылып шықты.
9 (22) март пен 1 (14) апрель аралығында.	Ленин «Живое Дело» газетінің 8-номеріне белгілер салады, астын сызып, тұс-тұсына сызып қояды; ол мұны өзінің «Либералдық жұмысшы саясатын нашар қорғау» атты мақаласы үшін пайдаланады.
11 (24) март.	Ленин Саратовтағы апасы Анна Ильинична Ульянова-Елизароваға жолдаған хатында антипартиялық шетелдік топтардың РСДРП Прага конференциясы мен оның шешімдеріне қарсы күресі туралы жазады.
12 немесе 13 (25 немесе 26) март.	Ленин «Картаңды аш» атты мақаласын жазады. Ленин «Звезда» газетінің редакциясына жазған хатында «Сайлаушыға көмекші (Біздің сайлау заңымыз)» атты кітапшаны жазу және редакциялау үшін қажет болған 1907 жылғы 3 (16) июньдегі сайлау заңы туралы кітаптарды және басқа да материалдарды өзіне жіберуді өтінеді; газет редакциясы ешқандай сайлау платформасын бекітпеуге тиіс деп нұсқау береді, күнделікті жұмысшы газетінің шығуы, оның көлемі, т. б. жайында сұрайды.

13 (26) март.	Лениннің «Депутат Т. О. Белоусовтың Думадағы социал-демократиялық фракциядан кетуі жөнінде» деген мақаласы «Звезда» газетінің 17-номерінде жарияланады.
13 (26) марттан кешірек.	Ленин ««Vorwärts»-тегі аноним және РСДРП ішіндегі істердің жайы» атты кітапша жазады. Кітапшаны РСДРП-ның Орталық Органы «Социал-Демократтың» редакциясы Парижде 1912 жылы жеке басылым етіп шығарған.
15 (28) март.	Ленин Тифлистегі Г. К. Орджоникидзеге және РСДРП Орталық Комитетінің Орыс бюросының басқа да мүшелеріне жолдаған хатында жергілікті партия ұйымдарының шетелдік орталықпен байланысын күшейту қажеттігін атап көрсетеді, Прага конференциясының қорытындылары жөнінде жасалған баяндамалар мен конференцияның шешімдеріне қосылатыны туралы жергілікті орындардан түсіп жатқан қарарлар жайындағы деректердің жоқтығы туралы жазады, конференция туралы баяндамалар жасап ұйымдарды тезірек аралап шығуды қатты өтініп сұрайды, Россияда конференция туралы «Хабардың» және «РСДРП-ның сайлау платформасының» шығарылуы жөнінде сұрайды, ақша мәселелері туралы, шетелде конференция жөнінде күрес болып жатқаны туралы хабарлайды Л. Троцкийдің 1912 жылғы 26 мартта «Vorwärts» газетінің 72-номерінде басылған жалақорлық мақаласына ашынады.
	Ленин Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисмансқа хат жолдап (француз тілінде), онда жойымпаздардың 1912 жылғы 12 мартта (жаңаша) Парижде өткізген кеңесінің қарарын жібергені үшін алғыс айтады және Прага конференциясының партия жұмысына іріткі салатын жойымпаздар мен түрліше шетелдік топтарды сөккенін хабарлайды, жойымпаздардың өз конференциясын шақырмақ ниеті туралы, Г. В. Плехановтан оған жіберілген Прага конференциясының қарарларына жауаптың болмай отырғанын хабарлайды, Халықаралық социалистік бюроның атына Плехановтан жауап болған жағдайда оны хабарлауды сұрайды.

Марттың ортасы.	Ленин «Звезда» газетінің редакциясына РСДРП-ның сайлау платформасы жөнінде хат жазады.
17 (30) март.	Лениннің «Ашаршылық» және «Шаруалар және IV Дума сайлауы» атты мақалалары «Рабочая Газетаның» 8-номерінде жарияланады.
21 және 26 март (3 және 8 апрель) аралығында.	Ленин «Живое Дело» газетінің 10-номеріне белгілер салады, астын сызады және бөліп-бөліп сызып қояды; Ленин мұны өзінің «Кадеттердің прогрессистермен блогы және оның мәні» атты мақаласында пайдаланды.
23 март (5 апрель).	Ленин Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисмансқа жазған хатында (француз тілінде) Халықаралық социалистік бюроның № 5 нұсқау-хатын алғанын хабарлайды, партияға жатпайтын шетелдік топтардың Халықаралық социалистік бюромен тікелей қарым-қатынас жасауына РСДРП-ның Халықаралық социалистік бюродағы өкілінің ресми наразылық-мәлімдемесін II Интернационалдың барлық партияларының секретарьларына айтып жеткізуді сұрайды.
23 және 26 март (5 және 8 апрель) аралығында.	Ленин «Кадеттердің прогрессистермен блогы және оның мәні» атты мақаласын жазады. Мақала 29 мартта (11 апрельде) «Звезда» газетінің 23-номерінде жарияланған.
25 март (7 апрель).	Ленин Саратовтағы анасы Мария Александровна Ульяноваға жазған хатында жазда Париждің төңірегіне көшкісі келетінін хабарлайды. Көшіп бармады; 1912 жылғы июньде Ленин Краковқа көшіп келді.
30 марттан (12 апрельден) ертерек.	Ленин антипартиялық шетелдік топтардың Прага конференциясының шешімдеріне қарсы шығуына байланысты Халықаралық социалистік бюроның секретары К. Гюисмансқа наразылық-мәлімдеме жазады. Халықаралық социалистік бюро 12 апрельде № 7 нұсқау-хатпен Лениннің мәлімдемесін партиялық баспасөзде жариялау үшін барлық социалистік партияларға жіберді.
Март.	Ленин Шетелдік ұйым комитеті Парижде ұйымдастырған жиналыста Прага конференциясының қорытындылары туралы сөз сөйледі.

Апрельдің басы. Ленин Орталық Комитеттің Орыс бюросының Тифлистегі мүшелеріне жолдаған хатында шетелдік жойымпаздарға қарсы табанды әрі ұдайы күрес жүргізу қажеттігін көрсетеді, жергілікті ұйымдарды аралап шығып, жойымпаздарды әшкерелеуге кеңес береді, РСДРП Прага конференциясының маңызды-маңызды қарарларының бәрін жеке-жеке листок етіп қайта шығаруға кеңес береді, «Известия» газетін шығаруға өте-мөте сақ болып кірісу керектігін атап көрсетеді (бұл газет шығарылмады).

1 (14) апрель. Лениннің «Либералдық жұмысшы саясатын нашар қорғау» атты мақаласы «Звезда» газетінің 24-номерінде жарияланады.

2 (15) апрель. Ленин Парижде А. И. Герценді еске түсіруге арналған кеште реферат оқиды.

3 (16) апрель. Лениннің «Россиядағы қайта дауысқа қою және жұмысшы табының міндеттері» атты мақаласы «Звезда» газетінің 25-номерінде жарияланады.

Ленин РСДРП Киев комитетіне жолдаған хатында шетелдік большевиктік орталықпен байланысты нығайту, орталықпен байланысы бар облыстық комитеттер (немесе кәдімгі сенімді агенттер топтарын) құру қажеттігін атап көрсетеді; Прага конференциясының IV Мемлекеттік думаның сайлауы туралы қарарын қайтадан бастырып шығаруға, сондай-ақ өзінің «Рабочая Газетада» жарияланған «Шаруалар және IV Дума сайлауы» атты мақаласын жеке листок етіп бастырып шығаруға кеңес береді, Троцкийдің «Vorwärts» газетінде Прага конференциясы мен оның шешімдеріне қарсы жалақорлық науқан ашқаны туралы хабарлайды.

6 (19) апрель. Ленин К. Гюисмансқа жолдаған хатында (француз тілінде) орыс социал-демократтарының партияға жатпайтын шетелдік топтарының РСДРП ішіндегі алауыздықтар туралы Халықаралық социалистік бюро арқылы II Интернационал партияларын хабардар ету мақсатымен Халықаралық социалистік бюроға тікелей сөз салуына қарсы наразылық білдіреді және Гюисманстың РСДРП-ның «жалпы» конференциясын шақыру жөніндегі ұсынысына өзінің қарсы екенін білдіреді.

8 және 19 апрель (21 апрель және 2 май). — Лениннің «Либерализм және демократия» атты мақаласы «Звезда» газетінің 27 және 32-номерлерінде жарияланады.

9 (22) апрельден ертерек. — Ленин «Сайлаушыға көмекші (Біздің сайлау заңымыз)» атты кітапшаны редакциялайды.

9 (22) апрель. — Ленин «Звезда» газетінің редакциясына жолдаған хатында «Сайлаушыға көмекші» атты кітапшаға арнап материал жібергенін хабарлайды, «IV Мемлекеттік думаның сайлау науқаны» атты мақаласының II және III тарауларын кітапшада көшіріп басуды ұсынады, кітапшаны қалай шығару жөнінде кеңес береді; жойымпаздардың шабуылдарына жауап беру қажеттігін атап көрсетеді, Плехановтың мақалаларын гранкасынан оқуға жіберіп отыруды және жария газет редакциясының партия конференциясын жақтап пікір айтуға мүмкіндігі жоқ екенін ескере отырып, Плехановтың партия конференциясына қарсы пікір айтып жазуына артықшылықтар бермеуді сұрайды, «Праваданың» бірінші номері шығатын күнін, оның көлемін және газетке жіберуге болатын мақалалардың көлемін сұрайды.

22 апрельден (5 майдан) ертерек. — Ленин күнделікті жария большевиктік «Правда» газетін шығаруды ұйымдастыруға басшылық етеді. Газеттің бірінші номері 22 апрельде (5 майда) шықты.

22 апрель (5 май). — Ленин Берлиндегі В. А. Тер-Иоанисианға жазған хатында Бакуде С. С. Спандарянның тұтқынға алынғанын хабарлап, Спандарян мен оның әкесіне материалдық жәрдем ұйымдастыруды сұрайды.

25 апрель (8 май). — Лениннің «IV Думаның сайлау науқаны және революциялық социал-демократияның міндеттері», «Жойымпаздар партияға қарсы» және «Герценді еске түсіру» атты мақалалары «Социал-Демократ» газетінің 26-номерінде жарияланады.

26 апрель (9 май). — Ленин РСДРП Шетелдік ұйымының Париж секциясының мәжілісінде Лена қырғыны, Россиядағы ереуілдер туралы және партияның осы оқиғаларға байланысты ұстайтын тактикасы туралы баяндама жасайды.

Апрель — июнь.	Лениннің «Ірі капитал ұйымдары туралы анкет» атты еңбегі «Просвещение» журналының 5—7-номерлерінде жарияланады.
6 (19) май.	Лениннің «Европалық Россиядағы жер иемдену» деген мақаласы «Невская Звезда» газетінің 3-номерінде жарияланады.
8 және 9 (21 және 22) май.	Лениннің «Трудовиктер және жұмысшы демократиясы» атты мақаласы «Правда» газетінің 13 және 14-номерлерінде жарияланады.
8 (21) майдан кешірек.	Ленин А. Е. Лосицкийдің «Қауымның ыдырауы» атты кітабына (С.-Петербург, 1912) белгілер салады.
10 (23) майдан ертерек.	Ленин бірнеше күнге Париждеи жүріп кетеді.
10 (23) май.	Лениннің «Россиядағы саяси партиялар» атты мақаласы «Невская Звезда» газетінің 5-номерінде жарияланады.
14 (27) және 20 май (2 июнь).	Ленин Саратовтағы М. А. Ульяноваға оның А. И. Ульянова-Елизарова мен М. И. Ульянованың тұтқынға алынғанын хабарлаған хатын алғанын жазады; қыздары тұтқынға алынғаннан кейін жалғыз қалған Мария Александровнаның денсаулығын ойлап алаңдайтынын айтады.
22 май (4 июнь).	Лениннің ««Россиядағы аграрлық мәселенің» мәні» және «Сайлау алдындағы мобилизацияның кейбір қорытындылары» атты мақалалары «Невская Звезда» газетінің 6-номерінде жарияланады.
24 майдан (6 июньнен) ертерек.	Ленин Б. Н. Книповичтің «Орыс шаруаларының жіктелуі туралы мәселе жөнінде (Егіншілік шаруашылығы саласындағы жіктелу)» атты кітабына (С.-Петербург, 1912) белгілер салады; Б. Н. Книповичке оның кітабы жөнінде хат жазады.
24 май (6 июнь).	Ленин Б. Н. Книповичке жолдаған хатында Книповичтің «Орыс шаруаларының жіктелуі туралы мәселе жөнінде (Егіншілік шаруашылығы саласындағы жіктелу)» деген кітабы жөнінде жазған бірінші хатының жоғалып кеткенін хабарлайды, өзінің бұл кітап жөніндегі ескертпелерін тағы да баяндап жазады.

31 майдан (13 июньнен) ертерек.	Ленин «Россия пролетариатының революциялық өрлеуі» атты рефератының жоспарын жасайды.
31 май (13 июнь).	Ленин РСДРП Шетелдік ұйымының Париж секциясы Alcazar залында ұйымдастырған жиналыста «Россия пролетариатының революциялық өрлеуі» деген тақырыпта реферат оқиды.
	Лениннің «Экономикалық және саяси стачка» атты мақаласы «Невская Звезда» газетінің 10-номерінде жарияланады.
Көктем.	Ленин Парижде орыстың ең байырғы марксист-революционерлерінің бірі В. К. Курнатовскийге жиі-жиі барып жүреді.
3 (16) июнь.	Лениннің «Қоныс аудару мәселесі» атты мақаласы «Невская Звезда» газетінің 11-номерінде жарияланады.
4 (17) июнь.	Лениннің «Революциялық өрлеу», «РСДРП-ның 1912 ж. январьдағы Бүкіл россиялық конференциясының ұрандары және май қозғалысы», «Жойымпаздар революциялық бұқаралық стачкаға қарсы» және ««Біріктірушілер»» атты мақалалары «Социал-Демократ» газетінің 27-номерінде жарияланады.
	Ленин Лейпцигте Россиядағы революциялық өрлеу туралы реферат оқиды.
10 (23) июнь.	Лениннің «Либералдармен біздің айтысымыздың сипаты мен маңызы туралы» атты мақаласы «Невская Звезда» газетінің 12-номерінде жарияланады.
13 (26) июньнен ертерек.	Ленин Россиямен неғұрлым тығыз байланыс жасап, Думадағы большевиктер фракциясына және «Правда» газеті редакциясының жұмысына басшылықты күшейту үшін Париждeн Краковқа көшіп келеді.
17 (30) июнь.	Лениннің «Капитализм және «парламент»» атты мақаласы «Невская Звезда» газетінің 13-номерінде жарияланады.
18 июнь (1 июль).	Ленин Саратовтағы М. А. Ульяноваға жазған хатында оның хатын алғанын және өзінің Краковтағы жаңа адресін — Звежинец көшесі,

	№ 218 үй екенін айтып хабарлайды; Д. И. Ульяновтың адресін жіберуді өтінеді.
19 және 26 июнь (2 және 9 июль) аралығында.	Ленин «Правданың» редакциясына жолдаған хатында «Правда» мен «Невская Звезданың» комплектілері бар пакетті алғанын хабарлайды, «Звезданың» жетіспейтін номерлерін, жаңа кітаптарды және басқа материалдарды, сондай-ақ аграрлық мәселе жөнінде шығатын басылымдардың бәрін жіберуді сұрайды, «Невская Звезданы» шығарудағы ұқыпсыздықтарды атап айтады.
24 июньнен (7 июльден) ертерек.	Ленин Л. Б. Каменевке Россиямен байланысты жолға қою жөнінде хат жазады.
24 июнь (7 июль).	Лениннің «Сайлау және оппозиция» атты мақаласы «Невская Звезда» газетінің 14-номерінде жарияланады.
Июньнің аяғы.	Ленин «РСДРП ішіндегі жағдай және партияның таяудағы міндеттері» атты мақаласын жазады. Мақала 3 (16) июльде «Gazeta Robotnicza»-ның («Жұмысшы Газеті») 15—16-номерлерінде жарияланған.
Июньнің аяғы — июльдің басы.	Ленин И. Ф. Армандқа IV Мемлекеттік думаның Петербургтегі сайлау науқанына қатысуға тапсырма береді.
1 (14) июль.	Лениннің «Петербургтегі сайлаудың маңызы», «Столыпиндік және халықшылдық аграрлық программаларды салыстыру» атты мақалалары «Невская Звезда» газетінің 15-номерінде жарияланады.
6 (19) июль.	Ленин «Правда» газетінің редакциясына жолдаған хатында жұмысқа қажетті кітаптар мен газеттерді ұқыптап жіберіп отыруды сұрайды, «Правдада» IV Мемлекеттік дума сайлауының барысы туралы бөлім ұйымдастыру жөнінде нұсқау береді, Троцкийдің «Правдаға» қарсы залымдық науқанын әшкерелейді.
6 және 28 июль (19 июль мен 10 август) аралығында.	Ленин Р. М. Бланктың (Б.) «Запросы Жизни» журналының 27-номерінде жарияланған заметкасына белгілер салып, астын сызып қояды; өзінің «Либералдардың жорығы» атты мақаласында әлгі заметканы сынға алады.

11 (24) июльден ертерек.	Ленин «Ұсақ айла» (Бланкқа жауап)» және «Өшпес үміттер» атты мақалаларын жазады.
11 (24) июльден ертерек.	Ленин «Правдада» жариялау үшін «Жойымпаздарға жауап» атты заметка жазады, газет редакциясынан IV Мемлекеттік думаның сайлауында жойымпаздарға қарсы неғұрлым батыл күрес жүргізуді талап етеді.
11 (24) июль.	Ленин «Невская Звезда» газетінің редакциясына жолдаған хатында «Правда» мен «Невская Звезда» редакцияларының жұмысын сынайды, жойымпаздармен барынша айтыс жүргізу, өз бетімен мәселелер көтеріп отыру қажеттігін атап көрсетеді; анда-санда редакциялардың тұрақты қызметкерлермен кеңестерін өткізіп отыруды ұсынады.
11 немесе 12 (24 немесе 25) июль.	Ленин Л. Б. Каменевке жолдаған хатында жойымпаздардың «Невский Голос» газетінің 6-номеріне ашынғанын білдіреді; бұл номерде IV Думаның сайлау науқанындағы бірлік туралы мәселе жөнінде жойымпаздармен бірлесіп өткізілген кеңеске большевиктер қатысты деп жалақорлық хабар басылған болатын («Невская Звезда» мен «Правда» газеттерінің редакциялары бұл хабарды бекерге шығарғанды); өзінің Париждеп Краковқа көшіп келуінің жақсы жақтарын атап көрсетеді.
12 (25) июль.	Лениннің «Швейцарияда» атты мақаласы «Правда» газетінің 63-номерінде жарияланады.
12—14 (25—27) июль.	Ленин «Жарты жылдық жұмыстың қорытындылары» атты мақаласын жазады.
15 (28) июль.	Лениннің «Қытайдағы демократия және халықшылдық» атты мақаласы «Невская Звезда» газетінің 17-номерінде жарияланады.
	Лениннің «Итальян социалистерінің съезі» және «Россиялық «сөз бостандығы»» атты мақалалары «Правда» газетінің 66-номерінде жарияланады.
15 немесе 16 (28 немесе 29) июль.	Ленин «Правда» газетінің редакциясына жолдаған хатында өзінің «Жарты жылдық жұмыстың қорытындылары» атты мақаласын жіберіп отырғанын және оны қалай жария-

лау тәртібін көрсеткенін хабарлайды. Мақала 29 және 31 июльде (11 және 13 августа), 1 және 2 (14 және 15) августа «Правданың» 78, 79, 80 және 81-номерлерінде жарияланады.

17 (30) июль.

Ленин Германия социал-демократиялық партиясы Басқармасының IV Думаның сайлауында бірлікке жету мақсатымен РСДРП-ның партиялық «орталықтарының», ұйымдары мен фракцияларының кеңесін шақыру жөніндегі сұрағына РСДРП Орталық Комитетінің жауап хатының текстін жазады. Хат Лениннің «РСДРП ішіндегі қазіргі жағдай жөнінде» атты кітапшасының негізгі мазмұны болды.

19 июльден (1 августан) ертерек.

Ленин 9 ноябрь туралы (тілшінің жауабы) және «Сайлау платформасы туралы» атты мақалаларын жазады.

Ленин «Правда» газетінің редакциясына жолдаған хатында өзінің «Сайлау платформасы туралы» атты мақаласын жібергенін хабарлайды, мақалаға редакциялық өзгерістер жасала қалған жағдайда белгілі шарттар қояды, IV Мемлекеттік думаның сайлау науқанында жойымпаздықпен күресте «Правданың» басшылық позициясын абыроймен қорғап қалу қажеттігін атап көрсетеді.

19 июль (1 август).

Ленин «Правда» газетінің редакциясына жолдаған хатында жойымпаздарға қарсы батыл күрес жүргізу қажеттігін атап көрсетеді, өзінің 9 ноябрь туралы және «Сайлау платформасы туралы» атты мақалаларының жайын сұрайды, редакция қабылдамай тастаған мақалаларды авторларына қайтарып отыруды және «Звезда» мен «Правданың» корректурасы оқылатын беттерін жіберуді сұрайды; Герман социал-демократиялық партиясы Басқармасының шетелдегі топтарды, «фракциялар мен орталықтарды» «бірлік» туралы мәселе бойынша кеңес өткізуге шақыруына мақұлдамай жауап беретін корреспонденция басу мүмкіндігі туралы сұрайды. Газетте бұл мәселе жөнінде корреспонденция басылған жоқ.

Ленин Капри аралындағы А. М. Горькийге жолдаған хатында социал-демократтардың қатарындағы терең идеялық күрестің мәнін ашып көрсетеді, Россиядағы революциялық

	өрлеу туралы және Прага конференциясы шешімдерінің арқасында күнделікті жұмысшы газеті «Правданы» шығаруды партияның жолға қоя алғанын хабарлайды.
20 июль (2 август).	Ленин «Правда» газетінің редакциясына жолдаған хатында IV Думаның сайлауы алдында кадеттердің баспасөзіне қарсы «күресті қыздыру» қажеттігін атап көрсетеді, Петербургтегі сайлау науқанының ойдағыдай басталғанын, «Звезда» мен «Правданың» гегемонияны жеңіп алғанын атап айтады.
	Лениннің «Капитализм және халық тұтынуы» атты мақаласы «Правда» газетінің 70-номерінде жарияланады.
22 және 29 июль (4 және 11 август).	Лениннің «П. Б. Аксельрод жойымпаздарды қалай әшкерелейді» атты мақаласы «Невская Звезда» газетінің 18 және 19-номерлерінде жарияланады.
25 июль (7 август).	Лениннің «Либералдар мен клерикалдар» атты мақаласы «Правда» газетінің 74-номерінде жарияланады.
26 июль (8 август).	Лениннің «Кадеттер және демократия» атты мақаласы «Правда» газетінің 75-номерінде жарияланады.
27 июль мен 26 август (9 август пен 8 сентябрь) аралығында.	Ленин Е. Д. Кускова мен Н. И. Коробканың «Запросы Жизни» журналының 30-номерінде жарияланған мақалаларына белгілер салады, астын сызып қояды, бұл мақалаларды өзінің ««Кадеттерге күн көрсетпеу» туралы әңгіме» атты мақаласында сынға алады.
28 июль (10 август).	Лениннің «Либералдардың жорығы» атты мақаласы «Правда» газетінің 77-номерінде жарияланады.

МАЗМҰНЫ

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

1912 ж.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

СУРЕТТЕР

Ленин В. И.
Шығармалар толық жинағы. Орысша 5-басылуынан аударылды. 55 томдық, Т. 1.— Алматы, «Қазақстан», 1977.

(Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.)

Т. 21 Декабрь 1911 — июль 1912.
732 бет.

Томды орыс тілінде баспаға дайындағандар
Е. Б. Струкова мен *В. Н. Косенко*

Әдебиет көрсеткішін дайындаған
А. М. Гак

Есімдер көрсеткішін дайындаған
И. М. Бутулова

Редактор *К. А. Остроухова*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

★

ИБ № 298

Сдано в набор 21/X-76 г. Подписано к печати 17/VI-77 г.
Формат 84×108 1/32—23,75+1 вкл. 1/16 печ. л.=40,005 усл. печ. л.
(37,21 уч.-изд. л.).
Тираж 15 000 экз. Бумага № 1. Цена 65 коп

Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан», г. Алма-Ата,
ул. Советская, 50.

Заказ № 1920. Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.